

ӨМІРЗАҚ АЙТБАЙҰЛЫ

ТІЛТІРЕС

*(Мемлекеттік тілді қалыптастыру
хақындағы ойлар, сұхбаттар,
тұжырымдар, мақалалар)*



АБЗАЛ-АЙ

Алматы

2014

УДК 80/81
ББК 81.2
А 32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

А 32 Айтбайұлы Ө.

Тілтiрес: (Мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлар, сұхбаттар, тұжырымдар, баяндамалар, мақалалар)/ Ө. Айтбайұлы – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 400 бет.

ISBN 978-601-7172-32-9

Автордың кейінгі бес-он жыл ауқымында жазылған ой-пікірлері жинақталған бұл кітапта қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеленуінің қиын да қызықты жолдары, пікірталастар, тілтірестер барланады. Елмен бірге еңсерілген тіл шеруі өзіндік топшылаулар негізінде сараланады.

Еңбек қазақ тілі жанашырларына және жалпы оқырман көпшілікке арналған. Мемлекеттік тіл тағдырына қызығушы мамандар мен жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттері үшін де танымдық мәні бар.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-7172-32-9

© Айтбайұлы Ө., 2014
© «Абзал-Ай», 2014

**ҚАЗАҚ ТІЛІ
ЖӘНЕ
ҚОҒАМ**



ҚАЗАҚ ТІЛІ және «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

Бірінен бірін айырып бөлуге болмайтын бұл екі ұғымның сыры да, жыры да жетерлік. Әуелі айырмашылығы мен ерекшелігін іздесек, бірінің баяғы заманнан жалғасқан байырғылығын, екіншісін – осы замандық қазіргілігін есепке алуға болар. Басты ақиқат: тілдің мәңгілігі, Қоғамның кезеңдігі, уақытшалығы. Ана тілі адамзат қауымының аясында әралуан тарихи кезеңдер сүзгісінен өтіп, халықпен бірге жасап келе жатқан басты байлығымыз. Ал Қоғам кезең талабы тудырған уақытша ұйым, бұқаралық ұжым. Тілге деген халық серпілісінің сергек қимылынан, бейбіт кезеңдегі бірауыздылығының, ел мүддесін бірлесе ойлауы мен шешудің бір көрінісі іспетті дүниеге келген айрықша одақ.

Алғашқы жылдары қарқын алған Қоғам жұмысының кейін бірте-бірте саябырлаңқыраған жайы бар. Әйтсе де Қоғам жұмысының солғындауына кесірі тиген басты кедергілердің қайсыбірін айта кеткен артық болмас. Өйткені бұл жан ауыртар шындықтар алдағы тірлігімізде, бәлкім, сабақ болып қалар деген ойдамыз.

Ең алдымен «Қазақ тілі» қоғамының тынысын тарылтып, адымын қысқартқан – қаржының тапшылығы. Рас, алғашқы екі-үш жылда үкімет қаржылай көмек беріп отырды. Мұның үстіне мүшелік жарна да уақытылы төленіп тұрды. Ол кездегі Қоғамның қарқынды іс-әрекеттері көпке мәлім. Алайда бұл қарқын ұзаққа бармады. Бұған себеп болған нәрсе – Тәуелсіз еліміз нарықтық экономика саясатының асау тарпаңының жалынан ұстауы. Бұл өзі оңайлықпен жуаситын асау емес екен. Өмірде талай асауды тізгіндеп мініп, тез илкітіретін халқымыз осы жолы мықтап-ақ ойланып, біразға дейін ыңғайына көндіре алмай, жылжусыз тұрып қалғаны да рас. Аздап абыржыңқырап қалғаны да рас.

Алайда Елбасының қажырлы әрекетінің және ұлт мүддесін түсінген сауатты жандардың соның маңына топтаса білуінің нәтижесінде еліміз төрт-бес жылдан соң ғана есін

жиып, қалпына келуге қайта тырмысты. Талай күрделі оқиғалар халқымызды алқымнан қысты. Кезінде жіберілген асығыстықтар, қателіктерден сабақ алды. Сөйтіп тәуелсіздік деген ұғымның парқын білді. Ел боламыз десек, соған қызмет жасаудан асқан парыз болмайтынын біртіндеп түсініп, жанын сала еңбек ететіндер қатары көбейе бастады.

Қазақстанның саяси-әлеуметтік өмірінде болып өткен жағдайлардың бірде-бірі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына әсер етпей қойған жоқ. Елмен бірге күйзелді, елмен бірге түледі. Нарық келіп, парықты билей бастаған сол жылдардың ықпалы күні кешеге шейін жалғасып келді. Нарықтың күтпеген жерден тиген ауыр соққыларына төтеп бере алмаған көптеген шаруашылық орындары өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды.

Зауыт, фабриктер жабылып, колхоз, совхоздар тарап кетті. Қоғамның көптеген мүшелері байырғы қызметтерінен айырылып, қол қусырып отырып қалған жағдайда олардан мүшелік жарна сұраудың өзі мұң болды. Ал үкімет қоғамға қаржы бөлуін тоқтатты. Тіпті, «өзіңді өзің асыра» деген заң шығарған кезі де сол тұс. «Қазақ тілі» қоғамының жұмысының солғындаған кезеңдері осы кез еді. Яғни III Құрылтай мен V Құрылтайлар тұсында Қоғам көк тиынсыз тірлік кешті.

Соған қарамастан «Қазақ тілі» қоғамы өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Жергілікті жерлердегі ұйымдармен бірлесе отырып және Президентіміздің мемлекеттік тіл жөніндегі ұстанымын үлгі тұта келе елдің, тілдің еңсесін көтерер қыруар шаруа тындырды. Ақтөбе, Орал, Семей, Өскемен, Павлодар, Жезқазған, Маңғыстау, Тараз, Алматы, Талдықорған, Астанада өткен басқосулар, конференция, дөңгелек үстел тәрізді отырыстардың бәрі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қажыр-қайратының нәтижесі болатын. Бұл жөнінде кезінде баспасөз бетінде хабарланып отырды. Сондықтан оның әрқайсысына жеке-жеке тоқталуды артық санаймыз.

Мән бермеуге болмайтын екінші бір мәселе – атқа мініп, тізгін ұстаған шенеуніктер легі. Бұларды басты-басты екі

топқа бөліп қарау керек сияқты. Іс-әрекеттер бағыты осыны аңғартады: орыс тілін жетік білетін, қазақ тілін қажетсіз, қосалқы тіл санайтын жас шенеуніктер; керісінше, қазақ тілінің кәусарынан қанып ішіп, сол арқылы жетілген кексе шенеуніктер. Бұлардың алғашқылары сергек ойлы, білімді де, алғыр да іскер жандар. Араларында қазақтың қамын өзінше ойлайтын, ұлт мүддесі, ұлттық рух дегеннен аз да болса хабары бар, салыстыру мүмкіндігі мол, таланттылары да жоқ емес.

Алайда бұл екі бағыттың да мемлекеттік тіл дегенде кежегесі кейін тарта беретіні шын. Әңгіме ауанынан байқалатынындай, бұл екеуінің де қазақтар екені. Қазақ тілінің қажеттілігін сезінбейтін, оны артық жүк деп қарайтын алғашқыларды арашалап алып қалатын себеп те бар сияқты. Ол – олардың уызынан қағылып, басқа тілдің бауырында тәрбие алуы. Қазақ атын иеленіп тұрған Атамекенде туып-өстім, жетілдім деуге оның да хақы бар. Бірақ ана тілден мақұрым қалу нәтижесінде ата-баба рухынан мүлде алыстап бара жатқан, жатбауыр жандар біртіндеп өздерін қазақпыз деп айтудан да айбынатын болар. Сонда қазақ елі, қазақ жері, қазақ тілі деген қасиетті ұғымның бұлар қай жағында жүрмек. Одан не түсініп, не ұғып, қандай елдің патриотымыз деп айта алар? Қазақтың тарихын, әдебиетін, тіпті тілін де орысша оқып үйренген қазақтың баласында отаншылдық сезім ояна қояр ма? Абайды, зар заман ақындарын, М. Әуезовтің шығармаларын орысша оқу арқылы талай мағлұмат алуға болар, бірақ Абай өлеңдеріндегі басқа тілге аударуға мүлде келмейтін, тек қазаққа тән таңғалдырар кереметтер түпнұсқадан ғана оқып рахаттануға болатын ғажайыптарын ұғынбай отырып, ұлттық рухынды қалай көтермексің, ұлттық жаныңды қалай рухтандырарсың?!

Ал ана тілінде тәрбие алып, таза бұлақ кәусарынан мейірі қанғанша ішіп үлгерген, сонымен бірге орыс тілінің де қадір-қасиетін жетік меңгерген екінші топтың таным-түсінігінде өмір ағымына орай қилы-қилы құбылыстар болған сияқты. Олардың да көбі қайратты, білім, жігер, парасат жағынан кенде емес. Әттең, не керек, құдай берген

қабілеті өз халқының мақсатына жұмсаудан гөрі, ана тілінің мүддесін ойлаудан гөрі басқа бір келеңсіз жайларға ойыстырып жіберген сыңайлы. Олардың бірсыпырасы мына тектес: жеке байлық мүддесі, есебін тауып байи беру, яғни құлқын мен қалта қамы үшін орысқа жағыну, өз тілінен жеріну, ұлттық мәдениеттен гөрі орыс пен батыс мәдениетін көбірек көксеу, т.т. Тәуелсіздік тамыры тереңге кеткен сайын мемлекеттік қызмет аясындағы қазақтардың үлес салмағы, құдайға шүкір, қайсыбір ақпарат мәліметіне қарағанда 80 пайыздан асып, 90 пайызды алқымдап қалған деседі. Бұл, бір жағынан сөз жоқ, көңілге шүкіршілік ұялататын қуанышты көрсеткіш. Екінші жағынан, соның бәрі бірдей ұлт мүддесін ойлайтын, тілге қамқорлық жасап отырған жандар ма?! Қазақ тілінің өркендей алмай отырғанына осылардың кінәсі жоқ па? Мемлекеттік тілді өз дәрежесіне жеткіземіз, шын мәніндегі мемлекеттік мәртебеге көтереміз деп әрекеттенгенімізге 20 жылдай болды. Керекті құжаттың бәрі бар: Конституциямыз анау, әлденеше өңделіп, сұрыпталған «Тілдер туралы» Заңдарымыз бен Мемлекеттік Бағдарламаларымыз мынау. Қазақ тілін қанаттандырамыз деген жаңа сара жол ашылғандай-ақ.

Едәуір жұмыстар жасалды десек те, қазақ мектептеріндегі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі неге көтерілмейді? Балаларымыздың өзі неге орысша сөйлеп барады? Тәуелсіз ел болдық, өз қолымыз өз аузымызға жетті деп қаншама масайрасақ та, тілімізді жұтып жіберетіндей нендей құдіреті бар бұл тілдің? Әлде бұл тілдің немесе сол тіл өкілдерінің негізгі мақсаты біздің тіл мен мәдениетімізді мүлдем жұтып тыну ма, әлде жұтқызып тыну ма?!

Осы жағдайларды саралай келгенде, жамандыққа қимасақ та өзімізге-өзіміз сана биігінен анықтап қарауымыз керек сияқты. Бет-жүзімізге қарамай тұла бойымызды торлап бара жатқан жұқпалы дерт жөнінде ащы да болса айтуға міндеттіміз. Яғни бар бәле өз бойымыздан табылғандай... Егер де атқа мінгеніміз бар, жерге табан тіреп жаяу жүргеніміз бар өз еліміз бен жеріміздің қадір-қасиетін тереңірек түсініп, Атамекен мен Алла қош көрген ана тіліміздің асқан

байлығын місе тұтып, ұрпағымызды жөргегінен сол негізде тәрбиелей алғанымызда бізге кім мұрнын шүйіргендей. Халықтың біртұтастығы, ұлттың берік негізі осылай қаланбаушы ма еді? Біз осы негізден, осы тірек-тектен, осы қасиетті тұғырдан айырылып қалардай сиқымыз бар. Мұның бәрінің негізгі тірегі – тіл ғой. Қазақ тілін мемлекеттік тіл еткен тұста біз көп мәселелерде асығыстық жасадық. Тіліміз мемлекеттік мәртебе алды, әңгіме осымен бәрі бітті деп ойладық. Мемлекеттік тілдің тұғыр-тірегін беркітіп, іргесін кеңейтудің қандай жолдары болуы керектігін түбегейлі ойланбадық. Бізге ана тілінде еркін сөйлеп, сауатты жаза білетін сан саланың мамандарын даярлау керек еді. Әрекет болды, бірақ жоспарланған жүйелі жұмыс болмады.

Жылдар бойы көкейімізге қадалып ҰЛТ МҮДДЕСІ жатты. Оны сыртқа шығарып, еркін әрекет етуге «ұлтшылдық» деген сан жылдар бойы үрей туғызып келген қорқынышты сөздің құрсауынан сытылып шығу оңай емес еді. Санаға соншама сінген бұл қыспақтан әлі күнге құтыла алмай келеміз.

Халық басына келген әлденеше алапаттан, әсіресе 37 жыл мен 51 жылдан соң қаймағынан айырылған қайсар қазақтың тірі қалған өкілдері өз басын арашалау әрекетін қылды. Олар ұлттық мүддеден гөрі бас сауғалау салдарынан өз амандығын көбірек күйттеді. Өткенге салауат...

Біз халқымыздың өз тілінде сөйлеу мәселесін процентке шағып әңгімелеуді әдет қылып алдық. Қазақ әлі аз, сондықтан сабыр сақтайық, 50 пайыздан асайық деген көңіл жұбагумен келдік. Ел тағдырын, тіл тағдырын шешуге келгенде осындай да принцип бола ма? Қазіргі 60 пайызға жетіп отырғандағы сыйқымыз мынау. Ал кешегі 25-30 пайыз кезімізде қала берген жағдайда тілімізді мүлдем құрту керек пе еді? Соған сәлақ қалды емес пе? Қазақтың саны аз, сондықтан бұл елде мемлекеттік тіл екеу болуы керек деп аузы-басы қисаймай соққандар (олардың арасында орыстар ғана емес, ең сорақысы, қазақтар да болды) түсінік-түйсігінде титтей әділет, имандылық болса «оу, бұл қазақтың санының осынша азайып кетуінің басты себебі не еді» деп ойланбас па?! Жоқ, олай етудің орнына процентті желбіретіп, ту етіп ұстап, көзге

шұқитын болды, негізгі ұстанар тірегі, дәлелі осы болды. Ұлттық мәдениет мәселесінің болашағы бұлдыр, өйткені жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпастың кері. «Қазақ аз, сондықтан өзіндік мәселені көтеріп әуре болма» деген ағымның күні бүгінге дейін үні өшкен емес. Ең жаманы, осындай пиғылға жан-тәнімен шырмалған, берілген іштен шыққан шұбар жыландардың азаймай тұрғаны. Қайта мұндай дүбәраралардың қатары жыл өткен сайын көбейе түсуде.

Жалпы ұлттық мүдде мәселесі сөз болған кезде процентке сүйену – барып тұрған қасиетсіздік. Айталық, өз жерімізде қазақтың саны әлі де аз делік (құдай сақтасын әрине), сонда біз ұрпағымызды өзге ұлттар рухында тәрбиелеп барып жан сақтауымыз керек пе? Мемлекетіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен басқа пәндерінің бәрі тек ағылшын тілінде жүргізілетін болса, онсыз да ұлттық рухымызды шайқалтып отырған біздің ұрпақтан отансүйгіш азаматты қалай баптап шығаруға болады?

Елбасы екі сөзінің бірінде отаншыл қазақ азаматын, Қазақстан патриотын тәрбиелеу жайын сөз етеді. Осы мақсатты орындаудың жалғыз жолы мемлекеттік тілді қоя тұрып, түпкі мүддесі әлемді билеп-төстеу болып табылатын Американың ауанына түсу болғаны ма? Тарих тағылымы танытқандай, асығыстық қашан да апанға апарады. Ұрпақ тәрбиесінде замандар бойы тәжірибе талқысынан өтіп қалыптасқан қағидалар бар, орныққан үрдіс бар. Соларды негізге алып, төл тәрбиеге жүгіне отырып, ұрпақ қамын ойластырмаса болмайды. Ұрпағын тәрбиелей алмаған ел ұлттық негізден айырылады. Ұлттық негіз – тілмен шегеленеді. Бұған көңіл бөлмеген елден не күтуге болады?..

Әрине, **«Елінді жамандама – шығар төрің, Жерінді жамандама – кірер көрің»**, – деген сөз бар. Сонда да Тіл отаршылығынан біздер түгел құтыла алмай келе жатқанымызды айтпай, қалай үнсіз қаламыз. Қазақстанда орыс тілінің өрісі шексіз кеңейтілген, 70-80 жыл бойында қазақтардың арасында орыс тіліне берілгендегідей артықшылық ешбір елде берілген емес.

Әлемде кең тараған тілдерді оқып-үйрену жаһандануды қолдау емес. Глобализацияны мадақтауды, үрей шақыруды

тоқтату керек. Жалпы халықтар өз тілін, өз мәдениетін ұмытуға даяр дегенге кім сенеді? Бірақ...

Біз өз тілімізді қорлаудың алуан түрін айылымызды жимай көрсетіп келеміз. Қалай дейсіз ғой? Бірен-саран облыстарда ғана көпшілік бас қосқан жиналыстарда ғана әңгіме қазақ тілінде жүріп жатады. Бұған да құдайға шүкір дей отырып, елдің туын ұстап барып, шетелдерде қазақ халқының атынан сөйлейтін қайраткерлеріміз біздің мемлекеттік мәртебе алған тіліміз бар еңселі ел екенімізді есепке алмай, қорлаған үстіне қорлай түсіп, орыс тіліне «жүйріктігін» танытуын қоймай келеді. Тәуелсіздік таңы атқалы бері арғы-бергі қарым-қатынасымыз жиілеп, тілдің де өрісін кеңейтерлік жағдай туған еді. Тіпті неше алуан шетелдерден келген елші-дипломаттар мен делегаттар алдында өз тілі, өз үні жоқ байғұс елдің кейпін танытып, мүсәпірлік шапанын тастай алмай жүрміз. Өзімізді-өзіміз сонша қор етіп көрсетерліктей намыссыздықтың әлемде теңдесі жоқ түріне неге жабысып, ажырай алмай қалдық?

Қайда, әлем оқымыстыларына таңдай қақтырған «дала Демосфендері». Сансыз дүлдүлдер келтірген, негізгі шешендік өнер көсемдерін тудырған қазақ тілін неге сонша қорлай береміз? Намысты найза қолға алмай, сөз семсерін сайламай тіл мұңы сірә да бітер түрі жоқ! Бұл елді жамандау емес, елдігінің тірегі – тілінің қазіргі күйін толғап, соның қамын жеу!

Талай айтылса да, осындайда сараман елдердің саналы әрекетін қозғай бергің келеді. Бәлкім осылайша қазбалаудың да бір пайдасы тиер. Баяғыда ұмыт болған көне иврит тілін тірілтен Израил елінің ұлттық ерлігіне бас иесің. Сондай-ақ Испанияда испан-кастилья тілінің отаршылдығынан құрып бара жатқан каталан халқының өз тілін өмірдің бар саласында дамыта бастауын, Финляндиядағы финн тілі, даниялықтардың, норвегтердің өз тілдерін қалай дамытып отырғандары неге ойландырмайды? Бұлардың саны біздерден әлдеқайда аз бола отырып, намыс туын қолынан тастамайтыны қайран қалдырады! Тіпті кеңестік дәуірдегі эстон, латыш, литван, украиндардың әрекеттері (өзбек, әзірбайжанды былай қойғанда) неге мысал бола алмайды.

Қысқасы, әлі де үстемдік құрып отырған «тіл отаршылдығынан құтылу – қазақтығымызды сақтап қалудың кепілі» болмақ.

Ақпарат құралдары арқылы жетіп жатқан түрлі мәліметтерге қарағанда, біздің шетелдегі елшіліктеріміздің көбінде орыс тілі еркін қолданылады. Яғни олардың қолданысына қазақ тілі енбеген. Сонда бұлар қай елдің мүддесін қолдап, қай елдің намысын қорғап отыр?

Республика көлемінде жүргізіліп жатқан іс-әрекеттеріміздің көбі қазақ тілінің өмірге керектігін емес, керексіздігін дәлелдей түсетін сияқты. Өйткені аттап бассаңыз қазақ тілінің екінші қатардағы кейпін көріп, көңілің пәстене түседі. Көпшілікке қызмет жасайтын қай мекемеге енсеңіз де орыс тілінің үстемдігін көресіз. Қазақша сөйлеп келеге шақырсаң «сенің артта қалып қалған мәмбеттіңді» бажылдап айтып, шапылдап шапшып тұратын өз қандасыңның орысша шапалағына тап боласың. Бұндай пікір мен арызды әсіресе оралман аталып кеткен бауырларымыздан көбірек естиміз. Ал өзіміздің тұрғылықты қазақтың еті өліп тынғаны қашан. Тіпті бұған селт етіп те мән бермейтін тасқұлақ болып алдық.

Әрине, мұның бәрі қоғамның дерті. Ал дерт, ауру емдесе ғана жазылады. Сондықтан бәріміз көп болып дерт дауасын іздегеніміз жөн-ақ.

«АНА ТІЛІ» ӨМІРГЕ ОСЫЛАЙ КЕЛДІ

Ұлт газеті – «Ана тілінің» дүниеге келуіне сол уақыттары шаңырақ көтеріп жатқан «Қазақ тілі» қоғамы зор ықпал жасағаны шүбәсіз. Осы бір жайттың анық-қанығына нақтырақ қанығу мақсатында сол кездері аталған қоғамның басшылығында жүрген ғалым ағаларымыз, қоғам қайраткерлері Әбдуәли Қайдар мен Өмірзақ Айтбайұлына жолығуды жөн көрдік. Өмірзақ ағаны тез тапқанымызбен, Әбекең үйінде болмай шықты. Ауруханада ем қабылдап жатыр екен. Бір жағынан, ол кісінің жағдайын білейік, екіншіден, «Ана тілінің» жарық көруіне белсене атсалысқан

ардақты азаматты газеттің мерейтойымен құттықтап шығайық деген ниетпен аурухананы бетке алдық. Өмекең де бұл ұсынысымызды қолдап, бірге баруға келісімін берді.

Әбдуәли Қайдар: – «Ана тілінің» жарық көруі «Қазақ тілі» қоғамымен тығыз байланысты. Алдымен қоғам құрылды. Содан кейін газет шығару керек болды.

Ол кезде Орталық Комитетте біреу қолдамаса, газет шығару қиын еді. Өзбекәлі Жәнібеков біздің ұсынысымызды қолдады. Сосын газеттің редакторлығын таңдауды өзімізге қалдырды.

Біраз журналистермен сөйлестік. Әңгімелестік. Ақырында солардың ішінде Жарылқап Бейсенбайұлына тоқтадық. Біртоға, салмақты жігіт көрінді. Ш. Уәлихановтың еңбектерін зерттеп жүр екен. Ғылымға талпынысы бар. Сол жігітті таңдап алдық. Бұдан біз ұтылғанымыз жоқ. Қайта ұттық. Бізбенен ақылдасып отырды. Газетті бұра тартып, бір жаққа алып кеткен жоқ. Қызметкерлерді жұмысқа редактордың өзі қабылдады.

Газетке «Қазақ тілі» қоғамының жанынан орын алып бердік. Тіл білімі институтының тура бұрышында Ауылшаруашылығы министрлігінің ғимараты бар еді. Осы жерден төрт бөлме берілді. Төрт бөлмеге бірден ие болған жоқпыз. Алғашқыда бір-екі бөлме ғана тиді. Бізге көмектескен сол кездегі министр Балташ Тұрсымбаев еді. Содан Өмірзақ екеуміз «Басқа бөлмелерді босатпай жатыр» деп министрге кірдік. Балташ бірден жанындағыларға «Босатсын» деп бұйрық берді. Өзі келіп, бөлмелерді босатып берді.

Өмірзақ Айтбайұлы: – «Қазақ тілі» қоғамын да, «Ана тілі» газетін де дүниеге келтірген «кінәлі» адам бар. Ол – мына отырған Әбекең. Біз «Қазақ тілі» қоғамы құрылмас бұрын академияда «Қазақ тілі» журналын ашу жөнінде жұмыстар жүргізгенбіз. Әбекең бұл туралы үкіметке бірнеше рет хат жазды. Ал «Қазақ тілі» қоғамы өмірге келгеннен кейін «Ана тілі» газетін ашқымыз келетіні жөнінде үкіметке басқа өтініш жасадық. Осы екі басылымды жоғарыдағылар шатастырыпты. Бірде Өзбекәлі Жәнібеков Әбекең екеумізді

шақырды. Жәнібековтің жанында Әбіш Кекілбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Заманбек Нұрқаділов және басқа да зиялылар, өзінің қарамағындағы бөлімдер қызметкерлері отырды.

– Қуанышты хабар айтамын сіздерге. Басшыға қол қойдырып шықтым. «Қазақ тілі» журналы ашылатын болды, – деді Өзекең.

Таңырқап қалыппыз. Әбекеңе қарасам аң-таң. Маған қарайды. Мен оған қараймын...

Сосын шыдамадым.

– Өзеке, сіздің жігіттеріңіз шатастырып отыр. Біздің сұрап жүргеніміз «Қазақ тілі» журналы емес – «Ана тілі» дейтін газет. «Қазақ тілі» журналын Тіл білімі институты сұраған. Сал бөксе журналмен өртеніп тұрған қазақ тілінің проблемасын қалай көтеріміз? – дедім.

Осыны естіп Өзекең де таңырқағандай болды.

– Бұл қалай? Кәне, анықтаңдар. Құжаттарды қараңдар, – деп бөлім бастығының орынбасары Романов дейтінге қарады.

Романов шығып кетті. Сәлден кейін келді.

– Бұл кісілердікі дұрыс екен. «Ана тілі» газетін сұрапты, – деді басы төмен салбырап.

Содан ертеңіне Өзағаң бірінші басшының алдына тағы барды. «Қазақ тілі» журналы емес, «Ана тілі» газетін шығару жөніндегі шешімге қол қойдырыпты.

Газет ашылатын болғаннан кейін редакторлыққа ұмтылушылар көп болды. Он үштей кандидат болды. Сөйтіп, таңдау Жарылқапқа түсті.

Қателеспеппіз. Жарылқап газетті дүрілдетіп алып кетті. Ол төңірегіне мықты азаматтарды жинай білді. Ертай Айғали, Бақыт Сарбала, Байбота Серікбай, Ғарифолла Әнес, Марат Қабанбай... сияқты.

Енді газеттің аты туралы. 1989 жылғы 22 қазанда Алматыдағы Әуезов театрында «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы құрылтайы болды. Сол кезде Орталық Комитет қоғамның атын «Ана тілі» деп атау жөнінде ұсыныс жасады. Жиналыста осылай ағайық деп сөйлегендер де болды. Алайда құрылтайға қатысушылар «Қазақ тілі» атауына тоқталды. Сөйтіп, қоғам

«Қазақ тілі» аталды. Ал кейін газет ашылғанда қоғамға берілмекші болған «Ана тілі» атауын газет атына бергенді дұрыс көрдік. Газет осылайша «Ана тілі» аталды.

Ағалар тілегі

Әбдуәли Қайдар: – «Ана тілі» газетінің шығып жатқанына қуаныштымыз. Газет алдына қойған ұлы мақсаты – ғасырлар бойы қорлық көріп, мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріле алмай келе жатқан тілімізді мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуіне атсалысатын болсын. Атсалысқанда осы мақсаттың түбіне жететін болыңдар. «Ана тілі» газеті мемлекеттік тілді өрістетіп, қалпына келтірді деген жақсы атаққа қалыңдар. Газеттің жақсы аталғанына, табысқа жете беруіне тілектеспін. Тіл үшін аянбай қызмет етіңдер.

Өмірзақ Айтбайұлы: – Тіл – қазақтың басты қазынасы. Тілдің жоқшысы ретінде «Қазақ тілі» қоғамы дүниеге келді. Осы қоғамның іс-тірлігін төңірекке жария еткен «Ана тілі» – қоғамның төл басылымы болды.

Бұл күндері «Ана тілі» арқылы көкейіміздегіні жұртқа жеткізіп отырмыз. Халыққа, билікке не айтқымыз келеді – газет бетінде жарияланып жатыр. «Ана тілі» бастапқы ұстанған бағытынан таймай келеді.

«Ана тіліне» қызмет етуге келгендер ұлттың рухын көтеруге атсалысатын болу керек. Ар-ұятпен беріле қызмет ету керек. Қазақ халқына, Қазақ еліне адал қызмет етіңіздер. Ұжымға денсаулық, шығармашылық жетістіктер тілеймін. Наурызда айтылған тілек орындалады дейтін. Оның үстіне «Ана тілі» наурызда дүниеге келді. Алла тағала тілегімізді қабыл етсін!

*Әңгімелескен Нұрперзент Домбай
18 наурыз, 2010 жыл*

ҚАЙРАН ТІЛ СЕНІҢ КҮНІҢ НЕ БОЛМАҚ?

«Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады». Ырғалып-жырғалған байырғы өмірде де жол тапқан кең қолтық қазақ қазір аңырып тұр.

Аңыратыны – 70 жыл бойы орысқа жетем деп жанын салды, басындағы ойын салды. Қосылмаған, салынбаған еш нәрсе қалмады.

Қазір Қазақстан жұртшылығы білім жүйесіндегі өзгеріс пен өрістерді әлі де тіліне тиек етуде. Өңгіме 2005 жылға дейінгі мерзімді қамтитын Білім тұжырымдамасы хақында. Мұнда ең басты назарда тұрғаны мектептердің он екі жылдыққа көшуі мен қазақ мектептерінде пәндердің оқу жылына үш тілде жүргізілетіні жайында. Бұл әлемдік талап тұрғысынан қарағанда дұрыс та шығар. «Сайда тұрып қолымды өрге сермеймін, көңіл шіркін болсын деп көтеріңкі» деген қарапайым қазақы түсінік бойынша да ілгері жылжудың бір көрінісі болар.

Бірақ бізде осындай өзекті мәселенің негізінде ылғи бір асығыстық, науқандық сарын жататыны өкініш. Мәселен, 12 жылдық мектеп жүйесіне көшпес бұрын осымыздың арғы-бергі сұраныс негізі зерттеліп, оның табиғи қажеттілігі тексерілді ме? Біз неліктен қалыптасып, жүйеленген мектеп тәрбиесін кілт өзгертіп, еуропалық үлгіні алуымыз керек? Өзге елдің оқу жүйесіне көшуде өз еліміздің табиғи, мәдени, экономикалық, тіпті, ең бастысы, ұлттық мүдде шарттары неге ескерілмейді?

Жалпы Білім тұжырымдамасының елдің білік-білімін жетілдіре түсуде көптеген артықшылықтары бар екені рас. Біз бұған байланысты пікірімізді бұрын да ашып айтқан болатынбыз. Сонымен бірге тұжырымдаманың өн бойынан мемлекеттік тіліміздің тағдырына деген немқұрайдылықтың, ұлттық мүддені тұжыртатын салқын сазын байқап едік. Сонда да түбі не болар екен деп әліптің артын бағып отырғанда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19 наурызда №228 бұйрығы бұрқ ете қалғаны мәлім.

Басынан бағы тая бастағандай қазақ мектептері бұл бұйрық бойынша, жаһандану саясатының құрбанына айна-

лып кете барар түрі бар екен. Яғни қазақ тілін көркейту ордасына айналуға тиісті мектептеріміз мына қаулы іске асар болса, ағылшындардың ойыны мен ойран алаңы болмақ. Сонда он бес-жиырма жыл бойы, тіпті бір ғасырға жуық уақыт арман тізгінін ұстатып келген ана тіліміздің аяғына тұсау ғана емес, шідер байланады деген сөз.

Қараңыз, ана тілі сабағының қазақ, орыс мектептеріндегі сағатын көбейте алмай сарсаңға түсіп жүргенде, мына тәжірибе бойынша 7 сыныптан бастап қазақ мектептерінде қазақ тілі, әдебиеті және тарихы ғана қазақша жүргізіледі де, химия, биология, физика, математика пәндері ағылшынша оқытылмақ. Әзірге әр облыстан және Алматы мен Астанадан бір-бір мектеп қана тәжірибеге түседі дейді. Сонда түпкі мақсат қазақ халқын ағылшынша сайратып, қазақ елін Американың бір аймағына айналдыру емес пе екен? Бұл – бір.

Екіншіден, алдағы уақытта қазақ мектептерінде оқитын қазақ балалары орыс тілінен диктант жазып, орыс мектептерінің оқушылары қазақ тілінде емтиханды ауызша тапсыратын болады. Сонда елімізге адал қызмет етеміз деп халыққа уәде берген депутат пен білім мен ұрпақ тәрбиесінің тізгінін ұстаған атқамінер ағайындар-ау, ұлтымыздың мәртебесін көтеретін тіліңнің тағдырын кім ойлайды? Бір сәт нағыз қазақ көзімен қарап, толғап көрдің бе, мәселенің түйінін.

Ұлт тағдыры мен тіл тағдырына тікелей қатысты мұндай өте нәзік те күрделі проблеманы қозғамас бұрын, әуелі сол қазақ мектептері мен қазақ мектептері мұғалімдерінің күйі қалай? Сол мектептерге тиісті жағдай жасалған ба? Олардың жағдайы қойылып отырған талаптарға жауап берерліктей ме? Еуропа мен Америка стандарттарына жетеміз деп аттыға ілескен жаяудың таңын айырып алмаймыз ба?

Бұл өзгерістер қазақ халқының емес, әлемдік үстемдікті көксейтін басқа бір күшті мемлекеттің мүддесін көздеп отырған сыңай танытады. Өзге жұрттан қалыспауымыз керек деген қау көкірек талап, ертең Донкихоттың ісі болып шықпасына кім кепіл? Онжылдықтың аясына сыймай балағатқа ерте жететін жас түлектердің болмыс-бітімін

психологиялық тұрғыдан зерттеп бітпей тұрып, Еуропада солай екен деп, сол қалыпқа сай болуды қатып ұстап, он екі жылдыққа бірден қарғығанымызға жол болсын. Егер өзгелердің соңынан елпектеп ере берер болсақ және «оларда басқаша екен, соны қабылдайық» деп далбақтай берсек, біздің тәуелсіздігімізде қандай құн қалмақ?!

Өз ұлтымыздың табиғатына тән, өзгелерге еш ұқсамайтын және сол ерекшелігімізбен әлемдік мәдениетке қосар үлесіміздің молдығы ғажап емес пе? Соған бетбұрыс жасап, сол қасиеттер мен белгілерді дамытудың жолдарын қарастыру орнына, қайдағы бір халықаралық стандарт деген ұшқыр пойызды жаяу қуып жетумен әлек тірлік қой, бұл.

Жалпы нені қолға алсаң соны соңына жеткізіп барып, үлкен дайындықпен келесі мәселеге көшу өмір заңдылығы емес пе? Кешегі кеңестік дәуірде біздің білім беру жүйемізде әуір қалыптасып қалған болатын. Оны жарамсыз жүйе деп танып, бірден жаңалық ашу көкейге қона бермейді. Өзге көрші мемлекеттер, тіпті алысқа бармай-ақ Ресейдің өзінде де мұндай «күрделі өзгерістерге» бара қойған жоқ. Мына тірлігімізбен көршілерді басып озып, алға шығамыз деген құр кеудені танытарлық қауқарды ғана көрсеткендейміз. Одан да барымызды бағалап, соның алға сүйрер арналарын жетілдіруге түссек етті!

Қазақ мектептерінде жаратылыстану пәндерін ағылшынша оқытқанда онсыз да өлместің күнін кешіп келе жатқан қазақ тілінің қалы не болмақ?!

Қазақ тілінде өрбіте алмаған ғылымның қазаққа қандай қасиеті бар? Білім саласынан мемлекеттік тілді аластатудың ең төте жолы осы емес пе? Бұрын орыс тілінің «қамқорлығы» аясында тұншығып келген ана тілі, енді ағылшын тілінің табанына таптала бастайды. 70 жыл ішінде орыстанып үлгерген жаңа қазақтарды енді екі-үш жылда-ақ ағылшындандырып, қойыртпақ халық қатарына қоспақпыз да!

Өйткені үйрену, еліктеу жағына келгенде алдына жан салмайтын біздің қазақ ағылшыншаңызды бақайшағына дейін шағып, суырылып шыға келетіні анық. Мұның қуанышынан гөрі өкініші көптеу болғалы тұр. Басқаша айтсақ, ағылшын

тілін оқытуда зорлық болмасын, ал ана тілін оқитындарды Алла қолдасын. Әйтеуір өз болмысындағы өзгелер сүйенер ғажайып қасиет-белгі, асыл мұраға келгендегі салақтығын ешбір халықтан күндіз қолыңызға шам ұстап іздеп таба алмайсыз. Яғни көп тілді білу – байлық әрине, ал өз тіліңді білмеу – қорлық екенін түсінетін мезгіл жетті ғой!

Сонда сонау Абай, Ахмет заманынан бері қайран тілдің қамын жеп, ұрпақтан ұрпаққа таза саф қалпында ұластырылып келе жатқан қазақтың асыл мұрасы, теңдесі жоқ бай қазынасы осылайша «жетілген», «оқыған», атқамінерлер «көрегендігінің» арқасында көрінген тілдің көлеңкесінде қала бермек пе?

Тілді білімді Еуропа мен Америка үлгісіне салып, эксперимент алаңына айналдыра берудің түбі жақсылыққа апармайды. Барлық ілім-білім негізі, Ахметше айтқанда, әуелі ана тілінде қалануы тиіс. Шет тілін үйренуден ешкім қашпайды. Тек қазақтың ұлттық кескін-келбетінен ештеңе қалмай бара жатқан мына заманда өз тіліңді тұқыртып, өзіндігінен безегіндей не көрінді бізге, соншама! Ендеше ағылшын тілін үйренейік, алайда пәндердің бәрі қазақша оқытылсын!

Осынау ойлардан кейін «Қазақ тілі» қоғамының ендігі жерде қажеті бар ма?» деген сұрақ туындайды. Бұл көптің көкейінде жүрген сауал. Мемлекеттік тілдің ауыр жүгін «Қазақ тілі» қоғамына арқалатып қойып, әліптің артын бағып жүрген ағайынның біразы бұл сауалды кездескен сайын кесе-көлденең тартады. Тіпті, бар мәселенің кілті Қоғамда тұрғандай, «тілің не болып жатыр, жұмыстарың көрінбей қойды ғой, неге талап етпейсіңдер, неге жөндейсіңдер мына өкімет тірлігін?» деп те қадалып тұрып алатындар бар. Мұның есесіне Қоғам қозғаған мәселелерді қуаттап, нақты жәрдем көрсететіндер тым аз. Біздің қолымызбен от көсегісі келетіндердің де жоқ емес екенін талай байқадық.

Рас, әуелгі кезде «Қазақ тілі» қоғамына деген ықыласта шек болған жоқ. Ә дегенде қаны қызып алған қазекем тауды жарып, тасты қопарып тастамаса да, талай шараға айқайшы болған. Ол бір кез үлкеннің де, кішінің де, үкімет адамдары

мен қалың бұқараның да ойы мен ниеті бір жерге түйісіп, бір бағытта қабысып жатқан кез болатын. Елдің бәрін егемендік ұраны жетелеп, тәуелсіздік жолындағы қажырлы әрекеттерді туындатып жатқан шақта еркіндіктің басты белгісі – тіл жорығы да өз шеруін бастаған еді.

Қазақстан тәуелсіздігінің бір тірегі тіл дейтін болсақ, ол тұста қазақ тілінің қалі мүшкіл болатын. Егер оған мемлекеттік тұрғыда қамқорлық көрсетілмесе, мүлде жойыларман күйге жеткенін елдің бәрі біледі. Мұның жыры талай жырланды да. Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы міне осындай күрделі кезеңде шаңырақ көтерді. Қоғам дүниеге қазақ тілінің қолдаушысы, қорғаушысы, насихатшысы ғана болып келген жоқ, сол қажетті ана тіліміз арқылы ұлттық мәдениет пен рухани өмірде бітеліп қалған арналардың көзін аша келді. Тиісті мекемелермен жұмысты үйлестіре жүргізудің нәтижесінде балалар бақшасы, мектеп, жоғары және орта оқу орындары, кітапхана, клуб, театр, Наурыз, айтыс тәрізді халқымыздың мәдени өрлеуге жетелейтін тілдік орталар мен рухани ошақтар ұлттық сананы оятып, қандай бір өлшемнің де шеңберінде сыймайтын іс-шаралар жандана түсті. Ел жүріп өткен тарихи жолдардың біралуаны осы іспеттес.

«Қазақ тілі» қоғамы халқымыздың тарихында орны бөлек аса ірі құжаттардың дүниеге келуіне себепші болды. Олар: Қазақ ССР-нің «Тіл туралы» Заңы, 2000 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарлама, тіпті тәуелсіз еліміздің тұңғыш Конституциясының қабылдануы да, тағы сол сияқты мемлекеттік тілімізге жол ашар құжаттардың қай-қайсысы да «Қазақ тілі» қоғамының назарынан тыс қалған емес. Керек десеңіз, ғасырлар бойы аңсаған еркіндікті баяндатып, бодандық бұғауынан құтылуда да «Қазақ тілі» қоғамы сардарлары мен сарбаздарының қарлығыш қанатынан тамған тамшыдай болса да үлесі бар деп айта аламыз.

Пленум, конференция тәрізді басқосуларды былай қойғанда, төрт құрылтайды өткізіп, онда барлық жетістігіміз бен кемшін түскен тұстарымыз түгел баяндалып отырғандықтан, мәселенің бұл жағына аса көп тереңдей

беру жөн емес тәрізді. Бәрі жұртшылықтың көз алдында өтіп жатыр. Жетістік те жетеді, кемшіліктен де құр емеспіз. Әйтеуір, шүкіраналық сезіммен бір айтарымыз, ел, қоғам, әлеумет алдындағы өз парызын жаманды-жақсылы өтеп келе жатқан бұқаралық ұйымбыз. Қазақстанның барлық аймақтарында жергілікті ұйымдарын құрып, өзінің Жарғысы талаптарына сәйкес жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келе жатқан мұндай бұқаралық ұйым бұрын-соңды болған емес.

Оның тындырған жұмысы негізінен өзі ашқан «Ана тілі» апталығында үздіксіз жазылып келеді. Бүкіл шежіре соның беттерінде тасқа басылған. Қазір қаржы тапшылығынан Қоғам құзырынан шығып кеткен бұл газет, құдайға шүкір, тіл мәселесіне деген ықыласын бәсеңдеткен жоқ. Тек «Қазақ тілі» қоғамын қаржы жағынан да қамтамасыз ету деген ниетіміздің іске аспай қалғаны болмаса!

«Қазақ тілі» қоғамының «Қазақ қауымдастығы» мен «Тіл комитетінің» өмірге келуіне тікелей себепкерлердің бірі болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Осы тұста, ешбір бөтен ойсыз, бір сырдың бетін аша кеткім келеді. Қазақ дейтін дана халық екенін оның мақал-мәтелдерінен-ақ айқын аңғаруға болады. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», «Ырыс алды – ынтымақ», «Бақ... – ынтымаққа барады» деген тәрізді даналық сөздердің барын біле тұра, соған күнделікті өмірдің күйбеңімен жүріп мән бере қоймайтынымызға жан ауырады...

Біз Елбасымыздың «Комитетті қайтесіздер, Қоғам бар ғой» дегеніне болмастан, қоймай қолқалап жүріп, «Тіл комитетін» құрысқан едік. Ондағы мақсат ресми мекемелердің мемлекеттік тіл жөніндегі ісін ресми органның көмегімен қадағалап, талап қою арқылы Қоғам қолын да ұзарта түсу еді. Екі жақтан қолға алатын көптеген ортақ шаралар әлгіндей бірліктің жоқтығынан іске аспай қалып жатты. Комитет неше саққа жүгіртіліп, әр алуан күйге түсіп, ақыры құрдымға кете жаздады. Қазір бұл мекеме тілдерді дамыту департаментіне, сосын Комитетке қайта айналды. Сөйтіп жұмысын жаңаша қолға ала бастаған сыңайлы. Кеңесіп илейік десек, ортақ терінің пұшпағы бәрімізге

жетіп жатыр. Қазақ тілі тәуелсіз еліміздің қолданыс құралы ғана емес, Президентіміз айтқан жаңарудың, тарихи тұтастықтың, ақыл-ой мен парасаттың тірегіне айналғанша жасалатын жұмыстар ұшан-теңіз. Енді бұл комитеттің шаңырағын қайта көтеретін мезгіл жетті деп білеміз.

Сондықтан «Қазақ тілі» қоғамы керек пе?» дейтін күдікшіл көңілден туындайтын сауалдардың қойылуы әзірге жөнсіздеу. Қаншама тауқыметті көре жүріп, ешқандай бюджеттік ақы-пұлсыз, жаяу-жалпы күйде ана тілге деген перзенттік махаббатты ғана қуат еткен «Қазақ тілі» қоғамының күрескерлеріне қайран қалмасқа бола ма?! Алғашқы кезде мемлекет тарапынан арнайы бөлініп тұрған қаржы қоғамдық ұйымдар жөнінде заң қабылданысымен (1993 жыл) тыйылды. Содан бері күн көрістің зардабынан белі қайысса да, ұнжырғасы түспей, күрескерлік мінезінен таймай келе жатқан әріптестеріме басымызды иеміз. Олардың алғысы аз, қияметі көп тірлігінде ата-бабаның аруағы қолдай жүрсе екен деп тілейміз. Осындай күй кешіп, көресіні көріп, көңілі құлазып жүрсе де облыстық, аудандық, қалалық ұйымдарымыздың қайсыбірі ғана болмаса, негізінен тіл туын жыққан емес, әрекетін тоқтатқан емес. Оларға күш беретін халқымыздың ықыласы, еліміздің болашағы, президентіміздің тілге, ділге, дінге деген оң көзқарасы.

Сірә, ХХІ ғасырда елге ие болар ұрпақтарымыз түгел ана тілінде сөйлемейінше, бүкіл министрліктер, әкімшіліктер, ведомстволар, сан алуан мекемелер мен ұйымдар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізбейінше, бүкіл қазақ ұлты өз тілін өзінің түбегейлі қолданыс құралына айналдырмайынша «Қазақ тілі» қоғамы жұмысын бітті дей алмайды.

Қыруар себеп-салдардың кесірінен «Қазақ тілі» қоғамы жұмыс қарқынын едәуір бәсеңдетіп алғаны рас екенін қайталап айтудың қажеті болмас. Әйтсе де бір сәт көз тоқтатып қараңыз. Түбі қарық қыла ма деген нарық келді де бұрынғы ұстаным, жүйенің барлығын басқаша арнаға салып жіберді. Өмірдегі өзгерістің шапшаң болғаны соншама, адамдарымыздың мінез-құлқы, ықылас-ілтисаты құбылып

шыға келді. Ұлтқа керекті құндылықтардың тағдырын ойлаудан гөрі, қу құлқынның қамын жеушілер көбейді. Баршылығымыздың басы, еліміздің тірегі болып келген ауыл ежелгі мекенін тастап, қоныс аударып қалаға қарай үдере көшті. Қазаны қайнап, күбісі күрпілдеп, қойы қоздап, оты маздап жатқан баяғы ауылдың қайсыбірінің сыйқы қазір кісі аярлық еді (бірен-саран болмаса). Есік, терезесі үңірейіп, қаңырап қалған үйлер жоқшылықтың жырын айтып, сай-сүйегінді сырқыратады.

Малынан, баспанасынан айырылып, айлығын жылдапала алмай келген Қоғам мүшелерінен алынатын жарна мүлде тоқтады.

Осындай жағдайда қоғам жұмысын жүргізудің мейлінше ауыр екені кім-кімге де түсінікті болар. Алысқа бармай-ақ, қоғамның Алматыда отырған бас ұйымның тағдырына көз сала кетейікші. Ол жеті-сегіз жыл ішінде үш-төрт мекен-жайын ауыстырды. Іргесіне сағалатып, кезінде кесек мінез танытқан Ауылшаруашылық министрлігі мен Алматы облысы және қала әкімдігі басқармасына алғысымыз, әрине, зор. Бірақ өкінішке қарай, баянды мекен таппай әлі күнге қонарымызды сай, ұшарымызды жел білсін деген күйден арыла аламай келеміз. Отырған үйге төлейтін жалақы, жарықақы, байланысақы, жылуақы, суақы тәрізді толып жатқан төлемдерден құтылар дәрмені жоқ «Қазақ тілі» қоғамының алдағы уақытта қандай күй кешері беймәлім. Жергілікті ұйымдарымызбен хат-хабар, телефон, басқа да жолдармен байланысу мүлдем қиындады. Иссапарға шығып, жергілікті жағдаймен танысу дегенді естен шығара бастадық. Кейде қайырымдылық ниетпен демеушілік көрсетіп қалатын мекемелер саны тіпті азайды, жоқ десе де болады. Әзірге Алматы қаласы әкімшілігінің қанатының астында қалбалақтап күн кешіп жатқан жайымыз бар. Бұған да шүкір деп отырмыз. Байлықтың жалынан ұстаған бизнесмен бауырлардың көңілін әзірге ана тілі емес, ұлтқа қатысы жоқ, басқа бір мәселесымақтар алаңдатуда.

Тізе берсең туындай беретін осындай-осындай келеңсіздіктер «арқасында» Қоғам жұмысының солғын тартқаны

түсінікті болар. Бірақ «Қоғам көп нәрсеге мұқтаж, сондықтан көп шаруа жүрмей жатыр» деп кімге өкпе айтып, кімге кінә артарсың... Бұл саналыға ғана айтылар наз. Саналының сарамандығы ғана талай нәрсеге мұрындық болар еді. Өттең, не керек...

Соған қарамастан біз қазір мемлекеттік тіліміздің беделін көтеріп, іргесін бекіте түсетін неше алуан игі де іргелі шаралар жүргізіп отырғанымызды айта кету парыз. Жұмыс тәсілі де, мақсаты да өзгерді. Қазір барлық жергілікті ұйымдарымыз бұрынғы еркінсудің тізгінін бір орталыққа бейімдейтін филиалдар болып саналады. Осыған орай жұмыс жоспары нақтылана түсуі тиіс. Ол тездетіп орталыққа жеткізуі керек. Соның негізінде Қоғамның жұмыс жүйесі сараланады. Бұрын кей тұста айқайшылдық, ұраншылдық, үгітшілдік басымдау болып жатса, енді заман мен қоғамның даму заңдылықтары бізден де нақты іс-әрекеттерді күшейте түсуді қажет етіп отыр. Осыған орай Қоғам төралқасы айтулы мамандарды іске қоса отырып, бүгінгі таңда мемлекеттік тілімізді өрістетер неше алуан әдістемелік құралдар, мектептерге арналған оқулықтар, тілашар жасап ұсынуды дағдыға айналдырды.

Мемлекеттік тілдің күрделі бір саласы ғылымға байланысты. Ғылымы өз тілінде сөйлемеген елдің тәуелсіздігінің тұғыры қашанда осал болатыны тарихтан белгілі. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілімізді ғылым тіліне айналдырудың түбегейлі шаруасымен айналысып, ғылымның сан саласы бойынша терминологиялық сөздіктер түзіп келеді. Бүкіл академиялық деңгейде жасалып жатқан бұл ғылыми бағдарламаның негізгі ұйытқысы – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы. Аталмыш сөздіктердің ғылым тілінің қалыптасуына септігі тиері даусыз. Бірақ жасаған істі жария ету жағы өте қиын. Ондай мүмкіндік бізде тағы жоқ.

Сондай-ақ, Қазақстан Даму институты мен Тіл білімі институты бірлесе отырып «Қазақ тілі энциклопедиясын» дайындап, баспадан шығардық. Жоспарда тұрған «Қазақтар» деген тоғыз томдық жұмыс та жұртшылық қолына тиді. Барлық жоғары оқу орындары, министрліктермен тығыз

байланыс жасай отырып, мемлекеттік тілді баяндата түсудің жолдары нақты қарастырылуда. Ал облыстық, қалалық, аудандық ұйымдар жұмысындағы бетбұрысты баяндап шығу мүмкін емес. Олар да қоғамның жарғысына сәйкес сан түрлі шаруалар және грант алу мәселесімен айналысуда.

Алдағы міндеттеріміз тіпті күрделі. Ең алдымен, жергілікті ұйымдарымыз заманның сұранысына орай жұмыс жоспарларын өз өңірінің ыңғайымен қайта қарап, нақты шаруалар жобасын жасап жұмыс жүргізді.

Әсіресе, Елбасымыз ұсынған 2030 стратегиялық бағыт біз атқарар істің де шеңберін айқындап отыр. Онда еліміздің еңсесін көтерер, экономикалық өрлеуге жеткізер игі қадаммен қатар, рухани жаңару, тарихи тағылым, халық тұтастығы, тарихи жады, тағы басқа рухани байлығымызды еселей түсетін маңызды мәселелерге де ерекше назар аударылған.

Алғашқы бес-он жылда қол жеткен табыстарымыздың көбі баяндалмай орта жолда тоқтап, тоқырап жатыр. «Нарықтың қыспағы ғой» деп қазақ алақан жайып отыра берер болса, ұлт мәдениеті, ұлт тілі үшін жасалып жатқан алапат істеріміздің бәрі құрдымға кетпек. Қазір ұрпақтың болашағы үшін, түптеп келгенде, тәуелсіздік тұғыры үшін күрестің үдей түскен кезі. «Қазақ тілі» қоғамының қайраткерлері осы жолдағы әрекеттерін жандандыра түссе, солғындатып алмаса екен дейміз. Кейінгі бес-он жылдың барысында жүздеген қазақ мектебі жабылған екен. Ал шаңырағы ортасына түскен мәдени ошақтар: кітапханалар, клубтар, емханалар қаншама. Олардың орны қайта тола бастады. Осының бәрі біздің, сіздердің көз алдарыңызда болып жатты. Бұл жан айқайын шығарар, жайбарақат қарап отыруға болмайтын өрескел жағдайлар.

Білім мен мәдениеттің негізіне балта шабылып жатқанда әкімдеріміз қалай тыныш жатып, тірлік етеді? Біз осыған қайранбыз. Бұл болашағын ойламайтын елдің ғана тоғышарларына тән қылық. Жұртшылық неге ауылдан қалаға кетеді? Мұның түп себебі неде? Кім кінәлі? Осының да себеп-салдарын анықтап, уақытылы дабыл қағып отыру парыз. Мұның бәрі тілдік ортаны құртудың амалы тәрізді.

Сондықтан «Қазақ тілі» қоғамы бұл мәселелерге де назар аудармай отыра алмайды. Жұрт қаладан далаға бет түзесе, елдің дәулеті тасығаны, ауылдың адамы қалаға жөңкілсе, ауылдан береке қашқаны. Бұдан шығатын түйін еліміздің экономикалық жағдайының қиын жолдардан өтуі. Өткенде түзілген ауыл бағдарламасының нәтижесінде үкіметіміз елге бетін бұрды. Бұл, әрине, жақсылықтың нышаны. Бұл ретте Қоғам өзіне лайықты жолын анықтап, «Тілдің тірегі – ауыл» деген бағытты ұстанып отыр.

Тіл заңының кейінгі түрінің қолға тигеніне де біраз болды. Оның талаптарын басшылыққа алып, жұмысын сол негізде жүргізіп отырған министрлік, әкімшілік (бірен-сараны болмаса) мекеме аз. Оның есесіне түрлі шетелдік фирма, корпорация, компаниялардың қалаларымызда жарқыраған түрлі жарнамалары еңсемізді баса түсуде. Бұл жағдай неге бізді толғандырмасын. Мемлекеттік тілді ілтипатқа да ілмейтін мұндай мекемелерге әкімшіліктер тарапынан тыйым, айып салу арқылы оны Қоғамның есебіне аудару жайы қарастырылса құба-құп болар еді. Әйтеуір тіліміздің тынысын тарылтар бірде-бір мәселе Қоғам тарапынан елеусіз, ескерусіз қалмауға тиіс. Қоғам ұлттық тіл мен мәдениетіміздің түйінді мәселелерін үнемі еске салып, қалғып кеткен сананы оятып отырудан жалықпайтын қоңырау іспетті. Ендеше өзіміз де қалғымайық, өзгені де қалғытпайық. Ата-бабаларымыздың ғасырдан ғасырға ұласқан арманды әрекеті мен жойқын күресінің жемісін бүгінгі ұрпақ – біз көріп отырмыз. Бұл тарихтың бізге берген оңай олжасы емес. Қан мен тердің, қайғы мен шердің өтеуі.

Осындай тауқыметпен келген бостандығымызды баяндату сіз бен бізге міндет, ұлы міндет. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұлт тілі үшін күреске шыныққан сардарлары мен сарбаздары бұрынғыша осы қатардан табылады деп сенеміз. Президентіміздің өткендегі Жолдауы және ауыл бағдарламасына байланысты қыруар шаруа қолға алына бастады. Қоғам одан да қалыс қала алмас. Өйткені мұнда Қоғамға да өріс ашар өрелі ойлар бар. Елімізбен, тілімізбен бірге болайық, ағайын!

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Тәуелсіздік талаптары

Елдің мақсаты, атап айтқанда, қазақ халқының мақсаты тек қана қарын тойғызып, қара көбейту емес. Ұлтсыз, тілсіз тобырға айналып, топ көбейту де емес. Мақсат – өз тілінде өгейдің күнін кешпеу. Еңсесі тік, рухы биік болу. Алаш атының, қазақ даңқының аяқ асты болмауы. Атадан қалған асыл мұрасына, бабадан қалған барша мирасына толық қожалық ету. Көрінгеннің қолжаулығына айналмау. Қазыналы жерімізге, кең пейілді елімізге лайықты мемлекет болу. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қоғам өмірінің бар белесінде үстемдік етуі. Өзгелерден кем емес, тең болу, «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 20 жыл болса да, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне сай дамымай отыр. Қаншама қаражат бөлінді, қаншама мемлекеттік құрылымдар құрылды, қанша адам ақысыз курстарда дәріс алды. Елбасы тарапынан «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», т.б. секілді ұрандар ортаға тасталғанымен, бұл сөз жүзінде қалудан аса алмай келеді. Оны елеп, ескеріп, қазақтыққа ұмтылып отырған жандардың қатары бірлі-жарым болмаса, айтарлықтай көбеймей отыр. Мұның себебі неде? Мемлекетіміздің тіл жөнінде ұстанған саясатының, тіл саясатын жүзеге асыру механизмдерінің тиімсіздігінде. Ал тиімсіз, қайтарымы жоқ өнімсіз іске неге қаражат шашып, уақыт сарып қыламыз? Демек, бізге басқа жол қарастыру керек.

Өйткені Қазақстанда бір ғана қазақ тілін білу, қазақ тілін үйрену деген сөз өз-өзіңнің мүмкіндігіңді шектеу, табысы көп, лауазымды қызметтерден шет қалу, ауыр, қара жұмысқа жегілу деген сөз болып отыр. Қазақ тілін білгендердің, жалпы қазақтың жағдайы осындай болып отырғанда, қалай ел боламыз, қазақ тілін қалай дамытамыз, мемлекеттік тіл мәртебесіне қалай сай етеміз?. Тілді сауықтыру үшін елді сауықтыру керек. Тілді дамыту үшін елді дамыту керек. Тілді өркендету үшін елді өркендету керек. Қазақ ұлтының мәселесі шешілмей, Қазақстанның проблемасы

шешілмейтінін қанша қайталасақ та құлаққа ілер жан шамалы, Қазақстанды мекен етіп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де мұнсыз ұшпаққа шыға қоюы қиын. Бұны өзге ұлт өкілдері де жақсы түсінеді. Қазақ халқын қолдауға, соның айналасында ұйысып, өз тілі мен мәдениетін дамытуға баршасы құлықты. Олардың да «қазақстандық ұлт» болғысы келмейді. Біз осыны түсінуіміз керек. Жолайрыққа жеткен осы тұста дұрыс шешім қабылдай алмасақ, елдігімізге сын, егемендігімізге мін.

Жер иесі, ел иесі ретінде қазақ халқы жауапкершілікті қолға алуы керек. Жалтақтықты қоюы тиіс. Нық сеніммен, отты жігермен алға басуы жөн. Табансыздықтан, солқылдақтықтан, бағдарсыздықтан арылатын кез жетті. Тәуелсіздік алған 90-жылдары елімізді мекендеп жатқан өзге ұлт өкілдері бізден соны күтті. Серке болып бастасын деді. Болашақ тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келмегендер, бірден-ақ буынып, түйініп өз тарихи Отандарына жол тартты. Қазақстаннан өз болашағын бөліп қарағысы келмегендер балаларын жаппай қазақ мектептеріне, қазақ балабақшаларына бере бастады. Алайда біз көшбасшылық жасауға дайын болмадық, ірі тарихи мүмкіндікті жіберіп алдық. Солқылдақтық таныттық. Мызғымас сенім мен шешімтал қимыл болмаған жерде, бір тудың астында бас құрап, бір мақсат жолында еңбектену – бос қиял. Ірге берік, іс берекелі болмайды. Біз мұны жадымыздан шығармауымыз керек.

Сол жылдары бірден осы іске бекем кірісуіміз керек еді. Әйтсе де, сол кезеңде мұндай істі көтеруге экономикалық та, саяси да жағдайымыз мүмкіндік бере қоймады. Бірақ қол қусырып қарап отырдық десек, жалған болар. Елбасының бастауымен қаншама іргелі істер атқарылды, тарихи қадамдар жасалды. Ашып айтпағанмен, тарихи тұлғаларымызды түгендеу, аруақты бабалар аруағына арнап ат шаптырып, ас беру отарсыздандырудың көрінісі болатын. Бірақ жүйелі түрде жүргізілген іс болмағандықтан, нәтижесі шамалы болды.

Бастысы, еліміз қиын кезеңнен аман-есен өтіп келеді, ұрыс-керіс, қантөгіс болмады. Тыныштық сақталды. Шегара-

мыз айқындалды. Біле-білген адамға бұның маңызы орасан зор. Азғана уақыттың ішінде аса ауқымды істер атқарылған. Президенттің астананы Ақмолаға ауыстырып, жаңа тұрпатты, сән-салтанатты тағы бір қаланың бой көтеруіне тікелей мұрындық болғаны тарихи ерлік. Қазақ бар кезде, Қазақстан тіршілік етіп тұрғанда бұл іс ұмытылмақ емес. Бұны ұлттық сананы оятуға, елді өзгеше, тың даму арнасына түсіруге бағыттаған тарихи бетбұрыс, ерекше қадам деп санаймыз.

Десек те, тоқсаныншы жылдардағы жекешелендіру кезінде негізінен қазақтар тағы да үлестен қағылды. Нарықтық экономиканың қиындығы да тікелей қазақтарға тиді. Ауылшаруашылығы тұралады. Дені ауылдық жерлерде тұрып, ауылшаруашылық жұмыстарымен айналысқан қазақтар жұмыссыздықтан есі шығып, ірі қалаларға ағылды. Қаншама қазақ әйелі отбасын асыраймын деп қала мен ауыл арасында дорба арқалап кіре тартты, денсаулығынан айырылды. Балашағасы тәрбиесіз қалды. Шаңырағы шайқалды. Ал ірі қалаларда пәтердің тоқсан пайыздайы өзге ұлт өкілдеріне тиесілі екендігі белгілі. Қазақтар тағы да солардың кірмесіне, есігінің алдында жүретін қызметшісіне айналды. Бұл көрініс осы күні де түзеле қойған жоқ. Пәтер жалдағанның, арба сүйретіп, қара жұмыс істегеннің түгелге жуығы тағы да сол қазақтар. Ішкі көші-қон саласын мемлекеттік тұрғыда реттемеудің кесірінен Алматы іргесінде «Шаңырақ», «Бақай» оқиғалары, Шымкент, Астана төңірегіндегі даулы жерлер мәселесі бас көтерді. Мұндай жағдай бірлі-жарым емес, Қазақстанның барлық ірі қалаларының маңайында орын алып отыр. Сондықтан ел билігі бұған аса байыппен қарап, тиісті кең ауқымды шараларды жедел қолға алуы және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге кірісуі керек-ау деймін.

Осындай құбылыстардың салдарынан көпшілік қазақ жастарының рухы сынды, жігері жасыды. Денсаулығы нашарлады. Мұны әскери комиссариаттар жанындағы медициналық бақылау комиссияларының әскерге шақырылған жастардың денсаулығын тексеру қорытындыларын, медицина мекемелерінің халық денсаулығының жай-күйі туралы статистикалық деректерін қарау арқылы оңай көз жеткізуге болады.

Соншама қазынаның, мол байлықтың үстінде жарымай отыру – бейшаралық. Бұл іс басында отырған басшы адамдарымыздың істің көзін білмеуі. Отаншылдық, мемлекетшілдік қасиеттің жоқтығы. Қолда барда қарпып қалу пиғылының үстемдік құруы. Ақиқатын айтсақ, бір күндік тіршілікпен өмір сүруі. Бұл ақтауға болмайтын әрекет.

Ұлттық қорды Америкада, АҚШ долларында сақтау арқылы Американың экономикасын тегін қаражатпен дамытып отырғандаймыз. Алатын пайдамыз 2,5 пайыздың ол жақ, бұл жағы. Бұл инфляцияны да жабуға жарамайды. Ал оны басқару, бағалы қағаздар нарығына орналастыру қызметінің шығындарының барлығын Қазақстан көтереді. Сонда біз ұтылып отырмыз. Мұны мемлекетіміз, қаржы саласының мамандары көрмей, білмей отырған жоқ. Бірақ олар ұтылысымызды, жеңілісімізді ақтап, соны жасырып, жабумен әлек. Демек, бұған ішімізде мүдделі күштер бар. Американың қаржылық құрығына түскен соң, одан шығу өте қиын. Ұлттық қордағы қаражатты басқа валютада, басқа елдердің қор нарығына орналастыру да мүмкін емес. Бұған Америка ешуақытта жол бермейді.

Өз қаржымызды қатырып қойып, әлемдік қаржы институттарынан пайыздық үстемесі жоғары қарыз аламыз. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банктен, Халықаралық валюта қорынан, т.б. Бұл қаржы институттарының барлығының ар жағында АҚШ секілді алпауыттың тұрғаны ешкімге де жасырын емес. Айналып келгенде, шикізатымыз да, халқымыз да Америка экономикасына жұмыс істеп жатыр деуге болады. Сондықтан біз Ұлттық қор мәселесін, АҚШ долларына таңылу мәселесін қайта қарауымыз керек. Еліміз игілігін көре алатындай тетіктерін қарастыруға тиістіміз.

Мойындауымыз керек, Қазақстанда іс басындағы ат төбеліндей азғана топ болмаса, жалпы халықтың ішінде нашар тұратын, ең кедей тұратын халық – қазақ. Құқы аяққа тапталып жатқан, өзін қор, кембағал санайтын, табысы аз, қара жұмысқа жегіліп, еңбегі еш, тұзы сор болып жүрген де – қазақ. Экологиялық апаттардың зардабын тартып отырған да қазақ. Сіңірі шыққан кедейлер кеселі – құрт ауруымен көп ауыратын да қазақ.

Осындай жағдайда отырған қазақтарды өзге ұлт өкілдері қалай құрметтесін, қазақ тілін қалай үйренсін. Оның үстіне әлі күнге қазақтар орыс тілін білмесе, лауазымды қызметтер атқара алмайды. Табысты, беделді қызметтер атқару үшін міндетті түрде орыс тілін білуің керек. Онсыз аттап баса алмайсың. Осындай әділетсіз жағдайлардың барлығы жиылып келіп, қазақтардың көкірегіне қыжыл кіргізіп отыр. Ертеңіне деген сенімі де аз. Қазақ тілінің кең қанат жая алмай отырғаны да осыдан. Өйткені оның болашағына деген сенім аз. Мемлекет тарапынан кепілдікті көрмей тұр. Тіл саясатына қатысты Конституциямыз да, «Тілдер туралы» Заңымыз да, Тіл туралы мемлекеттік бағдарламамыз да екіұшты, кісіні екіұдай ойға қалдырады. Елдің болашағын жалғастырады деген «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетел асып оқып жатқан жастарымыздың да дені орыс тілді. Қысқасы, Қазақстанда қазақ ұлтының мүддесін көздейтін заңдық база жоқ. Қазақстанда қазақ ұлтының проблемасы шешілмей, басқа проблемаларымыз шешіле қоюы қиын. Бұл бітеу жара секілді. Жалап жазбаса, жарылуы мүмкін. Сондықтан да біз «Отаршылдық салдарынан арылу туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасап, оны іске асыруға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді ұсынамыз. Мұның зәрулігі мен маңыздылығы мынада. Қазақстанның қағаз жүзінде КСРО-ның одақтас бір республикасы болғанымен, іс жүзінде үш ғасыр бойы Ресейдің отары болғаны санасында саңылауы бар адамның баршасына белгілі. Мұны архивтерде сақталған қазақтардың құқығын шектейтін көптеген нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып негіздеуге болады. Мұндай құжаттар патшалық Ресей тұсында да, кеңес өкіметі тұсында да жетіп артылды. Білікті тарихшылардан жұмыс тобы құрылып, осы мәселемен арнайы айналысатын болса, заттай, құжаттай айғақтарды молынан табатынына сеніміміз кәміл. Осы секілді шараларды кезінде отар ел болған Африка, Үндістан, Азия елдері (Малайзия, Сингапур) қолға алған.

Мұндай мәселені мемлекеттік тұрғыда кешенді шараны қолға алу арқылы шешпесе, ұсақ-түйек, бір сәттік, өтті-кетті

шаралармен шешу мүмкін емес. Мұны іске асыру механизмі мынадай болуы керек деп санаймыз. Бұл үшін Президент жанынан арнайы Ұлттық комиссия құрылып, оның құрамына әртүрлі саланың білгір, ұлтжанды мамандары тартылуы қажет. Комиссия тұжырымдаманы дайындап, мемлекеттік ұйымдардың талқылауынан өткізіп, Президенттің бекітуіне ұсынуы керек. Тұжырымдама бекітілгеннен кейін Үкіметке немесе арнайы уәкілетті органға тұжырымдаманы іске асыруға арналған мемлекеттік бағдарламаны дайындап, Президенттің бекітуіне ұсыну жүктелгені жөн. Бағдарламада қазақтардың мүддесін ескеретін – білім беру, көші-қон, демографиялық, тұрғын үй, тіл, экономикалық, ішкі және сыртқы саясат мәселелері қамтылуы керек. Халықтың тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған мәдени-рухани шаралар (айтыс, атақты адамдардың мерейтойлары, тарихи жәдігерлерімізді жинақтау), мәдени мұра, қазақ тілін дамыту, т.б. шаралар осы бағдарламаның аясында, бір орталықтың бағыттауымен жүзеге асырыла береді.

Осы кезге дейін атқарылған ұлттың рухын көтеруге, еліміздің болашағын баянды етуге арналған шараларымыздың ірі тарихи миссиясын жақсы атқарғанын ескеріп және олардың озық тұстарын алып, ары қарай арнайы бағдарлама аясында атқару жөн деп білеміз. Осында аталған мәселелерге елімізде тұрып жатқан әртүрлі ұлт өкілдері түсіністікпен қарайтынына және қолдау көрсететініне толық сенеміз. Осындай ауқымды істерді атқарғанда ғана қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен терезесі тең болып, Қазақстанда өзге ұлттардың ұйыса өмір сүруінің ұйытқысы болып, дамудың жасампаздық арнасына түсер еді. Қазақстанды мекендеп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де, шетелдердің де қазақтарға деген құрметі, сыйы арта түсетін болады.

Осы күнге дейін біз орыссыз өмір сүруді көзге елестетпейтін секілдіміз. Орыссыз күніміз қараң болатын секілді. Мұндай психологиядан бас тартуымыз керек. Әлемде қаншама ел орыс тілін білмей-ақ өсіп-өркендеп, дамып отырғанын ескеруіміз керек. Өзі батыстың жаңғырығына айналып, кері кетіп бара жатқан елдің етегіне жармасуды қоятын кез жетті.

Әлемдегі ғылыми ақпараттың орыс тіліндегі үлесі 5 пайызға да жетпейді. Ашылып жатқан ғылыми өнертабыстардың 2 пайызы ғана Ресейдің үлесінде.

Біз бүкіл ақпаратты орыс тілі арқылы алған соң дүниеге, әрбір құбылысқа орыс көзілдірігімен қараймыз. Сол тұрғыдан баға береміз. Рухани, тілдік тәуелділікке ұшырап, пікір дербестігіне қол жеткізе алмай келеміз. Бұдан былайғы уақытта қажет ақпаратты басқа тілдерден тікелей алу мәселесін шешпесек, өркениет көшінен қалып қоямыз. Мұны мықтап ұғынуымыз керек.

Өнер білімі ілгері кеткен елдермен терезе теңестіреміз, өзімізді өзгеге сыйлатамыз десек, дипломатиялық қарым-қатынасқа, еларалық келіссөздердің қыр-сырына машықтанған әртүрлі тілден тікелей қазақ тіліне және керісінше аударма жасай алатын кәнігі тәржімашыларды шұғыл дайындауымыз керек. Іргелі елдердің келіссөздер барысында аударма жасайтын мамандарының тәжірибесін зерттеп, соны қолдануымыз керек.

Сайып келгенде, қазақ мәселесінің сарқып құяр сағасы тілге келіп тіреле береді. Тіл мәселесі жалқыны емес, жалпыны қамтитын, бар салаға бірдей қатысты болғандықтан, мәселені шешу үшін ауқымды, жан-жақты, жүйелі шараларды қолға алуға тиіспіз. Осындай күрмеуі көп күрделі түйінді тарқату үшін төмендегідей шараларды қолға алуды ұсынамыз.

1. Ең алдымен, басы ашық мәселе – қазақ халқының ойынан шығатын нақты әрі айқын ұлттық идеология керек. Ол жұртшылықты бір тудың, бір ойдың астына жұмылдыруы тиіс. Келер күнге, алдағы тағдырына құлшындыруы керек. Қазақ халқы және басқа ұлт өкілдері өздерін алда қандай өмір күтіп тұрғанын нақты білуі, көз алдына елестетуі керек.

2. Мемлекетіміз мықты, тәуелсіздігіміз тегеурінді болуы үшін халқымыздың еңсесі тік, рухы биік, арманы асқақ болуы керек. Қазақ халқының тұрмысын көтеру – басты мақсат болуы тиіс. Ол үшін елдің қаржылық, экономикалық сауатын көтеру керек. Істің көзін көрсетіп, кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік туғызған жөн. Орта тап – ұлттық

буржуазия қалыптастырғаннан кейін қандай іске болсын, бел шешіп кірісе беруге болады.

3. Малайзия мемлекеті қолданған тәжірибені қолға алған жөн. Қазақ халқын көтеруге арналған «Қазақ инвестициялық қоры» акционерлік қоғамын құрып, акцияларын бүкіл қазақ халқына сату керек. Бұл акцияларды иелерінің белгілі бір мерзімге дейін сатуына, айырбастауына тыйым салынуы тиіс. Олар үлес (дивиденд) алып, қор құраудың қыр-сырын меңгергеннен кейін ғана еркін нарықтық қатынастарға көшуіне жол ашса болады. Инвестициялық қор акцияларының бақылау пакеті толықтай мемлекет иелігінде болып, қаражаты ұлттық экономиканың табысты салаларына орналастырылуы керек.

4. Тәуелсіздік алар қарсаңда құрылып, қазақ тілінің кең өріс алуы жолында қызмет етіп жүрген халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының да қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін іске асыру тетіктерін әзірлеуге, ғылыми-ақпараттық тұрғыдан негіздеуге, ұлттық идеологияның ошағы болуға интеллектуалдық та, кадрлық та әлеуеті жеткілікті. Сондықтан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жанынан қолданбалы қазақ тілін зерттейтін, қазақ тілінде әзірленетін баспа өнімдері мен нормативтік-құқықтық актілерге тәуелсіз сараптама жасайтын, қазақ тілін оқыту-әдістемелік жұмыстарын үйлестіретін, әлеуметтік-лингвистикалық талдаулар жасайтын, әлемдік ғылыми ақпаратты қазақ тіліне аударатын арнайы мамандандырылған «Қазақ тілі» академиясын құру керек. Ол мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің, тіл саясатын іске асырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасауы, ресми іскерлік стиль мен ғылыми-техникалық тілді қалыптастыруы, ұлттық идеология әзірлеудің ошағына айналуы тиіс. Бұл мемлекет тарапынан тілді дамытуға бөлініп жатқан қыруар қаражаттың жүйелі, нәтижелі істерге жұмсалыуына ықпал етер еді. Мұны ұлттық даму институттарының жылдық табысының белгілі бір мөлшерін бөлу (5 пайыз) арқылы қаржыландыру керек. Сол секілді түрлі гранттарды жеңіп алып та өзін-өзі қаржыландырады.

5. Елімізде іргелі діндерге (ислам, христиан, будда, иудаизм) ғана орын қалдырып, қаптаған конфессиялар мен секталарға қатаң тыйым салу қажет. «Діни сенім бостандығы туралы» Заңды қайта қарап, талаптарын күшейту керек. Бізге жалпы жұртшылықтың (келімсек миссионерлердің) көңілін табудан гөрі, еліміздің тыныштығы, тәуелсіздігіміздің баянды болғаны қымбат.

6. Мынаның басы ашық. Біз мың жерден Батысқа, Америкаға еліктеп, қанша тыраштанғанымызбен, олардың даму деңгейіне жете алмаймыз. Еліктеуші, тұтынушы деңгейінен арыға бармаймыз. Бұған XIX ғасырда француздарға еліктеген орыстар, Ататүрік бас болып, батысты бетке алған түріктер тәжірибесі мысал бола алады. Дамыды деген Малайзия мен Сингапур де Батыс Еуропа мен Америка елдерінің шеніне келе алмайды. Батыстануға бет алған Үндістан тарихы да сабақ болуы керек. Бұл ретте Қытай мен Жапонияның тәжірибесін жақсылап зерттеу қажет. Біз өз тарихи тамырымыз бен төл салт-дәстүрімізге табан тіреп, әлемнің ең үздік жетістіктерін бейімдеп пайдалана отырып, өз жолымызды анықтауымыз керек. Ақыл-ой мен ғылым-білімге барынша иек артуға тиіспіз.

7. Жаһандану үдерісі әлем елдері арасында аймақтық, одақтық, саяси интеграция процесінің жеделдеуіне түрткі болуда. Қазіргі кезде әлемдік даму өркениетінде аймақтық интеграцияғаламдастыру үрдісінің бір бөлігі ретінде кеңінен таралып отыр. Батыс Еуропалық Одақтың рөлі мен беделі өсіп, Шығыста Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы күшейе түсуде. Еуразиялық кеңістікте Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін тарихи-географиялық ерекшеліктерге байланысты бірнеше интеграциялық орталықтар нышаны байқалды. Солардың бірі – Орталық Азия аймағы.

Геосаяси жағынан бүгін бұл аймақ құрамына жалпыаумағы 4 миллион шаршы километрден астам және халқы 60 миллионнан асатын бес мемлекет енеді. Аймақтың мүмкіндігі зор. Табиғи байлық қоры мол. Әлемдік саясаттың түйінді мәселелерінің көп ретте осынау аймақта тоғысып жатуы да осыған байланысты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы тәуелсіздік алу кезеңінде Орталық Азия мемлекеттері арасында байланыстар бәсеңдеп, өңір халқының қарым-қатынасы мен өзара түсіністігінің әлсіреуіне әкеп соққан оқшаулану белгілері көрініс берді. Елдер арасындағы ақпараттық, мәдени және ғылыми қарым-қатынастың үзілуі – төскейде малы, төсекте басы қосылған ағайындас халықтардың бір-бірінен алшақтауына әкеле бастады. Егер бұл жағдай осылай кете беретін болса, біз бір-бірімізді түсінісе алмайтын немесе түсініскіміз келмейтін жағдайға жетуіміз мүмкін. Нақты айтқанда, тиімді диалогтың болмауы жаңа проблемалардың туындауына әкеп соғуы ықтимал.

Сондықтан да, ең алдымен, Орталық Азия елдерінің арасында мәдени байланыстарды күшейту, интеграциялық процестерді үдету жайын қаперге алған лазым. Қазіргі таңда белең алып отырған жаһандану үрдісінің пайдасына ортақ, зарарынан қашық болудың да бір жолын Орталық Азия елдері арасында мәдени байланыстар арқылы орнығып, тең қарым-қатынастарға негізделген ортақ іс-қимылдардан көріп отырмын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тұжырып айтатын болсақ, мәселе қазіргідей алмағайып заманда тәуелсіздігімізді нығайту, ұлттық болмысымызды сақтау, әлемнің дамыған мемлекеттерімен иық теңестіру, тарихи тағдыры мен түпкі тегі бір елдермен интеграциялық үдерістерді күшейте отырып, жаһанданудың пайда-зиянына бірлесе қам қылу туралы болып отыр.

Түркілік-исламдық факторларды алға ұстай отырып, Орталық Азия идеясын баянды ету бағытында сөзіміздің ұзын-ырғасын тиянақтай келе, мынадай тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, Орталық Азия елдерінің алдында тұрған саяси, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, экологиялық, діни, есірткімен күрес, су тапшылығы сынды өзекті мәселелерді еңсеру осы аймақтағы елдердің басы біріккенде ғана шешілмек. Осы аталған мәселелерді уақтысында шешпей, қандай да бір жетістікке қол жеткізуіміз мүмкін

емес. Интеграциялық процестер аймақтағы елдердің жағдайын жақсартуға ықпал етері сөзсіз.

Екіншіден, Орталық Азия елдерінің бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтып, ортақ мәдени өріске қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Бұған негіз жоқ емес. Орталық Азия елдерінің мыңжылдық ынтымақтастық тарихы бар. Шегаралары ортақ, шаруашылық байланыстарының деңгейі жоғары, мәдениеттері мен салт-дәстүрлері ұқсас, ділі жақын және бір тілдік топқа енеді. Бұл аймақтағы халықтардың тағдыры тұтасып кеткен.

Үшіншіден, Орталық Азия елдеріндегі ғылыми және ақпараттық байланыстарды жүйелі жүргізу үшін ортақ үйлестіру кеңесін құрған жөн. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді біртіндеп орнына келтіре алсақ, Тәңірі бақ-талайымызға берген тәуелсіздікті баянды етерімізге сеніміміз кәміл. Иншалла, Алла тілегімізді бергей!

23 қазан, 2010 жыл

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қай елдің тарихын қаузасаңыз да, ел боламын деген мемлекеттің ең алдымен көздейтіні – тіл мен діл мәселесі.

Ал бізде қалай? Егер тарихи шолу жасасақ, әңгіме ұзаққа кетер еді. Сондықтан түйінді деген кейбір мәселелерге ғана назар аударғым келеді.

Тіл қамы туралы ойлар қайталанбай тұрмайды. Бұл жолы менің де қозғағалы тұрғаным тосын жайлар емес. Қанша қайталасаң таусылмайтын жыр. Қайталап айтпауға болмайтын сыр.

Мәселенің түп негізін түбірлеп түсіну үшін қазақ тілінің сан ғасырлық тарихынан жеткен кейбір деректерге де көз жүгірте отыралық. Бақсақ, қазақ тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан пікір объектісіне айнала бастапты. Тіпті, орысша оқып, орыс тәрбиесін көрген Ш. Уәлихановтың өзінің қазақ баласын орысша оқытумен әуестене беруден

тіксінгені бар. Осыдан 98 жыл бұрын «Айқап» журналында Мұсақанов дегеннің тіл, әдебиет туралы пікір толғай келе, ұлт тілінің тамырына балта шабылмасын деген сыңайлы ой қозғапты.

Бұдан бергі жердегі Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы тәрізді қазақтың рухани көсемдерінің тіл қамын жеген толғаулары қазақ санасын оятқан өзгеше өре болатын. Содан кейінгі ғұламалар мен жазушылардың, қайраткерлер мен қаламгерлердің тілге соқпай өткендері жоқ. Солардың бәрінде қазақ тілінің байлығын ғана сөз етіп танданумен қоса, сол асыл қазынадан қамсыз-қаракетсіз күйде жүріп айырылып қалмау жағын көбірек әңгіме еткен. Және тіл тынысының тарыла бастау себептерін көрегендікпен толғай отырып, болашақтағы болмыс-бітімін көзге елестетіп, сақтандыра әңгіме қозғайды. Тарихтың арғы-бергі тұңғығында әлі де ашылмай, аршылмай жатқан небір құпия сырлардың жатқанын байқатады.

Қазақ тіліне қатер төндіріп тұрған себептерді осылайша іздегендер болды. Көрсетті де. Сондағы басты қауіптің бір де болса бірегейі елімізге өзге ұлт өкілдерінің шамадан тыс ендірілуінде екені мегзеледі. Қараңыз: яғни сол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында-ақ демография деректерінің көрсетуі бойынша, әсіресе, орыс ағайындар XVII ғасырдан келе бастаған. Содан бергі жердегі келгіншілердің жалпы саны шамамен 8 миллионнан асып жығылады. Бұл демографиялық тасқын процесінің түпкі себептерін сараламай-ақ, халқымыздың өз мәдениеті мен өз тіліне деген немқұрайдылықтың қалай, қайдан, неден басталғанын осының өзінен де шамалауға болады. Бұл жөнінде талай айтылды да. Лек-легімен, кезең-кезеңімен ағылған жұрттың ел тұтастығы мен тіл тұтастығына (прогрестік рөлінің болғанына қарамастан) едәуір нұқсан келтіргенін күні бүгінге дейін сезінудеміз.

Қазақ орыс тілі арқылы көп нәрсені үйреніп, көзінің ашыла түсуімен қатар, өзінің ұлттық тұтастығына көлеңке түсіріп, қақ жарыла бастағанын сезбей де қалды. Атап айтсақ, қазір ана тілін аялаушылар мен аямаушылар, жақтаушылар

мен таптаушылар, қарсылар мен қамын жеушілердің аражігі ашылып, айқындала бастады.

Бұл – ұлт басына төніп тұрған қатер. Біз Елбасымыздан бастап тәуелсіз Қазақстанды қалтқысыз сүйетін нағыз отаншыл азаматты тәрбилеу қамындамыз. Ал әлгіндей бір ұлттың қақ жарылып отырған жағдайында ұлттың патриоттық негізін қалай қаламақпыз. Мұны ұлттық мәдениет, ұлттық тіл мәселелерін қозғаған сайын сезінудеміз.

Бірнеше тілді білу – байлық, өз тілінді білмеу – қорлық екенін терең түсінетін кезең келді. Осыны терең түсінгендіктен де шығар, Қадыр ақынның «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деп жазуы. Өз тілінді терең біліп, өзге тілдерді құрметтей жүргеннің де жаман емес екенін ол білмей тұрған жоқ. Экономикада, білім-ғылымда әлемдік бәсекелестік деңгейіне жету талабын қолдап отырған Елбасы саясатын қуаттамау ессіздік болар еді. Алайда көңілдегі күпті ойлардан арыла алмай жүргеніміз де ақиқат. Қазір орыс тілі үстемдігінің үстіне ағылшын тілін үйрену қатты насихаттала бастады. Тіпті ендігі жерде ағылшын тілі мен компьютерді, интернетті меңгермегендер мемлекеттік қызметке алынбайтыны ескертілуде. Сөз жоқ, мұндай талаптан кейін, әсіресе, жастарымыз ағылшын тілін бес-алты айдың ішінде-ақ үйреніп алады. Үкімет тарапынан осындай қажеттілік туындатылып отырған соң, ағылшын тілінің алшаңдай басып қазақ даласының төріне шығатыны анық.

Басты күдік, қазақ тілі тағы да тасада, босағада телміріп қала ма, жоқ әлде босағадан да шығып кете ме дегенге саяды. Ана тілден алыстау арқылы бүкіл ұлттық болмыстан жұрдай болып бара жатқан ұрпақты көре отыра осылай ойламасқа қалай дәтің шыдайды.

Ал қазақ тілінің әңгімесі әлі бітер емес. Ағылшын тілі араласа бастаған сайын тіпті қиындай түсер түрі бар. Өткен ғасырдың 20-30-жылдарында алыптар айтқан күдіктен әлі күнге арылар түріміз жоқ. Обалына не керек, қазақ зиялылары тіл мәселесін назарында үздіксіз ұстап келеді. 50-жылдардағы, одан кейін 80-жылдардағы сілкіністер соның

айғағы. Бізде сол ұлылардың айтқан қаупін қайталаумен келеміз.

Қазақтың жаңалыққа жаны құмар, құйма құлақ халық екені ежелден белгілі. Әр нәрсенің екі жағы болатыны сияқты, осы құймақұлақтың еліктегіш, солықтағыш сезімдерді тым асқындырып жіберген тәрізді.

Өткен тарих шеңберінде еліктемеген нәрсеміз қалмады. Көршілеріміздің болмысында біз үйренбеген еш нәрсе жоқ тәрізді. Тіпті арақ-шарап ішуді де асыра орындап жүрдік, басқасын былай қойғанда. Орыс тілін үйрену арқылы орасан зор қазынаға жолыққанмыз рас. Ойымыз тереңдеп, қолымыз ұзарды. Білім көкжиегінде еркін қалықтайтын болдық. Соның нәтижесінде дүниежүзілік мәдениет қазынасынан дәм таттық. Бұл – **ұлы жетістік**. Сөйтіп жүріп біз біртіндеп ұлттық негізден алыстап, тұғырымызды теңселтіп алғанымызды кеш сезіне бастағандаймыз. Міне, осы қатерлі қалыптан шығудың жолын іздеудің орнына, ел сенген қайсыбір азаматтарымыздың ұлт мерейін төмендетер, болашағын бұлыңғырлатар әрекеттерге бара беретіні әлгіндей еліктеу мен солықтаудың нәтижесі. Өзі отырған ағаштың тамырын балталаудың нәтижесі, өз ұрпағының тағдырына немқұрайды қараудың нәтижесі.

«Бергенінді айтпа, көргенінді айт» деген бабаларымыз. Әйтсе де, қазақ жері мен елінен, қалтқысыз ашық көңілінен, ықылас-бейілінен көл-көсір жақсылық көріп келе жатқан көршілерімізге біздің де бір мезгіл қолқа салып, базына айтар шағымыз әлдеқашан болды-ау деймін. Тілін біліп, үлгісін алып отырған көршілеріміздің қаншама жылдар бойы қатар өмір сүріп келе жатса да, қазақ қоңсысына ілтипат білдірмеуі нәліктен деген ойға қаласың. Тым болмаса, қазақ көршісінің бір-екі ауыз сөзін біліп, тілдесуге жарамай келе жатқаны бізді, тілді, елді менсінбеуі емей немене? Тағы бір өкініштісі, осының бәріне орыс ағайыннан гөрі өзіміз де кінәлі сияқтымыз.

Соңғы жетпіс жыл бойы орыс халқы мен орыс тілінің насихаты күшті болғаны соншама, өз тіліміз бен өз мәдениетімізді қажет деп санамайтын халге жеттік. Орыс

тілін білген адам ғана қатарға қосылады дегенді бойға сіңірудің арқасында қазақ мектептеріне орыс мектептері үстемдік құрды. Бұл дерттен күні бүгінге дейін арыла алмай келеміз.

Бұл дерттен арылудың сара жолы, ең алдымен, өз тілін мен өз мәдениетінді шексіз сүю болмақ. Өзге тіл мен өзге мәдениеттің де қадыр-қасиетін танып-білу сол арқылы болу керек. Ата-бабадан жалғасқан текті тәрбиенің желісін сонда ғана жалғай аламыз.

Қазіргі қазақтардың мінез-құлқында, түсінік-түйсігінде, пайым-парасатында тіпті кескін-келбетінің өзінде таңғаларлық өзгерістер болып жатыр. Содан сескене, үрке қарағанша ұрпақ тәрбиесін күнделікті қадағалап отыру, ең алдымен, қазақпын деген әрбір азаматтың түбірлі міндеті болу керек екенін ұмытпасақ деймін.

Еліміздің экономикасы мен әл-қуаты артып, саяси әлеуметтік еңсесі көтерілген сайын, ұлттық тіл мен ұлттық рухымыздың да өскенін, ұлттық мүддеміздің екінші қатардағы қосалқы дүниедей болып қалмауын қадағалау бәрімізге парыз. Әсіресе, ел басқарған азаматтар мойнынан түспейтін жүк бұл. Бұлай дейтінім, қазақ тілін менсінбеу арқылы өзге мәдениетке табынып, ұлттық дүниемізді аяқ асты ету ағымы белең алып барады. Тәуелсіздік туын желбіретіп, әлемдік мемлекет қатарына қосыла бастағанымызда ұлттық құндылықтарымызды аялай алмасақ елдігімізге сын болмақ.

Сол ұлттық құндылықтарымыздың негізгі тірегі – **тіл**. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық. Ал осы тіліміз тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы екенін біле тұра неге оның еңсесін көтере алмай келеміз. Бұған кім кінәлі? Не істеу керек? деген сауалдар көкейден кетпейді. Бұл сауалдар көптен қойылып келе жатыр. Зиялыларымыздың көбі шығар жолдарды ұсынып келеді. Бұларды екі топқа бөліп қарау керек сияқты.

Тіліміздің бүгінгідей күйге тап болуы қазақтың өздеріне тікелей байланысты. Олай дейтініміз, өзін сыйлайтын Адам ғана өзгенің қадірін көре, тани білмек. Яғни өз тіліне селқос

жан, өз ұлтының асыл қасиетін танып, біліп, оны қастерлей білмегеннен не күтуге болады. Осындайлардың қарасы көбейген сайын халықтың ұлттық сипаты жоғала бастайды. Ондай халықтың өз мүддесін қорғарлық күрескерлік қабілеті төмендейді. Бізге қазір осы қасиет жетіспейтін тәрізді. Мұны айтып отырған себебім кімді көрсен де көбіне көп ойлайтыны тіл мүддесі емес, көмей мүддесі мен қалтасын толтырудың қамы. Әрине, аш баланың тоқ баламен ойнамайтынын аталарымыз дөп айтып кеткен ғой. Соған қарамастан ешбір адамзат діл мен тілге қосалқы дүние ретінде емес, рухани қазына, жан байлығы, ар-ұят байлығы, адамгершіліктің тірегі деп қараған. Тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы іспетті бағалаған тіпті. Міне, осы қасиет көбімізден алыстап барады. Бұл – бір.

Екіншіден, ел мүддесін көздеймін, халық қамын жеймін деп атқа мінген азаматтарымыздың арасында «осы менің ел алдындағы арым таза ма, істеген іс-әрекетімде әділдік бар ма, маған сенген елдің қамын ойлағаннан гөрі, өз күйімді көбірек күйттеңкіреп кеткен жоқпын ба» деп өзіне өзі сауал қойып, өзін-өзі тексеріп отыратындары шамалы ма деймін. Баю үшін жол таңдамайтын қорқау мінезді жандардың қарасы көбейіп барады. Кітаптың бетін ашпайтын тоқмейіл тоғышарлар ортасында тіл тағдырын сөз етудің өзі қорқынышты.

Осының бәрін ой елегінен өткізе келе, тойынғандарымызға тәубе, иманын ұмытпаған қалған елге шүкіршілік қажет сияқты. Тіліміздің тағдырын сіз бен біз ойламағанда, кім ойлайды. Жаппай қарымды да сауатты әрекеттер тізгінін ұстау ата-бабалар рухы алдындағы парызымыз екенін ұмытпалық, ағайын.

Осыдан келіп, міндеттер дегенде мына мәселелерге баса назар аударғымыз келеді.

1) Ендігі жерде мемлекеттік тілді кім көрінгеннің ермегіне айналдыра бермей, белгіленген бағдарлама бойынша қазақ қауымы біртұтас бірлікпен жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл әсіресе Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мүшелеріне, Тіл басқармасы қызметкерлеріне тікелей қатысты. Қолына билет ұстап, мүшелік жарна төлеп дағдыланбасаң да, бойында

қазақтың қаны бұлқынған қазақ тілін қасиет санайтындардың бәрінің жұмысы.

2) Қадірлі тіл сүйер қауым, ұлтымыздың тағдырына қатысты бірде-бір шарадан қалыс қалушы болмаңыздар. Өсіресе, халық қалаулыларын сайлайтын алдағы жиындарға елді түгел қатыстырып, кімді сайлап, кімге дауыс беретіндеріңізді анықтаңыз. Өйткені Сіздің тағдырыңыз, тілдің тағдыры өзіңіздің белсенділігіңізге тікелей қатысты. Өткен сайлауда тілдің, елдің қадірін білмейтін қандай азаматтардың өтіп кеткенін білдіңіздер ғой. Депутат болатын қазақтардан ғана емес, Қазақстанда өмір сүріп жатқан (ұлтына, нәсіліне қарамастан) азаматтардың бәрінің мемлекеттік тілге деген ықыласын ғана емес, білуін де сұрайтын мезгіл жетті. Тіл үйренемін деген шын ықылас болса, 18 жыл аз мерзім емес. Тіпті азаматтық алғысы келетін жандардың бәріне қойылар алғашқы шарт мемлекеттік тілді білу дәрежесін тексеру болуы тиіс. Мұны қадағалау да «Қазақ тілі» қоғамының басты міндеті деп түсінгені жөн.

3) Қазақ тілі туралы жеке өз алдына Заң түзіліп, қабылдануы керек екенін Елбасы мен үкімет есіне тағы да саламыз. Өйткені тәуелсіз республикамызда қазақ тілінің басым рөлін айқындай түсу қажеттігі даусыз. Уәдешіл К. Мәсімовтың берген уәдесінен неге тайқып отырғаны түсініксіз.

4) Жоғары оқу орындары барлық факультеттерінің бәрінің де қазақ тілінен мемлекеттік емтихан тапсырылуын талап етудің уақыты жетті.

5) Заңдардың бәрін екі тілде жасау қажет пе? Тілден бездірудің бір тәсілі осы. Сондықтан Заңның бәрін алдағы уақытта бір ғана мемлекеттік тілде жазуды талап ету қажет.

6) Қазақ тілінің ішкі өмірімізде ғана емес, сыртқы саясаттағы беделін де арттыру жайын қарастыру үлкен міндетіміздің бірі. Мемлекетіміздің саясатын сыртта жүргізетін дипломаттардан бірінші кезекте мемлекеттік тілді білу дәрежесі тексерілуі тиіс. Өйткені олар – елдігіміздің сырт жердегі кескін-кейпі, паспорты.

7) Осы күнге дейінгі жасалған, ұсынылған Заңдардың бәрінің аудармалары сын көтермейтіні көптен айтылып жүр.

Оларды түгел мемлекеттік тіл тұрғысынан саралап беретін мезгіл жетті. Ол үшін мамандардан арнайы топ, не сарапшы орталық құрылғаны мақұл.

Қазір тіл майданы өршіп тұр. Өршітіп тұрған кешегі кеңестік тәрбиенің қазаққа тиімсіз «тағылымын» бойларына әбден сіңірген «серкелеріміз». Бұлар орысқа жалтақтап үйренген, сол негізде ұлы-қызын тәрбиелеген мейманасы тасып, мәртебесі асып жүрген, енді немере-шөберелерін де өздері түскен «арналы» жолдан тайқымауын көздеп жүрген «қадірлілеріміз». Олар өсірген кешегі көк шыбық, қазір буыны бекіп, бұғанасы қатып атқа мінді, билік басына көтерілді. Ұлты қазақ, сөйлеген сөзі, істеген ісі мүлде жат бұл ұрпақ ана тіл уызына жарымаған, атамекен мен ана тілдің қасиеті бойына дарымаған бір алуан топ болып тұр.

Оларды талапсыз, ақылсыз деп айта алмайсыз, араларында дарындылары бар. Сол дарынның, білік-білімнің қазақ ұлтына деген қалтқысыз қызметке жұмсалмай, өзге елдің пайдасына кетіп жатқаны жан ауыртады. Қазақ енді өзімен-өзі күресуді бастады. Ана тілді бірі керек деп, екіншісі керек емес деп дұрдараз күн кешу – күрес емей немене?

Баяғы патшалы Ресейдің «бұратана елді бөліп ал да, билей бер» деген саясаты азулылырамызды, асылдарымыз бен ардақтыларымызды толассыз құртып отыру (Кеңес дәуірінде де) нәтижесінде осындай күнге жеттік. Тіпті мемлекеттік етіп мәртебелеген АНА ТІЛІМІЗДІҢ өзін аялап тұтына алмайтын, тіпті ғасырлар бойы армандап жеткен тәуелсіздік тұсында да өзіндігін қорғай алмай, жан-жағына жалтақтап, мүсәпірлік күн кешуі барып тұрған масқара, қорлық емес пе?

Міне, осындай жағдайда қаны бар қазақ қалай тыныш отыра алады. Құдайға шүкір, әзір қазақ түгелдей өзгеленіп біткен жоқ. Асыл заттың топырақ астында қаншама жылдар жатқанымен, түсін бермейтіні іспетті халқымыздың ұлттық рухы төмендеуі мүмкін емес. Ел мүддесін, тіл мүддесін тереңінен ойлайтын асылдарымыздың сәл ғана қалғып кеткені болмаса, неше алуан құбыла түскен сыртқы жат әлемнің жалтырағына әлі арбала қойған жоқ.

Соның мың да бір көрінісі ешқандай бап тілеп, тақ сұрамайтын, жаяу-жалпы елдің ортасында жүріп, соның

мұны мен шерін жырлап, аяулы қазынамыз – ана тілдің алапат қуаты мен қасиетін насихаттап, қайтпас жігер танытып келе жатқан «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ қайраткерлерінің ісінен байқалады.

Қазір Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы үшін өте күрделі кезең басталды. Алғашқыда тілім деген миллиондай мүшелеріміздің біразы өмірдің неше алуан құбылған сәтінде шыдам таныта алмай, күнкөріс қамымен әлек болып кетті де, тілге деген ықыласын солғындатып алды. Осы салқындықты бірден сезген нигилистер, тілқамандар (Р. Бердібай), әсіресе жас түлектер жүрегін жаулай түсуде. Сол себепті Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының барлық жергілікті ұйымдарына қазір айрықша белсенділік көрсету керек болып отыр. Жағдайдың жоқтығын сылтау етер кез емес. Егер өкіметке, билікке өкпелеп, «әй, қойшы!» деген салғырт сезім жетегінде кетер болсақ, келер ұрпақ аман болса, сіз бен бізге лағынет айтуы мүмкін. Сауаттылар оянатын, біліктілер белсенді әрекетке көшетін сәт туды. Ақылдылар, ана тілін Ислам Жарылғаповша аялай түсіп, ар-ұяттың арғымағына қамшы басалық.

Тіл мүддесін өз мүддесі деп таныған қазақтың асыл азаматының бірі ретінде Ислам Жарылғаповты атар едім. Ол кісінің қалдырған мұрасы міне осындай ойларға да жетелейді. Кезінде қазақ сөзін Ахметше сөйлеткен, орыс сөзін Абайша сайратқан Ислам ағаның еңбегі әлі зерделеніп, сараланған жоқ. Ахаң туындыларын ауызға ала алмай жүргенде тілдің майын тамызатын Жарылғапов сынды аударма саласының дүлдүлін оқып, айызымызды қандыратынбыз. Сондықтан бүгінгі әңгімемді ол кісінің:

*Адамзаттың не гажап туындысын,
Орысшадан қазақша туындатам.
Ана тілім – анамнан қалған бағым,
Ана тілсіз өмірім – жалған, сағым.
Ана тілше сайраса тіл мен жағым,
Керек емес өзге бақ және тағың! –*

деген өлең сөзімен тамамдаймын.

МӘСЕЛЕНІ ТӨТЕСІНЕН ҚОЯТЫН КЕЗ ЖЕТТІ

Ең алдымен қазіргі Қазақстанның жер-суларының, елді мекендерінің тарихи атауларын қайта қалпына келтіруге, қалалар мен елді мекендердегі ресейлік, советтік атаулардан арылып, қайта атауға байланысты істерді жүйеге келтіру тәртібін реттейтін арнайы нормативтік акт қажет. Елімізде ономастикалық мәселелер әлі де толық шешіліп біткен жоқ. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз да, кеңестік қана емес, таза орыс отаршылдығының белгісіндей болған атаулар әлі де сіресіп тұрғанына көз жеткізесіз.

«Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдаудың сәті әбден пісіп-жетілді. Бұл мәселе ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның отырысында бұдан үш жыл бұрын талқыланып еді. Үкімет басшысы: «Осы заңды қабылдатам, тәулік бойы қазақша хабар тарататын телеарна ашамын», – деп уәде беріп еді. Содан бері үш жыл өтті. Екеуі де орындалған жоқ. Өз мемлекеттік тілін қорғай алмайтын, телеарналары мемлекеттік тілде сөйлемейтін бұл қандай мемлекет?! Тіпті федерация деген Ресейдің өзінде мемлекеттік тіл туралы заң бар ғой. Біз неге тартыншақтай береміз? 90-жылдар мен қазіргі кезді салыстыруға болмайды. Қазақтың саны 60-пайыздан асты. Түркітілдес ұлт өкілдерімен қосқанда 70 пайыздан асып жығылады.

Қазақ тілінде іс жүргізетін мамандар да жеткілікті. Билік басындағы қазақша білмейтін азғантай топтың көңілін табамыз деп, олардың қазақша іс жүргізуіне қолдан кедергі жасап отырмыз. Ендігі жерде 70 пайыз халықтың талап-тілегін ескермеу саяси тайыздық болады. Әлеуметтік ахуалды ширықтырады. Сондықтан шұғыл түрде «Мемлекеттік тіл туралы» Заңды Парламентке ұсынып, қабылдауды қажет деп білеміз. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтудің ықпалды шарасы – осы. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң, билік тарапынан табанды талап болмаса, қазақ тілінің адымын аштырмау ісі жалғаса береді. ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне бір ұсыныс. Қазіргі кезде компьютерлік бағдарламалық өнімдер тек ағылшын және орыс тілдерінде. Олардың дені сырттан

келеді. Өзімізде шығаратындары да орыс тілінде даярланады. Бұдан былайғы уақытта елімізге сырттан келетін компьютерлік бағдарлама өнімдерінің қазақша нұсқасының болуын міндеттеу қажет. Мысалы, қаржы, зейнетақы, бухгалтерлік есеп, салық саласындағы автоматтандырылған жүйелер қазақ тілінде құжат толтыруға мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан азаматтың қазақша аты-жөні бұрмаланып, орыс тілінің ережесімен жазылады. Ақпараттық технологиялардың қазақша нұсқасын ендіреу арқылы қазақ тілінің қолданылу аясын қолдан тарыту ісі жалғасуда. Егер шетелдік компьютерлік компанияларға талап қоятын болсақ, өнімнің қазақша нұсқасын жылдам жасап беретіні сөзсіз. Өйткені оларға нарық, тұтынушы керек. Бағдарламалық өнімдердің базасы – ағылшын тілінде жасалғаны мәлім. Ал Ресей соның барлығын – орысша, қытай – қытайша, араб – арабша алып отырған жоқ па? Техникалық құрал адам игілігіне қызмет ететін болғандықтан, оны қалай икемдесек те өз қолымызда емес пе?! Сондықтан Агенттік осы мәселеге ерекше назар аударып, қатаң ескерсе деген ұсыныстың туындауы заңды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕРЕЙІ – ҰЛТ МЕРЕЙІ

Ұлт үшін, ұлт рухы үшін жаны күйіп жүретін азаматтар болады. «Тұлпарда да тұлпар бар – қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар – азаматы бір бөлек» демекші, туған тіліміздің тағдыры үшін күресіп жүрген сондай қоғам қайраткерлерінің бірі – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ. Біз ол кісімен қазақ тілінің бүгінгі ахуалы мен Елбасы Жолдауындағы кейбір мәселелерге байланысты ой бөліскен едік.

– Өмірзақ аға, Елбасымыздың осы жылғы Жолдауындағы қазақ халқына ерекше жауапкершілік жүктеп, сөз арнауы ненің нышаны?

– Елбасының бұл жолғы Жолдауының жөні бөлектеу екенін елдің бәрі бірден сезінді. Мұнда бұрынғылардағыдай саяси ұғымдар мен терминдер нөпірі жоқтың қасы. Бұл қарапайым халықпен өз тілінде сөйлесіп, өз тілінде сырласу секілді жылылық пен ықыластың нұры төгіліп тұрған Жолдау болды. Қазағының қамын жеген басшының шын жүрегінен төгілген сыр сандығы бір тұста «...Сын сағатта мен, әсіресе, қазақ халқына бөлекше жауапкершілік жүктеп сөз арнаймын. Қазір алып бара жатқан қиын ештеңе жоқ. Жеріміз кең, еліміз бай, істеген адамға далада да, қалада да жұмыс жетіп жатыр. Бел шеше кірісіп, білек сыбанып жұмыс істейтін кез келді. Бір-бірімізге қарайласатын, көмектесетін, ағайыншылықты танытатын кез дәл осы кез», – деді Нұрекең. Елбасының қазағына осылайша сенім арта сөйлеуі тегін емес. Келе жатқан ауыртпалықтың зіл-батпан салмағы тәуелсіздік дәмін татқанына 20 жыл ғана болған халқының арқасына батарын алдын ала сезген Президент сөзі бұл. Мән-мағынасының салмағы ғасырларға татитын жиырма жылдың жемісін қорғаудың жайын қарастырады. Бұл 20 жыл «...Біз үшін үлкен кезең, тұтас бір дәуірмен барабар. Олай болатыны, тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін армандарының жүзеге асқан ақиқаты. Сол себепті тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша» хәм «туған халқым» деп сөз арнауының жөні бөлек. Бұрын Президент «қарапайым адамға қарай қарапайым он қадам» деген ой тастаған болатын. Ал мына Жолдауда қарапайым халыққа қарай жасалған қадамдардың нақты көрінісін танығандай болдық.

Елбасы әрбір сөйлеген сөздерінде, баяндамаларында елдің тұтастығы, қазақстандықтардың ынтымақтастығы, қазақтардың бірлігі жайында талмай айтып келеді. Әсіресе, мемлекет құрушы негізгі ұлт – қазақтардың Қазақстандағы барлық ұлыстар мен этностарды ұйыстырушы рөлінің айрықша екеніне мән бермей өткен емес. Мына Жолдауда да қазақтарға салмақ сала сөйлеуінде өзімсінгендік қана емес, туған халқының тарихи миссиясын терең түсінгендіктің салмағы жатыр. Қашанда ынтымақ пен бірліктің қасынан

табылып келе жатқан қазағын тағы да сол биіктен көргісі келеді. Соған сенеді, үміт артады, болашағына бағыт-бағдар сілтейді.

Елбасының өз сөзіне жүгінсек, «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік». Осы жолдар, шынында, бүкіл Жолдаудың негізгі өзегіндей болып көрінеді. Бірлік пен ынтымаққа жететін байлық бар ма өмірде? Ендеше, жолбасшымыз көрсетіп отырған жолдан таймайық, ағайын!

– Рас, бұл Жолдауда береке-бірлік туралы көп айтылған. Осы тұтастықты жүзеге асырудағы қазақ тілінің рөлі қандай?

– Береке-бірлік барлық қиындықтарды жеңетін бірден-бір күш екені жоғарыда айтылды. Бірлік болмай тірлік болмайтынын атам қазақ баяғыда-ақ айтып, өсиет қалдырған. Қазақ елді тұтастырған сол бірліктің нәтижесінде халық болып қалыптасты, ұлт болып ұйысты. Тіпті ине екеш иненің де бір іске ілігуі үшін, саусақтың бірігуі керек екен. Осыны білген халқымыз өмір бойы бірігуді, бірлесуді армандаған. Арманына жеткен кездері де болған. Біріге білмеудің зардабын да тартқан. Мұның ұлы күш екенін Елбасымыз мына Жолдауында қайта-қайта еске алады. Тіпті қандай қиындық, дағдарыс болса да одан алып шығатын ұлы күш, ол бірлік, бірлесе, тұтаса білуде деп отыр. Және мұны өзінің туған халқына арнап айтып отыр. Сенім артып отыр. Бірлесе қимылдайтын сәттің туғанына баса назар аударып отыр.

Ұлттың осылайша ұйысуының ең басты тетігі тілге байланысты. Өзінің тіліне мықты ел мәдениетін жоғалтпайды. Әдет-ғұрып, салт-сана, игі дәстүр дағдысын сақтайды. Тарихын таңбалайды. Тарихын таңбалай алған елдің шежіресі бай, айтары бар. Ендеше ұлт ішіндегі тұтастықты, бірлікті қалыптастыруда тілдің алатын орны айрықша. Мұны ешуақытта ескерусіз, елеусіз қалдыруға болмайды.

– Осы ұлы мұратты жүзеге асыруға тиіс есімі елімізге танымал зиялы қауым өкілдері мен тіл ғылымы өкілдері бірден-бір халықтық ұйыстырушы фактор бола алатын ана тілімізге қатысты Үкіметтің алдына қандай мәселелер қойып отыр?

Өздеріңізге мәлім, Үкімет жанында Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөнінде арнайы комиссия жұмыс істейді. Оған Премьер-Министр К. Мәсімов мырза төрағалық етеді. Мен сол комиссияның мүшесімін. Ұлт, тіл саласына қатысты қоғамда қордаланған мәселелерді осы комиссияның назарына тұрақты ұсынып отырамыз. Басқасына тоқталып жатпастан, тек осы комиссияның соңғы отырысының күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты жасаған ұсыныстарымызбен таныстыра кетейін.

1. Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссия жұмысының 2009 жылға арналған жоспарын бекіту туралы.

Комиссияның 2009 жылға арналған жоспарында мынадай мәселелерге орын берілгенін жөн деп санаймыз:

1) Қазақстанның қазіргі жер-суларының, елді мекендерінің тарихи атауларын қайта қалпына келтіруге, қалалар мен елді-мекендердегі көшелерді ресейлік, советтік атаулардан арылтып, қайта атауға байланысты істерді жүйеге келтіру тәртібін реттейтін арнайы нормативтік акті қажет.

Елбасы Павлодар мен Петропавл қалаларының атауын қайта қарау туралы ұсыныс бергенімен, бұл жүзеге аса қойған жоқ. Егер оны жергілікті халықтың өз шешуіне қалдырсақ, бұл мәселе ол өңірлерде өзге ұлт өкілдерінің үлесі басым болып тұрған кезде шешімін таба қоюы қиын. Бұл жерде солтүстік облыстардың біртұтас Қазақ елінің бір аймағы екендігін және оның мәселесіне сол өңір халқы ғана емес, бүкіл қазақ баласының араласуға қақысы бар екендігін ашық айтуымыз керек. Сондықтан мәселені төтесінен қоятын кез жетті деп білеміз. Тіпті оларды Кереку, Қызылжар демей-ақ, Қазақ мемлекеттілігіне өлшеусіз еңбек сіңірген қос ханымыз – Абылай мен Кенесарының аттарымен атасақ та артық емес;

2) Ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерін қазақ тілінің емле ережесіне сай ресімдеу мәселесінің де бір жүйеге түсе қоймағаны мәлім. Орыс отаршыларының маңдайымызға басқан құлдық таңбасындай -ов, -ев, -ин, -ович, -евич, -на секілді аты-жөніміздегі орысша қосымшалардан әлі де арыла алмай келеміз. Бұл бірлі-жарым ғана емес, қазақ халқының басым бөлігінің басындағы жағдай.

3) Қазақ әліпбиін латын жазуына негіздеу жайын Елбасы бірнеше рет көтеріп, осы бағытта едәуір жұмыстар жасалған еді. Бірақ екпіндетіп басталған іс сұйылып барып тынды. Әйтсе де мемлекет қолға алмады екен деп қарапайым халық қарап жатқан жоқ. Халық ұялы телефондары арқылы SMS хабарларын латын әріптерімен жазуда, шетелдердегі қазақтармен электронды почта арқылы хат-хабар алмасу да латын әліпбиімен іске асырылуда. Бұл жерде әркім өз білгенінше жазып жүр.

4) Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік тілге қатысты қаншама заң бұзу фактілері, сот үрдістері орын алды. Алайда осынау сот процестерінде дауды сот қалай шешсе, солай шешілді. Сот өзі мемлекеттік тіл бойынша қоғамда қандай проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Бұған арнайы талдау жасалған жоқ. Сондықтан Жоғарғы сот осыны талдап, халыққа жеткізуі керек.

– *Сіз тілге жанашыр азамат ретінде, жалпы, ғалым, қоғам қайраткері ретінде орыс тілді қазақ мектептеріндегі қазақ тілін оқыту мәселесі қай деңгейде деп ойлайсыз?*

– Әрине, бұл сұрақ осы мәселемен күнделікті айналысып отырған ҚР Ғылым мен білім министрлігінің тиісті комитет мамандарына қойылатындай екен. Дегенмен, жер-жердегі қазақ мектептері мен орыс тілді қазақ мектептеріндегі қазақ тілін оқыту жайындағы кейбір мәліметтерден біздің де хабарымыз бар. Бұл жерде, әсіресе, назар аударылуға тиісті мәселе орыс тіліндегі мектептердегі қазақ балаларының жағдайы. Бұлар қандай оқу бағдарламасымен, нені оқып жүр, не үйреніп жүр деген мәселелер көбіне елеусіз, ескерусіз қалып келеді. Қазақ тілінің сағаттар саны мүлде аз. Орыс топтарында қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер даярлау ісі жеткіліксіз. Бұрын мұндай мамандықтар университет пен пединституттарда арнайы даярланатын еді ғой.

Барлық жүйеде мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі түбегейлі қойылып отырған бүгінгі таңда бұған деген көзқарасты өзгерту керек. Неге десеңіз, орыс мектептерінде оқып жатқан балалардың негізгі құрамы – қазақ балалары. Оларды мемлекеттік тілде тәрбиелеудің негізгі арналарын

қарастыру қажет. Министрлік бас-көз болып, арнайы әдістеме түзу арқылы оқытылатын сағат санын тиісінше көбейтіп, жүйеге келтіруге болады. Ұйымдастыра білсе, шешілмейтін мәселе жоқ. Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанымыздағы мектептердің қай-қайсысында да ұлттық негізде тәрбие алмайтын бірде-бір оқушы (қандай ұлт болсын) болмауға тиіс.

– *Қазан төңкерісіне дейін қазақтың араб жазуын, ал кеңестік кезеңде латын жазуын біршама пайдаланғаны белгілі. Бүгінгі кириллицамен көз ашқан біздер сол жазуларда қалған ұлттық мұрамызға жете алмай отырмыз. Оларды халыққа қалай жеткізуге болады?*

– Өзінің сан ғасырлық тарихында айналасы жиырма-отыз жылда үш жазу үлгісін игерген халық аса көп емес. Соның бірі – қазақ халқы. Табиғи талантының арқасында қазақ бұл үш жазудың үшеуін де жатсынған жоқ. Үшеуін де игерді. Үшеуімен де сауатын аша білді. Соның ішінде араб алфавиті мен латын жазуы біздің тарихымыздың бір белесі болып танбаланып қалды. Бұларды ұмыта алмаймыз. Қайта-қайта соған үңіліп, көңіл соған қарай соғады. Бұл әліпбилердің соңына қайта-қайта үңіліп, олардың жанымызға жақындығын сезінгендей боламыз. Білімімізді көтеріп, сауатымызды аша түскен кириллицаға риза бола отырып, орыстанып бара жатқан ұрпағымыздың болашақ тағдырын ойлап күйзелеміз. Ұрпақ болашағын ойламайтын ел бола ма, тәйірі. Әліпби мәселесінің қайта-қайта күн тәртібіне шыға беруінде де осындай негіз бар. Әсіресе, латын әліпбиінің жырының жырланғанына 20-30 жылдай уақыт болды. Неге көтеріле береді бұл мәселе. Әрине, әліпби өзгерту оңай шаруа емес. Алайда тарих алдында жіберіп алған қатені түзетпеу зиялы қауымға кешірілмес күнә.

Бірақ зиялы қауым әлі күнге бір бәтуаға келе алмай отыр. Уақыт өтіп барады. Бір келісімге келетін кез келді. Латын жазуының иі мен илеуі әбден қанды деп білемін. Жазу бүгінгі біздер емес, болашақ үшін біз жасап кетуге тиісті шаруамыз. Латын жазуының барлық үлгілері саралана келе А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тіл білімпаздары жасаған бір-екі нұсқасы дайын тұр. Соған тоқтап, кесімді пікір айтар шақ туды.

Сонымен бірге «Ана тілі» апталығының бір бетін тек латын жазу үлгісіне арнап, біртіндеп оқырманды таныстыра берген мақұл болар еді дейміз.

– *Қазақ тілі ағылшын, орыс тілдерінің тасасында қалып бара жатқан жоқ па? Жалпы бүгінгідей жаһандану дәуірінде дамып, қанат жаюға бет алған қазақ тілінің қолданыс аясына көңіліңіз тола ма?*

– Ана тілінді тастап, бірден ағылшын, орыс тіліне көш деп отырған кім бар. «Қорыққанға қос көрinedi» дегендей, үрей шақырғанша өзіңе-өзің берік бол. Өз тіліңнің тұғырын бекітіп ал да, ағылшын тілін құрықта, орыс тілін сәйгүлікше мініп ал. Одан нең кетті? Ұтылған жерің қайсы?! Қайта, үш тілді білу арқылы үш құр атқа мінгендей жайнай түспейсің бе? Елбасының алысты болжайтын көрегендігінің бір тұсы осы. Алдағы аласапыран заманда қазағының өз үлесінен айырылып қалмау қамын жеп отырған жоқ па? Үш тіл білсең қазынаң, ал ана тілің негізің, негізінен айырылып қалмау әрбір азаматтың өзіне байланысты емес пе? Өзге тілдің тасасында қалып қою адамның ұлттық намысының төмендігінен болса керек. Ендеше, намысыңды қайрай түс, қазағым. Бәрі өзіңе, өзіңнің парасат-пайымыңа байланысты.

– *Көшелердегі орыс және шетел тілдеріндегі атаулардан көз сүрinedi...*

– Ол рас. Бұл айтыла-айтыла жауыр болған мәселенің бірі. Мұны қадағалайтын арнайы мекемелер де бар. Тіпті аудандық, облыстық әкімдіктерден артылатын ештеңе жоқ. Баяғы салғырттық, селқостық. Әрбір аудан, әрбір облыс басшыларының иек қағуынан қалмайтын мәселе ғой бұлар. Ат қою мәселесіне ақша араласып, бүлдіретін болу керек. Әсіресе үлкен қалаларда шетелше жазулардан көз тұнады. Бұларды ретке келтіретін мезгіл жетті. Әкімдерге құлаққағыс етеміз.

– *Тіл заңына толықтырулар мен түзетулер енгізу мәселесіне қатысты қандай ойлар айтар едіңіз?*

– Сіз өте маңызды мәселені көтеріп отырсыз. Маған салса, қолданыстағы Тіл заңына түзету енгізгеннен гөрі, жаңадан «Мемлекеттік тіл туралы» арнайы Заң қабылданғаны жөн болар еді. Бірақ бұл заңның жолы болмай тұр.

Ал заңға толықтырулар жайына келсек, бұл мәселе де жоғарыда аталған мемлекеттік комиссияның 2008 жылғы 27 қарашадағы отырысында талқыланған болатын. Сол жерде өз ұсыныстарымызды бергенбіз. Соны тағы да осы жерде келтіре кетейін.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы:

1) Аталған Заңның 4-бабының екінші тармағын «Қазақстан халқының тұтастығын нығайтушы фактор ретінде мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының тікелей міндеті» деген редакцияда жазу қажет.

2) Заңның «Орыс тілін пайдалану» деген 5-бабы мемлекеттік тілдің қолданылу ауқымын шектейтін және Заңның басқа баптарын жоққа шығаратын болғандықтан, алынып тасталғаны жөн. Өйткені Заңның 6-бабында ел аумағындағы өзге ұлт өкілдерінің ұлттық тілдеріне мемлекет тарапынан жасалатын қамқорлықтар белгіленген. Елдегі орыс диаспорасының тіліне мемлекеттік тілмен бірдей құқық беру республикада мекендеп жатқан өзге де диаспоралардың наразылығын тудырады.

3) Заңның 8, 9, 10-баптары мемлекеттік тілдің қолданыс аясын шектеуге бағытталған. Бұл баптардың мазмұны бірін-бірі теріске шығарады. Орыс тілі мемлекеттік тілмен ресми түрде тең қолданылады делінген. Ал мемлекеттік органдар қабылдайтын актілерді, қажет болғанда басқа тілдерге аударып отырып, орыс тілінде жүргізуге де болады делінген. Міне, осы баптың кесірінен еліміздегі бүкіл заңдар, нормативтік-құқықтық актілер алдымен орыс тілінде дайындалып, кейіннен аудармашылар қазақ тіліне аударылады. Ісқағаздары да орыс тілінде жүргізіліп, аудармашылардың көмегімен қазақ тіліне аударылады. Осының салдарынан қазақ тілі тек аударма, қосалқы тіл сипатында қалып отыр. Егер осы баптарға өзгеріс енгізбейтін болсақ, нормативтік құжаттардың түпнұсқасы алдымен қазақ тілінде дайындалуы мүмкін емес. Бұған осы Заңның аталған баптары ешбір мүмкіндік бермейді. Сондықтан аталған баптардағы «орыс

тілі мемлекеттік тілмен ресми түрде тең қолданылады» деген тармақтары алынып тасталуы тиіс.

4) Заңның 15-бабы «Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жазбаша жасайтын барлық мәмілелер мемлекеттік тілде жасалуы тиіс, қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармалары қоса беріледі» деген редакцияда жазылуы тиіс.

5) Заңның 17-бабында да «қажет болғанда ғана орыс тілі қолданылады» деп жазу керек.

6) Заңның 23-бабының 3-абзацы әлі күнге орындалған жоқ. Онда мемлекеттік тілді білуі тиіс мамандар тізбесін белгілеу жөніндегі арнайы Заңның қабылдануы міндеттелген еді. Бұл Заң жобасы дайындалғанымен, түрлі кедергілерге байланысты кейінге ысырылумен келеді. Осы бапты іске асыру мақсатында арнайы Заң жобасының қабылданғаны жөн деп санаймыз. Бұл Заңда меншік нысанына қарамастан, барлық мекеменің халықпен тығыз қарым-қатынас жасайтын қызметкерлері мен бірінші басшыларының, барлық деңгейдегі депутаттардың қазақ тілін жетік білуі міндеттелуі тиіс. Өйткені мекеменің бірінші басшысы қазақ тілін өзі білмеген соң, өз мекемесінде қазақ тілінің өріс алуына ықтиярлы болмайды. Өз қарамағындағы қызметкерлерден құжаттарды орыс тілінде дайындауды талап етеді. Жекелеген аудармашы немесе аударма бөлімін ғана ұстап, қазақ тілін аударма тілге айналдырады. Ісқағаздары қазақ тілінде жүреді деген алдамшы ғана тірлік болады. Бұл қазіргі кезде барлық мекемеге тән жағдай. Бірінші басшы қазақ тілін білмей, сол мекеменің басқа қызметкерлері істі қазақ тілінде жүргізеді деген бос сөз. Өйткені басшы қазақша жақсы білетін қызметкерлердің өзінің қазақша іс жүргізуіне мүмкіндік бермейді. Сондықтан салдармен емес, себеппен күресуіміз қажет. Аталғандарды қорықта келгенде, Заң баптарының бір-біріне қайшы келу фактілерін барынша азайтуды қолға алған жөн. Баптардың басым көпшілігінде қазақ тілі мен орыс тілі қатар жүреді. Сондықтан жұртты әуре-сарсаңға салмай, мемлекеттік тілдің тиісті басымдықтарын барынша нақтылау қажет. Мәселенің басын ашып беру керек. Заңға енгізілген

өзгерістер мен толықтырулардың негізінде Әділет министрлігі еліміздегі бүкіл заңдарды қайта қарап, онда мемлекеттік тілді қолдануға қатысты баптардың болуын пысықтағаны жөн.

Бытыр «Мемлекеттік тіл туралы» арнайы Заң жобасы дайындалғанымен, ол Парламентке ұсынылмай отыр. Сондықтан осы Заң жобасын қайта жандандыру қажет деп санаймыз.

– *Сұхбатыңызға рахмет!*

*Сұхбаттасқандар: Абылайхан Қалназар,
Дәулет Қанатбекұлы*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҮШІН КҮРЕС, БАҒЫТ-БАҒДАР

Ұлт өміріндегі қадау-қадау оқиғалар, шешуші сәттер халық тағдырына әсер етпей қоймайды. Ұлттың айбынын асырып, мерейін үстем ететін ерен жетістіктері де, сағы сынып, жол таппай дағдарған алмағайып кезеңдері де айрықша таңбаланады. Әсіресе, ұлттың өзін-өзі айқындау, өзін-өзі сақтау, болашағын бағдарлайтын даму жолындағы ізденістері мен күрес тәсілдері тарихтан ойып тұрып орын алады. Осы жағынан алғанда, қазақ халқының өз ана тілін сақтау мен дамыту жолындағы толассыз күресі тәуелсіздік жылдар шежіресінің денін құрап келе жатқаны мәлім. Бұл ретте ХХ ғасырдың аяқ шенінде өмірге келіп, тіл майданын бастаған іргелі халықтық ұйым – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жөні бөлек.

Тіл үшін күрес – ұлттың өзін-өзі сақтауы үшін күрес. Ұлт тәуелсіз ел болғанда ғана, соған сай ұлттық мүдде тұрғысынан дербес саясатын жүргізгенде ғана өзін-өзі сақтай алады. Олай болса, қазақ халқының тәуелсіз ел болуы тікелей тіл үшін күрестен бастау алып жатыр десек, артық айтқандық болмас.

Жалпы, жеңіске ие болғысы келетіндер көп қой. Осы орайда қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болу

жолындағы іс-әрекеттері, оқиғалар ойға оралады. Көпшілікке мәлім, қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ұлт санасына ерекше серпіліс берген, дүниені дүр сілкіндірген ерекше оқиға болды. Бұл қозғалыстың да түпкі негізінде өз тілінде сөйлейтін тәуелсіз елдің еңсе көтеруі тәрізді мақсат жатты. Ел мен тіл үшін күрес бұдан кейін тіпті үдей түсті. Зиялы қауым ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті дамытып, қалыптастырудың әрқилы жолдарын қарастыра бастады.

Әсіресе, 1988-89 жылдардағы майданға бергісіз оқиғалар әлі күнге естен кетпейді. Республиканың басшылығына Колбин келіп, ұлттық мүдделер қыспаққа алына бастаған сайын қазақ зиялылары сана биігіне көтеріле түскен еді. «Қоғамда мемлекеттік тіл қай тіл болуы керек?» деген мәселе айрықша өзектілік танытты. Қос тілділік дейтіннің көтерілген кезі де осы тұс болатын. Көпшіліктің (қазақтардың) қарсылығына, наразылығына қарамастан, қазақ және орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік тіл мәртебесі берілсін дегенге саятын пікірлер баспасөз беттерінде ауық-ауық бой көрсетіп жатты. Бұның астарында бұл пікірге елдің құлағы да, бойы да үйрене берсін деген жымьсық пиғыл жатқанын аңғармау мүмкін емес еді. Десек те өкінішке қарай, қазақ зиялыларының ішінде осы пікірге бойұсынып, солқылдақтық танытқандар да кездесті....

Осындай алмағайып сәттердің бірінде Колбин мәселенің басын біржола ашып алайын дегендей, 26 адамнан тұратын комиссия құрып, жоғарыдағы жайды күн тәртібіне ашық қойды. Комиссияға қазақтың, Қазақстанның сөз ұстар, ел бастар тұлғаларының дені кірген болатын. «Қазақстанда мемлекеттік тіл қай тіл болуы керек» дегенде әлгі 26 адам бір сәт дағдарып отырып қалды. Сол кезде академик Ә. Қайдар өзіне тән табиғи парасаттылығына сәйкес орнынан баяу көтеріліп, «Қазақстанда бір ғана тіл – қазақ тілі мемлекеттік тіл болу керек», – деп кесіп айтты. Бұл – шешуші сәт еді. Міне, осы сөзден кейін қазақ және орыс тіліне бірдей мемлекеттік мәртебе берілсін деп солқылдап жүргендердің пікір ауаны өзгере бастады.

Жау жоқ заманда елдің бәрі батыр ғой. Ал сол кезде елдің бірінші басшысына қарсы жоғарыдағыдай пікір

білдіру басыңды бәйгеге тіккенмен бірдей болатын. Сондықтан елдің бұл шындықты да біліп жүргендері жөн ғой деп ойлаймын.

1988 жылдың қазан айының бір күнінде Тіл білімі институтының директоры, академик Ә. Қайдардың жұмыс кабинетінде бірнеше басқосу болды. Күн тәртібінде бір-ақ мәселе. Ол қазақ тілінің бүгінгі халы және оны сақтап қалу мен дамыпудың жолдары. Бұл жөнінде академик қысқаша түсініктеме берді де, қазақ тілін қазіргі мүшкілдіктен шығару үшін оны бүкіл халық болып қамқорлыққа алу қажет, ол үшін елдің басын ұйыстыратын бұқаралық ұйым керек. Яғни қоғам құрсақ деген ой тастады. Бұған әріптестеріміздің көбі тосырқай, үрке қарады. Ал жастар жағы бірден қолдау көрсетті. Міне, осы сәттен бастап Қоғам құру қамына кірісіп кеттік.

Бұл майданға қазақ зиялыларының көбі араласты. Тіпті ауыл-ауылдағы қарапайым еңбек адамдарына дейін үн қосты.

Сөйтіп тәуелсіз елдің тәуелсіз тілі болу қажеттігі туралы күрес егемендіктен әлдеқайда бұрын басталған еді. Әуел бастан-ақ мемлекеттік тілді мәртебелендіру мәселесін қозғаған «Қазақ тілі» қоғамы да дүниеге осылай келген. Сөйтіп 1989 жылдың 20-21 қазанында тұңғыш құрылтайда Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды.

Қазақ ССР-інің сол кездегі Кеңесіне сайланған халық қалаулылары өздерінің ел мен тіл алдындағы перзенттік парыздарын адал орындап, 1989 жылы 21 қыркүйекте «Тіл туралы» тұңғыш Заңымызды қабылдады. Онда қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып таңбаланды. Бұл халқымыздың егемендік пен тәуелсіздік жолындағы күресінің алғашқы жеңістерінің бірі болатын.

Қоғам бірден-ақ қанатын кең жайып, Қазақстанның барлық өңірінде өзінің жергілікті ұйымдарын құруға кірісті. Қалалық, облыстық, аудандық, ауылдық ұйымдармен бірге ірі мекемелерде біріккен комитеттер ұйымдастырды. Ел арасында тіліміздің өрісін кеңейту жолдарын тынымсыз насихаттады. Осындай нақты іс-әрекеттер нәтижесінде Қоғам елдік бедел алып, халықтық қозғалысқа айналды.

Әсіресе, Тіл заңы мен Мемлекеттік бағдарламаның іске қосылуына Қоғам қосқан үлес өлшеусіз.

Атап айтатын бір мәселе, «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанға дейін елімізде ұлттық мүдде мен мемлекеттік тіл мәселесімен айналысатын жанашыр ресми мекеме болған жоқ. Қазақ тілінің мүддесін тұрақты қозғап, қорғайтын, тіл заңын тікелей жүзеге асырумен айналысатын арнайы ресми орган қажеттігін қоймай көтеріп жүріп, Тіл комитетінің ашылуына қол жеткіздік. Соның арқасында барлық облыста біртіндеп тіл басқармалары құрылды. Бұл шаралар мемлекеттік тіл саясатының пәрменді жүргізілуіне айтарлықтай серпін беріп отырғанын ашып айтуға тиіспін.

Қоғам тілге қатысты салалардың бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірден-бір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырды.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткізу идеясын көтергендердің бірі – «Қазақ тілі» қоғамы болатын. Өзге қоғамдық ұйымдармен бірге мұны ұйымдастырудың басы-қасында «Қазақ тілі» қоғамы болды.

Жалпы қазақ тілінің 1989 жылы мемлекеттік тіл мәртебесін алуы, «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы қоғамдық пікірге айрықша ықпал беріп, ұлттық сананың дүр сілкінуі ел тәуелсіздігіне алып келді десек, артық айтқандық бола қоймас.

Мұның бәрін тізбелеп айтып отырғаным, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы оңайлықпен келмегендігін көрсетуден туындап отыр. Сол кезеңдерден бері толассыз жүргізіліп келе жатқан тіл майданы әлі тоқтаған жоқ. Тілге байланысты қабылданған әрбір құжаттың астарында осындай күрестер ізі жатыр. Өйткені тәуелсіздіктің басты шарттарының бірі – **тіл тәуелсіздігі**. Тіл тәуелсіздігі – сана тәуелсіздігіне, сана еркіндігі – ұлттық түлеуге алып келеді емес пе?!

Міне, мемлекеттік тіл үшін күрестің бір парасы осындай. Өйтсе де, тілге қатысты мәселелеріміздің барлығы толық шешімін тапты деп айта алмаймын. Едәуір жетістіктеріміз бен ілгерішіл табыстарымыздың барына қарамастан, осы

бағыттағы атқарар, қолға алар шаруаларымыз шаш етектен. Енді солардың басты-бастыларына тоқталайық.

Қоғам өмірінде әртүрлі мәселелердің шешімін табуды ойластырғанда біз көбінесе жүйелік шешімдерге назар аудара бермейтініміз байқалады. Соның салдарынан көптеген түйткілді дүниелер түбегейлі шешімін таппай жатады. Мәселеге жүйелік тұрғыдан қарау назарды тек салдарға емес, себепке бағыттайды. Бұл мәселеге әр қырынан келуге, ауқымды тұрғыдан ойлауға мүмкіндік береді.

Өмірде «Паретто заңы» деген бар. Ол – 20 да 80 деген заңдылық. Бұл заңдылыққа сәйкес 20 пайыздық іс-әрекет 80 пайыздық нәтижеге қол жеткізеді немесе керісінше 80 пайыздық әрекет 20-ақ пайыз нәтиже беруі мүмкін. Сондықтан белгілі бір іске кіріскенде осы бір заңдылықты дұрыстап ойлап алған жөн. Мұны мемлекеттік тіл туралы мәселеге қатысты да айтуға болады. Өкінішке қарай, біздің 80 пайыздық әрекетіміз 20-ақ пайыз нәтиже беріп жүр ме деп ойлаймын. Бұған негіз жоқ емес.

Мысалы, жыл сайын ел бюджетінен тілге арнап қаншама қаражат бөлінеді. Оның сыртында жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржы тағы бар. Арнайы Тіл комитеті, облыстық, қалалық тіл басқармалары, тіл оқыту орталықтары жұмыс істейді. Ірі мекемелердің барлығында дерлік ісқағаздарын мемлекеттік тілде ұйымдастыру бөлімдері ашылған. Бұлардан бөлек әрекет етіп жатқан қоғамдық ұйымдар қаншама. Алайда осынау зор ресурстар басты мәселе – қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейтуге келгенде қауқарсыздық танытып отыр. Қол жеткен нәтиже жұмсалған ресурсқа сәйкес келмейді. Біздіңше, мұның себебі – мәселеге жүйелік көзқарастың жоқтығында, іс-әрекеттің ғылыми негізделіп, есептеліп жүргізілмеуінде. Қолда бар мүмкіндіктердің тиімді пайдаланылмай, күштің нақты мақсатқа жұмылдырылмай, шашырап кетуінде.

Әңгімені «Тіл туралы» Заңнан бастайық. Бұл заңның солқылдақтығы, қауқарсыздығы туралы аз айтылған жоқ. Әйтсе де, біз осы Заңның өзінің мүмкіндіктерін толық пайдаланып жүрміз деп айта алмаймын. Өйткені оны іске асыру тетіктері жете ойластырылмаған.

Әдетте, арнайы заң қабылданғаннан кейін оны іске асыру үшін заң аясындағы актілер әзірленіп, қабылдануы тиіс. Оны іске асыруға жауапты тұлғалар нақтыланады. Ал елімізде Заң қабылданғанымен, оны іске асыруға жауапты уәкілетті орган анықталмады. Осыны ескере отырып, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоймай көтеріп жүріп, тіл саясатымен айналысатын арнайы ресми орган – Тіл комитетінің құрылуына қол жеткізгенін жоғарыда айттық. Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Содан бергі уақытта қазақ тілін дамытуға қатысты шаралардың барлығы осы екі құжаттың аясында атқарылуда. Ал бұдан шыққан нәтиже көз алдымызда.

Біздіңше, бұл ретте нақты мынадай мәселелер назардан тыс қалды. Аталған заң да, мемлекеттік бағдарлама да ғылыми негіздеусіз әзірленген және ғылыми негіздеусіз іске асырылуда. Ең сорақысы, бұл құжаттарда көзделген мақсат нақты айқындалмаған. Мақсат айқын болмаған соң, істің де мардымсыз болатыны белгілі. Соның салдарынан біз айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алмай жүрміз.

Биыл Мәдениет министрлігі қазақ тілінің өрісін кеңейту мақсатында 2011-2020 жылдарға арнап жаңа мемлекеттік бағдарлама қабылдамақ. Біздіңше, осы бағдарламаны дайындаудың алдында осы кезге дейін жүргізілген тілдік саясаттың жеткен жетістіктері мен кемшін тұстарын жан-жақты зерделегендері жөн. Өйткені мақсат – тек бағдарлама қабылдау емес қой. Осы кезге дейін қабылданған екі бағдарламада да тәп-тәуір дүниелер бар болатын. Солардың барлығы толық орындалды деп айта алмаймын. Сондықтан көзделген шаралар неге орындалмады, оған кімдер жауапты, себебі қандай деген мәселелер де қаперден тыс қалмауы тиіс. Міне, сонда ғана жаңа мемлекеттік бағдарламада бұрынғы кемшіліктеріміздің орын алуына жол бермейтін боламыз.

- Осы күнге дейін мемлекеттік тілімізді өз дәрежесіне дейін көтере алмай жүруіміздің басты себептері, қаншама қаулы, құжаттар жасалып жатқандығымен, мемлекет тарапынан әлі күнге берекелі қамқорлықтың болмай келуінде.

- Басты кемшілік: ресми, мемлекеттік мекемелердің 70-80 пайызында іс жүргізу күні бүгінге дейін орыс тілінде.

Мәжіліс, басқосу, конференция, симпозиумдар мемлекеттік тілде жүргізілмейді.

- Барлық мемлекетаралық мәмілелер, кездесулер мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде жүргізіледі.

- Мемлекеттік тілді меңгеруге тиісті қызметкерлер тізімі әлі күнге жасалмай келеді.

- Министрліктер, әкімдіктер, басқа да ведомстволарда мемлекеттік тіл қажетті деңгейде қадағаланбай отыр.

- Оқу, білім жүйесінде мемлекеттік тілге байланысты ескерілмей келе жатқан неше алуан олқылықтар жетерлік. Соған орай алдағы уақытта атқарылар шаруаның біралуаны мыналар деп білемін:

Қазақстанда оқып жатқан қазақ балалары, мейлі ол қай тілді мектеп, жоғары, төменгі оқу орындарын болсын, қазақ тілімен тәрбиеленуі тиіс. Осылай тәрбиелеудің белгілі бір жүйесін қалыптастыру қажет. Мұнсыз мемлекеттік тіл мәселесі шешілмес проблемаға айнала береді. Бұл – бір.

Екіншіден, Қазақ еліндегі балабақша, жетім балалар үйі, басқа да сәбилер тәрбиесі тек қана қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Тәуелсіз елдің бұл негізгі саясатына айналуы керек.

Үшінші деп, барлық бастауыш мектептерде оқу, тәрбие жұмыстары тек қана қазақ тілінде жүргізілуі қажет. Осылай мемлекеттік тілде сөйлеу мен жазудың негізін қалап алған соң, балалар мен ата-аналар тілек-талабына орай орыс, ағылшын т.б. тілдерді игеру мәселесіне ерік берілгендігі жөн.

Мәселеге әуел бастан-ақ осылайша негіз жасамағандықтан мемлекет он жылдап, жиырма жылдап мемлекеттік тілге байланысты жоспар түзіп шығындана бермек. Нәтижесінде мемлекеттік тіл сол салбөкселік қалпында қала береді және сөзбұйдаға салына бермек.

Төртіншіден, мемлекеттік тілде сөйлеу мен жазу мәдениеті деген мәселеге түбегейлі көңіл бөлетін кез келді. Сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, жазу мәдениеті мемлекеттік тіл туралы бағдарламаның негізгі мәселесіне айналуы керек. Кейінгі кезде бұған мүлде көңіл бөлінбей кетті. Әсіресе баспасөз беттері мен баспа өнімдерін қадағалап отыратын білікті мамандар жоқ. Ал радио, теледидар арналарында

қазақ тілінің қолдану сауатына қараңыз. Неше алуан қате қолданыстар орын алып жатады.

Бесіншіден, мемлекеттік тіліміздің ғылыми, мәдени өресін әйгілейтін терминологиялық лексиканың қолданыс кеңістігіндегі берекесіздіктерден құтылар түріміз жоқ. Мұны теориялық тұрғыдан негізін қалап, ғылыми принциптерін қалыптастырмай бірізге салу мүмкін емес. Бағдарламаның бұл да басты мәселесінің бірі.

Сондай-ақ, алтыншыдан, қазақ тілінде жер, су, қала, көше атаулары да қалыпқа түспеген. Бұлардың бәрін тіліміздің негізгі заңдылықтары талаптарына сәйкес реттеу қажет.

Жетіншіден, «Мемлекеттік тіл туралы» Заңды қабылдау қажеттігі әлдеқашан пісіп-жетілген мәселе. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң мен мемлекеттік тіл бағдарламасы бірінен-бірі туындап, бірін-бірі толықтырып жататын, тіл мәртебесін көтере түсетін негізгі құжаттың біріне айналуы тиіс.

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫДАН МӘН БЕРІЛУІ ТИІС

Мен «Қазақ тілі» қоғамының басшысы әрі қоғамдық ұйым өкілі ретінде тілге байланысты толғандырып жүрген бірқатар мәселелерді ортаға салуды жөн көрдім.

Алғашқы сөз мемлекеттік тілдің нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі жайында. Бұл жерде екі түрлі мәселе туындайды. Біріншісі, қолданыстағы нормативтік актілердің әлеуетін толық пайдаланып, іске асыру. Оның ішінде «Жарнама туралы Заңды» қайта қарап, жетілдіру қажет. Мемлекеттік тілді білуі тиіс мамандықтардың тізбесі осы күнге дейін бекітілмей келеді. Мұның өзі осы саланың алға басуына тежеу болып отыр. Екіншісі, тілдік қатынастарды реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық актілер қабылдау, кейбір заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Сондай-ақ «Ономастика туралы Заң» қабылдау да – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Біз әлі де қолда бар заңдарымыздың әлеуетін толық пайдалана алмай жүрміз. Жалпы, халық та мемлекеттік тілге қатысты

өз құқықтарын толық біле бермейтін секілді. Сондықтан уәкілетті мемлекеттік мекеме мен қоғамдық ұйымдар өкілдері білікті заңгерлерді қатыстыра отырып арнайы жұмыс тобын құрып, «Тілдер туралы» Заңның баптарына түсіндірмелер дайындағаны жөн болар еді. Бұған Конституциялық Кеңестің келісімін алған да теріс болмас. Дайындалған жинақты әдістемелік құрал ретінде кітап етіп шығарып, бүкіл мемлекеттік мекемелерге, қажет деп тапқан ұйымдарға тарату керек. Сонымен бірге Интернеттегі веб-сайттар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн. Тілдік қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңдарымыз елдің барша азаматының қазақ тіліндегі қажеттіліктерін өтеуіне толықтай мүмкіндік бермесе де, белгілі деңгейде мұқтаждықтарын өтеуге септігі тиетінін жоққа шығаруға болмайды. Қай-қайсымыз да халықтың сол заңды құқықтарын орнымен пайдалануына ұйытқы бола білсек, ана тілімізге деген сұраныс та артар еді. Сұраныс бар жерде соған сай ұсыныстың да болатыны белгілі ғой. Ендеше, қоғамдық ұйымдардың да күш салатын тұсы осы болуы керек деп есептеймін.

Ал енді жаңадан дайындалуы тиіс заң жобаларына келетін болсақ, арнайы «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын қабылдау жайы үздіксіз көтерілуде. Осыдан бірнеше жыл бұрын Үкіметтің заң шығармашылығы жоспарына да енгізіліп, он шақты заң жобасының әзірленгенін де жақсы білесіздер. Сөз жоқ, бұл – өмірдің өзі талап етіп отырған заң. Алайда сол заңның бағы жанбай-ақ қойды. Бұл заң қабылданбай, қазақ тілінің тынысы ашылады деу қиын. Осы орайда мына бір жайтқа назар аудартқым келеді.

Жалпы, елде белгілі бір қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуге арнап заңдар түзгенде тек сол сәттегі мәселелерді шешуді ғана қамтымай, барынша ауқымды ойлап, заң актісі кемінде 50 жылдай қолданылатын жағдайға қол жеткізуге тиіспіз. Өйткені өмір бір орнында тұрмайды. Үздіксіз өзгеру, даму үстінде. Қоғамдық даму барысына ғылыми талдау жасай отырып, заң шығармашылығы кезінде осыны нысана етіп ұстансақ, заңдарымыздың өміршеңдігі арта түсер еді.

«Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заң жобасын дайындауда да осы қағиданы басшылыққа алған орынды деп санаймын. Өйткені болашақтың іргетасы бүгіннен қаланады. Бүгінгі шешімдеріміз, іс-әрекетіміз, таңдауымыз – ертеңгі болашағымыз. Осы ретте мына мәселеге назар аударған орынды деп білемін. Заңдарды қабылдаған кезде оны қазақтың және Қазақстанның мүддесі тұрғысынан, мемлекеттілікке төндіретін қауіп тұрғысынан сараптамадан өткізу міндетті болуы тиіс. Сол сияқты халықаралық көпжақты және екіжақты келісімшарттарды да жасасу, қабылдау рәсімдері де қайта қарауды қажет етеді. Оларды Парламентте ратификациялау мәселесін ендіру керек. Белгілі бір мекеменің бірінші басшысының қол қоюы арқылы ғана күшіне еніп кететін шарттар мемлекеттілігімізге елеулі нұқсан келтіріп отыр. Мысалы, Байқоңырдағы мәселені алайық. Кезінде Қазақстанның бұрынғы Білім министрінің ұлттық мүддеге селқос қарауының салдарынан Байқоңырдағы орыс тілінде білім беретін мектептерді былай қойғанда, қазақ мектептерінің барлығы Ресейдің бағдарламасымен оқытылып жатыр. «Үй ішінен үй тігу» деген осы емес пе?! Бұл мәселені қайта-қайта көтеріп келеміз. Алайда ешқандай нәтиже жоқ. Қала халқының 85 пайызы қазақтар. Ресей жағы Қазақстанға қарағанда жалақыны екі есе артық төлейтіндіктен, олардың көпшілігі Ресей азаматтығын алуға құштар. Алғандары да қаншама. Бұл еліміздің тұтастығына қауіп төндірмей ме?! Сондықтан шетелдермен және шетелдік компаниялармен жасалатын барлық мәмілелер Парламенттің ратификациялануына жатқызылуы тиіс және ол ашық жариялы түрде болғаны жөн бе деймін.

Ендігі мәселе, қазақ тілінің ғылыми-терминологиялық жүйесін жетілдіру туралы. Өздеріңізге мәлім, мемлекеттік тілге артылар жүк ауыр. Ол қоғамның бүкіл тілдік сұраныстарын қанағаттандыра алуы тиіс. Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің заң тілі, ғылым тілі ретіндегі атқарып отырған қазіргі жай-күйі көңіл көншітерлік емес. Көбінесе орыс тілінің аудармасы сипатында ғана қалып отыр. Шетелдік дереккөздерге жүгінсек, тек орыс тілімен шектелмей, тікелей

сол тілдердегі түпнұсқасымен жұмыс істейік. Аудармадан аударма жасаған соң не болмақ?! Алдағы уақытта бұл қалыптасқан жағдайды бұзып, дұрыс жағына қарай түзетуіміз керек. Өйткені тіл – жанды құбылыс. Қоғаммен бірге дамып, жетіліп отыруы тиіс. Егер қоғам дамуына ілесе алмай, жұртшылықтың талап-тілегін тиісінше өтей алмайтын болса, тілдің болашағына қауіп төнетіні сөзсіз. Сондықтан елімізде тіл саясатын ғылыми негіздеу, қазақ тілінің ғылыми-терминологиялық жүйесін барынша жетілдіру жайы айрықша назар аударуды қажет етеді. Бұл мәселеге Елбасымыздың өзі тікелей көңіл бөліп отыр. Бұрнағы жылы Президент тапсырмасымен Мемлекеттік хатшы Қ. Саудабаев өткізген басқосу осыны аңғартады.

Осыған байланысты Терминкомды ҚР Үкіметі жанынан арнайы мемлекеттік орган ретінде қайта құру және оны қаржыландыру жолдарын қарастыру жөн деп санаймын. Бұл ретте Ресейдің тәжірибесін негізге алуға болады. Оларда сонау 1933 жылы-ақ «Ғылыми-техникалық терминология комитеті» құрылған. Тұрақты штаттық қызметкерлері бар, әртүрлі ғылым салаларына арналған салалық секциялары жұмыс істейді.

Тағы бір мәселе, жұртшылықтың қазақ тіліндегі ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету және отандық ақпараттық кеңістікті қорғау жайы. Бұл мәселе бойынша да көп болып кеңесер жайттар жетерлік. Бір нәрсе анық. Егер елімізде қазақ тіліндегі ақпараттық ресурстар шын мәніндегі үстемдікке қол жеткізбесе, тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады деп айту қиындау. Әрине, біз жаһандану заманында, ақпараттық қоғамда өмір сүре отырып, сырттан келетін ақпараттар ағынына толықтай тосқауыл қоя алмаймыз. Бірақ мұны жаппай бетімен жіберуге де болмайды. Мәселенің негізгі шешімі қазақ тіліндегі ақпараттарымыз бәсекеге төтеп бере алатындай болуы тиіс. Бұл ретте бар кінәны нарық ауқымының тарлығына жабудың реті жоқ. Елімізде қазақ тілді оқырман мен көрерменнің саны орыстілділерден артық болмаса, кем емес. Алайда қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының таралымы 20-30 мыңнан, ал

кітаптардың таралымы 2-3 мыңнан аспай отыр. Шығып жатқан кітаптардың дені – мемлекеттік тапсырыс аясында ғана жарық көріп жатқан дүниелер. Бұл 10 миллион қазаққа не болады? Яғни халық кітаптан қол үзіп қалып отыр. Егер осы қалыппен кете берсек, қазақтілді қауымның өзі рухани оқшаулыққа ұшырамай ма, тілінің өзі жұтаң, дүбәра тілге айналмай ма?! Бұл үшін Байланыс және ақпарат министрлігі баспа және баспасөз өнімдерін еліміздің бар аймағына тарататын жүйенің тетіктерін ойластыруы қажет деп есептеймін.

Ал қаншама тәуелсіз елміз деп бөркімізді аспанға атқанымызбен, әлі күнге тәулік бойы қазақ тілінде хабар тарататын бір телеарнаға қол жеткізе алмай келе жатуымыз тіпті түсініксіз. Мұны Елбасы 29 қаңтарда «НұрОтан» партиясының жиынында да ашық айтты. «Қазақстандық эфир шет тіліндегі әртүрлі хабарлармен толтырылуда, олар қазақстандық бағдарламалар мен телеарналарды ығыстыруда. Елімізде Қазақстан туралы бір ауыз сөз жазбайтын басылымдар көп көлемде жарық көріп жатыр. Бұларға мұнда шығуға рұқсат берген кім?» – деді Президент. Бұл бассыздықтың асқынып кеткеніне күйінген Елбасы: «Маған айтыңыздаршы, қандай ел өз телеэфирін басқа елдің бұқаралық ақпарат құралдарына басы бүтін беріп қойып отыр?» – деп мәселені төтесінен қойды.

Өзімізді – қор, өзгені зор тұтатын құлдық мінезден құтылмай, мықты ел болуымыз қиын. Әлемде 200-ден аса дербес мемлекет бар. Олардың ішінде тек қана бір ұлттан тұратындарын табу қиын. Сан ұлт өкілі бас қосқан Францияның немесе Германияның біз көпұлтты, көпдінді мемлекетпіз дегенін есіттіңіздер ме? Олай болса, Қазақстанды көпұлтты, көпдінді деп жарияға жар салуымызға жол болсын. Қазіргі кезде қазақтың саны ресми дерек бойынша 63 пайыздан асты. Бірақ біздің бұған көңіліміз толмай отыр. Себебі мұнда ішкі миграция (көші-қон) мәселесі ескерілмеген сияқты. Оған Алматыдай үлкен қалалардың маңайында тағдыр тәлкегімен еліміздің түкпір-түкпірінен немесе алыс-жақын елдерінен келген тіркеусіз,

баспанасыз жүрген азаматтар санының көрсеткіші дәлел. Іргесі сөгілмес унитарлы мемлекетпіз. Бұл жерде АҚШ-тың бізге үлгі болмайтынын түсінгеніміз жөн. Сондықтан көпұлттылық пен көпдінділік мәселесі қайта қарауды қажет етеді деп санаймын.

Тілді ұштайтын, қалыптастыратын және дамытатын орта – мектеп. Балабақша мен мектептен бастау алмаған істің берекесі шамалы. Осыған орай Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы осыдан бірнеше жыл бұрын еліміздің ең үлкен қаласы Алматыдағы орта білім беру саласындағы қазақ тілінің жай-күйіне сараптама жасаған еді. Бұл ретте біз орта мектептерде білім алып жатқан қазақ балаларына ғана назар аудардық. Алматы қалалық Білім департаментінен алынған ресми деректерге сәйкес Алматы қаласындағы қазақ мектептерінің саны жалпы мектептер санының үштен біріне де жетпейді. Ал қаладағы тек қазақ оқушыларының саны оқушылардың жалпы санының 70 пайызынан асып жығылады. Қаладағы орыстілді мектептердің денінде қазақ балалары оқып жатыр. Мектептердің арасалмағы әлгіндегідей. Сонда орта мектептердің жай-күйі осындай болып отырғанда, мемлекеттік тіліміз қалай көктемек? Болашақ мемлекеттік қызметкерлеріміз осы мектептердің түлектері болса, оларды қайтадан қаржы бөліп, мемлекеттік тілді өмір бойы оқыта береміз бе? Бұған уақытымыз жете ме? Сондықтан біз салдармен емес, себеппен күресейік. Еліміздің, тіліміздің болашағын ойласақ, қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тіл болсын десек, балабақшадан, мектептен бастайық.

Жұртшылық балаларын неліктен әлі күнге орыстілді мектептерге беруде? Оның жауабы белгілі. Біріншіден, қазақ тілінің болашағына деген сенімдері әлсіз. Екіншіден, қазақ мектептері жетіспейді. Үшіншіден, мемлекет тарапынан нақты әрі бағыты айқын тілдік саясат жүргізілмей отыр. Солқылдақтық басым. Екіұдайлық сезім-күй иектеген. Нық әрі сенімді, айқын да нақты бағыт ұстанбай, көздеген мақсатқа жете алмаймыз. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілдің болашағына мемлекеттік тұрғыдан кепілдік берілуі қажет. Осы тұрғыда жер-көкте жоқ дүниені ойлап таппай-ақ,

әлемдік тәжірибеге зер салып, іргелі мемлекеттер қолданып отырған тілдік саясатты іске асыратын болсақ, осының өзі-ақ көп оққылығымыздың орнын толтырар еді.

Өзінің туған жері мен өз Отанында тұрған қазақ балаларының өзге тілде білім алып, тәрбиеленуі, олардың ұлттық намысының тапталып, құқығының шектелуі баршамызды ойландыруы тиіс. Ойландырып қана қоймай кеше ғана жарияланған халық санағының нәтижесіне сай тиісті шаралар қабылдау қажет. Халық санағы тек статистика үшін емес, болашақты болжап, ұзақ мерзімді бағдарлама жасау үшін керек.

Біздіңше, қазақ тілінің өркен жаяр өрісі – қазақ мектептерін көбейтудің ең дұрыс шешімі осы болмақ. Егер жағдайды осы қалпында қалдыра беретін болсақ, мемлекеттік тілді дамыту бағытында істеп жатқан ісіміздің ешқандай нәтижесі болмайды. Бұл мәселе алдымыздан үнемі қайталанып шығады да отырады. Сондықтан елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің адымын аштырмайтын қолдан қалыптастырылған тұйық шеңберден шығудың осындай жолын таңдап, тиісті шараларды жедел қолға алуға тиіспіз. Өзімізді де, өзгені де алдарқатуды, көзбояушылықты қоятын кез жетті.

Елдегі балабақшаның барлығында тек қазақ тілінде тәрбие беруді жолға қойған жөн. Сол секілді орта мектептердің бастауыш сыныптарында да бүкіл жеткіншектерге бірыңғай қазақ тілінде білім беру қажет. Бастауыш сыныптарын аяқтап, қазақша жетік меңгеріп шыққан оқушыларымыздың бұдан кейінгі сыныптарда қай тілге басымдық берем десе де еркі. Қалауына қарай таңдау жасауына мүмкіндік берген орынды.

Сол секілді балалар үйлері мен жасөспірімдерге арналған абақтыларды алайық. Оларда тәрбиелеу және білім беру ісі тек қана қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Жетім балалардың әкесі де, шешесі де – мемлекет. Сондықтан мемлекеттің өз ұрпағына мемлекеттік тілде білім беруі табиғи жағдай болуы тиіс.

Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт – қазақ. Оның өзегі – қазақ тілі. Біздің бар күш-жігеріміз осы асыл өзектің беки түсуіне, қазақ тілі мен қазақ ұлтының өркендеуіне қызмет етуі тиіс.

ӨРКЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ЖАҒАНДАНУ

Өткенді ұмытсаң, өздігіңнен айырыласың. Ал өзіндік қасиеті жоғалған ел – жетім ел. Жаһандану заманы кеуделеп келе жатқан тұста тіпті жұтылуға қарай бет түзеуі кәдік. Сондықтан ұлт тілі мен ұлт мәдениеті тағдырына байланысты ой-толғау өркениеті өскен елдің ісі.

Қай елдің тарихын қаузасаңыз да, сол мемлекеттің өмір, қоғам, өзара қарым-қатынас жөнінде өзіндік ұстаным, өзіндік пікір, көзқарасы, өз саясаты, өз идеологиясы қалыптасатынын байқаймыз. Алысқа ұзамай-ақ кешегі Кеңес өкіметін алалық. Қоғамдағы бүкіл іс-әрекет бір ғана идеологияға – коммунистік идеологияға тәуелді болып келген жоқ па?! Қалыптасқан қоғамдық құрылыс тұрғысынан қарасақ, мұны түсінуге болады. Қиялдағы мұнарлы коммунизмге бір қалыптан шыға бастаған ел жапа-тармағай ұмтылып жатты. Мұны біз не мақтау үшін, не даттау үшін емес, әрбір мемлекеттің өз саясаты, өз идеологиясы болу қажеттігін еске салу үшін ғана айтып отырмыз.

Ал идеология, идея дегеніміз бірден жасала қоймайды. Әсіресе бұрын мемлекеттік құрылым жүйесі қалыптаса қоймаған, тәуелсіздік дәмін енді ғана тата бастаған Қазақстан тәрізді елде мұның көптеген қиыншылықтары мен кедергілерге соқтығатынын байқаймыз. Тәуелсіздіктің туы желбіреген кейінгі он алты-он жеті жылдың өзінде болып жатқан өзгеріс, жаңалықтарды сарапқа салып, олар қайдан, неге байланысты туындап жатыр, бет түзер бағытымыз қалай болмақ, тығырықтан, қиындықтан шығар жол қайсы, жалпы ұстанатын ұлттық мемлекеттік саясатымыз, идеологиямыз қандай болмағы кімді болса да толғандырады.

Халық басына қасірет әкелген неше қилы саясатшылардың құйтұрқы әрекеттерінен әлі күнге жүрек сыздайды. Сабак алып, санаға сәуле құя түсу үшін соның қайсыбірін еске түсіре кеткен жөн.

Кешегі кеңестік саясат осы бағытта жүргізілді. Осының салдарынан түбінде бір тіл болсақ, оны жылдамдаталық деп

жеделдету жарысына түстік. Қазақстан, қазақ ғалымдары жазуын өзгертіп, латынға, латыннан кириллицаға ұмтылды. Мұнда да сол баяғы барлық ұлттарды бірегейлету, орыстандыру саясаты мақсаты көзделді. Барлық оқу жүйесі, мәдениет ошақтары, қызыл отау, клуб, өнер, әдебиет, кино, артистер осыған қызмет етті. Кеңестік патриотизм, коммунистік интернационализм, инкубатор мен бір қалыптан шыққандай бірегейлік, біртұтастық, яғни жансыздық, пиғылсыздық кейіп белең алды.

Әркімнің өз Отаны, туған жері, өскен ортасы, соған орай қалыптасқан мінез-құлық, іс-әрекет, наным-сенім және соны бойға, ойға дарытар ана тілдің тағдырын тәлкекке салдық. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай лепірме, мадақ сөздер, ұрандатқан үндеулер балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін ұласып жатты. Сөйтіп ылғи біржақты ойлайтын, бүкіл Кеңес Одағының қамын жейтін жалған патриоттар өсіп жетілді. Бөтен ой, бөгде пікірдің, тура сөздің тынысы тарылып, ол әуелі коллективтендіру салдарынан аштықтың, алақөздік, алауыздық салдарынан репрессияның, аңғал, тәжірибесіздік салдарының құрбаны болып кете барды.

Бәрін есептесек, тең жартысы құрбан болған халық әлемде кемде-кем екен. Қазақ болашағының тұтқасы боларлық небір даналар мен таланттарды ойламағанда, елдің экономикалық, рухани еңсесін көтерер небір білікті ерлердің мерт болғанын қалай ұмытарсың!..

Бүкіл кеңес жұртшылығымен бірге қазақтарды да коммунизмге ертең жетеміз деп емексіткен жоқ па, әдейі кешегі Н. Хрущев. Ал ол коммунизмге ерте жетудің бірден-бір амалы өз тілінде оқып, біліп, дамытып әуре болмай-ақ, орыс тілін үйренсең болады екен. Осыдан келді де шаш ал десе, бас алуға дағдыланған шолақ белсенділер мұнсыз да ешбір қамқорлықсыз өлместің күнін кешіп отырған қазақ мектептерін жаппай жауып, оларды ірі совхоз орталықтарындағы орыс мектептеріне қосып, «ірілендіріп» жіберді. Ірімшік пен құрт-майын жасап, бес-алты тұяғы мен азын-аулақ ірі қарасын ермек етіп күнелтіп отырған қазақ

ауылдары «ірілендіру» деген саясат құрбаны болып үйренген атамекен, туған қонысын тастап, орыс арасына көшіріліп, орыстандырыла бастады. Ісіміз де, тұрмысымыз да, тірлігіміз де, тынысымыз да, бала тәрбиесіне дейін орыстана бастады. «Коммунизмге жетуге кедергі жасайтын тіл құрысын» деп Ана тілден ада-күде безініп шыққанымыздың өкінішті жапыранын жұтып отырған жоқпыз ба, қазір.

Ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қазақтардың қанымен қорғалып келген қазақ жері коммунизм мен интернационализм идеясы нәтижесінде қазба байлықтарды, «бос жатқан жерлерді» игереміз деген сылтаумен келімсектерді көбейтті. Мұның үстіне қазақтың малы мен жанына сая болған ғажап жерлеріміз тың көтеру деген сылтаумен тың игерушілерді қапталтты. Бұл аз дегендей концлагерьлер көбейді, ядролық сынақ алаңдары пайда болды. Сондай-ақ қазақтың қолын көкке жеткізетін болып ортамыздан ойып жасалған Байқоңыр космодромы дүңкілдетіп қазақ аспанын атқылап жатты. Осының бәрінде қазаққа, Қазақстан жұртшылығына тиер пайдасы қайсы, пайда дейміз-ау, көрген зиянды өлшей алатын қандай таразы құрал бар әлемде. Басқасы басқа, бүкіл бір халықтың тілге деген пиғылын өзгерту неге тұрады. Ана тілді білмеушілер сананың 25, 40 % арасында толқып тұруы сұмдық емес пе?! Ал ұлттық негізден, тектен алыстаған тәрбие түрін қайтеміз?

Тоқырау аталып жүрген Л. Брежнев заманы бір сәт тойыншылық кезеңді елестеткенмен, маскүнемдік пен марапат заманы болғаны мәлім. Азғана тойыншылық болды. Бүгінгі дүкендерден көре алмайтын заттар ол кезде көз қуанышындай болған. Бірақ халықтық рух, ішкі рухани сұраныс жағын қамтамасыз ететін және бұрын кеткен кемшіліктер орнын толтыратын қандай әрекеттерді еске ала аламыз десеңіз, тағы да көңіл тоят етерлік белгі шамалы. Сол баяғы коммунизмге жету сарыны, орыс тілі мен орыс халқын өтірік мадақтау, бірінші хатшыларды көкке көтеру туралы т.т. Сорлы болған аз ұлттар мен ұлт тілдерін дамыту жөнінде тұшымды бір тірлік болсайшы. Мемлекеттік қазақ тілі не жоғары оқу орындарында, не мемлекеттік мекемелерде бел

алған емес. Оған ешқандай басшының басы ауырған емес. Мектептер жабылған үстіне жабылып, қазақ қауымының 99,08 %-ы орыс тілін игеріп, қазақтың біразы өз тілінен жерініп шыға келді. Міне, коммунистік идеология жүргізген ұлт саясатының ұлттық мәдениет, тілге байланысты әкелген «керемет» нәтижесі.

85-тің көктемі жақсы нышан әкелгендей, елді елеңдетіп, емексітіп қойған-тын. Егемендік, тәуелсіздік, ұлт мәдениеті, ұлт тілі, рухани байлық, ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана деген тәрізді ұғымдарға жан кіріп, ел ояну, сергу, ес жию дәуіріне келген еді. Әрбір ұлт өзін-өзі тануға, өзіне-өзі қызмет жасауға көшкендей боп ұмтылыс жасаған. Жалпы әлеумет үшін әрқилы пиғылға объект болған бұл кезең бұрынғы Кеңес Одағының шеңгелінде болған елдердің өз туын көтеріп, еркін тыныстай бастауына итермеледі.

Біз бұларды әйтеуір өткеннің бәрін даттай түсу үшін емес, көзжұмбайлықпен көніп келген дәуірдің сорақылықтарын сарапқа салып, сабақ алу үшін шолып отырмыз. Әйтпесе ол кездің де халқымызды өрелі биіктерге жетелеген белгілері, нышандары болған. Әсіресе халықтың жаппай тегін сауаттанып, білім алуы, тегін дәрігерлік жәрдем көруі неге тұрады. Бұл бір де бір елде кездесе бермейтін құбылыс. Шетелдерге барып мамандармен тілдескенде, олардың айтатыны да осы, біздің де кеуде керіп кеңес құрар артықшылығымыз осы болатын.

Тәуелсіздік атрибуттарын түгендеп, әсіресе экономикалық қор жағынан жалтақтамай өмір сүретіндей деңгейге жеткен соң, бәлкім, мұны қарастырған жөн болар. Бұл әрине жадтан шығаруға болмайтын мәселе.

Ал әзірге айқыш-ұйқыш, аласапыран заманда, жеке өмір сүруге мүмкіндігі өте аз бұл тәуелсіздікті дамыту түгілі нарық паркын біліп, ұстап тұру тіпті де оңай болған жоқ. Қазір, әсіресе бұрынғы тәрбие табын көрген адам, көп жыл қапаста болып, бірден жарыққа шыққанда көз жанарын қарып ала жаздайтын күйде. Мынау сәтті бірі түсініп, бірі түсінбей, бірі жол таппай әрі-сәрі күй кешіп, құбылып тұрған кезде зерделеп зерттеп, оның барқын біліп, түйін жасап, тығырық,

қиыншылықтан шығар жол нұсқау кім көрінгеннің қолынан келе бермесе керек. Бұл оңай жол емес, тәуелсіздік оңай жүк емес. Содан жол тауып шығу үшін мақсат, мүдде айқындығы болу шарт. Сол мақсат, мүддені дұрыс түсініп, соны іске асырар әрекеттер бірлестігі, түсінік, пайым бірлестігі керек. Ол мақсаттастық, мұраттастық деген сөз. Мұрат, мақсат, міндет бірлігі болмаған жерде нәтиже бола қоюы неғайбіл.

Өз билігіміз өзімізге тиген бүгінгі таңда талай кедергілер балалап, тіпті кесірлі әрекеттер болуы да ықтимал болып жатыр. Мұның шет жағасы бой көрсете де бастады. Еңсені көтеру экономикалық тәуелсіздіктен басталуы тіпті орынды болды. Бұл мұндайға әлі әзірленіп үлгермеген қазақ сияқты халыққа, Қазақстан жұртшылығына тіпті оңай соқпады. Бірден базар нарқы басталып кетті де, ол ә дегенде оңтайлана алмай, не істерге білмей аңтарылып қалған жайы бар. Дәл осы тұста Қазақстанның болашағын идеялық бірлестіктен іздеген Елбасы Н.Ә. Назарбаев зерделі басшы мен кәнігі саясаткердің қарымын танытты.

Оның еңбектерінде мемлекеттік тілдің біріктірушілік қасиетіне мән берілді. Біз бүгінгі әңгімемізді тілге қарай бұрып, сол туралы ой өрбітсек деген ойдамыз.

Ешбір халықтың өзге ұлт мүддесін табанға салып таптаумен мұратқа жетіп, мәртебесі көтерілген емес. Ал қазақ халқының өзгелерге үстемдік ету, өктемдік көрсету табиғатында жоқ мінез. Қай ғасырға тереңдеп, қай тарихты ақтарсаңыз да қазақтан зәбір шеккен елді таба алмайсыз. Ешбір елге көз алартып, жерін даулап көрген емес. Неше алуан жойқын жорықтар болған. Оның бәрі жерін, елін қорғаудан туындап жатқан. Алысып-жұлысып жүріп, ата-бабамыз осыншама алып өлкені ауқымдап, аман сақтап келгеніне қайран қаласың. Бүкіл мінез-құлық, іс-әрекеттеріне қарап отырып, **қазақ халқы дүниеге достықтың, туыстықтың, қонақжайлылықтың туын ұстау үшін келген бе деп те ойлайсың.** Қазақстанға қаншама жұрт қаптап келіп, өзіне баянды мекен тауып, қазақтың кең қолтығына кіріп, айқара ашылған құшағына еніп кетіп жатты. Аңғалдығы мен аңқаулығы соншама, елдіктің, ынтымақтастықтың

жөні осы екен деп, келгіншілерге төрін босатып беріп қана қоймай, тіпті тілін босағадан сығалатып қоюын қайтерсіз. Еліктегіштігіне, үлгі алғыштығына шек болған жоқ. Аз жылдың ішінде қазақ әулеті бала-шағасы, үрім-бұтағы, зәужат-жұрағатымен «коммунизмге ертерек жетсек» деген есек дәмемен орыс тілінде сөйлеп кеткенін өзі аңдамай қалған тәрізді. Тіл білгенге не жетсін, әрине! Бірақ ол өз ана тілінді тәркі ету арқылы іске асса, мұны қай мәдениеттілікке жатқызуға болады. Өз ана тілінді жоғалтып, өзге тілден тапқан бақытың қайсы, ағайын!

1985-тің сәуірінен басталған жылы леп, әрине 70 жыл бойы қатып-семіп қалған ұстанымдардың қабырғасын қақыратып, тоңазыған ой мұзын аз уақытқа еріткені рас. Жаңа ойлау, жаңаша іс бастау, өткеніңе, бүгініңе сын көзбен қарау, болашақтың қамын жеу тәрізді әрекеттер әлеуметті едәуір алға сүйрегендей болған.

Шүкір, кеңес үкіметінің іргесі сөгіліп, республикалар құрсаудан босады. Әрқайсысы өз тәуелсіздігін жариялады. ТМД елдерінің қатарынан Қазақстан да қалысқан жоқ. Міне, бірнеше жыл бойы Қазақстан жұртшылығы тәуелсіздік нышандарын ақырын жүріп, анық баса отырып, біртіндеп алға жылжып келеді. Тұңғыш Президентіміздің әуелден ұстанған өмірлік мақсаты – елдің тыныштығын, береке бірлігін, халықтар достығын, өзара ынтымақтастығын көздің қарашығындай сақтай отырып, ризығымызды молайту, экономикалық әл-қуатты күшейту, рухани байлықты дамыту, өркениет өріне қарай жол тарту. Осы мүдде, осы мақсат үшін ол неше алуан шегініс жасап, неше алуан келісім-шарттарға да барып жүрді. Сол жолдан күні бүгінге дейін таймай келеді, таймайтыны да анық.

Бірақ өкінішке қарай, тәуелсіздіктің тұғыртасы мықталғанмен, оның іргесін көтеріп, уығын шаншу, шаңырағын көтеру тіпті де оңай болмай тұр. Базар нарқы құлпырып, инфляция жалаңдап, әсіресе қарапайым қауымның екі өкпесін қысып, тынысын тарылта түсуде.

Мұндай қыспақтан шығарудың әралуан амалдары қарастырылып жатқанмен, тұңғыыққа тартып кетер өмірдің көлең-

келі жақтары күш алыңқырап тұрғандай. Осындай сәтте Қазақстан дейтін тәуелсіз мемлекеттің тұрақты тұрғындарына ауызбіршілік мейлінше керек-ақ.

Н. Назарбаевтың еңбектері, әсіресе бес қазақ газетінің басшыларына берген сұхбаты көп көкейде алаң көбейіп тұрған осынау шақта зәуімен туған дүниелер болды. Неге десеңіз, мұнда қозғалатын мәселе – шынында, жалғыз Президент ғана емес бүкіл қазақ қауымын, Қазақстан жұртшылығын әрі-сәрі күй кештірген мәселе. Ия, идеялық бірлік болмай, мақсаттастық, мүдделестік ірге теппей, Қазақстанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Ал біздің ойымызша осы мақсаттастықтың да, мұраттастықтың да, ұлт ішіндегі бірліктің де, ұлтаралық қауымдастықтың да бір тетігі тілде жатады. Елбасы сөздерінде бұл мәселеге жете назар аударылады. Бірақ оны ауқым-аумағымен алып тереңдете талдауға мәселенің көптігі көтермеген тәрізді.

Ұлттық мемлекет болашағы, қоғамның идеялық бірлігі өзінен-өзі аяғынан тік тұрып кете алмайды. Ол әсіресе тағдыр қиюымен әр алуан ұлт өкілдері шоғырланған Қазақстан сияқты тәуелсіздік дәмін кештеу тата бастаған елде тіпті күрделі. Ұлы Отанымыз – Кенестер Одағы деген сенімде болған елдің бірден тәуелсіз Қазақстан азаматымыз деп отаншылдық сезімді өрбіте қоюы қиын. Алайда осыған ұмтылуымыз керек. Бүкіл оқу, тәрбие жұмысы осы бағытта жүргізілуі тиіс. Бұл, егер осы елдің азаматымын дейтін болсақ, оның жерін де, тілін де қастерлеп қадір тұтасын, сүйесің деген сөз. Бүкіл табиғи материалдық, рухани байлығын қолдан жасасып, соған өз үлесінді қосу, соның бағасын біліп, байыбына бару деген сөз. Әсіресе қазақ халқының өз ішіндегі тұтастық, бірлік аса қажет. Өзге ұлт өкілдерінің де өміріне жауапты қазақты мұндай бірлікке қалай шақыруға болады.

Бұл әңгімені қозғамас бұрын, жалпы қазақ халқының ұлттық тұтастығына қызмет ететін не, кесірін тигізетін не деген мәселелерге зер салу керек пе дейміз.

Кейінгі кезде тұтастыққа нұқсан келтіретін келеңсіздіктер бой көрсетіп жатқаны мәлім. Ол жерге, руға, жүзге

бөліну кеселі. Мұның кесірлі дерт болатыны тәуелсіздікке енді қолы жетіп, еркін тыныстай бастаған сәтте осы бір жікшілдік психологияның қайтадан бас көтеруі. Егер бұл ата-тегіңді білу тұрғысынан жүргізіліп жатса, оның рөлі айрықша. Тегімізді түптен тартып жамандап, барлықты, байлықты, қоғамға жат қылық есебінде даттап, өткенің түгілі өзіңді танымастай өмір сүрген заманда мұнымен жұрттың шаруасы бола қойған жоқ. Қайта ата-тегің жасырып, елдің бәрі тақыр кедейдің баласы болуға тырысқаны мәлім. Бұл біржақтылықтың салдары еді. Ал мұның екінші бір жағымсыз түрі тағы балалап бара жатқандай. Үрім-бұтақ, зәуазатыңды білгеннің жөні осы екен деп, ру-ру боп тұмшаланып, пәленше байдың, түген төренің, ханның, бектің пәлен-паштуан баласы тегім сұмдық, өзім сойқанмен деп аспандап қарайтындар шықты. Ең сорақысы, осындай топшылдық ағымды қоздырып жүргендер арасында едәуір қызмет атқарған сауаты жоғары жандардың барлығы. Мәселен, адамның маман, азамат ретінде жеке бастың қабілет-қасиетіне қарай емес, жеріне, руына, яғни туыстық белгісіне қарай қызметке алу фактілері де кездеседі. Мұның өзгелердің өшпенділігін тудырудан басқа ешқандай жақсылыққа апармайтыны белгілі. Ұлтқа ортақ мүдделерді іске асыра алмай отырған бүгінгі жағдайда бұл тәрізді келеңсіздіктер қоғамды ілгері жетелеу орнына, кері сүйрейтіні хақ.

Тарихқа үңілсек, осындай ру-руға бөлініп топ құрудан қасірет шеккен қазақтан басқа халық жоқ тәрізді. Мәселен, ары тереңдемей-ақ, кешегі Қазан төңкерісінен бергі жердегі жағдайды саралайықшы. Бай, құлақтарды тәркілеу, ашаршылық апаты, репрессия қырғыны т.т. зардабынан қаншама қазақ қырылды. Осының бәріне бірдей тек қана Кеңес үкіметі кінәлі ме? Халықтың басына төнген қасіреттің бәрі бірдей тек партия саясатының салдары ма? Жоқ, ол ғана емес, өзіміз де қосымша болған сияқтымыз. Көп жағдайда рушылдық пен топшылдықтың, жүзшілдік пен жікшілдіктің де қырсығы түбімізге жетіп келе жатқан сияқты. Қарға тамырлы қазақтың осындай осал жерін Голощекин тәрізді жендеттер әдемі пайдаланған түрі бар. Ешқандай рулық,

жүздік жікке бөлінбей, қазақтың тұтастығын сақтап, тастүйін болып отырсақ, осыншама шығынға ұшырамас едік-ау деп те күйінесің. Кешегі аласапыранда қазақтың кілең бетке тұтарлары, ақыл-ой, білік-білім иелері жойылып отырыпты. Сол 30-жылдары бұларды ұстатып, итжеккенге айдатқан, астырған, аттырған тек қана орыстар ма, тек қана компартия ма, ойланалықшы. Көбіне-көп өзімізді-өзіміз көрсетіп беріп отырған екенбіз. Мұның бәрі көреалмаушылық, ішітарлық, жікшілдік дейтін елдің еңсесін басып, езе түсетін қырсық қылық.

Бұдан сабақ алмаса, қорытынды жасамаса бола ма? Бүгінгі таңда қазақтың пешенесіне біткен әрбір дананың, әрбір кемелдің, әрбір қайраткердің осындай дәрежеге жетуі белгілі бір рудың өкілі болғандықтан ғана емес екенін ұғатын шақ жетті. Бабаларымыз ұрпағына «атаның баласы болма, адамның баласы бол!» деп неге бата берген? Тәуелсіз Қазақстанның байырғы тұрғыны – қазақ халқы өз ұрпағын Президент айтқандай, осы негізде тәрбиелеп, ұлттық тұтастыққа, ынтымаққа жеткізуге тиіс.

Қазақстан жұртшылығының, оның ішінде тәуелсіз ел ауқымындағы барша қауымның тағдыр талайына жауапты қазақ ұлтының өз ішіндегі бірліктің мәні аса зор. Мұнысыз қоғамның болашағын айқындайтын материалдық ризықтың да, рухани байлықтың да жасалуы неғайбл. Ал ұлт ішіндегі бірлікті, тұтастықты, ежелден адамдар арасындағы қарым-қатынастың, түсініктің, келісім-кеңестің бірінші құралы болып есептелетін тілсіз қалай қалыптастыруға болады. Әсіресе, қазақ халқының өз арасындағы, яғни ұлт ішіндегі бірлікті қазақ тілінсіз қалай жасай алмақпыз.

Сондықтан Елбасы: «Қазақ тілі – мәдениеттің бір бөлігі ретінде барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша құралы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс, – дей келіп, –

және де мұнда (Қазақстанда – Ө.А.) тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттігін айқын түсінуі керек», – деген сөздермен тәптіштейді.

Ия, қазір санаға салмақ түсіп тұрған шақ. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанына әлденеше жыл болды. Осы уақыт аралығында елдің басын біріктіретіндік, ұлтшілдік бірлесуде нендей өзгерістер, қандай қарымды тірліктер болды. Сәл ғана саралап өтелікші.

Жалпы неше алуан іс басындағы, адам тағдырын шешерлік тетікті жұмыс тұтқасы қолындағы азаматтарымыз Президенттің осы бір санаға салып отырған тұжырымына тереңірек үніліп, Қазақстан елінің патриоты есебінде келелі әрекеттерге баруы қажет-ау деп ойлаймыз. Басқасын былай қойғанда, әрбір мекеме бастығы мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруде қандай іс-әрекеттерімен, қалайша үлес қосып отырмыз деген сауалға жауап беруге дайын тұруы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, егер жер-жерде «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамы жергілікті ұйымдары жарғақ құлағы жастыққа тимей үздіксіз дабыл қағып отырмаса, мемлекеттік тілдің күйі не болар еді деген ойға барарсың.

Тіл Заңының талаптарына сәйкес өз ретімен жоспарлы, жүйелі түрде жүргізуге тиісті жұмысты көп жерде ауыз-біршіліктің жоқтығынан, Отанға, тілге, атамекенге деген перзенттік парыз-қарыз, сүйіспеншілік сезімдердің қалыптаспауынан (қалыптастыруға тырыспаудан) күрделендіріп, шиеленістіріп алып жатамыз. Мұндай келеңсіздік әсіресе тілдің халықел басын біріктірушілік рөлін дұрыс түсінбеуден, не түсінгісі келмеуден туындайды.

Әйтпесе көптеген министрліктер мен ведомстволардың республикалық, облыстық деңгейдегі түрлі мекемелердің мемлекеттік тілге деген салғырттығын қалай түсіндіруге болады. Әрбір облыс жағдайы ескеріліп, мүмкіндіктері есепке алынып жасалған мемлекеттік бағдарлама шарттары осы салғырттық салдарынан шаң жұтып жатыр. Мұның орындалуын қадағалап, соған көз болып отырған «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамынан және тіл басқармаларынан басқа ешбір мекеме қалмаған сияқты. Сонда мемлекеттік тіл мәселесінің

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамы және тіл басқармаларынан басқаның қатысы шамалы болғаны ма? Саналы басшы, сараман жетекшіге «әйт-шу» деген не жорық. Демейін-ақ десең де ұлттық намыс таптала беретін түрі бар. Орысша оқып, орысша тәрбие алған ағайынның біразы кейінгі кезде лауазымды қызметтерге өрлей бастады. Жалпы осы заманның жоғары талабы тұрғысынан қарасаңыз тал бойынан еш кінәрат таба алмағандайсыз. Ал бірақ көбінің ана тілге зауқы жоқ. Ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық сана деген өзекті мәселелерге келгенде бір қазақ енді екіге жарылып, екіұдай күй кешуде. Сонда Президент қатты мән беріп отырған ұлт ішіндегі бірлікті қалай дамытып, қалай қалыптастырамыз?

Бұл жөнінде қазақ баспасөзі мен қазақ телерадио компаниясы бар мүмкіндіктерін аямай-ақ келеді. Әйтсе де қаншама бастама, қаншама ұсыныс аяқсыз қала берген соң, жан күйзелісіне түседі екенсің. Қазаққа керек нәрсені сол қазағыңыздың өзі қажет етпесе кімге өкпелейміз. Тіл, ең алдымен, кім үшін керек дегенді ұқтыра алмаудан асқан азап бола ма? Ана тіліне қолғабыс етудің орнына, әлгіндей кесірін тигізетіндердің барлығы. Дегенмен масаттанатын да жайымыз баршылық. Өмірден өзіне лайықты нәпақа тауып, талай тірліктердің басын қайырап қабілеті бар небір азамат кезінде негізгі кәсібін тастап, бірыңғай тіл тағдыры үшін күресуге сайланып шыққан болатын. Жер-жерде мемлекеттік тілдің мәртебесін там-тұмдап болса да көтеріліп жатса, ол міне сол сардарлардың еңбегінің нәтижесі. Олар әуелде бұл жұмысты ешқандай ақысыз-пұлсыз жалаңтөс қимылмен бастаған-тын. Шамасы, ұлт ішіндегі бірліктің, өзара ынтымақтың нағыз бір жарық көрінісі дәл осы кезде, яғни мемлекеттік тілдің тағдыры талқыға түсіп жатқан кезде байқалды. Қаншама айқас, ала-құла пікірлер алып қашып жатқанмен Қазақстан тәрізді елдің өз мемлекеттік тілі болуы керектігін ақыры жұртшылық түсінді. Міне, бірліктің, ынтымақтықтың нағыз үлгісі. Сол сияқты тұңғыш рет тәуелсіздіктің туын көтеріп, Елтаңбамызды айқындағанда да, Өнұранымызды қабылдағанда да Қазақстан жұртшылығы бірауыздылық танытты.

Ендеше ауызды қу шөппен сүртіп, сарыуайымға салынсақ та, бізде идеялық бірліктің жоралғысы жасалған дейміз. Тек соның жалынан мықтап ұстап, асауды бас білдірген бапкердей мәпелеп, аялай білу парыз. Әңгіме тетігі осында. Әлгі айтылғандардың ішінен әңгімемізге арқау бола беретін мемлекеттік тілдің жәйі әлі де күрделі.

Егер шын мәнінде ұлт ішіндегі бірлікті көксейтін болсақ, бір бүтінді екі жармай тіл арқылы тұтасу қажет. 25 пен 40 пайыз арасында толқымалы өмір кешіп жатқан өз ағайындарымыздың алдында ұлы міндет тұр. Ол – ана тілге деген перзенттік бетбұрыс. Өз ортаңда жүріп өгейлік өмір кешу азаматтыққа жарасар қылық емес.

Бес қазақ газеттері басшысына берген сұхбатының мына бір тұсына айрықша назар аудару керек деп білемін. Ол: «Ең алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуға тиіс. Осы 17 жылдың ішінде ол өзінің ана тілін үйренуге міндетті еді. Бұл талап ешқандай да адам құқығына қол сұғу ретінде қаралмауға тиіс. Бұл – парыз. Адамдық парыз. Перзенттік парыз. Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Мен «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген сөзімді тағы да қайталағым келеді. Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым», – деп ағынан жарылып, ашылып айтты. Намысы бар қазақты бұдан артық қалай қамшылауға болады.

Бір ғажабы, тіл шеруі алға басқан сайын оның қатарына келушілер де, кедергі келтірушілер де түрлене түсуде.

Мәселен, көптеп ашылып қатар түзеп келе жатқан қазақ балабақшасы мен қазақ мектептеріне балаларын беріп жатқандар арасында өзге ұлт өкілдері көбейе түскен еді. Міне, бұл тіл арқылы бірігудің жаңа қыры болатын. Яғни Қазақстан жағдайында ұлтшілшілік бірлік қана емес, барлық халық ынтымағы да қымбат. Осы бірлесуді мемлекеттік тіл арқылы да қамтамасыз етуге болатынын ел сезіне бастаған сияқты. Ешқандай қыстау, зорлықсыз, саналы әрекеттер нәтижесінде белең алып жатқан мұндай жұмыстардың ауқымын кеңейте түскен мақұл. Жұрт тіл үйренудің, әсіресе

мемлекеттік тілді меңгерудің пайдадан басқа зияны жоқ екенін түсіне түскендей. Бұл «Қазақ тілі» қоғамы жергілікті ұйымдары мен өзге ресми мекемелердің толассыз жүргізген саналы әрекеттерінің де нәтижесі. Ендеше ұлт және Қазақстан жұртшылығы ішіндегі идеялық бірлікті «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамы әу бастан-ақ түпкі мақсатының бірі есебінде ұғып, сол жолда үлкен жұмыстар жүргізді деп айтуға болады.

Алайда осы бірлік пен тірлікке кесірілі көлеңкесін түсіріп жатқан жайлар да бар. Жұрттың аусарын ана тілінен гөрі ақшаға ауыстырып жіберген қымбатшылық, базар, нарық, бизнес, бір жағынан, қазақстандықтарды әлемдік сауда алаңына шығарса, екінші жағынан, азамат бойында ежелден қалыптасқан құндылықтарды: имандылық, адамгершілік, қайырымдылық деген тәрізді киелі ұғым-түсініктерге кері әсерін тигізуде. Тіпті қатарға қосылып келе жатқан мемлекеттік тілдің шаруасы екінші кезекке ығыстырыла бастауы көңіл қабартады. Ә дегендегі тілге деген ықыластың қызуы төмендеді. Жұрт «баламның болашағын ана тілсіз-ақ бірдеңе етермін, одан да қарнының тоқтығын, көйлегінің көктігін ойластырайын» дегенге қайта көшкен сияқты. Тоқтыққа не жетсін, әрине. Бірақ халықтың рухани саламаттығын ойсыратып барып жеткен тойыншылық көбінесе көңілге жұбаныш әкеле қоймайды.

Адам баласы қай шаруамен айналысып, қандай дәрежеге көтерілсе де тілін ұмытпайды. Мынау өтпелі кезеңде жас саудагерлер мәселенің осы жағын ұмыт қалдырып барады. Тәй-тәй басқан тілімізге, өз атамекенімізге алшандап басар күн келе ме десек, қайта неше алуан шетелдік ассоциация, корпорация, елшіліктерге еліктеген орталықтар, т.т. айқұш-ұйқыш, әлем-жәлем дүниенің арқасында үні шықпай, тұншығып қалар түрі бар. Әлгі мекемелер маңдайшасы мен маңдайындағы әрқилы шет тілінде жазылған жарқырама жарнамаларды (рекламаларды) көргенде өзіңнен-өзің қорынасың. Әлгі жарқылдақтар ұрпағынды жаһандану ұйығына тартып бара жатқан бейне бір тұңғық дерсің. Бір батсаң, ол жерден қайта аман шығу күмәнді. Ол айналадан қазақ жазуын емге таба алмайсың. Бұл сонда қай жер, қай ел?

Есікті айқара ашып, тағы да қонақжайлығымызды көрсетіп-ақ жатырмыз. Анда-санда шетелден тәбәрік есебінде алып келетін шараптың сансыз түрі қазір көрінген көшеде самсап тұр. Бұл сонда не, аңсаулы Еуропа мәдениетінің нышаны ма? Біз көксеп отырған идеологиялық бірлікке, халықаралық ынтымаққа жеткізетіндей мұның қандай қасиеті бар. Тілдің, мәдениеттің жанашырлары түгел арақ сатып, ақша аулап кетсе, ертеңгі күніміз не болмақ?

Қаншама қонақжай болғанмен, әрбір елдің өзгелер алдына көлденең тартар өзіне тән тәртіп, талабы бар емес пе?! Өлгі шетелдік мекемелер аты неге мемлекеттік тілде жазылмайды. Олардың омыраулап, еркінсінуіне неге ерік береміз. Мұны кім қадағалайды. Елеусіз нәрсе дегенмен, ескермеуге болмайтын жайт қой бұл.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін төмендететін тағы бір жағдай мынау. Кейінгі кезде көптеген әкімдер осы мәселеге бас-көз боп, баянды іс тындырып отырған «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті ұйымдарына деген көзқарасын күрт өзгерте бастады. Мұның себебі Тіл комитетінің ашылуы екен. Сауатты, салауатты деген ағайынның өзі халықаралық ұйым мен Комитет атқарар жұмыстардың барқын байқамаған соң, өзгелерге не жорық. Бір қарағанда олардың уәжінде негіз бар болып көрінуі де ықтимал. Дегенмен біздің шамалауымызша, негізгі себеп қазақ тіліне деген құлықсыздықта жатыр. Мемлекеттік тілді өмірдің барлық саласына ендірумен тікелей айналысып отырған «Қазақ тілі» қоғамының дабылынан құтыла алмай отырған лауазым иелері Комитеттің ашылуын сылтау етпек. Бұдан олардың асыға күткені Комитет еді деген түйін жасауға болмас, әрине. Бұл істе де бірліктің жөні бөлек.

Ел аман болса және тілді кие тұтатын білікті азаматтар ынтымағы ыдырамаса, Қоғамға деген қалыптасқан көзқарасқа нұқсан келе қоймас. Құдайға шүкір, қадау-қадау болса да қазақ тілінің нағыз қамқоршылары жоқ емес, бар. «Қазақ тілі» қоғамы соларға сүйенеді, халық қолдауынан қуат алады.

Тек, елді байытудың жолы осы екен деп, ана тілімізден, ата салтымыздан алыстап, ұлттық мәдениетімізден, өркениет әлемінен адасып қалмасақ етті.

Өзінің алдына тіл дамуы, халық тұтастығы, рухани ынтымақ тәрізді игі мақсаттарды қойып, елге керекті игі шаруамен айналысып отырған «Қазақ тілі» қоғамы өзінің бірнеше жылғы тәжірибесінен мынадай түйін жасайды: Мемлекеттік тілге мемлекеттік көзқарас қажет, қамқорлық керек. Сонда ғана ол тәуелсіз елдің қуатты қолданыс құралына айнала алады. Сонда ғана ол өзінің табиғи біріктіруші ретіндегі рөлін толық атқара алатын болады.

Біз, ең алдымен, халқымызға сенеміз. Өйткені ол аман болса мемлекеттік тіл өз деңгейіне жетпей қоймас. Біз Президентімізге сенеміз. Өйткені ол халық президенті есебінде мемлекеттік тілге мән бермей тұра алмайды. Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының 12-сессиясында жасаған баяндамасы осыған дәлел. Жаһандану қаусырмалап келе жатқан мына заманда тіл тағдырына немқұрайды қараудан опық жеуіміз әбден мүмкін. Жаһандану аранына жұтылып, тұтылып қалмаудың бірден-бір жолы – ана тіліңді түбегейлі қастерлеуге байланысты.

«ТІЛ ҮШІН КҮРЕС – ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС»

(Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына – 20 жыл)

– Қадірлі Өмірзақ Айтбайұлы! Үстіміздегі жыл әлеуметтік-мәдени өмірімізде, Тәуелсіздік тарихында айрықша орын алатын түрі бар. Мұның басты себебі – ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленгеніне 20 жыл толып отыр. Дәлірек айтсақ, 1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні тұңғыш «Тіл туралы» Заң қабылданған болатын. Бұған қоса Өзіңіз жетекшілік етіп келе жатқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына да 20 жыл... Және бұл екі оқиғаның егіз, өзара тығыз байланысты екені де мәлім. Ендеше осынау екі бірдей ерекше атаулы күн – мереке мемлекет тарапынан да, сіздер тарапынан да ескерусіз қалмайтын шығар...

– Әрине, бұл жиырма жылдықтың ел тарихындағы елеулі оқиға екені рас. Сөз жоқ, бұл күн – қыркүйектің 22-сі – ұлт өміріндегі Ұлы күн. Мұны елеусіз қалдыруға болмайды, кімнің тарапынан болса да. Өйткені мемлекеттік тіл барлық мемлекет мүшесіне, қазақстандықтарға ортақ. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал халық, оның тілі – мәңгілік. Дағдарысты сылтау етіп, тілімізді төрге шығара алмасақ, басқа істеріміздің барлығының да мәні шамалы.

Қазақ тілінің қалай мемлекеттік тіл мәртебесін алғаны күні бүгінгідей көз алдымызда. Ол оңайлықпен келген жоқ. Талай айқас, тіпті рухани шайқас болды. Өйткені тілдің тағдыры – қазақтың тағдыры еді. Тегеурінді қарсылықтарға да ұшырастық. Әйтеуір, түбі қайыр. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Әлі бодан ел кезімізде, міне, сондықтан бұл жеңіс бізге қымбат. Енді алдымызда сол жетістікті баянды ету, іске асыру міндеті тұрды. Бұған қоса елдің көңіл күйі де, рухы да түлеп, үлкен қозғалысты қажет етті. Сол жылы академик Әбдуәли Қайдардың бастамасымен «Қазақ тілі» қоғамы құрылған еді.

Содан бері тіл майданында толассыз күрес жүргізіп келе жатқан «Қазақ тілі» қоғамына да биыл 20 жыл толайын деп отыр. Осыған орай мен Елбасының атына хат жолдаған едім. Маусым айында Елбасының тапсырмасымен мені Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев қабылдап, осы мәселелерді жан-жақты талқыладық. Қанат мырза Елбасының ана тілімізге ықыласының ерекше екендігін және атаулы күндерді тиісті деңгейде атап өтуге қолдау білдіретінін жеткізді. Әлбетте, бұл шара аясында ат шаптырып, аста-төк ас берілмейді. Мәнді, мағыналы шаралармен шектелген жөн деп білеміз. Сөйтіп, біз Қанат Бекмырзақұлымен биыл күзге салым Астана қаласында тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғанына 20 жыл толуына орай республикалық конференция өткізбек болып бәтуаластық. Мұны Мәдениет және ақпарат министрі, қайраткер азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед мырза да қызу қуаттап, конференцияның бүкіл ұйымдастыру, өткізу міндеттерін өз мойындарына алып отыр. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 20 жылдығына

арналған конференция Астана қаласында биылғы жылдың 22 қыркүйегінде өтеді.

– *Ұстаздар туралы әйгілі әнде: «Қалдырған ізің мәңгілік, жадымда тұрар жаңғырып...» демей ме? Жасырып-жабары жоқ, «Қазақ тілі» қоғамы да 20 жыл бойы туған тіліміз жөнінен халықтың ұстазы болды. Қазақстандықтардың мұғалімі. Ендеше Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ұрпақтан ұрпаққа ұласар қандай іздер қалдырды? Дәлірек айтсақ, не бітірді?!*

– Халықтың ұстазы болды деу асыра бағалағандық деп білемін. Зиялыларымыздың кейбір тобы осылай бағалап жатса, оған рахмет. Бәрібір өзімізге-өзіміз баға беру қиындау дүние. Осы орайда Қоғамның II құрылтайында сөз сөйлеген белгілі ғалым, профессор Кеңесбай Мұсаевтың пікірін келтіргенді жөн көріп отырмын. Ол: «Осы уақыт ішінде Қоғамның тындырған ең үлкен жетістіктері не дегенде – Қоғам қазақтың қазақтығын дамытатын қоғам екенін дәлелдеуі дер едім. Екіншіден, қоғам қазақтардың ертеңге сенімін арттырды. Үшіншіден, ұлтшылдық қорқынышынан құтқарды, соны әлсіретуге көп көмектесті», – деп пікір білдірген еді. Бұл пікірдің орындылығын уақыттың өзі көрсетіп отыр ғой деп ойлаймын.

Елдің санасын оятуда, ұлттық рухты көтеруде баспасөздің ерекше маңызға ие екендігі белгілі. Осыған байланысты біздің де әуелгі қолға алғанымыз баспасөз болды. 1990 жылғы наурыздың 22-сінде республикалық «Қазақ тілі» қоғамының үні ретінде өмірге келген «Ана тілі» атты үнқағазымыз содан бергі аралықта республикамыздағы таралу мөлшері көп беделді басылымдардың қатарына шықты. Бүгінде «Ана тілі» мемлекеттік басылымға айналғанынан баршаңыз хабардарсыздар, газеттің құрылтайшыларының қатарында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен қатар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі бар. Құрылтайшылар қатары өзгергенімен, «Ана тілі» өзінің өзекті тақырыбы, негізгі нысаны – тіл мәселесі деп танып, бұл бағытта елеулі дүниелер жариялаудан танбай келеді. Тіл тағдырын ту етіп отырған бұл басылымды кешегі Ахмет

Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетінің рухани жалғасы деп айтуға әбден болады. Бұдан бөлек «Қазақ тілі» қоғамының жер-жердегі ұйымдары мен бөлімшелері шығарған мерзімдік ақпарат құралдарының саны 30-дан асып кетеді. Бұлардың бәрі де қоғамдық пікір қалыптастыруда, ұлттық жадымызды жаңғыртуда елеулі қызметтер атқарғаны ақиқат.

Жалпы қазақ тілінің 1989 жылы мемлекеттік тіл мәртебесін алуы, «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы қоғамдық пікірге айрықша ықпал беріп, ұлттық сананың дүр сілкінуі ел тәуелсіздігіне алып келді десек, артық айтқандық болмайды деп білеміз.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткізу идеясын көтергендердің бірі – «Қазақ тілі» қоғамы болатын. Өзге қоғамдық ұйымдармен бірге мұны ұйымдастырудың басы-қасында «Қазақ тілі» қоғамы жүрді.

Сол кезеңдерден бері толассыз жүргізіліп келе жатқан тіл майданыәлітоқтағанжоқ. Тілгебайланыстықабылданғанәрбір құжаттың астарында осындай күрестер ізі жатыр. Өйткені тәуелсіздіктің басты шарттарының бірі – тіл тәуелсіздігі деп білеміз.

– Тағы да ақиқат, үлкен шындық деп ойлаймыз: алғашқы жылдары бұқара түгіл биліктегілер де «Қазақ тілі» қоғамымен қатты санасты. Бесіктен белі шыққан баладан бастап 60-тан асқан ақсақалға дейін, қатардағы педагогтен Президентке дейін қоғам жұмысына қатысып, көмектесті. Тіпті шетелдердегі қазақтар да бастауыш ұйым құрып, бізді қоғамдық мүшелікке алыңдар деп жатты... Ақыр соңында Тіл комитеті тұсау кесті.

– Дұрыс айтасыз. Қоғам қызметінің алғашқы жылдары ерекше қарқынды әрі қызу болды. Еліміздің бүкіл аймақтарын, тіпті шалғайдағы ауылдардың өзін де қамтыды. Көптеген өндірістік кәсіпорындар да бұл елдік істен шет қалмады. Қазақ халқы бұл Қоғамға айрықша үміт артты. Тәуелсіздіктің тірегіндей көрді. Қауымдасып мүше болды, тілеуестік танытты, демеушілік көрсетті. Өз беттерінше бастама көтеріп, жергілікті ұйымдар мен бөлімшелерді ашты. Ел қамы дегенде жалтақтамайтын, саясаттың ығына

жығылмайтын, осы жолда жаным пида деп бастаушы бола алатын нағыз көсем табылса, жұмылып қолдауға дайын екендіктерін көрсетті. Соның дәлелі ретінде Өзбекстанның Тамды ауданынан келген мына бір хатты келтіре кетейін:

**«Қазақ тілі» қоғамының президенті
академик Ә.Т. Қайдаровқа**

Құрметті президент!

Өткен айда қазақ тілін және Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың тілдерін дамытуға жәрдемдесуге тиісті қоғамның құрылтай съезінің материалдарын басқа республикада тұрсақ та қалдырмай оқып жүрміз.

Қоғамның бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – жеткіншек ұрпақты ұлт тілдерінде оқытудың комплексті жүйесін жасау екенін білдік. Мәлім болып отырғанындай, алғашында қоғамды «Ана тілі» деп атау ұсынылған болатын. Құрылтай жиналысында көпшілік дауыспен қоғам «Қазақ тілі» деп аталыпты. Оның өзге міндеттерінің арасында республикадан тысқары жерлерде тұратын қазақтардың өзіндік ерекшелігін сақтау міндетінің көрсетілуі бізді, Өзбекстанға қарасты Бұхара облысының Тамды ауданында тұратын қазақтарды да, шексіз қуанышқа бөледі.

Ауданымыздағы барлық мектептер Қазақ ССР-нің жоспары және программасымен жүргізіледі. Біз ана тіліміз – қазақ тілі мен қазақ әдебиетін үйренуді өзіміздің қасиетті міндетіміз, абзал борышымыз деп білеміз.

Біз Қазақстанда ұйымдасқан «Қазақ тілі» қоғамына мүше болғымыз, «Қазақ тілі» қоғамының бөлімшесін ұйымдастырғымыз келеді. Біздің Бұхара облысында бір ғана Тамды ауданы емес, қазақтар жасайтын Канимех және Үшқұдық аудандары бар. Осы үш ауданнан біріктіріліп «Қазақ тілі» қоғамының бөлімшесін ұйымдастыру керек пе, әлде әр аудан өзінше ұйымдастыру керек пе, бізге жол-жорық керек болып тұр. Сонымен бірге егер «Қазақ тілі» қоғамының бөлімшесі ұйымдасқан күнде ол нелерді істеуі тиіс, қандай міндеттерді атқару керек, осыларды бізге жаздыртып жіберуді өтінер едік.

Сондай-ақ «Қазақ тілі» қоғамының ереже, уставын алсақ, өте орынды болар еді.

Біздің адресіміз: Өзбек ССР-ы,
Бұхара облысы, Тамды ауданы. Микроаудан, үй № 2.

Біз төменде өзімізді Қазақстанда ұйымдасқан «Қазақ тілі» қоғамының Тамды бөлімшесінің алғашқы мүшелері деп есептеп қол қоямыз».

Сондай-ақ Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын мемлекеттік деңгейдегі аса ауқымды істі қолға алған іргелі, көп тармақты қоғамдық ұйым деуге де болатыны анық. Өйткені Қоғамның жарғысын алғаш Қазақ ССР Министрлер Советінің төрағасы бекітті. Бастапқы жылдары, атап айтқанда, 1993 жылға дейін мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып келді. Қоғамға «Тіл туралы» Заң мен мемлекеттік бағдарламаны іске асыру міндеті артылды. Алайда Қоғам арнайы ресми мемлекеттік мекеме болмағандықтан, бұл міндетті ойдағыдай атқаруы мүмкін емес еді. Бұл іс кейіннен Қоғамның ұсынысы бойынша құрылған Тіл комитетіне жүктелді. Мұның өзі «Тіл туралы» арнайы Заң қабылдағанымен, тіл саясатын тиянақты, жүйелі жүргізуге тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетіміздің өзі дайын болмағандығын немесе мүмкіндігінің шектеулі екендігін көрсетеді. Соның салдарынан еліміздің тіл саясаты белгілі бір уақытқа дейін ғылыми түрде негізделместен, сол тұста қоғамда орын алған ахуалға орай стихиялы түрде жүргізілді. Тіл комитеті ашылғаннан кейін барлық облыста тіл басқармалары құрылды. Бұл шаралар мемлекеттік тіл саясатының пәрменді жүргізілуіне айтарлықтай серпін беріп отырғанын ашып айтуға тиіспіз.

Қоғам тілге қатысты салалардың бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірден-бір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырды.

– Қоғамның өзінің қоймай сұрауы, табандылықпен көтеруі арқасында Тіл комитеті құрылып, қалыптасты. Қазір күллі елімізде мемлекеттік тілге қатысты жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Ендеше осы арқылы «Қазақ тілі»

қоғамы тарихи міндетін атқарып, бүгінгі таңда керегі шамалы болып қалған жоқ па?

– Мұндай пікірді естімей жүрген жоқпыз. Егер Қазақстанның барша азаматы қазақ тілінде сөйлеп, ана тіліміз өз деңгейіне сай биігіне көтеріліп, «Қазақ тілі» қоғамы қажетсіз болып қалатын болса, мен қуанатын едім. Бірақ қазақ тілінің жай-күйі қандай деңгейде екендігін өзіңіз де көріп-біліп жүрсіз ғой. Мен сізге бір мысал келтірейін. Біз 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамын құрайын деп жатқанда, «Эстон тілі» қоғамы өзінің 70 жылдығын атап өтіп жатты. Ал Ататүрік негізін қалаған «Түрік тілі» қоғамы әлі күнге қызмет етіп, Түркия мемлекетінің ұлттық идеологиясының ошағына айналып отыр. Ал биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған «Қазақ тілі» қоғамы қажет пе, қажет емес пе?» деген мәселенің күн тәртібіне қойылуы әлі ерте деп білемін. Сондай-ақ елімізде осыншалық уақыт қызметін жалғастырып келе жатқан қоғамдық ұйым жоқтың қасы. «Қазақ тілі» қоғамының осы уақыт аралығында бағдарынан ауытқымай, өз қызметін қалыпты түрде жалғастырып келе жатуы ұстанған бағыты мен іс-әрекетінің оң екендігін тағы да бір дәлелдей түспей ме?!

Базбір ағайындарымыз көбіне мемлекеттік сектор мен үшінші (қоғамдық) сектордың аражігін ажырата алмайды ғой деймін. Нақтырақ айтатын болсақ, үкіметтік емес ұйымдардың міндеті қоғамда қордаланып қалған мәселелерге жұртшылықтың, тиісті органдардың назарын аударту, қозғау салу, қоғамдық пікір қалыптастыру, ұсыныстар беру, мемлекеттік мекемелердің қызметіне қоғамдық бақылау орнату. Осыған орай «Қазақ тілі» қоғамы да өз Жарғысында көзделген міндеттерін тиісінше атқарып келеді.

– Сонда «Қазақ тілі» қоғамының қазіргі ахуалы қандай? Нақты жұмыс істеп жатқан қандай жергілікті ұйымдарыңыз бар?

– Ашығын айтсам, «Қазақ тілі» қоғамының қазіргі жағдайы кісі қызығарлықтай емес. 1993 жылдан бастап мемлекет тарапынан қаржыландыру тоқтағаннан кейін өз күнімізді өзіміз көруге тырысып келеміз. Жекелеген ұлтшыл

азаматтардың демеушілігі, ірі компаниялардың гранттық жобаларын атқару арқылы өзімізді-өзіміз қаржыландырып отырған жайымыз бар. Жеке баспанаға әлі де қол жеткізе алмадық. Кезінде Алматы қаласының әкімі болып тұрған кезде марқұм З. Нұрқаділов қалалық әкімдіктің бір бөлмесін ақысыз қоныстануға берген болатын. Қазір де қала әкімдігінің қамқорлығындамыз.

Ал жергілікті ұйымдарымызға келетін болсақ, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының орталық аппараты тарапынан оларға моральдық қолдау болмаса, материалдық тұрғыдан жәрдемдесіп отырған жоқпыз. Олар да өздері өз күндерін көруде. Ал бүгінгі таңда да белсенді қызмет етіп жатқандарының қатарында Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстық филиалдарын, Байқоңыр қалалық «Қазақ тілі» қоғамын атауға болады.

– Айналып келгенде Қоғамның да, үкіметтік орындардың да көздегені – бір мақсат, илегені – бір терінің пұшпағы. Ол – Қазақ Елін шынайы демократиялық, құқықтық, белді, бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосып қана қоймай, күшті, мәдениетті, көшбасшы ел болдыру. Ал қазіргі дамыған, тіпті үлгі-өнеге болып отырған елдерге бақсақ – оларда мемлекеттік тіл мәртебесі деген мәселе жоқ. Бірден дау-дамайсыз шешілген.... Мектебі де, мәдениеті де ұлттық, ұлағатты...

– Әрине, Сіз айтқандай жағдайға жетсек, қанекей. Алайда біздегі өмірлік шындықтың, қол жеткен деңгей-өрісіміздің жайы бәрімізге белгілі ғой. Десек те, қазақ тілінің өрісін кеңейту жолындағы мемлекетіміздің атқарып келе жатқан істеріне көз жұмып қарасақ, бұнымыз «көрмес түйені де көрместің» керін келтіргендік болар еді. Сондықтан да әрбір іске, әрқандай әрекетке баға бергенде, әділеттің ақ жолынан ауытқымағанымыз орынды.

Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін еліміз не атқарып келе жатыр дегенге келсек, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің мәселесі Елбасының назарынан ешқашан тыс қалып көрген жоқ. Мысалы, ана

тілімізді ардақтау мақсатында 17 жылдың ішінде Елбасы 5 жарлық, 3 өкімге қол қойса, Үкімет мемлекеттік тілді өркендету тұрғысында 22 қаулы қабылдапты. Арнайы Заң, Мемлекеттік бағдарлама бар. Тіл комитеті, облыстық тіл басқармалары қызмет етуде. Тәуелсіздік алған 18 жылдың ішінде елімізде 883 қазақ мектебі ашылыпты. Аралас мектептерді санамағанда, еліміздегі барлығы 7 721 мектептің ішіндегі 3 788 мектеп таза қазақ тілінде білім береді екен. Бұдан бөлек елімізде қазақ тілінің оқыту жүйесін жетілдіру мақсатында 16 аймақтық, 15 қалалық, аудандық тіл орталықтары ашылған. Елбасы бұндай оқу орталықтарының санын 150-ге жеткізуді тапсырды. 2005 жылы мемлекеттік тілді дамытуға бөлінген қаржы мен бүгінгі қаржыны салыстырып қарасақ, арасы жер мен көктей. 2005 жылы 133 миллион қаржы бөлінсе, 2008 жылы мемлекеттік тілді дамытуға 5 миллиардқа жуық қаржы бөлінген екен. Міне, осының өзінен-ақ көп жағдайды аңғаруға болады.

Мұның бәрін айтып отырғаным, қалай болғанда да ілгерілеушіліктердің бар екендігін көрсету. Дегенмен, бұлар – мүмкіндіктерімізге қарағанда, құқықтық тұрғыдан келгенде тіпті де аз, қанағат емес. Оның үстіне қазақта «Жыламаған балаға емшек бермейді» деген сөз бар. Қол жеткен нәтижелеріміз тілім, елім деген асыл азаматтардың намысқа шауып, жан-жақтан тіл мәселесін тұрақты көтеруінің, табандылық танытуының, мәселені Елбасының түсіністікпен қабылдауының арқасы. Қазір айтуға оңай. Әрбір қазақ мектебін ашу, қазақ тілін мемлекеттік тіл ету қаншалықты күшке түскені жұртшылықтың жадынан шыға қоймаған болар. Бұл бағыттағы істерді тоқтатуға болмайды.

Жалпы еліміз тіл мәселесіне қатысты асығыс, үстірт шешімдер қабылдамай, алысқа, болашаққа бағытталған салмақты саясат ұстанып келеді. Елбасының ұлт, ел тағдырына қатысты қабылдаған кейбір соны шешімдерін жұртшылық бастапқыда байыбына бара алмай, тосырқап қабылдағанымен, жылдар өткеннен кейін оның дұрыстығына көздері жетуде. Мұның бәрі де уақыт өте келе өз жемісін беріп жатыр.

– Соңғы жылдары «Қазақ тілі» қоғамының ықпалы әлсіреп, көзге түспей қалуына тіл сардарлары мен сарбаздарының өздері кінәлі емес пе?! Атап айтқанда, тіл проблемасы әлі де шаши етектен болса, Қоғам онда Мемлекеттік тіл бағдарламасының орындалуын тексерумен неге шұғылданбайды. Басқа да күн тәртібінде тұрған осындай өзекті, өткір мәселелер жеткілікті емес пе?!

– Жасыратыны жоқ, Қоғам жұмысының бәсеңдегені рас. Қазақта «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» деген сөз бар. Айбынбай теңдік сұрау үшін де Қоғамның ешнәрсеге мұқтаж, ешкімге кіріптар болмауы шарт. Әрине, бұл шартыңды біреу келіп толтырып бермейді. Және осы Қоғамды қайтсең де ұстап тұр, оның жұмысын жүргіз деп зорлап отырған да жан жоқ. Сондықтан өзгеге өкпе арту, міндетсу, кінәлау орынсыз деп білемін.

Қарапайым мысалмен айтсақ, айдын көлді жел тербемей, үнемі бірқалыпты, орнықты күйінде тұра берсе – борсиды, жан-жақтан өзендер келіп құйып тұрмаса – сарқылады. Осыған бақсақ, Қоғам ісіне өзіндік ойы бар, пікірлі, істің көзін білетін жандарды тарту, жігерлі жастарды топтастыру қажеттігі білініп тұр. Алда болатын кезекті құрылтайымызда осы мәселелерді жан-жақты қарастырмақпыз.

Және бір айтарымыз – біздің тікелей тексеріп, шара қабылдауға құқымыз бар ма? Алдағы уақытта мұның да жолын тауып, тетігін қарастыруды ойластырамыз...

– Бір бүтіннің екіге жарылуы – қашанда жөнсіз ғана емес, жеміссіз. Ал мұның өзі қоғамдық тұрғыдан болса, қауіпті. Айталық, бүгінгі күні бізде билік өз алдына, бұқара өз алдына. Әйтпесе ұлттың екіге бөлінуі – таза қазақтар, шала қазақтар; қазақ тілді қазақтар және орыс тілді қазақтар... Бұған қандай ем бар, тығырықтан шығар қандай жол бар деп ойлайсыз?!

– Сіз қоғамда қалыптасқан нақты жағдайды, қазақ қоғамының дертін айтып отырсыз. Қандай бір дерт болсын оның емі болатыны сөзсіз. Ол үшін дерттің пайда болу көзін, негізгі себептерін анықтап алуымыз қажет. Назарды салдарға емес, себепке аударғанымыз абзал. Ал біздің қазіргі әреке-

тіміз – көбіне салдармен күреске жұмылдырылған. Әрекетіміздің нәтижесіз болатынының бір сыры да осында. Мұның басты себебі қазақ тілінің болашағына сенбеушіліктен туындап жатыр. Егер қазақ тілінің болашағына нық сенім болатын болса, Қазақстанның барлық азаматы өз ұрпағының қазақ балабақшасында тәрбиеленіп, қазақ тілінде білім алуына мүдделі болар еді. Ондай сенім өзге ұлт өкілдері мен орыс тілді қазақтарды былай қойғанда, қазақ тілді қауымның өзінде де кемдеу.

Есіңізде болса, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдің қазақ тіліне деген талпынысы қандай еді. Тіпті өзге ұлт өкілдерінің өзі балаларын жаппай қазақ мектептеріне бере бастап еді ғой. Қарамановтың әйгілі қаулысы, Конституциямызға орыс тіліне қатысты енгізілген бап жұртшылықтың көңілін су сепкендей басқан жоқ па?! Бұл жағдай көп адамның қазақ тілінен теріс айналуына алып келді. Біз соның зардабын әлі тартып жатырмыз.

Сондықтан мәселені Конституцияның 7-бабын қайта карау қажет деп төтесінен қоятын кез жетті. Мемлекеттің өзі мемлекеттік тілге қатысты заң талабын орындамағаннан кейін, қарапайым халықтан не сұрайсыз?! Заңды ең алдымен заң шығаратын орынның өзі орындауы керек.

– Бүгінгі жастар – болашағымыз. Міне, сол жастар мемлекеттік тілді қаншалықты игерген? Әсіресе балалардың, тіпті бөбектердің тілді білуі нешік?!

– Шындығын айтсам, қолымда жастардың тілді білу деңгейлеріне қатысты нақты дерек жоқ. Шамалап айтатын болсам, қазақ мектептеріне баратын жастардың үлес салмағы жылдан-жылға артып келеді. Алайда үлкен қалалардағы қазақ мектептерінің үлесі әлі де аз. Мысалы, Алматы қаласында қазақ мектептері қаладағы орыс тілді мектептермен сан жағынан әлі де теңесе алмай келеді. Осыған байланысты біз 2007 жылы арнайы зерттеу жүргіздік. Алматы қалалық Білім департаментінің осы жылғы берген мәліметі бойынша, Алматы қаласында барлығы 174 мектеп бар. Оның ішінде: қазақ мектебі – 38; орыс мектебі – 89; аралас мектеп – 44; ұйғыр мектебі – 3.

Алматы қаласы бойынша жалпы оқушылар саны – 161 145 те, қазақ балаларының жалпы саны – 92 905. Енді қазақ балаларының мектептердегі үлес салмағына назар аударайық: қазақ мектептеріндегі қазақ балаларының жалпы саны – 38 415; орыс мектептеріндегі қазақ балаларының жалпы саны – 30 739; аралас мектептердегі қазақ балаларының жалпы саны – 23 751.

Бұл орайда аралас мектептердегі қазақ балаларының барлығы бірдей қазақ сыныбында оқымайтынын ескеру керек.

Келтірілген деректер қазақ балаларының басым бөлігінің орыс мектептерінде білім алып жатқандығын көрсетеді. Оның үстіне қаладағы қазақ мектептері өте аз. Оқушылар сыймай, екі-үш ауысыммен оқуда. Жылына екі мектептен салып отырған күннің өзінде қазақ мектептерінің санын ұлғайту мүмкін емес. Ал орыс тілді мектептердегі жағдай бұған керісінше. Қалада орыс мектептері көп әрі онда оқитын оқушылардың саны да мектептің сыйымдылығына сәйкес емес. Атап айтқанда, оқушылар мектепке толмай жатыр. Сондықтан қазақ тілді мектептердің санын көбейту үшін кейбір орыс тілінде білім беретін мектептерді біріктіре отырып, соның есебінен қазақ мектептерін ашу қажет. Сонымен қатар орыс мектептерінің көпшілігін аралас (қазақ-орыс) мектептерге ауыстырып, басшысын ұлтқа жаны ашитын, білікті қазақ азаматтарынан тағайындау керек. Өйткені орыс мектептерінің 70-80 пайызын қазақ балалары толықтырып отыр. Мұның сыртында түркі тілдес халықтардың балаларын былай қойғанда, еліміздегі барлық өзге ұлт өкілдерінің балалары да түгелімен орыс мектептерінде оқып жүр. Аралас мектеп ашылса, олардың да көпшілігінің қазақ сыныптарына баратындығына сөз жоқ. Сөйтіп, аралас мектептерді бірте-бірте қазақ мектебіне айналдыру қажет. Ал еліміздегі өзге ұлт өкілдері балаларының ұлттық тілдерін оқыту жайына келсек, бұл мәселенің кезінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен ұлттық мәдени орталықтар жанынан жексенбілік оқу курстарын ұйымдастыру арқылы оң шешімін тапқандығын тілге тиек етеміз.

Біздіңше, қазақ тілінің өркен жаяр өрісі – қазақ мектептерін көбейтудің ең дұрыс шешімі осы болмақ. Егер, жағдайды осы қалпында қалдыра беретін болсақ, істеп жатқан ісіміздің ешқандай нәтижесі болмайды. Бұл мәселе алдымыздан үнемі қайталанып шығады да отырады. Сондықтан елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің адымын аштырмайтын қолдан қалыптастырылған тұйық шеңберден шығудың осындай жолын таңдап, тиісті шараларды жедел қолға алуға тиіспіз.

Ал орыс, ұйғыр мектептерінде қазақ тілі пәнінің сағат санын барынша ұлғайтып, оны біліктілігі жоғары маман-педагогтармен қамтамасыз еткен жөн.

Осында айтылған ұсыныстарды бір ғана Алматы қаласында емес, бүкіл республика аумағында орта білім беру саласында қолдану қажет деп білеміз.

Жоғарыдағы деректі келтіргенім – білім саласындағы жағдай содан бергі уақытта көп өзгере қойған жоқ.

Ал орыс тілінде оқып жатқан қазақ балаларына келетін болсақ, балаларын орыс мектептеріне апарып жүрген халықты кінәлаудың реті жоқ. Ел ұлттың бас көтерер адамдарына, мемлекеттік билікке қарайды. Ойын да, бойын да соларға қарап түзейді. Биліктің тілі орысша болса, ұлт зиялылары немерелерін орыс тілді мектептерге беріп жатса, қарапайым халық оларға еліктемей қалай тұрсын. Елге айтар сөзі бір басқа да, ісі бір басқа болып отырған зиялылардың өзі сенбеген нәрсеге халықты қалай сендірмек болып отырғандарына таңым бар. Сондықтан елдің бас көтерер адамдары өз дерттерінен өздері арылғандары жөн.

– Біздің қазақ тарихи тағдыр, отаршылдық саясат себептерінен туған Отанына қоса алыс-жақын 40 елде тұрады. Әрқайсысында әртүрлі проблема бар. Солардың жастары қазақ болып қала ала ма? Оның үстіне үш түрлі жазуы бар. Бұл тұрғыдан не айтасыз?!

– Бұл – үлкен мәселе. Еліміз шеттегі қазақтар мәселесімен 90-жылдардан бастап айналыса бастады. Содан бергі кезеңде елге миллионға жуық қандасымыз оралыпты. Бұл – өте қуанышты жағдай. Былтыр «Нұрлы көш» бағдарламасы

қабылданды. Сөйтіп көші-қон мәселесі жүйелі жолға түскендей болды. Алайда бір ғана бағдарлама аясында шеттегі бар қазақты толық көшіріп алу таяу жылдарда іске аса қоймайды деп ойлаймын. Оның үстіне Еуропадағы қазақтардың келе қоюы да қиын. Ресейдегі қазақтар да жылы орнын суыта қоймас. Сондықтан негізгі назарды Қытай мен Өзбекстандағы қазақтарға аударған орынды. Ал Моңғолиядағы қазақтарға тікелей төніп тұрған қатер жоқ. Арнайы еларалық деңгейде келісім жасап, Қытайдағы қазақтардың елімізге оралуына қам жегеніміз абзал. Ал қалған елдердегі қазақтарға сол тұрған жерлерінде қазақ тілі мен мәдениетінен ажырамайтындай жағдай тудырса болады. Бір жағынан оларды Қазақстанға әкеліп, қара орысқа айналдырғаннан гөрі сол отырған орындарынан қозғамаған да жөн бе деп ойлайсың.

Қазір шетелдегі қазақтардың рухани-мәдени мәселелерімен «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» айналысып отыр. Ол – қоғамдық ұйым. Сондықтан оның да мүмкіндігі шектеулі. Жер-жерде кіші құрылтайлар ұйымдастырып, ел аралап, жағдайларын білгеннен мәселе шешілмейді. Шеттегі қазақтардың мәселесін жүйелі шешу үшін Ресейдегі «Русский мир» қоры секілді арнайы мемлекеттік ұйым құрылғаны жөн деп білемін.

Жазу мәселесіне келсек, Қазақстанның латын жазуына көшкенін қолдаймын. Неғұрлым тезірек көшсек, соғұрлым жақсы болар еді деп санаймын.

– Қандай бір нәрсенің де басы мен аяғы бар. Қазақ Елі мықты мемлекет болып қалыптасып, Мемлекеттік тіл қасиетті Ту, Елтаңба, Әнұран секілді қапысыз қастерленетін кез де туатын шығар. Сонда Сіздің қоғам қайтеді?!

– Сөз жоқ, қазақ тілі Қазақ Елінде барынша басымдыққа ие болады. Бұған сенімім кәміл. Ал тілде қалыптасу, болу-толу деген болмайды. Өйткені тіл – жанды құбылыс. Халықпен бірге жасап, бірге дамып, бірге түлеп отырады. Сондықтан тілге қатысты атқарылар шаруа, бітірер іс ешқашан тамамдалмайды деп білемін.

Ал «Қазақ тілі» қоғамына келетін болсақ, Қоғам бізге

атадан қалған мұра емес. Халықтың өз қажетінен туған, өз қолдауымен құрылған ұйым. Оған ешкімнің жеке монополиясы жүрмейді. Қоғам заман алдымызға қойған мәселелерге орай өз жұмысын демократиялық негізде жалғастыра беретін болады. Егер заман сұранысына жауап бере алмаса, өмірдің өзі қажетсіз деп тапса, Қоғам да өз жұмысын тоқтатады. Қысқасы, бұған – уақыт төреші.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Бақыт Сарбалаұлы

ТІЛДЕГІ ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІКТЕР

Жас қазақ: *Өмірзақ Айтбайұлы, осыдан бір ай бұрын Үкімет басшысы: «Он жылдан кейін әрбір азаматымыз мемлекеттік тілде сөйлеуге тиіс», – деді. Мәсімовтың бұл мәлімдемесіне «мәләдес» дескендер болды. «Үкіметтегілер тіл саясатына тікелей қатысты кілтүпандарды шешуді көп жылға шегеріп қойды», – деген күдікті ойлар да айтылды. Қалай ойлайсыз, бұл бастама қанишалықты жүзеге асады? Он жылдан кейін елімізде қазақ тілі толық үстемдік құрады дегенге сенесіз бе?*

Өмірзақ Айтбайұлы: Қазақтың ардақты ақыны Абай ғылым-білім, өнер орыс тілінде екенін айтып кетті. Бірақ Абай қазақ тілінен жеріп, орыс тілін меңгеріңдер демеді. Өз тілінді сақтап, өзге тілді үйрен деді. Біз данышпан ақынның айтайын дегенін осылай түсінуіміз керек. Жоқ, кейбір шолақ белсенділер: «Абай бүй деді, Абай сүй деді», – деп оның сөзін пайдаланып, бастамашыл боп, қисық пікір айтқысы келеді. Бұл, әрине, дұрыс емес.

К. Мәсімовтың ниетіне рахмет. Бірақ біз неге тіл мәселесін он жылға кейінге қалдыра береміз? Әу баста қабылданған тіл туралы бағдарламаға сәйкес, 2000 жылға дейін мемлекеттік мекемелер түгел қазақ тіліне көшуі тиіс-тұғын. Тіпті қай облыс қай мерзімде іс-қағазды қазақ тілінде жүргізетініне дейін көрсетіліп, анықталып, сарапталып қойған-тын. Тілдің

тағдыры сөзбұйдағы салынып кетті. «Ойпырмау, мынау бір бағдарлама өзге ұлттардың тіліне нұқсан келтірмей ме?» – деген сөз шықты. Сөйтіп, тәп-тәуір жұмыс істеп келе жатқан бағдарламаның қарқыны су сепкендей басылып қалды. Жұрттың екпіні басылды да қалды. Ықыласы да өзгерді. Бұл бізді өте ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Керексіз пікірлердің туындап, керексіз шешімдердің қабылдану себебінен тілімізде тындырымсыз тірліктер пайда болды.

Е-е-е, толғауы тоқсан қызыл тілді айта-айта шаршадық қой.

Жас қазақ: *Әлі күнге дейін «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайдымен» келеміз дейсіз ғой?!*

Өмірзақ Айтбайұлы: Иә. Қазақ тілінің даму өрісін байқасақ, тынысы әбден тарылған. Қолданыс аясынан шыға бастаған, тек отбасы, ошақ қасында ғана пайдаланылатын тілге айналып барады. Біз осыған көніп отыра береміз бе? Ел емеспіз бе? Ұлт, халық емеспіз бе? Қапқаз аймағында, Батыста тілдің жағдайы басқаша. Олар өздерінің іс-қағаздарын ана тілдерінде жүргізеді. Бізге не көрінді соншама?! Тілдің мәселесін көтеретін тұлғалардың шықпағаны ма? Жоқ. Шықты. Бір Ахмет Байтұрсынұлының өзі неге тұрады? Қазақ тілін планетарлық деңгейге жеткізді. Екі ауыз сөзбен ердің құнын шешетін халық екенімізді әлемге паш етті. Ал қазір ше? Орыс тілінсіз адам болу қиын дегенді санамызға сіңіріп, қабілет-қарымымыздың жоғарылағаны соншалық, орыс тілін орыстардан артық үйреніп алдық. Тәуелсіздік алғаннан кейін тілде тұяқ серіппе тірлік болды. Оған да шүкір демеске лажымыз жоқ. Жеткен жетістігіміз баршылық. Алайда әлі де болса қазақ тілі еркін тыныстай алмай келеді. Биліктегілер қазақ тілінде бір емес, үш телеарна ашамыз деп уәде берді. Ол да орындалмай қалды. Таңнан кешке дейін қазақша сайрайтын үш емес, бір телеарна ашып берсінші алдымен.

Жас қазақ: *Мемлекеттік тілді қолдау Президенттік қорының бұрынғы директоры Берік Әбдіғали бір сөзінде: «Қазақ тілін білмейтін шенеуніктерге жігер жетіспей жатыр», – деп еді. Мүмкін бізге жетіспей жатқаны – жігер мен ниет шығар.*

Өмірзақ Айтбайұлы: Кез келген ұлттық мәселеде намыс, ар-ұят бірінші орында тұруы тиіс. Ұлттық намыс, жігер табанымызда тапталып қалды. Ұлт зиялылары, елдің тұтқасы деген қайраткерлеріміздің ұрпағын алыңыз. Олардың көбі орысша тәлім-тәрбие алуды мақсат етті. Содан олардың біразының ұлттық намыспен, жігермен шатағы жоқ, ісі болмай қалды.

Жас қазақ: *Өзіңізді мысал етсеңіз. Балаларыңыздың қазақша тәрбиесі қалай?*

Өмірзақ Айтбайұлы: Мен балаларыма ешқашан орысша сөйлеген емеспін. Бала ғой, анау-мынау әпер дейді. Шаруасы түспей тұрмайды. Қазақша сұраса ғана жауап беретінімді біледі. Осы тәсілді қолдандым. Бірақ бұл жақсы нәтиже бере қоймады. Сөйтіп, ойлана келе туған күндеріне орай өлең шығарып бердім. Бір-бірін осы өлеңмен құттықтайтынды шығарды. Әлі күнге дейін жатқа айтып келеді. Мұнымен де мәселе шешілмейтініне көзім жетті. Баланы бала-бақшадан бастап үйрету керек екен.

Жас қазақ: *Қазақ тілі аударма тілі болып қалды деген пікір бар...*

Өмірзақ Айтбаев: Иә. Онымен келісемін. Қазір министрліктерімізде аудармашылар тобы жұмыс істейді. Қаулы, қарарларды қазақшалау – солардың мойнында. Министрліктегілер мемлекеттік тілдің мәселесін осылай шешкенсіп, жұмыс жасап жатқан сыңай танытқысы келеді. Мұнымен тіл мәселесін ешуақытта шеше алмаймыз. Мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілін меңгермейінше, жұмысқа қабылданар алдында емтихан тапсырмайынша, көсегеміз көгермейді. Олар Президенттен асқан әулие ме? Елбасы президент сайлауы алдында екі рет емтиханнан өтті. Ана тілдің алдында перзенттік парызын өтеді. Мемлекетті басқарғысы келген адам мемлекеттік тілде жақсы сөйлеп, жаза білуі тиіс. Жазып қана қоймай, сауатты оқи да алуы керек.

Жас қазақ: *Жуырда Microsoft компаниясының еліміздегі бөлімінің бас директоры Гюнтер Дам қазақша Windows-қа сұраныс бір-ақ пайыз екенін айтып қалды. Бұл нені*

көрсетеді? Қазақ тілі неге технология тілі бола алмай отыр?

Өмірзақ Айтбайұлы: Қазақ тілінің технология тіліне айналмай жатқан себебі – бұл саладағы мамандарды дұрыс дайындай алмай жатырмыз. Мысалы, бір кездері механика-математика саласында Өмірбек Жолдасбеков сынды мықты мамандарымыз болды. Ол кісі осы салада бірқанша түсіндірме сөздіктер жазып шықты. Ғылымды жасайтын – ғалым. Ол қандай ғалым? Қазақ па, әлде шала қазақ па? Техника саласында қазақ тіліне жетік ғалымдар аз. Демек, бұл технократтың өзі жоқ деген сөз. Елімізде жаратылыстану ғылымында ісқағаздардың бәрі әлі күнге орыс тілінде жүреді.

Бір кездері қазақтар Лениннің 50 томдығын қазақшалады. Сол 50 томдықта техника саласына қатысты атаулар болмады деп айта аламыз ба? Әрине, болды. Соншама кітапты аудару оңай шаруа емес. Қазақ тілі – бай тіл. Талай туындыны аударуға қауқары жетеді. Академик Әбдуәлі Қайдардың айтуынша, қазақ тілінде миллионнан астам сөз бар екен. Бұл тұшымсыз тұжырым емес. Ол қазақ тілін жіті зерттеген ғалым. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі жарық көрді. Енді оның он бес томдығы шығарылмақшы. Оның сегіз томдығы шығып қойды. Түрік әлемінде мұндай түсіндірме сөздік бұрын-соңды шықпаған. Бұл нені көрсетеді? Қазақ тілі әлі толық зерттеліп біткен жоқ деген сөз. Қазақтың өмір тарихында мыңдаған би, шешендер өткен. Неге көп дейсіз ғой? Себебі, қазақ сөз қадірін білген халық. Сөзге тоқтаған ұлт. Сондықтан қазақ тілді технократтардың қатары көбейсе, тіліміздің мерейі үстем бола түсері сөзсіз.

Жас қазақ: *Жақында Мәжіліс депутаты Жақып Асанов қазақ тілін үйренгісі келетін мемлекеттік қызметкерлерді Қызылорда облысына жіберу керектігін мәлімдеді. Тілдің түйінін шешуде бұл қаншалықты тиімді жоба?*

Өмірзақ Айтбайұлы: Ол депутатымызға да рахмет. Бірақ бұл мәселені шешудің тиімді жолы емес. Сыныққа сылтау іздемейік. Қазақ тілін үйренем деген адамда себеп болмауы керек. Тіпті сол Астананың өзінде отырып, мемлекеттік тілді меңгеруге әбден болады. Ол үшін уақытын кетіріп, қаржы-

қаражат бөліп, Қызылордаға, Шымкентке жіберу деген менің ақылыма сыймайтын тірлік. Мен мұны дұрыс пікір деп есептемеймін. Депутаттың ниеті дұрыс шығар. Бірақ мұның сауатты, салмақты жолдарын іздестіргеніміз жөн. Мысалы, еліміздегі армяндарды, немістерді, әзірбайжандарды, еврейлерді алыңыз. Тәуелсіздік алған жылдарға дейін біз қазақ балабақшасын ашумен айналысып жүргенде, сол бірен-саран армяндардың, әзірбайжандардың өз тілінде балабақшасы да болмады. Бірақ осы күнде солардың бірде-біреуінің өз тілдерін ұмытып қалғанын көрмейсіз. Өз тілін ұмытқан бірде-бір еврейді кездестірмейсіз. Бұлар бөтен елде жүр. Ал қазақ өз жерінде, өз елінде отырып, өз тілінің түйінін шеше алмауда. Баламыздың қазақ мектебінде оқып жатқанына мәзбіз. Бірақ оның қандай тәрбие алып жатқанында шаруамыз жоқ. Біреудің қолымен от көсеуге жанымыз құмар. Қазекең қазір осындай пиғылда өмір сүріп жатыр. Мен намыс туралы айтпай-ақ қояйын.

Жас қазақ: *Қазақстанға келетін шетелдіктер әуелі қазақ тілін емес, орыс тілін үйренеді...*

Өмірзақ Айтбайұлы: Біз талай мүмкіндікті қолдан жіберіп алған халықпыз. Тәуелсіздік алған жылдары елімізде елшіліктер ашылды. Сонда шетелден келетін дипломаттар қазақша үйреніп келуге тырысатын. Солармен қазақша сәлемдесіп, қазақша сөйлесуге пиғыл танытпадық. Қазақша сөйлеуге тырысқандарға орысша сөйлеп, тілімізге деген құрметсіздігімізді білдіріп алдық. Өз тілімізді өзіміз менсінбей тұрғанда, олар қайтсін?! Осындай мүмкіндіктерді де жіберіп алған жайымыз бар.

Жас қазақ: *Тілдің түйінін шешу үшін не істеуіміз керек? Қандай әдіс-тәсілдерді ұсынасыз?*

Өмірзақ Айтбайұлы: Біріншіден, қазақтың ар-ожданын, намысын, жігерін оятуымыз керек. Ұрпағымызға балабақшадан бастап қазақша тәрбие беруіміз тиіс. Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлерден емтихан қабылдауымыз керек. Мемлекеттік мекемеде жұмыс істегісі келетіндерге қазақ тілін білу талабын қоюымыз қажет. Үшіншіден, мектептерде, әсіресе бастауыш мектептерде сабақ жаппай қазақ тілінде

өтуі тиіс. Үш-төрт жыл қазақша оқығаннан кейін әркім өзі білсін. Баласын орыс мектебіне бере ме, ағылшын мектебіне бере ме, оны өздері шешсін. Шыбықты балғын кезінде баптай алмасақ, ертеңгі күні оның қатайған шағында қанша икемдесең де тәрбиеге көндіре алмайсың. Қазақ баласын қазақша тәрбиелеп алмай, ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Егер осы қарқынмен, қазіргі пайым-түсінігімізбен жүре берсек, алдағы он жылда да қазақ тілінің көсегесі көгере қояды дегенге сену қиын. Осыны естен шығармайық.

Сұхбаттасқан Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

ТІЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ – ҰЛТТЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезекті құрылтайына орай оның президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлымен әңгіме

– Өмірзақ аға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөнінде комиссия жұмыс істеп жатқанынан көпшілік хабардар. Осы комиссияның кезекті бір отырысында тілге қатысты бірқатар ұсыныстарды ортаға салып едіңіз. Солардың орындалу жайы қалай?

– Рас. Көкейдегі бірқатар ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстар-дың қайсыбірі мынау еді.

- Қазақстанның қазіргі жер-суларының, елді мекендерінің тарихи атауларын қайта қалпына келтіруге, қалалар мен елді мекендердегі көшелерді ресейлік, кенестік атаулардан арылтып, қайта атауға байланысты істерді жүйеге келтіру тәртібін реттейтін арнайы нормативтік акті қабылдау.

- Павлодар мен Петропавл қалаларының атауларын Қазақ мемлекеттілігіне өлшеусіз еңбек сіңірген қос ханымыз – Абылай мен Кенесарының аттарымен атау.

- Ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерін қазақ тілінің емле ережесіне сай ресімдеу мәселесін бір жүйеге түсіру.

- Бірыңғай тәулік бойы тек қана қазақ тілінде хабар тарататын телеарна ашу.

- Қазақ әліпбиін латын жазуына негіздеу жайын Елбасы бірнеше рет көтеріп, осы бағытта едәуір жұмыстар жасалған еді. Бірақ шүйіліп басталған іс сұйылып барып тынды. Әйтсе де, мемлекет қолға алмады екен деп қарапайым халық қарап жатқан жоқ. Халық ұялы телефондары арқылы СМС хабарларын латын әріптерімен жазуда, шетелдердегі қазақтармен электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу да латын әліпбиімен іске асырылуда. Бұл жерде әркім өз білгенінше жазып жүр. Латын жазуын елімізде ресми түрде енгізбесек те, жалпы халықтың қолайына сай Ғаламтор желісінде пайдалануына арнап латын жазулы қазақ әліпбиін бекітіп бергеніміз жөн секілді. Бұл жаңа әліпбидің сынақтан өтуіне де жақсы болар еді.

- Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік тілге қатысты қаншама заң бұзу фактілері, сот процестері орын алды. Алайда бұл сот процестерінде дауды сот қалай шешсе, солай шешілді. Сот процесінің өзі мемлекеттік тіл бойынша қоғамда қандай проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Бұған арнайы талдау жасалған жоқ. Сондықтан Жоғарғы сот осыны талдап, халыққа жеткізуі керек.

Сот процестері екі нәрсені көрсетіп отыр. Біріншіден, ол осы бағытта жұмыстың жүріп жатқанын көрсетсе, ал нашар жағы бұл ретте кедергілердің де бар екендігіне дәлел болады. Міне, осы мәселені Жоғарғы соттың өкілін шақыра отырып, бірге талқылау.

- «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын әзірлеп, Парламентке ұсыну;

- Бұдан былайғы уақытта елімізге сырттан келетін компьютерлік бағдарлама өнімдерінің қазақша нұсқасының болуын міндеттеу. Міне, осы ұсыныстардың бірқатары шешімін тапты, көпшілігі әлі ашық күйінде қалып отыр.

- *Ел ішінде «Қазақ тілі» қоғамының жұмысы бәсеңсіп қалған жоқ па?» дегендей пікірлер айтылып қалады. Бұл туралы не айтар едіңіз?*

- Жасыратыны жоқ, Қоғамның Орталық кеңесі мен жергілікті ұйымдарының арасындағы байланыс біраз

бәсеңдеп қалды. Бірқатар облыстардағы ұйымдарымыздың жұмысы тоқтап қалды. Түрлі қиындықтарға қарамастан, өз жұмыстарын тұрақты жүргізіп келе жатқан ұйымдардың ішінде Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстық қоғамдарды, Байқоңыр қалалық ұйымын атауға болады. Биылғы жылы Қызылорда филиалына жаңадан төраға сайлануына орай, бұл филиалымыздың да жұмысы жанданып келеді. Сондай-ақ Ақтөбе облыстық ұйымы биыл басшылығын өзгертті. Ұйым жетекшілігіне (проф. Ғ. Нұрышев) бұрынғы дәстүрді жаңғырта түсетін жігерлі жас маман келді. Алдағы уақытта барлық облыстық, қалалық, аудандық ұйымдарымыздың жұмысын қайта қарап, жандандырып, жүйелі жолға түсірмекшіміз. Осыған байланысты Жарғыға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізгелі отырмыз. Соған байланысты «Қазақ тілі» қоғамының Көкшетауда өтетін құрылтайында да тиімді ұсыныстар болар деп күтеміз.

Қазір қоғам жаңарды, адамдардың санасы өзгерді, құндылықтар түледі. Соған сай біздің де өз жұмысымызды өмір сұранысына орайластыра ұйымдастыруымыз қажеттігі айқын.

– Тіл секілді елдік, мемлекеттік маңызы бар мәселенің түйткілді жайттарын көтеруде жекелеген азаматтардың да қосып жүрген үлестері айтарлықтай. Реті келгенде олардың да еңбектерін атап өткеннің артықтығы болмас...

– Қазіргі кезде елдің жағдайы едәуір жақсарып қалды. Халық санасы өзгерді. Нарықтық қарым-қатынастар нық орнықты. Соның тілін түсініп, шаруасын дөңгелетіп жүргендер жеткілікті. Кәсіпкерлеріміз де көбейіп келеді. Кәсіпкерліктің тек баюды ғана мақсат тұтпай, әлеуметтік жауапкершілігі де бар екенін түсінетін саналы азаматтарымыз да көрініп жүр. Ендігі кезекте осындай азаматтарымыздың санын арттыру, ұлттық, елдік мәселелерге демеушілік, қайырымдылық көмек көрсету мәдениетін кеңінен таратуымыз керек. Соның бір мысалы ретінде өзбекстандық бауырымыз Марс Марксұлын атауға болады. Бұл Өзбекстандағы қандастарымыздың ұлттық дәстүрлерімізді ұлықтайтын

шараларға үнемі демеушілік жасап, азаматтық жасап жүр. Сол секілді осы Құрылтайымызға да демеушілік қолын созған азаматтар бар. Сол сияқты 20-30 мың отбасына жетекші боп елге жетелеп, оларды тиімді кәсіпке жегіп жүрген Қалыбеков Ибадулланың ісі көпке үлгі. Ол әлденеше қалада жылыжай орнатып, халықты түрлі көкөніспен қамтамасыз етіп отыр. Және оралман ағайынның бала-шағасын қазақша балабақшалар мен мектепте тәрбиелеу ісімен де түбегейлі айналыса бастаған.

Солардың қатарында Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Бекет Тұрғараев деген азаматты, Оңтүстік Қазақстаннан техника ғылымдарының докторы, ғалым әрі кәсіпкер Серікжан Сейітжанов деген азаматты атауға болады. Осындай азаматтарымыз еліміздің жер-жерінде баршылық. Бұлардың осындай елдік істері басқа да іскер азаматтарымызға жұғысты болса екен деп тілеймін.

Қоғам жұмысына жастарды тарту өте маңызды. Сондықтан Қоғамның жастар қанатын құру міндеті алдымызда тұр. Бұл ретте Ақтөбе облыстық филиалының оқушы-жастар арасынан құрған «Жасұлан» оқушылар ұйымы үлгі боларлықтай.

Ыңғайы келіп тұрғанда Қоғамымыздың бастауында, Ақмола өңірінде қазақ тілінің қанат жаюына көп қажыр-қайрат жұмсаған, байырғы тіл сардарларының бірі Алдан Смайылдың бүгінде Мәжілісте депутат болып, елдік-тілдік мүддемізді қорғауда қайраткерлік танытып жүргенін де атауға болады. Сол секілді Алматы қаласы Алмалы аудандық «Қазақ тілі» қоғамының тізгінін ұстап келе жатқан Ғұсман Шалабаевтың да Алматы қалалық Мәслихатында депутат ретінде, қазақ тілінің жоғын түгендеп жүргенін атап айту керек. Осындай азаматтарымыздың қатары арта бергені абзал.

– Биылғы қыркүйек айының 22-де Көкшетауда «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайы өтпек. Осы басқосуда Қоғамның алдағы уақытта атқарар міндеттері де сараланары хақ. Сонда қандай мәселелерге баса көңіл бөлінбекші?

– Ең алдымен мәселені «Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдауды талап етуден бастаған жөн. Осы кезге дейін бұл заңның бірнеше нұсқасы дайындалып, Парламентке ұсынылғанымен, ол ысырылып қалумен келеді. Енді бұған жол беруге болмайды. Осы заң қабылданса, соған сәйкес көптеген заңдарға мемлекеттік тілдің тынысын ашар өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге жол ашылатын еді. Қоғам мүшелерін, тілге жанашыр азаматтарды, халық қалаулыларын осы ұсынысты қолдауға шақырамын.

Елбасы халыққа арнаған биылғы Жолдауында «Біздің міндетіміз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады», – деді.

Бұл міндетті орындау үшін биылдан бастап бастауышта оқитын балалардың барлығы қазақ тілінде білім беретін мектепке баруы қажет. Олай болмаған жағдайда, мұны орындау мүмкін емес. Білім министрлігі және оның жергілікті бөлімшелері Елбасының осы нақты тапсырмасын түсініп, тиісті шаралар қабылдар деп ойлаймыз. «Қазақ тілі» қоғамы және оның жергілікті ұйымдары да осы қоғамдық қадағалау, қоғамдық талап ету, қоғамдық тыңдау шараларына баса назар аударатын болады.

Білімнің көзі – оқулықта. Ал бізде қазақ тіліндегі оқулық мәселесі шешімін таппаған шаруа. Орта мектептер оқулықпен қамтамасыз етілгенімен, жоғары оқу орындарында бұл жай ұшығып тұр. Осы мәселеге Қоғам мүшелері түрткі болар деген сенім бар.

Мемлекеттік тіл мәселесінде Елбасымыздың бастамалары мен ұстанымдарының негізгі қолдаушыларының бірі ретінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алдына қойған мақсатының келесі кезеңі елімізде тіл мәдениетін көтеру болып отыр. Қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шетелдегі бауырларымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қоғамның күн тәртібіндегі шаралар.

Сондай-ақ Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің алдындағы үлкен міндеттердің бірі – аймақтарда қазақ тілінің дамуына, ел ішінде тіл мәдениетін көтеруге түрткі болу, сондай-ақ аймақтардағы жер-су атауларының тарихи атауларын жаңғырту болып табылады.

Қоғам қызметінің нақты әрі жемісті болуы үшін Көкшетаудағы Құрылтайдан соң арнайы жұмыс тобын құрып, мынадай маңызды құжатты қабылдасақ дейміз. Ол – «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын дамыту тұжырымдамасы мен оның алдағы жылдарға арналған даму стратегиясы».

Бұл құжат Қоғамның келесі Құрылтайға дейінгі даму жолын нақты бейнелей алуы тиіс. Құжатта көрсетілген әрбір міндеттің соңында оның орындалу мерзімі мен нақты нәтижесінің көрсеткіші, жауаптылар анық көрініп тұруы дұрыс. Бұл біздің әрбір әрекетімізді бағдарлай алуымызға, соған сай шара қолдануымызға мүмкіндік береді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарымен салыстырғанда еліміздің этнодемографиялық ахуалының айтарлықтай өзгергені белгілі. Осыған орай этнолингвистикалық карта жасаудың өзектілігі айқын. Бұған еліміздің Статистикалық агенттігінің деректері көмек береді. Соңғы жалпыұлттық халық санағы деректері жіті талданып, соның негізінде **Қазақстанның этнолингвистикалық картасын жасау** және соған сәйкес іс-шаралар жүргізуге тиіспіз.

Жалпы, тіл – жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттің де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі, елдің мерейі. Мерейімізді асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл отбасынан бастау алады, Отан аясында дамиды. Отбасы – өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан. Бұл екі ұғым домбыраның қос ішегіндей тығыз бірлікте. Отбасы мен Отанның мақсат-мұраты үндессе, ісіміз береке табады, тіліміз қанат жаяды. Бастаушы болса да, қостаушы табылмаса, іс алға баса ма? Сондықтан осы екі ұстынның үйлесіміне қол жеткізу – біздің асыл мұратымыз болмақ.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Нұрперзент Домбай

ТІЛДІ НЕГЕ ТӘЛКЕККЕ САЛА БЕРЕМІЗ?

«Тіл туралы» Заң, Мемлекеттік бағдарлама, Президент тұжырымдамасы жұртшылық сұранысына сай дер кезінде ұсынылған өте құнды құжаттар болатын. Мемлекеттік тіліміздің көркейіп, дами түсуіне едәуір септігі тие бастаған бұл құжаттар талабын жан-жаққа жалтақтатпай, жүйелі де саналы түрде рет-ретімен іске асыра бергенде тәуелсіз еліміздің басты рәмізінің бір де болса бірегейі мемлекеттік тіліміздің бүгінгі күйі бұдан әлдеқайда ілгері кеткен болар еді. Өкінішті жері сол, бізде кейде бастаған істі баянды етіп бітіру мәдениеті әлі күнге қалыптаспай жатыр. Игі істі бітірмей жатып, тастай салу ауруы жазылмайтын дертке айналды.

Тіліміздің тағдырын сан-саққа жүгіртіп келіп, тағы бір он жылдық бәйге алаңына тастадық. Он бес, жиырма жылда қазіргі заманда әрбір адам ең кемі 4 университет бітіріп, мамандық алып жатады. Тіпті шет тілдерін түсінде ғана көретін қазақ баласының талайы 4 жылда ағылшын, неміс, француз, араб, испан т.б. тілдерін игеріп алатыны мәлім. Ал ана тілін үйренуге он жылдан, жиырма жылдан уақыт бөліп жату, шамасы намыссыз қазақтың ғана еншісіне тиген үлес болу керек. Бірақ бұл ескіретін, тозатын немесе алмастыра салатын мүлік, зат емес қой, мәңгі-бақи маңдайымызға жазылған мәдени мұра, ұлттық құндылығымыз болғандықтан айбынуға, арлануға, тіпті бастаған істен бас тартып шегінуге жол жоқ.

Опындыратыны, қазақ ұлтына қызмет етіп, ұлттық мүддені қорғайды деген атқа мініп, таққа көтерілген белгілі бектеріміз бен беделді билеріміздің (депутат ретінде алып отырмыз) кеше ана тілге ашық қарсылық көрсеткені. Саралай түссең, ұлттық намысқа тиер талай сорақылықтардың беті ашыла бермек. Онсыз да жаныңа батып тұрған жараның аузын тырнай беруден мән шығар болса, ұғар құлақ болса талай сөз айтылды. Әйтсе де әрбір қазақ азаматына ұлттық мүдде, ұлттық тіл үшін айрықша белсенділік танытар кезең келді. Енді бұйығы өмір кешіп, ұрпағын қай тілде сөйлеп кетсе де бәрібір дейтін заман емес. «Елді билесем,

жерді иеленсем, сөйтіп өз мүддемді орындап, қалтамды тығындасам, мәртебе осы емес пе?» – дейтін тоғышарлық пайымның басыбайлы құлына айналған «сауаттылардың» сыйқы осылай болып тұрғанда айрықша жігерлі әрекеттер қажет-ақ.

1960 жылдардың бас кезінде қазақ мектептерінің жаппай жабылып, дұрысында, оларды жаптырып жатқан кезде, қазақ мектептерінің келешегіне балта шапқызбай, қазақ тілінде балабақша ашу үшін жасалған талай әрекеттің куәсі болдым. Сол кезде астанамыз болған Алматыда жалғыз-ақ қазақ мектебі – №12 мектеп бар еді. Маңдайға басқан жар дегенде жалғыз мектептің жағдайы тым нашар болатын, қаладан тысқары жерге шеттетіліп кеткен-тін.

Аталған мектептің ата-аналар комитеті атынан біздің шағымданбаған жеріміз қалмады. Бұнымыздан нәтиже шыға қоймады. Бірақ осы мәселеге орай Алматы обкомының хатшысы К. Ахметов бастаған топ, оның ішінде қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Бимендин және сол мекемелердің жауапты қызметкерлері жиналыс өткізді. Ахметовтың айтуынша, қазіргі кезде қазақ мектебін ешкім де қудалап отырған жоқ, оның оқушы саны өте аз, қазақтардың өздері балаларын қазақша оқытқысы келмей, жаппай орыс мектептеріне беріп отыр, оларға балаларыңды қайтсе де қазақ мектебіне беріндер деп ешкім зорлық жасай алмайды. Ызғарлы дауыл бет қаратпайтындай, айтылған сөзге қарсы аталы сөз шықпай жатты сол жиында. Бір кезде мінбеге қаңбақ шалға ұқсаған шоқша сақалды, шағын денелі ақсақал шықты. Көп сөз айтты. Соғыста болғанын айтты. Көп адаммен, әртүрлі ұлт өкілдерімен бірге болғанын, достасып кеткенін айтты. Сол ұлттардың қайсысы да өз ана тілін жақсы білетінін, анасындай қадірлеп, қастерлейтінін айтты. Сөз аяғында: «Әй, Ахметов, сендер мені баламнан, немерелерімнен айырдыңдар», – деді. Жұрт жым боп тына қалды. Әлгі қарт жалт етіп Ахметовке, президиумға қарады. Екі көзі от шашып тұр.

«Менің немерем әскерде. Хат жазады, орысша жазады. Мен оны оқи алмаймын. Мен қазақша хат жазсам, ол

түсінбейді. Алыста, шетте жүрген бала ата сезімін сезіне алмаса, қалай ол ертең мейірімді болмақ? Өзі ана тілін білмесе, ол ертең кімді тәрбиелемек? Осыны неге түсінбейсіңдер? Ахметов, сен – обком хатшысысың. Сонда сен елден ақылың асқандықтан білімің артық, іскерлігің ерекше болғандықтан хатшы болып отырған жоқсың. Сен ең алдымен қазақ болғандықтан сені хатшы қойып отыр. Тым болмаса соны ақтауың керек еді ғой...». Қарияның бұл ашулы сөздерді Ахметовке оңай тимесе де, бұл жиыннан еш нәрсе өнбеді. Дегенмен, алған бағытымыздан таймай, Мәскеуде, СОКПО Орталық комитетіне өз ішімізден бір адамды жібердік. Мән-жайға егжей-тегжейлі қаныққан Орталық комитеттің жауапты қызметкері бұған таң-тамаша қалыпты. «Украинада орыс мектептері жеткіліксіз» деген арыз-шағымдар келуші еді. Ал қазақтың астанасында жалғыз-ақ қазақ мектебі бар екенін, оның өзінің халі мүшкіл болып тұрғанын бірінші рет естіп тұрмын», – депті ол. Бұнымыз нәтижесіз болған жоқ. Бірнеше күннен соң бізді Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Н.Жанділдин қабылдап, мәселенің алдағы жиында талқыланатынын, тиісті шешім қабылданатынын айтып шығарып салды. Сөйтіп 1963 жылы обкомның бюросы өтіп, онда №12 мектепті орталыққа қарай көшіруді, қалада бірнеше балабақша, әр ауданнан жекелеген балабақша қасынан қазақша бірнеше топ ашу жайында қаулы қабылданды. Бұл кеңестік темірдей берік идеологияның дәурендеп тұрған кезі болатын. Ал қазір, шүкіршілік, қазақша балабақша, мектеп ашуды қажет етуді ұлтшылдық деп айыптамайды, айдар тақпайды. Сондықтан бүгінде оны өтініш емес, талап етуге болады.

Жалпы, сан жылдар бойы шөмен болып қатқан, қалыптасқан көнбістік пен именшектіктің, жерімізді жайлатып, төрімізден орын беріп, оның салдарын ойламаған келтелік пен жалпақшешейлік зардабын енді ғана сезе бастағандаймыз. Әйтсе де, бұл қылықтан әлі де ада-күде арылып болғанымыз жоқ. Төртегі қонаққа барымызды ұсынып, бас шұлғып баққан әсіре ізетшілдік мінез-құлықтан арылуымыз қиынға соғуда. **Өзге елде, бөтен жерде баян**

тауып, сіңе бастаған түрлі халық сол өздері өркен жайып отырған елдің тілін, мәдениетін, өнерін білмегеніне қысылудың орнына, «Қазақстанда орыс тілі қағажу көріп отыр» дейтінді шығарды. Бұдан асқан өктемдік, бұдан сорақы басыну бола ма?

Қазақтардың бар «жазығы» – құртып ала жаздаған тілін өз жерінде, өз елінде қайта тірілтікісі келіп отырғаны ғана. Өзге халықтың бір де біріне зорлықпен тіл үйреткісі келмейді. Ол әркімнің ар-ожданына, ішкі интеллектісіне, мәдени-рухани жан дүниесінің сапасы мен азаматтың санасына байланысты жетілетін нәрсе ғой.

Алақанға салып әдектете сыйлап, жүрек төрінен орын берген қонағы қазекеме «өз үйінде өз тілінде сөйлеме, оның қажеті не?» деп бұйрық берсе, бұл қай әділетке, қай бауырмалдыққа жатады? Мұндай да болғанын көзімізбен көріп, құлағымызбен есіткен едік. Мен мұны жеке бастың мәселесімен айтып отырғаным жоқ. Тіліміздің әлі де білікті азаматтар тарапынан қолдау таба алмай жатқанын айтып, сәл де болса ой салу еді. **Біз қазір ұлт ретінде үш киелі ұғымды қастерлей білуіміз керек. Ол – Жер, Ел, Тіл. Бұл үш ұлы ұғым алдында бәріміз де кішіміз, бәріміз де соған қызмет етуге міндеттіміз.** Үлкеніміз бар, кішіміз бар, бұл қағиданы бәріміз тік тұрып мойындауымыз қажет. Әрине, егер өзімізді қазақ ұлтын құрметтейтін, Қазақстанның тең, құқықты азаматы деп есептесек.

Жазып алған Қуат Әуесбай

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕГЕНГЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ»

Биыл қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына 20 жыл толып отыр. Бұл ел тарихындағы ең бір елеулі оқиға. Өйткені еліміздің тәуелсіздігі тіліміздің тәуелсіздігінен бастау алған еді. Тарих үшін 20 жыл деген

қас-қағым ғана сәт. Ал еліміз үшін бұл 20 жылдың салмағы орасан зор. Бұл кезеңді тіліміз ғана емес, ұлтымыздың да, мемлекетіміздің де қанаты қатаю кезеңі десек, қателесе қоймаймыз. Осынау мерейлі оқиғаға орай біз тіл майданының көшбасшысы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, белгілі ғалым, академик Өмірзақ Айтбайұлымен аз-кем ой бөліскен едік.

– Өмірзақ Айтбайұлы, биыл қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алғанына 20 жыл толғалы отыр. Сонымен бірге Өзіңіз жетекшілік етіп келе жатқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына да 20 жыл толады екен. Әрине, бұл екі оқиғаның бір-бірімен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Бұл айтулы дата мемлекет тарапынан да, өздеріңіз тараптарыңыздан да атаусыз қалмайтын шығар. Әлде былтырғы Алаштың 90 жылдығының кебін құша ма?

– Сұрақтың астарын түсіндім. Ел Үкіметі азуын айға білеген Алаш азаматтарының өзін елемегенде, тіліңізді жарылқай қояр ма екен дегіңіз келіп тұр ғой. Ашығын айтуымыз керек, Алаштың 90 жылдығын жоғары деңгейде лайықты атап өте алмағанымыз елдігімізге сын болды. Мемлекеттің ғана емес, әрбір қазақ баласының міні болды. Құлдық сананың әбден сіңісті болғандығының, елдік, ұлттық мәселеге келгенде кежегеміздің кейін тарта беретіндігінің көрінісі бұл. Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады емес пе. Санымыз көбейіп келе жатыр. Сан сапаға айналмай қоймайды. Біртіндеп бодандық кезеңнің қалдығы – жалтақтық, ұлтсыздық, табансыздық секілді әдеттерден де арылармыз деп ойлаймын. Сол кезде мұндай кесір мінездердің барлығы да өткеннің еншісіне айналмақ.

Ал қазақ тілінің және Қоғамның 20 жылдығына келер болсақ, мәселенің басы ашық. Сөз жоқ, бұл ұлт өміріндегі ұлы күннің бірі деп білемін. Мұны елеусіз қалдыруға болмайды. Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал халық, оның тілі – мәңгілік. Дағдарысты сылтау етіп, тілімізді төрге шығара алмасақ, басқа істеріміздің барлығының да мәні шамалы.

Қазақ тілінің қалай мемлекеттік тіл мәртебесін алғаны күні бүгінгідей көз алдымызда. Ол оңайлықпен келген жоқ. Талай талас-тартыс болды. Өйткені тілдің тағдыры – қазақтың тағдыры еді. Тегеурінді қарсылықтарға да ұшырастық. Әйтеуір, түбі қайыр. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Енді алдымызда сол жетістікті баянды ету, іске асыру міндеті тұрды. Бұған қоса елдің көңіл күйі де, рухы да түлеп, үлкен қозғалысты қажет етті. Сол жылы академик Әбдуәли Қайдаровтың бастамасымен «Қазақ тілі» қоғамы осылай құрылған еді.

Содан бері тіл майданында толассыз күрес жүргізіп келе жатқан «Қазақ тілі» қоғамына да биыл 20 жыл толайын деп отыр. Осыған орай мен Елбасының атына хат жолдаған едім. Жуырда ғана Елбасының тапсырмасымен мені Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев қабылдап, осы мәселелерді жан-жақты талқыладық. Қанат мырза Елбасының ана тілімізге ықыласының ерекше екендігін және атаулы күндерді тиісті деңгейде атап өтуге қолдау білдіретінін жеткізді. Әлбетте, бұл шара аясында ат шаптырып, аста-төк ас берілмейді. Мәнді, мағыналы шаралармен шектелген жөн деп білеміз. Сөйтіп, біз Қанат Бекмырзаұлымен биыл күзге салым Астана қаласында тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғанына 20 жыл толуына орай республикалық конференция өткізбек болып бәтуаластық. Оған дейін облыс орталықтарында тілге арналған жиындар өткізіледі. Ал Қоғамның 20 жылдығын да осыған орайластырмақпыз.

– Жиырма жыл деген аз уақыт емес қой. Осы кезеңді көктей шолғанда, елімізде қазақ тілінің өрісін кеңейту бойынша атқарылған істерге көңіліңіз тола ма?

– Көңілдің толатын да, толмайтын да жақтары бар. Тіл саясаты бойынша мемлекетіміз ешнәрсе жасамай отыр деп ауызды қу шөппен сүртуге болмайды. Үкіметтің соңғы жылдары қазақ тіліне шындап ден қоя бастауы, Үкімет, Парламент отырыстарының қазақ тілінде өтуі, қазақша дайындалатын ісқағаздарының үлес салмағының артуы үлкен үміт күттіреді. Бұл өзі бұрыннан да солай болуы тиіс жағдай ғой.

– Демек, билік тарапынан қазақ тіліне қатысты атқарылып отырған істер жеткілікті деп санайсыз ғой?

– Мәселе, жеткілікті, жеткіліксіздігінде емес. Барды бар, жоқты жоқ деп айтуда. Егер қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына көтеріліп, бүкіл мәселесі шешімін тапқан болса, өзімізге тиісті ғылыми жұмысымызбен ғана айналысып жүре бермей, қоғам құрып, тіл майданына шығып неміз бар? Мақсат – атқа мініп, атақ шығару ма?! Ашығын айтсақ, әлі де ана тілімізге қатысты шешімін тапқан істерден гөрі, шешімін таппағандары шаш етекпен. Көзіміз танып, намысымыз жанып тұрған соң, ана тіліміздің адымын ұзартуға аз да болса үлесімізді қоссақ деп әрекет етіп келеміз. Құдайға шүкір, ісіміз нәтижесіз емес. Оларды тізбелеудің басы артық. Көпшіліктің көз алдындағы дүние ғой.

Ал, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін еліміз не атқарып келе жатыр дегенге келсек, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің мәселесі әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Азды-көпті шаруалар атқарылып жатыр. Мысалы, ана тілімізді ардақтау мақсатында 17 жылдың ішінде Елбасы 5 жарлық, 3 өкімге қол қойса, Үкімет мемлекеттік тілді өркендету тұрғысында 22 қаулы қабылдапты. Арнайы Заң, мемлекеттік бағдарлама бар. Тіл комитеті, облыстық тіл басқармалары қызмет етуде. Осы кезең аралығында елімізде 883 қазақ мектебі ашылыпты. Алайда бұл әлі де аз. Осы бағытта тұрақты жұмыс істей беру керек. Менінше, Қазақстанда қазақ, орыс мектебі дегенді қоятын кез жетті. Бір ғана мемлекеттік мектеп болу керек. Оны бітіріп шыққан барша оқушы ұлтына қарамай, қазақ тілін жақсы меңгеріп шығуы тиіс. Барлығына талап бірдей болуы керек. Сонда біз бүгінгідей мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін үйрету үшін қыруар қаржы шашып әуре болмайтын едік. Маған салса, сол қаржыны сүйегі қатып кеткен азаматтарды оқытамын деп әуре-сарсаңға түспей, балабақшалар мен мектептерде қазақ тілін оқыту жүйесін жетілдіруге жұмсаған жөн. Бұл әлдеқайда тиімді әрі нәтижелі болар еді.

Жоғарыдағы жәйттерді айтып отырғаным, қалай болғанда да ілгерілеушіліктердің бар екендігін көрсету. Дегенмен,

қазақта «жыламаған балаға емшек бермейді» деген сөз бар. Қол жеткен нәтижелеріміз тілім, елім деген асыл азаматтардың намысқа шауып, жан-жақтан тіл мәселесін тұрақты көтеруінің, табандылық танытуының, мәселені Елбасының түсіністікпен қабылдауының арқасы. Қазір айтуға оңай. Әрбір қазақ мектебін ашу, қазақ тілін мемлекеттік тіл ету қаншалықты күшке түскені жұртшылықтың жадынан шыға қоймаған болар. Бұл бағыттағы істерді тоқтатуға болмайды.

– *«Қазақ тілі» қоғамы бекерден-бекер «халықаралық» деп аталмаған болар. Халықаралық өреде не тындырып жатырсыздар?*

– Халықаралық деп аталу себебіміз Қоғам құрылған күнінен бастап алыс-жақын шетелдерде мекендеп жатқан қазақтарды түгендей бастадық. Қоғамның бір бөлімі арнайы осы мәселемен шұғылданды. Осы мақсатта Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Түркия, Қытай, Украина, Латвия, Литва, Эстония елдеріне сапарға шықтық, ондағы қазақтардың өмірімен таныстық. Сол өңірлерде «Қазақ тілі» қоғамының бөлімшелерін аштық. Шетелдердегі қазақтардың Германияда, Түркияда өткен кіші құрылтайларына қатысып, ондағы қандастарымыздың жай-күйімен хабардар болып отырамыз. Мұқтаждықтарына биліктің назарын аудартамыз.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен бірлесіп отырып, жұмыс істеу жолдарын қарастырудамыз.

– *Мемлекеттік тілді дамыту қорының директоры Б.Әбдіғали жақында бір басылымға берген сұхбатында «мәселе тілде емес, қазақтың өзінде екен. Қазақ өзін сыйлаудан, құрметтеуден қалған екен. Қазақтың ұлттық сапасын көтермей, қазақ тілі оңалмайды» деген сыңайда пікір білдірді. Осыған алып-қосарыңыз бар ма?*

– Қазақтың сапасын көтеру үшін де тілді игеру, тілді үйрету керек. Тіл білмесе, сапа көтерілуі қиын. Мәселе жалғыз қазақта ғана емес, оның рухында, жан-дүниесінде. Егер ұлттық рухы болмаса, жан-дүниесінде өзін ұлттың бір бөлшегі ретінде сезіну түйсігі болмаса, онда қазақ тілін білетін қазақтан да қайыр шамалы. Сондықтан тілді де, рухты да тең ұстау керек деп есептеймін.

– «Қазақ тілі» қоғамы соңғы жылдар әлетінде нақты қандай істермен айналысты? Сонымен бірге алдағы жоспарларыңызбен де бөлісе отырсаңыз.

– Мемлекеттік тілге қатысты қандай проблемалар туындаса, Қоғамның сол жерден табылмай қалған кезі жоқ. Естеріңізде болса, бұрнағы жылы Байқоңыр қаласындағы орта мектептердің Ресей оқулықтары негізінде білім алып жүргені туралы үлкен шу шықты. Бұрынғы Білім және ғылым министрінің ұлттық мүддеге салғырт қарауынан орын алған осынау келеңсіздікті дер кезінде көтеріп, тиісті органдардың назарын аударған «Қазақ тілі» қоғамының Байқоңыр қаласындағы бөлімшесі болатын. Білім және ғылым министрлігінен бұл мәселені оң шешуге тырысамыз деген жауап алдық. Бақылауда ұстап отырмыз.

Сол секілді 2007 жылғы ақпан айында қазіргі Премьер-министріміз Кәрім Мәсімовтің министрліктер мен әкімдіктерге Үкімет кеңсесіне беретін ақпараттарын алдағы уақытта қос тілде, орыс және мемлекеттік тілде бер деген нұсқауының орынсыздығын дәлелдеп, бұған тосқауыл қоя алдық.

Бұл мәселе жөнінде Мемлекеттік хатшыға арнайы хат жолдаумен бірге өзім мүшесі болып саналатын Үкімет жанындағы мемлекеттік тіл саясаты жөніндегі тұрақты кеңесте де бұл әрекетінің заңға қайшы, қазақ тілінің тынысын тарылтуға бағытталған зиянды әрекет екендігін Мәсімовтің өзіне де айттым. Сөйтіп, мәселенің дұрыс арнаға түсуіне қол жеткіздік.

Алматы қаласының орта білім беру жүйесіне талдау жүргізіп, қазақ мектептерінің санын арттыру туралы Ғылым және білім министрлігінің алдына мәселе қойып, ол министрлік тарапынан түсіністік тапты.

Сол секілді Елбасыға, Мемлекеттік хатшыға, Премьер-министрге, салалық министрліктер мен облыстық әкімдіктерге қазақ халқының толғақты мәселелері, қазақ тілі туралы ұсыныстарымызды тұрақты түрде жолдап отырамыз. Олардың көпшілігі ілтипатқа алынып, ретімен шешімін табуда. Бір ғана мысал. Былтырғы мамыр айында

Президент әкімшілігіне қазақ тілінің ауқымын кеңейту бойынша ұтымды ұсыныстар мен тиімді қоғамдық бастамаларды қаржыландыратын арнайы қор құру қажеттігі пісіп жетілді деген ұсыныс берген болатынбыз. Бұл ұсынысымыз Елбасы тарапынан қолдауға ие болып, оның қандай нәтиже беріп жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар. Өзбекстаннан қоныс аударып Шымкент қаласының іргесіне жайғасқан 20 мыңдай қазақтың «Асар» атты ұйым құрып, арнайы қалашық салғаны туралы Елбасына түсініктеме хат жаздым. Елге келіп жатқан өзге ағайындарға үлгі болар осы игі істі Елбасы арнайы барып көріп, қолдау көрсетті. Жаңа пайда болған қалашық иелерінің Елбасы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына деген алғысы зор.

Бұлар әңгіме ауанына қарай ойыма түскендері ғана. Бірақ сауапты істі санамас болар. Бұл еліміздің, тіліміздің алдындағы перзенттік те, азаматтық та парызымыз ғой. Ал парызды адам есеппен істей ме?! Алдағы уақытта да аталған жұмыстардан аянып қалмаспыз.

– *Қазіргі таңда мемлекеттік тілге қатысты қандай мәселелерге көңіл аудару қажет деп санайсыз?*

– Әрине, бәріміз де қазақ тілінің барынша тез қоғам өмірінің бар саласында үстемдік еткенін көргіміз келеді. Тәуелсіздігіміздің тұғыры, ұлттық бірлігіміз тілдік тұтастыққа негізделсе деп тілейміз. Бұл заңды да. Дегенмен, уақыт дейтін құдіретті әміршінің де бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Жылдар бойы қалыптасқан үрдісті, сіресіп қалған сананы аз уақыт ішінде өзгерте қою қиын. Қазақ тілінің қолданысын кеңейту аясындағы жасап жатқан амалдарымыздың екпін алып кете алмай отыруы да елімізде жетпіс жыл бойы үстемдік құрған саясаттың санаға әбден сіңісті болып қалғандығын, инерциясының әлі де жалғасып келе жатқандығын көрсетеді. Сондықтан да бұған неғұрлым тез тосқауыл қойып, ел санасын жаңа бағытқа қарай икемдей түскеніміз абзал. Өйткені ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, «Төзім деген жақсы қасиет. Бірақ ұзақ төзуге адамның ғұмыры жете ме?».

Ал нақты шараларға келетін болсақ, мемлекеттік тіліміздің өрісін ашар нормативтік-құқықтық базамыз әлі

де әлсіздік етіп отыр. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасы әзірленгенімен, оның қабылдануы кейінге ысырылып қала беруде. Осыған күш салуымыз қажет. Өйткені Заң пәрменді болмай, тиісті нәтижеге қол жеткізу қиын.

Сонымен бірге қазіргі кезде бүкіл қазақ баласының аты-жөні қате жазылып жүр. Осыған байланысты қазақтар түрлі қиыншылықтар мен кедергілерге ұшырасуда. Сондықтан ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін ұлттық дәстүр мен қазақ тілінің емле-ережелеріне сай ресімдеудің тәртібін реттейтін Үкіметтің арнайы қаулысы қажет. Аты-жөніміздегі **-ов, -ев, -ин** деген орысша қосымшалардан құтылып, тәуелсіз елдің бостан азаматына лайық нағыз қазақ болатын кез жетті.

Әрине, бұл жерде азамат өзінің аты-жөніне түзету енгізіп, қатесіз, дұрыстап жаздыратын болса, оның басқа құжаттарына қатысты көптеген кедергілер туындап отыр. Мысалы, өзіне тиесілі мүлкінің, дипломдарының, т.б. толып жатқан құжаттарының қайта ресімделу машақаттары. Сондықтан көп азамат осындай мехнаттан қашып, баяғы құлдық қамытын шешкісі келмейді. Сонымен бірге өзінің азан шақырып қойған қазақша аты-жөнін қорсынып, орысша «крутой», «модный» аты-жөнінен «мәмбетский», «қазақбайский» аты-жөнге көшкісі келмейтіндер де бар. Міне, осы мәселенің оңтайлы шешімін табуымыз қажет. Осы мәселе жөнінде еліміздің бас адамдары, зиялы қауымы үлгі көрсетіп, бұқаралық ақпарат құралдары үнемі көтере берсе дұрыс болар еді. Бүкіл қазақтың аты-жөнінің қате жазылуы намысқа тиетін нәрсе емес пе?! Сонда қалай, бір адамда екі ат бола ма? Мысалы, «Төлеген» деген жап-жақсы атымыз жеке куәлікте «Тулеген» не «Толеген» деп жазылады. Бірлі-жарым болса бір сәрі. Қазақтың 99,9 пайызының басындағы кеп бұл. Бұл не маскара! Әрқайсысымыз намысымызды қамшыламасақ болмайды. Тіпті болмаса, енді дүниеге келіп жатқан балаларымыздың аты-жөнін қазақша жазайық. Бұған ешкім кедергі жасап жатқан жоқ қой. Сөйтсе де құлдық сана сүйегіне сіңіп кеткен қазақтардың намысы өздігінен оянады деп күту қысыр сиырдың уызынан дәмектендей тірлік болады. Сондықтан қазақ азаматтардың барлығының аты-

жөнін міндетті түрде қазақша ресімдеуге пәрмен беретін арнайы нормативтік құжат қажет. «Адам құқығы», «таңдау еркі» секілді әдемі сөздерге елтіп, көрінгеннің көңіліне қарай берсек, ұлттығымыздан айырылып қалатын түріміз бар. Сондықтан мемлекеттің болашағы, ұлттың мүддесі бәрінен де биік тұруы керек.

Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік тілге қатысты қаншама заң бұзу фактілері, сот процестері орын алды. Алайда бұл сот процестерінде дауды сот қалай шешсе, солай шешілді. Сот процесінің өзі мемлекеттік тіл бойынша қоғамда қандай проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Бұған арнайы талдау жасалған жоқ. Сондықтан Жоғарғы сот осыны талдап, халыққа жеткізуі керек.

– Сіз тек «Қазақ тілі» қоғамының басшысы ғана емес, елімізге белгілі тілші-ғалымсыз, белді терминологсіз. Ал кез келген тілдің өміршеңдігі оның ғылым, білім, бизнес, саясат тіліне айналуында. Қазақ тіліндегі ғылыми өрістің барысы қалай?

– Мемлекеттік тілдің бір өрісі – ғылым тіліне айналуына байланысты. Ал ғылым тіліне айналудың шарты – терминологиялық лексикасының қалыптасуында. Ал тілде терминологиялық жүйе қалыптасып бітті деп айта алмаймыз. Ол өмірмен, қоғаммен тығыз байланысты, үздіксіз өзгеру, даму үстінде болатын құбылыс. Өйткені ғылым да қоғам. Соған орай бір орнында тұрмайды. Оны танбалауға арналған жана терминдердің пайда болып отыруы заңды. Осы жағынан алғанда қазақ терминологиялық лексикасы жылдан-жылға толығып, молығып, байып келеді деп айтуға болады. Өзімнің ғылыми шығармашылығымның негізгі бағыты осы терминологияға арналған. Осы орайдағы туындыларыммен таныс адамдар біраз мәселені байқайды деп ойлаймын.

Қазіргі кезде терминология бойынша түбегейлі, терең зерттеулер көбейе түсті, кәсіби зерттеушілер қатары молайды. Қазақ тілі ғылым тілі ретінде көсіліп жұмыс істей бастады. Бұл қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің біріздендірілуінің нәтижесі деп білемін. Әйтсе де әлі де болса атқарылар істер көп.

– «Қазақ тілі» қоғамы еларалық «Қазақ елі» газетін өз қарамағына алып жатыр. Бұл Қоғамның халықаралық аядағы істерін жандандыруды көздеуі ме әлде басқа себебі бар ма?

– Қазақ елі, қазақ тілі деген ұғымдар бір-бірінен ажырағысыз ағайынды ұғымдар деп есептеймін. Олар бірінен-бірі туындап жатыр. «Қазақ елі» басылымы «Қазақ тілі» қоғамына қарамай тұрып-ақ, қазақ тілі мәселесін ұдайы көтеріп келеді. Көтеретін мәселелері ортақ, өрістері бір болғаннан кейін бас редактормен келісе отырып, «Қазақ тілі» қоғамы оны өз қанатының астына алып отыр. Алда бірлесе атқаратын бірқатар жоспарларымыз, ойларымыз бар. Соның бәріне газеттің септігі тие ме деген үмітіміз зор.

– *Сұхбаттың соңғы сұрағын ашық қалдырайын. Сұхбат барысында осы сұрақ қойылмады-ау немесе осы мәселе көтерілгенде жөн болар еді деген ниетіңіз болса, Сізге мүмкіндік бермекпіз. Ендеше, түйінді сөз өзіңізде.*

– Қазір әлемді дүрліктірген дағдарыс бізге де келіп жетті. Қай-қай саладан да оның салқыны байқалып жатыр. Дағдарыс кезінде бүгінгі жеткен өремізден төмендеп кетпей, парасаттылық танытып, тәуелсіздігімізді нығайта беру ісін ұдайы жадымыздан шығармасақ деп тілеймін. Елмен, жұртпен кеңесе, бірлесе отырып, бұл қиындықты да еңсереміз деп сенемін. Қазақ елі қиындықтың неше атасын көрген. Қырылып та, жойылып та кете жаздаған кездері болған. Алайда өртеңге шыққан егіндей боп, құлпырып, еңсе көтерген еліміздің талай ісі көз алдымызда. Құдай қаласа, әлі талай іргелі істерге куә боларымыз хақ.

– *Әңгімеңізге рахмет.*

Сұхбаттасқан Нұрлан АСҚАР.

*«Қазақ елі» газеті,
2009 жылғы 24 сәуір*

ТИІМСІЗ КҮРЕСТЕН САНАЛЫ ТАҢДАУ АРТЫҚ

Біз жолайрықта тұрмыз. Алдымызда үлкен таңдау. Қай жолмен жүреміз? Бет алысымыз қалай? Таңдаған жолымыз ұшпаққа шығара ма, жоқ па? Барар бағытымыз, дйттеген мақсатымыз қайсы? Сауал көп, жауап аз. Біздіңше, елдің мақсаты, атап айтқанда, қазақ халқының мақсаты тек қана қарын тойғызып, қара көбейту емес. Ұлтсыз, тілсіз, тобырға айналып, топ көбейту де емес. Мақсат – өз еліңде өгейдің күнін кешпеу. Еңсесі тік, рухы биік болу. Алаш атының, қазақ даңқының аяқ асты болмауы. Атадан қалған асыл мұрасына, бабадан қалған барша мирасына толық қожалық ету. Көрінгеннің қолжаулығына айналмау. Қазыналы жерімізге, кең пейілді елімізге лайықты мемлекет болу. Оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің қоғам өмірінің бар белесінде үстемдік етуі. Өзгелерден кем емес, тең болу.

Қысқасы, халық «қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына» қынжылады. Елдегі «тыныштық пен тұрақтылықтың» қазақ есебінен жасала беретініне қажиды десек, бұдан былай, жауырды жаба тоқуды доғаратын кез жетті. Бұл ретте көп мәселенің түйіні тілге келіп тіреледі. Өйткені тәуелсіздіктің тірегі – тіл. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, елдің барша азаматының басын тоғыстырушы, ұлтты ұйыстырушы бірден-бір күш.

Өткен жылғы күздегі тіл жанашырлары мен ұлт патриоттарының Алматы қаласындағы «Сарыарқа» кинотеатры жанындағы саябақта өткізген митингісі де еріккеннің ермегі емес. Бұл «Тіл туралы» Заңның қабылданғанына 19 жыл болғанына қарамастан, оның әлі де өз деңгейіне лайықты сатыға көтерілмегеніне деген наразылықтың бір көрінісі. Марғау тартқан ойды, самарқау тартқан сананы серпілту жолындағы кезекті әрекет.

Ұлт жанашырларының осынау әрекеттерін бар ықыласымызбен қолдасақ та, тіл саясаты бойынша мемлекетіміз ешнәрсе жасамай отыр деп ауызды қу шөппен сүртуге арымыз жібермейді. Егер қазақ тілінің өрісін кеңейту

жолындағы мемлекетіміздің атқарып келе жатқан істеріне көз жұмып қарайтын болсақ, мұнымыз «көрмес түйені де көрместің» керін келтіргендік болар еді. Сондықтан да әрбір іске, әрқандай әрекетке баға бергенде, әділеттің ақ жолынан ауытқымағанымыз орынды.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің мәселесі Елбасының назарынан ешқашан тыс қалып көрген жоқ. Еліміз тіл мәселесіне қатысты асығыс, үстірт шешімдер қабылдамай, алысқа, болашаққа бағытталған салмақты саясат ұстанып келеді. Елбасының ұлт, ел тағдырына қатысты қабылдаған кейбір соны шешімдерін жұртшылық бастапқыда байыбына бара алмай, тосырқап қабылдағанымен, жылдар өткеннен кейін оның дұрыстығына көздері жетуде. Мұның бәрі де уақыт өте келе өз жемісін беріп жүр.

Осынау жағдайларды електен өткізе келе еліміздегі іргелі ұйым—Халықаралық «Қазақтілі» қоғамы да қазақтілінің мәселесін көтергенде қызбалыққасалынбай, байыппен, парасатпен қимылдап, бір сәттік жеңісті емес, түпкілікті, ауқымды мақсаттарды көздеп әрекет етуде. Бұған жұртшылық куә.

Әрине, бәріміз де қазақ тілінің барынша тез қоғам өмірінің бар саласында үстемдік еткенін көргіміз келеді. Тәуелсіздігіміздің тұғыры, ұлттық бірлігіміз тілдік тұтастыққа негізделсе деп тілейміз. Бұл заңды да. Дегенмен, уақыт дейтін күдіретті әміршінің де бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Жылдар бойы қалыптасқан үрдісті, сіресіп қалған сананы аз уақыт ішінде өзгерте қою қиын. Дана халқымыз мұны «батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деп тұжырмай ма. Қазақ тілінің қолданысын кеңейту аясындағы жасап жатқан амалдарымыздың екпін алып кете алмай отыруы да елімізде жетпіс жыл бойы сіңірілген саясаттың санаға әбден орнығып қалғандығын, инерциясының әлі де жалғасып келе жатқандығын көрсетеді. Сондықтан да бұған неғұрлым тез тосқауыл қойып, ел санасын жаңа бағытқа қарай икемдей түскеніміз абзал. Өйткені ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай: «Төзім деген жақсы қасиет. Бірақ ұзақ төзуге адамның ғұмыры жете ме?».

Осы кезге дейін қазақ тілінің өрісін кеңейту үшін қаншама қаражат бөлінді, қаншама мемлекеттік құрылым-

дар құрылды, қанша адам ақысыз курстарда дәріс алды. Елбасы тарапынан «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», т.б. секілді қағидалар ортаға тасталғанымен, оны елеп, ескеріп, қазақтыққа ұмтылып отырған жандардың қатары бірлі-жарым болмаса, айтарлықтай көбеймей отыр. Мұның себебі неде? Мемлекетіміз ұстанған тіл саясатының әлі де тегеурінсіздігінде. Біз атқарып отырған істің, тіл саясатын жүзеге асыру механизмдерінің тиімсіздігінде. Ал тиімсіз, қайтарымы жоқ өнімсіз іске неге қаражат шашып, уақытты сарп қыламыз. Демек, бізге басқа жолдарды қарастыру керек.

Жер иесі, ел иесі ретінде қазақ халқы жауапкершілікті қолға алуы керек. Жалтақтықты қоюы тиіс. Нық сеніммен, отты жігермен алға басуы жөн. Табансыздықтан, солқылдақтықтан, бағдарсыздықтан арылатын кез жетті. Тәуелсіздік алған 90-жылдары елімізді мекендеп жатқан өзге ұлт өкілдері бізден соны күтті. Серке болып жол бастасын деді. Болашақ тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келмегендер бірден-ақ буынып, түйініп өз тарихи Отандарына жол тартты. Қазақстаннан өз болашағын бөліп қарағысы келмегендер балаларын жаппай қазақ мектептеріне, қазақ балабақшаларына бере бастады. Алайда біз көшбасшылық жасауға дайын болмай, ірі тарихи мүмкіндікті жіберіп алғандаймыз. Солқылдақтық таныттық. Мызғымас сенім мен шешімтал қимыл болмаған жерде, бір тудың астында бас құрап, бір мақсат жолында еңбектену – бос қиял. Ірге берік болмай, іс берекелі болмайды. Біз мұны жадымыздан шығармауымыз керек.

Сол жылдары бірден сананы отарсыздандыру саясатын жүзеге асыруымыз керек еді. Әйтсе де, сол кезеңде отарсыздандыру мәселесін көтеруге экономикалық та, саяси да жағдайымыз мүмкіндік бере қоймады. Бірақ қол қусырып қарап отырдық десек, жалған болар. Елбасының бастауымен қаншама іргелі істер атқарылды, тарихи қадамдар жасалды. Ашып айтпағанмен, тарихи тұлғаларымызды түгендеу, бабалар аруағына арнап ат шаптырып, ас беру сананы отарсыздандырудың көрінісі болатын. Бірақ жүйелі түрде жүргізілген іс болмағандықтан, нәтижесі ойлағандай болмады.

Бастысы, еліміз қиын кезеңнен аман-есен өтіп келеді, ұрыскеріс, қантөгіс болмады. Тыныштық сақталды. Шегарамыз айқындалды. Біле-білген адамға мұның маңызы орасан зор. Азғана уақыттың ішінде аса ауқымды істер атқарылды. Президенттің астананы Ақмолаға ауыстырып, жаңа тұрпатты, сән-салтанатты қаланың бой көтеруіне тікелей мұрындық болғаны тарихи ерлік. Қазақ бар кезде, Қазақстан тіршілік етіп тұрғанда бұл іс ұмытылмақ емес. Мұны ұлттық сананы оятуға, елді өзгеше, тың даму арнасына түсіруге бағыттаған тарихи бетбұрыс, ерекше қадам деп санаймыз.

Мойындауымыз керек, Қазақстанда іс басындағы ат төбеліндей аз ғана топ болмаса, жалпы халықтың ішінде ең нашар тұратын, ең кедей тұратын халық – қазақ. Құқы аяққа тапталып жатқан, өзін қор, кембағал санайтын, табысы аз, қара жұмысқа жегіліп, еңбегі еш, тұзы сор болып жүрген де қазақ. Экологиялық апаттардың зардабын тартып отырған да қазақ. Сіңірі шыққан кедейлер кеселі – құрт ауруымен көп ауыратын да қазақ.

Осындай жағдайда отырған қазақтарды өзге ұлт өкілдері қалай құрметтесін, қазақ тілін қалай үйренсін. Оның үстіне әлі күнге қазақтар орыс тілін білмесе, лауазымды қызмет атқара алмайды. Табысты, беделді қызмет атқару үшін міндетті түрде орыс тілін білуің керек. Онсыз аттап баса алмайсың. Осындай әділетсіз жағдайлардың барлығы жиылып келіп, қазақтардың көкірегіне қыжыл кіргізіп отыр. Қазақ тілінің кең қанат жая алмай отырғанының бір себебі де осында жатыр. Өйткені оның болашағына деген сенім аз. Мемлекет тарапынан кепілдікті көрмей тұр. Тіл саясатына қатысты Конституциямыз да, «Тілдер туралы» Заңымыз да, тіл туралы Мемлекеттік бағдарламамыз да екіұшты, кісіні екіұдай ойға қалдырады. Елдің болашағын жалғастырады деген «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетел асып оқып жатқан жастарымыздың да дені орыс тілді.

Қысқасы, Қазақстанда қазақ ұлтының мүддесін көздейтін заңдық база әлсіз. Сондықтан Қазақстанда қазақ ұлтының проблемасы шешілмей, басқа проблемаларымыз шешіле қоюы қиын.

Мұндай мәселені мемлекеттік тұрғыда кешенді шараны қолға алу арқылы шешпесе, ұсақ-түйек, бір сәттік, өтті-кетті шаралармен шешу мүмкін емес. Мұны іске асыру механизмі мынадай болуы керек деп санаймыз. Бұл үшін Президент жанынан арнайы ұлттық комиссия құрылып, оның құрамына әртүрлі саланың білгір, ұлтжанды мамандары тартылуы қажет. Комиссия тұжырымдаманы дайындап, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың талқылауынан өткізіп, Президенттің бекітуіне ұсынуы керек. Тұжырымдама бекітілгеннен кейін Үкіметке немесе арнайы уәкілетті органға тұжырымдаманы іске асыруға арналған мемлекеттік бағдарламаны дайындап, Президенттің бекітуіне ұсыну жүктелгені жөн.

Бағдарламада қазақтардың мүддесін ескеретін білім беру, миграциялық, демографиялық, тұрғын үй, тіл, экономикалық, ішкі және сыртқы саясат мәселелері қамтылуы керек. Халықтың тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған мәдени-рухани шаралар (айтыс, атақты адамдардың мерейтойлары, тарихи жәдігерлерімізді жинақтау), мәдени мұра, қазақ тілін дамыту, т.б. шаралар осы бағдарламаның аясында, бір орталықтың бағыттауымен жүзеге асырыла береді. Осы кезге дейін атқарылған ұлттың рухын көтеруге, еліміздің болашағын баянды етуге арналған шараларымыздың ірі тарихи миссиясын жақсы атқарғанын ескеріп және олардың озық тұстарын алып, әрі қарай арнайы бағдарлама аясында атқару жөн деп білеміз. Осында аталған мәселелерге елімізде тұрып жатқан әртүрлі ұлт өкілдері түсіністікпен қарайтынына және қолдау көрсететініне толық сенеміз.

Осындай ауқымды істерді атқарғанда ғана қазақ халқы өзге ұлт өкілдерімен терезесі тең болып, тарихи әділетсіздіктерге деген өкпе-реніштері басылып, Қазақстанда өзге ұлттардың ұйыса өмір сүруінің ұйытқысы болып, дамудың жасампаздық арнасына түсер еді. Қазақстанды мекендеп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де, шетелдердің де қазақтарға деген құрметі, сыйы арта түсетін болады. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін», «Өзін сыйламағанды, өзге сыйламайды», «Ауруын жасырған өледі» деген тәмсілдер темірқазығымыз болса игі.

Өнер білімі ілгері кеткен елдермен терезе теңестіреміз, өзімізді сыйлатамыз десек, дипломатиялық қарым-қатынасқа, еларалық келіссөздердің қыр-сырына машықтанған әртүрлі тілден тікелей қазақ тіліне және керісінше аударма жасай алатын кәнігі тәржімашыларды дайындауымыз керек. Іргелі елдердің келіссөздер барысында аударма жасайтын мамандарының тәжірибесін зерттеп, соны қолдануымыз керек.

Сайып келгенде, қазақ мәселесінің сарқып құяр сағасы тілге келіп тіреле береді. Тіл мәселесі жалқыны емес, жалпыны қамтитын, бар салаға бірдей қатысты болғандықтан, мәселені шешу үшін ауқымды, жан-жақты, жүйелі шараларды қолға алуға тиіспіз. Осындай күрмеуі көп күрделі түйінді тарқату үшін төмендегідей шараларды қолға алуды ұсынамыз.

Ең алдымен, басы ашық, қазақ халқының ойынан шығатын нақты әрі айқын ұлттық идеология керек. Жұртшылықты бір тудың, бір ойдың астына жұмылдыруы тиіс. Келер күнге, алдағы тағдырына құлшындыруы керек. Қазақ халқы және басқа ұлт өкілдері өздерін алда қандай өмір күтіп тұрғанын нақты білуі, көз алдына елестетуі керек.

Еңсесі түсіп езілген, есесі кетіп кетілген елмен мықты мемлекет құра алмаймыз. Мемлекетіміз мықты, тәуелсіздігіміз тегеурінді болуы үшін халқымыздың еңсесі тік, рухы биік, арманы асқақ болуы керек. Қазақ халқының тұрмысын көтеру – басты мақсат болуы тиіс. Ол үшін елдің қаржылық, экономикалық сауатын көтеру керек. Істің көзін көрсету қажет. Кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік туғызған жөн. Қазаққа қармақ қана емес, сонымен бірге балығы бар тоғанды да қоса беру керек. Біз сонда ғана дамимыз. Орта тап – ұлттық буржуазия қалыптастырғаннан кейін қандай іске болсын бел шешіп кірісе беруге болады.

«Қазақ тілі» академиясын құру керек. Ол мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің, тіл саясатын іске асырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасауы, қолданбалы қазақ тілінің мәселелерін зерттеуі, ресми іскерлік стиль мен ғылыми-техникалық тілді қалыптастыруы, ұлттық

идеология әзірлеудің ошағына айналуы тиіс. Мұны ұлттық даму институттарының жылдық табысының белгілі бір мөлшерін бөлу арқылы қаржыландыру керек. Сол секілді түрлі гранттарды жеңіп алып та, өзін-өзі қаржыландыратын жағдай жасауға болады.

Елімізде дәстүрлі діндерге ғана орын қалдырып, қаптаған конфессиялар мен секталарға қатаң тыйым салу қажет. «Діни наным бостандығы туралы» Заңды қайта қарап, талаптарын күшейту керек. Бізге жалпы жұртшылықтың (келісек миссионерлердің) көңілін табудан гөрі, еліміздің тыныштығы, тәуелсіздігіміздің баянды болғаны қымбат.

Біз мың жерден Батысқа, Америкаға еліктеп, қанша тыраштанғанымызбен, олардың даму деңгейіне таяуда жете алмаймыз. Еліктеуші, тұтынушы деңгейінен арыға көтерілу қиын. Бұған ХІХ ғасырда француздарға еліктеген орыстар, Ататүрік бас болып, батысты бетке алған түріктер тәжірибесі мысал бола алады. Дамыды деген Малайзия мен Сингапур де Батыс Еуропа мен Америка елдерінің шеніне келе алмайды. Батыстануға бет алған Үндістан тарихы да сабақ болуы керек. Бұл ретте Қытай мен Жапонияның тәжірибесін жақсылап зерттеу қажет. Біз өз тарихи тамырымыз бен салт-дәстүрімізге табан тіреп, әлемнің ең үздік жетістіктерін бейімдеп пайдалана отырып, өз жолымызды анықтауымыз керек. Ақыл-ой мен ғылым-білімге барынша иек артуға тиіспіз.

Сонымен, осында айтылған ойларымызды тұжырымдай түссек, біз бұдан былай өткенімізді сараптай, болашағымызды бағамдай отырып, нақты әрі батыл қадамдар жасағанымыз абзал. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «тіл майданында» ерекше қажыр танытып, «тіл жолында толассыз күрес» жүргіздік. Бір ғана Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының маңына еліміздің ұлтым, тілім деген миллионға жуық ұлқызы топтасты. Бар күш-жігерін жұмсады. Сол азаматтардың арқасында тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіп келеді. Тіл саясаты оң арнаға бұрылып келеді. Осындай елімшіл жарандарымыздың қатары сиремесін, күннен-күнге молыға, толыға берсін деп тілейміз.

Қазір заман басқа, заң өзге. Біз де соған лайық, заман талабына сай бағыт ұстанғанымыз жөн. Енді күрестен таңдауға қарай бет алсақ. Өйткені күрес болған соң текетірес болады. Бір жақ жеңіп, екінші жақ жеңіледі. Бұл қарсы қозғалысты, күшті туындатады. Меніңше, бізге ендігі жерде өріссіз күрестен гөрі, таңдау жасау қажет. Таңдау – қазақ тілі. Қазақ тілін мемлекеттік мәртебесіне сай ету, бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Қоғам өмірінің бар саласында қолданысын қамтамасыз ете алатындай жағдайға жеткізу. Біз бұған табиғи жағдай, солай болуы тиіс дүние секілді қарауымыз керек. Өйткені жер өзіміздікі, ел өзіміздікі, тіл өзіміздікі. Күреске күш шығындағанша, сол күшімізді, қуатымызды өзімізді нығайтуға, мықты болуға жұмылдырайық. Шала қазақ, таза қазақ, мәңгірт қазақ деп бөлінгеннен не шығады. Одан да бүкіл қазақты, барша жұртты біріктіретін, тұтастыратын жағын ойлауымыз керек. Осыған қазақ ұйытқы болатындай мәселені назарға алайық. Біз басқа мемлекетте отырған диаспора емеспіз ғой. Қазақ тіліне, қазақ ұлтына көңіл бөл, қаржы бөл деп сұрайтын. Әрбір қазақ өз елінің қожасы, иесі сезінуі тиіс. Біз осындай психология қалыптастыруымыз керек. Соған күш салуымыз керек. Оны біреу жасап бермейді. Қолымыздан келгенше өзіміз жасай беруіміз керек. Заманға сай істің көзін табуымыз керек. Жақсы ой болса, ұтымды идеялар, тиімді жобалар болса, соны іске асыруға шамасы жететін құрылымдық жүйе болса, қаржының да, басқасының да орны табылып, орайы келе береді деп ойлаймыз.

Осы айтылған ой-пікірлерді біртіндеп орнына келтіре алсақ, Тәңірі бақ-талайымызға берген тәуелсіздікті баянды етерімізге сеніміміз кәміл.

**ЕЛБАСЫ
ЖӘНЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ**



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Бұл тақырыпта әңгіме қозғау еркін ойлы оқырманның көңіл-күйін әралуан саққа жүгіртуі ықтимал. Мұның өзі бір есептен таққа табыну, ұлыққа жағыну, патшаның көзіне түсу сияқты болып та көрінуі ғажап емес. Кімнің аузына қақпақ қоя аласың. Егер жұрт не айтады, қалай қарайдымен жүре берсең әділ ойың мен адал сөзіңді айтудан қалмайсың ба? Мен екі түрлі себепті алға сала отырып, осы мәселеге барып отырмын. Өз ойымды ешбір бүкпесіз ортаға салғым келеді.

Бірі – құрдымға кете жаздаған қазақ тілінің қалай еңсе көтергені, егемен еліміздің мемлекеттік тіліне қалай айналғаны болса, екіншісі – осы ұлы да кесек әрекеттердің басы-қасында болып, ана тіл алдындағы перзенттік парызын өтеп келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың азаматтық болмысы, адам-пенде ретіндегі кескін-кейпі туралы әңгіме қозғау.

Әрине, бүгінгі күн, бұл дәуір де өтер, түр-тұлғасы басқа бір заман да жетер. Тарих дөңгелегі бір орында тұрмас. Келер ұрпақ біз жайында, біздің заман жайында, кезеңнің құлы болған адам-пенде жайында басқаша пікір өрбітері де мүмкін. Оған билікті тек қана тарих айтар.

Әйтсе де әр заманның, әр қоғамның өзі тудырған іс-әрекеті, өзіне сай азаматы, адамы болмақ. Соған лайықты бағасы да берілмек. Яғни адам мен қоғамның кескін-кейпі, болмыс-бітімі, хал-харекеті өзінің заманына сәйкес қалыптасады, адамына қарай сомдалады.

Осы тұрғыдан қарағанда, біздің заманның да келешек ұрпаққа берері мен айтары жетерлік. Тарихымызда тұңғыш рет халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, дербес мемлекетке айналды, өзге елдермен терезесі теңесті. Тәуелсіздікті айшықтайтын нышандардың бәрі жасалып, экономикасын, мәдениетін, ғылымын, білімін т.т бағзы біреулерге жалтақтамай-ақ өз бетінше өрбітерлік еркіндікке ие болып отыр.

Құдай бұйыртып, тұңғыш президентімізді таққа көтердік. Ол халық алдында тұңғыш рет қазақ тілінде ант берді.

Сөйтіп Тіл туралы құжатта (1989 ж.) заңдастырылған, Конституциямызда (1995 ж.) бекітілген мемлекеттік тіліміз Елбасымен бірге Тәуелсіз еліміздің ең жоғарғы мінбесіне көтеріліп, өзінің мәртебесін әйгіледі. Тіпті Елбасыны президент тұғырына көтерген қазақ тілі десе де болады. Егер ол қазақ халқының ұлы болмаса, оның тілін жетік білмесе, сонымен бірге оның тілге, елге, жерге адал қызмет етіп, көсеге көгертер ынтасына сенбесе, оған елдің дауыс берер-бермесі нәркүмән еді. Оған ел сенді, жігеріне, талабына, талантына, қажыр-қайратына сенді, ұлтымыздың нағыз ұлы деп сенді. Ел жүгін еңсеріп әкетер іскерлігіне, жұртты үйіріп әкетер жалынды сөзіне, шешен тіліне ұйыды. Алға сүйерер жақсылықты да, етекпен тартар жамандықты да ұмытпайтын жадына таңданды. Күндіз-түн тыным таппайтын күш-қайратына сүйеніп, оған өз тағдырын сеніп табыстады. Бұл үлкен сенім, ұлы үміт және бір адамның қолына жинақталған ұлы күш.

Еліміз тәуелсіздік туын көтеріп, тұңғыш Президентіміз сайланғанда жұртпен бірге жүрек жарылардай қуанышқа бөлендік. Бұл қазаққа Алла бұйыртқан ғажайып сәт еді.

Тілдің мәртебеленгеніне 19 жылдан асты, Президенттің сайланғаны да сол шамаға таяу. Бұл қарапайым жанның өлшеміне салсаң, онша көп уақыт емес, ал ел тарихында орын тепкен оқиғалар салмағы тұрғысынан ғасырға татырлық мерзім. Осы мерзім ішінде біз қозғап отырған сала бойынша ел үміті ақталды ма, президентке деген сенім жүгінің түйіні қаншалықты дәрежеде шешілді? Гәп осында. Егер мақсаты қаралау мен даттаудан тұратын кейбір ағайынның сөзіне құлақ түрер болсақ, оңған тірлік шамалы, «бәрі қираған, құрыған, түзелер сиқы жоқ қу тірлік елді жүдетіп біткен, аштық пен жокшылық жайлаған жұрттың еңсе көтерер түрі жоқ. Азаматы кетіп қаңыраған ауыл, жұмыссыздық жайлап, жүдеп біткен қала сиықсыздықтың гөй-гөйін шертеді».

Мұндай берекесіздіктің кейбір жерде кездесетіні рас. Бірақ осының себебін анықтап, зерттеп білмей жатып соның бәріне бірді ғана кінәлі ету шындыққа жанаса қоймайды. Нарыққа тәжірибе жинақтамай-ақ бірден асығыс қойып

кеткен қазақ әр алуан қиындақтарға жолығып, әуелгіде тоз-тозы шыға бастағаны хақ. Алайда жердің, малдың жайын, еңбектің қадірін тереңірек түсінген жандар әрекеті мына заман соққысына төтеп беріп қана қоймай, қарсы қажырлы әрекеттерге бара бастағанын да байқатады. Бұл жөнінде Президентіміздің ішкі-сыртқы саясатына талдау жасап, баға беру менен гөрі осы саланы ғылыми тұрғыда қарастыратын мамандарына қатысты болғандықтан, бұған тереңдей алмаймын. Тек әрбір оқиға-құбылыстың себеп-салдары болатынын еске ұсталық демекшімін.

Қазақстан тарихында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алу жайы, шамасы, есте қаларлық оқиғалар қатарында бағаланаар. Қазақ тілінің кейбір тұста көңіл көншітпейтін өгіз аяңына реніш білдіргенмен, шүкіраналық сезімге жетелейтін тұстары да жетерлік. «Тіл туралы» Заңдар мен Бағдарламалар, Конституция, тіл көсегесін көгертуге бағытталған бұдан да басқа игі шаралар мен құжаттардың бәрі осы жылдар жемісі. Оның үстіне елдің экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, ғылым-білімі, саясаты жөнінде өткен бірде-бір жиында Елбасы қазақ тіліне соқпай кеткен емес. Ол қисыны келген жердің бәрінде қазақ тілін тілге тиек етіп келеді. Ұлт қайраткері ретінде қазақ тілінің қамын жеп, қарекет етпеген тұсы шамалы. Тіпті кешегі Колбин кезіндегі мына аз сәтті еске ала кетудің артықтығы жоқ деген оймен келтіре кетейік: Қазақстанға алғаш келісімен-ақ алқын-жұлқын әрекеттерге басқан В. Колбин бір жолы «келесі пленумда қазақша сөйлеймін» деп бөсті. Қашанда жағдайды саралап алып, салмақты ой айтуға дағдыланған Н. Назарбаев «қазақтың жады мықты халық, уәде беруге асықпаңыз» (Г. Толмачев. Лидер. Докум. повесть. Алматы, 2000) деген ақыл береді. Бұл қазақ елі мен тіл тағдыры егіз екенін, бірінсіз бірінің күні жоқ екенін толғап, соны тығырықтан шығарудың әр алуан жолын қарастыру үстінде жүрген тұсы болатын Н.Ә. Назарбаевтың.

Жалпы әр іске бір ұрынып, ұшқалақтық танытып жүрген Г. Колбиннің төңірегінде сол кезде Н. Назарбаев, Ө. Жәнібеков сынды ел жайын, халық күйін терең білетін іскер де

ойлы тұлғалар болмаса, мәселе бұдан әрі шиленісе түсер ме еді, әлде қайтер еді деген ойдан жүрек шошиды. Қазақстан жайын білмейтін бұрынғы Ульянов обкомы хатшысы қазақтың мынадай іскер де көреген ұлдарымен есептеспей тұра алмаған сияқты. Олар біртіндеп Колбин бағытын жолға салып отыруға тырысты. Қылышты қынабынан суыртатын да тіл, қайта салдыртатын да тіл екенін жақсы білетін Н. Назарбаев сол кездің өзінде-ақ қолға алар мәселенің бір де болса бірегейі тіл екенін түсінді, түсіндірді.

Кезінде қазақ тілінің тағдыры жөнінде ала-құла ой өрбіп, ел бір бәтуаға келе алмай жатқан тұста «Қазақ Республикасының мемлекеттік тілі тек қана қазақ тілі болу керек» деген пікір жағында болуының өзі Елбасының ел мүддесімен бірге екенін танытады. **«Қазақ қазақпен қазақша сөйлесе ғана!...»** Мұны айтқан Н.Ә. Назарбаев.

Ел билігін тағдыр сыйындай қабылдаған Елбасы осылай айтуға мәжбүр болды. Неге? Тәуелділіктен тәуелсіздікке жету аралығында біздің бейнеткер момын қазақтың басына не келіп, не кетпеді. Бәрін көрді. Бәрін басынан өткізді. Көргеніне тәуба деді, ашты-тоқты тірлігіне шүкір деді. Заманы алдан тосқан істің бәріне араласты. Қатарынан қалған жоқ, партия деді, Кеңес деді, үкімет деді. Социализм жолындағы іс-әрекеттің бәрінде тер төкті. Кеңес өкіметі мен партия нені тапсырды, соның бәрін адал орындауға тырысты. Еңбекшінің түпкі мақсаты – коммунизм деген мамырайхан заман деді. Соған жету үшін небір құрбандықтарға да баруға тура келетіні насихатталды. Қазақ бұдан да қаймықпады. Көкейіне ұялатқан лениндік идеядан ауытқымауға тырысты. Табиғаттың адал ұлы бәрінесенді, бәріне көнді. Тіпті әлгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын алыс болашаққа барлық халық тек бір тілмен ғана бара алады екен. Ол тіл – орыс тілі дегенге де имандай сенді. Сөйтіп қазақтың қатарынан қалмауға тырысты. Керек десеңіз, қатарынан оза шапты. Өзінің табиғи талантының нәтижесінде тіл үйренудің керемет үлгісін танытты. Азғана жылдар ішінде бүкіл қазақ даласы орысша сайрап шыға келді.

Халқымыздан бұл ғажап ерлікке саяр ерекше қабілетін ғылыми түрде талдап, таратып берген әлі ешбір еңбек жоқ.

Бұл кезектегі әшейін шаруа іспетті болып тарихта қалды. Мұның бәрін мақтанышпен әңгіме ете отырып, ұлттық болмысымызға қатты әсер еткен мәселенің екінші жағын қозғауды мақсат етіп отырмын. Бұл мәдени тарихымыздан ойып орын алып отырған өте күрделі де күрмеуі көп мәселе. Мұның салаланып кетер сан түрлі қатпары бар. Мұның бәрін қамту мүмкін емес. Сол алуан мәселелердің қақ ортасында Нұрсұлтан Әбішұлының азаматтық, қайраткерлік, қаһармандық тұлғасы анық айқын көрінеді. Шым-шытырық шиленіскен әрекеттерден тұратын бұл Тұлғаның қазақ халқы мен қазақстандықтар үшін атқарған ісінің мән-маңызы мейлінше зор.

Өзге тіл, өзге мәдениет үлгілеріне құлай берілу нәтижесінде қазақ өз тілін екінші қатарға ығыстырып алды. Оның күнделікті қолданыс аясы тарыла бастады. Өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қажеттілігі көмескілене берді. Сөйтіп қазақша білетіндерден гөрі орыс тілін білетіндер мәртебесі жоғары, әрі қай қызметте де өтімді болды. Содан бала тәрбиелеп отырған ата-ана көкейінде орыс тілінде оқығандардың ғана өмірде жолы болады екен деген сенімі ұялай бастады да, ұрпағын жаппай орысша оқытуға ұмтылды. Қазақ тілінің әлі күнге қанат жая алмай ентіге тыныс алып келе жатуының түпкі себебі әлденеше он жылға созылған осындай солақай саясат салдарынан еді. Кезінде халықты өз негізінен айырып, кеңестік үлгідегі орыстық тәрбиенің керемет жүргізілуі барысында қазақ қазақпен тек орысша сөйлесіп барып түсінісетін дәрежеге жетті. Халқымыздың осы мүшкіл халін күнделікті көріп күйінгендіктен де біздің Елбасымыз жоғарыдағыдай ұранға татырлық сөз тастауына тура келді. Ия, «тым болмаса өзіңмен-өзің қазақша сөйлессеңші, қазақ», – деді ол.

Жалпы Нұрсұлтан Әбішұлы ел өмірінің қай саласында да қазақ тілін жадынан шығарған емес. Ол министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының бірінші хатшысы және бірінші Президент болып сайланған алғашқы кезеңдерде қалыптасқан жағдайға орай үнемі орысша сөйлеп жүрді. Ел оның осы қылығынан тіксінді, бірақ үміт

үзген жоқ. Олай болатыны өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында қазақ тілінің тағдыры талқыға түсіп жатқан кез болатын.

Г. Колбин тіл мәселесін әлденеше бұлталаққа салып, қазақ зиялыларының ортасына ой тастап әлек болып жүргенде қазақ қауымы ел көзіндегі айтулы тұлғалардан пікір күткені рас. Ұлттық мүддені алдыңғы кезекке қоятын қазақ зиялыларына да қарайлады. Тіл басына күн туған осындай аумалы-төкпелі кезеңде ұлт көкейіндегі сөзді Колбин алдында тайсалмай айтқан тілші-академик Ә. Қайдар сынды ғұламаны қуаттап, қолдау көрсеткен адамдардың алдыңғы сапында ғана емес, басы-қасында Н. Назарбаевтың болғанын ел елжірей есіне алады. Сонымен бірге әйгілі ақын-жазушылар С. Шәймерденов, Ж. Молдағалиевтерді айрықша атайды. Сондай-ақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуын қуаттап, дұрыс шешім қабылдануына септік жасаған Ө. Жәнібеков пен оның үзеңгілес інілері Ә. Кекілбаев, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, Т. Әбдіктер де ел есінде. Сөйтіп ел мүддесін ойлайтын басшысы бар, береке-бірлік, ынтымақ қасынан табылар қосшысы бар қазақ елі неше алуан сілкілескен талас-тартыстан соң тұңғыш рет «Тіл туралы» заңға ие болды. Оны 1989 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекітіп заңдастырды. Бұл еліміздің тарихындағы ең ірі оқиғаның бірі еді. Қазақ тілінің мәртебесін осындай мемлекеттік деңгейге көтерген оқиға бұрын-сонды болмаған Тәуелсіздікке бет түзеудің алғы шартындай бұл Заңның тарихи мәні аса зор екені мәлім. Олай болатыны...

Ғасырлар бойы ата-бабамыз арман еткен еркіндіктің осылайша іске асуы ғажап емес пе? 1990-91 жылдары докторлық диссертациямен әуреленіп, Алматының жоғарғы жағындағы 2-ші демалыс үйінде жатқан болатынмын. Қазақ елі Президентінің сайланғанын сонда жатып есіттім. Шаттандым, сөзбен жеткізе алмас әсерде болдым. Не деген бақыт. Қазақтың өз алдына ел болып, өзге елмен терезе теңестіруі, тұңғыш өз Президентін сайлауы тарихи ұлы оқиға еді. Еңсе көтерер елім үшін, ауырлық атаулының бәрін көтеріп келе жатқан елім үшін, халқымыздың асыл мұрасын

сақтай білген тілім үшін алақайлағым келді. Кеудені кернеген сезім алауын басу оңай болған жоқ. Тұңғыш Президентімізге жол болсын дей отырып, тілек-наз айтқым келді. Соны бүгін қайталап еске түсіріп, Елбасыға ел сенімі зор екенін білдіргім келді. Ол мынау:

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Ақ түйенің қарыны
Ақтарылар күн бүгін.
Ақ киіздің үстінен
Тақ табылар күн бүгін.
Біздің қазақ момынға
Бақ дарыған күн бүгін.
Ежелгі арман, үміті
Атқарылар күн бүгін.

Нұрсұлтан Назарбаевты
Хақ таныған күн бүгін!
Елімнің ерек Сұлтаны,
Бәйге бермес тұлпары,
Әуелеп ұшқан сұңқары,
Бүгінгі айтар сөз мынау:
Көптің күткен іңкәрі.
Жарқырай берсін халықтың
Арайлап атқан бұл таңы.

* * *

Ризық тілеп еліңе
Риясыз еңбек етесің.
Сайысқа кіріп сан түрлі
Қайтардың елдің есесін
Еліңнің ерек мүддесін
От-жалын болып қорғайсың.
Дұшпанның жарып күрдесін
Досқа үгілген бордайсың.
Түсінер сенің жайыңды
Жетілмей жатыр азамат.
Қинайды сол жаныңды
Алуан ой мазалап.
Ертеңін қамдап Еліңнің
Тынымсыз бейнет шегесің,
Ыңырысып жатқан жерімнің
Жарасын емдеп келесің.
Қайтарымы аз ащы тер
Жүдетіп бітті халқыңды.
Жетпіс жыл көрген тауқымет
Қысып түр бүгін алқымды.
Ер деген елдің қаншасы
Таразыға тартылды.

Саған да сынай қарайды
Салмақтап барық, нарқыңды.
«Сақтасын» – дейді мәңгіге –
«Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ» –
Деген ата салтыңды
Өшпегенді тілейді
Бойдағы уыт, қарқыңды.
Тағы бір еске салары –
«Шалқайғанға шалқайғын,
Пайғамбардың ұлы емес.
Еңкейгенге еңкейгін,
Әкеңнен қалған құл емес».
Бұдан былай өзгеге,
Жалтақтауың жөн емес,
Ойлап тұрсақ алды-арты,
Ұлықтықтың бұл емес,
Еліңе құл болмасаң,
Отырған төрің төр емес,
«Ұлық болсаң кішік бол»,
Халықтан ешкім өр емес.

* * *

Келімсектер шеруі
Тоқтамай тұр елінде.
Көбі соның мекені
Көгалың да, көлің де.
Бауырың сыртта қаңғып жүр,
Баға алмай елге келуге.
Ел мен жердің байлығы,
Кетпесін десек тегінге,
Қазағыңның күйіне
Үңілгейсің тегінде.
Ол бейбақ не күй шегуде

Өзінің туған жерінде.
Қолбала болып қалмасын
Жекешелендіру кезінде.
Ұстағайсың елінді
Данагөй ақыл, ебіңмен.
Ұстағайсың бәрін де
Өзіндік өре жөніңмен.
Ел басшысы сүрінсе,
Етпеттеп құлар жұртыңыз.
Кеңеспен істі шешкейсіз,
Жетілсін десек ұлтымыз.

* * *

Сенеді елің Өзіңе,
Сенеді жалын сөзіңе
Қалмасын деп тілейді,
Кездейсоқ жайға кезіге.
Ойлағаның тақ емес,
Қазақстан тағдыры.

Қинайды сені еліңнің
Көп нәрседен мәжбүрі.
Ойлаған адам бас қамын
Ойламас жайын басқаның.
Сөйлеп үлкен мінбеден
Одаққа салмақ тастадың.

* * *

Анадан туған сендей ұл
Ана тіл жайын толғанар.
Қадірі кеткен тілімді
Кім сендей ұғып, қолға алар.
Тілінді кие тұтпасаң,
Бақ дегенің сор болар.
Елінің қамын жемеген,
Түбінде басшы қор болар.
Осының бәрін ескерсең,
Атағың, даңқың зор болар.
Сонда ғана, Нұреке,
Қазағың да бар болар.
Бұлғақтаған бұл заман,
Барымыз деп қолда бар.
Құлқынға құл боп кей надан
Тойынып өзі қонданар.

Бойынды бұдан ап қашсаң,
Ісінді құдай оңғарар.
Содан да барып, Нұреке,
Мәртебеңіз зор болар.
Өзіндей ерен естіден
Ұрпаққа үлгі жол қалар.
Басында көп тауқымет:
Тұрмыс, дәулет, Ордалар,
Ана тіл, тарих, өнерім.
Ел достығы – ол да бар.
Осының бәрін көтерер
Өзіндей алып нар болар!
Ел сенімін ақтасаң,
Алар алғыс мол болар.
Алаламай халқынды
Әділдік құрсаң қол болар...

Елің бейбіт күн кешсе,
Нағыз бақыт сол болар.
Осынау қиын сапарда
Құдай жолыңды оңдасын,
Аруақтар қолдасын.

Өзіне де, өзгеге
Қиянат, сірә болмасын!

*1 желтоқсан,
1991 жыл*

Содан бері еліміздің басына не келіп, не өтпеді. Небір қиын кезеңдерді бастан кешірдік. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы 1992 жылы өзінің II Құрылтайын өткізді. Н.Ә. Назарбаев Құрылтай жұмысына арнайы келіп, сөз сөйледі. Бұл мемлекеттік мәртебе берілген қазақ тіліне қарсы пікірлердің әлі басыла қоймаған кезі болатын. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы жергілікті ұйымдарын құрып, қуаттан бастаған тұсы болғанмен, әлгіндей негізсіз қарсылықтардың қарасы көптеу еді. Осындай кезеңде Елбасымыздың мемлекеттік тілге, «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайына қатысып, көзқарасын ашық білдіруі үлкен демеу болды.

Тәуелсіздіктің іргесін нықтап, тұғырын бекіте түсу тіпті де оңай болған жоқ. Шегараны айқындап, еліміздің әл-қуатын күшейту үшін Елбасы сан алуан тәсілдерге барды. Ел ішіндегі тұтастық, бірлік, ынтымақтастықтың жолы да жеңіл болмады. Өз билігі өзіне тиген еліміздің еңсе көтеруі қилы-қилы жолдарға апарды. Бірде көңілді көтеретін, бірде көңілді төмендетер оқиғалар болды.

1989 жылы қабылданған «Тіл туралы» Заңымыздың жаңа өмірдің, яғни тәуелсіздік талаптарына сәйкес келе бермейтін тұстары байқала бастады. Оны қайта қарап, қазіргі жағдайға сәйкес түзу қажеттігі туды. Сөйтіп тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев 1997 жылы шілденің 11-інде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының Заңына» қол қойды. Бұл құжаттың басты ерекшелігі Елбасының тікелей араласып, өз қадағалауында болуы. Сондықтан да болар, айтулы мамандармен кеңесе отырып, ол заң баптарын негізінен өз қолынан өткізді десе болады.

Еліміз қаншама қиын кезеңдерді бастан өткізіп, біртіндеп еңсе көтеріп келе жатты. Мемлекеттік тіліміз де елмен бірге

жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. Оның әрбір сатысынан Н.Ә. Назарбаевтың қолтаңбасын көруге болады. Егер оны таратып, талдап айтар болсақ, үлкен бір кітапқа татыр еңбек болар еді. Біз оның кейбір тұстарын ғана тиіп-қашып әңгімелеп отырмыз. Кеңірек әңгіме болашақтың үлесінде.

Дегенмен, «тәуелсіздік тірегінің бірде болса бірегейіне айналған мемлекеттік тілдің бүкіл халықтық сипатқа ие бола алмай отыруына не себеп?» деген сауал көптің көкейінен кетпей келеді. Неге? Кеудені кернеп тұрған бір арман бар. Ол қандай арман? Ол нағыз қазақы мінез-құлықпен жымдасып жатқан өзімізге тән ежелгі қылық. Өзіндік болмысты ұмытарлыққа дейін керемет еліктегіштік. Біз бұл күнге осындай керемет «қабілетпен» жеттік. Және өз бойымыздағы осалдықты басқа біреуге жабуға бейім тұратынымыз бар.

Егер Елбасы күнделікті іс-әрекетінде, сан алуан ұлт өкілдерімен қарым-қатынасында тек қана қазақша сөйлейтін болса, өз еріктерімен мектептеріне беріп орысша тәрбиелеп жатқан үрім-бұтақтарының бәрі бір күнде қазақша сайрап шығатындай көреді. Бұл нәрсе анықтап айтылмағанмен, ағайынның көбінің көкейінде тұрады. Өз бойындағы осалдықты өзгеден көру ежелден қалмай келе жатқан кесел.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекеттік тіліміздің мәртебеленуіне байланысты айтқан ойлары мен іс-әрекеттерін санамалап айтып шығудың өзі арнайы еңбекке ұласып кетер еді. Әсіресе, Нұрекеннің президенттілікке үміткерлер қатарында ана тілінің алдына келіп екі рет емтихан тапсыруға тәуекел еткенінің өзі ерлікпен барабар іс болатын. Лингвистикалық комиссияның 5 мүшесі Қазақ елінің тізгінін ұстап отырған адамның білік-біліміне, сауат-қарымына, әлемдік деңгейді ауқымдап жатқан эрудициясына таңғалғаны бар. Осы орайда сол лингвистикалық комиссияның төрағасы ретінде Н.Ә. Назарбаевтың сынақтан қалай өткені туралы түйген ойымды қайталап еске ала кеткенді жөн көрдім:

«Сіз бүгін Ана тіліңіздің алдына тағы да бас иіп келіп, көрегендік жасадыңыз. Сізді сынаққа салып отырған мына бес профессор емес, аяулы Ана тіліңіз. Ел сынынан сан рет өткен жансыз. Тілге жүйріктігіңізге қарамастан, ел мен

тілден биік емеспін деп, төңірегіңіздегі жандарға тағы да ой тастадыңыз.

Сынақтың үш түрінен де мүдірмей өттіңіз. Жазудағы сауатыңызға тәнті болдық. Сіздің сеніміңізге ие болып, билік басына көтерілген тілге шорқақ іні, бауыр, серіктеріңіз осылайша танытса ғой, сауатын.

Оқу сауатыңызға айтарымыз жоқ. Таңдаған мәтінді заңды талапқа сай, әдемі қоңыр дауыспен, ырғақ мақамымен келістіре оқыдыңыз.

Ал сөйлеу шешендігіңіз бізді одан сайын еліктіріп әкетті. Көсем ойларыңыз бен жоба-жоспарларыңызды баяндауда қазақ сөзінің телегейінде еркін жүзіп, көсіле жөнелетініңізге тәнтіміз. Сөз бұйдасын ұстаған дүлдүл бабаларыңызды былай қоя тұрып, Сізді тыңдаудың өзінен-ақ қазақ сөзінің ғажайып қуатын, әсем де астарлы тұсын, қанша сөйлесең де таусылмас қазынасын таныдық.

Қысқасы, ел басқарғысы келетін әрбір қазақ, ең әуелі ана тілінің кәусарынан осылайша қанып ішіп, ындыны кепкен тыңдаушының сусынын осылайша қандырсын да.

Сіз арқылы елдің мерейі мен тілдің мерейі өсіп келеді. Кешегі Жолдау мен елге сапарларыңыз халықпен біртұтастықтың шеруіндей болды. Барлық жерде Ана тілі Сізбен бірге жүрді. Тілді құрмет тұтудың асқан үлгісі осы емес пе? Осыған масаттана отырып, әлемнің алып елдерінің алпауыт басшыларымен терезе теңестіріп, тең сөйлесіп жүрген мәртебеңізді мақтан етеміз. Сонымен бірге сондай шетел сапарларында да олар Сіздің өз ана тіліңізде де керемет сөйлейтініңізді сезініп, қазақы үніңізді естісе ғой деп армандаймыз.

Алла жар болып, кемелдік пен көсемдікке қарай жол тартқан ақ кемеңіздің айдыны ашық болғай!»

САЙЛАУ – ЕЛ ЕРКІНДІГІНІҢ КЕПІЛІ

– Ел Президентін сайлаудың Сіз үшін маңызы неде? Сондай-ақ жалпы халық өмірінде сайлаудың алар орны қандай?

– Мен үшін сайлаудың орны бөлек. Менің түсінігімде президенттік сайлау тәуелсіздік деген ұғыммен тікелей байланысты. Ал тәуелсіздік деген елдің әр азаматының басты байлығы дер едім. Ал өзін тәуелсіз санайтын әрі өзіндік болмыс-бітімі қалыптасып, ойын саналы жеткізе алатын әр азамат өз елінде болып жатқан оқиғаларға ерікті түрде пікір білдіруі керек. Ал бұл оқиғалардың ішінде Президент сайлауының жөні тіптен бөлек. Өйткені бұл жерде ел тағдыры, жер тағдыры, тіл тағдыры тұр. Ал бұған құлықсыздық танытқан жанды азат елдің азаматы деп атау қиын. Сондықтан сайлауға белсене қатысып, қалаған үміткеріне өз даусын бергені жөн. Бұл – білікті де көргенді, ішкі мәдениеті қалыптасқан кез келген адамның парызы деп білемін.

– *Бұл сайлаудың бұрынғы сайлаудан өзгешелігі неде деп ойлайсыз?*

– Әр уақытта өткен сайлаулардың өзіне тән ерекшелігі бар. Өйткені қоғам өзгеше қалыптасып, заман түрленген сайын, сайлау формасында да ерекшеліктер болатыны сөзсіз. Ал биылғы сайлаудың рөлі тіптен бөлек. Бұл сайлау Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Егер тарихи өлшеммен қарасақ, бұл жиырма ғасырға татитын мерзім деуге келеді. Өйткені осынау аралықта біздің бұрын-сонды өңіміз түгіл, түсімізге кірмеген оқиғалар болды. Көк байрақ талай мәрте күллі әлем көгінде желбіреді. Бұрын Қазақстанның есімін еміс-еміс қана естіген елдер бүгінде республикамызға қызыға көз тігіп отыр. Қазақстан ғаламдық ойлардың алаңына айналды. Бұл әлем өз мәселелерін талқылап, мәмілеге келетін мекенге айналып отырған Қазақ Елінің мәртебесін көрсетсе керек. Қала берді, бұл қазақ үшін жанын беретін тұлғалардың арқасында келген абырой деп түсінген абзал. Солардың ішінде мен үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың орны бөлек екенін атап өткім келеді. Ең алғаш азат ел атанып, тұңғыш Президентімізді сайлаған тұста мен көзіме жас алдым. Маған бұл Тәңірдің сыйындай көрінді. Тәуелсіз қазақ елінің әр азаматы дәл осындай күй кешті деп айта аламын. Қуаныштарын жасыра

алмады. Сол сәттегі қуанышым қойныма сыймай, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнап:

Сүйінші, халқым, сүйінші!	Нұрсұлтан Назарбаевты
Ақ түйенің қарыны	Хақ таныған күн бүгін!
Ақтарылар күн бүгін.	Елімнің ерек Сұлтаны,
Ақ киіздің үстінен	Бәйге бермес тұлпары,
Тақ табылар күн бүгін.	Әуелеп ұшқан сұңқары,
Біздің қазақ момынға	Бүгінгі айтар сөз мынау:
Бақ дарыған күн бүгін.	Көптің күткен іңкәрі.
Ежелгі арман, үміті	Жарқырай берсін халықтың
Атқарылар күн бүгін.	Арайлап атқан бұл таңы... –

деп басталатын жүрекжарды лебізімді білдірген едім.

– *Елдің елдігі сыналар сағаттарға да санаулы күндер қалды. Кімге дауыс бересіз, аға?*

– Сөз жоқ, қазіргі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа дауыс беремін. Сындарлы сағаттарда елін сүріндірмей алып шыққан азаматқа алдағы уақытта да ел тағдырын сеніп тапсыруға болатындығына көзім жеткендіктен, осы қадамға саналы түрде барамын.

Сұхбаттасқан Д.Ізтілеу

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНЫҢ БЕРІКТІГІ – БІРЛІКТЕ

Егер Алаш баласының, Қазақ елінің басты мұраты – «күн сөнгенше сөнбеу», іргелі де ірі ел болу деп санасақ, осы бастан мәселенің басын ашып алған жөн. Біздің Ресей елінің үстемдігіне негізделген бұрынғы Кеңес өкіметіне қайта оралуымыз қажет пе әлде дербес Қазақ мемлекетін қалыптастырумыз керек пе? Бүгінгі күні мәселені осылайша төтесінен қоятын кез жетті. Елбасының әрбір іс-әрекетінен де біз осыны байқаймыз. Жолайрыққа келдік. Енді аялдау, ескі қалыппен жүре беру кері кетуге әкеледі. «Алдымен

экономика – соңынан саясат» деген тезис қайта қарауды қажет етеді. Мәдени мәннен, рухани болмыстан, ахлақтық құндылықтардан, саяси жаңғырулар мен мемлекеттік реттеуден тыс өз бетінше дамыған экономиканың тығырыққа тірелетініне бүгінде баршамыз куә болып отырмыз.

Әлбетте, тәуелсіз мемлекетке лайық дербес саясат жүргізу деген сөз көрші мемлекеттермен жаулық қарым-қатынаста болу деген сөз емес. Мемлекеттің мәңгілік досы да, мәңгілік қасы да жоқ, тек мемлекеттік мүддесі болатыны анық. Ал мемлекеттік мүдде мемлекеттің ұстыны болып отырған ұлттың мүддесіне қайшы болмауы тиіс.

Көрші Ресейдегі Путин мен Медведев бірлестігінің соңғы жылдары орыс ұлтын ұлықтауды көздейтін батыл да табанды ұлтшылдық бағыты, Ресей империясын қалыптастыруды көздейтін ашық саясаты үлкен ой салады. Осынау қадамы арқылы Ресей билігі Қазақстанға да нақты бағытыңды айқында деген белгіні бүкпесіз ашық қойып отырғандай. Біздіңше, ел билігінің осы сәттегі қабылдайтын шешімі Қазақстанның ендігі жерде қандай бағытпен дамитынын анықтап беретін болады.

Қазір уақыт көп ойланып-толғануды, аңысын аңдап, байқастауды күтпейді. Шұғыл шешім, нақты бағыт, ширақ іс-қимыл ғана даму даңғылына жол ашады. Бүкіл әлем санасатын алып державалар – Ресейдің, Американың қазіргі басшыларынан осындай жайттарды аңғарамыз. Олар барынша рационалды, шапшаң да шалымды. Бұл жағдай бізді де ойландыруы керек. «Түйеқұстық позиция» бізді ұзаққа апармайды. Қазіргі дағдарысты жағдайдың бір артықшылығы сол, ол біздің көп нәрсеге көзімізді ашып кетеді. Осал тұстарымызды, әлсіз жерлерімізді анықтап береді. Дағдарыстың үлкен мүмкіндіктер ұсынатыны да осыдан.

2009 жыл еліміз тарихындағы үлкен бір белесті кезең болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы жұртшылық талқысына ұсынылған Тәуелсіздік тірегіне айналып отырған «Ел бірлігі» доктринасы қоғам тарапынан қарсылыққа ұшырады. Мұны қазақ ұлтының саналы тобы қабылдамады. Қазақсыз

Қазақстан құруды көздейтіндей боп көрінген құжаттың мұндай қарсылыққа кезігуі заңды да еді. Мұндай құжаттың дайындалуының екі түрлі пайдасы болды. Біріншіден, елдің ішкі саясатында әлі де тиянақтап ойластыруды, мұқият ескеруді қажет ететін мәселелер бар екендігін көрсетіп берді. Екіншіден, қазақ қоғамының бейғамдықтан оянуына, белсенділігін арттыруға серпін берді. Бұл сөз жоқ, саналы ілгерілеу.

Осының нәтижесінде жоғарыдағы доктринаға балама құжат – «Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының тұжырымдамасы» даярланды. Ол мерзімді басылым беттерінде жарияланды. Қазір бұл құжат қызу пікірталас өзегіне айналууда. Мұның да өзіне тән олқылықтары болғанмен, ұлттың сана биігіне жетелейтін тұстары бар екені даусыз.

Бұндай құжаттардың дайындалуының өзі қоғамға темірқазық боларлық жана бағдардың қажеттігі әбден пісіп-жетілгендігін көрсетеді. Көпшілік талқысына ұсынылып отырған ұлттық саясат тұжырымдамасын қоғам қажеттілігінен туған, қоғамның толғағы дүниеге келтірген құжат деп білемін.

Қазақтың қамын жеп жүрген зиялыларымыз бар, қоғамдық ұйымдарымыз бар, жанашырларымыз бар барлығының ой біріктіріп, тізе қосып, жоғарыдағы құжатты әзірлеуін, ел билігінің алдына нақты талаптар қоюын қазақтың өзін-өзі мемлекет құраушы ұлт ретінде сезіне түсуінің, өз жауапкершілігін түсіне бастауының айқын көрінісі деп бағалаймын.

Осыдан 20 жыл бұрын біз «Қазақ тілі» қоғамын құрғанда да осыны көздеген едік. Қазақтың санасы сергісе, рухы көтерілсе, тілі мен діні қанат жайса деп тілеген едік. Сол жолда тілеулес жандар мен мұраттас азаматтардың қолдауы арқасында біраз шаруа тындырылды. 90-жылдармен салыстырғанда көптеген ілгерілеушіліктің бар екендігіне қарамастан, ұлттық, елдік мүдде жайына келгенде бітіргенімізден бітіретініміз көп екендігі рас. Ұлттық саясаттың жаңа бағытын нұсқап отырған Тұжырымдама жобасын осы реттегі атқарылар көп істеріміздің қозғаушысына айналар

құжаттардың бірі болатын. Бұл құжатты жетілдіру, артық-кем тұстарын саралау, толықтыру – баршамызға парыз. Алаш баласы бұл қасиетті міндеттен аянып қалмас деп сенемін.

Енді «Ел бірлігі» доктринасына да, аталмыш балама құжат бойынша да көптен көкейде жүрген нақты ұсыныстарға келейін.

Тұжырымдама нақты іс-әрекеттерді көздеуімен ерекшеленеді. Алайда кез келген практикалық іс-әрекеттің ғылыми негізі тиянақты болғаны жөн. Осы жағынан алғанда, құжаттың теориялық жағын әлі де жетілдіре, ширата түсу керек деген ойдамын.

Сонымен бірге мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеріп, көсегесін көгертуге септігі тиетін кейбір ойларды тағы да алқаға ұсынғанды жөн көріп отырмын.

«Тіл, тіл» деп жырлап келе жатқанымызға жиырма жылдың жүзі болды. Үш рет заң қабылданды, екі рет бағдарлама түзілді. Алайда ойлаған межеге әлі де қол жеткізе алмай келеміз. Мәселені балабақша мен мектептен бастамай, көсегеміз көгермейтініне көз жетті. Сондықтан сүйегі қатып, санасы қасаң тартып кеткендерге қазақ тілін үйретемін деп әуреге түспей, елдегі балабақшаның барлығында тек қазақ тілінде тәрбие беруді жолға қойған жөн. Сол секілді орта мектептердің бастауыш сыныптарында да бүкіл жеткіншектерге бірыңғай қазақ тілінде білім беру қажет. Өйткені тілді ұштайтын, қалыптастыратын және дамытатын орта – мектеп. Балабақша мен мектептен бастау алмаған істің берекесі шамалы. Бастауыш сыныптарын аяқтап, қазақша жетік меңгеріп шыққан оқушыларымыздың бұдан кейінгі сыныптарда қай тілге басымдық берем десе де еркі. Қалауына қарай таңдау жасауына мүмкіндік берген орынды.

Тағы бір айрықша назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – қалаларда қазақ тілінде білім беретін мектептердің аздығы. Оларда оқушылар мектептерге сыймай, екі-үш ауысыммен оқуда. Жылына бірнеше мектептен салып отырған күннің өзінде қазақ мектептерінің санын ұлғайту мүмкін емес. Ал орыс тілді мектептердегі жағдай бұған

керісінше. Қалаларда орыс мектептері көп әрі онда оқитын оқушылардың саны да мектептің сыйымдылығына сәйкес емес. Атап айтқанда, оқушылар орыс тілінде білім беретін мектептерге толмай жатыр. Сондықтан қазақ тілді мектептердің санын көбейту үшін кейбір орыс тілінде білім беретін мектептерді біріктіре отырып, соның есебінен қазақ мектептерін ашу қажет. Сонымен қатар орыс мектептерінің көпшілігін аралас (қазақ-орыс) мектептерге ауыстырып, басшысын ұлтқа жаны ашитын, білікті қазақ азаматтарынан тағайындау керек. Өйткені орыс мектептерінің 70-80 пайызын қазақ балалары толықтырып отыр. Мұның сыртында түркі тілдес халықтардың балаларын былай қойғанда, еліміздегі барлық өзге ұлт өкілдерінің балалары да түгелімен орыс мектептерінде оқып жүр. Аралас мектеп ашылса, олардың да көпшілігінің қазақ сыныптарына баратындығына сөз жоқ. Сөйтіп, аралас мектептерді бірте-бірте қазақ мектебіне айналдыру амалдары қарастырылса.

Біздіңше, қазақ тілінің өркен жаяр өрісі – қазақ мектептерін көбейтудің ең дұрыс шешімінің бірі осы болмақ. Егер, жағдайды осы қалпында қалдыра беретін болсақ, істеп жатқан ісіміздің ешқандай нәтижесі болмайды. Бұл мәселе алдымыздан үнемі қайталанып шығады да отырады. Сондықтан елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің адымын аштырмайтын қолдан қалыптастырылған тұйық шеңберден шығудың осындай жолын таңдап, тиісті шараларды жедел қолға алуға тиіспіз.

Ал орыс, ұйғыр мектептерінде қазақ тілі пәнінің сағат санын барынша ұлғайтып, оны біліктілігі жоғары маман-педагогтармен қамтамасыз еткен жөн.

Бұдан кейінгі аса зәру мәселеміздің бірі – баспасөз және телерадио саласы. Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарымыздың саны біршама болғандығына шүкіршілік еткенімізбен, олардың біз көздеген биіктен табыла бермейтіндігін жасыра алмаймыз. Билік те, басқа да санасатын, таралымы да мол «Караван» секілді бір қазақ газетін шығара алмауымыз елдігімізге сын. Қазақ тілді оқырман аз емес. Біздіңше, мәселе басқада. Қазақ қаламгерлерінің барынша күш салатын тұсы осы болу керек-ау деймін.

Ал қаншама тәуелсіз елміз деп бөркімізді аспанға атқанымызбен, әлі күнге тәулік бойы қазақ тілінде хабар тарататын бір телеарнаға қол жеткізе алмай келе жатуымызды қалай түсіндіремізді білмеймін. Телеарналары мемлекеттік тілінде емес, негізінен шет тілінде хабар тарататын бұл қандай мемлекет?! Тәуелсіз елге жарасатын қылық па бұл?! Бұдан соң біз өзі тәуелсіз елміз дегенге де күмәндана қарайтын болдық. Тілімізге, дінімізге, жерімізге иелік ете алмасақ, өз саясатымызды жүргізе алмасақ, онда ондай тәуелсіздіктің құны нешік?! Біле білсек, бұл – барлығымыздың зор кемшілігіміз. Қазақтың әлсіздігі, намыссыздығы. Ел болуға әлі де дайын еместігімізді көрсететін кемшілігіміз бе, деймін.

Мұны Елбасы 29 қаңтарда «НұрОтан» партиясының жиынында да ашық айтты. «Қазақстандық эфир шет тіліндегі әртүрлі хабарлармен толтырылуда, олар қазақстандық бағдарламалар мен телеарналарды ығыстыруда. Елімізде Қазақстан туралы бір ауыз сөз жазбайтын басылымдар көп көлемде жарық көріп жатыр. Бұларға мұнда шығуға рұқсат берген кім?» – деді Президент. Бұл бассыздықтың асқынып кеткеніне күйінген Елбасы: «Маған айтыңыздаршы, қандай ел өз телеэфирін басқа елдің бұқаралық ақпарат құралдарына басы бүтін беріп қойып отыр?», – деп мәселені ашық қойды. Бұл мәселені Елбасының қатысуынсыз реттеуге болмас па еді. Ақпарат саласына жауапты министрлікке Мұхтар Құл-Мұхаммед мырза келгенде «қазақы қаны бар, руханиятқа жаны ашитын азамат» деп одан көп үміт күткеніміз рас, алайда рухани кеңістігімізді еркін жайлаған өзгелік ақпарат құралдары министріміздің де еркін тыныстауына мүмкіндік берер емес. Мүмкін, министр мырза Елбасының осы сөзінен соң күш алатын болар.

Түйіндей айтқанда, мұндай шалағайлықтардың барлығы да біздің нақты бағдарымызды айқындамаудан, мақсат-мұратымыздың бұлыңғырлығынан орын алып отыр. Өйткені айқындық болмаған жерде сенім болмайды. Ал сенімге негізделмеген нәрсе тиянақсыз келеді. Соның салдарынан «қолда барда қарпып қал» ұстанымы алға шығады. Қазір қоғамда жүріп жатқан үдерістерді өз Темірқазығымызды

іздеуге деген талпыныс деп білемін. Осы ретте жұлдызымыздың оңынан тууын қалаймын.

Бұл ретте Елбасының жуырда жариялаған Жолдауы көңілге зор сенім ұялатады. Келер күн, жарқын болашаққа ұмтылдырады. Қиялға қанат бітіріп, құлшындырады. Жолдаудың негізгі өзегінен Елбасымыздың осы кезге дейін ауық-ауық айтып жүрген «интеллектуалдық ұлт» жасау жобасын іске асырудың нақты жоба-жоспарын байқауға болады. Мұны ұлтты түлету, жаңа сапаға көтеру жолындағы айрықша қадам деп білемін. Және бұған қол жеткізетінімізге де әбден сенемін. Жолдауда бұның әрқайсысымызға тікелей байланысты екендігі айтылып қана қоймай, табысқа жетудің кілті де қоса ұсынылған. Елдің әрбір азаматының бойтұмары болуға тиісті төрт қағидаттың төртеуі де айрықша өзекті.

Басты басымдық – Отанымызға, Қазақ елінің тәуелсіздігін баянды етуге бағытталған. Бұл әбден орынды. Егер Отанымыз болмаса, қалған қағидаттардың да ешқандай мәні қалмас еді. Сондықтан Қазақ елі – мәңгілік тұжырымы әрқайсысымыздың жүрегімізден нық орын алып қана қоймай, оны бекемдеу жолында барымызды қарыштау – баршамыздың асыл міндетіміз, қасиетті борышымыз.

Екінші қағидат – елішілік тыныштық пен тұрақтылықты, бейбітшілік пен татулықты көздейді. Өйткені бейбіт жерде ғана береке бар. Даму да, өркендеу де тыныштық пен тұрақтылық сақталған жерде көктейді.

Бұдан кейінгі ұстанатын қағидат – экономикалық тұрғыдан даму. Әрбір адамның әл-ауқатының күшейіп, дәулетінің артуы – мемлекеттің де өркендеу кепілі. Осы ретте ойымызға Күлтегіннің «Түрік халқының болашағы үшін күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым. Жарлы халықты бай еттім, аз халықты көп еттім» деген сөзі ойға оралады.

Ал өсіп-өрлеу үшін томаға-тұйықтық пен оңаша оқшаулану қолайлы болмайды. Сондықтан да төртінші қағидат ретінде ұсынылған өңірлік және әлемдік нарыққа интеграциялану қағидаты араласа жүріп үйренуге, бәсекелесе жүріп озуға бастайды. Осы төртеуін түгелдеп, төбедегіні келтіру – қолдан келер іс деп білемін. Ендеше қазақ азаматтарының

тәуелсіз еліміздің еңсе көтере түсуіне бірлесе еңбек етуіне зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның тұғырын әманда беркіте түсейік, ағайын!

НАҚТЫ ҚАДАМ, ИГІЛІКТІ ІС

Кез келген елдің өзіндік ерекшелігі, өзгеге ұқсасмас даму бағдары, өзіндік жолы болады. Біреуден көшіріп алып, көркейем деу – балаңдық. Ал жақсыдан үлгі алудың, шығармашылықпен үйренудің жөні бір басқа. Осы жағынан келгенде қазақ елінің де өзіндік бітімі, өзгеше тағдыры, төл даму арнасы бар. Мәселе, сол тамыршыдай тап басуда, оң-солыңды таразылап, тура жол таба алуда. Бұл ретте ел тілегі мен мемлекет мүддесінің тоғысар тұсын дәл аңдап, ұтымды саясат жүргізудің берері мол.

Еліміздің ішкі-сыртқы саясаты осынау тұтастықты таба білумен, әрбір қадамын парасат таразысына салуымен ерекшеленеді. Асықпай, аптықпай, діттеген мақсатқа қарай нық қадам басып келе жатыр деуге болады. Ол бағыт – қазақ елінің болашағын баянды ету мақсаты.

Елдегі рухани тұтастық пен ішкі келісім, оның бүгіні мен болашағы мемлекетті құрып отырған негізгі жағдайына қарай анықталады. Қазіргі кезде қазақтар елдің иесі, елді құраушы ұлт екенін былай қойғанда, сан жағынан 60 пайыздан асып кетті. Мұны ескермеу саяси таяздық болады. Қазақ халқының, қазақ тілінің көкейкесті мәселелері өз шешімін таппай тұрып, Қазақстанның дамуы, ондағы тыныштық пен татулық туралы айту негізсіз, ұшқары деп білеміз. Елімізде соңғы жылдары тілге қатысты қолға алынып жатқан шаралардың қарқын ала түсуі, мемлекеттің осы мәселені түсініп келе жатқанын аңғартады. Тілдің «жыры» бітпесе де, мәселені шешуге нақты талпыныс жасалуда. Соның бір дәлелі – Елбасының тікелей бастамасымен таяуда ғана құрылған «Мемлекеттік тілді дамыту қоры». Қазір Қордың құрамы бекітіліп, қызметкерлері жасақталуда. Бұған шүкіршілік етеміз.

Қордың құрылуы Елбасының тілге қатысты айтып жүрген сөздерінің түйіні, нәтижесі деп білеміз. Бұл мемлекеттің негізгі шаруаларының біріне айналғанын көрсетеді. Мұны жаңа бағыт, нақты қадам деп есептейміз.

Әлбетте, осы қор қазақтың барлық мәселесін шешіп бере алмас. Дегенмен, осының өзі жетістік, ілгерішілдік деп түсінген абзал.

Елбасының бұл бастамасына риза бола отырып, Қордың жұмысына септігі тие ме деген кейбір ойларымызды ортаға салуды жөн көріп отырмыз. Олардың бір парасы мынадай.

Қордың жиындарына, шығаратын қаулы-қарарларына еліміздің жоғары деңгейдегі лауазымды адамдары қатысады. Сондықтан мұнда қозғалған мәселелер мемлекеттік мекемелердің бәріне әсер болу тиіс.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін осы кезге дейін қаншама мәселе көтерілді. Жаксыұсыныстарайтылды. Солардың көпшілігі елгетаралмай жатыр. Осыны тарату жағын ойластыруымыз қажет.

Елбасының өзі Президент болып сайланарда арнайы лингвистикалық комиссияның алдына басын иіп келіп, мемлекеттік тілден емтихан тапсырды. Елбасының бұл ісі билік басында жүрген, ана тіліне селқос қазақтардың бәріне ой салуы керек еді. Олардың ешқайсысы селт еткен жоқ. Сонда тіл тек Елбасына керек пе? Басқа лауазымды адамдардың еш қатысы жоқ па? Бұлар мемлекеттік тілді білмей тұрып, мемлекеттің мүддесін қалай қорғамақ, елге қалай қызмет етпек? Бұл тәуелсіз елге, оның ел басқару жүйесіне жараспайтын қылық емес пе? Бұдан түбегейлі арылып, мәселені төтесінен қоятын мезгіл жетті. Енді барша мемлекеттік мекеме қызметкерлері, депутаттар, министрлер, елшілік қызметкерлері қазақ тілінен емтихан тапсыруы тиіс. Олардың қызметке қабылдану, қабылданбауын біліктілігімен бірге қазақ тілін білу деңгейі де анықтайтын болады, мұны біз аспаннан алып отырған жоқпыз. Әлемдік тәжірибе баяғыдан қолданылып келе жатқан үрдіс.

Ұстанған өзіндік жолы, нақты бағыты бар, шын мәніндегі тәуелсіз елдердің барлығы осындай жасап отыр.

Дүниежүзінде бір ғана ұлттан тұратын елді қолға шырақ алып іздесеңіз де таппайсыз. Ондай мемлекет жоқ. Мемлекет құрушы ұлт асып кеткенде 90 пайызға ғана жетеді. Ал олар бізде басқа ұлттар тұрады, ісімізді тек мемлекеттік тілде жүргізсек, осы тілді біл десек, басқалардың көңіліне келіп қалады деп отырған жоқ. Сондықтан осы мәселеге келгенде біздің де жалпақтап, мәймөңкелейтін не жөніміз бар! Аталған Қор жұмысының негізгі бір бағыты осы түсінікті ел халқының санасына сіңіру болуы тиіс деп білеміз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген ынта-ықыласы мол болды. Олар балаларын жаппай қазақ тіліндегі балабақшаларға, мектептерге бере бастады. Осы жақсы басталған істі жүйелі, сауатты түрде жүргізе алмадық. Соны біз уыстан шығарып алдық, осалдық таныттық. Шетел елшілері де тілімізді мойындап, елімізге қызметке кірісерде қазақ тілін үйреніп келе бастады. Олардың осы ынта-ықыласын біз кері тептік. Көңілдерін су сепкендей бастық. Біздің шенеуніктеріміз олардың қазақ тіліне деген бетін қайтарды. Олар өздерінше – еуразиялық құндылықтармен тәрбиеленгендер. Мемлекеттік мекемелердегі, қаржы саласындағы қызметкерлердің басым бөлігі қазақ тілін білмейді. Білсе де сөйлеспейді, тіпті сөйлегісі келмейді. Өйткені біздің мекемелердегі қалыптасқан құбылыс – қазақша сөйлемеу. Тіпті қазақша сөйлесең сені кемітетін жағдайлар бар. Құлдық сананың сүйекке сіңісті болып кеткендігінің көрінісі бұл. Бұл – біздің ең үлкен қателігіміз. Билік басындағылардың кемшілігі, еліміздің соры. Бұдан әлі күнге арылған жоқпыз. Ашық мойындауымыз керек, билікте жүрген азаматтарымыз бен елге жөн-жоба көрсетер деген зиялы адамдарымыз жалтақтаған, құлдық мінезден әлі құтыла алмай келеді. Осының зардабы қай-қай ісімізден болсын көрініп жатыр.

Елге ақыл айту үшін, ең алдымен өзіңнен бастау керек қой. Ал біздің «тіл, тіл» деп айқайлап жүрген айтулы азаматтарымыздың сөзі бір басқа да, ісі бір басқа. Санаулылары ғана болмаса, көпшілігінің ұл-қыздары, немерелері орыс тіліндегі балабақшалар мен мектептерге

барады, тіпті шетел асып кеткендері бар. Яғни қазақ тілінің болашағына олардың өздері сенімсіздік танытып отыр. Өзің сенбей отырған нәрсеге жалпы жұртшылықты қалай сендірмексің? Сондықтан мұндай екіжүзділіктен арылуымыз керек. Жұртқа өзіміз арқылы, өз іс-әрекеттеріміз арқылы үлгі-өнеге көрсетейік.

Осындай кемшін тұстарымызды ескере отырып, өзге ұлт өкілдерімен сөйлесе келе, мемлекеттің тілдің негізгі тірегі, ең алдымен, отбасы екендігін баса айтқанымыз жөн. Сондықтан отбасында қазақша сөйлеу басты парыз, міндет екендігін түбегейлі насихаттау керек.

Бұл үшін Қазақстандағы барлық мемлекеттік балабақша қазақ тілінде болуы тиіс. Ал Қазақстан азаматтарының барлық өрен-жарандары бастауыш білімді қазақ тілінде алуы керек. Міне, осындай негізгі тірек қалыптастырсақ қана, мемлекеттік тілді өз деңгейіне жеткізе аламыз. Қордың тағы бір басты мақсаты осы болуы тиіс деп ойлаймыз.

Қазақстан азаматтары, Елбасы айтқандай, мемлекеттік тілді құрмет тұтып қана қоймай, оны игеруі тиіс. Мемлекеттік тілді игере отырып, ұйысуымыз керек. Бұл – парызымыз. Сонда ғана ісімізде нақтылық, нәтиже болады.

Қор тек қаржылық мәселелермен ғана айналыспаса керек. Ірі-ірі жобаларды тікелей өзі де іске асырады, жұртшылық тарапынан ұсынылған тиімді бастамаларды да қаржыландырады деп білеміз. Осы жағын ескере отырып, біз Қордың мынадай бағыттағы іс-әрекеттер мен жобаларға көбірек мән беруін қалар едік. Атап айтсақ, олар:

- ұлттық сана-сезімді күшейтіп, тарихи танымды тереңдетіп, ұлттық рухты асқақтататын жобалар. Қазақ болып туғанына, қазақ елінің азаматы болғанына деген мақтанышты қалыптастыруға бастайтын жобалар;

- мәдени тілдік тұтастыққа бастайтын жобалар;

- қазақ тілінің ғылыми сипатын арттыруға ықпал ететін жобалар;

- қазақ тілінің қадірін арттыратын сапалы телехабарлар даярлау;

- балалар әдебиетіне арналған жобалар түзу;

- қазақтың көркем әдебиетін, прозалық туындыларды дамытуға ықпал ететін жобалар;
- тіл тазалығы мен тіл мәдениетін қалыптастыруға арналған жобалар;
- қазақ тілін қалалықтар тіліне айналдыру жобасы;
- қазақ тіліндегі электронды ақпараттық өнімдерді дамыту;
- қазақ тілінің беделін көтеру;
- жастар арасында мемлекетшілдікті, мемлекетшілдік идеоло-гиясын өрістету жобалары және т.б.

Сондай-ақ қазақ тілін өмірге ендірудің, өзге ұлт өкілдерін қазақ тіліне жақындатудың ғылыми тұжырымдамасын түзуге көңіл бөлген жөн. Мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуде социолінгвистикалық зерттеулер жүргізудің берері көп. Бұл ретте Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қазақстанның барлық аймағын қамтитын іргелі ұйым ретінде өз көмегін ұсына алады. Елдегі әртүрлі әлеуметтік топтармен жұмыс істеу, қоғамдағы субмәдениеттерді анықтау үшін тілшілер мен социолог мамандардың бірлескен әрекеті қажет. Олардың қызметі Қазақ қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік топтарды жіктеуді емес, оларды тұтастыру тетіктерін қарастыруға бағытталуы тиіс. Ең алдымен, қазақ қоғамындағы тілдік ахуалды талдап, таразылап алу қажет, әлеуметтік топтарды жіктеп-жіліктеп, олардың әрқайсысына арналған жеке-жеке бағдарламалар, арнайы жұмыстар жүргізілгені жөн. Бұлардың бәрін ортақтастыратын ортақ желі – мәдени-тілдік тұтастықтың аясына тоғысады.

Мәнді ойларымыз бен өрелі істерімізді жұртшылыққа жеткізуде бұқаралық құралдарының атқаратын қызметі орасан зор. Әсіресе, электронды ақпарат құралдарының ел санасын қалауынша өзгертіп, өз илеуіне көндіретін қуатқа ие екендігін қалың қауымға түсіндіріп жату артық. Міне, біздің ақсап жатқан тұсымыздың бірі – осы. Мысалы, Ғалым Доскен деген азамат басқарған кезде «Қазақстан» телеарнасының бағыт-бағдары, тарататын хабарлары жап-жақсы еді. Телеарнаның ұлттық келбеті анықталып, енді-енді тынысы ашылып, телеөнімдерінің сапасы артып келе

жатыр еді. Ел тұшынып көретін тәуір хабарлар легі, ұлттық танымды кеңейтер топтамалары мол болатын. «Күлтөбе», «Ақжүніс», «Алтын сақа», «Рух дидары», «Ақиқат сыйы», «Шынның жүзі» секілді хабарлар көрерменнің көзайымына айналып еді.

«Ән мен әнші», «Жеті саз», «Сағыныш», «Инжу-маржан», «Мәңгілік сарын» секілді музыкалық хабарлар мен концерттік бағдарламалар халқымыздың ғасырлар тереңінен бүгінгі күнге іріктеліп жеткен музыкалық мұрасын қайта тірілтті. Алайда мұндай мәнді істер ғұмырлы болмады. Ұлтсыз азаматтарымызға ұлттық арна ұнамаған сыңайлы. Шибөрідей шулап жүріп, арнаның өңін айналдырып, құбыласын Ресейге бағыттағандай түрі бар. Көшірме хабарлар мен көбік сериалдар қаптады. Қазір телеарналарда қазақ тілінде тұшынып көретін, аты ауызға оралатын хабар сиреп кетті. Ел еріксіз телеарнаның құлағын басқа хабарларға, орыс тіліндегі хабарларға бұрайды. Ұлттық дүниелерге келгенде неліктен бұлайша кежегіміз кейін тарта беретінін түсінбеймін.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының күні-түні көретіні – Өзбекстанның телеарналары. Өмірінде тірі өзбек көрмеген қазақ балалары өзбекше сайрағанда, өзбекті жаңылдырады. Міне, телеарнаның күдіреті! Біз осы күшті теріс мақсатқа пайдаланып отырмыз. Елді қазақ тілінен бездіріп, орыс тілінің құрсауына байлап беріп отырмыз. Мәдениет және ақпарат саласын ұстап отырған ұлтшыл әрі іскер азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед бауырымыз қазақ теле-радио саласындағы осы ахуалды оңалтады деп үміт артамыз. Жұмысын жаңа ғана бастаған Қордың да күш салатын тұсының бірі осы болу керек.

Осы уақытқа дейін қазақша телеарнаның ашылмай отырғанын немен түсіндіруге болады? К.Мәсімов мырзаның бұл жөніндегі берген уәдесі неге орындалмай келе жатқанына таңбыз. Сонымен бірге «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның да қабылдануына күш саламын деп еді, Кәрім Қажымұқанұлы. Мұның бәрі жай сөз, бос уәде болған түрі бар. Елбасының өзі бас болып құрылып отырған бұл Қордың тағы бір айналысар шаруасының бірі осы болса игі.

Әрбір мекеменің бағыт-бағдары мен қызмет-қарымы басысының парасат-пайымы мен іскерлік қабілетіне қарай анықталатынын белгілі. Қордың атқарушы директоры Берік Әбдіғали бауырымыз «Қазақ миссиясы» деген еңбек жазған, Алаш қайраткерлерінің мұрасынан нәр, рухынан қуат алған өрелі азамат. Мемлекетшіл өрен. Білімі мен білігі, іс-тәжірибесі бір басына мольнап жетерлік. Одан үлкен үміт күтетінімізді жасырмаймыз. Еңбегінде келтірілген қазақ халқының болашағын баянды ету жөніндегі келелі ойларын нақты іске асыруға мүмкіндік алды деп білеміз. Игі істеріне әрдайым тілекшіміз. Ендеше, іске сәт!

*«Егемен Қазақстан» газеті.
13.09.2008 жыл*

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Аса құрметті, жоғары мәртебелі, Нұрсұлтан Әбішұлы!

Тәуелсіздігіміздің жасампаз 20 жылдығы қарсаңында ат басын Академияға, өзіңіз жаңғыртқан Ғылым ордасына бұрғаныңызды ғалымдар әулеті жақсылыққа балап отыр. Қазақ ырымшыл халық екенін өзіңіз жақсы білесіз! Сіздің жүрген жүрісіңіз, келген келісіңіз нұрлы жақсылық жолындай екеніне халқыңыздың көзі әбден жеткен. Осы айтулы 20 жыл ішінде Сіз туған халқымызбен бірге небір ғаламат ауыр күндерді де, күреске толы қиын жолдарды да, еселенген еңбектің шаттығын сезінген ғажайып сәттерді де бастан кешіріп келесіз. Ауырлыққа беліңіз қайысқан жоқ, алапат қуанышқа кеудеңіз ісініп тасынған жоқ. Бәрін ақыл сарабынан өткізіп, саналы салмақтылықпен ой түйіп, Еліңізді сәулелі болашаққа, баяғы ертегі батырларындай адастырмай алып келе жатырсыз!

Ғалымдар Сіздің бір басыңыздағы ауыр жүктің салмағын жай ғана емес, ғылыми негіздей отырып сезініп, бүкіл жоспар-жобаларыңызға, әлемді таңғалдырып келе жатқан кемел шешімдеріңізге тәнті. **Әлем ғұламасындай болмысыңызға масаттанады.**

Бүгінгі таңда бүкіл халқымыз Тәуелсіздікпен бірге және Сізбен бірге есейіп, Сізбен бірге көркейіп, кемелденіп келеді. Бұл күнге жету оңай болған жоқ, әрине. Оң-солын анықтай алмай алаңдап тұрған кешегі заманда халқымызды қиын жолдан шығару тіпті де ауыр болды. Әйтсе де, сол тұстағы өжет іс-әрекеттеріңіз, батыл бастамаларыңыз біртіндеп жұртшылықтың басын біріктірді. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару қағидасын қатаң ұстанған ер мінезіңіз мақсатты шаруаға елді жұмылдыра білді.

Сіздің ерлікке бергісіз ерен істеріңіздің қайсысын сана-малапшыға аламыз. Бүкіләлемді таңғалдырған қайтірлігіңізді айтып тауыса аламыз. Сонда да, бүгін шүкіршілік сезіммен, кешегі қиын-қыстау кезеңнің өзінде Елдің болашағын елден бұрын болжап, ата-бабаның ежелгі арманын жүзеге асырып, Қазақстанның қақ төріне орталықты көшіріп, Астанадай зәулім қала тұрғызудың өзі неге тұрады.

Кеше әлемдік ақыл ой-тізгінін ұстап отырған Еуропадағы халықаралық ұйымға жетекшілік жасап, дүниежүзі халықтарының тағдырын шеше алатын Ел екенімізді бір танытсақ, бүгіндері бүкіл мұсылман елдерінің басшылығын қолға ұстап отырмыз.

Қазір Қазақстанмен, Н. Назарбаевпен есептеспейтін ел жоқ.

Ал 20 жылдағы елішілік табыстарымыз бен жетістіктеріміздің сыры мен мәнін бір-екі ауыз сөзбен қалай жеткізерсің. Осындай әлемдік және республикалық деңгейде жүргізіліп жатқан сан салалы шаруа арасынан білім мен ғылым сапасына үнемі уақыт тауып, көңіл бөліп келесіз. Білім туралы заң мен ғылым туралы заң осының айғағы. Өзінің тағдырын осы саламен байланыстырған ағайын, қазір қайтсек Қазақстан ғылымын жоғары деңгейде дамыта аламыз деп әрекеттенуде. Соның ішінде, әсіресе, тіл мамандары, әдебиетшілер, тарихшылар, басқа да мамандық иелері Сіздің мемлекеттік тіл тағдыры, мәдени мұра, тарих жайындағы көзқарасыңыз бен нақты іс-әрекетіңізді жақсы біледі, бағалайды. Әсіресе, Сіздің тікелей қамқорлығыңызсыз мемлекеттік тілдің тағдыры қандай күй кешерін көзге елестетудің өзі қорқынышты. Тіпті, тіл

жоқшысы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы жұмысын қадағалап, қамқорлық жасап келе жатқаныңызға тәнтіміз. Сіздің ақыл-кеңесіңізбен кеше ғана V құрылтайымызды Көкшетау қаласында өткіздік. Сіз мемлекеттік тілдің ғылыми негізін жасаушы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты өнімдерін де, әдебиет пен өнер саласын да назарыңызда ұстап отырсыз. Сіздің ұстанымдарыңыздан қуат аламыз, жігерленеміз. Қазір сіздің жүйелі істеріңіз бен сарабдал сөздеріңіз арқылы ғылымға, ғылым тіліне деген көзқарас жаңаша бағыт ала бастады.

Осының бәрін есепке ала отырып, Нұрсұлтан Әбішұлы, Сізге күллі ғалымдар атынан ризашылығымды білдіремін. Рахмет айта отырып, Өзіңіз алғаш президент болып сайланған кезде жазылған, өзіңіз білетін бата-тілектің бірер шумағын қайталап еске алғым келіп тұр.

Сенеді елің өзіңе,	Ұрпаққа үлгі жол қалар.
Сенеді жалын сөзіңе.	Басында көп тауқымет:
Қалмасын деп тілейді	Тұрмыс, дәулет, Ордалар,
Кездейсоқ жайға кезіге.	Ана тіл, тарих, өнерім,
Ойлағаның тақ емес,	Ел достығы – ол да бар.
Қазақстан тағдыры.	Осының бәрін көтерер
Қинады Сені еліңнің,	Өзіңдей алып Нар болар!
Көп нәрседен мәжбүрі.	Ел сенімін ақтай бер,
Ойлаған адам бас қамын	Алар алғыс мол болар.
Ойламас жайын басқаның.	Алаламай халқыңды,
Сөйлеп үлкен мінбеден,	Әділдік құру қол болар.
Әлемге салмақ тастадың.	Елің бейбіт күн кешсе,
Өзіндей ерен естіден	Нағыз бақыт сол болар.

Сонда, Сіз, Нүреке «жұмыс жоспарымды жазып қойғандай екенсің!» деп едіңіз. Құдайға шүкір, сондағы қозғалған мәселенің көбі бүгін орындалды. Нағыз бейбіт өмірде тұрып жатуымыздың өзі үлкен бақыт емес пе?!

Мен үшін де, ғалымдар үшін де Сіздің тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ортамызға келіп, ой бөлісуіңіз ұлы мереке деп есептеймін. Бойыңыздан қуат, ойыңыздан шуақ кетпегей!

ҰЙЫСУ ҰЛАҒАТЫ

Кез келген саналы азаматты өз елінің ертені, болашақ даму бағдары туралы ойлар бей-жай қалдырмайтыны белгілі. Бұл жағдай, әсіресе, тәуелсіз даму арнасына түскеніне көп уақыт бола қоймаған, бірақ алымы мен қарымы көп үміт күттіретін Қазақстан секілді елдің азаматы үшін тіпті де өзекті. Осы жағынан алғанда жұртшылықтың Елбасы аузынан шыққан әрбір сөзге ден қойып, ықыластана құлақ түретіні түсінікті. Бұл ретте Елбасының жуырда ғана еліміздің белді қазақ басылымдарының бас редакторларымен болған сұхбаты көп көкейдегіні дөп басып, көңілдеріндегі күпті ойларды сейілткен мазмұнды басқосу болды деп білеміз. Сұхбатта елдің өткені де, бүгіні де, болашақ даму бағдары да тыс қалмады. Елді толғандырып жүрген сан алуан сауалдарға да жан-жақты ашық та анық жауап берілді. Көп талқысында жүрген түйінді, күрмеулі мәселелер жайында да Елбасы өз ұстанымын жасырып-жаппай, ашық білдірді.

Әрине, мықты мемлекет құру оңай емес. Көп көңілін бірден табу да қиын. Бұған ту сыртымыздан анталап отырған алпауыт елдерді қосыңыз. Ішкі ұлттық құрамымыз да біркелкі емес. Тілдік, ділдік, діндік айырмамыз да жетіп артылады. Әлеуметтік жағдайымыз да әр алуан. Отаршылдық жүйенің санамызға салған дағы да зілмауыр. Бұл тілеп алған кеп емес. Тарихтың қалауы, тағдырдың жазуы. Сондықтан да елдегі нақты ахуалды ескергеніміз жөн. Қазіргі кезде Елбасының жүргізіп отырған саясатынан да, сөйлеген сөздерінен де, қолға алған істерінен де осы мақсат үдесінен шығуды үнемі көздеп отырғанын байқамау мүмкін емес.

Елдік, тілдік мәселелерді тұрақты ту етіп көтеретін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басы-қасында жүргеннен кейін біздің назарымыздың ең алдымен Елбасының тілге, ділге, ұлттық даму өрісіне қатысты ұстанымдары қызықтыратыны сөзсіз. Жұртшылық Елбасы ұсынған «Үш тұғырлы тіл мәдени жобасы» зиялы қауым пікір ауанын түрлі ойларға жетелеп жүргенінен хабардар. Сұхбат барысында бұл мәселеге де арнайы орын берілді. Мәселені жіктеп-

жіліктеп, басын ашып берді. Қазақ тілі қалған екі алпауыт тілдің шылауында кетпей ме деген күмәнді «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді. Бәрін де біліп, ескеріп отырмыз. Еліміз дамудың жана сатысына көтерілейін деп жатыр. Осындай кезде елді етектен тартқан деген ол кертартпалық болады. Қазаққа кесір болады ол. Өз тілін ұмыт деп отырған ешкім жоқ. Соған қоса заман, уақыт талап еткен тілдерді меңгер деп отырмыз», – деп сөйлетті. Қалай болғанда да орыс және ағылшын тілдердің үнемі алдымыздан шығып отыратыны сөзсіз.

Қазіргі кезде әлемде ғылым-білімге, ақпаратқа орыс тілі арқылы қол жеткізіп отырғанымыз ащы да болса ақиқат. Бүкіл іс-қағаздарымызды да, нормативтік актілерімізді де орыс тілінің негізінде қалыптастырып отырғанымыз белгілі. Тіпті ғылыми зерттеу жүйеміз де орыс тілінің қалыбы аясында дамуда. Біз бұдан бір күнде бас тарта алмаймыз. Сондықтан қазіргі кезде біз қазақ тіліндегі ақпаратты молайтуға күш салуға тиіспіз. Қазірше олардан сапа дәмету ерте. Қазақ тілінде ойлап, тәуелсіз зерттеулер жүргізе алатын ғалымдарымыздың қатары көбейгенде барып, біржола қазақ тіліне көшу жайында ойысуға болады.

Сол секілді ағылшын тілі де бір елдің, не бір мемлекеттің тілі болудан қалды. Әлемдегі ғылым-білімнің, жаңалықтың тілі болып отыр. Өсемін, өркендеймін, өзге жұрттармен иық теңестіремін деген елдің ұлттық томаға-тұйықтыққа берілуіне болмайды. Бұл қажет те емес. Қазақтың рухани табиғаты бұған жол да бермейді. Біз уақытқа қарсы жүрмеуіміз керек, керісінше, уақытта оза шабуға тырысуымыз қажет. Қазақ – жаңалыққа құштар, табиғатынан зейінді. Алғыр халық. Бар дүниесін салса да, баласын оқытқысы, өсіргісі келеді. Бұны неге қолдап, қуаттамасқа?!

Қазір ешкімнің үгіттеуінсіз-ақ жастар ағылшын тілін үйренуге көшті. Бұл жолда уақытын да, қаржысын да аяп отырған жоқ. Өйткені ағылшын тілі – әлемдік кеңістікке

шығаратын құрал. Неге біз жастарды бұл құралдан айыруымыз керек? Бұл ұлттық түлеуіміз үшін де, қайта жаңғыруымыз үшін де қажет. Болашақта қазақ жастары әлемдік кеңістікке шығуы, дүние додасында бақ сынасуы тиіс. Бұл жолда қазақтығымыздан айырыламыз, мәңгірттенеміз деп үрейге берілуге орын жоқ. Керісінше, бұл ширегуға, ширауға, өз қуат-қарымыңды шамалауға, ұлттық бетбейнеңді табуыңа жол ашады. Қазақта «Ит қорыған жеріне өш» деген даналық сөз бар, сондықтан жосықсыз тыйым мен орынсыз қорғаштауды азайтқанымыз жөн. Азат ойлы, еркін қимылды адам ғана тандап, талғай алады. Озық дүниелер тудыра алады. Осыған байланысты бар салада тандау еркіндігіне мүмкіндік жасаған орынды деп білеміз. Әлбетте, ұлттық салт-дәстүр мен ана тілімізге бірден-бір басымдық беруге тиіспіз.

Қазақ тілін дамытудың тағы бір тиімді жолы ретінде Елбасының мына баламасын айтуға болады. Ол: «Қазақ тілін дамытудың қоғамдық қорын құруды ұсынып отырмын», – деді. Бұдан біз Президентіміздің ел пікірімен үнемі санасып отырғанын байқаймыз. Мұндай қор шынында да Елбасы атап көрсеткендей, «... ақшасын кім көрінгенге шашып жүрген, ана жақтан, Мәскеуден әртістерді алып келуге, қабат-қабат үй салуға ақша аямайтын...» қалталы қазақ жігіттері қорға қаржы салу арқылы тіліне, еліне, қазағына қызмет етсін. Тілге жаны ашитын білікті адамдардан кеңес құру идеясы да орынды. Қазақ тілінің көсегесін көгертер бір тиімді шаруа болса, осы болады деп сенеміз. Өркениет өнегесі – өз тілінде, ағайын!

Бүгінге айғай мен аттанның дәуірі өтті. Испен тиянақталмаған сөздің құны көк тиын. Тілді тұғыр етіп жүрген жандарымыз үздіксіз «тіл, тіл» деп гөй-гөйге басып, кара аспанды төндіре бергеннен гөрі, әрқайсысы нақты испен айналысса жөн болар еді. Тіпті болмаса, бала-шағасына, көршісіне қазақша үйретсе, балаларға арналған танымдық құралдар жазса, ғылыми зерттеулер жүргізсе, қазақ тілінің көші түзеліп қалар еді. Сөзбен орақ орудан гөрі испен өнеге көрсетудің өтімді болатынын алдағы уақытта еліміздің зиялы азаматтары ескерер деген үміттеміз.

Осыған орай Елбасының «Зиялы қауымды жинап, басқа ұлт өкілдерін жинап, ғылымның, білімнің өкілдерін қатыстырып, бір әңгіме өткізу керек бұл жайында» деп түйген ойын өте орынды деп білеміз.

Елбасы сұхбатында айрықша назар аударылған мәселенің бірі – ұлттық модернизация. Бұл – өте маңызды мәселе. Қазақтың ел болу, өркениет өрін бағындыру мәселесі. Еліміздің алдына қойып отырған өршіл мақсаттарына қол жеткізу құралы. Сапалық даму деңгейіне көтерілу үшін, дамыған елдердің алдыңғы сапынан табылу үшін ұлттың міндетті түрде жаңғыру, қайта түлеу сатысынан өтуі тиіс. Көне таным, ескі түсінікпен зор биіктерді бағындыру мүмкін емес. Жаһандану заманында бұл мәселенің өзектілігі тіпті де арта түседі. Мұның тілдік, ұлттық мәселелерге тікелей қатысы бар.

Танымның көзі – ойда, ойлау жүйесінде. Қазақы таным мен ойлау жүйесінде уақыт ырғағымен үйлесетін, заман талабына сай келетін өзгерістер енгізу қажет. Бұл ретте бізге жапондардың, малайлықтардың тәжірибелері үлгі бола алады. Дәстүріміздің озығы мен тозығын саралап, дамыған елдердің мәдениетінен кем түспейтін, заманауи қазақы мәдениет қалыптастыруымыз керек. Халқымыз болымсыз жылтыраққа әуестенбей, ақ пен қараны айыра алатын талғампаз, саналы, білімді, озық ойлы елге айналуы қажет. Елбасының: «Күні ертең Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансұлттық дәлізі қолға алынады. Шын мәнінде Жаңа жібек жолы тартылады. Сол жолмен Батыс Шығысқа, Шығыстан Батысқа тауар да ағылады. Қазақстан жері арқылы неше түрлі идеялар өтеді, неше түрлі пиғылды адамдар да өтеді. Халыққа интернеттен де, кабельді телевидениеден де жағымды-жағымсыз, пайдалы-зиянды неше түрлі әңгіме айтыла беретін болады, ашық қоғам жағдайында, жаһандану жағдайында ондай әсерлерден ешкім сырт тұра алмайды. Біз соның бәріне сын көзімен қарай алатын, төл дара сипаты бар ұлтқа айналсақ қана өзіндік болмысымызды сақтаймыз. Солай болып та келеді» дегені айрықша өзекті.

Жалпы өз ойыңнан таба алмағанды өмірден таба алуың неғайбыл. Адамның ойы жеткен жерге өзі де жетеді. Ал

адамның көзқарасын, ойлау жүйесін өзгерту – өте қиын міндет. Бұған санаға жаңа серпіліс әкелетін, қалыптасқан көзқарасты бір-ақ күнде күл-талқан ететін ерекше оқиғалар ғана әсер етеді. Мысал ретінде Ұлы француз революциясын, Октябрь революциясын келтірсек болады. Ататүрік, Ли Куан Ю, Мохамед Мохатхир секілді әлем таныған қайраткерлердің іс-әрекеттері ұлтты жаңғырту, елді жаңа даму арнасына түсірудің бір үлгісі болып табылады.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ел астанасын Астанаға көшіруін, өзгеше тұрпатты, сәнді де салтанатты жаңа қала салуын, «үш тұғырлы тіл мәдени жобасын» ұсынуын, бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына кіру міндетін қойғанын қазақ ұлтын жаңғыртуға, ширатуға, қайта түлетуге бастаған оң қадам деп бағалауға әбден болады. Елбасы қалың елі – қазағына деген перзенттік махаббатын, отаншыл сезімін қабылдаған шешімдерінің емеурінімен, айтқан сөзінің астарымен, атқарылған іс-әрекетінің ишарасымен ауық-ауық сездіріп отырады.

Шынында да, «Тәуелсіз Қазақстан халқының ортақ жеңісі, ортақ қуанышы... Бәріміздің тарихи ерлігіміз».

«Тарихымыз бізді көп ұлтты ел ретінде қалыптастырды. Бұл біздің кемшілігіміз емес, керісінше, бізді ұлттық томағатұйықтықтан сақтап тұратын фактор. Солай болғандықтан біз барлық қазақстандықтарды біріктіретін ортақ ұғымның төңірегінде топтасуымыз керек... Бізде халық біреу – Қазақстан халқы. Түптеп келгенде, біз осы идеологиялық қауымның қазақтың ұлт ретінде одан әрі нығаюына, этностық топтар өкілдерінің жәй ғана қазақстандық тұрғын емес, ділі мен дүниетанымының қазақстандық рухта қалыптасуына барынша ықпал ету жағын басты нысана етіп алуымыз керек. Бұл жолда қазақ халқының алдына өзге этностарға өзінің рухани құндылықтарын сіңіре отырып, тұтастай елдікті қалыптастыруға қатысты тарихи рөл жүктелмек».

... «Нация» мен «национальность» (ел-жұрт және ұлт) деген ұғымдарды талдап түсіндіруде Елбасы тіл білімпазының түйсігін танытады. Ол «қазақстандық ұлт» деген-

нен гөрі, «қазақстандық ел» деп атағанды жөн санайды. Бұл – қисыны келіп тұрған, орынды ұсыныс. Шынында да, түптеп келгенде, «Қазақ елі» деген ұғым «Қазақстан халқы» деген ұғыммен сәйкес. Ендеше Елбасы дәл байқағандай, «Қазақ елі» сөзі – осы елді, осы мемлекетте қоныстанған барлық ұлт өкілдерінің басын біріктіруші, топтастырушы қасиетті ұғым.

Уақытында тұңғыш Президентімізді, яғни қазақ елінің басшысын Ә. Кекілбайдың ұсынуымен Елбасы атап кеттік қой. Яғни бұл ойлардың бәрі бір-бірімен табиғи қисындасып жатқан ұғымдар. Елбасының өз сөзімен айтқанда, «Қазақстандық ел» – қазақ халқын одан әрі біріктіретін ортақ ұғымды орнықтыру жолындағы ой. Бұл біздің бәрімізге «қазақстандықпыз» деп атауға мүмкіндік беретін ұғымға айналатын шығар. Мұның бәрін уақыт көрсетеді. Қалай дегенде де, оның түбінде «Қазақ» сөзі тұратынын ұмытпайық. Одан қазақ қазақ болмай қалмайды. Оның есесіне өзге ағайындар қазаққа жақындай түседі. Өйткені олар осы арқылы «қазақстандық азаматтар», яғни қазақ елінің азаматтары атанады. Бір мемлекеттің халқын бір атау біріктіріп тұрғаны жақсы». Әрине бұл ұғым әлі талай сараптау мен саралаудан өтуі тиіс. Ғылыми ізденіске, тұжырымға өзек болары хақ.

Қаламгерлер Елбасынан Қазақстанның демографиялық жағдайы туралы да түбегейлі жауап алды. Ол қазақты қалайда көбейтудің жолдарын алға тартты. Көбеймесек көсегеміздің көгермейтіні рас. Өйткені «көп қорқытады, терең батырады».

Бұл мәселеде басты назар табиғи өсімге түсіп отыр. Кейінгі кезде жаңа туған балаларға жәрдемақы екі жарым есеге өскен. Ал 2010 жылы бұл төрт есе көбейеді екен. Алдағы уақытта «Алтын алқа» мен «Күміс алқаны» 7 және 6 бала тапқан аналарға берілетіні табиғи өсімге сеп болмақ.

«Дені сау ұлт» бағдарламасының инфрақұрылымын дамытудың да маңызы ерекше. Қазір бізде 2700 адамның ауру жүрегіне операция жасай алатын мүмкіндігіміз бар көрінеді. Қазір мұндайды қажет ететін 9 мың адам бар екені

де айтылды. Мұны 2010 жылы түбегейлі шеше алатынымыз көңіл қуантады.

Елбасы ең басты нәрсеге назар аударды. Ол – жаһандану, нарықтық, қымбатшылық заман екен деп жүріп, халқымызға тән балажандық қасиетті үзіп алмауды тілейді. «Әр нәресте өз несібесін ала келеді» дейтін тәмсілді алға тартады.

Халқымыздың санын өсірудің тағы бір жолы – дүниежүзіне тарыдай шашылған қандастарымызды елге қайтаруға жасалатын жағдайды қарастырады. Осы ретте біздің де мақала, баяндамамызда үнемі сынға алынып жүрген «оралман» сөзінің орынсыз екеніне Елбасы жақсылап нүкте қойғанын айту لازым. Шынында, адамды бір-біріне жақындата түсуден гөрі, келгінші, жат біреу деген жайсыз ұғым тудыратын «оралман» сөзі қандастарымызды алыстата түсетіндей еді. Жеке сөздердің ішкі мәні, астарына дейін зерделеп, зеректік танытатын Елбасының осынау мінезі – қазақ зиялыларына да ой салар өнеге.

Атамекенге оралып жатқан бауырларымыздың елге сіңіп, жерсініп кетуі әр алуан. Ойландырар жайлар көп. Әрине, олардың бәріне көмек керек. Сонымен бірге, өзінің кәсіп, тірлігін іске қосып, еңбекқорлығын таныта келген ағайынға дән риза боласың. 2005 жылы өз басым осындай бір игілікті істің куәгері болған едім. Көршілес Өзбекстаннан көтеріле көшіп келген бірнеше мың қандасымыз Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының маңынан жер қайырып, егін салып, малын асырап, үй салып, үлгілі шаруа жасап жатқан кішігірім қалашықты аралап сүйсінгенім бар. Өзге ағайынға осындай жәрдем қолын созудың орнына, көз аларта бастаған жергілікті әкімсымақтардың қылығы бұл отандастарымызды шаршата түскен. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы екенімді білген Ибаділда Қалыбеков деген жас жігіт (солардың жетекшісі) маған өтініш жасаған соң, олардың жасап жатқан тірліктерін түгел аралап көрдім де, бар жағдайды айтып, Президентімізге хат жолдадым. Елбасы бұған қызығушылық танытып, облыс басшысына тиісті нұсқау бергенін білемін. Олар Елбасына дән риза. Сырттан келген ағайындарға ұялмай көрсетуге болатын бұл

қандастарымыздың игі істері кімге болса да үлгі боларлық.

Осы айтылған ойлардың бәрі түпкі мақсат – қазақтың болашағын баянды ету екендігін меңзейді. Баршамыздың да Темірқазығымыз осынау мақсат болса екен деп тілеймін.

«Егемен Қазақстан» газеті.

11.06.2008 жыл

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУШЫ ҰЛТҚА ТӘН ЕЛДІК КЕЛБЕТ

Өткен жылы жалпыұлттық халық санағының ресми қорытындысы жарияланды. Осында келтірілген деректерге көз жүгірте отырып, біраз түйіндер жасауға болатын секілді. Өйткені болжамды сөз, құрғақ долбар емес, нақты санға жүгіне отырып айтқан пікірдің уәжді болатыны бесенеден белгілі. Мұндағы сандық деректердің елдің демографиялық ахуалын аңғартудан өзге, тілдік, ділдік көрсеткіштерін де анықтауға тигізер септігі мол.

Статистика агенттігінің төрағасы Әлихан Смайыловтың мәлімдеуінше, Қазақстандағы қазақтардың саны 10458 мың адамға жетіп, жалпы халық үлесінің 63,9%-на сәйкес келген. Әрине, бұл қуануға болатын дерек. Он миллионнан асып, ордалы елге айналдық деген осы. Қай кезде де көптің аты көп. Бұған елімізде мекендеп жатқан түрік тектес ұлт өкілдерін қосыңыз. Сонда 70 пайыздан еркін асып жығыламыз.

Санақ барысында діни нанымын көрсеткендердің 70,2% – ислам, 26,2% – христиан, 0,1% – буддизм дінінде екендігін растаған. Дінге сенбейтіндер – 2,8 % болса, діни сенімін көрсетуден – 81,0 мың адам бас тартқан. Осы келтірілген ресми мәліметтер Қазақстандағы әлмисақтан мұсылман елі деп санауға толық негіз береді.

Осындағы сандық деректерді мұрнынан тізіп, толық келтіріп отыруымыздың мәні, еліміздің ұлттық құрамы мен діни нанымының тілдік тұтастыққа да тікелей әсер ететіндігінен туындап отыр. 1989 жылы ана тіліміздің

жоғын жоқтап, жанашыр жұртшылықтың ыждағатымен «Қазақ тілі» қоғамын құрғанда да алдымыздан қайта-қайта көлденеңдеп шыға берген мәселенің бірі осы пайыздық үлес салмақ еді. Құлашты кең сермейтін сәттерде кейде еріксіз іштен тынуға тура келетін. Әрине, береке ойлағаннан, ел тыныштығын көздеп, көп нәрсені ақылға жеңдіргеннен. Құдайға шүкір, ондай белестер артта қалды. Парасат пен пайымға сүйенудің алмас қамалы жоқ екендігін өмір әркез дәлелдеп келеді.

Дегенмен, біз әлемдік тәжірибедегі мынадай ақиқатты ұмытпауымыз керек. Белгілі бір елде мемлекеттік тіл болу үшін мемлекетті құраушы ұлттың пайыздық мөлшері шешуші фактор болып саналмайды. Қазақ он пайыз болса да, қазақ тілі мемлекеттік тіл болуы тиіс және елдің барша азаматы мемлекеттік тілді тиісті деңгейде қолдануға міндетті. Бұл – халықаралық тәжірибеде әбден орныққан қағида. Тәңір тілекті беріп, біз бұл кедергілерді еңсеріп келеміз. Қалай болғанда да елімізде тілдік ахуалдың бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай оңалғанын айтуға тиіспіз. Әлбетте, бұдан көңілді марқайтып, арқаны кеңге салу деген ұғым тумауы керек. Керісінше, құрғақ уағыз бен жылаңқы уайымды қойып, ел иесі, жер иесіне жарасар лайықты деңгейден көрініп, мемлекет құраушы ұлтқа тән өрелілік танытуымыз қажет.

Осы орайда мемлекет құраушы ұлт қандай болу керек, оған жүктелер жауапкершілік түрлері қандай, бұл талаптарға сай болу үшін нені қолға алу керек, неден бас тарту қажет, қандай құндылықтар мен өлшемдерді ұстану керек, т.б. тәрізді сауалдар андағайлайды. Мұндай сауалдар отарлық бұғауынан қол үзіп, тәуелсіздігін жариялап, бетке ұстар бағытын айқындап жатқан елдердің алдынан шықпай қоймайды. Елдің бұдан кейінгі беталысы мен болашағы да осы сауалдарға қандай жауаптар таба алуында және соған сәйкес амалдар қолдануына байланысты болмақ.

Осы орайда мемлекет құраушы ұлтқа тән қасиеттерді өз тарапымыздан тізуді жөн көрдік. Біздіңше, ең алдымен, мемлекет құраушы ұлт өз ана тілін жетік меңгеруі тиіс,

екіншіден, төл тарихы мен салт-дәстүріне қанық болуы, үшіншіден, дәстүрлі діни нанымына берік, төртіншіден, кең ойлап, кесек пішетін ірі болуы (кінәмшілдік пен шікәмшілдік, қыршаңқылық пен ызақорлық әлсіз, аз ұлттарға тән қылық), бесіншіден, білімді әрі өз ісінің кәсіпқой шебері болуы, алтыншыдан, рухы асқақ намысқой болуы тиіс. Өзінің төл ұлттық құндылықтарын қадірлей алған адам ғана өзгенің мұң-мұқтажын терең сезініп, қадіріне жет алмақ. Өйткені өзін жарылқай алмаған адамның өзгені жарылқай қоюы қиын әрі аянышты күлкі туғызады. Сондықтан да өзін сыйлайтын әрбір ел жоғарыда біз келтірген қасиеттерді жоғары бағалап қана қоймай, өзінің күнделікті ұстанымына айналдырады деп ойлаймын.

Бұл мәселе өткен ғасырдың бас кезеңінде тарих сахнасына шығып, ұлттың ұлы мұраты жолында аянбай еңбектенген Алаш арыстарын да толғандырған. Қазақ қайтсе іргелі ел болады деген мәселеге келгенде Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақтың іргелі елдермен терезе теңестіруі үшін үш нәрсе керек. Қазақ мықты, бай һәм білімді болу керек. Мықты болу үшін бірлік керек, бай болу үшін кәсіп керек, білімді болу үшін оқу керек. Осы үш керектің жолында жұмыс істеу керек», – деп нақты әрі айқын тұжырымдаған. Аталған керектер қазіргі кезде де күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

Енді жоғарыда келтірілген қасиеттерді қазіргі қазақтың бойынан таба аламыз ба деген мәселеге келсек, аузыңды қу шөппен сүртуге қақымыз жоқ. Қазіргі кезде қазақтың етек-жеңі жиылып, еңсесі тіктелді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы санамен қазіргі сананы салыстыруға келмейді. Жеткен жетістіктеріміз де, жіберген кемшіліктеріміз де бар. Ендігі мақсат – жетістіктерімізді еселеу, кемшіліктерімізден арылу болғаны жөн.

Өзіне деген сенімділік оты әлсіреген кезде рух жасиды, қайрат қайтады. Кембағалдық психология бас көтереді. Еліктеушілік, өзгені зор, өзін қор тұтушылық, жаттың ығына жығылушылық, өзгенің тілін, мәдениетін өзінің мәдениетінен артық көрушіліктің негізінде сенімсіздік, кембағалдық психология жатыр.

Осыдан екі жыл бұрын Алматы қаласындағы орта мектептердегі тілдік ахуалға талдау жасағанда, орыс тілді мектептердің 70 пайыздан астамын қазақ балаларының толтырып отырғанын көріп шошығаным бар. Бұл – қазақ тілінің мемлекеттік тіл болғанына 19 жыл, тәуелсіздік алғанмызға 17 жыл болғанда орын алып отырған жағдай! Қазақ ата-аналарының әлі күнге өз балаларын орыс тілді балабақшалар мен мектептерге сүйрелеп жүргенін көріп не жыларыңды, не күлерінді білмейсің. Бұлардың ішінде елім, жерім, тілім деп шетелдерден өз Отанына оралған қандастарымыз да кездеседі. Міне, осының бәрінің астарында Қазақ елінің, қазақ тілінің болашағына деген сенімсіздік жатыр. Сенімсіздік пен күмәншілдік жегі құрт секілді. Тұтас ағзаны ірітіп, іштен ыдыратады. Сондықтан ең алдымен адамның өзіне деген, мемлекетке деген сенімін орнықтыру керек. Сенім орныққаннан кейін рух оянады, жігер ширайды, қайрат артады. Сонда ғана қолға алған іс өнімді, берекелі болады. Қол жетпес асқақ армандар ақиқатқа айналады. Елбасының тәуелсіздікті баянды ету жолында атқарып келе жатқан істерін көктей шолғанда, оның ұзын-ырғасынан осынау арманды аңсарды аңғарамыз.

Дүниеде ең қиыны – сананы өзгерту және шындау. Сана барынша консервативті болып келеді. Баяу өзгеріске ұшырайды. Бұл оның табиғатына байланысты. Таптаурынға айналған қателіктердің өміршең болатыны да осыдан. Сананың шұғыл өзгеруіне аса үлкен оқиғалар, зор сілкіністер әсер етеді. Табиғи ырғақты аяңмен жүру ұзақ уақытты қамтиды. Тәуелсіздіктің жиырма жылдығына қадам басар қарсаңға дейін атқарылған істерді елдің санасына жаңа тұрпатты мемлекет құруға лайықтап өзгертуге бағытталған шаралар, елдің болашағын баянды ету жолындағы өрелі істер деп бағалауға негіз бар.

Айтарлықтай хандарымыз бен бектерімізді, батырларымыз бен билерімізді, ақындарымыз бен жазушыларымызды, ғалымдарымыз бен дарындарымызды айтулы күндеріне орай адақтап, айтулы мерекеге ұластыруымыз да тарихи сананы қалыптастыруға, елдік дәстүрді жалғастыруға арналған игі істер деп білеміз. Ұлыларын ардақтай алмаған ел қадірсіз,

қайраткерлерін бағалай алмаған жұрт қадірсіз. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер» қайдан шықсын. Тәуелсіздік алып, төңірегімізді түгендей бастаған шақтағы біздің де алдымен қолға алған шаруаларымыздың бастысы осы еді. Талайлы тарихымыздағы ақтаңдақтарды аршып, ардагер ұлдарымызды халқымен қайта қауыштыру, көкірегіне сөз қонған, өнер тұнған өнерпаздарымыздың мерейтойларын атап өту, ел бастаған көсемдерімізді, сөз бастаған шешендерімізді, найза ұстаған батырларымызды еске алу секілді сан алуан шаралар – осы мақсаттың көрінісі еді. Экономикалық жағдайымыз қиын, тұрмысымыз шатқаяқтап тұрған кездің өзінде осындай қадамдар жасалды. Бұл – санамыз оянсын, рухымыз шалқысын деген амал. Бұл іс нәтижесіз болған жоқ.

Дүниенің төрт бұрышында тарыдай шашылып жүрген бар қазақтың басы қосылып, қара шаңырақта тоғысты. Соның арқасында қандастарымыз Отанға оралып жатыр. Елге ел қосылса, құт емес пе?!

XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Ақыл мен сананың, білім мен біліктің бәсекеге түсер ғасыры. Білімі асқан ел көркейетін, білігі кемшін ел кері кететін кез де осы. Бұл әлем жұртшылығы мойындаған ақиқат. Сондықтан да ертеңін ойлайтын, болашағына үмітпен қарайтын көшелі ел, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне, шәкірт біліміне ерекше көңіл бөледі. Елбасының бұған үнемі назар аударуы да сондықтан деп білеміз.

Шама-шарқымыз жеткенше елдікті танытар, елдікке бастар шаралар туралы бірқатар мәселелерді қозғадық. Десек те қандай бір істің өміршең әрі ғұмырлы болуы үшін ол негізінен жастар тарапынан қолдау табуы тиіс екендігін ұмытпағанымыз жөн. Жастардың ойын қозғап, жүрегінен орын алып, алға құлшындырмаса, бұл істің аяғы сұйылатыны сөзсіз. Қазір үгіт-насихаттың уақыты өткен. Жастар – прагматик. Бар нәрсеге байыппен қарап, оның тиімділігі, берер пайдасы тұрғысынан кесіп-пішеді. Жалаң ұран, жадағай сөз, даңғаза аттанға бой алдыра қоймайды. Сондықтан ұлттық мұраттарға бастайтын жобаларды қолға алғанда оның жалпы жұртшылықтың ойынан шығуын,

жүрегін иітуін, алға құлшындыруын, ұзақ мерзімді қамтитын ауқымды болуын ескерген орынды. Оның шешімін көрсету де жеткіліксіз. Нақты іс қана мәселені шешеді. Қоғамдық ұйымдарымыздың қоғамдық ойға қозғау салумен ғана шектелмей, қол жәрдемдерін де ісімен көрсеткендері абзал.

Қазіргі кезде қоғамдық ұйымдардың, олардың ішінде жастар ұйымдарының саны артты. Алайда бұлардың қатарында тіл, ұлт мәселесімен айналысатындары аз. Осы кезге дейін олардың бірде-біреуі тіл мәселесіне бас қатырмайтын. Соңғы жылдары ғана қазақ жастарының белсенділіктері артуда. «Болашақ», «Тіл және рух» деген жастар ұйымдарының жұмыстары көзге түсіп жүр. Сондықтан тіліміз бен дініміздің, салтымыз бен санамыздың, еліміз бен жеріміздің болашағын ғұмырлы етеміз десек, жастар ұйымдарының осы тараптағы жұмыстарымен айналысатын қатарын көбейтуге күш салғаны жөн. Мемлекеттік органдар жағынан жыл сайын әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін бөлінетін гранттарды анықтағанда осынау бағыттарға басымдық берілуі керек. Өйткені біздер үшін болашақ туралы сөз – тіл мен діл, салт пен сана, дәстүр мен үрдіс, ілім мен білім, тәлім мен тәрбие, өсиет пен өнеге, әдебиет пен мәдениет сияқты қазақ халқы үшін аса қасиетті ұғымдар деген сөз.

Қай кезде де жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілген жұмыстар ғана нәтижелі болады. Мақсаттың айқындығы, оған жету жолдарының дәлдігі көздеген нәтижеге жеткізбей қоймайды. Олай болса, тәуелсіздіктің тұғыры – туған тіліміздің өрісті болуы үшін мемлекеттік тілге көшудің бірыңғай өлшемдері белгіленуі тиіс.

Сол секілді біз сөз барысында мемлекет құраушы ұлт қандай болуы керек, оған қандай міндеттер жүктеледі деген сұрақтар төңірегінде аз-кем өз ойымызды ортаға салуға тырыстық. Бірақ бұл аздық етеді. Осы мәселені де жан-жақты талқылай түсу қажет. Бұл айтылғандардың барлығы да елдікті, тәуелсіздік пен мемлекеттіктілікті нығайту бағытындағы көкейде жүрген ойлар. Ой ойды қозғаса, амалға жол ашса, мақсаттың орындалғаны.

**ТӘРБИЕ БАСЫ –
ТІЛ**



АНАЛАР ТУРАЛЫ АНА ТІЛІ СӨЙЛЕЙДІ

Қар борап, қаһарына мініп қанша тұрғанмен, қыстың буыны босап, екпіні қайта бастады. Енді аз күнде келетін наурыз айы өзінің қыз қылығымен адамдарды да, табиғатты да елжірете жөнеледі. Жер-дүние бусанып, ақ көрпесін сілкі тастап, айнала егіл-тегіл селдетеді. Ағаштар бүршік атады. Айнала тіл жеткісіз түрге енеді. Адамдар сыртқы ауыр киімдерін тастап, наурыздың ыңғайына қарай икемделудің қамына кіріседі. Жер жасана бастайды.

Жыл басы – көктем келіп кіреді. Бүкіл тіршілік атаулы қалың ұйқысынан оянғандай, түрлене түседі. Бір қызығы, адамзат қауымының тамаша өкілі Аналар әулетінің бұл кездегі сымбатына қызықпасқа мұршаң жоқ. Өмірдің сәні де, мәні де әйелдер қауымы екеніне тағы сүйсіне түсесің. Дүние гүліндей боп өмір бастайтын Ана атты ұлы тұлғаның қоғамдағы орны мен болмыс-бітімін ойлап тебіренесің. Анадан тудық, апа-қарындастарың бар, алайда солардың қадір-қасиетін танып-біліп, бағалай алдым ба деген ой үнемі мазалайды. Жаңару мен жаңғыруға жетелейтін наурыз басында осындай неше алуан сезімдерге бөлене отырып, қасиетті ана тілім аналар жайында не айтады екен деген оймен неше түрлі кітаптарға бас қойдым, қазақтың мақал-мәтелдеріне үңілдім. Гажап қой! Біздің қазақ бәрін айтқан және қалай айтқан. Ендеше қадірменді оқырман, соған назар аударалық.

Ең алдымен айтарым, маған осы ана тілі және қазақ әйелі дейтін екі сөз бір-бірінен ажырағысыз табиғи тұтасып кеткен киелі ұғым тәрізді көрінеді. Аңғарғанға ананың ақ сүті мен аялы алақанысыз ана тілінің қанат жаюы мүмкін бе, сірә. Меніңше, мүмкін емес.

Мен бұл тақырып бойынша сөз қозғау үшін көп ойландым, көп толғандым. Қазақтың халық өлендері мен мақал-мәтелдерін, ертегі-аңыз әңгімелері мен эпостық жырларды, қазақ жазушылары мен жыраулар дүниелерін, ғұламалар толғауларын шарлап шықтым. Өз аналарымыз бен әпке, қарындастарымыздың тағылымға толы табиғатын барлап,

көз алдымызда, алақан аясында өскен және білім, ғылым саласындағы қыздарымыз бен немерелердің алып отырған тәрбие мен өнегесін ой әлемінен өткізіп, саралап шыққандай болдым. Жақсы ма, жаман ба, осы бір табиғаты мен тақылеті өзгеше, болмыс-бітімі ерен, өмірдегі орнын ешқандай сөзбен айтып бағалап тауысуға болмайтын жандар жөнінде мейір-шапағатқа, ықылас-бейілге толы өз топшылауымды оқырманмен бөліскім келді.

Мұның өзін аналар мен ана тілі туралы жыр десе де болғандай. Рухани тарихымыздың тарғыл беттерін парақтасақ, қазақ қыздары мен қазақ әйелдері, жалпы аналар әлемі туралы толғанбаған тұлғалар сирек екен. Оның үстіне жүрек тербер, сезім қоздырар қазақтың халық әндеріне немесе мақал-мәтелдеріне бір сәт көңіл аударып көрелікші. Нені меңзеп, не айтар екен. Бұларға дендей берсек, сөзді ұзатып алар ек.

Бұларда аналарға, қыздарға тән әрі тәрбиелік, әрі тағылымдық мәні ерекше толғамдар бар. Соларды саралай келе, мынадай сөз үйірлерін байқадық. Әрине, әлгі тақырыптардың бәрін толық баяндау мүмкін емес. Сондықтан бұл жолы халықтық мақал-мәтелдер төңірегінде ғана кейбір ойларды алқаға салған жөн-ау дедік. Сонымен, ой қозғайық.

Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Оны мынандай мақал-мәтелдерден анық аңғарамыз. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

«Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тыйым» жасайды. Қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді». Өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Сүйген жігіті мен екі арадағы әдепті

қарым-қатынастың табиғи өрбуіне себеп болатын осы жеңгелер. Бұларды жеңгетайлармен шатастыруға болмайды.

Ата-ана қызынан ешнәрсені аямайды. Оның ешнәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазекен қызды бетімен де жібермейді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін еш уақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудікі» деп қыз тәрбиесіне мейлінше сақ қарайды. «Қыз баққаннан қысырақ баққан оңайлығын» жадынан шығармай, баянды отанын тапқанша өзінің жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді.

«Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн» етеді. Мұның көбі, негізінен қыздың шешесіне байланысты дүниелер. Сондықтан қыз көретін жігіттер, алдымен жеңгесі арқылы шешесінің қандай адам екенін анықтағысы келеді. «Шешесі жаманның қызын алма» немесе «Шешесін көріп, қызын ал» деуде осындай мақсат бар.

Заманның бағыт-бағдарына қарай мақал-мәтелдер де түрленіп, өзгеріске түсіп отырады. «Шешесі отырып, сөйлеген қыздан безін» дей келе, қыздың жақсысын іздейді. «Ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілігер» деп біледі. Осындай негізгі тәрбиелік жұмыстарды жүргізіп алған соң, қазекеннің құдайдан тілейтіні қызының барған жеріне тастай батып, судай сіңуі. Барған жерінде бағының ашылғанына қатты қуанады, бағы тайса қатты күйінеді. Қорқатыны – «қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» екені.

«Шыққан қыз шиден тысқары» қыз баланың ендігі жердегі тіршілігі шектеулілеу болатыны белгілі. Ол келіндік және әйелдік дәуір. Бұл қыз бала үшін мейлінше жауапты

кезең. Жаңа түскен келінге сыншы да, мінші де көп. Ол енді төркінінде алған тәрбиенің қаншалықты мағыналы екенін көрсетуге тиіс. Жеңгесі мен шешесінен көргенін істеп, қайын жұртының көңілінен шығуға тырысады.

Қазақ қыздың өз жұртымен бірге қайын жұртының да тәрбиеге жауапты екенін қатты сезінеді. Оның қандай елге, қандай отбасына келін болып түсуіне көп нәрсе байланысты. «Жақсы елге түскен келін келін, жаман елге түскен келін келсап». Бұл жерде қайынененің рөлі көріне бастайды. Көбінесе «келіннің қайынене топырағынан жаралғандай» болып келуін қалайды. Шынында, көргенді елден шыққан қыздың көсегелі елге тап болуы зор бақыттың кепілі.

Жас келіннің бетін ашу рәсіміне қазақ халқы айрықша мән берген. Мұндағы мақсат ақынның астарлы да ойлы, көркем де шебер тілімен жас келінге келген жерінің үлкен-кішісімен, елі-жұртымен таныстырып, ізет-құрмет күтуі өзге елдерде бола бермейтін ұлтымызға тән тамаша дәстүрдің бірі. Бұл мәңгі есте қалар, ұмытылмас сәттер. Сондықтан «келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дейтін нақыл сөз көптің көкейінде қалып қойған. Сөйтіп келін енді келген жерінің тәрбиелік мектебінен өте бастайды.

Қазақтың бұл тұстағы тәсілі де өзгеше. Ата-ене көңіліндегі ойды келінге туралап емес, тұспалдап жеткізуге тырысады. Тіпті көбінесе қызына сөйлеп отырған болып, келінінің құлағын діттейді, «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» дейді. Түбі келіннің іс тірлігі «Еркек үйдің иманы, әйел үйдің жиганы, жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Бірліктен бездіретін де әйел, сұмдықты сездіретін де әйел», «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «Жақсы әйел – жігіт біткенге бак», «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деген нақылдарға сай жетілуін қадағалайды. Сонымен бірге келген келін татулық жаршысындай болса деп армандайды. Әсіресе абысындар арасының ынтымақты болуы көзделеді. «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп», «Ағайынның азары болса да, безері жоқ», «Ағайынға қарап, мал өсір, ағашқа қарап тал өсір».

Қыз, әйел, қатын, абысын-ажын, ағайын туралы мақал-мәтелдерді саралай отырып, халық даналығына қайран қаласың. Атам қазақ ешбір жарғы, нұсқау жазып әуре болмай-ақ әрі қысқа, әрі нұсқа нақылдармен тәрбие-тағылымның тамаша үлгісін түйіп айтып отырған.

Осының бәрінде ананың орны айрықша. Барлық ізгілік, мейірім, шапағат адам баласының бойынан ананың ақ сүтімен дарыса керек.

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді». Әрбір ана бойындағы тағдыр берген бар асылын тоғыз ай толғатқан перзентінен аямаған. Олардың арасынан сөз ұстаған ақын да, ел қорғаған батыр да, шежіре шерткен ғалым да, ел қамын жеген дана да, үлгі-өнеге шашқан ұстаз, тағысын тағы талай дүлдүлдер мен шешендер, өмір гөй-гөйін түйіндеген шеберлер де шыққан. Елі-жұртына ойран салған опасыздар да, қатыгез қара ниеттілер мен халқын қан қақсатқан жауыздар да болған.

Соған қарамастан, анаға табынбайтын, оған тоқтамайтын, оның алдында тізе бүкпейтін жан сирек. «Анадан алып туады», «Ана бауырындағы бұлақ». Сондықтан ана алдындағы қарыздың өтелмегені өте ауыр. «Ананды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың», «Анасыз қыз жасауға жарымайды». Ендеше «Анаға қарап, қыз өсер, әкеге қарап, ұл өсер». Сол себепті «Анасын көріп, қызын ал».

Бұлар ана туралы халық даналығынан алынған бірен-саран мысалдар ғана. Тағылымға толы осынау толғауларды тарата отырып, қазақ тілінің түпсіз де терең байлығына, ойыңды көріктендіріп, көңіл сарайыңды нұрландыра түсер асқан қасиетіне қалайша шаттанбайсыз.

Осыншама байлықтың көзін, біздің ендігі жастарымыз аша, арши түссе, керегіне жарата білсе мемлекеттік тіліміздің көсегесі бүгінгіден де көркейе, еңселене түсер еді-ау деген арманды оймен аналар мен ана тілі туралы жырымды әзірге осымен тоқтата тұрсам деп едім.

АНА ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Осы бір киелі ұғымды ұлы түрколог М.Қашқари айтқан «Тәрбие басы – тіл» деген тәмсілмен бастағанды жөн көрдім. Өйткені қай заман тарихын қаузасаңыз да, тілдің адам тәрбиелеудегі орны орасан зор екені даусыз. Алайда «тілдің тәрбиелік негізі неде, оның нақты көрінісі қандай болмақ?» деген сауалдарға жауап беру оңайға түспейді. Өйтсе де ойға азық, пікірге қазық болар негізді қазақтың ұлы тұлғаларынан ел тағдырын шешуге араласқан би, шешендерінен, ел, жер, тіл туралы ой толғаған ақын, жазушыларынан, ғұлама дарындарынан табуға болады.

Ендеше:

Бір Аллаға сиынып, кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық, –
деп басталатын тағылым қалдырған ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннен бастап ана тіліміздің тәрбиелік мәні мен адамгершілікті шыңдаудағы айрықша қасиетіне көңіл бөлген қазақтың сол данагөй бабалар қалдырған сөздеріне құлақ түрелік. Сондай-ақ бір сөзін алып тастап, алмастыруға болмайтын мақал-мәтелдеріміз бен мәдени мұраларымызға бойлап көру ләзім.

«Туған ел – тұғырың, туған тіл – қыдырың» деген нақылға қанша мағына сыйып тұр. Үнемі осылайша ұғып, осылайша қадір тұтқанда ғана тілдің тағылымдық тынысын тануға болады. Ана тілінен жерініп, жат тілдің жетегінде жүргендерді көргенде Абайдың «Қайран тіл, қайран сөз – наданға қадірсіз» деген ұлағатты ойлары еріксіз еске түседі.

Ердің құнын екі-ақ сөзбен шеше білген бабаларымыздың бүкіл өмір-тіршілігіне тірек еткені – тіл. Өйткені ана тіл – қазақтың ең басты құндылығы. Түркі тілдес туыс ел ішінде, әсіресе қазақ халқының сөз қадірін білуі, содан тағылым, тәрбие алуы өлшеусіз. Сөзге тоқтай білу деген әрбір қазақтың басты қасиеті. «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады» дейтін қазақ ә дегеннен-ақ өз ұрпағын

жүйелі дөп сөйлеуге баулыған. Қазақ ортасынан би, шешендердің, ақын, жыраулардың көп шығуы жайдан-жай емес.

Қазақ тілінің тәрбиелік қасиетін қазақ билері мен шешендерінің сөз саптау қабілетінен айқын аңғаруға болады. Сөздің күші, қуаты болады, нұры, шапағаты болады. Өңгіме соны орнымен қолдана, іске жарата білуде. Қазақ сөзінен осындай шексіз де шетсіз тәрбиелік мәні, әсіресе, әйгілі Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке іспетті билер қалдырған насихат сөздерден айқын аңғарылады.

Тілдің ұлтты тәрбиелеудегі айқын мысалы ретінде Қаздауысты Қазыбек би қалдырған мына бір шешендік үлгіге көңіл аударалық.

... Ілгеріде қалмақтың қаны Қоңтажы қазақ елін үш рет шауып, малмен бірге ұл мен қыздарын алып кеткен екен. Соны даулап қазақтар елші жіберсе де Қоңтажы еш есе бермейді. Сонда қазақ билері бас қосып: «Ұлымыз құл, қызымыз күң болып кеткені ме? Қол жинап, шайқасқа шықсақ қайтеді?» – деп Абылай ханға ақыл салады. Абылай: «Шамасы, біз әлі тілі шебер шешен елші жіберіп сынасқанымыз жоқ, іріктеп елші жіберейік, оған есе бермесе, сосын шайқасайық», – дейді. Бұл жұмыс Келдібек биге жүктеледі. Ол өзі бара алмай, өзіндей кісі таба алмай, ақыры өз баласы Қазыбекті елшілерге қосып жіберіп сынамақ болады. Іздеп келсе бала үйде жоқ, желі басында екен. Баласын жөн біле ме екен деп сынаққа алады:

– Балам, сен кімнің баласысың, жөнінді айтшы? – дейді.

– Атым Қазыбек, әкем Келдібек, Шаншардың немересі боламын, – дейді.

– Балам, сенің осылай асық ойнап, тай үйретіп жүргенің жақсы ма, жоқ әлде жақсылардың қасына еріп, ел танып, жер танып, сөз танығаның жақсы ма?

– Балалық дәуірді де тастағым келмей тұр, бірақ жақсылардың қасына еріп, ел танып, жер танып, сөз танығаным теріс болмас, – дейді Қазыбек.

Сонымен Келдібек он кісінің қасына әлі жас баласын қосып, астына Телқоңыр дейтін тайды ерттетіп беріп, қалмақ ханына жібереді.

Телқоңырды мін деуінде мәніс бар екен. Бір күні Келдібек жылқысын қаптатып келе жатып, қара жал құла қулықтың жер сызып, жылқыға ере алмай келе жатқанын байқайды. «Мынаның ішінде тас па, әлде тұлпар бар ма? Бір құлынды мұнша неге ауырлайды?» – дейді де, жаңа туған құлынды көріп Келдібек:

– Бұған бір қулықтың сүті не болар дейсің, екі бие сүтін емсін, қызыл тарлан бас мама сүтті бие еді, соның құлынын өздерің сойып жеңдер де, мына құлынды соған теліп жіберіңдер, – дейді жылқышыға. Сөйтіп сол екі биенің сүтін емген құлын Телқоңыр атаныпты. Келдібектің тауғатасқа салса қайтпайтын бір жарамды жігіті бар екен. Соны Қазыбектің қасына қосады.

– Қанша айтқанмен, мынау бала ғой, бақылап жүрерсің, – деп тапсырыпты баласын.

Бұларды қадағалап, төбе басында тұрған Абылай тобын көріп, самсап тұрған сары қолға атының басын бұрады. Қазыбек Абылайға сәлем беріпті. Абылай:

– Кімнің баласысың? – деп сұрайды.

– Атым Қазыбек, әкем Келдібек, – дейді. – Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім, – дейді бала. Сонда Абылай кеңк-кеңк күліп:

– Жарайды, балам, жарайды, барсаң бар. Тайың да жақсы екен, сөзің де жақсы екен, – дейді.

Сосын Абылай бұларды біраз жерге шығарып салмақ боп сар желіп береді. Кілең сәйгүлік жер танабын суырып, жөңкіле жөнеледі. Телқоңыр алды-артын орап, ортекедей орғып, ойнап отырады. Ауыздығымен алысқан баланың қолы қарысып қалмас па екен деп Абылай назары тағы да балаға ауды.

– Балам, сен шыныңды айтшы, атшы болғың келе ме, басшы болғың келе ме? – дейді. Сонда бала:

– Тәйірі, мен жол көрген ағаларымның қасында басшы болып не қылайын, атшы болсам да жарар! – дейді. Сонда Абылай бір төбе басына жұртты иіре тоқтатып:

– Ал, жігіттер, жол болсын. Басшыларың Тайкелтір би болсын, хандарың Бертіс, батырларың Малайсары, атшыларың мына Қазыбек бала болсын. Елдестірмек елшіден. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, – дейді.

Қалмақ ханы бұларды менсінбей қарсы алады. Сойыс жасап шығынданбай-ақ, бұларды бөліп-бөліп жібермек болады. Сонда Қазыбек: «Менің жүз атым бар, жүз атшы жоқ, атты тарата алмаймын, бір жерден орын берсін», – дейді. Ат сиятын басқа жер таба алмаған хан өз албарына байлатқан екен.

Аттарды он-оннан топтап байлатып тұрған бала Қазыбекті хан әйелі көріп тұрады.

Кешкісін хан уәзір, билерін жинап, ішінде әйелі де бар, кеңеседі.

– Қазақ бізді қамап кеп жатыр, тайға мінген бала да жіберіпті. Абылайдың бізді келеке қылғаны ғой. Бұларды қырып тастасақ, аттарын жылқыға қоса салсақ қайтеді, – дейді. Сонда ханым тұрып:

– Хан, ол дұрыс болмас. Қазақ қабырғалы халық. «Елшіге өлім жоқ» деген. Елші келгенде хандық қасиетінді сақта, сөзін тыңда. Жүз кісіні өлтіріп жайлана алмассың, жүз атты жылқыға қосып бай бола алмассың. Тай деген тұлпар болып жүрмесін, бала дегенің сұңқар болып жүрмесін, – дейді. Сонда хан:

– Ендеше, елшілерді ордаға жинаңдар, өзіме өзі, сөзіме сөзі сай келер адамы болса, оны көремін, сай келмесе жазасын сол арада беремін, – депті.

Ертеңіне хан ерте тұрып, өзінің бір сұңғыла сыншы қариясы бар екен, соған мына елшілерді байқап кел деп тапсырма береді. Ол ханға:

– Мен мынау елшілер ішінен сен шошитындай адам таба алмадым. Мен басқа бір нәрседен шошып келдім, – депті.

– Неден шошыдың? – дегенге, Қария:

– Жылқы ішінде бір бала жатыр, екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлаш ұрып жатыр екен. Аузынан жалын атқылап тұр екен. «Аузым жеткенше сөйлеймін. Қолым

жеткенше сермемеймін, аяғым жеткенше жүремін, төңіректің төрт бұрышына болса да сөйлесуге жараймын, халықты қара шыбындай аузыма үймелетемін», – деп тұр екен. Сонда хан қаһарланып:

– Сен де аузыңды басып, ақылыңнан шатасып жүр екенсің. Ол өзі бала болса, өзі аттың ішінде жатса, бұл өзі атына ие боп қайтар. Ол ержетіп сүбемізді суырғанша талай өмір өтер, – дейді.

Содан соң хан жігіттері қазақтарға келіп: «Сөзге дәмелілерің қалмаңдар» деп шақырып кетеді. Қазыбек те қалмай бірге келеді. Хан оларға ашулы жүзбен түсін суытып:

– Ия, қазақтар, айтарыңды айтыңдар, – депті. Бұлардың басшылары Тайкелтір би асып айтпайтын бұқпа кісі екен, шаңқылдасып қайтеміз деген кісіше:

Өлеңді өзгеге бердік,
Өрлікті төменге бердік.
Алдияр тақсыр алдыңа келдік,
Берсең алдық,
Бермесең қалдық,
Сөзді өзіңе салдық, –

деп үш-төрт ауыз тақпақ айтады.

Хан Тайкелтірдің төменшіктегеніне мерейі тасып:

– Олай болса, кешке дейін бір жауап қайтарармын, жауап қайтпай қалса, ат-тонның амандығында елдеріне қайтқандарың теріс болмас, – депті. Тайкелтір тағы үш-төрт ауыз тақпақтай жөнеліп еді, хан оны екі ауыз сөзбен тыйып тастады. Үзілген сөзді қазақ жағынан ешкім жалғай алмады. Тығырыққа тірелген тұс. Қазыбек есік жақта өзінің жігітінің жанында қалжыңдасып отырған. Бір мезгілде айнала бір қарап еді, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан атып тұрып, хан Бертіске жетіп барады да:

Елден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық.
Малдан малдың несі артық,
Бір-ақ асым еті артық.

Жерден жердің несі артық,
Бір-ақ уыс шөбі артық.
Міндетіне алған сөзден
Шегінген жігіттен
Өлген аюдың өті артық, –
дейді. Содан кейін Қоңтажыға жетіп келіп:
– Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! – дейді. Сонда хан:
– Өй өзің жөніңді айтшы, атың кім? – депті.
– Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым қаракесек.

– Дауысың қаз дауысындай екен, қаңқылдап тұр екен, ал дағынды айтшы, – депті хан. Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм, тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақ та, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір де, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Екі еліктің лағын
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан, біз арыстан,
Алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желіміз,

Жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітімінді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт,
Не тұрысатын жеріңді айт! –

депті. Сонда сөз қуатын қатты сезінген Қоңтажы хан не дерін білмей абдырып:

– Өзің сөзге келетін бала болсаң, отырған жерің қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары, – деп қолтығын аша беріпті. Қазыбек:

– Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, – деп жалт бұрылып орнына қайта барып отырады.

Қазыбек сөзі ханның басынан асып, Қоңтажы не дерін білмей қалады да:

– Елшілер әр үйде қонақтап жүр. Бір жерден жөндеп күтіндер, – дейді. Сонда хан нөкерлері:

– Бір жұдырықтай баладан қара суға түсіп, осыншама дірілдеп кеткеніңіз не? – дейді. Қоңтажы сонда:

– Сендер білген жоқсындар. Сөзді өңменімнен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып, «тыпыр» етші, «көрейін» деп тұрды. Мен содан қатты сескендім. Сендерге көрінбегенмен, маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп, алдына салып беріңдер, – депті.

Міне, айтатын жерін, жөнін, көзін тауып сөйленетін сөздің құдіретін осы мысалдан айқын аңғарамыз.

«Ана тілі – бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы», – депті К.Д. Ушинский. Адам анатомиясын зерттеуші ғалымдардың сөзіне қарағанда, ана тілдің негізі тіпті сәби құрсақта жатқаннан бастап жасалады екен. Ол ананың қай тілде сөйлеуіне тікелей байланысты болса керек. Яғни ата-ананың ұрпақ алдындағы жауапкершілігі баланың құрсақ дәуірінен басталатынын ұмытпаған жөн. Ұрпақ тәрбиесіндегі бұл аса жауапты кезеңді елеусіз өткізіп алатындар қаншама!

Ал сәбидің жарық дүниеге келуінен басталатын өмір сапарындағы ғажайып сәттердің жөні бөлек. Ана кеудесін

аймалап, ана сүтін емін-еркін қылқылдата жұтып жатқан сүйкімді сәбиін айналып-толғанған мейірбан кеудеден «жаным», «күнім», «ботам», «қошақаным», «кұлыным», «шыбыным» тәрізді жүректі елжіретер сан алуан сөздер легі еріксіз төгіледі. Сәби уілінен қилы-қилы дыбыстар, әуендер, буын-бунақтар, жекелеген сөздер де туындай бастайды. Сәби құшақтаған ана емізулі баласын айналып, толғана отырып оның құлағына нендей сөздерді құя алады. Мұның айрықша мәні бар. Ұлт тәрбиесі бесіктен десе де болады. М. Қашқаридың «Тәрбие басы – тілден» деуі тегін емес. Қазақтың «баланы – бастан, келінді – жастан» дейтіні де соны меңзейді. «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе» депті ұлы М. Әуезов. Бесіктен басталған тәрбиенің негізі берік.

Әлемге әйгілі ұлы тұлғалардың адам болып қалыптасу дәуірінде олардың кеудесіне ана тіл дәрісін ұялатқан әжелер мен аналар болған. Ұлы Абайдың теңдесі жоқ сөз шебері болуына ең алдымен әжесі Зере мен анасы Ұлжанның, сондай-ақ ақын, жазушылардың ықпалы айрықша болғанын баяндайтын М. Әуезов шығармасынан мына бір үзіндіге көз жүгіртелік: «Ол (Абай) атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы, әсіресе, әжесі. Одан қала берсе – шешесі. Бұның әжесі біртүрлі шебер әңгімеші еді. Қызық сөйлейді, әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып қызықтырып айтады. Абай ... бір күні кешке ұйықтай алмай жатып әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда ол ойланып отырып:

– Е, е ... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен? – деп кішкене тақпақтап бастап еді, Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда, әжесін тізесінен ақырын қағып: – Е, е ... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен? – деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді. Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құла мерген» – бәрі де айтылды. Оның әңгімелерін түсте де, кеште де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды...

Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, талмай, жалықпай ылғи

ғана ынтыға тыңдайды. Кейде әжесі шаршап айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол өлең сөзді көп айтады».

Немесе Абайдың Барлас пен Байкөкше ақындармен кездескен жері де қызықты баяндалады. «Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете келген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр, майда баяу домбырадан ба? Қалайда болса Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас пен Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болады».

Осы жолдарды үздіге оқи отырып, кейінгі – қазіргі заман ұрпағының әжелері мен аналарының жағдайын ойлап, салыстырып байқайсың. Өз ана тілінде тәрбие берудің бұл ғажап үлгісінің орыстану аясында мүлде ұмытыла бастағанын көріп ойланасың.

«Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл», – депті Ж. Баласағұни. Бұл не деген сөз? Яғни ақылдың да көрінетін жері – тіл, білімнің де байланатын тұсы – тіл. Тілсіз тірліктің мәні жоқ. Ж. Баласағұнидің мына бір тәмсілі де адамды еріксіз толғандырады. Қараңыз: «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», – дейді.

Сол ғұламалармен Абайдың үндесіп жатқанына таңғаласыз. Ж. Баласағұни: «Сөздің де естісі бар, есері бар, сөкпе тым – көкейіңді тесері бар», – десе, Абай сөзді әнмен алмастырып: «Әннің де естісі бар, есері бар. Тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдының сөзіндей ойлы күйді. Тыңдағанда көңілдің өсері бар». Ойды да, сезімді де сөз құйылту арқылы түрлендіре түседі.

Барлық игі істің бастауында тілдің тұратынын көне дәуір ғұламалары үнемі есінде тұтқан. М. Қашқари тағы бірде: «Игі істің басы – тіл» деп тәптіштейді. Ал А. Игүнеки: «Әдеп басы – тіл», – депті. Ол тілді абайлап тұтыну керек екенін еске салады. Мұның бәрі тілді марапаттаудан туған жай нәрсе емес. Өмірдің мәңгілік тынысында шындалған шындық, ғасырлар қойнауында жүйеленген тәжірибе, содан

түйінделген қорытынды. Халықтың тіршілік-тынысында мәңгі серіктес өмір кешіп келе жатқан тағылым таразысы.

Тіл құдіретін адамдар оны күнделікті қажетіне құрал есебінде жаратып, көне дәуірлерден-ақ осылайша сезіне бастаған. Тіпті оны әуелде тылсым құбылыс деп танып, кие тұтып неше алуан аңыз әңгімелер де туындатқан. Жалпы тілдің пайда болған тұсынан бергі тарихты саралап отырсаңыз, Ана тілдің алдында тізе бүгіп, бас иетіндей неше алуан қасиетін көруге болады. Бірақ мұны елдің бәрі бірдей сезіне бермеуі мүмкін. Мұхаң (Мұхтар Әуезов) суреттеген жоғарыдағы осы бір үзікті үздіге оқи отырып, ана тіліне баулудың осындай үлгісін аңсайсың. Әрине қазір кітап оқудың өзі мұң болып бара жатқан мына техникаланған заманда мұны арман етуге ғана мүмкіндігің бар және қазіргі заман жастарына ана тілді игерудің бірден-бір жолы осы деп те ұсына алмайсың.

Алайда ұлттық тәрбие мәселесінде ең алдымен тіл тәрбиесіне көңіл бөлу – парыз. Адам баласы белгілі-бір қоғамдық ортада өмір кешетін болған соң, бір-бірімен қарым-қатынас, тілдесу барысында қазақ сөзінің мағына арқалаған сан алуан түрі сарапқа түседі. Сөйтіп сөздерді сарапқа салу, саралау арқылы адам өзін де, сөзін де тәрбиелейді. Сөз жаратушы әрбір тұлға өмірінен осыны байқауға болады. Жоғарыдағы мысалдардан осыны аңғарамыз.

Ана тілінің адам тәрбиелеудегі өлшеусіз құны мен бағасын қазақ ақындарының қай-қайсысы да суреттеуге тырысқан.

Қазақ сөзінің зергері Ғабит Мүсірепов ана тілдің қадір-қасиетін мейлінше терең түсініп, аялап тұтына білген жазушы. Ол арқылы өзін де, өзгені де тәрбиелеген. Өйткені оның өз сөзімен айтқанда:

Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

Сұрапыл соғыста қан кешіп жүріп ана тілінің қамын жеген қаһарман жазушы Бауыржан Момышұлының әрбір

сөзі жүрек тебіренеді. Ол: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деп өле-өлгенше ана тіліне тағзым етумен өтті.

Тілдің тәрбиелік мәні дегенде тіпті тек қазақ мақал-мәтелдерінде түйінделген ойлармен шектелуге де болар еді. Өйткені сөзді өмірінің басты құндылығы деп түсінген қазақ, әманда ойын нақты да қысқа, шешен де шебер түйіп айтқанды мақұл көрген. Өмірдің қай саласына да қатысты туындаған мақал-мәтелдердің қай-қайсысын алсаңыз да сондай дөптілікті, нақтылықты, әсерлілікті байқайсыз. Содан өз орнында қолданыла білген сөздің өзгеше бір қуатқа, өткірлікке ие болатынын сезесіз. Қазақ мақал-мәтелдері сан салалы. Олар өмір тәжірибесінен түйілген, сүзілген, басқаша айтуға болмайтын түйін, тұжырым. Сондықтан да әрбір тілдің сөз байлығы, шебер де шешен үлгідегі болмыс-бітімі осы мақал-мәтелдерден айқынырақ байқалады. «Ауыз көркі – тіл, тілдің көркі – сөз». Әрбір тілдің әуезділігі де, өзгеге ұқсамайтын музыкалық мақамы да, бар байлығы да осыдан көрінеді. Бұл жолғы біздің көздеп отырғанымыз тілдің өзі туралы мақал-мәтелдер. Мақал сөздің ажарын, делдал малдың базарын келтіретіні рас. Мақалды орынды жерінде ретін тауып қолдана білген жанның сөзі қашанда өтімді, әрі ұтымды болмақ. Сондықтан да өнер алды – қызыл тіл. Алайда өнер алды – қызыл тіл деп, оны кез келген уақытта, қалай болса, солай қолдана беруге болмайды. Өйткені «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады». Қолданар адам абайламаса «бал тамар тілден у да тамуы» мүмкін. Бәрі сөзді ретімен, жөнімен қолдана білуге тікелей байланысты. Тіл буынсыз екен деп оңды-солды сілтей берсең, ол «ерді қабырға салады, нарды қазанға салады» – осыны сезінген адам сөзді шайқап емес, байқап сөйлеуге тырысады. Аңдамай сөйлеген адам, ауырмай өлуі әбден мүмкін. Әр сөзі орынды айтылған сөз, орнына қағылған шеге сияқты. Қазақ ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле дейді. Себебі сөздің сүйектен өтетінін біледі. Ол еттен ғана өтетін таяқ емес. Сондықтан «еттен өткен таяқтан, сүйектен өткен сөз жаман».

Қазақтың бала тәрбиесінде, сөз қолданысында мақал-мәтелдің орны айрықша. Кез келген қазақ өз сөзінің ұтымды, мәнді болуын қалайды. Көбіне мақал-мәтелге жүгінеді. Өйткені тұздың астың дәмін кіргізетініндей, мақал сөздің мәнін кіргізетінін біледі. Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл. Ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл екенін қазақ ежелден-ақ сезінген. Сондықтан «артық сөйле, кем сөйле, таразылай тең сөйле» деп әрдайым өзін-өзі тәрбиелеп отырады. Сөз біледі екем деп артық кетпе дейді. Өйткені «ел арасын сөз бұзады, жол арасын сел бұзады». Үнемі сөзіне, өзіне абай бол дегенді айтып өзін-өзі тежеп отырады. Сөз білемін деп жөнді-жөнсіз жөңкіле беру тағы да артық. Шындық жадыңнан шықпасын дейді. Себебі «судың түбін шым бекітеді, сөздің түбін шын бекітетінін» білу керек.

Сөзіңді асықпай айтқан жақсы. Себебі «тамақты асығып іше түйілесің, сөзді асығып айтпа күйінесің». Қысқасы, адам баласының азамат болып қалыптасуында тілдің тәрбиелік мәні айрықша. Біз соның кейбір тұстарына ғана тоқтап, мақал-мәтелдерді тілге тиек еттік.

Жоғарыда сөз болған мәселенің бәрі түптеп келгенде, қазақ тілінің мейлінше бай, шебер де шешен, көркем де көсем тіл екенін байқатады. Бір кездері біз осы ғажайып қазынамыздан айырылып қала жаздаған да кезіміз болған. Кешегі кеңестік дәуірде коммунизм дейтін арманға, болашаққа тезірек барудың амалы тек орыс тілін білу арқылы ғана жетесің деген насихаттың күшті болғаны соншама, өз тілімізді кейінге ысырып тастап, жаппай орыс тілін игеру жарысына түстік. Ана тіліміздің қадір-қасиетін ұмытарман халге жеттік. Ол тіпті күнделікті қолданыс дәрежесінен шыға бастады. Ұлттық санасы әлі лайланып үлгермеген білікті қауым бұл жан төзгісіз жағдаймен келісе алмады. Қазақтың озық ойлы азаматтары оқтын-оқтын (1956, 1986 жж.) үн көтеріп, қазақтың қалғып кеткен санасын оятумен әлек болды. Нәтижесінде, 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде заңды құқыққа ие болды. Тіл туралы заң қабылданды.

Бұл қазақ халқының тағы да жаппай ояну дәуірі еді. Соның дүмпуімен еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде көк

туын көтеріп шықты. Мемлекеттік тіл үшін күресті тоқтаусыз жүргізе бастаған «Қазақ тілі» қоғамы дүниеге келді (1989 ж.). Қазақ радиосы қазақ елінде мемлекеттік мәртебе тек қазақ тіліне берілу керек деп сайрады. Баспасөзде, ақпарат құралдарында ғалымдар, жазушылар, ұстаздар үн көтерді. Қазақ тілінің тағдырын ойлап, бұқаралық ұйым құру қамында жүрген біздер (біздер деп отырғаным академик Әбдуәли Қайдар бастаған тілшілер қауымы) әлденеше рет жиын жасап, жоспар құра бастаған едік. Сондай басқосулар тұсында Әбдуәли Туғанбайұлы «Шіркін, қазақ тілінің еңсесін көтеріп, мәселелерін толғайтын бұқара атынан сөйлейтін қоғам құрсақ, оның өзінің әні болса» деген ой айтып қалды. Ана тілінің сол кездегі жайы туралы толғанып, әр алуан ойда жүрген кезім еді. Әлгі сөз көкейімнен кетпей қойды. Кеудемді әуен кеулеп, көкейімді әр алуан өлең жолдары торлай бастады. Сонда туған «Ана тіл» деп аталатын ән еді бұл. Соны да еске ала отырғанды әбес көрмес қадірменді оқырман. Қазақ радиосындағы ұлтжанды қызметкерлердің өтінішімен тіл туралы хабарлар жүргізе бастаған кезім болатын. Осы әнді өзім орындап, хабардың алды-артында беріп отырдық. Сол әннің мәтіні былай басталушы еді.

Ана тіл, ана сүтім, арым менің,
Баяным, бақ-дәулетім, барым менің.
Өзіңменен рухым көтеріліп,
Өзіңмен атады ылғи таңым менің.

Елдігім, есендігім, ерендігім,
Ақыл-ой, арда сезім, тереңдігім.
Сеніменен аспаным арайланып,
Сеніменен нұрланар келер күнім.

Өзге елмен сен арқылы теңесемін,
Кемеңгер, даналармен кеңесемін.
Ән айтып, өз тілімде сөз сөйлесем,
Шабыттың айдарынан жел еседі.

Көрсө де неше түрін зілзаланың,
Құлатпай келген қорғап тіл қамалын.
Аталар аманатын мықтап ұстар,
Жас ұрпақ, сенің бүгін сын заманың.

Сен үшін осыншама жерді сақтап,
Сан түрлі тезге салып тілді баптап.
Бабаңның жан жалауы – тілсіз сенің
Қалай күнің жарқырап, таңың атпақ.

Аспаны тілдің талай бұлттанып,
Қайта өрлеп, қайта көктеп, құрып барып.
Өр қазақ жаныменен суарылып,
Ғасырдан ғасыр өтті сұрыпталып.

Ана тіл қазақтың бас қазынасы,
Кез келген ұқпас оның мағынасын.
Дүниеде наннан асыл ештеңе жоқ,
Тілге де нанмен бірдей табынасың.

Тіл менің – күш-қуатым өмірдегі,
Тірлікте онсыз қиын көрінбегім.
Ол барда ұрпақ тірі, өшпес үнім.
Сен өлсең, бар қазақтың көмілгені!

Азамат, барыңды күт, мәпелегін,
Ұмытпа ана тілін, әке үнін.
Кезінде мұны ұмытқан ағайынның
Келешек кешірмейді қателігін.

ІЗГІЛІК – ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУДАН БАСТАУ АЛАДЫ

«Өлмеген құлға болды жаз» дегендейін, міне, жыл сайынғы түрленгіш мінезімен тағы да көктем келіп жетті. Жылдың әр мезгілінің өзіндік мәні, өзіндік сыры бар ғой. Жер дүниені селдетіп, егілтіп, төгілтіп келетін көктемнің жөні бір бөлек. Құдайға мың да бір шүкіршілік, бұл өмірдің үш жиырма бесін артқа тастап, зуылдап өткен уақыт салмағын өзімше саралап, қалай тірлік еттім, не тындырдым, көңіл тояттарлық қандай жақсы істерім болды дегендерді ой сүзгісінен өткізетін кезім!

Мен жүріп өткен өмір белестері кезең-кезең көшкен бұлттай сағымданып көз алдымнан өтіп жатыр. Сәби кездің тәтті елесі еліктіріп, балалық шақ белесіне жете бергенде соғыс басталды. Ел ажары солғын тартып, үлкендердің қабағынан қар жауғандай түнеріңкі. Қолына мылтық ұстай алатындар түгел майданға аттанды да, елдегі тауқымет кемпір-шал, әйелдер мен балалар мойнына түсті. Бір қызығы, олар бұл ауырталықты қыңқ демей көтерді. Тіпті кетпен, күрек ұстай алатын әлжуаз балалар лезде есейіп шыға келді. «Бәрі майдан үшін!» деген ұран қуатын сонда біз де қатты сезініп тірлік еттік. Оқуды да жалғастырдық.

Соғыстың зардабын көрмеген отбасы сирек шығар деп білемін. Біреудің әкесі, біреудің ағасы, енді біреудің інісі немесе баласы туралы келген қара қағаздан еңірегінде етегі толған жандардан ел іші теңселіп кеткендей болатын. Біздің қазақ бұл қайғыны да көтерді. Үлкендермен бірге балалар да ес жиды. Есімнен кетпейді, бірде тоқ, бірде аш, бірде жалаңаш үлкендерге ілесіп колхоз шаруасына араластық. Сөйтіп жүргенде көктемнің жарқыраған мезгілінде «Жеңіс!» деген сөздің құдіреті жетті атойлап. Күйзелген ел қуаныш жасын көлдетіп жүріп, күйреген шаруаны қалпына келтіре бастады. Жараланған, аман-сау келген солдаттар да келе іске кірісті, ауыл ажарын кіргізді.

Оқулықтарымыз бен қаламсап, дәптерлеріміз жетіспесе де, мектептегі ұмытылмас күндерімді сағынамын. Бар мақ-

саты балаларға білім нұрын жеткізу болған сол кездегі мұғалімдерімнің мейірімін аңсаймын. Сөйтіп оқу деген ұлы арман бізді алға жетелеумен болды.

Біртіндеп мектеп қана емес, төңірегіме, туып-өскен жеріме көз сала бастадым. Бақсам, мен туып, дүниеге келген жер әйгілі Сырдария өзені мен қарт Қаратаудың кең алқабына жайғасқан шежірелі Отырар өңірі екен. Ежелгі Отырар шаһарының үйіндісі мен сияқты ойын баласының ойнағына айналған. Оның күнбатысында алыстан мен мұндалап баптардың бабы Арыстанбап әулие кесенесі тұр. Одан солтүстікке бет түзесеңіз, әлемдік ақыл-ойдың жарық жұлдызы атанған Қожа Ахмет Ясауидің мовзолейі жарқырайды. Біздің ата-бабаларымыз оны Әзірет Сұлтан деп атап, табынатын. Біздің ауданның ауылдарын аралап Арыс өзені еркелей ағып барып, Сырдарияға бас сұғады. Арыстанды Қарабас аталатын арқыраған желі қысы-жазы соғып, елді мезі еткенмен, бұл өлкенің өзгеше бір кісі тартарлық қасиеті де бар. Ертелі-кеш өмір сүрген ұлылар мекені болғандықтан ба, әйтеуір бұл кімді де болса толғандырмай қоймайтын киелі мекен.

Мен онжылдық мектепті соғыстан кейінгі ауыр жылдардың бірінде – 1953 жылы бітірдім. Несін жасырайын, мектептен алған орысша сауатым жеткіліксіз болып шықты. Ол кезде ауданымыздағы орыс атаулының бәрі қазақша сайрайтын. Содан ба, әлде өзімнің жеткілікті ықылас бөле алмағандығымнан ба, жағдайым осылай болғандықтан Кентау қаласына барып бір жыл жұмысшы болып, 17 орыс ортасында еңбек еттім. Сөйтіп олармен күнделікті жұмыс бабында араласа жүріп және қосымша түрлі кітаптар мен сөздіктерді пайдалана жүріп, орысшадан едеуір көзім ашылғандай болды.

Осының бәрінде байқалатын бір нәрсе, адам үнемі өзін-өзі алға жетелеумен, өзін-өзі тәрбиелеумен бола ма деймін. Білуге құштар болдым, үздіксіз оқыдым. Білімді болуды армандадым, сол мақсатпен сол кездегі республикамыздың жалғыз жоғары оқу орны С.М. Киров атындағы (қазір әл-Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік

университетіне келіп, оқуға түстім. Мұндағы 5 жыл менің өмірімде ешқашан ұмытылмайтын ғажайып жылдар еді. Қазақ ғылымының корифейлері дәрістер оқыды. М. Әуезов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, И. Маманов, Т. Нұртазин, З. Қабдолов, К. Аханов, Герпсман, Мадзигон, Рубинова тәрізді ғұламалардың әрқайсысының өзіндік болмыс-бітімі, үні, санқилы тәрбиелік тақылеті естен кетпейді. Қазақ тілі мен әдебиетіне, фольклорына, мәдениетіне құштар еткен осы тұлғалар еді. Бұлар әрқайсысы өзіне бөлек дастан-шежірелер.

Менің бүкіл болашақ өміріме таусылмайтын азық болған осылар. Бұлар білім мектебі болса, ал өмір мектебінің тағылымы бұдан да ерек деп білемін. Ол «Социалистік Қазақстанда» (қазіргі «Егемен Қазақстан») еңбек еткен жылдарым мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы жылдарым.

Тіл білімі институтында ғылым атаулы сиқырлы дүниенің есігін ашып, оның алуан түрлі сырына үңілдім. Аударма әлемін шарлап, ғылым тілінің негізгі тірегі болып есептелетін терминологиялық лексиканың қыр-сырын сараладым. Нәтижесінде жүздеген мақалалар, ондаған кітаптар дүниеге келді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастыра жүріп, қазақ тілінің тағдыры көңілдің бір түкпірінде толғандыра берді. Сан ғасырлар халықтың қажетін қалтқысыз өтеп келе жатқан бай да шешен тіліміздің Кеңес дәуіріндегі жағдайы көңіл көншітпейтін еді. Барлық мүмкіндіктерді (баспасөз, радио, телеарна, т.т.) пайдалана отырып, академик Ә. Қайдар бастаған тіл майданына білек сыбанып кірістім де кеттім. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болатыны рас екен. Бүкіл қазақ зиялылары, қарапайым халық қолдау көрсеткен соң, біз діттеген мақсатымызға жеттік. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленді. Бұл тәуелсіз еліміздің жемісті жұмысының жеңісі. Қазір мемлекеттік мекемелердің бәрінде ісқағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Алайда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдарының алда атқарар жұмыстары әлі шаш етекпен...

Өткен өмір белестерінің кейбір тұстарын осылайша еске ала отырып, өзіңді қоршаған орта туралы, таңғажайып

табиғат әлемі туралы да адам баласы ойланбай тұрмайды екен. Осыған орай, менің өмірімде естен кетпес сәттердің көп болғаны бар. Соның бір сәтін еске алсам деп отырмын. 1983-84 жылдары сәті түсіп, отбасымыз боп, құдай қосқан құда, құдағиымызбен бірге «Оқжетпес» санаторийінде болдық. Көкше өңірін сурет арқылы, телеарнадағы көріністер арқылы көріп, «Шіркін, бір көретін жер екен-ау» деп армандап жүретінмін. Осының сәті енді түскеніне мейлінше шаттанып, Оқжетпес өңірін аралай бастадық. Мұндағы табиғаттың кескін-кейпі адамға бөлекше әсер етеді екен. Үш-төрт күн бойы толқумен болдым. Көргендерімді көкейіме сыйғыза алмай, таңданумен жүрдім. Бұған дейін анда-санда ғана көңіл толқынынан туған бірен-саран шумақтар болмаса, толассыз өлең жазып жүрген жан емес едім. Ал мына жолы көрген дүниелердің бәрі көз алдымда көлденендеп, тынышымды алып бітті. Еркімнен тыс қолыма қалам алдым. Шапасы, табиғаттың адамға әсері дегеннің бір түрі осындай болар ма екен деп түйдім. Қадірменді оқырманға сол жолдарды ұсынуға тәуекел етіп отырмын.

КӨКШЕ ӨҢІРІНІҢ ӘСЕРІ

Атақты осы екен ғой Көкше жері,
Арманға азық болған Арқа төрі.
Сапардың сәті түсіп келдік бүгін,
Армысың, сері елдің сексен көлі.

Бармысың суы мөлдір Бурабайым,
Елімнің елестеткен туған Айын.
Көкейден жыр бұлағы атқылайды,
Жағанды ақ толқындар жуған сайын.

Жан бар ма бұл өлкені көксемеген,
Тарихын ғасырлардың дестелеген.
Тас екеш, тасы сөйлеп кеткелі тұр,
Жүгіндей қыздың жиып, текшелеген.

Дегендей, «Ей, жолаушы, мойныңды бұр»,
Оқжетпес ой арқалап оңаша тұр.
Қиялды қыран құстай қалықтатар,
Табиғат сыйы ғой бұл тамаша бір.

Оқжетпес жалғыз емес асқақтаған,
Тағдырдың тәлкегінен бас тартпаған.
Өзіндей көкке атылған шоқылар көп,
Бейнебір серілікті сақтап қалған.

Таңғалмау мүмкін емес тау-тасына,
Піл қалай шығып кеткен тау басына?!
Сауыт киіп сау етіп, ұран сала,
Үш ару шыға келед жау қашыра.

Көкше тұр күзет жайын қамдастырып,
Кейде бұлт, кейде күнді алмастырып.
Қабағы қатқылдана күзге таяу,
Жатады тауды тауға жалғастырып.

Аулақта дамыл тапқан Жекебатыр,
Алқапқа қорған болып жеке жатыр.
Ақ басты алып бура кеткен ұйықтап,
Дегендей «Өмір сенен де өтеді ақыр!».

Шаншылып қарағайы аспанға өрлеп,
Баурайды қиялыңды жүрек тербеп.
Құбылып көлеңкесі көлде ойнайды,
Көкейге таңғажайып салып өрнек.

Қайыңдар – қыз-келіншек сыбырласып,
Өзгеше қылық ашып, жымыңдасып.
Жүректің домбырасын шерте түсед,
Перненің бірін аттап, бірін басып.

Қарағай – сап түзеген жігіттері,
Зор оның қыз-қайыңнан үміттері.

Ентелеп үнсіз, тілсіз тұрып қапты,
Іздейді-ау жүрек-құлып кілттерін.

Жағасы жасыл көлдің жанға сая,
Жұпарын емін-еркін жұттық тоя.
Көкшенің баурайында салып сайран,
Уақыт өтті-ау, шіркін, кетпей зая.

Көл тұнып, ойға терең бойлағандай,
Наздана ерке толқын ойнағандай,
Жағада қанша тұрып жұтсаң ауа,
Бұрылып кете алмайсың тоймағандай.

Айнала жамылып ап жасыл желек,
Аймаққа тіл жеткісіз сымбат беред.
Дариға, Көкше өңірі, сен тұрғанда
Жұмағың қиялдағы неге керек?!

Табиғат көркіне осылайша әсерлене отырып, сол табиғаттың бел баласы – адамның болмыс-бітіміне зер сала бастадым. Жалпы адамның адам болып қалыптасуы жөнінде ой толғағандар мен ғана емес. Бұл мәселені тіліне тиек етпеген жандар аз емес. Әл-Фарабиден бері жалғасқан ұлы ғұламаларға тереңдемей-ақ, кешегі дана Абайдың өз толғаулары Сізді неше алуан ойға жетектемей ме?

Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» атты тамаша бағдарламасына көңіл қоя отырып, Абайдың кәміл адам туралы тебіреністеріне қайта үңілдім. Адам баласын өмір бойы ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке жетелеген Абайдың әрбір ойы, әрбір өлеңі осы бағдарламаның негізіне айналғандай. Басқасын былай қойғанда, 15-ші қара сөзіне назар аударып көрелікші:

«Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, ахиретке, не дүниеге

жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?» – дейді данышпан Абай.

Өмірде «біз кімбіз», «қайдан пайда болдық», «біз өмірге не үшін келдік» және «қайда барамыз» деген тәрізді адам болудың амалдарын іздестіретін бұл бағдарламаның бағасы ерекше деп білемін. Әсіресе ата-ананың аялы алақанынсыз тағдырдың талқысына түскен жетімектер үшін «Өзін-өзі тану» жобасының атқарып отырған ісінің маңызы өте зор.

Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақты ұлттық, азаматтық тұрғыда тәрбиелеудің бірден-бір негізі осы болмақ.

Өзін-өзі тану пәнінің оқу үрдісіне енгізілгеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Соған карамастан, қазірдің өзінде бұл жоба өзінің өміршеңдігін дәлелдей түсті. Мұндай шешімге мен жобаға байланысты сабақтарды үнемі қадағалап көріп, қарап отырғандықтан келіп отырмын. Сөздің түйіні өзін-өзі тану пәнінің болашағы зор деп білемін. Мұны барлық оқу орындарында жалғастыра беру керек. Өйткені ұрпақ тәрбиесіне мұның әсері мейлінше мол болмақ.

ҚАЗАҚ БАЛАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ТӘРБИЕЛЕЙІК

Қазақ тағдырын түбегейлі ойластыратын заманға жетсек те, шешім таппай жатқан ортаға салар ойлар сан алуан. Мәселенің көбі мемлекеттік тілге келіп тіреле береді. Өйткені қазақ тілін мемлекеттік тіл еттік деп қалпағымызды аспанға лақтыра қуанғанымызбен, тіл мәселесін түбегейлі шешу әлі күнге оңай болмай тұр. Олай болатыны тіл тағдырын оның нағыз заңдылықтарын терең түсініп, оны жүйелі, сауатты әңгімелейтіндерден гөрі даңғаз, дабырмен, айқай-шумен тілдің емес, өзінің абыройын асырғысы келетіндер пайда болды. Бұл мәселенің бір жағы болса, екіншіден, ана тілдің уызына жарымағандар қатары көбейді. Үшіншіден, ана тілін де, орыс тілін де жетік бі-

летін ересектер мен егделер арасында орыстақы тәрбиенің салқыны бойын әбден меңдеген, соған қарамастан өзін зиялы қауым қатарына қосып жүрген сауаттылар тағы бар. Сондай-ақ қазақ тілін білмейтін, тіпті оны менсінбейтін таза орысша тәрбиеленіп, орысша сөйлейтін қандастарымыздың қатары да біраз. Қазақ тілі өзіндік даму жолына түссе қанеки деп, қол қусырып, әрекетсіз қарап отыратын қазекемдердің де саны жетерлік. Осы тектес алақұлалықтардың басы жинала келе, мемлекеттік мәртебеге әрең ие болған тіліміздің өрісін өрге бастырмай, тынысын тарылта береді. Содан қазақ қауымы кім кінәліні іздеп әуре. Сондағы бар тапқаны-бірінің жағасына бірінің қолы жармасып жатқаны. Нәтижеде түрлі жікке, топқа бөлініп, өнбес дау іздеген, өспес ел ұлдарының кейпін танытатыны.

Енді не істемек керек? Неге бұлай болды? Бұл жағдайға қалай жеттік? деген тәрізді сауалдар әлі күнге өзіне жауап іздейді.

Құдайға шүкір, бүкіл қазақстандықтар тұрғысынан қарағанда, еліміздің экономикалық әл-қуаты артты. Әлеуметтік мәселелер де ештеп шешім таба бастағандай. Ал осы елдің иесі, тәуелсіз мемлекетке ат беріп отырған Қазақстанның байырғы тұрғыны – қазақ ұлтының өзіне, оның мақсат-мүддесіне байланысты мәселелер түбегейлі шешімін тапты ма? Көбіміздің сипай қамшылап, кесіп айта алмай жүрген негізгі, әрі күрделі мәселенің бірде болса бірегейі осы деп білемін. Ашылып айтуға келгенде арыла алмай жүрген бір дерт өзіміз туралы сөз қозғасак, өзгелер не дейді дейтін жалған көпшілдік, жексұрын жалтақтық. Аржағы үш жүз жылдан бері жалғасқан, кейінгі 70-80 жыл бойы қанға сіңген осы бір ұлт мүддесі деген таза, пәк сезімнен бойды ада-күде аулақ ұстау дейтін «жетістік» бізді әлі тұқыртып ұстаумен келеді. Бұл жалған ұстанымның бұғауын үзетін уақыт әлдеқашан жетті. Мұны әсіресе зиялы қауым сезінуі тиіс. Шүкір, аз да болса ондай нышан бой көтере бастағаны да рас.

Алайда ондаған жылдар ішінде біздің халқымыз неге соншама өзіндігінен, өз негіз, тегінен жіп үзіп, басқа

мәдениет құшағына ұмтылумен жүр? Ал ұлттық негіз, тек дегеніміз не, оны қалай, немен түсіндіруге болады. Бұны, әрине, бізден гөрі философтар тереңірек түсіндірер.

Сонда да біздің өз пайымдауымызды білдіргеніміз артық болмас. Осынау тек, негіз деген ұлттық қасиетке тірек болар нәрсе, біздіңше, ең алдымен – тіл. Яғни тілдік, дәлірек айта түссек, ұрпақты тілмен тәрбиелеу әрбір ұлттың басқы шаруасы болуға тиіс. Өз азаматын өз тілімен тәрбиелей алған мемлекеттің іргесі мен тіреуі мықты болатынын дәлелдейтін мысал көп.

Бұрын да жіберіп алған, қазір де босаңсытып отырған ең үлкен кемшілігіміздің бірі осы. Яғни қазақ баласын таза қазақ тілімен тәрбиелеу ісі елеусіз, ескерусіз қалып келеді. Бұдан гөрі басқа мәселеге барғыштай береміз. Зерделеп карасақ, жіберіп алған орасан олқылықтар осылайша алдыңызды орап шыға бастайды.

Барлық тәрбие атаулының негізі тілде жататынын «Тәрбие басы – тіл» деп М. Қашқари де айтып кеткен ғой. Тілге мән бермеу нәтижесінде өзінің діліне, тарихына, әдеби, мәдени мұраларына селқос ұрпақ өсіріп үлгердік. Бұл неден басталды дегенде, алдымен отбасы тәрбиесіндегі эттегенайлар ойға орала береді. Адам тәрбиесіндегі негізгі ұстын осы отбасында жасалуға тиісті істің бәрі үлгілі болды деп айта аламыз ба? Рас, керемет үлгі тұтарлық іс тындырып отырған отбасы жоқ емес, бар, бірақ ұлттық біртұтастық тұрғысынан бұл бірен-саран үлгі көңіл тоғайтпайды. Отбасындағы осы тәрбиенің де жібін босаңсытып алғанымыз ақиқат. Өйткені ә дегеннен-ақ білуге, көруге, қабылдауға ынтық талантты халқымыздың орыстық өнегеге ұмтылысы күшті болды. Орысша оқып, орысша тәрбие алудың нәтижесінде біртіндеп, қазақы тәрбиеден, қазақ тіліндік тәрбиеден алыстай бастады. Ұлы Мұхандар (М. Әуезов) «Ел боламын десең, алдымен бесігіңді түзе» деп уайым жеген екен. Осыны көріп, біліп, сезінгендіктен де солай деген болар.

Заман ағымын байқаған ата-ана, ұлы-қызын қазақша оқытып, қазақша тәрбиелеуден гөрі, орысша оқытып, орысша

тәрбиелегенді мақұл көрді. Бір есептен олар ұтылмаған да сыңайлы. Өйткені орысша білім алған жас ұрпақтың алдынан сан түрлі жолдар ашылды. Қалаған оқуына түсіп, қалаған қызметіне тұра алатындай жағдай жасалды. Ал қазақ тілінде оқып, қазақша тәрбие алған жандардың жолдары тарылып, қызмет аясы шектеле түскені анық. Осыны күнделікті көріп, сезіп, біліп отырған жанның ұрпағы үшін қай жолды қалағаны дұрыс десеңіз, әрине, мұқтаждық тұғызып отырған жолды таңдауы жөн. Міне, сондықтан да ол ә дегеннен-ақ баласын орысша тәрбиелеуге ұмтылады. Неге өйттің деп, оны кінәлауға қақыңыз жоқ. Баланы қазақ тілімен тәрбиелей алмаудың басы осылай басталды. Бір қызығы, бұл біртіндеп жалпы халықтық сипатқа айналған. Яғни тек қалаларда ғана емес, ауылды жердің де бәріне ықпал етті.

Отбасында осылай басталған өнеге келесі саты – балалар үйі мен балабақшаларға ұласты. Күні кешеге дейін бұлардың бір де бірінде тәрбие ісі қазақша жүргізілген емес. Өйткені балалар үйінде қызмет істейтін бір де бір тәрбиеші арнайы түрде дайындықтан өтпеген. Табиғаты мүлде нәзік бұл мамандыққа мән берілмеу арқылы ұлттық мүддеге нұқсан келтіріп отырғанымызды көпке дейін ескермей келдік. Енді тәуелсіз Қазақстанымызда мемлекеттік тілде тәрбиелейтін балабақшалардың санын көбейтіп, оларда таза қазақша тәрбиенің негізін қалау керек. Әсіресе әкешесіз жетімдер мен жарымжан балаларды тәрбиелейтін үйлердің бәрінде тәрбие жұмысы тек қазақша жүргізілгені мақұл. Олар өз отбасында сол ата-ананың негізгі тілі – қазақ тілінде оқып, білім алуы керек. Сондай-ақ, мұндай балалар үйі қаладан гөрі, ауылды жерлерде көптеп ашылғаны жөн. Бұл сонда тәрбиеленетін балалар үшін де, онда жұмыс істейтін адамдар үшін де, қызметтік өрісті кеңейтеді. Сөйтіп ол балалар үйінде нағыз қазақы тәрбиенің негізі қаланатын болады. Мұны айтып отырғанымыз, Қазақстанда – қазақ жерінде бой көтерген оқу ошақтарының бәрінде тәрбие жұмысы тек қана қазақша жүргізілуі талап ететін кезең енді келді емес пе? Міне, осы мүмкіндікті қолдан жіберіп алсақ, өкініштің көкесі сонда болады.

Қазақ баласын қазақ тілімен тәрбиелеудің ең негізгі жүйесі – мектептерде қалыптасуы тиіс. Ал бұлардағы жағдайымыз да көңіл көншіте қоймайды. Әрине, қазақ мектептерінде қазақ тілін оқытудың жүйесі жасалған. Өңгіме бұл жерде бастауыш, баяндауыш немесе сөз таптары мен грамматиканың заңдарын оқып үйрену ғана емес, **қазақ тілімен тәрбиелеу** деген проблемаға назар аударғымыз келіп отыр. Неге десеңіз, сол пәндерді оқыту барысында да тілмен тәрбиелеу мәселесіне мән беріле бермейді. Бұл оқу, ағарту ісіндегі үлкен олқылығымыз. Біздіңше, мұның әлденеше себептері бар сияқты. Соның қайсыбірін ғана атағанның өзінде мәселенің беті ашылатындай. Ең алдымен, кешегі кеңестік дәуірде салынған мектептердің жағдайы мүлде нашарлап кетті. Ылғи айтылып жүргеніне қарамастан, қайталағың да келеді. Екіншіден, мектеп мұғалімдерінің жалақысы мүлде төмен. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде ықпалы бөлек ер мұғалімдер мектептерде тұрақтамайды. Ақшасы, ақысы мол жерді көздеп, кетіп отырады. Ұстаздық мамандық содан әйел адамдардың ғана еншісіндегі кәсіп сияқты болып барады.

Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдерге айрықша қамқорлық қажет. Мұнысыз мемлекеттік тілдің мектептерде қалыптасуға тиісті негізі қаланбайды. Бұл мамандықтың беделін өткен кеңестік дәуір барысында мүлде төмендетіп алдық. Тәуелсіздік таңы атқалы бергі жағдайдың да оңып тұрғаны шамалы. Енді-енді ғана ес жия бастағандай түріміз бар. ҚР Білім және ғылымның жана министрі Ж.Түймебаевтың жоспарына қарағанда, жақсы жаңалықтар күтуге болатын сияқты. Қазақ тілін оқытудың уақытын 2 сағатқа созуының өзі көңілге сенім ұялатады. Бірақ бұл жасалуға тиісті шаруаның бір кішкене бөлшегі ғана. Егер қазақ баласын қазақ тілімен тәрбиелейміз десек, бұл министрліктің де атқарар ісі ұшан-теңіз. Тек соны ұлттың мүдде тұрғысынан ұйымдастыра білгенге не жетсін!

Сонымен бірге аралас мектептер жайында және оның қазақша тәрбие ісінде атқарар қызметі турасында пікір қозғаудың реті келген сияқты. Бұл жөніндегі көзқарасымызға сәл өзгерістер енгізу керек пе дейміз.

Өйткені қазіргі жағдайды осыдан он бес жыл бұрынғы кезеңмен салыстыруға болмайды. Ол кездегі түсінік те, талап та басқаша еді. Ол қандай талап еді? Білім жүйесінің барлық саласында орысша оқытудың бағдарламасы басым болатын. Қазақ тіліне әлі мемлекеттік мәртебе берілмеген кез. Негізінен орыс тілін жетік игеру арқылы бір тілмен коммунизмге жету мақсаты көзделіп тұрған шақта ұлт тілдеріне назар аударыла бермейтін. Мұндай жағдайда аралас мектептердің өзіндік рөл атқарғаны мәлім. Қазақ балаларын орысша тәрбиелеудің бұл да бір жолы ретінде қалыптасып, сол мақсатқа қызмет етті.

Ал қазір осы аралас мектептерден іргені аулақ сала бергеннен гөрі, оларды қазақ тілімен тәрбиелеудің тағы бір тиімді көзіне айналдырудың амалдарын ойластырған жөн. Бүгінгі таңда бүкіл қазақстандықтар мемлекеттік тілге ынта, ықылас таныта бастады. Олардың осы бейіліне жол ашу үшін де аралас мектептер тәжірибесін пайдалану керек. Бұл жерде педагогтардың мықты ұжымын қалыптастыра отырып, мемлекеттік тілге баулудың озық тәжірибелерін іске қосу қажет пе деймін. Қазақ баласы мен орыс баласының аралас оқуынан үрікпейік. Қайта қазақ класындағы балалардан орыс сыныбындағы балалардың мемлекеттік тілді үйренуіне және керісінше әсер етуінің оқу-әдістемелік тәсілдерін түзудің конкурсын жариялау арқылы жол табайық. Осы салада тәжірибе арттырып жүрген талантты мамандар бар деп білемін. Солар осы мәселені түбегейлі қолға алар болса, мұның да бір шешімі табылатыны даусыз.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту жайы үкімет назарынан мүлде тыс қалып қойған сияқты. Барлық жүйеде мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі түпкілікті қойылып отырған бүгінгі таңда бұған деген көзқарасты түбірімен өзгерту керек. Неге десеніз, орыс мектептерінде оқитын балалардың негізгі құрамы қазақ балалары. Сонда қаншама жылдар бойы біз өз ұрпағымызды орысша тәрбиелегенге мәз болып, өз қағынан жеріген құландайын жат етіп келеміз. Содан өсіп-жетілген бірнеше ұрпақ өкілін мемлекеттік тілді білмейді деп айыптап, кінәлаймыз. Олардың бұл кем-

шілігін бетіне баса бергенше, сол орыс мектептеріндегі қазақ балаларын қазақ тілімен тәрбиелеудің жолдарын қарастыралық. Егер министрлік бас-көз болса, арнайы әдістеме түзіп, оқытылатын сағат санын көбейтуге болады емес пе? Ұйымдастыра білсе, шешілмейтін мәселе бола ма, тәйірі! Қысқасы, Қазақстандағы мектептердің қай-қайсысында да ұлттық негізде тәрбие алмайтын бір де бір оқушы болмауға тиіс. Әсіресе қазақ баласы қай мектепте де, мейлі орыс, мейлі қазақ мектебі болсын ол осы елдің, осы жердің патриоты екенін сезініп жетілетін болсын. Бұған қазақ тарихын, қазақ ауыз әдебиеті мен өнерін, тілін жетік білу арқылы жетуге болады. Міне, сондықтан қазақ тілімен тәрбиелеудің маңызы айрықша болатыны осыдан.

Бірнеше жылдан бері «Болашақ» бағдарламасы бойынша жас жеткіншектеріміз түрлі шетелдегі ірі оқу орындарына барып түсіп, білім алуда. Алды оқуларын бітіріп келіп, мемлекет қызметіне араласа бастады. Бұл өте маңызды шараны іске асыруда ақылға салар жайлар да бар сияқты. Әсіресе «Болашақ» бағдарламасы бойынша талапкер таңдау ісіне байланысты. Алғашқы жылдары үміткерлерден мемлекеттік тілді білу дәрежесі сұралған жоқ. Бәрі орысша болды. Ендігі жерде шетелге барып оқығысы келетін жастардың бәрінен мемлекеттік тілді білуін міндетті түрде талап ету керек. Сонымен бірге оқу бітіргендер өз Отанына оралып, кемінде 5 жыл еңбек етуі міндеттелуі тиіс. Сонда ғана біздің түлектеріміз ел қадірін, жер қадірін білетін және мемлекеттік тілге деген ықыласы орнығатын азамат болып қалыптасады. Қандай жер, қай салада да ана тіліміздің беделін өсіріп, оны атабабадан қалған асыл мұра есебінде кіршіксіз пиғылмен тұтына білуді насихаттай бергеніміз мақұл.

Мемлекеттік тілдің өріс алар аса бір кең жазирасы жоғары оқу орындары болуға тиіс. Бір қызығы жоғары оқу орындарының көпшілігінде мемлекеттік тілде тәрбие берудің жайы да сын көтермейді. Басқасын былай қойғанда, өзара алыс-беріс ісқағаздарының 70-80 пайызы әлі күнге орыс тілінде жүргізіледі. Қазақ баласын қазақ тілімен

тәрбиелейтін нағыз мамандар осы оқу орындарынан шығуы тиіс қой. Құдайға шүкір, білім аламын, оқимын деген талапкерге Қазақстанда оқу ордасы жеткілікті. Мемлекеттігі бар, жекеменшігі бар, қалаған оқуына түсуіне толық мүмкіндік бар. Ұлттық санасы биік, білік-білімі жоғары мамандар даярлауда бұл оқу орындарының тындырып отырған жұмысы қыруар. Сан сала бойынша қаншама маман кадрлар дайындап үлгерген университеттер мен институттардағы оқытушы, профессорларымыздың еңбегін мақтанышпен айта аламыз. Алайда «сол мамандарымыз қай тілде, қай елдің мұқтажы үшін дайындалып келді?» деген сұраққа да жауап іздейтін кезең келді. Күні бүгінге дейін біз бұл мәселемен басымызды қатырып көрген емеспіз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтан бастап, мемлекеттік тіл мәселесі түбегейлі қолға алынып жатқан қазіргі кезде жоғары оқу орындарын басқарып отырған білікті азаматтарға әлгі сұрақтың жауабын іздеуіне тура келеді. Рас, қайсыбір оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындайтын филология факультеттері бар. Қазақ баласын, қазақ мамандарын қазақ тілімен тәрбиелеу ісін осы факультеттерге артып қойып, сонымен ғана шектелетін болсақ, мәселе жартыкеш күйінде қала бермек.

Сондықтан Қазақстанның қай жоғары оқу орны, қай факультет, қандай мамандықтағы студенттерінен болсын бәрінен бірдей мемлекеттік тілде оқып, сөйлеп, жаза білетін дәрежеде меңгеруін қамтамасыз етерлік жағдайды жасау жөн. Әсіресе мемлекеттік мекемеде қызметке тұрғысы келетін адамнан мемлекеттік тілді білу дәрежесі талап етілетін бүгінгі таңда бұл мәселені жоғары оқу орындары елеусіз қалдыруына болмайды. Жекеменшік оқу орындарының да бұл жағдай назарында болуға тиіс. Олардың да көбінде студенттерді қазақша оқытып, қазақ тілімен тәрбиелеу жұмысы жүргізілмейді. Бұл – бүгінгі таңдағы ең елеулі мәселенің бірі.

Жоғарыдағы мәселелерді тізбелеп келгенде түйіп айтарымыз мынау еді. Біздің тәуелсіз қазақ елінде, таяу бола-

шақта қазақ тілін білмейтін, қазақша тәрбие алмаған бір де бір қазақ қалмауы тиіс. Тиісті мекемелердің бәрінің бар жұмысы осы ыңғайда жүргізілгені мақұл. Яғни қазақ тілімен тәрбие алмаған бір де бір қазақ баласы болмасын. Ендігі жерде осындай мақсат көзделмесе, мемлекеттік тілді ешқандай қаулы, қарар, өзге де ресми құжаттармен өрге бастыру қиын екеніне көзіміз жетті.

Ең қиыны жүздеген, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тілдік ортаны жойып алдық. Сол тілдік ортаны қайтадан қалпына келтіру бүгінгі ұрпақтың парызы. Қазақтың баласын қазақ тілімен тәрбиелеудің негізгі көздерінің біразын өзімізше айтып көрсеткендей болдық. Осы айтылғандарды іске асыру үшін арнайы бағдарлама керек тәрізді. Ол қазақты қазақ тілімен тәрбиелеудің бағдарламасы болуы керек деп білеміз.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЙРАҒЫ – ҰЛТТЫҚ НАМЫС

Құрметті байқоңырлықтар!

Тіл жанашырлары!

Байқоңыр қаласындағы бүгінгі басқосуымыздың қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғандығына және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуына орайластырылып отырғаны игі нышан деп білемін. Тарих үшін 20 жыл деген қас-қағым ғана сәт. Ал біздің еліміз үшін бұл 20 жылдың салмағы зор, көтерген жүгі ауыр. Ғасырға барабар десек, қателесе қоймаспыз.

Бұл кезеңді қазақ халқының өзін-өзі тану, жоғын түгендеу, ұлттық санасын жаңғырту, ана тілін түлету, ұлттық рухын асқақтату кезеңі десек, артық айтқандық болмас. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда біраз нәрсе атқарылды деуге болады. Алайда барша жоғымыз түгенделді, барымыз бағамдалды деп көңіл көншіте алмаймыз. Тек тіліміздің өзін алсақ, мәселенің толық шешімін таппағандығын бәріміз де көріп, біліп отырмыз. Енді бұдан былайғы уақытта «Кім

кінәлі?»), «Не істеу керек?» деген сұрақтарды жиып қойып, нақты мынаған кірісейік деген қажырлы әрекетке көшу керек деп білемін. Бұл үшін не істеу керек? Меніңше, қоғамның белсенділігін арттыру керек. Осы кезге дейін біз қазақ тілін дамытуға мемлекет тиісті көңіл аудармайды, шенеуніктер қазақша сөйлемейді деп келдік. Мұны қазір де айтып жүрміз. Бұл өзі солай болуы тиіс те. Бірақ қоғам тарапынан да қарымды қозғалыс, табанды пікір, тұрақты ұстанымдар қажет.

Сіздердің бүгінгі күні «Қазақ тілі» қоғамының жанына ұйысып, осынау басқосуға қатысып отыруларыңыздың өзі қоғамдық жауапкершіліктеріңізді, қазақ тіліне деген адал ниеттеріңізді танытады. Осы орайда Байқоңыр қалалық «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен өтіп жатқан бүгінгі шараны ұйымдастыруға, оның лайықты деңгейде өтуіне қолдау көрсетіп отырған Президент Әкімшілігі өкілдігінің қызметкерлеріне, Байқоңыр қаласының басшылығына, Қармақшы ауданы әкімдігінің азаматтарына алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер.

Қазақта «Халық қаласа – хан түйесін сояды» деген сөз бар. Бұл нені білдіреді? Бұл мемлекеттің тек қоғаммен, халықпен мемлекет екенін, ел басшылығындағы адамдардың халықтың қызметшісі екендігін білдіреді. Олай болса, халықтың өз ана тіліне деген құрметі, өз еліне деген отаншыл сезімі, өз тарихына деген көңілі қалтқысыз түзу болса, әрі соны сөзбен емес, іспен тиянақтап отырса, ұлт мәселесіне келгенде енжарлық танытпай, жанып түссе, онда билік те халықтың айтқанынан шықпайды, дегенін орындайды. Демократияны ту еткен өркениетті елдердің баршасында бұл мәселе осылай шешіліп отыр. Бұл бізге де шет болмауы керек.

Мұның бәрін мен неге айтып отырмын? Бұндағы айтпағым, біз енді қоғамдық белсенділікті, қоғамдық жауапкершілікті, қоғамдық бақылауды арттырайық деу. Әрине, бұл бәріміз аттандап көшеге шығайық деген сөз емес. Қазір аттан мен айғайдың уақыты өткен. Мәселені білік пен білім, парасат пен пайым, талап пен талғам шешеді. Біздің қай-

қайсысымыз да осынау биік талап үдесінен табылмағымыз абзал.

Жоғарыда айтылған сөздің бәрі сарқып келгенде, намысқа келіп тіреледі. Егер әрбір адам намысын жанымаса, намысқа шаппаса, одан үлкен тұлға тұрмақ, толыққанды адамның өзінің шығуы қиын. Бұл жалпы жұртшылыққа, тұтас елге де қатысты. Отар болған елдердің бұғаудан босану үшін жан аямай күресуі де осы ұлттық намыстың әсері емес пе? Қазақты қазақ етіп отырған да, осы күнге жеткізген де осынау намыстың арқасы деп білемін.

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде намысымыздың бәсең тартқаны рас. Егер намысымыз тасқындап тұрса, жиырма жыл өтсе де, ана тіліміздің өз тұғырына қонбауына жол берер ме едік, аты-жөніміздегі -ов, -ев, -ович, -евич деген жат қосымшалардан құтылмай жүрер ме едік, қазақы аты-жөніміздің орыс тілінің ережесіне сай түрліше бұрмалануына мүмкіндік берер ме едік, балаларымызды орыс тіліндегі мектептерге жетелеп барар ма едік, қазақ мектептерінің басқа елдің бағдарламасымен оқуына көніп отыра берер ме едік? Өзін-өзі сыйлайтын бір де бір мемлекет, бір де бір адам бұндайға ешқашан жол бермейді. Мұндай кереғар құбылысты намысымыздың кемшін тартуының көрінісі демегенде, не дейміз? Бұл жерде мен өзімізді-өзіміз тұқыртайын деп отырған жоқпын. Керісінше, намысымызды қамшылап, жігерленейік, бар мәселені ақыл таразысына салайық, өзімізді қор, басқаны зор тұтуды қояйық дегім келеді.

Өткен ғасырдың басында Алаш ардагерлерін тарих сахнасына шығарған да осы ұлттық намыс болатын. Қазақтың мүддесі болатын. Олардың арманы толық орындалмаса да, көздеген мұраттары мен ұстанған жолдары бізге мұра болып қалды. Аманатқа адалдық таныту, Алаш ардагерлерінің жолын жалғау бізге парыз. Биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған «Қазақ тілі» қоғамының да көздегені осы еді. Ұлттық намысы оянған азаматтардың мақсат-мүддесі еді. Бүгін ана тілімізге арналып отырған осынау алқалы жиынға Сіздерді алып келіп отырған да бойларыңыздағы

қазақы қандарыңыз, ұлттық намыстарыңыз деп білемін. Және мұның ешқашан да сөнбеуін, қайта жалын атып, алаулай беруін тілеймін.

Қазақстанның жер-жеріндегі ұйымдарымыз бен бөлімшелеріміз арқылы сол өңірлердегі қазақ тілінің ахуалынан кеңінен хабардармыз. Байқоңырға келсек, Серік Шағатай бауырымыз басшылық жасайтын «Қазақ тілі» ұйымы арқылы мұндағы толғақты мәселелер бізге белгілі. Қаладағы қазақ мектептерінің Ресейдің бағдарламаларымен оқып жатқанын да білеміз. Әрине, басқа өңірлерге қарағанда Байқоңырдың жағдайы бөлек. Алайда Ресейге Қазақстан азаматтары емес, қала мен ұшыру алаңдары ғана жалға берілгенін ескергеніміз жөн. Қаладағы мектептердің оқу бағдарламасына байланысты Қазақстанның Мемлекеттік хатшысына, Білім және ғылым министріне арнайы хат жолдадық. Сондай-ақ бұл мәселені Премьер-министр Кәрім Мәсімов төрағалық ететін Үкімет жанындағы мемлекеттік тілді одан әрі жетілдіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында да көтердім. Олар алдағы уақытта екі елдің уәкілетті органдары арасында өтетін ресми келіссөздер барысында бұл мәселелердің оң шешімін табуына қол жеткізетінін айтып, жауап берді. Мұны біз бақылауда ұстап отырмыз. Бұл ретте, қадірлі ұстаздар, ата-аналар ұлттық мүддеге келгенде Сіздер де белсенділік танытқандарыңыз жөн дегім келеді. Өз елімізде мұндай жағдайдың орын алуының өзі іс басындағы кейбір азаматтарымыздың ұлттық намысының кемшіндігінің, өз елінің мүддесіне ағүсті қарауының салдары емес пе? Сондықтан бұдан былайғы уақытта отаршылдық кезеңнің санамызға сіңірген өз ұлтымызға қатысты теріс пікірлерінен барынша арылуға тырысуымыз қажет. Өзімізді-өзіміз қорсынатын, ұлттық құндылықтарымызды қосынатын құлдық мінезден құтылуға тиіспіз.

Ашығын айтсақ, өзгенің алдында бүгежектейтіндей қазақтың өзі де, тілі де ешкімнен кем емес. Қайта көп жағынан артықшылықтарымыз бар. Өз басым біраз елдерде болдым. Шығысты да, Батысты да көрдім. Азуын айға

білеген Американың Конгресінде де болдым. Сондағы байқағаным, адамшылық, мәдениеттілік, білімділік, пайымдылық, парасаттылық, қабілеттілік жағынан алғанда қазақтар ешкімге дес бере қоймайды екен. Біз тек барымызды бағалай алмай жүрміз. Егер қазақтың ұлттық рухы көтеріліп, ешкімге еліктеп-солықтамай, өз жолымен даму арнасына түссек, оны тоқтататын ешбір күш болмайды. Бұған ешбір күмәндарыңыз болмасын.

Елбасымыз айтқандай, қазақтың өз тарихында ұялатындай ешқандай ісі жоқ. Керісінше, мақтанатын, рухтанатын жайларымыз көп. Әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды алып отырмыз. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, осындай жерді ұстап тұру үшін қандай қажырдың, қандай рухтың, қандай намыстың қажет екендігін. Дүниедегі қандай халық болмасын, дербес дамуы үшін өз ана тілінің маңына ұйысып, өз ұлттық құндылықтарына арқа сүйейді. Өзгеге еліктеп, солықтаудан аулақ болады. Өзгенің тілін, өзгенің мәдениетін, өзгенің құндылығын өз ұлттық дүниесінен артық санау, өзгеге еліктеу, өзгенің тілінде сөйлеу өзіндік мені жоқ әлсіздердің, құлдық санадан арылмаған жандардың әдеті. Мұны қазақ «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» деп тұжырған. Сондықтан біз өз Отанымызды, Қазақ елін жаман үйге айналдырмайық дегім келеді. Бұл әрқайсысымызға қатысты. Әр қазақ өз тіліне, өз дініне, өз отбасына берік болса, бізді дау да, жау да алмайды.

Жұлдызды қалада қазақ тілінің жұлдызы әрқашан жана берсін, бағы шаба берсін дегім келеді.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНЕ МАДАҚ!

Жыл басы – көктем келген сайын адам баласы өзгеше бір сезім жетегінде болады. Айнала құбылып, құлпыра бастайды. Қыс бойы құрсауда жатқан жер-ана да бусанып, оянғандай жасана түседі. Бұл кезеңнің тағы бір тамаша ерекшелігі

әйелдер мерекесінің дәл осы мезгілде тойлануының символдық мәні бар сияқты. Өйткені ояну, түрлену, құлпыру, гүлдену тәрізді құбылыстың бәрі осы кезеңмен және ана атты ғажап жандармен байланысты ғой. Яғни осының бәрінің түп негізі әйел анаға байланысты.

Бір кезде орыстың ұлы жазушысы Максим Горкий «мадақтасақ ананы мадақтайық, өйткені ол тіршіліктің көзі» деген еді, ал біздің қазақ «Ана бауырындағы бұлақ», «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық», «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас», «Анадан алып туады», «Бүкіл адамзат анаға борышты», «Жарық дүниенің иесі ана», «Жұмақ ананың табанының астында жатады» деген накылдарды тіліне тірек еткен.

Ананы құрмет тұту, оны дәріптеу қазақ халқының ежелгі ұстанымы. Адам ананы қадірлеу арқылы құрмет төріне көтеріледі.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жұртшылығының да әйел қауымына деген ықылас-бейілі ерекше. Әйел ана өмірдің бар саласының белсенді қайраткері, олар сонымен бірге ұрпақ тәрбиелеп отырған ардақты ана, өзара сүйіспеншіліктің отын маздатушы, махаббат иесі. Оларсыз өмірдің мәні де жоқ, сәні де жоқ.

Сондықтан бүкіл ер-азамат бұл күнді ерекше күтеді. Біреу өзінің асыл анасын, екіншілері аяулы жарын, үшіншілері ақылшы әпкелерін, қырмызы гүлдей қарындастары мен қыздарын құттықтауға асығады. Жан жылытар жақсы сөзден артық не бар дүниеде. Наурыздың басы міне сондай асыл сөздердің тығыны ашылатын күн. Мына жарық дүниеде өзіңнің сыйласқан қадірліңнен аянар қандай сөз бар, соның бәрінің айтылар сәті осы, ағайын!

Адам не нәрсені болса да дер кезінде орындап үлгеруі керек екен. Мұны айтып отырғаным, менің қазір мейірленіп маңдайымнан иіскейтін екі анам да әлдеқашан о дүниелік болып кетті. Оларға арналатын сөздердің бәрі адыра қалды. Тәубе деп шүкіршілік жасайтын да жағдайым бар. Құр алақан емеспін. Ардақ тұтар қарындастарым, қатар-құрбыларым, азамат қатарындағы қызым және қыз-немерелерім

бар. От басымды қисайтпай гүлдендіріп отырған жарым бар. Бар мейір-шапағатымды, құттықтауымды соларға арнаймын. Солар арқылы тәуелсіз қазақ елінің бақ беделін арттыруда аянбай еңбек етіп жүрген және өмірге перзент әкелуден тыйылмаған күллі ұлылы-кішілі аналарға Алланың шапағаты болсын деп тілеймін! Ойымды түйіндей келе айтарым, біздің тәуелсіз еліміздің береке-бірлігі ынтымағы жарасқан әйелдерге байланысты. Ендеше, қадірлі ағайын, әйел қауымының аман-есендігін, олардың қабағына кірбің түспеуін қадағалайық. Қазақ сөзінің асыл маржандарын олардан аямайық. Сөздің киесі, қуаты керемет қой. Ана сүтінің бой өсіретінін, ана тілінің ой өсіретінін ұмытпалық. Мереке құтты болсын!

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – ӘЗ-НАУРЫЗ

Ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан төл мереке-леріміздің ұлығы – Наурыз екені көпшілікке аян. Кеңестік кезеңде бүкіл халық болып тойлауға тыйым салынғанына қарамастан, әз-Наурыз ел жадынан толықтай өшкен жоқ. Ауылдық жерлерде көнекөз, ескі құлақ ата-әжелеріміздің бастауымен әрқандай тәсілдермен арагідік аталып өтіп тұрды. Ұзақ жылғы үзілістен кейін төл мерекеміздің қайта жаңғырып, бағы жанған кезі Тәуелсіздік алар қарсаңға сай келді. Сол тұста халқымыздың біртуар ұлдарының бірі – Өзбекәлі Жәнібеков: «Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайды», – деп әз-Наурыздың Алаш жұрты үшін қаншалықты маңызды екенін дөп басып айтып қана қоймай, оның бүкілхалықтық сипат алып, ресми мереке болып орнығуына көп күш салды.

Қазақ халқы үшін Наурыздың орны бөлек. Халқымыз бағзы замандардан бері Наурызды сағына күткен. Бұл күні үлкен-кіші, кәрі-жас тайлы-таяғымен жұмыла жиналып бас қосқан, өткенге салауат, барға береке айтқан. Асқақ

армандары мен үкілі үміттерін келер күнге ұштастырған. Алдан тек жақсылықтар күткен. Өткенді саралап, болашағын болжаған. Өйткені Наурыз – мереке атаулының ұлығы, жылдың басы, тіршіліктің бастауы, күн мен түннің теңелген, тіршілік атаулының жанданып-жасанған, жер-дүниенің түлеп-түрленген, мал-жанның өсіп-өнген күні. Бұл мейрам – дін мейрамы емес, діл мейрамы. Сондықтан да дана халқымыз осынау күнді – Ұлыстың ұлы күні деп ардақтап, оны қай кезде де еңсесі биік ерліктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесіне балаған.

Халқымызбен қайта қауышқан Наурыз мерекесімен бірге еліміздің бағзыдағы бай тарихы, мәдени мұрасы, ана тілі қайта түледі. Ұлт жадынан өше бастаған, көмескі тартқан ұғым-түсініктер жаңғырды. Бастысы еліміздің ұлттық санасы оянып, рухы көтерілді. Осының бәріне де Наурыздың қосқан, қосып келе жатқан және қоса беретін үлесі ерекше деп білемін.

Соңғы кездері баспасөз беттерінде Наурыз мерекесін атап өтуге байланысты әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Олардың сарқып құяр сағасы – Наурыз мерекесін тойлаудың әлі де ретке түспегендігі. Арнайы тәртібінің жоқтығы.

Сонымен бірге Наурыз мерекесін атап өтуге арналған арнайы күн ретінде 21-23 наурыз аралығы ресми түрде мемлекеттік мереке болып белгіленгеніне қарамастан, әрбір мекеме өзі қалаған кез келген күні, тіпті сәуір айының ішінде де үздік-создық өткізіп жатады. Мерекеге мән бермей, мүлдем елеусіз қалдыратындар да бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Наурызға деген ерекше құлшыныс болса, жыл өткен сайын ол қарқын бәсең тартып, солғындап бара жатқан сыңайлы. Мұның бәрі де ұлтымыздың ең ұлық мерекесі әрі төл мейрамын атап өту тәртібін ретке келтірудің, айрықша назар аударудың қажеттігін көрсетеді.

Сондай-ақ, Наурыз мейрамының шығу төркінін, тарихи тамырын, жөн-жоралғыларын тектеп тексерудің де өзектілігі айқын.

Наурызды Ұлыстың Ұлы күні деп жатамыз. Осындағы ұлысымыз не? Біздіңше, «ұлыс» сөзінің мәні ел, халық

ұғымынан бөлек секілді. Күн мен түннің теңелуін, тіршіліктің жандануын, дүниенің ұлы дүбірге толуын алсақ, мұның барлығы да ұлы құбылыс, ұлы іс емес пе?! Сондықтан ұлысымыз – «ұлы құбылыс», «ұлы іс» болуы әбден мүмкін.

Қазақтың бойынан бір жылтыраған жақсылық көрсек, өзімізге қимай, оны өзгеден іздейтініміз бар ғой. Сол әдетпен Наурызды парсы тілінен енген сөз, парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) – Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие деп жүрміз. Осы мәселені қайта қараған жөн секілді. Табиғатпен біте қайнасып өмір сүрген, күн райының қабағын баққан ата-бабаларымыздың күн мен түннің теңесуін білмеуі, оны жаңа жылдың басы деп қарамауы мүмкін емес. Мереке астарына тереңдей үңілер болсақ, оның жай ғана табиғат жағдайының әсерінен туған, өзгеден көшіріп алған мереке емес, тұла бойына ұлтымыздың дүние танымын, ғарыштық түсінігін, тылсым сырларын бүккен төл мейрамымыз екенін аңғаруға болады.

Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Наурыз – қазақша жыл басы. Біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басындағы болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынамен Жаңа жыл деп айтуға лайық», – десе, Міржақып Дулатұлы: «Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі», – деп ойын сабақтайды.

Ал Мағжан Жұмабаев: «Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы. Шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылыммен

байланыстырып, қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл, адамдармен ұйымдастыратын мейрам ету керек.

Әр халықтың өзінше Жаңа жылы, жыл басы болады. Азияда Жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – наурыздың жиырма екісі. Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды», – дейді. Осы пікірлерді саралай келгенде, Наурыздың дүниетанымдық астарларына әлі де тереңдей үнілудің қажеттігі байқалады. Тілімізде «нау» түбірінен тамыр тартатын көптеген сөздер бар. Наурыз ұғымына лингвистикалық, герменевтикалық, мифологиялық талдаулар жүргізсек, оның қазақтың төл сөзі екендігін дәлелдеуге болады. Мұның барлығы да арнайы зерттеудің еншісі болғандықтан, бұл жерде оған кең тоқталудың реті жоқ.

Жоғарыда айтқанымыздай, соңғы кездері Наурыздың жалпыхалықтық мереке сипаты солғындап, ұлттық салт-дәстүрді бейнелейтін тар ауқымды көрме деңгейіне түсіп бара жатқандай әсер қалдырады. Мереке деген алаңда сендей соғылысып, шектеулі топтың сахналаған көрінісін қызықтап, концерт тыңдап, сауда жасап, ас ішіп қайту болмаса керек. Сондықтан да мерекені әрбір адам атсалысатындай, бүкіл ел болып тойлайтындай, заман талабына сай өзіндік нышандары мен сипаттары қалыптасқан бүкілхалықтық мереке дәрежесіне көтерген жөн.

Елбасы «Наурыз – Қазақстан халқын біріктіретін ортақ мерекеге айналады» деген болатын. Бұның негізі жоқ емес. Өйткені Наурыз – нағыз халықтық мереке, көпшілік болып тойлайтын төл мейрамымыз. Сондықтан алдағы уақытта Наурыз мерекесін ұлтты ұйыстыратын ұлыстың ұлы күніне айналдырғымыз келсе, оның мынадай қасиеттері мен сипаттарын ескергеніміз жөн деп білеміз.

1. Жылдың ауысуы, түлеу, жаңғыру мерекесі (22 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануарлар төлдейді, көктем келеді).

2. Ынтымақ, татулық, достық мерекесі (араздасқан жан-дар өкпе-реніштерін ұмытып, бір-бірін кешіріседі, бір-бірі-

нің үйіне барып көріседі, тарту-таралғы, сый-құрмет жасайды).

3. Теңдік, еркіндік, азаттық мерекесі (бұл күні барша жан тең болады, бүкіл қызметкерлер жұмысын тоқтатып, көпшілікпен бірге мерекелеп тынығады, тіпті құлға да еркіндік беріледі).

4. Тазалық мерекесі (үйдің іші-тысы тазартылады, күл-коқыс шығарылады, ескі-құсқы нәрселер аласталады).

5. Табиғатқа қамқорлық мерекесі (ағаштар отырғызылады, бұлақтардың көздері аршылады, өзендердің арнасы тазартылады).

6. Ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғырту мерекесі.

7. Ірі-ірі елдік мәселелер кеңесіледі, алдағы маңызды мәселелер жөнінде бәтуа жасалады.

8. Ұлттың ұйысу мерекесі (Наурызда әрбір отбасы оқшауланбай, керісінше, көппен бірге ұжым болып, қауым болып, ауыл болып тойлайды).

9. Өткенге құрмет, ата-баба рухына тағзым жасау мерекесі.

Міне, осы қасиеттерінің өзінен-ақ Наурыздың неліктен ұлыстың ұлы күні деп әспеттелгеніне көз жеткіземіз. Мұнда қазақ халқына тән биік адамгершілік, шынайы имандылық қасиеттері тоғысқан. Қазақтық қалпымыз, ұлттық келбетіміз, төл дүниетанымымыз көрініс тапқан.

Төл мерекеміздің керемет қасиеттерін ұтымды пайдалану және қайта жаңғыртып, түлету мақсатында Үкіметтің қаулысымен мемлекеттік деңгейде белгілі этнограф ғалымдардан, тарихшылардан, мәдениет қайраткерлерінен, әлеуметтанушылардан арнайы жұмыс тобы құрылып, оларға Наурыз туралы жан-жақты зерттеу жүргізу, Наурызды мемлекеттік деңгейде атап өтудің жөн-жосығын, дәстүр-қағидаларын әзірлеп шығу жүктелсе деген тілегіміз бар.

Бұл ретте мынадай жайттар қамтылса, жөн болар еді деп санаймыз:

1) Наурыз мерекесін тойлауға Қазақстан бойынша ресми дайындықты бір ай бұрын немесе 1 наурыздан бастау

(көшелерді, ғимараттарды Наурыз нақыштарымен безендіру, баспасөз беттерінде тұрақты хабарлар беру, электронды акпарат құралдарында Наурызға арналған сюжеттер, роликтер беру);

2) Наурыздың арнайы символын жасап, орнықтыру (мысалы, Жаңа жылдың символы – шырша, Аяз ата мен Ақша қар, жаңа жылдық сыйлықтар болса, Наурыздың символы – Қыдыр ата мен Ұмай ана, наурыzkөже, жыл он екі айға ие болған жан-жануарлар бейнесі, т.б.). Осы символ бейнеленген ашық хаттар, конверттер, кәдесыйлар дайындау.

3) Мерекеге орай балаларға және ересектерге *«наурыздық»* деген сыйлықтар беру (мұны берудің, сыйлықта ненің болуын ойластыру қажет).

4) 22 наурыздан бір апта алдыңғы жұма күні бүкілхалықтық *«наурызақ»* – тазалық күнін ұйымдастыру (аулалар, өзен-көлдер тазартылып, ағаштар отырғызу, ағаштардың семген бұтағын отау, діңін әктеу, т.б.).

5) Елбасының қатысуымен шаралар өткізу: 22 наурыз күні Елбасының сотталғандардың белгілі бір тобына (кездейсоқ қылмысты болғандар, жеңіл-желпі қылмыс жасағандар, тәубесіне келіп, имандылық жолына түскендер, т.б.) рақымшылық жасауы; тұрмысы төмен отбасылары мен жетім балаларға қайырымдылық шараларын өткізу, т.б..

6) жалпыұлттық *«Наурыз қорын»* құрып, оның қаржысын ұлтты ұйыстыратын, дамытатын шараларды қаржыландыруға жұмсау.

Сөзімді түйіндей келе, ұлысымыз оң, ағымыз мол болсын дегім келеді. Лайым, еліміздің алға басқан қадамы қашан да құтты болып, әрбір отбасында ырыздық пен береке нұры шалқысын!

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ
ЖӘНЕ
БАҒДАРЛАМА**



КОНСТИТУЦИЯ МЕН ТІЛ ЗАҢЫНА ҚАЙТА ҮҢІЛСЕК...

Мемлекеттік тіл жөнінде қаншама сөз айтылып, қаншама қағаз жазылды.

Небір дүлдүлдің шешендік сайысына түсіп, қызыл сөзбен аспандағы айды ілермен болғаны да көз алдымызда. Өкінішке қарай, буынсыз тілді оңды-солды қанша білегенмен, белгілі межеге, діттеген мәреге әзір жете алатын түріміз жоқ. Әрекет бар, берекет шамалы. Қазақ үшін, қазақстандықтар үшін Құдай берген, Нұрсұлтан Назарбаев тұрақтатқан Тәуелсіздіктің тірегі мемлекеттік тіл екенін кейде ұғып, кейде ұғына алмай дал болып жүргендер қаншама?! Осы мәселені соқырға таяқ ұстатқандай етіп түсіндірер заңдарымыздың өзінің шалағай әрі екіұшты тұстары күн өткен сайын бадырайып көріне бастады. Тіпті, тірек құжатымыз – Конституциямыздың өзінде мемлекеттік тіл мен орыс тілі тайталасып тұр. Осындағы 7-баптың 1 және 2-тармақтарын қараңыз. 1-тармақ қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін әйгілейді. Ал 2-тармақ орыс тілі ресми тіл есебінде қазақ тілімен текетірестіріледі. Бұл біраздан бері тілге тиек етіліп келеді.

Сонда ісқағаздарын орыс тілінде дайындайтын мемлекеттік мекемелердің қай-қайсын да, мемлекеттік емес мекемелерді былай қойғанда, мемлекеттік тіл дейтін «тығырықтан» шығар жолды Заң арқылы өзіміз нұсқап отырғандаймыз. Өйткені олар айтады «біз ресми тілді пайдаланып отырмыз» деп. Конституцияға жүгінсек (жүгінбеске не шара), олардікі де дұрыс. Мұның теріс деп, мемлекеттік тілді қанша нұсқағанмен жүгінер құжатыңыз әлгіндей.

Осы тұрғыдан келгенде өткен жылы «Ана тілі» апталығының бетінде жарияланған бір топ депутаттың (ондай да депутаттар бар) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жолдаған хаты көкейде көптеп жүрген күпті ойдың көмбесін ашып кеткендей болды. Шынында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына қайта үңіліп, оның 1 және 2-тармақтарына ресми түсініктеме

берудің кезеңі келді деп білеміз. Мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі заңдастырылған өкпесі өше беретін ана тіліміздің, тіпті орыс тілінің шылауына ілесе алмай, өріс аша алмай ентіге беретіні неліктен деген сауал төңірегінде жауабы қиын сұрақтар туындай береді. Мұның біразын депутаттар дұрыс көрсеткен. Бұл Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының да сарыла қарастырып жүрген мәселесі. Бір ғана баптың төңірегінде ел мен тіл тағдырына қатысты қаншама дүние тоқайласқан.

Екі тілдің қатарласа, қанаттаса қолданысқа енгізілуі, яғни біріне мемлекеттік, екіншісіне ресми тіл ретінде айдар тағылуы мәселені түбегейлі шеше алмады. Мұның өзі әркімнің өз бетінше алып қашып, әңгіме таратуына жол ашты. Сылтау, себеп іздеген жандарға Заңымыздың өзі осылайша жол тауып беріп жатқандай.

Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңның да екіұдай пікір туғызып, екі ұшты ойларға жетектейтін тұстары бар. Солай бола тұрғанмен анық дау туғызбайтын баптары неге орындалмайды? 4-баптың екінші абзацтың қайта оқып қаралық: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі». Осы тармақтағы анық та айқын баяндалған тұжырымға біздің тіл турасындағы жүргізіп жатқан қазіргі іс-әрекеттеріміз толық жауап бере ала ма?! Сондай-ақ осыған іле-шала айтылатын «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деген талапқа сай ма қазақстандықтар?

Бұл бапта мемлекеттік тілдің халықаралық беделін көтеру мәселесі де қамтылған. Сыртқы істер министрлігіндегі қайсыбір лауазымды азаматтарымыз ана тілдің абыройын ойлау былай тұрсын, оны іске алғысыз етіп мұрнын шүйіріп менсінбейтінін ашық айтып жатса не дейсіз? Ол ол ма, ресми сапармен шетелдерге толассыз барып жататын билік басындағы шенділеріміз мемлекеттік тілдің емес, орыс

тілінің беделін көтеріп қайтады. Сонда Конституциямыз бен тіл туралы Заңдарымыз кім үшін қабылданған?

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы өзінің жергілікті ұйымдары мен мүшелерінің пікірлерін есепке ала отырып, Конституциямыз бен «Тіл туралы» Заңымыздың кейбір баптарына өзгеріс енгізу жайында бұдан бұрын да назар аударып келген болатын. Өткен Құрылтайда сөз болған бұл мәселені тағы да қайта көтеруге тура келіп отыр. Өйткені мемлекеттік тілдің жүрмей жатуының бір себебі осында. Сондықтан нақты ұсыныс мынадай: біріншіден, Конституция мен Тіл туралы Заңнан «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлемді мүлде алып тастау керек. Екіншіден, мемлекеттік қызметке қабылданатын лауазымды адамның және халыққа қызмет ететіндердің мемлекеттік тілді білуін міндеттейтін заңдық норма белгілеу қажет.

Қазір ел Президентінің жүргізіп отырған кемел саясатының нәтижесінде шетелдерде жүрген ағайын Атамекенге орала бастағанына біраз болды. Мұның өзі де сан алуан проблемалық мәселені туындатып отыр. Бір ғана тілге байланысты шаруаның күрделілігін мынадан-ақ байқауға болады. Оларды оралмандар деп айту қалыптасып барады. Біз бұл терминді көп қолдана қоймас едік. Олар отандастар, бауырлар, туыстар, тағдыр тәлкегімен бір кезде шет жайлаған қазақтар емес пе? Мыңдап келіп елмен, жермен қауышып жатыр. Әуелгі сауаты араб және латын әліпбиі негізінде қалыптасқан бұл бауырларымыздың қоныстану проблемасына қоса олардың алдынан тілдік кедергілер де кесе-көлденең шығып тұр. Түгел кириллицаға негізделген орысша жазуымызды игеру жолдарын оларға қалай, кім үйретпек? Мәселенің осы жағы да назардан тыс қалмаса деп едік.

Қысқаша тізіп келгендегі айтпағымыз, бұлардың әрқайсысы тағы да талай мәселелерді туындатады. Солардың да қайсыбірін еске ала кетсек, алдымен мемлекеттік тіліміздің басты шарты оны игеріп біліп алу ғана

емес, сауаттылық жайы. Яғни бұл тілде сауатты жазу, сауатты сөйлеу, сауатты оқу шарт. Бұған жету үшін білім мен ғылыми мекемелер арасында орындалу жүгі салмақты мәселелер тұр. Мәселен, күні бүгінге дейін салалық терминологиялық жүйенің мемлекеттік тілде толық қалыптаспай отырғаны. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанында осы мәселелермен тікелей айналысуды мақсат еткен ғылыми терминологиялық орталық ашып әрекеттенгенімізге біраз жыл болды. Өкінішке қарай, тиісті мекемелер тарапынан қаржылай көмектің жетімсіздігінен қажетті мамандарды іріктеп, жұмысымызды мақсатқа сай қарқындата алмадық. Мұны айтып отырған себебіміз, бізде барлық салалық терминология бойынша картотекалық қор жинақталған, ол жыл сайын толықтырылады. Біздің қазір мамандар тапшылығына қарамастан тапсырыс бойынша жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар.

Сонымен бірге жарнама тілінің мәдениетін көзден таса етуге болмайды. Қоғам бұл мәселемен де үнемі айналысады. Бұл туралы заңның да кешеуілдене беруі мәселені күрделендіре түсті. Ал «Тіл туралы» Заңның 19-бабында мемлекеттік емес мекемелер (акционерлік қоғамдар, жекеменшік, коммерциялық, шағын кәсіпорындар т.т.) туралы ештеңе айтылмаған. Заңгерлердің түсіндіруіне қарағанда, бұл бап әлгі меншік иелерін ешнәрсеге міндеттемейді. Сондықтан олар өз білгендерін істеп отыр. Олар өздерінің атауларын шет тілінде, латын графикасы арқылы жарнамалап жүр. Мұны реттеу үшін осы бапты «меншік иесіне қарамастан» деген тіркеспен толықтыру керек сияқты. Бұған қоса «Жарнама туралы» Заңды қайта қабылдау қажет.

Аталып өткен мәселелерге орай Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне хат жолдадық. Онда Конституциямыздың 7-бабының 1 және 2-тармақтарына байланысты туындаған бірнеше сұрақтарға түсініктеме беру мәселесі қозғалды. Сондай-ақ «ҚР Тіл туралы» Заңның мемлекеттік тіліміздің халықаралық беделі, шеттен келген бауырлар хақында және мемлекеттік емес мекемелердің атауларын жазуға байланысты ұстанатын прин-

циптерді айқындап алудың кезеңі келді. Тілді менсінбейтін немесе оған мән бермейтін басшыларды тәртіпке шақырып, айыппұл салуға дейін шара қолданудың жолдарын қарастыру қажет.

Тіл дамуына не кедергі?

1. Мемлекеттік тілге деген жаппай қажеттіліктің жоқтығы.

Бұл ойды талдап-таратып көрсек, «кімдер қаламайды, кімдерге бұл тілдің қажеті бар, кімдерге керек емес?» деген сауалдарға нақтылы жауап беретін уақыт жетті. Және ендігі жердегі идеологиялық күресті нысанаға дәл де нақты тиетіндей етіп жүргізген абзал. Оларды: а) қазақ тілін таза білетіндер; ә) қазақ тілін шала білетіндер; б) білмейтіндер; в) орыстілділер т.т. деп таратып, дәйектер келтіріп айтуымыз керек. Оқушы, студент, мамандар өз алдына бір төбе.

2. Қажеттіліктің жоқтығы кімге байланысты?

а) Ең алдымен үкімет тарапынан қойылуда қатты талаптың жоқтығына байланысты.

ә) Өткен дәуірдегі орыстану процесінің бойға сіңген зардабы екі бағытта бірдей із қалдырды: бірі – қазақтардың өз санасында («Қазақстанда тұрсақ та біз үшін қазақ тілінің қажеті жоқ» деген), екіншісі – орыстар мен барша орыс тілділердің (орыс, белорус, украин, еврей, неміс, корей, тіпті түркі тілдес халықтар өкілдері) санасында («Қазақстанда тұрсақ та біз үшін қазақ тілінің қажеті жоқ») деген ұғымның тым терең қалыптасуында болып келді, сол түсінік әлі жалғасуда. Сондықтан қаулы-қарарлар, іс-шаралардың баршасы ең алдымен адам факторына байланысты жүргізілуі қажет.

б) Ол күрестің механизмі өте күрделі: ендігі жерде «ел арасындағы тыныштықты сақтау» дегенді, демографиялық ситуацияны, т.б. себептерді желеу етуді тоқтатып, өте қатал («жұмсақтарының» барлығын 15 жыл бойы түгел ада қылып болдық қой!) ресми іс-шаралар тағайындау керек.

в) Бүгінге дейін тіске жұмсақ, көпшілікке икемді іс-шаралардың («Қазақ өзімен-өзі қазақша сөйлессін!!!» т.т.) бәрін тоқтатып, өкімет қызметін атқарғысы келетін барша азаматтар (қазағы, орысы, басқасы бар) міндетті түрде (қазақша сөйлей алатын, түсіне алатын және жаза алатын деңгейде) білуі шарт деген шешім қабылдау керек. Мұны Елбасымыз жеріне жеткізе айтты емес пе, Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясындағы баяндамасында. Ол үшін Парламент сайлауында осы талапқа жауап бере алатын, мемлекеттік тілге оң көзқарастағы депутаттарды сайлау көзделген еді. Амал не, олай болмай отыр. Әйтсе де жаңа сайланған депутаттар қанында ұлттық мүдде мәселесі мүлде өліп тынбаса игі істерге мұрындық болар деген ниет-теміз.

г) Бүгінгі таңда зайырлы мемлекет болудың ең басты шарттарының бірі деп республика құрушы негізгі халық ретінде қазақ халқының беделін (пристижін, имиджін) көтеру үшін ғана емес, ұлттық рухын көтеру үшін өкіметтің міндетті түрде баруға тиісті іс-шараларының бірі – Конституция мен «Тіл туралы» Заңында тек мемлекеттік тілдің бір өзін ғана Қазақстанның барша азаматы білуге міндетті деп қалдырып, орыс тілі мен шет тілдерінің біреуін (ағылшын, француз, неміс, қытай, жапон, т.б.) өз қалауы бойынша меңгеру шарасын біртіндеп жүзеге асыру күн тәртібіне қойылуы тиіс.

«Үш тілді бірдей білу» деген концепция бүгінгі күннің талабына сай болғанымен, оларды қатар қойып үйрену, меңгеру күрделі. Мұндай жағдайда онсыз да жетім баланың күйін кешіп келе жатқан қазақ тілінің жағдайы мүшкіл қалпында қала бермекші, «жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледінің» кері келмекші.

Сондықтан Қазақстан үкіметі шын мәнісіндегі ұлттық зайырлы мемлекет құрғысы келсе, осы бір батыл қадамға баруға міндетті. Кешегі тоталитарлық замандағы оң бағаланып келген «Қазақстан – достық лабораториясы (зертханасы)» деген көлпалдықтың бүгінде, қазақ халқының

болашағы үшін қажеті шамалы. Дәл сол принциппен ғұмыр кеше беретін болсақ, онда өлгенде қолымыз жеткен егемендіктің де бес тиындық құны жоқ деген сөз. Президентіміздің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген айбынды сөзінің де құны болмай қалуы әбден мүмкін, мемлекеттік тілдің алдағы 2030 жылға дейін де өз қызметін атқара алмауы ғажап емес.

Майданға бергісіз талас-тартыста қолымыз жеткен мемлекеттік мәртебе өз ана тіліміздің басына қонып, бағы жанбаса, жер байлығымыз арқасында қол жеткелі тұрған экономикалық байлығымыз бен өркендеп-өсетін бел-белестеріміз кейбір байлығы асқан, бірақ рухы өшкен, басқа елдердің күйін кешуі мүмкін. Өйткені «егемендік» деген ерекше феноменнің бірден-бір ұйытқысы мемлекет негізін құрушы – негізгі халықтың өз тілінде сөйлеуі, мемлекет басқаруы, салт-дәстүрін дамытуы, елдігін сақтауы ләзім.

Осыдан «Қазақ тілі» қоғамы жұмысын бұдан да жақсартуға бола ма, болса оның жолдары қалай?» деген сауал туындайды.

Біріншіден, «Қазақ тілі» қоғамына халықтың қолдауы, ықыласы қажет. Мұны айтып отырғанымыз, барлық істің тетігі нарыққа барып тірелген аумалы-төкпелі заманда, жұртшылықтың көңілі тілден гөрі күнкөрістің қамына қарай ойысып кетті. Бұл саналылыққа нұқсан келтіретін қылық. «Қарның аш болса, сайраған тілің кімге қажет» дейтін тоғышар жанның пәлсапасы бұл. «Ертең тілінің құритынын білсе, бүгін өзіне өлім тілейтін» Расул Гамзатовтай биік сана деңгейінен табылу, ғасырлар бойы армандап келген тәуелсіздік алған біздер үшін аса қажет. Құдай сақтасын, әрине, жаман айтпай жақсы жоқ, сондай бір қаралы күн туып, соңғы қазақ дүниеден өтер болса, оның өмірімен қазақ тілінде қоштасары хақ. Өз тілінді өзің аялап, өзің құрмет тұтпасаң, өзге жұртқа не қажет екенін дәл осы кезеңде түсінбесек, енді қашан ұқпақпыз? Міне, сондықтан бесіктен белі шықпаған баладан бастап, еңкейген қартқа дейін қалтқысыз қолдау болмаса, басталған істің тамырына тағы да балта шабылуы ықтимал.

Екіншіден, қазақ тілі – Қазақстан Республикасы деп аталатын тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі. Олай болса, бұл тіл осы мемлекеттің ең негізгі қолданыс құралы екеніне дау жоқ. Бірақ өкінішке қарай, олай бола алмай отыр ғой. Солай болу үшін не істеу керек? Сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауға міндетті. Яғни «Тіл туралы» Заңын, Мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуын қадағалауды мақсат еткен халықтық ұйым – «Қазақ тілі» қоғамын мемлекет қамқорлығына алу деген сөз. Мұның мынадай жолдары бар:

а) «Қазақ тілі» қоғамын мемлекеттік бюджет тарапынан қамтамасыз етудің тетігін қамдастыру, жағдай жасау. Сондай-ақ, оған тексеру, бақылау, шара қолдану құқын беру.

ә) Мұның бір амалы «Тіл комитетін» жеке, дербес мекеме ретінде құру арқылы іске асуы мүмкін.

Үшіншіден, тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі Заңы – Конституциямыздың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» дегеннен басқа қосалқы сөйлемдерді алып тастау қажет.

Төртіншіден, «Тіл туралы» Заңы мен Мемлекеттік бағдарламаны тәуелсіз еліміздің мақсат-мүддесіне сәйкес қайта қарап, Конституция баптарымен бірегейлету керек.

Бесіншіден, «Қазақ тілі» қоғамы мамандарын іріктеп, оларды қысқа мерзім курстарында оқыту қажет.

Алтыншыдан, «Қазақ тілі» қоғамының негізгі тірегі бастауыш ұйымдарын құру мәселесі салғыртсып барады. Бұған жол беруге болмайды. Президент кеңсесінен бастап төменгі сатыдағы әкімшіліктер мен ресми мекемелердің бәрінде түгел бастауыш ұйым құрылмай іс-қағаздарының мемлекеттік тілімізде жүре қоюы қиын. Бұл «Қазақ тілі» қоғамының негізгі міндеттерінің бірінен саналады.

Жетіншіден, «Қазақ тілі» қоғамы қызметін дамытудың бір жолы тілдік орта жасай білумен де байланысты. Ол жаңадан балабақшалар мен мектептерді ашып, оқу-тәрбие жұмыстарын жақсарту және бұрыннан жұмыс істеп жатқандары да мемлекеттік тілді оқыту жүйесін реттеу керек деген сөз. Мұны жақсарту үшін оқытушы мамандар мен

тәрбиелеушілерді дайындау ісіне түбегейлі бетбұрыс жасалуға тиіс. Жоғары және арнайы орта білім беретін оқу орындарында қазақ тілі күнделікті қажетімізді өтейтін құралға айналмай болмайды. Аралас мектептен оның да тіл игеру саласындағы тиімді жақтарынан іргені аулақ салмай, дұрыс пайдалану арқылы ұрпақ тәрбиесін жүйелеу керек. Осының бәрінде «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелері мен әкімшіліктердің өзара тығыз байланыста болуы тиімді.

Сегізіншіден, халыққа қызмет көрсететін органдардың (теміржол вокзалы, автовокзал, автобекеттер, әуежайлар мен ресторан, асханалар, т.т.) бәрінде мемлекеттік тіл бедел алуға тиіс. Бұған мән бермейтін басшыларына шара қолдануға дейін бару қажет.

Тоғызыншыдан, қағаз құны қаншама қымбатқа түсіп жатса да, мемлекеттік тіліміздің өрісін кеңейтер сөздіктер, әдістемелік құралдар, оқулықтар, тілдескіштер түзіп, баспадан шығаруды қолға алған мақұл. Ол үшін мемлекет тарапынан қаржы көзі қарастырылуы керек.

Оныншы, «Қазақ тілі» қоғамына бүгінгі таңда ең керегі бірлік, ынтымақ. Сол арқылы елдің тыныштығын, тұтастығын сақтауға қолғабыс ету. Бірлік болмай, тірлік жоқ, ырыс алды – ынтымақ екені жадымыздан бір елі шықпауға тиіс. Тіл қоғамына кездейсоқ келгендер қолынан іс келмейтіндіктен көпірме сөзбен көмкергісі келеді. Бұдан арылатын мезгіл жетті. Өмірдің сын елегінен өтіп, сұрыпталып, сараланып, білек сыбанып шыққан тіл сардарларына ендігі қажет араға алалық салмай, тұтаса сауатты әрекетке көшу.

Он біріншіден, «Қазақ тілі» қоғамының жұмысы өмір тәжірибесінің өзі байқатқандай, тек республика шеңберімен шектелмейді. Мақсат оны халықаралық деңгейде жұмыс істейтін, ЮНЕСКО-мен тікелей байланыста болатын ұйымға айналдыру. Шетел қазақтарының ана тілімізге байланысты мұқтаждығын өтеу жолдарын қарастыру.

Он екіншіден, қазақ тілін білуге тиісті мамандық салалары бойынша тізім жасалып, соны міндетті шаруа-

ның біріне айналдыру қажет. «Қазақ тілі» қоғамы мұндай тізім жобасын өткен жылдарда-ақ жасап берген болатын.

Он үшіншіден, Мемлекеттік бағдарлама қабылданғанмен, оны іс жүзіне асырушылар міндеті айқындалмаған. Әкімшіліктердің қайсыбірі тіл туралы мәселенің өздеріне қатысы жоқтай қырын қарап келеді. Сондықтан Президент пен Министрлер Кабинеті аппараты тарапынан әкімшіліктердің «Тіл туралы» Заңын іске асырудағы міндеті қандай болу керектігі туралы нақты шара қажет.

Он төртіншіден, жер, су, көше, кісі аттарын екі тілде бірдей жазуды тоқтату керек. Бұл тілді үйретуге емес, бүлдіруге апаратын жол.

Он бесіншіден, тәуелсіз ел болған соң және оның мемлекеттік тілі Заңмен бекітілген соң, өзге ел өкілдерімен мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасауды дағдыға айналдыру қажет. Тіпті өз бауырымыз Түркиямен Ресей мемлекеттік тілінде сөйлесіп жатуымыз тіпті ұят. Бұдан шығатын түйін мемлекеттің ісіне оның негізгі қолданыс құралы – мемлекеттік тілдің беделіне нұқсан келтірмейтін мамандарды (кадрларды) іріктеу мәселесімен шұғылданытын мезгіл жетті.

Он алтыншыдан, «Тіл туралы» Заңын бұзғандығы үшін қолданылатын шара керек. Қабылданған Заңымыз ешбір нәтижесіз қала беретін жағдайда ешқандай құжаттың қауқары болмақ емес. Осы күнге дейін бір де бір мекеме қызметкері тіл бұзарлығы үшін Заң алдында жауап берген емес. Бұл айтылғандарды ескермей, есепке алмай тұрып, мемлекеттік тіл мәселесін дәйекті шешу оңайға түспейді.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бұл мәселелерді де үнемі назарда ұстайтын болады.

*«Президент және халық» газеті.
19 қазан, 2 қараша, 2007 жыл*

ТІЛДІ ДАМУДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Құрметті Мәжіліс төрағасы!

Құрметті депутаттар!

Еліміздің ең жоғарғы заң шығарушы органының тағы да тіл мәселесіне арнайы көңіл аударып, күн тәртібіне шығаруын игі нышанға балаймын. Мәртебелі мінберде сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызған азаматтарға ризашылығымды білдіре отырып, өздеріңізбен қазақ тілінің қазіргі жай-күйі, болашағы, тіл саясатын іске асыруда қоғамдық ұйымдардың рөлі туралы ой бөліскім келеді. Себебі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басты мақсаты – қоғамдық сана мен ұлттық сананы оятумен қатар ұлттық салт-дәстүр мен мемлекетіміз дамуының басым бағыттары бойынша Елбасы мен Үкіметіміздің алдына көкейкесті мәселелерді қойып, олардың оң шешімін табуына қол жеткізді. Мәселен, Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, «Тіл туралы» Заң мен Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы, Тіл мәселесімен шұғылданатын құзырлы орган – Тіл комитетінің құрылуы сияқты және тағы да басқа жүзеге асқан нақты ұсыныс-пікірлері қоғамдық ұйымдардың айқын рөлін дәлелдеуін қажет етпейтін көрсеткіштер деп білемін. Сондай-ақ, күнделікті өмірде туындайтын мәселелер бойынша да тиісті орындарға ұсыныстар мен ойларымызды үнемі жолдап отырамыз. Олардың бірқатарын баспасөз беттерінен көруге болады.

Өздеріңізге мәлім, былтыр қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алғанына және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуын атап өттік. Арнайы конференция ұйымдастырдық.

Әрине, 20 жыл деген аз уақыт емес. Істелген шаруалар да олқы соқпайды. Алайда осы 20 жыл ішінде тіл саясатын жүзеге асырудағы іс-тәжірибелер мемлекеттік органдар тарапынан болсын, қоғамдық ұйымдар жағынан болсын, арнайы сараптаусыз, ғылыми тұрғыдан зерделенусіз қалды. Сондықтан тіл саясатын іске асырудың келесі кезеңіне аяқ

басар сәтте осы кезге дейін мемлекеттік тілді өмірге ендіру бойынша атқарылған істер мен тәжірибелерге қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен ғалымдарды, мамандарды қатыстыра отырып, жан-жақты ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізу қажет деп санаймын. Осы аталған уақыт ішінде мемлекеттік тілдің құқықтарының бұзылуына байланысты құқық қорғау орындарына түскен шағымдар мен арыздар бойынша болған сот процестерін зерттеп, зерделеу алдағы заңдарды қабылдау мен жетілдіруде оң әсерін тигізіп, сапасын арттыруға ықпал етері сөзсіз. Бұл мәселеде де қоғамдық ұйымдардың рөлі ерекше деп ойлаймын.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылған кезде Кеңес Одағы әлі тірлік кешіп жатқан. Қоғамдық ұйымдардың да саны саусақпен санарлықтай еді. Тек Ақмолада мәдениет пен тіл мәселесін көтерген бір ғана қалалық ұйым болды. Олардың ішінде тіл мәселесімен тікелей айналысатын ұйым атымен жоқ-тын. Алайда 86 жылғы Желтоқсан көтерілісі ұлт санасына айрықша серпін берді. Ұлттың өзін-өзі тануы, рухани мұрасына бойлауы, тілі мен дінін түлетуге деген құлшынысы жай кетпеді. «Қазақ тілі» қоғамы халықтың осындай талап-тілегінен туып еді. Халықтың қолдауы емес пе, бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде «Қазақ тілі» қоғамының қызметі республиканың бүкіл аймағына таралып, еліміздің түкпір-түкпіріне дейін бөлімшелері ашылды. Аудандарды былай қойғанда, ауыл-ауылдарға дейін жетті. Ірі-ірі мекемелерде біріккен комитеттері жұмыс істеді. Қазақтар қоныстанған шетелдерде де өкілдіктері мен бөлімшелері ашылды. Сөйтіп, елімізде ұлттық түлеу дәуірінің жаңа кезеңі басталған еді.

Қоғамның алдына қойған басты мақсаты – қазақ тілінің қоғам өмірінің бар саласында еркін қолданылуына қол жеткізуге ықпал ету болатын. Әрине, бұл оңай шаруа емес еді. Үлкен күресті қажет ететін. Күрестің жолы әртүрлі. Біреу айқай мен аттанға күш салады. Енді біреулер саяси түлкібұлаң жетегіне ереді. Ал біз әуел бастан салқын сабыр мен салиқалы парасатқа арқа сүйей отырып, ағартушылық бағытты таңдап алдық. Сол жолдан әлі де ауытқымай

келеміз. «Қазақ тілі» қоғамының әртүрлі толқымалы сәттерде ыдырап кетпей 20 жыл бойы тұрақты жұмыс жүргізіп келе жатуы, облыстық, аудандық ұйымдарын сақтап отыруы, шетелдік бөлімшелерінің жұмыс жүргізіп жатуы таңдауымыздың дұрыстығына дәлел болса керек.

Біз, ең алдымен, жылдар бойы рухани жағынан азғындау алдында тұрған өз қазағымыздың санасын оятайық, ұлттық рухын көтерейік деп шештік. Сонымен бірге белгілі себептерге байланысты ана тілінен адасып қалған қандастарымызды да өзекке теппей, құшағымызға тартайық және еліміздегі өзге ұлт өкілдерін де шетке қақпай, қазақ тіліне ынталандырайық дедік. Мұның барлығын да ақылға салып, парасаттылық өлшемінен шықпай атқаруды мақұл көрдік. Бүкіл іс-әрекетімізді осы мақсатқа жұмылдырдық. Қазіргі таңда қазақ тілінің ел халқын біріктірушілік, тұтастырушылық рөлі ойлағанымыздай болмағанымен, белгілі дәрежеде бұл істе «Қазақ тілі» қоғамының да азды-көпті үлесі бар деп сеніммен айта аламын.

Тақыр жерден ешнәрсе өнбейді. Белгілі бір жол, жүлгелі дәстүр қалыптасқаннан кейін ғана соны негізге ала отырып, басқа құрылымдар пайда болады. Осы жағынан алғанда «Қазақ тілі» қоғамы дәстүр қалыптастырушы, жүйе құраушы ұйым деп айтсақ, артық айтқандық болмас. Құдайға тәуба, қазіргі кезде тілмен айналысатын қоғамдық ұйымдардың саны бірқыдыру. Олар тілдің әр қырынан келіп, өз мақсат-мұратына сай әрекеттене берсе, төрт құбыламыз теңеліп кетпегенімен, біраз жоғымыздың түгенделетініне сөз жоқ.

Қоғамдық ұйымдарды билік пен халықтың арасындағы дәнекер деп санасақ болады. Бір жағынан, қоғамда қордаланған мәселелерге биліктің назарын аудару арқылы оларды шешуге мұрындық болса, екінші жағынан билік тарапынан түскен ұсыныстардың халықтық сипат алуына ықпал етеді. Үшінші жағынан, тікелей өздері белгілі бір істерге бастамашы болады. Сондықтан да ел дамуының ырғақты әрі серпінді болуы үшін қоғамдық ұйымдардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай қалыптастырудың берері мол болмақ.

Мен бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, «Қазақ тілі» қоғамының басшысы әрі қоғамдық ұйым өкілі ретінде қоғамды толғандырып жүрген бірқатар мәселелерді ортаға салуды жөн көрдім.

Алғашқы сөз мемлекеттік тілдің нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі жайында. Бұл жерде екі түрлі мәселе туындайды. Біріншісі, қолданыстағы нормативтік актілердің әлеуетін толық пайдаланып, іске асыру. Оның ішінде «Жарнама» туралы заңды қайта қарап, жетілдіру қажет. Мемлекеттік тілді білуі тиіс мамандықтардың тізбесі осы күнге дейін бекітілмей келеді. Мұның өзі осы саланың алға басуына тежеу болып отыр. Екіншісі, тілдік қатынастарды реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық актілер қабылдау, кейбір заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Сондай-ақ «Ономастика туралы» Заң қабылдау да кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Меніңше, біз әлі де қолда бар заңдарымыздың әлеуетін толық пайдалана алмай жүрміз. Жалпы халық та мемлекеттік тілге қатысты өз құқықтарын толық біле бермейтін секілді. Сондықтан уәкілетті мемлекеттік мекеме мен қоғамдық ұйымдар өкілдері білікті заңгерлерді қатыстыра отырып арнайы жұмыс тобын құрып, «Тілдер туралы» Заңның баптарына түсіндірмелер дайындағаны жөн болар еді. Бұған Конституциялық Кеңестің келісімін алған да теріс болмас. Дайындалған жинақты әдістемелік құрал ретінде кітап етіп шығарып, бүкіл мемлекеттік мекемелерге, қажет деп тапқан ұйымдарға тарату керек. Сонымен бірге Интернеттегі веб-сайттар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн. Тілдік қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңдарымыз елдің барша азаматының қазақ тіліндегі қажеттіліктерін өтеуіне толықтай мүмкіндік бермесе де, белгілі деңгейде мұқтаждықтарын өтеуге септігі тиетінін жоққа шығаруға болмайды. Қай-қайсымыз да халықтың сол заңды құқықтарын орнымен пайдалануына ұйытқы бола білсек, ана тілімізге деген сұраныс та артар еді. Сұраныс бар жерде соған сай ұсыныстың да болатыны белгілі ғой. Ендеше,

қоғамдық ұйымдардың да күш салатын тұсы осы болуы керек деп есептеймін.

Ал енді жаңадан дайындалуы тиіс заң жобаларына келетін болсақ, арнайы «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын қабылдау жайы үздіксіз көтерілуде. Осыдан бірнеше жыл бұрын Үкіметтің заң шығармашылығы жоспарына да енгізіліп, он шақты заң жобасының әзірленгенін де жақсы білесіздер. Сөз жоқ, бұл өмірдің өзі талап етіп отырған заң. Алайда сол заңның бағы жанбай-ақ қойды. Бұл заң қабылданбай, қазақ тілінің тынысы ашылады деу қиын. Осы орайда мына бір жайтқа назар аудартқым келеді.

Жалпы, елде белгілі-бір қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуге арнап заңдар түзгенде тек сол сәттегі мәселелерді шешуді ғана қамтымай, барынша ауқымды ойлап, заң актісі кемінде 50 жылдай қолданылатын жағдайға қол жеткізуге тиіспіз. Өйткені өмір бір орнында тұрмайды. Үздіксіз өзгеру, даму үстінде. Қоғамдық даму барысына ғылыми талдау жасай отырып, заң шығармашылығы кезінде осыны нысана етіп ұстансақ, заңдарымыздың өміршеңдігі арта түсер еді. «Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заң жобасын дайындауда да осы қағиданы басшылыққа алған орынды деп санаймын. Өйткені болашақтың іргетасы бүгіннен қаланады. Бүгінгі шешімдеріміз, іс-әрекетіміз, таңдауымыз – ертеңгі болашағымыз.

Осы ретте мына мәселеге назар аударған орынды деп білемін. Заңдарды қабылдаған кезде оны қазақтың және Қазақстанның мүддесі тұрғысынан, мемлекеттілікке төндіретін қауіп тұрғысынан сараптамадан өткізу міндетті болуы тиіс. Сол сияқты халықаралық көпжақты және екіжақты келісім шарттарды да жасасу, қабылдау рәсімдері де қайта қарауды қажет етеді. Оларды Парламентте ратификациялау мәселесін ендіру керек. Белгілі бір мекеменің бірінші басшысының қол қоюы арқылы ғана күшіне еніп кететін шарттар мемлекеттілігімізге елеулі нұқсан келтіріп отыр. Мысалы, Байқоңырдағы мәселені алайық. Кезінде Қазақстанның бұрынғы Білім министрінің ұлттық мүддеге селқос қарауының салдарынан Байқоңырдағы

орыс тілінде білім беретін мектептерді былай қойғанда, қазақ мектептерінің барлығы Ресейдің бағдарламасымен оқытып жатыр. «Үй ішінен үй тігу» деген осы емес пе?! Бұл мәселені қайта-қайта көтеріп келеміз. Алайда ешқандай нәтиже жоқ. Қала халқының 85 пайызы қазақтар. Ресей жағы Қазақстанға қарағанда жалақыны екі есе артық төлейтіндіктен, олардың көпшілігі Ресей азаматтығын алуға құштар. Алғандары да қаншама. Бұл еліміздің тұтастығына қауіп төндірмей ме?! Сондықтан шетелдермен және шетелдік компаниялармен жасалатын барлық мәмілелер Парламенттің ратификациялануына жатқызылуы тиіс және ол ашық жариялы түрде болғаны жөн бе деймін.

Үшінші мәселе қазақ тілінің ғылыми-терминологиялық жүйесін жетілдіру туралы. Өздеріңізге мәлім, мемлекеттік тілге артылар жүк ауыр. Ол қоғамның бүкіл тілдік сұраныстарын қанағаттандыра алуы тиіс. Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің заң тілі, ғылым тілі ретіндегі атқарып отырған қазіргі жай-күйі көңіл көншітерлік емес. Көбінесе орыс тілінің аудармасы сипатында ғана қалып отыр. Шетелдік дереккөздерге жүгінсек, тек орыс тілімен шектелмей, тікелей сол тілдердегі түпнұсқасымен жұмыс істейік. Аудармадан аударма жасаған соң не болмақ?! Алдағы уақытта бұл қалыптасқан жағдайды бұзып, дұрыс жағына қарай түзетуіміз керек. Өйткені тіл – жанды құбылыс. Қоғаммен бірге дамып, жетіліп отыруы тиіс. Егер қоғам дамуына ілесе алмай, жұртшылықтың талап-тілегін тиісінше өтей алмайтын болса, тілдің болашағына қауіп төнетіні сөзсіз. Сондықтан елімізде тіл саясатын ғылыми негіздеу, қазақ тілінің ғылыми-терминологиялық жүйесін барынша жетілдіру жайы айрықша назар аударуды қажет етеді. Бұл мәселеге Елбасымыздың өзі тікелей көңіл бөліп отыр. Бұрнағы жылы Президент тапсырмасымен Мемлекеттік хатшы Қ. Саудабаев өткізген басқосу осыны аңғартады.

Осыған байланысты Терминкомды ҚР Үкіметі жанынан арнайы мемлекеттік орган ретінде қайта құру және оны қаржыландыру жолдарын қарастыру жөн деп санаймын. Бұл ретте Ресейдің тәжірибесін негізге алуға болады. Оларда

сонау 1933 жылы-ақ «Ғылыми-техникалық терминология комитеті» құрылған. Тұрақты штаттық қызметкерлері бар, әртүрлі ғылым салаларына арналған салалық секциялары жұмыс істейді.

Өзімізді қор, өзгені зор тұтатын құлдық мінезден құтылмай, мықты ел болуымыз қиын. Әлемде 200-ден аса дербес мемлекет бар. Олардың ішінде тек қана бір ұлттан тұратындарын табу қиын. Сан ұлт өкілі бас қосқан Францияның немесе Германияның біз көп ұлтты, көп дінді мемлекетпіз дегенін есіттіңіздер ме? Олай болса, Қазақстанды көп ұлтты, көп дінді деп жарияға жар салуымызға жол болсын. Қазіргі кезде қазақтың саны ресми дерек бойынша 63 пайыздан асты. Бірақ біздің бұған көңіліміз толмай отыр. Себебі, мұнда ішкі миграция (көші-қон) мәселесі ескерілмеген сияқты. Оған Алматыдай үлкен қалалардың маңайында тағдыр тәлкегімен еліміздің түкпір-түкпірінен немесе алыс-жақын елдерінен келген тіркеусіз, баспанасыз жүрген азаматтар санының көрсеткіші дәлел. Іргесі сөгілмес унитарлы мемлекетпіз. Бұл жерде АҚШ-тың бізге үлгі болмайтынын түсінгеніміз жөн. Сондықтан көп ұлттылық пен көп дінділік мәселесі қайта қарауды қажет етеді деп санаймын.

Ендігі төртінші сөз қазақ жазуы турасында. Жазу тіл дыбыстарын таңбалап қана қоймайды, сонымен бірге ақыл-ойға, тіл мен ділге де белгілі дәрежеде әсер етеді. Сол себепті әліпбиді елдің ақыл-ой қазынасының коды деп бағалауға болады. Кодтың ыңғайлы, жеңіл әрі халықты өркениет өріне бастайтындай болғаны құба-құп. Бұл ретте, «Қазақ тілі» қоғамының ұйғарымы латын әліпбиіне ауып отыр. Мұны біз биік-биік мінберлерден де, алқалы жиындарда да осыған дейін сан рет айтып келеміз. Тиісті үндеулер де қабылдадық. Пікірімізді негіздеп, өз нұсқамызды да ұсындық. Сол бәтуалы байламымыздан әлі де тайғанымыз жоқ. Өз күшінде.

Латынды жақтаушылардың өз қалауларын негіздеуге тірек ететін басты дәлелдерінің бірі – латын жазуының ақпараттық технология саласында қолдануға ыңғайлылығы.

Алайда қытай, жапон халықтары өз иероглифтерінен, араб халқы өз жазуынан, грузиндер төл әліпбиінен бас тартпай-ақ, компьютерді өз жазуына қызмет еткізіп отыр. Бүгінгі күні кириллица да компьютерге оңай ыңғайланатын болды. Осыған байланысты бұл уәждің де негізі солқылдай бастады.

Бұл мәселені Елбасының өзі де бірнеше дүркін көтеріп отыруы тегін емес. Біздіңше, ел Президентінің түпкі мақсаты – қазақтың шын мәніндегі бостан ел болуы, өз қолының өз аузына жетуі, өркениетті елдермен терезесінің теңесуі және ана тілінің барынша кең қолданысқа ие болып, елді тұтастырушы факторға айналуы. Елбасы осынау ұлы тарихи мұратын орындайды деп ойлаймын. Ел ордасын Астанаға көшіруі де, әліпби ауыстыру мәселесін дүркін-дүркін көтеруі де, «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруы да осы түпкі мақсатқа бастар нақты әрі нысаналы қадамдар. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын да осы тұрғыдан түсінген жөн. Бұл Қазақстандағы қазіргі нақты ахуалға орай ұсынылып отырған тегік. Аталған шара белгілі бір уақыт аралығында өз қызметін атқарған соң, тарих сахнасын негізгі басымдықтарға босататындығына сөз жоқ.

Бесіншіден, тілді ұштайтын, қалыптастыратын және дамытатын орта – мектеп. Балабақша мен мектептен бастау алмаған істің берекесі шамалы. Осыған орай Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы осыдан бірнеше жыл бұрын еліміздің ең үлкен қаласы Алматыдағы орта білім беру саласындағы қазақ тілінің жай-күйіне сараптама жасаған еді. Бұл ретте біз орта мектептерде білім алып жатқан қазақ балаларына ғана назар аудардық. Алматы қалалық Білім департаментінен алынған ресми деректерге сәйкес Алматы қаласындағы қазақ мектептерінің саны жалпы мектептер санының үштен біріне де жетпейді. Ал қаладағы тек қазақ оқушыларының саны оқушылардың жалпы санының 70 пайызынан асып жығылады. Қаладағы орыс тілді мектептердің денінде қазақ балалары оқып жатыр. Мектептердің ара-салмағы әлгіндегідей. Сонда орта мектептердің жай-күйі осындай болып отырғанда, мемлекеттік тіліміз қалай көктемек? Болашақ мемлекеттік қызметкерлеріміз осы

мектептердің түлектері болса, оларды қайтадан қаржы бөліп, мемлекеттік тілді өмір бойы оқыта береміз бе? Бұған уақытымыз жете ме? Сондықтан біз салдармен емес, себеппен күресейік. Еліміздің, тіліміздің болашағын ойласақ, қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тіл болсын десек, балабақшадан, мектептен бастайық.

Жұртшылық балаларын неліктен әлі күнге орыс тілді мектептерге беруде? Оның жауабы белгілі. Біріншіден, қазақ тілінің болашағына деген сенімдері әлсіз. Екіншіден, қазақ мектептері жетіспейді. Үшіншіден, мемлекет тарапынан нақты әрі бағыты айқын тілдік саясат жүргізілмей отыр. Солқылдақтық басым. Екіұдайлық сезім-күй иектеген. Нық әрі сенімді, айқын да нақты бағыт ұстанбай көздеген мақсатқа жете алмаймыз. **Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілдің болашағына мемлекеттік тұрғыдан кепілдік берілуі қажет.** Осы тұрғыда жер-көкте жоқ дүниені ойлап таппай-ақ, әлемдік тәжірибеге зер салып, іргелі мемлекеттер қолданып отырған тілдік саясатты іске асыратын болсақ, осының өзі-ақ көп олқылығымыздың орнын толтырар еді.

Жоғарыда аталған ресми мәліметтерге тоқталсақ, ол қазақ балаларының басым бөлігінің әлі де орыс мектептерінде білім алып жатқандығын көрсетеді. Оның үстіне қаладағы қазақ мектептері өте аз. Оқушылар сыймай, екі-үш ауысыммен оқуда. Жылына екі мектептен салып отырған күннің өзінде қазақ мектептерінің санын көп ұлғайту мүмкін емес. Ал орыс тілді мектептердегі жағдай бұған керісінше. Қалада орыс мектептері көп әрі онда оқитын оқушылардың саны да мектептің сыйымдылығына сәйкес емес.

Құрметті халық қалаулылары мен Үкімет мүшелері!

Өзінің туған жері мен өз Отанында тұрған қазақ балаларының өзге тілде білім алып, тәрбиеленуі – олардың ұлттық намысының тапталып, құқығының шектелуі Сіздер мен біздерді ойландыруы тиіс. Ойландырып қана қоймай, кеше ғана жарияланған халық санағының нәтижесіне сай тиісті шаралар қабылдау қажет. Халық санағы тек статис-

тика үшін емес, болашақты болжап, ұзақ мерзімді бағдарлама жасау үшін керек.

Біздіңше, қазақ тілінің өркен жаяр өрісі – қазақ мектептерін көбейтудің ең дұрыс шешімі осы болмақ. Егер, жағдайды осы қалпында қалдыра беретін болсақ, мемлекеттік тілді дамыту бағытында істеп жатқан ісіміздің ешқандай нәтижесі болмайды. Бұл мәселе алдымыздан үнемі қайталанып шығады да отырады. Сондықтан елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің адымын аштырмайтын қолдан қалыптастырылған тұйық шеңберден шығудың осындай жолын тандап, тиісті шараларды жедел қолға алуға тиіспіз. Өзімізді де, өзгені де алдарқатуды, көзбояушылықты қоятын кез жетті.

Алтыншыдан, бұл ретте «Қазақ тілі» қоғамының ұстанымы мынадай. Елдегі балабақшаның барлығында тек қазақ тілінде тәрбие беруді жолға қойған жөн. Сол секілді орта мектептердің бастауыш сыныптарында да бүкіл жеткіншектерге бірыңғай қазақ тілінде білім беру қажет. Бастауыш сыныптарын аяқтап, қазақша жетік меңгеріп шыққан оқушыларымыздың бұдан кейінгі сыныптарда қай тілге басымдық берем десе де еркі болғаны жөн. Қалауына қарай таңдау жасауына мүмкіндік берген орынды.

Сол секілді балалар үйлері мен жасөспірімдерге арналған абақтыларды алайық. Оларда тәрбиелеу және білім беру ісі тек қана қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Жетім балалардың әкесі де, шешесі де – мемлекет. Сондықтан мемлекеттің өз ұрпағына мемлекеттік тілде білім беруі табиғи жағдай болуы тиіс.

Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт – қазақ. Оның өзегі – қазақ тілі. Біздің бар күш-жігеріміз осы асыл өзектің беки түсуіне, қазақ тілі мен қазақ ұлтының өркендеуіне қызмет етуі тиіс.

Тілді дамытудағы қоғамдық ұйымдар рөлінің де зор екенін еске сала отырып, бүгінгі таңдағы өзекті деген кейбір ойларды Сіздердің назарларыңызға осылай бір ұсынғанды жөн көрдім.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Құрметті тіл жанашырлары!

Қадірлі ағайын!

Бүгінгі мына келелі жиында сөйлеушілерді тыңдай отырып, екі түрлі күй кешкендей болдым. Сүйінген тұстарым да жоқ емес, аздап күйінген тұстарым да бар. Қаншама жыл барысында қазақ тілінің қамын жеген талай жиын өтті. Бірақ, қадірлі замандастарым-ау, мынау Үкімет үйінің үлкен мәжіліс залына 600-700 тіл жанашырлары жиналып алып, емін-еркін ойыңызды ортаға салып, тіпті жоғары билікке бүгінгідей батыл сын айтқан кезіміз қай кезде болып еді. Осының өзі-ақ біздің үлкен ел болғанымызды танытатын жайт емес пе?! Мұндай мүмкіндік жасалып отырған бүгінгі күнімізге шүкіршілік жасағанымыз жөн шығар.

Мына талқыға ұсынылып отырған бағдарламаның кемшін тұстары да бар екені даусыз. Мен бұл жолы аталмыш құжаттың ұтымды тұстарына баса назар аудармақпын. Тұқырта беретін жол іздегенше, алға жетелейтін соқпақ іздейік, ағайын! Осыған орай кейбір ойларымды ортаға салайын!

Бүгін алдарыңызға ұсынылып отырған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мақсаты – қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейту әрі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы мен өрісінің ұлғаюын қамтамасыз ету. Болашақта қазақ тілін жалпыұлттық, ортақ тілге айналдыру мақсаты тұрғанын да біз ашық айтқанымыз абзал. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде мен осы жағдайды үнемі айтып та жүрмін.

Естеріңізге сала кетейін, сонау 80-90-жылдары осы «Қазақ тілі» қоғамынан басқа мемлекеттік тіл үшін табанды күрес жүргізген қоғамдық ұйымдар болған емес, болса да

некен-саяқ. Ал мына қазіргі дәріптеп жүрген үкіметтік емес ұйымдар туралы ұғым да болған емес.

Бүгінгі таңда еліміздің экономикасы тұрақталып, әлеуметтік ахуалдың беті бері қараған қазіргідей жаңа кезеңде мемлекеттік тіл саясаты да жаңа пәрмен алуға тиіс. Оған жүйелі, кешенді тұрғыдан келуіміз керек. Бағдарламада мүмкіндігінше қазақ тілін кеңінен қолдану міндетке алынып, нақты тетіктерге баса назар аударылып отыр.

Бағдарламаның ең әуелгі ерекшелігі – әлемдегі үздік тәжірибелерді ескере отырып, заман талабына сай, тілдік органы барынша қалыптастыруға күш салып, мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыру. **Құжатта төрт мақсат белгіленген. Сол мақсаттардан туындайтын міндеттердің ішінде қоғамдық ұйымның жетекшісі ретінде менің көңіл аударғым келіп отырғаны мемлекеттік тілді оқыту орталықтар жүйесін дамыту міндеті. Оларды аккредиттеу мәселесінің ескерілгені. Яғни біз енді мемлекеттік тілді оқыту мәселесін кез келгеннің үлесіне салмай, тікелей мемлекеттік реттеуге алмақшымыз деген сөз.**

Оның негізінде де статистика, яғни нәтижелі көрсеткіштер тұрғандығын аңғаруға болады. Енді саннан гөрі деген ұғымнан сапалық көрсеткіштерге баса назар аударуымыз керек. Бұл бірінші мақсаттың міндеттерінде айқын көрсетілген.

Бағдарламада қазақ тілін қай салада, қай ортада болсын, яғни халықаралық қарым-қатынаста, ақпараттық технологияларда, тіпті ойын-сауық саласында да, сондай-ақ ғылым, заң және жаңа технологиялар тілі ретінде дамытып, қолдануға да баса назар аударылып отыр.

Біздің қоғамымызда, әсіресе жастар арасында, қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуға тиіс. Көбінде олай бола бермейді. Осы пиғылды өзгерту мақсатында бағдарламада мемлекеттік тілде сөйлеушінің **жағымды бейнесін қалыптастыру мәселесіне** баса назар аударылып, оны қоғамдық санаға орнықтыру мәселесінің көтеріліп отырғаны – қуантатын іс.

Әсіресе, мемлекеттік тілді қолдану саласындағы **заңнаманың сақталуына бақылауды** күшейту, көрнекі және жарнамалық ақпарат құралдарында қазіргі әдеби қазақ тілінің орынды қолданылуына бақылауды күшейту, тілдік органы қалыптастыруда БАҚ-тардың рөлін күшейту, шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне ана тілін оқып-үйренуде саяси дипломатиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету бүгінгі бағдарламаның жетістігі болып табылады.

Түркі жазуына арналған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру біраз түрколог мамандардың үнемі айтып жүрген мәселесі болатын. Осы олқылықтың орнын толтыру да аталмыш бағдарламада көрсетілген.

Сондай-ақ, осы уақытқа дейін басты назар мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға аударылғаны мәлім. Ендігі мәселе мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарды, референттік топтарды, мемлекеттік тілді меңгерген басқа ұлт өкілдерін, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, мемлекеттік тілді насихаттау жөніндегі оңтайлы шешімдер орталығын құруға бағытталып отыр.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қызметі әр өңірде әртүрлі екені белгілі. Мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту мақсатында орталықтардың аккредиттелген желісін құру мәселесі олардың қызметін **бағалауды енгізу алғаш назарға алынып отырғаны да жөн.**

Сондай-ақ сынақ-біліктілік орталықтары желісін құрып, оқытушыларды аттестациядан өткізіп, олардың деңгейін анықтайтын сертификаттарды «Қазтест» жүйесі арқылы ұштастыру оңтайлы шешім деп білеміз.

Бір сөзбен айтқанда, бұл бағдарлама алдыңғы онжылдық бағдарламадағы қамтылмаған, іске асырылмаған шаралардың орнын толтыратын, жан-жақты қамтылған, мемлекеттік тілді сапалы және жетік меңгергендер қатарын арттыруға мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама болады деп есептейміз. **Жаңа Бағдарлама бұрынғы құжаттың**

жалғасы ретінде неғұрлым жоғары деңгейде орындалып, іске асырылады деген ойдамын. Осы ретте үкімет жиындарын мемлекеттік тілде өткізіп, ел арасындағы басқосу, кездесулерде қазақша сөйлеп жаттыға бастаған Кәрім Қажымқанұлының табанды іс-әрекетіне тәнті екенімді атап айтамын. Осы Бағдарлама талаптарының орындалуын өзі қадағаламақ болып отырғанына сенім артамын. Мен мұны «Қазақ тілі» қоғамының сан мыңдаған мүшелері атынан жеткізіп тұрмын. Және сол сенім ақталды деп үміт артамын.

Сонымен бірге мемлекеттік тілді дамытуда жұмыстың барлық түрін бір арнаға тоғыстыра білу үшін баршамыз күш салуға тиісті екенімізді қадап айтқым келеді.

Сондай-ақ Бағдарламаны әзірлеуге мұрындық болып, басы-қасында жүрген Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед бауырымызға ризашылығымды білдіремін және кара жұмыстың негізгі ауыртпалығын көтеріп, сауаттылық танытып жүрген Тіл комитетіндегі іні-қарындастарыма табыс тілеймін!

ТІЛІН КИЕ ТҰТҚАН ЕЛДІҢ ЗАҢЫ МЫҚТЫ

Әрбір ел өзінің іргесін мықтап, керегесін кең етіп, шаңырағын шайқалтпай ұстау үшін берік ұстанатын Заң негіздерін жасауға тырысатыны хақ. Қазақ елінің тарихында да сондай заңдардың әралуан үлгілері болған. Алдымен ауызға ілінетіні әйгілі билеріміздің (Төле би, Қаздауысты Қазыбек т.б.) араласуымен түзілген «Жеті жарғы». Қазақ елі осындай негізге сүйене отырып ел басқарған. Ең ғажабы, түрме, абактысыз-ақ тәрбие, тәртіп жүйесі қатаң сақталған. Қазіргі сот, прокурор, полиция дегендеріңіздің бәрінің рөлін әрбір ортада төрелік айтатын билер, шешендер атқарған. Ел солардың шешіміне бас иген, кесіміне тоқтаған. Сонда жалпы жұртты бас идірген бұл неғылған құдірет!

Ол құдіреттің аты – сөз, ол күштің есімі – тіл. Яғни тіл құдіреті, сөз қуаты. Сол сөз құдіретін игерген шешен, тіл қасиетін терең меңгерген би шешімі шиеленісті неше алуан дау-дамайдың күрмеуін жүйелі сөз арқылы шешіп отырған. Тумысынан сөздің қадірін біліп өскен қазақ баласы қисыны келіскен, жүйелі сөзге тоқтаған. Содан да жүйелі сөз жүйесін табатынын, жүйесіз сөз иесін табатынын тап басып таниды. Мемлекеттік, әлеуметтік мәселелердің қандайын болса да таратып талдап тастауға өнер алды қызыл тіл деп түсінетін билердің мәртебесі қазақ ортасында мейлінше биік болған. Жалпылама сөйлене беретін сөздің бәрінің парқы бірдей бола бермейді. Айтар сөздің ақиқатқа негізделіп, нақты ой арқалап тұрғанда ғана өтімді болмақ. Билер сөзінің қуаты осы шартты аңғаруына байланысты айқындалады.

Бабалар қалдырған осындай ізгілік іздерін сарапқа сала отырып, кейінгі замандарда қазағымыз тұтынып, ұстанып жүрген заңдарымыздың түп негізінен жоғарыда сөз болған жайларды тауып, тануға тырысатынымыз бар. Бұлай болатыны да заңды. Түбірлі тұғыры жоқ заңның қай-қайсысы да осал болатыны даусыз.

Осы тұрғыдан біздің Республика тарихында пайда болған бірнеше Конституцияны салғастыра қарасақ, әралуан жағдайды байқауға болады. Әдетте өркениетке ұмтылған елдің қай-қайсысының да өз Негізгі заңы болатыны сияқты Қазақстанның да автономиялық республика болған кезінде де, одақтас республика болған кезінде де өз Конституциясы түзілгені мәлім. Алғашқысы 1924 жылы, сосын 1936 жылғы сталиндік Конституция негізінде 1937 жылы одақтас республика Негізгі заңы қабылданды. Бұлардың бәрі 1936 жылғы Конституцияның икемделген көшірмесі болатын. Түзілген бұл заң негіздері бойынша одақтас республикалардың бостандығы шектеулі болғаны мәлім.

1978 жылы Одақтас Конституция негізінде қабылданған республикалық Конституциямыз да сол тоталитарлық тәртіптен алыс кете алмады. Ол да көшірме болды. Олар-

дың ішінде де егемендік деген сөздер айтылып қалатын, бірақ оның бір де бір нәтижесі болған жоқ.

Алланың бұйрығымен иманды жолдан таймай келе жатқан қарапайым қазақтың адал ниетіне сай ержүрек ата-бабаларымыздың рухы қолдаған елдің еңселі азаматтарының еселі еңбегінің нәтижеінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның тәуелсіздік таңы атты. Бұл бүкіл қазақстандықтармен бірге, қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің тәуелсіздігіне жету майданын бастап «Қазақ тілі» қоғамының маңына топтасқан тіл майданы күрескерлерінің де ұлы жеңісі еді. Өйткені бұл күрес сонау Алаш ардагерлерінің заманынан бері үздік-создық, тоқтап-тоқтап жүргізілгенмен, ғасыр бойына үзілмей келе жатқан күрес болатын. Бұл елдің де жеңісі, тілдің де жеңісі.

Ендігі міндет – тәуелсіздікті баянды ету. Мұндай бақытты халқымыз ғасырлар бойы аңсады. Күресті, қан төкті, тер төкті. Сол жолда сан алуан батырларымыз бен шешендер, билеріміз бен бағландар құрбан болды. Қан мен тердің төгілгені бекер болмады. Ата-бабалардың арманы орындалып, ұрпақтары тәуелсіздік туын желбіретті. Енді іргені мықтап, тәуелсіздік тұғырын бекіту үшін Еліміз өзінің негізгі заңын, яғни Конституциясын түзу шаруасына кірісті. Бұған ұлтын сүйген – заңгерлер, қазақ елін Отаным деп білетін ғалым азаматтар білек сыбана кірісті. Соның нәтижесінде 1995 жылы 30-тамызда Қазақстанның тәуелсіздігін барша әлемге айғақтаған Негізгі заң – Конституция қабылданды. Биыл бұл Заңның қабылданғанына 14 жыл толып отыр. Тарих өлшеміне салып қарағанда, азғана уақыт боп көрінгенмен, ғасырлық мағына сыйғызып тұрған бұл тарихи құжаттың ел үшін атқарып отырған қызметі ұшантеңіз. Мұны осы он төрт жылдық өмірдің өзі анық көрсетіп отыр.

Тәуелсіздік рәміздерінің арналы бір бөлігі тіл екені мәлім. Мұнысыз тәуелсіздіктің құны көк тиын.

Бұл Ата заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясының үш бабында анық та айқын жазылған.

Соларды тағы да назарға ала кеткеннің артықтығы жоқ деп білемін:

7-бап үш бөліктен тұрады.

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

19-бап.

Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

93-бап.

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес ҚР-ның барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

Бұл баптарды қайталап еске алуда үлкен мән бар. Біріншіден айтарымыз, іргелі ел есебінде өзінің Негізгі заңы – Конституцияның қабылдануы ұлы табыс. Белгілі бір тәртіпке бойұсынбаған елде тәрбие де, табыс та болмайды. Өзінің өмір сүру заңдылығын жүйелеген Қазақстанның бұл Конституциясы баптарына арқа сүйеген азаматтар қай жағдайда да өз құқығын қорғай алады.

Конституция қабылданар тұста жұртшылықпен бірге Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы белсенділері де араласып, өз пікірлерін ортаға салған еді. Қоғам Конституцияның барлық негізгі баптарын қуана құптай отырып, әсіресе мемлекеттік тілге байланысты баптарға өзінің пікірін ашық айтқан-тын. 7-баптың 1-ші абзацындағы «ҚР-дағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген тұжырымға жүрек жарыла қуандық. Өйткені Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы

тәуелсіздікке дейін де бірнеше жыл бойы телерадио, ақпарат құралдары арқылы республикамызда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болу қажеттілігін толассыз дәлелдеумен болды.

Қуана отырып, 7-ші баптың екінші сөйлеміне көңіл толмайтынын ашық айтып, жазған да едік. Себебі бұл екінші сөйлем осыған дейін жасалған еңбекті еш еткендей күйге түсіретін. Басқа бөліктерінің ешқайсысына күмәніміз жоқ. Конституция қабылданған кездегі жағдайдың өте күрделі болғанын білеміз. Сондықтан да амалсыз бармақ тістеледік те қойдық. Қазір тәуелсіздігіміздің іргесі беркіді. Экономика мен рухани өмірімізде елеулі табыстарға жетіп, әлемге әйгілі мемлекеттер қатарына қосылдық. Қазір Елбасымыз да алғашқы кезеңдегідей емес, бойын тіктеп, ойын мықтап, ел қамын тереңнен ойлайтын кемел басшы деңгейіне көтерілді. Бұрынғы жалтақтықтан арылып, елінің қамы үшін кесіп айтар сөзі бар, алыс болашақты болжай алатын көреген көзі бар кеменгерге айналды. Заман ағымын қалтқысыз байқақтап отырған көреген басшының негізгі Заңымызда кезінде амалсыз жіберіп алған әлгіндей келеңсіздіктерді көрмеуі мүмкін емес. Түбі мұның да түзетілер кезеңі жақындаған сияқты. Ләһим солай болғай!

Осындай жақсы ойда келе француздар Конституциясын негізге ала отырып жасалған бұл Негізгі заңымыздың, әсіресе тілге байланысты баптарының үкімет, жергілікті өкілдер, атқарушы органдар тарапынан орындала бермейтіні жігерді құм етеді. Мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің қолданыс жағдайы әлі күнге көңіл көншітпейді. Бұл Негізгі заңды өмір сүрудің бұлжымас заңына айналдыра алмай келе жатқан елдің сиқын танытса керек. Сондықтан тәуелсіз елдердің ешқайсысының Конституциясынан артық болмаса кем емес Ата Заңымызды қадіріне жете тұтыну әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы деп білген жөн.

«ЖАҢАРҒАН ҚОҒАМДАҒЫ – ЖАСАМПАЗ ТІЛ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ»

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті,
академик Өмірзақ Айтбайұлының екі
Құрылтай аралығындағы (IV-V Құрылтайлар)
атқарылған жұмыстар туралы есебі**

*Көкшетау қаласы
2011 жылғы 22 қыркүйек*

**Құрметті Құрылтай делегаттары мен қонақтары!
Құрметті Қанат Саудабайұлы!**

Ең алдымен, баршаңызды Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезекті V Құрылтайының ашылуымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Қоғамның Құрылтайы Жарғыға сәйкес әр бес жылда шақырылуы тиіс болатын. Алайда түрлі объективті, субъективті себептерге байланысты Құрылтай өткізудің сәті биыл келіп отыр. Осы орайда Құрылтай өткізетін өңірді Көкшетау қаласы деп белгілеп, тікелей қолдау білдірген Елбасыға ризашылығымызды білдірген орынды деп есептеймін.

Екі Құрылтай аралығында Қоғам Жарғылық мақсаттарына сай тиісті міндеттерін атқарып, тұрақты жұмыстар жүргізіп келеді. Осы кезең ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде орын алған ірі өзгерістер мен мәнді оқиғалардың белгілі дәрежеде Қоғам қызметіне де әсері тиді және Қоғам да бұлардан сырт қалған жоқ.

Өздеріңізге мәлім, есепті кезең ішінде елімізде екі рет Президенттік сайлау болды, Парламент депутаттары жаңарып, қайта сайланды, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті, биыл Ислам конференциясына төрағалық ету тізгінін қолымызға алып отырмыз, бүкілхалықтық халық санағы өтті, келесі он жылдыққа арналған тілдерді қолдану мен дамытуға арналған Мем-

лекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл ретте мен тек ауқымды шараларды ғана атадым. Мұның сыртында өтіп жатқан шаралар қаншама. Ал Қоғам қызметі – қоғамда жүріп жатқан құбылыстардың айнасы.

Сондықтан есепті кезеңде Қоғам тарапынан атқарылған, қолға алынған шаралардың мәнді деген бастыларына ғана тоқталып өтуді жөн көріп отырмын.

2005 жылы өткен ел Президенттігіне үміткерлердің мемлекеттік тілден біліктілігін анықтауға арналған сынақтың ұйымдастырылуы және Қоғам президентінің осы комиссияның төрағасы болуы тіліміздің әрі «Қазақ тілі» қоғамының мерейін үстем еткен елеулі оқиға болды деп айтуға негіз бар.

Мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге бағытталған келесі кадамдардың бірі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөнінде комиссияның құрылуы. Оған Премьер-министрдің өзі төрағалық етіп, жиі-жиі басқосулар өткізді. Қоғам басшысы осы комиссияның мүшесі ретінде тіліміздің қордаланған мәселелерін жоғары деңгейде көтеруге мүмкіндік алды. Атап айтқанда, осы комиссияның отырыстарында мынадай ұсыныстар берілді:

- Қазақстанның қазіргі жер-суларының, елді мекендерінің тарихи атауларын қайта қалпына келтіруге, қалалар мен елді мекендердегі көшелерді ресейлік, советтік атаулардан арылтып, қайта атауға байланысты істерді жүйеге келтіру тәртібін реттейтін арнайы нормативтік акті қабылдау;

- Павлодар мен Петропавл қалаларының атауларын Қазақ мемлекеттілігіне өлшеусіз еңбек сіңірген қос ханымыз – Абылай мен Кенесарының аттарымен атау;

- ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерін қазақ тілінің емле ережесіне сай ресімдеу мәселесін бір жүйеге түсіру;

- бірыңғай тәулік бойы тек қана қазақ тілінде хабар тарататын телеарна ашу;

- қазақ әліпбиін латын жазуына негіздеу жайын Елбасы бірнеше рет көтеріп, осы бағытта едәуір жұмыстар жасалған еді. Бірақ шүйіліп басталған іс сұйылып барып тынды.

Әйтсе де мемлекет қолға алмады екен деп қарапайым халық қарап жатқан жоқ. Халық ұялы телефондары арқылы СМС хабарларын латын әріптерімен жазуда, шетелдердегі қазақтармен электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу да латын әліпбиімен іске асырылуда. Бұл жерде әркім өз білгенінше жазып жүр. Латын жазуын елімізде ресми түрде енгізбесек те, жалпы халықтың қолайына сай Интернет желісінде пайдалануына арнап латын жазулы қазақ әліпбиін бекітіп бергеніміз жөн секілді. Бұл жаңа әліпбидің сынақтан өтуіне де жақсы болар еді;

- соңғы жылдары елімізде мемлекеттік тілге қатысты қаншама заң бұзу фактілері, сот процестері орын алды. Алайда бұл сот процестерінде дауды сот қалай шешсе, солай шешілді. Сот процесінің өзі мемлекеттік тіл бойынша қоғамда қандай проблемалардың бар екендігін көрсетеді. Бұған арнайы талдау жасалған жоқ. Сондықтан Жоғарғы сот осыны талдап, халыққа жеткізуі керек.

Сот процестері екі нәрсені көрсетіп отыр. Біріншіден, ол осы бағытта жұмыстың жүріп жатқанын көрсетсе, ал нашар жағы бұл ретте кедергілердің де бар екендігіне дәлел болады. Міне, осы мәселені Жоғарғы соттың өкілін шақыра отырып, бірге талқылау;

- «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын әзірлеп, Парламентке ұсыну;

- бұдан былайғы уақытта елімізге сырттан келетін компьютерлік бағдарлама өнімдерінің қазақша нұсқасының болуын міндеттеу.

Міне, осы ұсыныстардың бірқатары шешімін тапты, көпшілігі әлі ашық күйінде қалып отыр.

Сондай-ақ, Қоғам басшысы Қазақстан халық Ассамблеясының, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының, Мемлекеттік терминологиялық комитеттің мүшесі ретінде де аталған ұйымдардың іс-шаралары мен алқалы жиындарында қазақ тілінің мүддесін қорғап келеді.

Қоғам қызметінің елеулі бөлігін мемлекеттік тілдің проблемалық мәселелеріне тиісті уәкілетті органдардың назарын аударту, қоғамдық пікір қалыптастыруға ұйытқы

болуды жатқызуға болады. Осы орайда Қоғам есепті кезең ішінде Елбасыға, Мемлекеттік хатшыға, министрліктерге, қалалық, облыстық әкімдіктерге тұрақты түрде тіл тағдырынан туындайтын түрлі ұсыныстар беріп, бастамалар көтеріп келеді. Олар білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуына, діни ахуалға, мемлекеттік тілдің құқықтық негізін күшейтуге, ғылыми сипатын арттыруға бағытталған ұсыныстар болатын.

Солардың ішінде тоқталып өтуге болатын бір мәселе ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге байланысты ұсыныс. Мемлекеттік хатшы О. Әбдікәрімовке ҚР Премьер-министрі кеңсесі басшысының 2007 жылғы 1 ақпандағы №И-81 тапсырмасына сәйкес Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мемлекеттік органдардан құжаттарды мемлекеттік және орыс тілдерінде жіберу туралы тапсырма (12.02.07 ж. №18-2-3/1664) берілуіне байланысты, бұл нұсқаудың орынсыз екені дәлелденді. Соның негізінде тиісті шара қолданылып, аталған тапсырманың күші жойылуына қол жеткізілді.

Қазақ тілінің жайына жергілікті жерлердегі атқарушы билік өкілдерінің назарын аудару мақсатында Қоғамның бірнеше көшпелі мәжілістері ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Алматыда, Ақтөбеде, Оралда, Байқоңырда кеңейтілген көшпелі мәжілістер өткізіліп, онда тіл саясатынан туындайтын көкейкесті мәселелер ортаға салынды, тиісті орындардың қарауына ұсынылды.

2009 жылы Астана қаласында Қоғамның құрылғанына және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алғанына 20 жыл толуына орай «Қазіргі қоғам және мемлекеттік тіл» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференция материалдары арнайы жинақ болып жарық көрді. Бұл жинақ өздеріңізге таратылғандықтан, бұған арнайы тоқталмайын.

Қоғам қызметінің келесі бір бағыты – баспа өнімдерін шығарып, тарату жайы. Осы бағытта әу баста Қоғамның өз басылымы ретінде пайда болған «Ана тілі» газеті мемлекеттік тіл мәселесін түбегейлі насихаттап, тіл мүддесін түбегейлі

қаузап келеді, сондай-ақ Қоғам еларалық «Қазақ елі» газетін өз қамқорлығына алды, аталған басылым тіл мәселесін тұрақты жазып келеді. Сонымен бірге Қоғам тарапынан бірнеше кітаптар жарық көрді. «Аджип» компаниясының бес жылға арналған грантын жеңіп алып, қазақ тілін мұнай-газ саласына ендіруге байланысты ғылыми жұмыстар жүргізілуде.

Жасыратыны жоқ, Қоғамның Орталық кеңесі мен жергілікті ұйымдарының арасындағы байланыс бәсеңдеп қалды. Бірқатар облыстардағы ұйымдарымыздың жұмысы тоқтап тұр. Дегенмен түрлі қиындықтарға қарамастан, өз жұмыстарын тұрақты жүргізіп келе жатқан ұйымдардың ішінде Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстық және Байқоңыр қалалық ұйымын атауға болады. Биылғы жылы Қызылорда облыстық ұйымын жаңадан төраға сайлануына орай, бұл ұйымның да жұмысы жанданып келеді. Алдағы уақытта барлық облыстық, қалалық, аудандық ұйымдарымыздың жұмысын қайта қарап, жандандырып, жүйелі жолға түсіру қажет деп білеміз. Осыған байланысты Құрылтай делегаттарымен кеңесе отырып, Жарғыға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздеп отырмыз. Бүгін Жарғы туралы арнайы хабарлама назарларыңызға ұсынылады.

Қазір қоғам жанарды, адамдардың санасы өзгерді, құндылықтар түледі. Соған сай біздің де өз жұмысымызды өмір сұранысына орайластыра ұйымдастыруымыз қажеттігі айқын. Осы орайда сіздердің назарларыңызды алдағы міндеттеріміз, қолға алар шараларымыз туралы өз пайымдауларыма аударғанды жөн көріп отырмын.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының іс-әрекетін қайта електен өткізіп, ендігі кезектегі бағдары қандай болмақ, алдағы мақсаты мен міндеттері неден тұрады деген мәселелерді ортаға салып, ортақ байламға, бәтуалы пікірге келу орынды болар деп есептеймін. Әлбетте, біздің Жарғыда көзделген негізгі мақсатымыз, басты ұстанымдарымыз өзгеріссіз қалады. Дегенмен, уақыт ұсынған жаңа өзгерістер мен тың талаптарға орай біздің де өз қызметімізді

ұйымдастыру тәсілдерімізге тиісті өзгерістер енгізіп отыруымыз қажет.

Жалынды сөздер мен қан қыздырар ұрандар елдің санасына әсер ету үшін қажет-ақ. Бірақ бұлар маңызды істерге келгенде жарамайды. Бұл үшін нақты есепке құрылған әрекет қажет. Алға жетелер ыңғайлы, ырғақты, үйлесімді жүйе қажет.

Тіл – жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттің де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі, елдің мерейі. Мерейімізді асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл отбасынан бастау алады, Отан аясында дамиды. Отбасы – өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан. Бұл екі ұғым домбыраның қос ішегіндей тығыз бірлікте болуға тиіс. Отбасы мен Отанның мақсат мұраты үндессе, ісіміз береке табады, тіліміз қанат жаяды. Бастаушы болса да, қостаушы табылмаса, іс алға баса ма? Сондықтан осы екі ұстынның үйлесіміне қол жеткізу – біздің асыл мұратымыз болмақ.

«Қазақ тілі» қоғамын құрғанда біздің басты мақсатымыз – елдің санасын ояту деп шешкен едік. Өйткені кез келген амал, іс-әрекет санадан бастау алады. Адамдар санасында орныққан ұстанымдар мен құндылықтарға қарап бағдар анықтайды, таңдау жасайды. Елдің күнделікті өмірінде зат сатып алуы, білім алуы, той жасауы, отбасын құрауы, өмір салты, концертке баруы, т.б. толып жатқан әрекеттерінің барлығы сананың жемісі. Демек, сана адам қызметінің мәні мен маңызын, сипаты мен бағытын анықтайды. Адамның санасы қандай болса, оның әрекеті де сондай болады. Ал сананы кім қалыптастырады? Сананы мемлекеттік жүйе, қоғамдық қарым-қатынастар, ақпарат құралдары мен мәдени өнімдер қалыптастырады. Санада орныққан құндылықтар мен ұстанымдар адамның таңдауын және іс-әрекетін белгілейді.

Ал сананы өзгерту қиынның қиыны. Ол бір күнде өзгере салмайды. Оны күшпен не ақшамен ауыстыра алмайсыз. Адамдар мәжбүрліктен амалсыз келіскен сынай білдір-

генімен, іс жүзінде өз көзқарасында қала береді. Халық санасын түбегейлі жаңа жағдай ғана өзгертуге қабілетті. Ал мұндай жаңа ауанды жұртшылықтың жан-жүрегіне терең әсер етер, ақыл-есін баурап алар тың идеялар ғана қалыптастыра алады.

Сонымен, сананы өзгерту үшін оған қажетті ақпаратты ұтымды тәсілдермен сіңіру керек екен. Ақпарат көздеріне адамдарды қоршаған кеңістіктегі ақпараттар (жарнама, көрнекі құралдар, ақпараттық нұсқаулықтар, т.б.), көркем әдебиет, фильмдер, балабақша мен орта мектептер, бұқаралық ақпарат құралдары, ән-күй, ойындар, сән әлемі, интернет, байланыс құралдары т.б. жатады. Міне, осылардың көмегімен адам санасы біртіндеп қалыптасады. Аталған құралдар арқылы берілетін ақпараттың мазмұны мен тілі шешуші рөл атқарады. Қоғамдық пікір мен халық санасының қай деңгейде екенін білгіңіз келсе, жоғарыда келтірілген саланы талдап шығу жеткілікті.

Ал қазақ тілі осында сөз болған ақпараттық-мәдени сұранысты өтеп отыр ма? Орыс тіліндегі ақпараттық өнімдерге балама боларлық қазақ тілінде де интеллектуалдық өнімдер жасалды ма, жасалса олардың сапасы жұртшылық талғамынан шыға ма? Бұл орайда тұшымды, көңіл толтырарлық жауап беру қиын. Ашығын айтқанда, қазақ тілінде ғылыми-интеллектуалдық баспа өнімдерін жеткілікті деңгейде дайындауда кемшін тұстарымыз көп, осы мәселеге күш салған орынды болмақ.

Қоғам мүшелері елдің бас көтерер адамдарына қарап бой түзейді, зиялысына қарап ой түзейді. Қоғам түзелу үшін елдің осы бас адамдары түзелуі керек, өз іс-әрекетімен үлгі-өнеге болулары керек. Өзі жасамағанды өзгеден талап ету не тайыздық, не арсыздық. Атам қазақ «Ет сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеді» деп осындайда айтпай ма?

Қазақстан қоғамында қалыптасып отырған жағдай да еліміздің ақпараттық-мәдени кеңістігінде орын алып отырған жағдайдың тікелей көрінісі. Жасыратыны жоқ, Қазақстанның ақпараттық кеңістігі Ресейдің ықпалынан әлі арыла алмай келеді. Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына

дейін тәулік бойы мемлекеттік тілде хабар тарататын бір телеарна аша алмай отырмыз. Ал жуырда ғана ашылып, балаларға арнап қазақ тілінде хабар тарататын «Балапан» телеарнасы ақылы желі арқылы көрсетіледі. Оған бүкіл қазақ баласының қолы жете ме?! Әрине, жоқ. Болашағын ойлаған ел баладан бастаушы еді. Осы орайда біздің биліктің болашақты қалай елестететінін түсінбейсің.

Көшедегі көрнекі ақпарат пен жарымжан жарнама тілі жайлы айта-айта жақ талды. Кітап дүкендерінің тоқсан тоғыз пайызы Ресейдің өнімдерін таратады. Бұған Ресейдің газет-журналдары мен елімізде Қазақстан азаматтарының салығынан құралған бюджет қаражатына шығатын орыс тіліндегі баспа өнімдерін қосыңыз.

Осы кезге дейін Қазақстанда балаларға арнап бір де бір ойыншық, интеллектуалдық ойындар шығарылмапты. Тек соңғы кезде белгілі әншілер Қыдырәлі мен Қарақат қазақша сөйлейтін қазақы пішіндегі қуыршақ шығарды. Осындай жағдай орын алып отырғанда, қазақ қоғамы әлі күнге неге орысшыл, Ресейшіл деп қалай жазғырарсың? Балаларын орыс тіліндегі балабақшалар мен мектептерге береді деп қалай кінәларсың?

Сондықтан «Қазақ тілі» қоғамының азаматтары бұдан былай жұлынды, жүйе құрайтын тетіктерге назар аударып, соларды шешуге күш жұмсағаны абзал.

Еліміздің әр облысында қазақ тілінің бүгінгі қанат жаюы мен келешегіне атсалысар Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті ұйымдарының жұмысы бүгінгі таңда өз маңыздылығын байқатуда. Қоғамның республикамыздың барлық дерлік облыс орталықтарында және аудандарында құрылымдық бөлімшелерінің болуы мемлекеттік тіліміздің керегесін кеңейтудің бір көрінісі. Жергілікті жерлерде қазақ тілінің кең қанат жайып, аймақтардағы қазақ тіліне қатысты мәселелерді шешіп отыратын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің атқарар ісі мен көтерер жүгі жеңіл емес.

Ең алдымен мәселені «Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдауды талап етуден бастаған жөн. Осы кезге дейін

бұл заңның бірнеше нұсқасы дайындалып, Парламентке ұсынылғанымен, ол белгісіз себептермен кейінге ысырылып қалумен келеді. Енді бұған жол беруге болмайды. Осы заң қабылданса, соған сәйкес көптеген заңдарға мемлекеттік тілдің тынысын ашар өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге жол ашылатын еді. Бұл заң өзге тілдің меселін төмендету үшін емес, қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін қабылдануы керек. Сондықтан бұл заңды барынша жедел түрде қабылдауымыз керек. Қоғам мүшелерін, тілге жанашыр азаматтарды, халық қалаулыларын осы ұсынысты қолдауға шақырамын.

Елбасы халыққа биылғы Жолдауында: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады», – деді.

Бұл міндетті орындау үшін биылдан бастап бастауышқа баратын балалардың барлығы қазақ тілінде білім беретін мектепке бару қажет. Олай болмаған жағдайда, мұны орындау мүмкін емес. Білім министрлігі және оның жергілікті бөлімшелері Елбасының осы нақты тапсырмасын түсініп, тиісті шаралар қабылдар деп ойлаймыз. Ел Үкіметі Елбасының Жолдауларында қойылған міндеттердің орындалу барысы туралы Парламентте, сол секілді қоғам алдында жыл сайын есеп беріп тұрғаны жөн. «Қазақ тілі» қоғамы және оның жергілікті ұйымдары да осы қоғамдық қадағалау, қоғамдық талап ету, қоғамдық тыңдау шараларына баса назар аударғандары абзал.

Еліміздің білім заңына сәйкес баласының қай тілде білім алатынын ата-анасы таңдайды. Сондықтан ата-аналар саналылық танытар деп үміт етеміз. Қоғам мүшелерінің күш салатыны, көп болып қолға алар іс осы деп білеміз.

Сонымен бірге Қазақстандағы барлық балабақшалар мен бастауыш сыныптар тек қана қазақ тілінде болуы талап етілуі керек.

Білімнің көзі – оқулықта. Ал бізде қазақ тіліндегі оқулық мәселесі түбегейлі шешімін таппаған. Орта мектептер

оқулықпен қамтамасыз етілгенімен, жоғары оқу орындарында бұл жай ушығып тұр. Жоғары оқу орындары қауымдастығының мәліметінше, жоғары оқу орындарындағы қазақ тіліндегі оқулықтар 7-ақ пайызды құрайды. Бұл не сұмдық! Жаратылыстану саласын былай қойғанда, бұрыннан қазақ бөлімдері бар журналистика, филология, заң саласының студенттерінің өздері оқулыққа мұқтаж. Білім және ғылым министрлігі студенттерді тиісті оқулықпен қамтамасыз ете алмаса, жоғары оқу орындарына неге лицензия береді, неге осы мәселені талап етпейді? Жиырма жылдан бері қазақ тіліндегі оқулықпен қамтамасыз етуді жүйелі түрде шешуді неге қарастырмайды? Басқасын былай қойғанда, бұл адам құқығын бұзу емес пе? Студенттердің ата-аналары балалары үшін ауыздарынан жырып, ақысын төлейді, ал оқу орны оларды тиісті оқулықпен қамтамасыз етпейді. Сондықтан бұл ретте тұтынушы, қоғамның өзі де белсенді болып, өз құқықтарын талап еткендері жөн. Осыған Қоғам қайраткерлері де түрткі болса, көп жоғымыз түгенделіп қалар еді.

Мемлекеттік тіл мәселесінде Елбасымыздың бастамалары мен ұстанымдарының негізгі қолдаушыларының бірі ретінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алдына қойған мақсатының келесі кезеңі елімізде тіл мәдениетін көтеру болып отыр. Қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін барлық қазақстандықтар мен шетелдегі бауырларымыздың қазақ тіліне деген құрметін арттыру, қазақ тілінің табиғи қалпы мен оның мәдениетін сақтау – қоғамның күн тәртібіндегі шаралар.

Сондай-ақ, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бөлімшелерінің алдындағы үлкен міндеттердің бірі – аймақтарда қазақ тілінің дамуына, ел ішінде тіл мәдениетін көтеруге түрткі болу, сондай-ақ аймақтардағы жер-су атауларының тарихи атауларын жаңғырту болып табылады.

Қазір елімізде бұрын қалыптасқан баспа өнімдерін тарату жүйесі ыдыраған, қаламақы төлеу мәселесі шешілмеген. Осы тізбекті механизмнің үзілуі салдарынан шығармашылық адамдары өз кітаптарын шығаруда, таратуда,

лайықты ақысын алуда қиындықтарға ұшырасып жүр. Енді осы мәселені кім шешу керек? Мемлекетке ысырып, қарап отыра береміз бе? Бұлай болмайды. Ойластырып, іске кірісу керек. Кітап бизнесі – дамыған елдерде табыстың көзі. Бір ғана баспа өнімінің айналасында қаншама құрылымдар жұмыс істеп, пайда тауып отыр. Талантты автордың маңайында әдеби агенттер, менеджерлер, маркетингтер, аудармашылар, баспалар, баспаханалар, баспа өнімін тарататын компаниялар, кітап дүкендері, т.б. қаншама құрылымдар жұмыс істейді. Өз елінің нарығымен шектелмей, бүкіл әлемдік нарыққа шығуда.

Бұл ретте айтпағым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тармақталған жүйе құраушы ұйым ретінде өзінің негізгі жұмыстарымен бірге ұйымдастырушылық-коммерциялық шаруаларды да қаперден шығармағаны жөн деген ой. Бізде бәрі бар. Дарынды автор да, баспа да, қаржы да, оқырман да, нарық та бар. Тек солардың бір-бірімен байланысын үйлестіретін, жұмысын жолға қоятын жүйе, механизм жоқ. Қоғам жұмысының бір тармағын осы істер құраса, қоғамның өзін-өзі қаржыландыруының бір көзі осы болар еді.

Сондай-ақ, Қоғам мүшелерін анықтап, мүшелік жарна жүйесін қалыптастырумен түбегейлі айналысатын мезгіл жетті. Құдайға шүкір, қазір еліміз еңсе көтерді, экономика түзелді. Бизнесмендер қатары көбейді. Ендеше бұл мәселені жолға қоятын кезең осы. Қоғамды қаржыландырудың негізгі көзі осы.

Біз елдің, Қоғамның санасын өзгертеміз дейміз. Ал бірақ өз санамыз туралы ойланбаймыз. Мұны халқымыз «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» демей ме?! Сондықтан саналық өзгеріс сапалық өзгеріске бастайтынын ұмытпағанымыз жөн.

Қазір қоғам өзгерді, ел жаңарды. Жаңарған қоғамға жаңа сана қажет, жаңа идеялар қажет, жаңа бастамалар қажет, жаңа құрылым қажет. Уақыт – қатал сыншы әрі елекші. Уақыт сұранысын дөп басып қана қоймай, жаңа леп пен лек тудырушылар қалады да, оған ілесе алмағандар өз-өзінен сырылып қала береді. Біз осыдан сақтанайық, осыған қам қылайық.

Қоғам қызметінің нақты әрі жемісті болуы үшін осы Құрылтайдан соң арнайы жұмыс тобын құрып, мынадай маңызы бар екі құжатты қабылдауды ұсынамын.

1. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын дамыту тұжырымдамасы».

2. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 2012-2016 жылдарға арналған даму стратегиясы».

Бұл екі құжат Қоғамның келесі Құрылтайға дейінгі даму жолын нақты бейнелей алуы тиіс. Құжатта көрсетілген әрбір міндеттің соңында оның орындалу мерзімі мен нақты нәтижесінің көрсеткіші, жауаптылар анық көрініп тұруы дұрыс. Бұл біздің әрбір әрекетімізді бағдарлай алуымызға, соған сай шара қолдануымызға мүмкіндік береді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарымен салыстырғанда еліміздің этнодемографиялық ахуалының айтарлықтай өзгергені белгілі. Осыған орай **этнолингвистикалық карта** жасаудың өзектілігі айқын. Бұған еліміздің Статистикалық агенттігінің деректері көмек береді. Соңғы жалпыұлттық халық санағы деректері жіті талданып, соның негізінде Қазақстанның этнолингвистикалық картасын жасау және соған сәйкес іс-шаралар жүргізуге тиіспіз.

Қазіргі кезде елдің жағдайы едәуір жақсарып қалды. Халық санасы өзгерді. Нарықтық қарым-қатынастар нық орнықты. Соның тілін түсініп, шаруасын дөңгелентіп жүргендер жеткілікті. Кәсіпкерлеріміз де көбейіп келеді. Кәсіпкерліктің тек баюды ғана мақсат тұтпай, әлеуметтік жауапкершілігі де бар екенін түсінетін саналы азаматтарымыз да көрініп қалды. Ендігі кезекте осындай азаматтарымыздың санын арттыру, қайырымдылық жасау, ұлттық, елдік мәселелерге демеушілік, қайырымдылық көмек көрсету жасау мәдениетін кеңінен таратуымыз керек. Соның бір мысалы ретінде Өзбекстаннан келіп отырған бауырымыз Марс Марксұлын атауға болады. Бұл Өзбекстандағы қандастарымыздың ұлттық дәстүрлерімізді ұлықтайтын шараларға үнемі демеушілік жасап, азаматтық жасап жүр. Сол секілді осы Құрылтайымызға да демеушілік қолын созған азаматтар бар.

Сол сияқты 20-30 мың отбасына жетекші боп елге алып келіп, оларды тиімді кәсіпке жегіп, арнайы қала салған Қалыбеков Ибаділданың ісі көпке үлгі. Ол әлденеше қалада жылыжай орнатып, халықты түрлі көкөніспен қамтамасыз етіп отыр. Және оралман ағайынның бала-шағасын қазақша балабақшалар мен мектептерде тәрбиелеу ісімен де түбегейлі айналыса бастаған.

Солардың қатарында Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Б. Тұрғараев деген азаматты, Оңтүстік Қазақстаннан техника ғылымдарының докторы, ғалым әрі кәсіпкер Серікжан Сейітжанов деген азаматты ерекше ілтипатпен атап өткім келеді. Осындай азаматтарымыз еліміздің жер-жерінде баршылық. Бұлардың осындай елдік істері басқа да іскер азаматтарымызға жұғысты болса екен деп тілеймін.

Қоғам жұмысына жастарды тарту өте маңызды. Сондықтан Қоғамның жастар қанатын құру міндеті алдымызда тұр. Бұл ретте Ақтөбе облыстық филиалының оқушы жастар арасынан құрған «Жасұлан» оқушылар ұйымы үлгі боларлықтай.

Қоғамымыздағы ең түйткілді мәселенің бірі – дін жайы. Тілді қозғай отырып, діннен айналып өте алмаймыз. Өйткені дін – рухани дүниеміздің өзегі. Еліміз сыртқы қаржылық ресурстарға мұқтаж болған жылдары шетелдік инвестицияға жол ашып қана қойған жоқпыз, сонымен бірге шеттен келетін рухани дүниелерге де жүрегіміздің қақпасын ашып тастадық. Соның салдарынан азғана жылдың ішінде әлемде бар сектаның барлығы да Қазақстанға кіріп, емін-еркін қызметін өрістетті. Көп ұзамай-ақ, оның зиянды салдарларын көріп отырмыз. Бұған да қарсы қоятын қаруымыз болу керек. Ол өзіміздің ата-бабамыздан бері тұтынып келе жатқан төл дініміз – ислам дінінің өнегелі жолы. Бұл тұста Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жұмысын жандана түскені көңілде қанағат сезімін туындата түседі. Сонымен бірге дін ісін тағы да күшейте түсу қажет. Еліміздің барлық мешіттерінде жұма намазы-

ның уағыздары бірдей оқытылуы тиіс. Оның арнайы кестесі бекітіліп, имамдардың содан ауытқымауына қол жеткізген жөн.

Қоғамда құндылықтарды қайта бағалау үрдістері жүруде. Соған сай қазақ қоғамында бірнеше қатпарлы субмәдениеттер қалыптасты. Тіл саясатын жемісті жүргізу үшін осынау үдерістерді зерттеп, ғылыми негізде жүргізген орынды. Мәселе тек тіл мамандарына ғана тіреліп отырған жоқ. Сондықтан алдағы кезеңде түрлі сала мамандарынан арнайы топ құрып, олардың ішінде тілшілер, әдебиетшілер, тарихшылар, әлеуметтанушылар, заңгерлер, психологтар, философтар, дизайнерлер, мәдениеттанушылар, т.б. мамандардан жұмыс тобы жасақталып, ортақ кешенді зерттеу жүргізу керек. Соның нәтижесін негізге ала отырып, тіл саясатын іске асырсак, дұрыс болады.

Заңгер мамандардан жұмыс тобын құрып, «ҚР Тіл туралы» Заңына түсіндірме дайындалуы керек. Сөйтіп ол халық арасында жан-жақты насихатталғаны жөн. Бұл кітапша Қоғам мүшелеріне тегін таратылғаны жөн. Олар осы заң бойынша жүрген жерлерінде заң талабының орындалуын талап етеді. Заң бұзғандарды сотқа береді. Яғни қоғамдық тіл сақшысының рөлін атқарады. Қоғамдық қадағалаудың бір көрінісі осы болу керек.

Қазір мүмкіндіктер мол ашылған заман. Көзін тапқанға, істің ыңғайын білгенге – дүние жердің бетінде. Қаржылық қолдау көрсетпейді деп мемлекетке өкпе артуымыз орынсыз. Қоғамның барлық Құрылтайының өтуіне тікелей Елбасы және мемлекет қолдау көрсетіп келеді. Сонымен бірге Қоғамның III және IV құрылтайының өтуіне тікелей қолғабыс тигізіп, ана тілі алдында азаматтық танытқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті мүшесі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовты айрықша атауға міндеттімін. Қалған мәселені өзіміз реттеуіміз керек. Қоғамдық ұйымдарға арнап жыл сайын конкурстар жариялайды. Ұтымды ой, тиімді бастама болса, соны жеңіп алу, іске асыру мүмкіндігі көпшілікке берілген. Бірқатар облыстық ұйымдарымыз осы мүмкіндікті жақсы пайдалануда.

Айталық, биыл Қызылорда облыстық ұйымы осы грантты иеленді. Сол секілді Ақтөбе, Павлодар филиалдарымыз да жұмысын тиісінше жүргізуде. Павлодар облыстық филиалы «Ертіс дидары» интернет газетін шығарып отыр. Байқоңыр филиалының жұмысы да айтарлықтай. «Байқоңыр» журналын шығарып, ел алғысына бөленді.

Ендігі кезекте Қоғамның жұмыс жүргізу тәсілін, ұйымдық құрылымын түбегейлі қайта қарауымыз қажет. Сонымен бірге, Қоғамның қалалық, облыстық, аудандық филиалдары мен ұйымдарының, өкілдіктерінің құрылымы, жұмыс жүргізу жүйесі, қаржыландырылу жайы нақтылануы тиіс. Бұған заман талабына сай өзгеріс енгізбесе, қазіргі қалпында өміршең емес. Сондықтан филиалдар туралы ереженің жаңа нұсқасын дайындап, соған сай жергілікті ұйымдар жұмысын ұйымдастыруымыз қажет. Қысқасы, Қоғам заман талабына сай икемді, өзін-өзі қаржыландыра алатындай жағдайға жетуі тиіс. Бұл үшін төмендегідей бірқатар шараларды қолға алған орынды деп білемін:

- Қоғам қызметін жетілдіретін ішкі нормативтік-құқықтық актілер жасауға мән беру;

- Жарғыға сай Қоғамның орталық аппараты мен жергілікті ұйымдарында құрылымдық-ұйымдық өзгерістерді жүзеге асыру;

- Қоғамдық тіл сақшысының рөлін күшейту;

- Қоғамға мүше тарту, мүшелік жарна жинауды ретке келтіріп, мүшелер қызметінің белсенділігін арттыру;

- Қоғамның өзін-өзі қаржыландыру механизмін ойластыру;

- мемлекеттік тіл саясатының іске асырылу барысына мониторингті жүзеге асыру;

- мақсатты аудиторияны нақты айқындау, сегменттеу, соған сай жұмыс жүргізу.

Қымбатты бауырлар!

Құрметті Құрылтай қонақтары!

Байқасаңыздар, алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан-жылға күрделеніп келеді. Сондықтан еліміздің

тәуелсіздігін нығайту жолында халықтың және сіздер мен біздердің істеп жатқан шаруамыздың барлығы қазақ тілінің өрісінің кеңеюі, мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің баяндылығы үшін жасалуда. Осы жолда бәріміз елдің бізге деген сенімін ақтап, мақсаттарға жетеміз деп мен нық сенемін.

Ұлттың тұтастығы – тілдің тұтастығы. Біз алдағы уақытта да ұлттық құндылықтарымызды түгендеу, құрметтеу жолында ауызбіршілігімізден ажырамауымыз керек. Бірігіп атқарар әр алуан шараларымыз әлі де жетерлік. Осы орайда ойымды ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының төмендегі пікірлерімен тұжырымдамақпын: «Жұмыс қолға алып істесе бітпекші, жоқ артынан қалмай іздесе табылмақшы...

Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе, алға басады...».

Айтайын дегенім осы еді, ағайын!

Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

«АЛАШ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе, XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ сахарасында да Алаш ұранын көтеріп, мұқым қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді.

Бұл кез қазақ халқы тарихындағы ең бір талмау тұстардың бірі болатын. Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу мәселесі» таразыға

тартылған кез еді. Олай болатыны бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақтағы кетеуі кеткен бір кер заман-ды. Қазақ жеріне орыс мұжықтарын тобымен орналастыруға байланысты еркін көшіп-қонып жүру үрдісінің де тынысы тарыла бастады. Дәстүрлі ырғағынан айырылған тіршілік салтының кесірінен барша қазақ баласының бір-бірімен хат-хабар алмасуы мен өзара қарым-қатынасы да іркіліске душар болды. Қысқасы, осынау жағдайлардың барлығы қазақтың санасында саңылауы бар бас көтерер адамдарын ойландырмай қоймайтын мәселелер еді. Алаш-орда қозғалысы мен «Алаш» идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Жалаң сөз, жадағай ұранға баспай, бұл ойларын нақты іспен негіздеді. Ең алдымен, қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті ұлттың «көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырының бірі – қазақ тілінің мәселесі болатын. Бұлай болатыны, Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ұлттың ұлы ұстазы Ахаң бұл бағытта бос үгіт-насихатқа салынбай, нақты іске кірісіп, қазақ жогының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті.

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тір-

лік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

А. Байтұрсынұлы сол бір кездегі халқының мүшкіл халін көріп күйзеліп, оны өзге жұрттармен салыстырып, қараңғылықтан, надандықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу, білім деп табады да, өзінің бар күш-жігерін осы жолға жұмсайды.

Мектептерде оқу ана тілінде жүргізілуі үшін бұрын болмаған тың жол салынуы керек екенін Ахаң өте жақсы түсінеді. Осы мақсатпен ол қазақ балаларының өз тілінде сауат ашуына арнап, тұңғыш әліппені жазады. Оны «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынбор қаласында бастырып шығады.

Бұған дейінгі қолданылып келген «Букварь», «Самоучитель» дегендер қазақ балаларының сауатын орысша ашатын құрал болатын.

Сонымен, А. Байтұрсынұлының 1925 жылға дейін 7 рет басылған бұл «Оқу құралы» – қазақ халқын төте оқу жолымен жаппай сауаттандыруға арналған тұңғыш әліппе болып табылады.

Байқап отырсақ, бұл тұңғыш қазақ лингвисті өзінің алдына жүйелі мақсат, айқын бағдарлама қойып, сол бойынша өз бетінше жұмыс істеген тәрізді. Мәселен, оның бірінші мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, осыдан барып «Оқу құралы» пайда болды, содан кейін қазақ тілінің грамматикалық құрамын ана тілінде талдап беруді мақсат етеді де, «Тіл-құралды» жазады. Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты ойға қалады да «Тіл жұмсарды» ұсынады, оқытудың методикасын жасау мақсатында «Баяншыны» береді. Кезінде әлденеше басылуының өзі бұл еңбектердің зәрулігі мен бағасының қаншалықты дәрежеде болғанын аңғартса керек.

Ахаңның бұдан кейінгі маңызды ісінің бірі – қазақ жазуын жолға қоюы. «Айқап» журналының 1912 жылғы

9-12 сандарында жариялаған «Шаһзаман мырзаға», «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34 және содан әрі қарайғы сандарында басылған «Жазу мәселесі» деген мақалаларында ол қазақ жазуын бір жүйеге түсіруге түбегейлі кіріскенін байқатады. Ахаң қазақ жазуы дегенде әу бастан-ақ араб графикасына бейіл береді. Қазақ жазуын қалыптастырудың алғышарты ретінде: 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын алфавиттен алып тастауды; 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін «дәйекше» деген белгіні енгізуі; 3) қазақ тіліндегі **ы, е, и, о, ұ, ү** дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгіледі, **к, г** дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін білдіру үшін сөздің аяғынан дәйекше таңба қоюды ұсынады. Міне, осының арқасында қазақ тілінің алфавиті өз табиғатына қарай түзіліп, тіліміздегі сингармонизм заңына лайықталып жасалуының нәтижесінде қазақтың төл жазуы қалыптасты.

Біздіңше, бұл жазудың ең басты екі маңызын айта кеткен жөн сияқты: біріншіден, бүкіл қазақтың басын ұйыстырып, ұлттық жазу жүйесі бойынша жаппай сауат ашу шарасы жүргізілді. Осы арқылы ұлттық сана мен ұлттық мәдениетіміз арналы даму жолына түсті деп айта аламыз. Екіншіден, дендеп еніп бара жатқан орыстану саясатына кедергі қойылды. Осыдан былай қарай орыс тілінде, орыс әрпімен оқытылып келген мектептердің бәрінде өзіміздің ұлттық төл жазуымыз бел ала бастайды.

Алайда, Кеңес үкіметінің орнауы, Алаш ардагерлерінің шетінен қуғын-сүргінге ұшырап, атылып, айдалуы, «Алаш» идеясының толық іске асуына мүмкіндік бермеді. Дегенмен, Ахаң негізін қалап, қалыптастырған қазақ жазуы, қазақ тілінің ғылыми жүйесі сол арнамен өсіп, өрістеді.

Қазақ жастарының 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен бастау алған азаттық аңсаған ой-пікірі «Алаш» идеясының қайта жаңғыруына бірден-бір түрткі болды. Азаттық рухынан қуат алған бұл екпін толастамай, Алаш ардагерлерінің ақталып, шығармаларының халқымен қайта қауышуына алып келді. Бұл өз кезегінде 1989 жылы республикалық

«Қазақ тілі» қоғамының құрылуына тікелей негіз болды. Осы ретте сол тұстағы кезеңнің тынысынан хабар беру үшін «Қазақ тілі» қоғамын құруға тікелей бастамашы әрі тұңғыш президенті болған академик Әбдуали Қайдаровтың І құрылтайда жасаған баяндамасынан қысқаша үзінді келтіре кетуді жөн көріп отырмын. «Әділеттілік өріс алып келе жатқан бүгінгі таңда жұртшылық біршама игілікті істердің куәгері болып отыр. Қалың қауым «өлгені тіріліп, өшкені жанып», жеке басқа табыну кезінде жазықсыз жазаланған Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып сынды перзенттерімен араға жарты ғасыр салып қауышып отыр. Олардың ғылыми, әдеби, тарихи, тілдік бай мұрасы халқына қайтарылды. Асыл мен нәсіл жалғасы болып Ахмет Байтұрсыновтың қызы Шолпан апай мен Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр апайлар осы Құрылтайда құрметті қонақ болып отыр. Құрылатын Қоғам аталған ардагерлердің әдеби, мәдени, ғылыми мұрасын игеруді, уағыздаушы, рухани азық етуді мақсат етеді».

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы осы мақсатынан ешқашан тайған емес. Қоғамның басты мәселе етіп қолға алғаны – елдің тілге, ана тілімізге деген сенімін қайта тірілтіп, ұлттық сананы ояту болды. Әрине, мұның баспасөз құралынсыз шешілуі мүмкін емес. Алаш қайраткерлерінің жолымен Қоғам да өз ісін баспасөз құралын ашудан бастады. Қоғамның құрылтайшылығымен жарық көрген республикалық «Ана тілі» басылымы алғашқы санынан бастап тілге, дінге, ұлттық салт-дәстүрге қатысты материалдарды үзбей беріп келеді. Соның арқасында елдің ұлттық санасы оянды, марғаулықтан арылды. Салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырды. Халқымыз ата мұрасымен қайта қауышты.

Қоғам тиісті мекемелермен, ондағы ұлттық сана-сезімі жоғары жандармен бірлесе қимылдаудың арқасында жер-жерде көптеген мектептер мен балабақшалар ашылып, барлық аймақта ісқағаздары ене бастады.

Қоғамның содан кейінгі қолға алған маңызды шаруасының бірі – еліміздегі жер-су атауларының тарихи атауын

қайта қалпына келтіруге ықпал ету болды. Қоғамның жер-жердегі белсенді мүшелерінің арқасында қаншама тарихи атаулар қайта қалпына келтірілді. Десек те, бұл бағытта әлі де атқарылар шаруалар шаш етекпен. Сондықтан бұл мәселе Қоғамның назарынан ешуақыт тыс қалмақ емес.

Әлбетте, қоғамдық ұйымның қызмет ету ауқымы шектеулі. Тіл заңын іске асыру мен Мемлекеттік бағдарламаның қанат жаюын қадағалауға көп ретте Қоғамның қауқары жете бермейді. Қоғамның қызметі барысында тұралаудың әбден шегіне жеткен тілімізді бұдан былай ресми қамқорлыққа алмай қатарға қосудың қиындығына көз жетті. Сондықтан да Қоғам тиісті орындарға арнайы Тіл комитетін құрудың қажеттігін дәлелдеп, бұл ұсынысы нәтижелі болды. Оның қандай жеміс беріп отырғанына көпшілік куә.

Міне, мұның барлығы да бүгінгі қазақ қоғамындағы «Алаш» идеясының көріністері. Алайда Алаш арманы толықтай іске аса қойды деуге әлі ерте. Бұл бағытта тынбай әрекет ету беру қажет. Алаш идеясы әрбір қазақтың Темірқазығы болуы тиіс. Сонда ғана біз шын мәніндегі азат ел, дәулетті де сәулетті қазақ мемлекетіне қол жеткізе аламыз.

ТҰҒЫРЫНДА ТҰРСЫН ТІЛІМІЗ

Тіл бағдарламасы жобасын талқылаймыз

Тіл туралы осымен үшінші рет Мемлекеттік бағдарлама қабылданғалы отыр. Алдыңғы екі онжылдыққа арналған бағдарламаларда да көп нәрсе қамтылған болатын. Солардың бәрі толықтай орындалып, түбегейлі шешімін тапты деп айту қиын. Әрине, оның әртүрлі себептері бар екені рас. Қисын тұрғысынан келсек, жұртшылыққа ұсынылып отырған үшінші онжылдыққа арналған бағдарлама алдыңғыларының жалғасы болуы керек. Сабақтастықты сақтай отырып, өзінен бұрынғы бағдарламаларда қамтылмаған тың, жаңа нәрселерді де көтергені жөн. Алдағы онжылдықтағы мемлекеттік тіл саясатының барысын, іске асырылу жайын

белгілейтін маңызды құжат болғандықтан, бағдарлама жобасымен мұқият танысып шықтым. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының ұтымды, жағымды жақтары көп. Пішіні жағынан да, мазмұны жағынан да алдыңғы бағдарламаларға қарағанда ерекшеліктері бар. Тіл саясаты жөніндегі әлемдік тәжірибелердің зерттелгені, олардың қажетті тұстарының іріктеліп алынғаны байқалып тұр. Мұнда да бүкіл іс-шаралар легі әуелгі бағдарламаларға негіз болған үш арнаға тармақталған. Олар мемлекеттік тіл – қазақ тілінің рөлі, орыс тілінің мемлекеттік тілмен жарыса тең қолданылуын қамтамасыз ету және елдегі өзге ұлт өкілдерінің ана тілдерінің сақталуына жағдай жасау. Бұл қағида Ата Заңымыздан бастау алып, «Тіл туралы» Заңда көрініс тапқан еді. Бағдарламаларымыз да осы шеңберден шыға алмай тұр. Аталған көзқарастың белгілі бір тарихи кезеңде қажет болғандығы сөзсіз. Алайда өмір бір орында тұрмайды ғой. Соған сәйкес заман талабына орай көзқарастың да, қолға алар іс-шаралар мен амал-тәсілдердің де өзгеруі табиғи жағдай. Оның үстіне қазақтардың елдегі үлес салмағы да ресми мәліметтер бойынша 64 пайызға жетті. Бұған қазақ тілін меңгерген өзге ұлт өкілдері мен түрік тектес халықтарды қосыңыз. Сондықтан бұдан былайғы уақытта орыс тілін бөле-жарып көрсете беруіміздің қисыны қалай болар екен. Осы жәйтті жаңа бағдарламада ескеру керек.

Осы орайда есіме Елбасының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының екінші құрылтайында айтқан бір сөзі түсіп отыр. «Несіне жалтақтаймыз? Тек қана қазақ тілін қалдырмаймыз ба? Қашанғы күте береміз?» деп қызбаланғанымызда, Елбасы шешіле, көсіле сөйлеп: «Шыдау керек. Көпірден өтетін кезге көп қалған жоқ. Тағы бір жиырма жылда жағдай басқаша болады. Қазақтың саны елдің жетпіс пайызына жеткен кезде бәрі де өзгереді» деген болатын. Бұл 1992 жыл еді. Елбасы көреген екен. Айтқаны келді. Құдайға тәубе, жиырма жылда қазағымыздың саны жетпіс пайызға жуықтады. Бірақ жағдай өзгергенмен, сананың өзгеруі қиын екен. Заман өзгеріп, уақыт алға жылжыса да, атқамінер-

леріміз артқа қарайлауын қояр емес. Ескі дағдыға бой алдырып, әлі де орыс тілінің ықпалынан арыла алмай келеді.

Жоғарыда сабақтастықты сақтау туралы сөз қозғаған едім. Ұсынылып отырған бағдарламаның жетістіктері мен олқы тұстарын сөз етуден бұрын алдыңғы бағдарламаларға аз-кем тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Өйткені олардың басы-қасында болып, біраз жәйтке тікелей куә болған жайым бар еді.

Алғашқы бағдарлама 1990 жылы қабылданды. Ол «Қазақ тілін және Қазақ ССР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы» деп аталды. Қазақ КСР Министрлер Советі Президиумының 1990 жылғы 28 маусымдағы №14-IX шешімімен бекітілді. Сөйтіп осы бағдарламаны орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін «Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру жөніндегі Республикалық үйлестіру кеңесін құру көзделген еді. Сөзбұйдаға салынып, бұл кеңес құрылмай қалды. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бұл мәселені қайта-қайта көтеріп, табандылық танытуының нәтижесінде Тіл комитетінің құрылуына қол жеткізілді.

Бұл бағдарламаның кемістігі ол Кеңес өкіметі әлі тарамай тұрғанда әзірленген болатын. Соның өзінде ол талай үрдісті мәселені қамти алды. Бағдарлама бойынша барлық облыс 2000 жылға дейін ісқағаздарын қазақ тіліне толықтай көшіріп шығуға тиіс болатын. Олардың нақты мерзімдері көрсетіліп, арнайы кестесі дайындалған еді. Тиісті пәрмен де берілген болатын. Бірақ құндылықтардың өзгеріп, алмағайып замандардың басталуына байланысты көрсетілген көп дүние іске аспай қалды. Оның үстіне Министрлер кабинетінің сол кездегі төрағасы Ұ.Қарамановтың екі тармақтан тұратын қаулысы шықты да, жұрттың көңілін су сепкендей басты. Жұртшылықтың мемлекеттік тілге деген пікір ауаны өзгеріп шыға келді. Осы кезге дейін атқарған істеріміз зая кеткендей болды. Бұл бір елдің сеніміне селкеу түсірген жағымсыз жәйт болды.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы халықтық ұйым ретінде осы бағдарламаның іске асырылуына қоғамдық

қадағалаушы рөлін атқарды. Бұл қызметі бағдарламада арнайы көрсетілді. Соған сай Қоғам Қазақстанның жер-жерінде қызу жұмыс жүргізді. Қоғам мүшелерінің белсенді әрекетінің арқасында республика бойынша бүкіл облыс, қала деңгейінде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөнінде өздерінің жергілікті бағдарламалары жасалды. Біршама жүйелі жұмыстар атқарылды.

«Қазақ тілі» қоғамының «Тіл сарайын» салу туралы ұсынысы да бағдарламада көрініс тапты. Ол бойынша бағдарламада Қазақ ССР Жоспарлау комитетіне Алматыда «Тіл сарайы» ғылыми-мәдени кешенін салу туралы мәселе қарау тапсырылды, онда мыналар ашылып, жұмыс істеуі тиіс еді:

1990-2000 жылдары «Сөз өнері» халық университеті;

1991-1995 жылдары оқу-методика орталығы;

1990-1992 жылдары республика халқы үшін қазақ тілін және басқа тілдерді тұрақты оқытып-үйрету институты (облыс орталықтары мен қалаларда филиалдары болады);

1990-1991 жылдары қоғамның республикадағы тіл жағдайын лингвистикалық-социологиялық тұрғыдан зерттеуі үшін аппаратура сатып алу көзделеді;

1991-1993 жылдары шетелдік фирмаларды тарта отырып, Түркістан қаласында мәдени орталық ұйымдастыру белгіленді» делінген болатын. Қарап отырсақ, қазіргі таңда осылардың көпшілігі тап сол күйінде болмаса да, әртүрлі нысанда орындалды. Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің ыждағатымен «Тіл сарайын» салу идеясы іске асып, көпшіліктің кәдесіне жарап отыр. Серік Үмбетовтің бұл атқарған еңбегіне ризашылығымызды білдіре отырып, елге, жұртқа қажетті дүниелерді атқаруда аянып қалмайтын осындай қайраткер, отаншыл әкімдеріміздің қатары көбейе берсе екен деп тілейміз.

Түркістан қаласында ашылған Қазақ-Түрік университеті де мәдени өміріміздегі елеулі жаңалық деуге болады. Алғашқы бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының I бөлімі «Қазақ тілі» деп аталып, оның қолданылуы бойынша мынадай нақты шаралар белгіленген

еді. Онда: «Қазақ КСР-нің барлық мекемелерінде, кәсіпорындарында және ұйымдарында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қолданылуы қамтамасыз етілсін» делінген. Ал орыс тілі жайында «Ресми шаралардың материалдары мен оларда жасалатын баяндамалар, сөйленетін сөздер мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың актілері және басқа құжаттар қажет болған жағдайда орыс тіліне аударылуы жүзеге асырылсын».

Міне, осы екі бап әлі күнге өз деңгейінде орындалмай келеді. «Ресми құжаттардың қажет болған жағдайда орыс тіліне аударылсын» деген талабы өрескел бұрмалануда. Бізде құжаттың алдымен орыс тіліндегі нұсқасы даярланады да, ол қазақ тіліне аударылады. Бұл қазақ тілді мамандардың құқығын бұзуға алып келіп отыр. Шетелден келген қандастарымыздың да алдына көлденең жатып алған кедергі осы болды. Іс жүзінде бұл мүлдем керісінше болуы керек. Жиырма жыл өтсе де, біз осыған қол жеткізе алмай келеміз. Соның салдарынан біржақтылыққа ұрынып отырмыз. Орыс тілін қатар қолданудан арылу мүмкін болмаса, онда заң талабын ескеріп, кез келген құжаттың алдымен қазақ тілінде дайындалуын, содан кейін ресми құжаттардың қажет болғанда ғана аудармашының көмегімен орыс тіліне аударылуын міндеттейтін тәжірибені іске асыруымыз керек. Мұны жиналыстарға да пайдаланған жөн. Осы арқылы тіпті болмағанда қазақ тілін орыс тілінің қолданылу дәрежесіне дейін жеткізіп, шын мәніндегі қос тілділікке тырысайық. Бұлай болмаса, қазақ тілінің қосалқылық сипаттан арыла қоюы мүлде қиын.

Бағдарламадағы 2000 жылға дейін ісқағаздарын толықтай мемлекеттік тілге көшіреміз деген сөз қағаз жүзінде қалды.

2001-2010 жылдарға арналған екінші бағдарламада да 2010 жылға дейін бүкіл облыстардың толықтай ісқағаздарын жүргізуді қазақ тіліне көшіру міндеті белгіленген болатын. 2010 жыл аяқталып келеді. 2011 жыл қыр астында. Ал жағдайымыз бәрімізге белгілі. Осы жерде сұрақ туады. Елбасы қол қойған ресми құжатта көзделген бірқатар

шаралардың уақтылы орындалмауына кім жауап беруі керек? Осы кезге дейін «Тіл туралы» Заңы мен Мемлекеттік бағдарламада көзделген кейбір талаптардың орындалмағанына жауап берген жан баласын көрген жоқпыз. Талап болмаған соң, табанды іс те болмайтыны белгілі ғой. Сондықтан жаңа бағдарламада жауапкершілік жағына айрықша көңіл бөлінсе екен деймін. Бұларды тізбелеп айтып жатқаным, жақсымызды ешкім тартып әкете қоймас, кеміс тұстарымыз қағыс қалмасын деген ой.

Үшінші онжылдыққа арнап жасалып отырған бағдарламаның көптеген жақсы жақтары бар. Онда алға қойылып отырған міндеттер белгіленіп қана қоймай, соларды бағалаудың нақты индикативтік көрсеткіштерінің жасалуын жақсы нышан деп бағалауымыз керек. Дегенмен, бұл ретте жалаң статистикаға, құрғақ санға әуестеніп, сапаны ұмыт қалдырамыз ба деген де қауіп жоқ емес. Осы жағына абай болуымыз керек.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейту әрі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы мен өрісінің ұлғаюын қамтамасыз ету. Болашақта қазақ тілін жалпыұлттық, ортақ тілге айналдыру мақсаты тұрғанын біз де ашық айтуға тиіспіз.

Еліміздің экономикасы тұрақталып, әлеуметтік ахуалдың беті бері қараған қазіргідей жаңа кезеңде мемлекеттік тіл саясаты да жаңа пәрмен алуға тиіс. Оған жүйелі, кешенді тұрғыдан келуіміз керек. Бағдарламада мүмкіндігінше қазақ тілін кеңінен қолдану міндетке алынып, нақты тетіктерге баса назар аударылып отыр.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – әлемдегі үздік тәжірибелерді ескере отырып, заман талабына сай тілдік органы барынша қалыптастыруға күш салып, мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыру. Құжатта төрт мақсат белгіленген. Сол мақсаттардан туындайтын міндеттердің ішінде қоғамдық ұйымның жетекшісі ретінде менің көңіл аударғым келіп отырғаны – мемлекеттік тілді оқыту орталықтары

жүйесін дамыту міндеті. Оларды аккредиттеу мәселесінің ескерілгені. Демек, біз енді мемлекеттік тілді оқыту мәселесін кез келгеннің үлесіне салмай, тікелей мемлекеттік реттеуге алмақшымыз деген сөз. Бағдарламада қазақ тілін қай салада, қай ортада болсын, яғни халықаралық қарым-қатынаста, ақпараттық технологияларда, тіпті ойын-сауық саласында да, сондай-ақ ғылым, заң және жаңа технологиялар тілі ретінде дамытып, қолдануға да баса назар аударылып отыр. Біздің қоғамымызда, әсіресе жастар арасында, қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуға тиіс. Көбінде олай бола бермейді. Осы пиғылды өзгерту мақсатында бағдарламада мемлекеттік тілде сөйлеушінің жағымды бейнесін қалыптастыру мәселесіне баса назар аударылып, оны қоғамдық санаға орнықтыру мәселесінің көтеріліп отырғаны – қуантатын іс. Әсіресе, мемлекеттік тілдерді қолдану саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейту, көрнекі және жарнамалық ақпарат құралдарында қазіргі әдеби қазақ тілінің орынды қолданылуына бақылауды күшейту, тілдік ортаны қалыптастыруда БАҚ-тардың рөлін күшейту, шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне ана тілін оқып-үйренуде саяси дипломатиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсету бүгінгі бағдарламаның жетістігі болып табылады.

Түркі жазуына арналған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру біраз түрколог мамандардың үнемі айтып жүрген мәселесі болатын. Осы олқылықтың орнын толтыру да аталмыш бағдарламада көрсетілген.

Сондай-ақ осы уақытқа дейін басты назар мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға аударылғаны мәлім. Ендігі мәселе мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарды, референттік топтарды, мемлекеттік тілді меңгерген басқа ұлт өкілдерін, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, мемлекеттік тілді насихаттау жөніндегі оңтайлы шешімдер орталығын құруға бағыттталып отыр. Қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қызметі әр өңірде әртүрлі екені белгілі. Мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту мақсатында орталықтардың ак-

кредиттелген желісін құру мәселесі олардың қызметін бағалауды енгізу алғаш назарға алынып отырғаны да жөн. Сондай-ақ сынақ-біліктілік орталықтары желісін құрып, оқытушыларды аттестациядан өткізіп, олардың деңгейін анықтайтын сертификаттарды «Қазтест» жүйесі арқылы ұштастыру оңтайлы шешім деп білеміз.

Біздің көңілімізге кірбің түсірген нәрсе бұл бағдарламада да орыс тілі жарысып жүр. Орыс тілінің функциясын сақтау деген бапты түсінбедік. Қазақстанда қай кезде орыс тілінің функциясы төмендеп еді. Төмендемек тұрмақ, әлі күнге үстемдігін жоғалтпай, қазақ тілінің адымын аштырмай келе жатқан жоқ па? Біз тіпті қостілділікке, тілдер теңдестігіне жеткен жоқпыз. Екі тілділер тек қазақтар ғана. Екі тілді орысты тауып беріңізші маған. Жоқ. Олар тек бір ғана тілді. Олай болса, бағдарламада орыс тілін бөле-жарып көрсетіп, 2020 жылдарға қарай ел халқының орыс тілін меңгерген ересек тұрғындарының үлесін 90 пайызға жеткізу дегенімізге жол болсын. Шынтуайтына келгенде, Қазақстанда орыс тілі – диаспораның тілі емес пе? Оған айрықша мәртебе беру өзге диаспоралардың көңіліне келмей ме? Ендеше, мұны бағдарламадан басы бүтін алып тастау жөн бе деп есептейміз. Елбасының тілдердің үш тұғырлылығы жобасын дұрыс түсінеміз және елдің де оны дұрыс түсінгенін қалаймыз. Үш тұғырлылық тілдерді жарыстыру немесе теңдестіру емес. Әр тілді өзіне лайықты орнына қарай меңгеру және қолдану. Ал мемлекеттік тіл – қазақ тілінің орны бөлек, оның басым тіл екендігіне ешкімнің де дауы болмауы тиіс. Соңғы кездері ел тізгінін ұстаған ұлықтарымыз бен шенеуніктеріміз үш тұғырлы тілді желеу етіп, қазақ тілін шетке ығыстыра бастаған сыңайы ашық байқалып жүр. Бұған жол беруге болмайды. Таң атпайын десе де, Күн шыққанын қоймайды демекші, қазақ тілінің бел алып, барынша басымдық танытып келе жатқаны шындық. Бұл үрдісті енді ешкім де тоқтата алмайды. Сондықтан ел тізгінін ұстаған үлкенді-кішілі шенеуніктеріміздің, жекеменшік компаниялар мен кәсіпорындар басшыларының, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар жетекшілерінің

осынау үрдісті ескергендері, өз ұстанымдары мен бағыттарына тиісті түзетулер енгізгені жөн деп есептеймін.

Бағдарламада атқарылатын шараларға нақты жауаптылар анықталып, оған қоғамдық бақылау, қоғамдық тыңдау, қоғамдық қадағалау, қоғамдық сараптама жасау бойынша іргелі халықтық ұйым ретінде – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының орнын арнайы белгілесе, бағдарламаның өз деңгейінде іске асырылуына оң әсері тиер еді деп білеміз.

Қазіргі кезде «Нұр Отан» партиясы әрбір мекемеде жергілікті бақылау постарын орнатқанын білеміз. Осы орайда партия басқа мәселелермен бірге сол мекемедегі ісқағаздарының қазақ тілінде жүргізілуін де қоса қадағаласа, нұр үстіне нұр болар еді.

Ғылыми жұмыстарды қазақ тілінде қорғау жағы әлі де көңіл көншітпейді. Гуманитарлық салада болмаса, жаратылыстану саласындағы ғылыми қорғаулар негізінен орыс тілінде. Сондықтан бағдарламада ғылыми жұмыстарды қазақ тілінде қорғау бөлімі туралы да қамтылу керек. Осыны индикативтік көрсеткіштерге енгізген жөн.

Сонымен бірге, білім беру мекемелеріндегі аса зәру мәселенің бірі – қазақ тіліндегі сапалы оқулықтардың тапшылығы. Бағдарламада осы жағына да көңіл бөлу қажет. Қазақ тілінде оқулықтар жазуды, ғылыми зерттеулер жүргізуді ынталандыру тетіктері ойластырылғаны абзал.

Бір сөзбен айтқанда, бұл бағдарлама алдыңғы онжылдық бағдарламадағы қамтылмаған, іске асырылмаған шаралардың орнын толтыратын, жан-жақты қамтылған, мемлекеттік тілді сапалы және жетік меңгергендер қатарын арттыруға мүмкіндік беретін кешенді бағдарлама болады деп үміт артамын.

**МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДІҢ ҒЫЛЫМИ
КЕЛБЕТІ**



ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚАТЫСЫ

Терминологиялық жүйені мемлекеттік тілдің жонарқасы (Ә. Қайдар) ретінде әңгімелеудің жөні бар. Тілдердің өрелі бір биікке көтерілген, дамыған сәтінде бой көрсететін лексикалық қабаттардың тақылеті өте күрделі де қызық. Мұнысыз ешбір тілдің бүгінгі болмысын, болашағын болжау мүмкін емес. Әсіресе ғылым, білім, мәдениетке қатысты салалардың қай-қайсысында да термин сөзге мұқтаждық қатты сезіліп отыр.

XVIII ғ. француз Сенан де Мейанның «өзге тілде сөйлейтін ұлт біртіндеп өзінің төл болмысын жоғалтады» деген сөзі бар.

П.А. Симон дейтін тағы бір француз: «Тіл – әрбір ұлттың өзіндік төл болмысын білдіретін, тарихтағы орнын анықтайтын, өмірлік және шығармашылық қайталанбастығын паш ететін құрал, тіл – сол елдің тағдыры», – депті.

Бір кезде орыстың ұлы ойшылы А.Н. Толстой: «... біздің сөз сөйлеуіміз бен жазуымыз орысша болмай барады», – деп күйінген екен. Соның кері бізге де келгелі қашан. Мұның бастамасын сонау 20-30 жылдардағы рухани, мәдени таластартыстардан іздеу керек. Араб жазуын латынға, латын жазуын кириллицаға алмастыруда тілдің табиғи даму желісіне орасан зор зиян келгенін енді-енді байқай бастадық. Кезінде біздің бұл әрекеттер тіл дамуына қаншалықты нұқсан келтіретінін айтқан Ахмет Байтұрсынұлы сынды көрегендер пікіріне соңғы елу-алпыс жыл бойы құлақ аспай келдік емес пе?

Бұл, әсіресе қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру барысындағы әрекеттерден айқынырақ аңғарылды.

Біз діттеп отырған мәселелер туралы негізгі ойымызға көшпес бұрын мемлекеттік тіл мен термин және терминология деген ұғымдарға сәл тоқтап, түсініктеме бере кеткен жөн. Неге десеңіз, терминдік ұғымдар қауызына нені сыйғызып, нені жатқызудың мәнісін біле бермейтін және мем-

лекеттік тілдің қызметі қандай болу керек дегеннен хабары шамалы жандар бар.

Мемлекеттік тіл туралы әңгіме жай еріккендіктен шыққан нәрсе емес. Ол әбден шегіне жетіп, шиыршық ата, енді болмаса жарылғалы тұрған мәселе болатын. Бұл, ең алдымен, әбден тынысы тарылып, құрып біткелі тұрған тілді аман сақтап қалудың амалы еді. Қазақстан сияқты алып елдің ұйтқы-тірегі болып отырған негізгі ұлттың тілін мемлекет қамқорлығына алып, оның өзінің заңды даму арналарын айқындап беру дегендік болатын. Яғни қазақ тілінің өмірге қажеттілігін, ең алдымен өзімізге-өзіміз дәлелдеуіміз керек болды.

Бірақ ешбір талас тудырмауға тиісті осы мәселенің төңірегінде күні бүгінге дейін қаншама дау-дамайлар өрбітіліп, сөзбұйдаға салынып келеді.

Мемлекеттік тіл деген ұғым туралы энциклопедиялық сөздіктерде (Сов. энц. словарь. М., 1980) мынадай анықтама беріледі. Түпнұсқаны дәл жеткізу үшін орысшасын келтірейін: «Государственный язык – объявленный обязательным для ведения документации в госучреждениях, преподавания в школах и т.п.». Мұнда айтылмай ұғынылатын мәселелер тағы сол сияқтының ішіне енгізілген болу керек. Сол себеппен бұған біз **ҒЫЛЫМ ТІЛІ** деген бір тармақты арнайы қосар едік. Өйткені мемлекеттік тіл ауқымының бұл т.б. қатарында емес, оның негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде өз алдына дербес сала болып еруге тиіс. Осыдан келіп шығатын бір түйін, тілді мемлекеттік деп жариялағанымен, ол тілде ғылыми ізденістер жүргізілмейтін болса, ол ғылым тілі ретінде қалыптаса қоймаған болса, онда оның әлі мемлекеттік тіл болып жарытпағаны.

Белгілі бір тілде жүйені қалыптастыру тіпті де оңай шаруа емес. Әсіресе ғылыми әлемі әрідегі жалғастығынан үзіліп қалып, соңғы 70 жыл бойы өзге ірі тілдің ықпалында болып келе жатқан қазақ тілі сияқты тілдің терминологиялық қабатын қатарға қосу тіпті қиын болды.

Егемендік еркіндік бергелі тіліміздің осы бір орасан зор арнасында алапат әрекеттер болып жатыр. Орны толмас

олкылықтар есесін қайтсек қайырамыз деп қаламын оңды-солды сілтеп, жөні келсін-келмесін жаңа сөздер мен жаңа қолданыстарды бұрқыратып жатқан қазақ журналистерінің тегеурінді әрекетіне үрке қараушылар көп. Бір ғасырға таяу уақыт бойы өз тіліміздің өзегін қуалап, оның іске жарата алсақ, өлшеусіз мол мүмкіндігі мен байлығын жарыққа шығарудың орнына оны тұмшалап, тұншықтырып, ұмыттырып, интертерминдер мен русизмге еміне ұмтыла дағдыланып, қасаңдана қалыптасып қалған ағайынның көбіне кеш те болса көрініс бере бастаған терминжасам процесіндегі әлгіндей әрекеттер оғаш көрінетіні хақ.

Өзің терминолог болған соң, бұл жөніндегі пікірталасынан қалыс қала алмайсың. Жұрт қалыс қалдырмайды да. Осыған орай бір оқиға ойымнан әлі күнге кетпейді. Олай дейтінім, осы жақында ғана болған бір сәткі әңгіме естен шықпай қойды. Тау жақтағы үйден түскі үзілістен соң қызметке кетіп бара жатқан бетім еді. Аялдамада бір топ адам арасында тұрған ақ шашты ағаны көзім шалып қалды да, көлігімді тежедім, тоқтадым. Бұл кісі бір кезде бізге дәріс оқыған адам еді. Сауатты, білімді ұстаз болатын. Арбаға отырғаны сол, амандықтан соң: «Тілді неге бүлдіріп жатырсыңдар, интертерминде не шаруаларың бар? Бұл сұмдық қой. Әбден қалыптасып, сіңіп кеткен атауларды қайта көңірсітіп, қайдағы жоқ бірденелерді тықпалаумен қазақ тілін көгертпейміз, қойындар мұндай көтензорлықты!» – деп екіленіп, бастырмалатып әкетпесі бар ма. Бар «пәлеге» жауапкер мендей-ақ, менің бір нәрсе деп жауаптасуыма мүмкіндік берген жоқ. Сол «өзімдікі дұрыс» деген күйі бір шаруаны қатырдым дегендей болып дйттеген жерінен түсті де қалды. Ештеңе деп пікірталасына кіре алмадым. Тіпті тыңдағысы келген ол кісі жоқ. Сонымен өз ойыммен өзім әлек болып, кете бардым. Ал бұл шынында көптеген ой-пікірдің саралануын тілейтін өте өзекті проблеманың бірі.

Осыдан көп ұзамай-ақ, Алматы санаторийіне келіп жайғастық. Мұнда бұрынғысы, қазіргісі бар қазақтың бір деген көзі ашық, көңілі сара жайсаңдары жиналатын әдеті, сондай

бір сыйлы азамат ағамызбен шүйіркелесіп, аман-есендік сұрасып, жаңалық атаулының біразын жібергенбіз. Бір мезет, әлгі кісі «осы сендердің «Ана тілдерің» (газетті айтып тұр) ылғи бір жаңа атауларды беріп, елдің басын қатырып барады. Онысы несі, дұрыс емес қой. Тоқтатпайсындар ма? Мұндай әрекеттеріңмен жұртты тілден безіндіресіндер ғой, әсіресе әлгі 40% деп жүрген өз қандастарымызды. Әбден етене боп сіңісіп, өзіміздікі болып кеткен сөздерді сол күйінде қалдырған жөн...» т.б. ойларын топ адамның ішінде, дәрігерге кезекте тұрғанда бастырмалатып жібергені. Өзі сыйлас, жасы үлкен аға ойындағысын айтты да тастады. Жөпелдемде, ат жалы, атан қомында ем-дом кезінде тұрғанда не айтып үлгересің.

Ал жалпы айтып тұрғаны елдің бәрін алаңдатып отырған өте күрделі мәселе.

Мұндай пікірдегі адамдар қатары баршылық. Бұларды түсінуге әбден болады. Тілге, елге, жерге жаны ауырып, солардың жағдайы қайтсе жақсарар деп жүрген жандар бұлар. Әйтсе де, бала күнімізде қариялардан естіген «оқу өтіп кеткен» дейтін сөз осындайда еріксіз ойға оралады. Неге десеңіз, әлгі ел қадірлейтін ағалардың өмір бойғы алған тағылым-тәрбиесі, өмірлік тәрбиесі қазақ тілінің әлемдегі ұлы тілдер қатарын толықтыратын орасан зор байлығы, жаратылмай жатқан ішкі қуаты бөлек тіл екеніне бейіл қойып қарауға мұршасы болмаған. Міне, сол дерт сүтпен бірге сүйекке де сіңе жаздаған кеңестік ілім түсінігі әлі күнге өз тіліне перзенттік сүйіспенділікпен үңілуге жібермей тұр. Тәрбиенің өтіп кеткендігі соншама, орайы, жөні, қисыны дөп келіп тұрған қазақы баламалардың (құжат, жарғы, бағдарлама, ұшақ, т.б.) өзін құбыжық көріп, тіпті мұны әлемдік мәдениеттен алшақтау деп түсіндіргісі келетіндер де жоқ емес. Қазір тіл қолданыста жүріп жатқан әр алуан құбылыстар мен үрдістерге өз әлімізше саралап, талдамас бұрын бір нәрсенің басы ашық екенін айту лазым. Ол – қоғамдық өмірде болып жатқан ұлан-асыр оқиғалар болмысына орай, тілімізде де күрделі құбылыстардың болып жатқаны. Бұл ақиқат. Енді шама-шарқымызша осыларға

талдау жасап көрелік. Мәселе түсінікті бола түсу үшін ептеп тарихқа да, сондай-ақ термин дегенді қалай түсіну керек, терминжасам принциптері туралы әңгімеге де барған жөн тәрізді.

Жалпы қай ел, қай халық тарихын сүзсеңіз де, бір нәрсенің басы ашық екеніне көз жетеді. Өзін құрмет тұтатын ұлт қашанда өз тілі қызметінің жан-жақты болуын қамдастырады екен. Әсіресе, Еуропа елдері бұл мәселеге өте мұқият.

Бір кезде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев тәрізді қазақ зиялыларының бәрі де сөзжасамның әр алуан түрлеріне мән берген. Реті келгенде өздері де түрлі ұғымдардың баламасын іздеп, үлгілерін ұсынып отырған. Мысалы, С. Сейфуллиннің «ат ойын үйі» (цирк), І. Жансүгіровтың «думан жүріс» (демонстрация), «табантемір» (рельс), Ғ. Мүсіреповтың «кұлақша қағазы» (этикетка), М. Мағауиннің «оятар» (будильник), Ә. Кекілбаевтың «Қар ханшайым» (Снегурочка), Қ. Қараманұлының «күнпарағы» (настольный календарь), О. Сәрсенбаевтың «тесіккөзі» (глазок в дверях), Қ. Ысқақовтың «түнемелқабы» (спальный мешок), Ә. Таразидың «күналқысы» (беседка) т.б. осындай ізденістер айғағы.

Жаңа сөз дегеніміз не? Осы ұғымның өзін анықтап алу керек. Әдетте анау пәлен жаңа сөз жасады, мынау түген деген тәрізді пікір ерсілі-қарсылы айтылып жатады. Ал шындығына келсек, жаңадан сөз жасау дегеніңіз шартты ұғым. Сөздер жаңадан жасалмайды. Ол өзгеше өң алып, өзіне қосымша мағына жүктеп, жаңаша қолданысқа түсуі мүмкін немесе өзге тілден кірме сөз ретінде енуі, қабылдануы мүмкін. Негізінде әлгі ұғым осыған орай туған. Бұл тұста әрбір қаламгердің сөз жарату қабілет-қарымына қарай бірінде бар, бірінде аз, бірінде көп кездесе береді. Жалпы жаңалық дейтіннің бәрі көктен түсетін нәрсе емес. Оның бәрі бұрыннан тілде бар сөздер негізінде жасалады. Ғалымдардың (Ә. Қайдар) айтуынша, бұлар бұрын бар сөздер негізінде жасалатын лексика-семантикалық және аналитикалық комбинациялар, «жаңа қолданыстар». Солардың кейбір үлгі-

лерін, яғни модельдерін көрсетелік. Мысалы, қазақ тілінде ежелден қолданып келе жатқан *қаһарман, атарман, шабарман, өлермен* деген сөздер бар. Міне, осылардың негізінде *көрермен, оқырман, тыңдарман* (слушатель) пайда болды. Сонда бұл жерде бір кезде өнімсіздеу қосымшалардың қатарында аталатын *-ман, -мен* сөзжасам процесінде қайта жандана бастағанын көреміз.

Сондай-ақ,

-ым, -ім: *басыл-ым, қойыл-ым, айнал-ым, сұран-ым, жайыл-ым, кешір-ім, келіс-ім, шеш-ім, тұжыры-ым-дар;*

-дама, -деме, (тұжырымдама негізінде): *мақсатнама, мұратнама баяндама, мазмұндама, мінездеме, кепілдеме* (хабарлама негізінде);

-ыс, -іс: *айналыс, көрініс, беріліс, сұраныс, тапсырыс, байланыс, жеңіс, жиналыс, жарылыс* негізінде жасалып отыр.

Сөзжасамның тағы бір түрі – қолданыстағы сөздерге қосымша, үстеме қызмет беруден байқалды. Мұны семантикалық жүктеме деуге де болады. Мәселен, кейінгі кезде жиі қолданыла бастаған «зейнеткер», «зейнетақы» деген сөздер қайдан шықты. Бұл пенсионер, пенсия деген терминдердің баламасы ретінде алынған, өзімізге ертеден етене таныс, тіпті «Бейнет, бейнет түбі – зейнет» деген мақалға да сіңген байырғы сөздер. Мұның түп-төркінін іздейтін болсақ, әріге араб, парсы тілдеріне тереңдейміз. Н. Оңдасынов, Е. Бекмаханбетов, Л. Рүстемов сөздіктеріне үнілсек *зейнет* сөзінің мағынасы рахат (наслаждение, блаженство) дегенді білдіреді екен. Ал «қаріп-қасерлерге берілетін жәрдем, төлем» деген мағынаны беретін латын сөзі – *пенсия*, әрине, рахаттан алшақтау. Алайда еңбек етіп бейнеттенген адамның зейнетін көруі ақиқат екені жұртқа аян. Пенсияға дөп келетін балама іздеу барысында зейнеттің осы бір мағынасын қатты ұстанып, *зейнетақы* (жәрдемақы ғой бір қарағанда) деген нақты термин жасалған. Осындай ізденістер мен әрекеттер нәтижесінде талай сөздеріміз терминдік мәнге көшкені мәлім.

Терминжасам мәселесінде қазақ тілінің мүмкіндігін пайдаланудың тағы бір жолы – калькалау тәсілінен көрінеді. Мұның ғылыми әлемде төрт түрі белгілі. Біздің материалымызда да сол қалыптасқан қағидаға итермелейді. Соны еске алсақ:

1) **Лексикалық калька**, немесе мұны кейде балама-калькалар деп жүрміз: *екіпінді* – ударник, *кеңес* – совет, *жарыс* – соревнование, *шарт* – договор.

2) **Мағыналық калька**, яғни түп сөздің негізгі мағынасын беру: *қызыл бұрыш* – красный уголок, *еңбеккүн* – трудодень, *қайта құру* – перестройка, *маскүнем елесі* – белая горячка, *денеқызуы* – температура.

3) **Морфологиялық калька**: *таптастыру* – классификация, *келісім* – соглашение, *қарынша* – желудочек.

4) **Аналитикалық калька**: *бейнежазба* – видеозапись, *агроөнеркәсіп* – агропромышленность, *радиоқабылдағыш* – радиоприемник, *бейнетаспа* – видеолента, *шағынаудан* – микрорайон. Мұның бәрі терминденуге бейім тұрған өз байлығымызды сарқа пайдалану принципіне жатады.

Әңгіме терминжасам принципіне ойысқан соң мына мәселелерді де қаузап кетуге тура келеді.

Мәселен, туыс түркі тілдерінен сөз алу принципі жөнінде. Бұл күні бүгінге дейін еленбей, ескерілмей келе жатқан туыс тілдер үшін аса қажет принциптердің бірі. Ойлап қарасақ, өзара туыс отыз шақты түркі тілі, егер бір-бірімен қатынасын үзбей, бірінің сөздік қорына екіншісі үңіліп отырған болса, әсіресе терминологиялық жүйені түзер тұста, өзінде жоқтың көбін өзді-өзінен тапқан болар еді. Біздің білетініміз, осылайша жақындаса түсудің орнына, алшақтай берген, аластай берген. Бұл ненің салдары екені зиялы қауымға аян.

Түркі тілдері үшін мұндай жатбауырлық тарихи қасиетке айналып кете жаздағаны мәлім. Бірінде жоқты бірінен алып өзара байи, сөйтіп біртіндеп жақындаса, жанаса түсудің орнына туыстығы әлдеқайда алшақ тілдерден интернационалдық терминдерді еншілеумен өзінің табиғи болмысынан айырылып қала жаздады емес пе?!

Егер, әу бастан-ақ терминологиялық жүйе осы ыңғайда қалыптасқанда, туыс тілдер үшін ортақ принциптерді айқындауға болатын еді деп ойлаймыз. Сонда да терминологияда ортақтық сипат бар деп есептеледі. Бірақ бұл ортақтықтың бұл тілдердің ішкі табиғатынан емес, сырттан келтірілген ортақтық. Яғни терминологиялық принциптер тек орыс және интернационалдық терминдерден байқалады. Сөйтіп орыс тілі арқылы таралған термин сөздерді әр тіл өзінше алып жатты. Ал ұлттық, туыстық негіздегі ортақ принцип жөнінде ешкімнің жұмысы болған жоқ.

Әйтсе де ғылым тілін қалыптастыру мәселесінде туыс тілдер ғалымдарының арақидік бас қосып, ой-пікірін ортаға салып отыруына болар еді. Мұндай әрекеттер болды да. Бірақ, бір өкініштісі, мұндай жиындар болуын болғанмен, пікір шындығы ылғи да белең ала қоймаған. Көбінің батылы бармаған, барғандарының басы кеткен, қалғандары бұғып қалған. Құдайға шүкір, енді бұрынғымыздың бәрін дерлік әділеттің көзімен биік саналылық, біліктілік тұрғысынан қарастыра қайта қарар күн туды.

Өзара тәжірибе алмасу, тіл байлығымызға үнілудің пайдадан басқа зияны жоқ. Әсіресе терминология саласында ортақтасар ойлар жеткілікті.

Түркі тілдері қаншама жеке-дара дамып келді десек те, байырғы ортақ түбірлер (Ә. Қайдар) сақталып қалған. Бұлар бәріне бірдей ортақ байлық. Міне, осы негіздің өзі-ақ терминологтарға мол материал бермей ме?! Сонымен бірге жазуы ертерек дамыған тілдерде терминдік жүйенің де ертерек қалыптасқаны мәлім. Біздің бұл заңдылықпен де есептеспеуге хақымыз жоқ. Тағы бір ескеретін нәрсе мынау. Түркі тілдері бұрынғы Одақтың барлық тілдері сияқты едәуір дамыды. Осы жеке-жеке даму, өзінше өріс табу барысында, өзінше тәжірибе арттырды. Бұл процестің жүруінде бірінен-бірі артық-кем түсіп жататын тұстары болады. Міне, сондықтан да бұл туыс тілдердің бір-біріне үнемі үңіліп, тәжірибе алмасып отыру қажет. Даму дегеніңіздің де (яғни ілгерілеу), ортақтастық дегеніңіздің де бір сыры сонда ашылады.

Мысалы, қазақ тілінен де, басқа тілдерден де алынар үлгі жоқ емес. Тағдырлас, елдер тілдері тарихи орналасу тағдырына орай әр қилы заңдылықтармен дамиды. Қазақстан жағдайында біздің тілімізге әуелгі кезде көптеген орыс интернационалдық терминдер енді. Осы жағдайды бір кезде Қытай қазақтары да қабылдап, тілге ендірген еді. Ал қазір олар керісінше әлгі терминдердің көбін аластап, оның орнына қытай (ханзу) тілінен сөз алу принципіне көше бастаған сыңайлы. Сонымен бірге олар барлық терминді аударып алып отырған қытай тілінің үлгісімен, көптеген терминдерді калькалау жолымен аударып алған. Мысалы, *уналғы* (видеомагнитофон), *сыналғы* (видеокамера), *мұзсандық* (морозильник), *шаңалғы* (пылесос). Бұл терминжасамның өнімді тәсіліне айналған тәрізді. Мұндай үлгіні қабылдауға болады. Мұндай әрекеттер бізде де белең ала бастады.

Орыс тілінің ықпалына ешқашан душар болмаған Түркия түріктерінің сөзжасам тәжірибелерінде де үлгі алар үрдіс бар. Бұлар қайсыбір терминдерді жасау, қабылдауда бірен-саран (лагер – камп, ракета – фишек, жәрмеңке – фуар, щетка – фирча) Еуропа тілдерінің элементтері кездескенмен, негізінен өз тілінің байлығын қамтуға қатты көңіл бөлінетін тәрізді. Мысалы, түріктер аэропортты *хавааланы*, самолетті *учақ*, спонсорды *сөзжу*, магнитофонды *касетсалар*, компьютерді *білгісалар*, президентті *жумхурбақаны*, премьер-министрді *башибақан*, парламентті *мәжіліс*, мороженыйды *дондурма*, автомашинаны *араба*, транспорты *ұластырма*, студентті *өргенчі*, масштабты *өлчу* деп алған.

Қазақ тілінде *университет*, *экономика*, *факультет*, *теория*, *спорт*, *кадр*, *музей*, *физика* деп қабылданған интертерминдер, түрікше де ауызекі тілдегі айтылу ыңғайы сақталып, ықшамданып алынған екен: *факультете*, *университе*, *теориш*, *экономи*, *спор*, *физик*, *музе*, *кадро* т.б. Ал аударылып алынған *мәдениет*, *дүкен* деген тәрізділер түрікше аударылмай, әлгіндегідей ықшамды түрге көшкен (*култур*, *магаза*). Ал көптеген интертерминдер екі тілде екі түрлі аударылған. Мысалы: выставка – түр. *сергі*, қаз. *көрме*; Верховный Совет – түр. *даныштай*, қаз. *Жоғарғы*

Кеңес; Верховный суд – түр. *яргытай*, қаз. *Жоғарғы сот*; независимость – түр. *бақымсыздық*, Қаз. *тәуелсіздік*; космос: түр. *озай*, қаз. *ғарыш*; промышленность – түр. *іслетме*, қаз. *кәсіпорын* т.б.

Екі ел арасындағы қарым-қатынастың жиілеуіне орай тілдік те ауыс-түйіс басталғандай түрі бар. Бұл жақсылықтың нышаны. Жақсы үлгіні қабылдаудың бір мысалы ретінде «Егемен Қазақстан» мен «Ана тілі» газетінің беттері арқылы жиі көріне бастаған *ұшақ* (самолет – учак) және *әуеалаңы* (аэропорт – хавалалаңы) термин ретінде қалыптасты.

Қысқасы, туыс тілдер тәжірибесіне үнілу терминжасам мәселесінде нәтижелі пайдасын тигізеді деп ойлаймыз. Бұл принципті саналы, сауатты ұстану қажет. Өзінде жоқты өзгеден, оның ішінде түбірі бір туыс тілдерден іздеп тауып жатсаң оның несі айып. Қайта көп жылдар бойы жабылып қалған табиғи даму заңдылықтарының көзі ашылады еме пе?

Келесі бір кеңесетін мәселе – бізде баламасы жоқ интернационалдық сөздерді алу, қабылдау принципі. Мұндай терминдердің бәрі де күні бүгінге дейін сол түпнұсқада қалай айтылып, жазылса, солай алу керек деген принципті қатаң ұстап, тілімізді шетел сөздерімен әбден сірестіріп шұбарлап келдік. Бұл қазақ тілінің өз заңдылығына түбірімен қайшы принципті зорлықпен тықпалап келдік.

Енді бұл турасында тіліміздің терминжасам тәжірибесі не берді дегенге келейік. Жалпы қазақ тілінде ежелден қалыптасқан сөзжасам тәжірибесіне үнілер болсақ, біз шет тілден (араб, парсы) енген сөздердің бәрін өзіне қарай икемдеп, айтылу, жазылу қисынын қазақшаға ыңғайлап отырған екен. Ендеше біз сол принципті негізге неге сүйенбейміз? Бір жағынан, интернационалдық терминдерді іштен орын бермей, берсек те сүйкімсіз қонақ сияқты сол жат кейіпін сақтап қолдану тіпті де орынсыз. Қабылдап тілімізге сіңірдік деген терминдеріміздің әлі күнге өз лексикалық байлығымыздың қатарына ене алмай, интернационалдық боп үрпісіп тұруының сыры осында ма деп ойлаймыз.

Қазақтың ғасырлар әлетінен сұрыпталып шыққан төл сөздерінің қатарында әскери форма киген адам сияқты әсер

ететін мұндай сөздердің тағдырын қамти қарастыратын мезгіл жетті. Солай жасала да бастады. Оларды негізінен өз тіліміздің заңдылығына икемдеп, ыңғайлап алу – міне, ендігі жерде ұстанатын негізгі принцип осы болуы керек. Мәселен, *өнер, білім, мектеп, тәрбие, ғалым, ғылым, мұғалім, кітап* тәрізді әу бастағы араб, парсы төркіндес сөздерді, сондай-ақ мынадай орыс сөздерін: *жәшік, бөтелке, бәтіңке, самаурын, порым, жандарал, болыс, ояз* деп еншілегеніміздей еркін әрекетке баруымыз керек. Яғни келгіншіге ыңғайланып, соған қарай икемделе бермей, өз болмыс, шын табиғатымызға сай бейімдей қабылдау лазым. Интернационалдық терминдердің өз тіліміздің заңдылығына сай бейімдеп алуды сөз аластау деп түсінбеу керек. Мұндай тілдер қабылдаушы тілдің талабына көнбесе, сол өгей қалпы түбегейлі кіріге алмай, өзіне орын таппай жырақ тұратын болады. Күні бүгінге дейін қолданылып келген терминдердің біразы дәл осылай күй кешіп келеді.

Жалпы бұл туралы сөз қозғамастан бұрын, интернационалдық термин дегеніміз не, осыны дұрыс түсініп алғанымыз жөн. Әдетте әлде неше тілде бірдей қолданылып, ортақ қазынаға айналған сөздерді – **интертермин** дейміз. Бірақ екінші тілге енген мұндай сөздердің бәрі бірдей интертермин дәрежесін ала алмайды. Дүниежүзілік деңгейге танымал болған терминдер мен атаулар ғана интернационалдық деген мәртебеге ие бола алады. Ал осыдан келіп интернационалдық терминдерді басқа тілдерге аударуға болмайды деген принципті күні бүгінге дейін қатып ұстанып келуіміз қалай? Шындығында өзге тілдің байлығын, мүмкіндігінше есепке алмайтын бұл не қылған принцип. Бұл турасын айтқанда, басқа тілдердің даму жолдарын тұмшалау дегенмен барабар екенін ойлана бермегендейміз. Әуелде осы принципті қабылдағанда біз өз тіліміздің мүмкіндігімен ісіміз болмаған тәрізді. Тілдер арасындағы әділетсіздікке ең алдымен өзіміз жол беріп отыратын сияқтымыз.

Ғылым мен техника жүгін көтеретін тілдер бар, көтере алмайтын тілдер бар деген пиғылды жылдар бойы дәлел-

деп келгендейміз. Қазақ тілінің әлі толық іске жегілмей жатқан сан алуан қатпарларына тереңдеген сайын, әлемдік деңгейдегі сан алуан ұғымды да толық жеткізе аларлық қауқарының барлығына көзіміз толық жетіп отыр. Сонда тіл табиғатына жат «дайын» нәрселерге бас шұлғи бергенше өз байлығымызды іске қосудың жолдарын қарастырған абзал емес пе?! Кейінгі жылдар тәжірибесі осыны толық дәлелдеп отыр. Осы тұрғыдан келгенде, туыс түркі тілдерінің ортақ қазынасы әлі жеткілікті дәрежеде қозғалысқа түскен жоқ. Бірінен-бірі нәр алып, бірін-бірі байыта түсудің орнына, алшақтай, алыстай берген. Мұның түп негізі ең алдымен жазу алшақтығына байланысты деп ойлаймыз.

Қазақ халқы небәрі 15-20 жылдың ішінде үш түрлі жазуды бастан кешірді. Міне, осы бір жазудан екінші жазуға көшу әлегінде өзге туыс тілдердегі ортақ қазынаға үңілмек түгілі, таза өз байлығымыздың қадіріне жетуден де қалып қоя жаздаған жоқпыз ба?! Бұл, әрине өз алдына өрбітуді керек ететін күрделі сала. Жалпы интертерминдер төркініне бойлаған сайын олардың белгілі бір ұғымға негізделіп, нақты мағыналық жүк арқалап тұратынын көреміз. Ал енді осыны берерлік сөздерді қазақ тілінен іздегенде көп ретте жоғымыз табылып жатады. Дәл қазір тілімізде осы іздеу, іздену процесі жүріп жатыр. Көп жоқтың орны толып жатыр.

Осы уақытқа дейін тіл-тілдерді интернационализмдер болмаса, не аз болса, ол тілдің қауқарсыздығы, дамымай қалғандығы деген түсінік басым болып келеді. Шынында, тілдің дамуы ондағы интренационалдық сөздердің көп-аздығына қарап өлшенбесе керек. Егерде әңгіме таралған барлық терминдерді сол қалпында қабылдап, оларды өз тілің арқылы меңгерсең, интертерминдер шапқыншылығына тап келгендей болар едік. Онсыз да дендеп бара жатқан шетел сөздері қаптай беретін болса, ана тілімізге қатер төнді дей беріңіз. Интертерминдерге тәуелді болмай-ақ, өз тіліңнің байлығын іске жаратқан жапон мен қытай халқының тәжірибесін алыңыз. Олар ғылым мен техника жетістіктерін өз тілі негізінде меңгеріп, дамытып отыр. Тексере келсек, жапон тілі кеше ғана, яғни 1945 жылдан былай қарай ғана өзіндік қуатқа ие болған екен.

Интертерминдерге тиюге болмайды дейтін түсінік бұларды шынында да Құран сөздеріндей етіп жіберді. Содан барып бұлар да баста белгілі бір тіл ішінде туындап, терминдік мәнді жүре келе жүктеген қарапайым сөздер екенін елемейтін де болдық. «Тиіспе», «аударма» деуден бұрын бұл «сөздер нені білдіріп тұр, қандай мағынаны арқалап тұр» дегенге зер салу керек қой. Міне, қазір интернационалдық терминдерге осылайша қарау ағымы пайда болды. Бұл тіл дамуының өзіндік даму табиғатына тән құбылыс.

Терминдер төркініне үңілгенде, олардың да шығу, жасалу, пайда болу тегі, тілдік мекен-жайы болатынын байқаймыз. Мысалы, медициналық терминдер әуелде латын тілінде пайда болған екен. Олар кейін барлық тілдерге еніп, сол күйінде қалыптасып кетті. Бұларды аударып әуре болудың қажеті шамалы. Ал кеше ғана ғарышты игеруге орай пайда болған *спутникті*, Октябрь революциясына орай туған совет, *большевиктерді* көптеген тілдер өз мүмкіндіктері негізінде қабылдап алды.

Термин аудару, жасау, қалыптастыру мәселесінде ғылым саласын саралап қарастыру қажет. Мәселен, техника, физика, математика, механика тәрізді дәл ғылымдардың, химия, биология, медицина сияқты табиғаттану ғылымдары терминдерін бір қатарға қойып қарауға болмайды. Бұлардың терминдерін аударуға келгенде барынша ыждағаттылық, біліктілік қажет. Кейбір тілдер компьютерді аударып қолданып жатыр. Мәселен, түріктер мұны *белгі саяр* («санай білетін») деп алған екен.

Ал қоғамдық ғылымдар саласына келер болсақ, әңгіме басқаша. Бір қарағанда бұл ғылымдар қоғамдық өмірдің айнасы іспеттес қой. Саяси-экономикалық, мәдени-элеуметтік, оқу-тәжірибелік, өнер-білімге байланысты ұғымдардың бәрін жинақтап, олардың аударуға тиістілері қайсы, тілімізге бейімдеп алуға болмайтыны қайсы, сол қалпында қалдырылатындары қайсы дегендерді саралау керек. Оларды аударудың принциптері мен тәсілдері айқындалуға тиіс. Онысыз терминологияда жүйелілік болмайды.

Терминологияның бұл мәселелері қазақ тілі түгілі, орыс тілінде әлі түбегейлі қарастырылған жоқ. Интернационалдық термин атауларының төркініне тереңдемей, олардың әуелгі лексикалық мағынасын тексермей-ақ, терминдік тұлғада мәнін ғана аударып қателесіп жүрміз. Шынында, бұлар да әу баста кәдімгі қарапайым сөздер ретінде дүниеге келгенін аудармашылар ескеріп отыруға тиіс. Сөйтіп әлгі атаулар келе-келе шарттылық пен дәстүрлі қолданысқа көшкен. Міне, мәселенің осы жағына қатты мән беріп отыруға тура келеді.

70 жыл бойындағы терминологиялық процесті қадағалап отырсақ, тілімізге еніп, ендіріліп жатқан термин мен атауларды «орыс, совет және интернационалдық» деп жіктеп келген екенбіз.

Профессор Ә. Қайдар бұларды осылайша үш топқа бөледі де, әрқайсысының арасалмағын, санын ойша топшылап таңдайды. Оның ойынша орыс терминдерінің 70% мағынасы түсінікті болғандықтан, қазақшаға аударылғанда 30% сол қалпында қабылданған. Осылардың арасынан ғалым советизмдерді бөліп алады да, оны 20% шамасында деп есептейді. Бұлардың бір тобы таза орыс (славян) (совет, большевик, листовка, самолет, вертолет, пулемет, паровоз, станок, завод, почта, ведомство, сот, паром т.т.), екіншілері орыс, еуропа және шығыс элементтері аралас (колхоз, партбилет, профсоюз т.б.) термин сөздер.

Бұл жерде әсіресе терминологиялық жүйені қалыптастыру, реттеу, жасау жайына келгенде әрбір тілдің өз табиғатына тән ерекшелігін қатты ескеріп отыру керек. Мәселен, орыс тілі мен қазақ тілі жағдайын алайық. Орыс тілінің ғылым мен техника саласындағы терминологиялық қоры негізінен еуропа мен шығыс елдері элементтерінен тұратыны байқалды. Осыны үлгі тұтқан қайсыбір қаламгерлер, орыс-интертерминдерден неге қашамыз дегенді айтқысы келеді. Сөйтіп қазақ тілін қатар қойғысы келеді. Орыс тілінде термин қалыптастыру ісі XVII ғасырдан басталған.

Ал қазақ тілінің терминдермен жабдықталуы небары 60-70 жылдың аржақ-бержағы. Мұны есепке алмай қара-

байыр салыстырудың мәні жоқ. Нені болса да жұтып, сіңіріп жіберетін алып тілдің термин қалыптастыру жайы бір басқа да, күш-қуаты бойында, өз мүмкіндігін әлі барынша жарқырата ашып, іске жарата қоймаған қазақ тілінің жайы екінші басқа. Орыс тілі шет тілі элементтерін қанша болса да көтеріп кете алады. Одан оның беделі төмендеп, мәні көмескілене қоймайды. Ал қазақ тіліне бет қаратпай тыс элементтерді қабылдай берсек, еңсені басып тастауы мүмкін, әлденудің орнына әлсіреуі, баюдың орнына құнсыздануы мүмкін. Сондықтан қазақ тіліне сөз қабылдаудың ана тілге зиянын тигізбей, заңды принциптерін барынша сауаттылықпен, қатаң сақтау керек.

* * *

Игі әсер, игі ықпал деген ұғым көп айтылып келді. Осының байыбына барып, парқын біліп, дәйекті пікір қозғаушылар аз. Ұлы орыс тілі қазақ тілін, сондай-ақ басқа тілдерді де осылайша ықпал ету нәтижесінде керемет байытты деген жалаң түсінік етек алған.

Жалпы баю деген не өзі? Мұны баз біреулер сөздік қордың молдығына саяды. Яғни тірі тілде қанша сөз болса, ол соншалықты бай тіл деп ұғынушылар бар. Тіл байлығы мұнымен ғана айқындалмайды. Әрине сөздер мен сөз тіркестерінің, сөз түрлендіргіш қосымшалардың молдығы да белгілі дәрежеде тіл байлығының көрсеткіші бола алады. Әйтсе де тілдің оралымдылығы, икемділігі, мағына туындатқыштығы негізгі фактор болуы керек. Егер орыс тілі қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің артыла түсуіне септігін тигізіп жатса, мұны игі әсер қатарына жатқызуға болар.

Ал тіл табиғатына жат әлгіндей сірескен бөтен тұлғалардың қаптауы баю емес, басылумен барабар құбылыс. Мұндай сөздер қатары, әсіресе кеңес үкіметі тұсында көбейе түскені мәлім.

Тіліміздің өз мүмкіндігін, яғни сөзжасам түрлерін жетілдіре, түрлендіре түсудің орнына, ізденіп тер төгудің

орнына осындай дайын қабаттарды қаптатуды тіл баюына жатқызуға болмайды. Осының бәрінен тілдердің өзара игі әсерінен гөрі, бір тілдің екінші тілге үстемдігін, бұл жерде орыс тілінің қазақ тіліне жасап отырған өктемдігін көреміз. Бұлар терезесі тең дәрежедегі дамыған тілдер емес. Бірі – бағынышты, бірі – басыңқы үстемдік рөл атқарған тілдер. Соған қарамастан, қазақ тілінің терминологиялық лексикасының біршама қалыптаса түскенін мойындау керек. Мұны саралай келсек, сала-салаға жіктеп, өзіндік және өзгелік деп бөліп қарастыруға болады. Сонда шамамен 100 мыңға тарта деп есептеліп жүрген терминдердің өзіндігінен гөрі, өзгелігі әлдеқайда басым жататынын байқаймыз. Мұны кез келген екі тілді терминологиялық сөздікті мысалға ала отырып дәлелдеуге болады. Осының бәрінде, қанша дегенмен бұйығы жатқан тілдің байырғы лексикалық қазынасына қозғау салғаны да мәлім.

Терминологиялық ізденістер там-тұмдап болса да тіліміздің ішкі мүмкіншілігін сарапқа салуға жетектеді. Ғылымның әр саласындағы терминге мұқтаждықты зиялы қауым ізденімпаздықпен өтеуге тырысып отырғанын байқаймыз. Бұл жерде орыс тілінің игі әсерін көруге болады. Осы бағытты ұстанып, оның тиімді үлгілерін жан-жақты дамытудың орнына орыстың мундирі мен кокардасын киген терминдерді қаптатып жібердік. Аударуға келмейтін, баламасы табылмаған орыс интертерминдерді қабылдау принципіне өрескел қателіктер жіберілді. Олардың қазақ тілінің сөз қабылдау заңдылығына сәйкес қисынын келтіріп сіндірудің орнына, орыс тілінің өз нормасымен алып қалшыттық та қойдық. Бұл түпнұсқа тілінің жазба әдеби нормасын сақтау орыс рухын сақтау болып шықты. Мұның ар жағында таза «орыстандыру» саясаты менмұндалап тұрды. Ал біз болсақ, мұны асқан мәдениетке жетудің төте жолы деп қабылдап, жарыса мадақтап жаттық. Бұл төңкерістен кейін болған құбылыс. Ол әсіресе жазумен, алфавитпен байланысты күшіне ене түсті. 42 әріптен тұратын орыс алфавитін, кириллицаны қалай қабылдадық, солай тіліміз өз табиғатынан алшақтай бастады. Бұл алфавит күшіне ене

келе жазу ғана емес, тіпті ауызекі сөйлеу тілімізге де кері әсерін тигізе бастады.

Жалпы шет сөздерді қабылдау жөнінен ежелден қалыптасқан дәстүрімізді тастап, кеңес кезінде неге ғана құбыла қалғанымыздың түп себебі «орыстандыру» саясатында жатқанын ескерткен едік. Бір қызығы, орыс тілінде қаптап жүрген шет тіл терминдерінің ешқайсысы өзінің түп негізі, яғни заңдылығы сақталып алынған емес. Жазу мен терминдерді реттеуде орасан зор еңбек еткен зиялыларымыз осыны неге ескермеді екен деген ойға қаласың.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТІЛІ

Қазақтың халық болып қалыптасуынан әлдеқайда бұрын дана бабамыз әл-Фараби кейінгі ұрпақтары – мына біздерді ойлап, «Аспанды жерге, ғылымды елге (халыққа) жақындатсам деп едім» деп армандаған екен. Осы арман бағамдап қарасақ, адамзаттың үмітін қоздатып, адам баласын алға сүйреп келе жатқандай. Қазақ, қазақ болғалы да, тарих тәлкегі мен талқысына түсе жүріп, арман жібін үзбей мына күнге жеткен. Сонда оның аракідік ғылымға да қол созған кезі көп болған. Соның нәтижесінде әлем мәдениетіне ол да өз үлесін қосқан. Орхон-Енесей ескерткіштері, Күлтегін, Білге Қаған, Мұхамед Хайдар Дулати, Махмұт Қашқари, Қадырғали Жалаири, Ахмет Яссауи, Бабыр, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев т.т. Ал жаңа заман заңғарлары – А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхаметұлы, Ә. Бөкейханұлы, Т. Рысқұлұлы, С. Қожанұлы, С. Садуақасұлы, Н. Төрешұлұлы, М. Жұмабайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Қуанұлы, М. Омарханұлы, Қ. Имантайұлы т.т. толып жатқан зиялылардың қай-қайсысы да осы бір арман-үміт атты тұлпардың жалынан мықтап ұстаған. Бұлардың көбі ғылым тереңіне үңіле отырып, қайтсек тілімізді соның айбынды құралына, кемел қызметшісіне айналдырамыз деп сарсылған да түрі бар. Мұны біз бұлардың қалдырған мұрасына көз тіккен сайын байқаймыз.

Алақұйын заманалар алмаса келе тілімізді сан саққа салып, талай «тар жол, тайғақ кешуден» өткізіпті. Сөйтіп әлем тілдерінің қай-қайсысымен де теңдесе алар мәреге жеткізіпті.

Бірақ, өкінішке орай, осы ұлы мұраны кейінгі ұрпағы аялап тұтына алмай, қажеттілігін сезіне алмай өгейсіне түскен. Өрелі әрекеттер, өресіз ықыласқа килігеді де, қазіргі қазақ тілінің орта жолда оқтығы шығып, дөңгелегі сынып қисайып қалған көне арбадай шиқылдап тұрған жайы бар. Қисайғанды түзетейік, сынғанды салдырайық дегендей нақты әрекетке барар ағайынның саны жылдан-жылға азаймаса, көбейер түрі жоқ. Тіл сүйерлер емес, тілден безерлер қатарын дамылсыз молайтып отырғанымызды көрсек те, көрмегендей болу екен ең қиыны.

Міне, осындай күйде күн кешкен тіліміздің, әйтеуір әупірімдеп, мемлекеттік мәртебеге жеткеніне шүкіршілік етесің. Етесің де, мәртебеленіп отырған тіліміздің сол деңгейдегі шарттары түгел ме деген сауалға жауап іздеп сарсыласың. Мемлекеттік тілдің жалын күдірейтіп көрсетер бір тармағы – *ғылым тілі* дейтін болсақ, мұның да әңгімеге арқау болар ауыр жүгі жетерлік! Шешім күтер мәселесі де толып жатыр. Әрбір тілдің айшықтанар әлденеше ондаған қызметінің ішінде ең күрделі де қиын түрі осы ғылым тіліне келіп тіреледі. Ал екінші Ұстаз айтқан ғылымның халыққа жақындауы, ең алдымен, осы тілге тікелей байланысты екенін ұғар ұрпақ сыңайы әлгіндей.

Баз біреулер ғылым атаулыны қазақтардың пешенесінен тыс тылсым дүние есебінде танығысы келеді. Ондайлардың түсінуінше, ғылым тек орыс немесе Еуропа тілдерінде дамыған, сондықтан сол тілдерде жасалып, қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерді, жеке сөздер мен атауларды солардан мұртын бұзбай қабылдаған тіл ғана ғылымға қызмет ете алады деп ұғатын тәрізді. Мұның мүлде қате пиғыл екенін біздің ғылым тарихы әлденеше дәлелдеген. Арғы жағына бармай-ақ, бергі 70 жылдың шамасында көрініс берген тіл қолданыс тәжірибеміздің өзі бұл жөнінде көптеген оң мысалдар ұстатады. Бір қиыны, зерттеушілердің

дені өз ана тілінде емес, өзге тілде оқып, тәрбиеленгендіктен, осы жалған түсінік жетегінде кетті. Тіпті кешегі кеңестік тәрбие пешенесіне мөр боп таңбаланған қайсыбір зиялыларымыздың арасында да әлгіндей қасаң пиғылдан арыла алмай жүргендері бар. Ана тілінде де ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге болатыны ондайларды ойландыра қоймайды. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар, биология, математика, медицина ғылымдары саласында еңбек еткен бірен-сарандар болмаса, қазақ ғалымдары ізденістерін көбінесе орыс тілінде өрбітті, өрбітіп келеді. Міне, осының салдарынан өзге түгілі, оқымыстыларымыздың өзі зерттеу жұмыстарын қазақша жүргізуді қиынсынатын «дәрежеге» жетті. Осыдан келеді де қазақта ғылым тілі бар ма, жоқ па деген мәселе туындайды.

Баз біреулердің тілге деген «патриоттық сезімі» ерекше ойнап, «бұл қалай, қазақ жазуын сонау Орхон–Енисейден бастауға талаптанып жүргенде ғылым тілі неге жоқ болсын бізде» деп өрепкіді, екіншілер, «бұл жерде түсінісіп алатын жайлар әлі көп» деп дәлел ұсынғысы келеді. Біз осының себеп-салдары ғылыми түрде дәлелдеп шығу жағындамыз.

Шынында, ғылым тілінің қазіргі жағдайы қалай осы? Және мұны дамытатын, қалыптастыратын не? Міне, осы сауалдардың жауабын іздеу арқылы біз біраз мәселенің басын ашуға мүмкіндік алсақ керек.

Сонымен, қазақ тілі ғылым тіліне айналды деп тұжырымдау үшін, біз ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша талапқа сай қанағаттанарлық жауап табуымыз керек. Дағды бойынша қоғамтану, жаратылыстану, техникатану деп санамалап қарап, үйірлеп топтап, саралайтын болсақ, осылардың ортасынан ойып алып, қоғамтану саласы бойынша ғана ғылым тілі нышанын әңгіме ете алатын жағдайда екенбіз. Оның өзінде де ауыз толтырып айтарлықтай мысалды тек тіл мен әдебиет саласынан ғана таба аласыз. Ал заңтану, пәлсапа, педагогика, психология, театр, кинотану, өнертану, бейнетану т.т., тіпті тарих, этнография, археология салаларының өзінде зерттеулеріміз толық қазақ тілінде жүргізіліп жатыр, ғылым тілінің нышанын біл-

діретін мынадай еңбектер мол деп ауыз толтырып айта қою әзірге қиын. Тұнып тұрған тундра. Рас, ондаған терминологиялық сөздіктер, оқулықтар, оқу құралдары бұл жөнінде әрекетсіз емес екенімізді танытады.

Алайда бұл ғылым тілін қалыптастырды дейтіндей пікір жүгін көтере алмайды.

Сонда қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы үшін не қажет; Нендей шарттар мен талаптар қажет?

Бұл біріне-бірі тығыз байланысты, бірінен-бірі туындап жататын бірнеше мәселенің басын қарайтады. Олар мыналар:

1. Ғылым атаулының барлық салалары, тармақтары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Бұл жөніндегі біздің жағдайымыз қалай? Шындығына келсек, ғылымның қайсыбір салалары (тіл білімі мен әдебиеттану, кейінірек биология, математика) бойынша жүргізілген кейбір зерттеу жұмыстары болмаса, басқа ауыз толтырып айтар еңбектер көп емес. Тек 50-60-жылдардан бері қарай ғана тіліміз ғылымның көптеген салаларына қызмет ете бастайды. Алайда мұның ешқайсысының өзіне тән терминологиялық жүйесі жасалып, қалыптасты деп айта алмаймыз.

2. Білімнің барлық жүйелері бойынша мектеп, орта және жоғары оқу орындарына арналған төл (аударма емес) оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қалыптасуы тиіс. Құдайға шүкір, бар. Алайда мұнда да, біз, жоғарыдағыдай ала-құла жайтты байқаймыз. Бірінде тәп-тәуір, екіншісінің тілі не қазақша, не орысша екені белгісіз, үшіншілерінде мұндай да еңбектер түзілмеген. Қазақша деген оқулықтар мен оқу құралдарының өзді-өзіне ғана тән ерекшеліктерін танып-білу тіпті қиын.

3. Ғылым тілі ретінде қалыптасатын тіл – ғылым мен білімнің барлық салаларының ең әуелі құрылымдық қаңқасы боларлық терминологиялық жүйесі жасалуға тиіс. Ол үшін лексикографиялық жұмыстар, яғни терминологиялық сөздіктер көптеп түзілуі керек. Ал бұл жөнінде не айта аламыз? Әрине, сөздік түзу жөнінен құр алақан емеспіз.

Сонау 20 жылдан бері қарай түзіліп келе жатқан екі тілді терминологиялық сөздіктер тіліміздің ғылымға қызмет ету қабілетін едәуір арттыра түскені мәлім. Бірақ мұнда да күні бүгінге дейін даулы мәселелер көбейе түспесе, азайған жоқ.

4. Тілдің ғылымдана түсуіне қажетті ең басты шарттың бірі – ғылыми ізденістер мен сөйленістердің бәрінің қазақ тілінде жүргізілуі дер болсақ, бұл турасындағы табысымыз да шамалы. Сол баяғы тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы салалары бойынша ғана сұранысқа жауап бере алатын үлгілер бар.

5. Бірен-саран болса да жарық көрген ғылыми еңбектерді саралап байқасақ, мынау мынау ғылымның, анау ана ғылымның өзіне ғана тән қалам сілтесін баяндау тәсілін, стильдік өрнегін танытады дейтіндей бұлтартпас айғақты мысалды табу өте қиын. Яғни ғылыми стильдің аражігі әлі айқындала қойған жоқ.

6. Сондай-ақ ғылым тілін, ғылыми мәтін (текст) стилін тарам-тарамымен талдап беретін арнайы ғылыми барлау еңбектері тағы жоқ. Бір де бір ғылым туралы, бір де бір ғылымның өзіндік зерттеу мақамы, қалам сілтесі жайында жазылған зерттеу жұмысын қолға шам ұстап табу қиын.

7. Әдеби тіліміздің ғылыми қолданыс құралы ретінде барынша жандана түсетін ортасы – Ғылым ордасы. Иншалла, бір кезде Ұлттық Ғылым академиямыздың құрамында отыздан астам ғылыми-зерттеу институт бар еді. Оның әрқайсысында кем дегенде бірнеше жүзден ғылыми қызметкерлер (сырттан ізденушілер мен аспиранттарды қоспағанда) жұмыс істейтін, бұлардың қазіргі халы екіұдай. Жаңадан шаңырақ көтеріп, өз алдына отау тігіп жатқан салалық Академиялар мен ғылыми мекемелер қаншама! Осының бәрінде қазақ тілі ғылымның қажетіне жаратылып жатыр ма? Бұларда ана тілге деген мұқтаждық, қажеттілік мүлде сезілмейді. Айтулы ғалымдарымыздың өзі халқымыздың абыройын асқақтатар жаңалықтар мен ой-пікірлерін қазақ тілінде емес, көбінесе орыс тілінде жазғанды артық санайды. Өйткені олардың көзін ашқалы бергі көргені қазақ жазуы емес, орыс жазуы.

Сондықтан оларды кінәлаудың де қисыны жоқ. Тиіп-қашып қазақша жазылған бірді-екілі ғылыми еңбектер ғылым тілі дейтін күрделі де қызық саланың жүгін көтере алмайды.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінің тарихында азғана мерзім ішінде, атап айтқанда, небәрі он-он бес жылдың айналасында үш жазу алмасты. Жазудың тұрақсыздығы, сауатымызға нұқсан келтіргені мәлім. Ол ғылыми тілдің де дамуына кері әсерін тигізді.

Міне, осы айтылған мәселелердің өзі-ақ біздің қазақ қауымында өзінің толық мәніндегі ғылым тілі қалыптасты деп айту қиындау екенін дәлелдесе керек.

Баз біреулердің Қазақ энциклопедиясы, он томдық Түсіндірме сөздігі, бес томдық Қазақ Республикасының тарихын, әр алуан монографиялық еңбектерді, түрлі ғылыми басылымдарды т.т. тіліне тиек етіп, бізде ғылым тілі әлдеқашан жасалды, оның басы-қасында А. Байтұрсынұлы сынды асқан тұлғалар тұрды деп өрепкүі әбден ықтимал. Бар нәрсені бағаламай, табысымызды тәркілеуден біз де аулақпыз. Бұлар сөз жоқ, ғылым тілінің жүйелене, қалыптана түсуіне негіз болар орны, жөні бөлек бағалы дүниелер.

Бұл жерде арнайы тоқталуды қажет ететін бір мәселе бар. Ол Ахмет Байтұрсынұлы және оның айналасы жөнінде. Қазақ мәдениеті мен ғылымның тарихында бұлардың есімдері алтын әріппен жазылары хақ. Неге десеңіз, қазақ ғылымының еңсе көтеруіне, саралануына негіз болатын терминдік сөздер жүйесінің жасалу, қалыптасу тарихын сөз еткенде, әсіресе, Ахаңды айналып өту тіпті мүмкін емес. Ана тілінде тұңғыш сауатын ашып, қазақ тілі дейтін пәнді оқыған қазақ зиялыларының бір де бірі тайға таңба басқандай анық та дәл, ұғынықты сипатталатын терминдік жүйені тірек еткен заңдылықтарды ұмыта алмайды. Себебі мұнда әр алуан мағынаны арқалап тұрған даралық сипаттағы атау сөздерінің бәрі Ахаңның асқан білгірлігінің нәтижесінде пайда болған. Қаншама сүзгілесек де, қайталап соқпайтындай етіп мүсінделген бұл терминдер жүйесі, шынында да, әлі күнге мызғымай, сауатымыздың жетіле беруіне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Сонымен бірге елдің

еңсе көтеруі жаппай сауат ашуға тікелей байланысты деп сенген Ә. Ермаков, М. Дулатұлы, Е. Омарұлы, Қ. Жәлелұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Қожанов, Қ. Жұбанов сынды бекзағтардың қай-қайсысы да А. Байтұрсынұлы үлгісін жетекшілікке алып, әр алуан оқулықтар жазып, ғылыми танымдық мәні бар мақалалар жариялап отырған. Бұдан бергі жерде де оқу-ағарту ісіне мән берілуіне орай ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне тікелей себеі тиген әрекеттер болды. Оның бәрі жұртшылыққа мәлім. Дегенмен, бұл жерде саралап түсініп алатын тұстар баршылық.

Ғылыми тілдің негізгі тірегі – терминдік жүйенің жасалу барысы ешқандай талас-тартыссыз тып-тыныш өтпейтіні мәлім. Мұны да есепке алып отыру керек. Алғашқыда, яғни 20-30-жылдарда қазақ тілінде термин жасау процесі А. Байтұрсынұлы үлгісінше жүріп жатты. Ол қандай үлгі еді? Ол – атау сөздерді, яғни терминдерді жасап, тұрақтандыруда негізінен қазақ тілінің өз сөз байлығын барынша іске қосу болатын. Ол кезде түзілген сөздіктерге үңілсек, біз осыны аңғарамыз. Өз байлығымыз өз қажетімізді өтеп жатыпты. Бұл жерде тілдің қауызын ашып, тінін түре арши білген айрықша білгірлік нышаны байқалады. Жоғарыда аталған зиялы қауым түгелімен ана тіліне осылайша адал қызмет еткен. Тіліміздің бар қадір-қасиетін зергерлерше зерделеп, небір ғажайып терминдерді қатарға қосып кеткен.

Бірақ осыған қарамастан, А. Байтұрсынұлының өзін де қазақтың ғылым тілін түбегейлі жасап кетті деп айта алмаймыз. Ол ғылым тілін қалыптастыруға негіз болатын үлгіні ғана жасап үлгерді. Оның өзі жоғарыда аталған екі ғана сала бойынша. Міне, осы үлгіні негізге ала отырып, қазақ қауымы, ғылыми әлеумет ғылым дейтін ауқымы мейлінше кең зәулім орданың сала-саласы бойынша іліп әкетіп, терминологиялық жүйені жасап жатса және барлық ғылыми ізденістер мен зерттеулер жаппай қазақша жүргізіліп, стильдің өзіне ғана тән табиғаты қалыптасатындай мүмкіндік жасалып жатса ғана ғылым тілі жөнінде келелі әңгіме қозғауға болар еді.

Ал патриоттық сезім нәтижесінде анда-санда жарық көріп, ел қолына бірде жетіп, бірде жетпей шөліркетіп тұрған

бірен-саран монографиялық зерттеулер, оқулықтар мен оқу құралдар, мақала, баяндамалар ғылым тілі дейтін ірі де іргелі проблеманың жүгін көтере алмайды. Біз бұл пікірімізді біреудің шамына тиіп, мәселенің шын сыйқын көрмей-білмей айтып отырған жоқпыз. Біраз жылдан бері осы мәселені жан-жақты қарастырып, не бар, не жоқ, не қажет деген жайларды тексере келгендегі тұжырымымыз, бұл. Әрине, біз бұл пікірді талқылауға салуға болмайтын ақтық ақиқат ретінде ұсынудан аулақпыз. Зерттеп, шындық шегіне жетейік дейтіндерге жол ашық. Бет жыртқысуға емес, пікірталасына бармыз! Жұртқа өзімізді жөн дегенді жеткізу үшін біреудің пікірін тәлкек етудің жөні жоқ. Ғылыми ізденістер нәтижесінде, деректерді алға сала отырып, дәлелденіп жатса, ғылымның да, ғалымның да мерейі үстем!

Сонда ғылым тілі дегеніміз не өзі, ол әдеби тіліміздің қай даму сатысында көрінетін сала? Бұл, біздіңше, және көптеген тілдер тарихынан байқалатындай, әдеби тілдің дамыған, кемелдене бастаған тұсына тән құбылыс! Еуропа тілдеріне ертерек, орыс тілінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысы т.б. жағдайлар бізді осындай ойға жетектейді. Ал қазақ тілінің даму тарихына үңілсек, алуан түрлі жағдайларды байқаймыз. Ол үшін әдеби тіл категориясының өзін анықтап алуға тура келеді. Бұл жөнінде қазақтың небір кемел сөз зергерлері мен ғалымдары кейінгі өрелі ойларға өзек болар толғақты тұжырымдарын айтып кеткен. Олардың бәрінен үзіп-жұлқып үзінді алып, әңгімені ұзата берудің мәні болмас. Сонда көбінің тоқтайтыны қазақтың жазба әдеби тілі Абайдан бері қарай өріс алды деген пікір. Ал екі сөзінің бірі ғылым туралы Ұлы Абайды ғылым тілін жасады деп айтуға тағы да ешкімнің аузы бара қойған жоқ. Бұл кісіден бергі жердегі әдеби тіліміздің шоқтығын биіктеткен тұлға, әрине, Ахмет Байтұрсынұлы. Оның өзі және төңірегі ғылым тілінің тұғырын тұрғыза бастаған тұсында мақсатты мәреге жете алмай, опат болып жатты.

Әдеби тіліміздің шарықтай түсуі Ахмет дәуірімен тоқтап қалған жоқ. М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Еру-

баев сынды халқымыздың ары мен абыройына айналған сөз зергерлері әдеби тілді бұрын жетпеген биікке көтерді. Сөйтіп көркем әдебиет тілі өзінің шарықтау шегіне жетті. Кезінде ғылыми ой-сананы қалыптастыра түсер мақала, кітапшалар жазғанмен, бұлар да ғылым тілін жасай алған жоқ және бұл мәселе олардың тікелей міндетіне де жатпайтын. Дегенмен 20-30-жылдары басталған әр алуан әрекеттер, оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер және сан түрлі шаруашылық пен ғылым салалары бойынша түсініктеме түрінде жазылған әрқилы сападағы қазақ тіліндегі еңбектер ғылым тілі ордасына бет түзеген алғашқы нышандар болатын.

70-80-жылдың ауқымында қазақ тілінің терминдік жүйесі неше алуан жасалу, қалыптасу кезеңдерін бастан кешкені мәлім. Қазақ тілінің қақпасын айқара ашып тастағанымыз соншама, жат сөздер мен атаулар легі күні бүгінге дейін толастамай келеді екен. Сонда есептеп қарасақ, өз сөз байлығымыздан гөрі интертерминдердің қарасы көбейіңкіреп кеткенін байқаймыз. Бұл, әрине, бір жағынан, сөздік қорымыздың байытқанынан гөрі тіл тынысын тарылта түскен, ұлт тілінің даму өрісін тежейтін құбылыс еді.

Ал 80-жылдардың екінші жартысынан бергі жерде рухани тынысты кеңейте түскен жаңа көктем лебі, ғылыми ізденістерге де жаңа бір серпін әкелгендей болды. Біз өз тіліміздің байлығына тереңірек әрі жиірек үңілуге мүмкіндік алдық. Сөйтіп, қазақ тілінің қоржынында қимылсыз жатқан атаулар қолданыс қатарына андыздап шыға бастады. Сөйтіп, біз ғылым тіліне қызмет етерлік, оның өрісін кеңейтерлік терминологиялық жүйені қалыптастыра түстік.

Бірақ сарқылмас байлығымыз бен ашылған мүмкіндіктер көзін еркін пайдаланып отырған қазақ қайсы? Әрине, әлгіндей мүмкіндік көзін ашуға септігі тиген үлкен фактордың бірі, ол – тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы. Ісқағаздары әуелі кезде талап бойынша екі тілде жүргізіле бастаған болатын. Қазір тек бір ғана орыс тілінде жазылады. Тіпті бұрыннан хат-хабарды қазақша жазып келген Тіл білімі институты мен Әдебиет және өнер институты да жоғарыға жолданатын хат-хабарды орысша түсіруге мәжбүр. Өйткені талап осыған ойысып барады.

Ал біз болсақ, ел қамын, тіл қамын ойлайтын жастан әлдеқашан асып кеткенімізге қарамастан, бір адамға жетерлік атақ-дәрежеміздің барлығына қарамастан, сол баяғы жалтақтықтан арыла алмай «ойбай анау түсінбей қалады» деп жалбақайланып жатамыз. Көбіне қазақша-орысшаны араластырып өткізіп келе жатқан жиындар әлі жалғаса түсуде.

Неліктен бұлай? Бізге қазақша сөйлемендер, қазақша жазбаңдар деген біреу бар ма, осы. Осындай пиғылды Елбасынан естіп пе едіңіздер? Қайта, ол кісі кезі келгенде қазақша да, орысша да қатарынан сөйлеп, жаңа бағыт, жақсы үлгі көрсетіп жүрген жоқ па?! Осыны неге ары қарай ұластырып алып кетпейміз? Неге күргейлене, күдіктене береміз? Бұл біздің өз шаруамыз емес пе? Егер тіл маған, саған, оған керек болмаса, кімге қажет? Ал керек екенін біле тұра өз тілімізді өзіміз неге аяқасты етеміз, неге қорлаймыз? Қажеттілікті өзіміз жасамасақ, бізге кім жасап бермек?

Осы тұста біздің көбіміздің бойымызды жайлаған масылдық мінез-қылық (құлық емес, қылық деп әдейі алдым) жайлы айта кетпесе болмайды. Біз дайын асқа «міне ауыз» деген тәрбие түлектеріміз. Осындай масылдық тілге деген көзқарастан да байқалатыны бар.

Қадірлес, сыйлас қайсыбір ағайын маған кездескен сағын «Тілдің не боп жатыр, құртатын болдыңдар ғой түге бүлдіріп, шұбарлап» деп кінә таға сөйлеп жатады. Олардың ойынша, кейінгі кезде қазақ сөздері интертерминдерді ығыстырып бара жатқан көрінеді. Мұндай жандарға не деп жауап берерсің. Олар, әрине, қазақ дейтін халыққа өзінің де тікелей қатысы бар екенін білмей отырған жоқ, біледі. Тілдің де өз мұрасы екенін, мұра болғанда, ұрпағына сап таза күйінде аялап жеткізер ұлы қазына екенін де сезеді. Алайда ол кешегі кеңестік кезеңде буын-буынды алып қойған жат тілдік теріс тәрбиеден шыға алмайды. Тіпті біреудің қолымен от көсеуге әбден дағдыланып қалыптасқан ол, бұл шаруаны да басқа біреу істеп берсе екен дейді. Ана тілдің негізі – отбасынан, ата-ананың өз қасынан басталып жасалатынын елемей, өз нәсілін біреу тәрбиелесе, тілді де біреу үйретсе, әйтеуір бұл қиын шаруа менен аулақ болса деген

пиғыл құрсауынан шыға алмай жүргені. Бүкіл ел, ұлт болып кіріспесе, жуық арада арыла алмайтын қырсықты дерттің бірі осы.

Қиындықтың түйіні мен себебін іздеп, ұлт пен ұрпақ парызын өтеудің орнына, әлгіндей дертке шалдыққан жандар, осы дәрменсіздік шырмауынан шығар сылтау іздей бастайды. Ал сөз жоқ, іздеген табады.

Жұрт қалауы, Үкімет қолдауы арқылы қаптап ашылған қазақ балабақшалары мен қазақ мектептерінде тәрбие жұмыстары мен білім беру сапасы мүлде төмен екен деген желеумен көп ата-ана кейінгі кезде өз балаларын табиғи ұя мен ортадан алып қашып жатқандары бар.

Сол ата-аналар бұлай торығудың орнына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұрпақ тәрбиесіне өмірін бағыштаған осынау ғажайып жандар (мұғалімдерді айтып отырмын) неге мұқтаж: оқулықтар, оқу құралдары, осы заман талабына сай техникалық құрал-жабдық, мектеп құрылысы т.т. толып жатқан қажеттіліктер жайын біріге отырып ойластырса ғой. Сондай-ақ олардың жай-күйі, еңбекақысы, демалыс жағдайы жөнінде де дабыл қағып отырса. Оқу мен тәрбие жұмыстарының құлдырау себептерін айқындап, жұмыла әрекет жасалмаған жерде істің бәрі бекер. Жапондарда бала тәрбиесін ойламаған ата-ана қылмыскер деген мақал бар екен. Шынында да, солай емес пе?

Тіліміздің төменшіктеп жүргені мына өз басымыздың немкеттілігі мен немқұрайдылығымызға да байланысты ма деймін. Мұны Елбасымыз да қадап, қазып айтқан жоқ па, кеше. Ойланайық, ағайын!

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ТІЛ БЕКІТЕДІ

(ортақ жазу және ортақ ғылыми атаулар хақында)

1. Алла Тағаланың мейір-шапағатының арқасы болар, әсіресе соңғы он бес жылда түркі тілдес халықтар өзінің түп негізіне тереңдеп, ортақ дүниесін ортаға сала бастады.

Мұндай ортақтастық заттық (материалдық) және рухани мәдениет салаларында анық аңғарылады. Соларды зерттеп, оның әр алуан үлгілерін саралап көрсету үшін түркі жұртшылығы ғалымдарының жүйелі түрдегі бірлескен іс-қимылы мен сауатты әрекеті керек. Ол үшін осыған дейін әр елде әр алуан күй кешіп, өз халынша еңбек етіп жатқан әрқилы қоғам, ұйым, одақтардың басын бір арнаға біріктіріп, түркі халықтарының өз мүддесіне сай жоспарлы түрде еркін жұмыс істей алатын ғылыми, мәдени зерттеу орталығы жайында түбегейлі әңгіме қозғайтын мезгіл жетті.

2. Түбі бір түркі халықтарын бірінен-бірі алшақтатқан тарихтың талай теперіші болды. Соның ішінде жазу алшақтығының алар үлесі тым мол. Қараңыз, отыздан астам туыс тілдер осы жазу түрлілігінің кесірінен 70-80 жылдың барысында тіпті бірін-бірі түсінбейтін күйге жетті. Араб, кириллица, латын т.б. жазуларының сан құбытылған нұсқаларын мұра тұтқан түркі тілдері туыстық негізде дамудың орнына бірінен-бірі оқшауланып, дараланып, тұмшалана түскені мәлім. Түркі халықтары негізінен дербестікке қолы жетіп отырған бүгінгі таңда осы бір орасан олқылықтың орнын толтыруды ойластырғаны абзал. Бұл – тарихи шанс, тарихи мүмкіндік. Егер біз мұны дер кезінде пайдаланып қалмасaq, кейін кеш болуы мүмкін. Сондықтан жазу, сызуы ертеден жүйеленіп қалыптасқан түркі тілдерінің негізгілері латын жазуын мирас етіп отырған қазіргі тұста бәріміздің осы үйірден табылғанымыз жөн.

Әрине, түркі жұртшылығының мәдени тарихын қаузап қарасақ, ол сонау – V ғасырдың өзінде-ақ Орхон-Енесай деп аталып кеткен өз жазуын өркендеткен ел. Егер өз жазуымызды сол негізде өрбітер болсақ, бұл ата-баба тарихы алдындағы перзенттік парызды өтеген болар едік. Алайда, өкінішке қарай, қоғам тарихы басқаша бетпен кетті, өз жазуымызды өзіміз жат санайтын өзгеше бір заманға жеттік. Әйтсе де бұл жазудың қайта түлейтін заманы алда екені даусыз. Келер ұрпақ бұған соқпай өтпейді. Өмірдің қазіргі даму заңдылығы бізге латын жазуын бұйыртып тұрғандай. Әзірге осы алфавит негізіндегі жазуымызды

жүйелеу арқылы түркі жұртшылығын түгелдеп алғанымыз абзал. Мұны қалыптастырып жүйелеуде де шешім күтіп тұрған мәселелер жетерлік. Бұларды да ортақтаса, бас біріктіре ғылыми парасатқа сала отырып қарастыру қажет. Түркі халықтарының әлемдік парасат биігінен көрінер тағы бір тұсы осы. Жазуды ортақтастыру арқылы біз түркілік тұтастығымызды бекіте түсетін боламыз. Ортақ мұраларымыз бен рухани игілігіміздің байыбына барып, иелік жасай алатын боламыз.

3. Үнемі назарда тұрар тағы бір іргелі мәселенің бірі – ғылыми ізденістер жүйесіндегі ортақтастық. Яғни қалыптастырған жазу негізінде жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі құрылыс материалы – терминологиялық лексиканы жүйелеу мәселесі. Бұл жерде әңгіме ортақ тіл (кейбіреулер әңгіме етіп жүргендей) жайында емес, **ортақ терминологиялық жүйе** жайында болып отыр. Егер түркі тілдес халықтардың зиялы қауымы келісім алаңына жиналып, парасаттылық танытар болса, бұл мәселені шешуге де толық мүмкіндік алар еді.

Сондағы біздің көздеп отырғанымыз мынадай үш негіз:

а) түркі тілдерінің көбіне ортақ неше алуан туынды сөздер жасауға негіз болатын түбірлер. Мұның саны едәуір және бұлар кез келген түркі тілдерінен кездеседі. Соларды кез келген тілден тек саралап, жүйелей біл, талғай біл;

ә) түркі тілдеріне әр дәуірде еніп, сіңісіп кеткен кірме сөздер. Олар араб, парсы, моңғол, орыс сөздері. Мұның үстіне кейінгі бір ғасырға жуық мерзімде орыс тілі арқылы тілдерімізге көп күштеп ендірілген интернационалдық терминдер. Бұлай деп отырғанымыз әлгі термин сөздер орыс тіліндегі пошымын бұзбай, яғни өзге тілдің заңдылығын сақтай енгізілгендіктен біз емле ережелеремізді де осы ыңғаймен, яғни орыс тілінің үлгісімен түздік. Сөйтіп тіліміздің айтылу, жазылу заңдылықтарына айтарлықтай нұқсан келтіріп алдық. Енді осыларды жаңаша игеріп, реттеуде де өзара ортақтаса шешілетін мәселе туындауда. Ендеше бұл жөнінде де кеңес қажет-ақ;

б) әрбір тілдің ғасырлар, жылдар бойы қалыптасқан өзіндік сөзжасам үлгілері, яғни әрбір тілдің өз байлығын

сарқа пайдалану мүмкіндігінің де оңашалыққа ғана емес, ортақтыққа қарай жетелейтін мысалдары мол. Міне, бұл жерде де сауаттылық пен сарамандық қажет. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, түркі тілдерінің бәріне ортақ үлгіні жасауға әбден болады деп білеміз.

4. Қозғалып отырған мәселені ғылымның кез келген саласы бойынша тарата әңгімелеуге болады. Мәселен, медицина саласын алалық. Медицина ғылымы неше алуан салалар мен тармақтардан тұратыны мәлім. Соның қай бөлігінде де жүйелеуді, реттеуді күтіп тұрған мәселесі кыруар. Мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдырудың түбегейлі мәселелері қарастырылып жатқан қазіргі кезде бұл шаруаның көкейтестілігі тіпті анық. *Тәуір, емші, сынықшы, ұшықшы, тамыршы* т.б. тәрізді толып жатқан ұғымдардың өзі-ақ мемлекеттік тіліміздің өрісін бұл салада да кеңейте түсуге болатынын байқатпай ма? Тек ізденімпаздық керек. Жоғарыда сөз болған түбір сөз де, кірме сөз де, сөзжасамның сан түрін танытар төл байлығымыз да медицина саласында мол, олардың талай терминге негіз болары хақ.

Медициналық терминдерге бұрын да негіз болған, қазір де негіз боларлық сан мыңдаған өсімдік атаулары мен мал атаулары, дене мүшелері, ас, тағамды білдірер сөздерді біз түгел игердік деп айта аламыз ба? Осы игілікті игерудің неше алуан заңды жолдары мен принциптері сараланбай тұрып медицина ғылымының да ұлттық тілде дамуы неғайбіл. Ендеше бұл ғылым мамандарының алдында да өзге тіл ғалымдарымен ортақтаса, кеңесе шешер мәселелер баршылық. Мынадай жиындар зиялы қауымды осындай ортақтастыққа жетелесе керек.

ТЕРМИНДЕНУ – ТІЛ ДАМУЫНЫҢ БІР КӨЗІ

Қазақ әдеби тілі әр алуан лексикалық арналардан құралатынын лингвист ғалымдарымыздың көбі мойындайды. Бірақ оны қазбалап зерттеп, қадағалап қарастырып, әрқайсысына тән өзгеше сипатын тануда істелетін жұмыс әлі

жетерлік. Сол тарамдана толысып, сөз байлығын молайтып жатқан салалардың мүмкіншілігі мен ауқымын анықтап алмай тұрып әдеби тіл жайында әңгіме қозғау қиын. Неге десеңіз, қоғам өміріндегі әлеуметтік өзгерістер әсерінен, белгілі дәрежеде тілде де әркилы құбылыстар болып жататынын бүгінгі біздің болмыс дәлелдеп отыр. Әсіресе ғылымның, техника, өнердің т.т. тарихта болмаған сапада жандануына байланысты ана тіліміздің әлеуметтік мәні артып, қоғамдық қызметі кеңейе түскені мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әдеби тіліміздің ауқымын аумақтандырып, оның ғылыми өрісін тереңдете түсіп отырған терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек. Тіліміз дамыды, жетілді, қызметі артты дегенде, ойға алдымен оралар арналардың бірі осы термин сөздер жүйесі. Қазақ тілі терминологиясының мәселелері әу бастан-ақ, ХХ ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ қолға алынғанымен, оның мәселелері түбегейлі зерттеліп, салалары сараланып бітті деп айта алмаймыз. Тіпті керек десеңіз, термин деген сөздің мән-мағынасын түсіндірудің өзінде әлі күнге ала-құлалық кездеседі. Мұның бер жағында әрбір ғылым саласының өзіне ғана тән терминдер жүйесін тұрақтандырып, сұрыптауға байланысты қаншама жұмыс бар?

Сонда термин дегеніміз не? Оны қалай түсіндіреміз? Ғылыми түсініктеме беретін көптеген сөздіктер мен сұраулық, сондай-ақ осы саланы қазбалап қарастырып жүрген мамандар пікіріне жүгінсек, бұл сөздің түп төркіні латын тіліне барып тіреледі екен. Әдепкіде «шек», «шекара» деген мағынаны білдіріпті. Олай болса терминдер басқа сөздің барлығынан өзіне ғана тән шектеулік мағыналық сипатымен ерекшеленеді. Ол контексте осы қасиетін бұзбай сақталынуы тиіс. Қай ғылымның саласында қандай мағынасы тұрақталса, сол бір ғана мағынаны қатып ұстап тұрады. Қолданыстың ыңғайына қарай сан алуан құбылып, әр алуан өріс ашатын өзге сөздер бойындағы құбылмалылық бұларға жат. Яғни сөз мағынасының дәлдігі, жалқылығы, нақтылығы және тұрақтылығы терминдердің басты белгілері, міне, осы тектес.

Олар құрамы, құрылысы жағынан түрлі болып келе береді: жеке сөз, сөз тіркесі немесе біріккен сөз т.с.с. термин сөздердің өздеріне тән тағы бір қасиеті сол, олардың көбі қолдан жасалады, не өзге тілдерден аударылады, не сол бөгде тұлғадағы күйі өзгеріссіз сақталып, қабылданады. Тілдегі байырғы сөздерге терминдік мағына телініп, жаңа қызметте жұмсалып жатқан сөздер қаншама. Терминдік мағына теліну деп отырғанымыз мағынасы көмескілеу сөздерге қосымша қызмет жүктеп, оларды бұрынғы қолданыс дағдымызда онша активтік таныта қоймаған, жеке-дара мағынада қолдану деген сөз. Сондай-ақ екі сөзді біріктіру арқылы жасалған терминдер де тілімізде жетерлік. Термин жасауда жалғау, жұрнақтардың рөлі зор. Тағы бір тәсіл, сөздерді тіркестіріп барып, оларға терминдік сипат беру болып табылады. Мұның бәрі, негізінен ұлттық тіліміздің өз сөз байлығын сарапқа салу нәтижесінде болатын құбылыс.

Термин жасаудағы екінші бір өнімді өріс – өзге тілдің лексикалық байлығын қабылдау болып табылады. Бұл қабылдау екі түрлі принципті негізде, екі ыңғайда жүріп жатады: бірі калька жолымен, яғни аудару арқылы, екіншісі – дүниежүзі халықтары тілінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді және социалистік елдер тілінің сөздік құрамына енген советизмдерді сол қалпында қабылдау принципі. Жасалу жолдарының әрқайсысын жеке-жеке қарастырып, талдап беру келесі бір кезектің әңгімесі болғандықтан, біз әзірге мәселенің бұл жағына барыңқырамай отырмыз.

Жалпы есте болатын бір ақиқат, жасалу жолдары да алуан-алуан осы процестің бәрінде ана тілінің ежелден қалыптасқан, сыннан өткен заңдылықтары сақталып отыруға тиіс. Ол сақталмаған жерде термин тілге сіңбейді. Ондай термин уақыт сынынан өте алмай, керексіз элемент ретінде қолданыстан шығып қалады.

Сонымен, арнаулы ұғымдар мен арнаулы заттар және нәрселерді білдіретін дара мағыналы сөздер тобын **терминдер** деп тану керек.

Әдеби тіліміздің дамып, қалыптасу жолын бағдарласақ, кеңес өкіметі орнаған 67 жылдың ішінде терминологиялық

лексика үнемі бір қалыпта, бір бағытта дамып, қалыптасып отырмаған. Сөздердің терминдену сипаты әр алуан. Оның да бастау көзі, шарықтау шағы болған. Қазақ тілі терминдері Қазан төңкерісі жеңгеннен кейінгі алғашқы кезеңде, яғни 20-жылдарда елді жаппай сауаттандыру шаралары мықтап қолға алына бастаған тұста жасала бастайды. Ал сауаттандыру үшін жазудың тиянақталғаны керек. Міне, сондықтан да ә дегеннен-ақ алфавит пен орфография мәселесі күн тәртібіне қойылып, бұлармен қатар термин жасау принциптерінің сөз болуы тегіннен-тегін емес. Бұлар бейнелеп айтқанда, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын, бірін-бірі қатты керек ететін мәселелер.

Қазақ халқының сауат ашу тарихында үш түрлі жазу болғаны мәлім (араб, латын, орыс графикасына негізделген). Мұның әрқайсысының өзінше пайдалы жақтары мен кемшіліктері болды. Қай-қайсысы да кезінде сауат ашуға қызмет етті. Алайда жаңа өмірдің даму қарқыны араб пен латын жазуының кейбір кемшіліктерін көрсетпей тұра алмады. Осы кездегі жағдайды жетік білетін және өз халқының мәдени болашағын алдын ала болжай алатын зиялылар үкімет пен партияның қолдауының арқасында біртіндеп орыс графикасына негізделген жазудың қолайлы екенін түсінді. Сөйтіп 42 әріптен тұратын қазақ алфавиті ұлттық жазуымызды жөнге келтіріп, халқымызды прогреске жетеледі. Тереңдеп талдап жатпай-ақ мынандай қарапайым мысалдың өзінен-ақ араб, латын жазуларының сапасын анықтауға болады. Мәселен, араб алфавитінің құрамындағы небәрі үш дауысты дыбыс, негізінде үнді, әуезді, ашық дауыстылардан келетін қазақ сөздерін жазуға келгенде жетімсіздігі, кемшілігі байқала берді. Өйткені онда қазақ тілінің 9 дауыстысына сәйкес келетін дыбыстар жоқ еді. Ал латын жазуына келетін болсақ, алғашқыда қалтқысыз қызмет еткенмен, көптеген сөздерді, әсіресе, халықаралық терминдерді дұрыс таңдауда мұның да олпы-солпы тұстары жетерлік болатын. Мәселен, физика, химия, хлор, фабрика, цемент тәрізді терминдерді *пизика, қыймия, қылор, пәбірінке, семент* деп жазып былықтырдық. Ал енді бұларды қазіргі

кейпінде жазып қалыптастыруға дейін қаншама талас-тартыс, дау-дамайдың болғанын білеміз. Әсіресе ана тілін өзге тілдер «шабуылынан» таза ұстауды көздеген жалған патриотизм бой көрсеткені де рас. Осындай пуристік ағымды қатты ұстаған топ ол кезде халықаралық және кеңестік терминдерін, жобасы келсін-келмесін, қалайда қазақшалауды мақсат еткен. Кезінде қара айғырдың – паровоз, отарбаның – поезд, бибауырмашылдық – интернационалистік, орданың – институт, ортақшылдық – коммунист мағынасында алынуы осыған дәлел. Тілдің даму заңдылығы бұл әрекеттердің дәйексіз болғандығын дәлелдеп шықты.

Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуына 1933 жылы құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының рөлі ерекше болды. Оның алғашқы төрағасы профессор Құдайберген Жұбановтың басшылығымен комиссия мүшелері азғана жылдың ішінде қыруар жұмыс істеген. Басқасын қойғанда, 1935 жылы мәдениет қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық I съезі өткізілер қарсаңда жұртшылыққа ұсынылған Мемтерминком Бюллетенінің төрт санының өзі-ақ осы кезде істелген шаруалар жайында біраз мағлұмат береді. Термин жасау, қабылдау принциптерін ғылыми заңдылықтарға негізделіп, талас туғызып жүрген біраз мәселелердің беті ашылды, бірыңғай ғылыми жүйеге көшті.

Съезде Қ. Жұбанов ұсынған жоба талқыланды. Ол жобада қазақ терминологиясын жасаудың, халықаралық терминдерді қабылдау, оларды қолдану, тұрақтандырудың ғылыми принциптері жан-жақты қамтылған болатын. Міне, содан бері Мемлекеттік терминология комиссиясы қазақ терминологиясын бірізге түсіруде үлкен жұмыс атқарып келді. Ғылым мен техника сала-саласы бойынша сан түрлі терминдер сарапқа түсіп, мамандардың талқысынан өтіп, күнделікті қолданысқа жолдама алды. Олардың көбі ана тіліміздің сөздік құрамына еніп, әсіресе ғылыми ой-пікірді өрнектеуге жұмсалатын құрал есебінде арнайы қызмет атқарып келеді. Терминология шаруашылығында күнделікті жүргізілген осындай шаралардың нәтижесінде қазір қазақ тілінің терминдік жүйесі біршама қалыптасып қалды деп

айта аламыз. Қай ғылым саласын қарасаңыз да өзіндік терминдік жүйесі бар. Бұлар әдеби тіліміздің шеберлігін ұлғайтып, икемділігін арттырып, ғылыми өрісін ұзартып отырған лексикалық байлығымыз.

Термин жасау мен қалыптастыруда күнделікті баспасөз бен баспа орындарының, радио мен телевидениенің қызметі айрықша. Қазір әдеби тілімізге сіңісіп, байырғы сөздер қатарына қосыла бастаған қаншама термин о баста көпшілікке қызмет ететін осы органдар арқылы іске жаратылып, жүйеленген болатын.

Қазақ тілі терминологиясының даму кезеңдерінің бірі ретінде аударма ісінің жандануын айту керек. Әсіресе марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты қаншама сөздер қайтадан електен өтіп, бұрын бұйығы жатқан мағыналық бірліктер қайта жаңғырып, терминдік мәнге ие болды. Сөйтіп, қоғамдық-саяси терминологияны жинақтап, жүйелеп алдық. Бұл үрдісте қазақ тілінің төл сөздері, тіпті байырғы көне лексикалық қабаттар, арабизмдер мен парсизмдерге дейін сарапқа түсті. Қарап отырсақ, осылай саналы түрде реттеу, жүйелеу барысында тіліміздің бүгінгі болмысында зор мүмкіншіліктер көзі ашылған екен.

Кейде терминдер шеруінен тіксініп, тіліміздің бейнелі қасиетінен, өз табиғатынан айырылып бара жатқан жоқ па деп қауіп ойлайтындар табылады. Егер әдеби тілдің қоғам өміріндегі даму заңдылықтарына саналы көзбен қарасақ, «бұзып-жарып» бұра тартатын пәлендей өрескелдік жоқ. Жоғарыда ескерткеніміздей, тіліміздің даму өзгешелігіне орай түзілген принциптер негізінде терминологиялық лексика әдеби тіліміздің үлкен бір тармағы есебінде бой көрсетіп отыр.

Принциптер дегенде, оның ең басты екі түріне назар аударған жөн. Бірі – термин жасауда төл сөздерімізді кеңірек пайдалану болса, екіншісі – орыс және халықаралық терминдерді әжетке жарату. Мұның өзі екі ыңғайда бой көрсетеді. Аударуға келетінін аударып, калька жасау жолымен тілімізге сіңген көптеген терминдер бар. Мәселен,

өнеркәсіп, жемішөп, бесжылдық, социалистік міндеттеме, қызыл бұрыш, үндеу, шешім, бұйрық, шығарма т.б. толып жатқан терминдер тіл байлығына айналып кетті. Егер ана тілімізде толық мағынасын беруге болмайтын жағдайда, терминдерді сол түпнұсқадағы қалпын сақтап алу бірден-бір дұрыс тәсіл деп ойлаймыз.

Космос, станция, фабрика, рентген, орбита, композиция, ракета, спутник, механика, алгебра, т.т. қазақ тілінің байлығына қосылып отырған қазына.

Іргелес отырған елдер тілі біріне-бірі әсер етпей тұрмайтынын талай тарихи деректер растайды. Мәселен, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің көптеген сөздері қазір орыс тілінің игілігіне айналған. Бұл жағдайда ертелі-кеш шығып жатқан екі тілді, түсіндірме және екі тілде баяндайтын сөздіктер материалдармен танысуға болады. Әсіресе «Орыс тілі құрамындағы түркизмдер» деп аталатын Е.Н. Шипованың кітабын қарасақ, толып жатқан мысал табасыз. Орыс баспасөзі мен орыс жазушылары шығармаларының кез келгенінен мынандай сөздерді кездестіреміз: *адам, айтыс, ақын, арғымақ, арқан, ауыл, базар, бәйге, бауырсақ, бешипет, болат, жайлау, дихан, жігіт, жайран, домбыра, дастархан, доға, қазы, қазына, қаймақ, қаракөл, қарға, қатық, кетпен, қанжар, кірпіш, қобыз, көш, көк сағыз, құймақ, құрт, маржан, марал, мата, нар, наурыз, орда, отар, сазан, сайғақ, сақпан, сабан, сандық, сарай, сүйрік (севрюга), сел, сырға (серьги), тостаган (стакан), табын, тобылғы, тақыр, таңба, текемет, той, тілмаш, тұлпар, тұмақ, түрме, ұлыс, өрік, хан, шайхана, шапан, шекпен, шонақ, сорпа, жарлық, жақұт,* т.б. сөздер осыған дәлел.

Осыдан шығатын қорытынды – тілдердің өзара байланысы, сөз алмасу, яғни ауыс-түйіс жасауы табиғи құбылыс. Тіл қашанда өзінің құрамына керектіні алып, керексізді қабылдамайды. Әрине, бұл процеске, өмірдің даму заңдылығына қоғамның талап-тілегіне орай, саналы түрде араласып, оны белгілі бір жүйеге түсіріп қалыптастырып отыратын кез болады. Қазақ тілі терминологиясының даму,

қалыптасу тарихынан біз осыны байқаймыз. Ендеше әдеби тіліміздің бүгінгі болмысында табиғи өріс және жақсы жарасымдылық бар. Қазір ана тіліміздің мүмкіншілігінің бұрынғыдан да молайғаны соншалық, әлемде болып жатқан оқиғалардың қандайын болсын, кемеңгер мұраттар мен ғылыми ой-пікірлердің қандайын болсын қалағаныңызша баяндап бере алатын, тіпті суреттеп бере алатын қуаты бар дамыған тілдер қатарында. 12 миллионға жуық халықтың әжетіне мүлтіксіз жарап отырған тілдің болашағы бүгінгіден де жарқын.

ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ОРТАҚТАСТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

XXI ғасыр тек қазақ халқының алдына ғана емес, тұтас түркі тектес жұрттардың алдына мол мүмкіндіктер ашуымен бірге шешімін табуды көздейтін зор міндеттер де қоюымен ерекшеленуде. Рухани құбыланаманы анықтауда, ғылымның сан алуан саласында зерттеулер жасап, ізденістер жүргізуде осы кезге дейін біржақты еуропаменмендік («ұлы орыстық») ой-арна аясында қалыптасып қалған әдіс-тәсілдер мен негіз-тіректерге, көзқарастық бағдарларға ғана сүйеніп, елеулі табыстарға жете алмайтынымыз әрі көне сүрлеуді шиырлаудан аса алмай, көшірінді еліктеушілік шеңберден шыға алмайтынымыз анық болып тұр. Оның үстіне Кеңес Одағы аясында өмір сүрген түркі халықтарының ойлау жүйесіне ғасырға жуық уақыт бойы үстемдік еткен «формасы – социалистік, мазмұны – ұлттық» әдіс-тәсілдің де тигізген әсер-ықпалы аз емес.

Дербес даму арнасына түскенімізге біршама уақыт өткеніне қарамастан, одақтық (ұлы орыстық) ой-арна құрсауынан құрық үзіп шығудың өзі оңайға түспей тұрғанын жасырмауға тиіспіз. Әдетте, белгілі бір жағдай аясында туындаған мәселені сол кезеңде қалыптасқан ойлау жүйесі арқылы шешу мүмкін де емес. Мұны қай-қай салаға қатысты болсын дәлел-дәйекті молынан келтіре отырып айтуымызға әбден болады.

Еліміздің ғылыми-зерттеушілік өрісінде қазақ тілінде өзіндік бағыт-бағдары, соны пайымдау жүйелері бар дербес ғылым жасаудан гөрі орыс оқымыстыларының зерттеулеріндегі жетекші ойлар мен ғылыми әдістемелерге, солар арқылы жеткен еуропалық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын, ой-байламдары мен қалып-нысандарын негіз ете отырып, ұлт өмірінен мысалдар енгізу арқылы ғылыми ізденістер жасаудың ишаралық түріне ден қоюшылықтың етек алғаны да рас. Қысқаша қайырғанда, бұл құбылысты ғылыми-зерттеушілік деуден гөрі «ғылымды түсіндірушілік» деп атасақ, ауа жайыла қоймаспыз.

Әлбетте, елімізде осы кезге дейін жүргізілген ғылыми ізденістердің барлығын біржақты теріс бағалауға болмайды және оған қақымыз да жоқ. Ғылымның белгілі бір салаларында елеулі жетістіктерге қол жеткізгеніміз де рас. Бірқатар гуманитарлық салалар болмаса, жаратылыстану саласы бойынша ғылыми зерттеулердің толықтай орыс тілінде жүргізілгені және бұл үрдістің қазіргі күннің өзінде оңалып кете қоймағаны мәлім. Сондықтан ащы да болса ауық-ауық ақиқатқа жүгініп, одан ауытқымауға ұмтылып отырудың ісімізге келтірер пайдасы болмаса, тигізер зияны жоқ.

Жалпыға белгілі жалқы жәйттерді тәптіштеп жатуымыздың сыры өмір бойы «үйренушілік» позициясын ұстанудың ұшпаққа шығармайтындығын көрсетуден туындап жатыр. Жоғарыда келтірілген жәйттердің ғылымға тірек болар төл терминдер жүйесін қалыптастыруға да тікелей қатысы бар. Ғылым – жалпы адамзатқа ортақ игілік болғанымен, оны әрбір ұлт өз тілінде игеріп, таңбалап, ары қарай өрістетуге қақысы бар екендігі де талас туғызбайтын ақиқат. Бұл маңызды мәселе түркі халықтарына да жат емес. Кеңес Одағы ыдырап, түркі мемлекеттері жеке-жеке шаңырақ көтеруіне орай терминологиялық жұмыстарға қатысты да елеулі өзгерістер орын алды. Бұрын қалыптасқан терминжасам қағидаттары да қайта қаралып, жаңа қағидаттар белгіленді. Тілдің табиғи заңдылықтары ескерілді. Осыған байланысты халықаралық аяда қолданылып жүрген сан салалы терминдердің ұлттық тілдердегі баламалары

пайда болды, жаңа терминдер жасалды, үздіксіз ізденістер қарқын алды. Осы ретте артық-кем тұстар да бой көрсетті. Біздіңше, ендігі кезекте мынадай келелі жайттарға назар аудару қажет секілді.

Біріншіден, қоғамдық-саяси өмір мен ғылымның сан саласында халықаралық аяда кеңінен қолданылып жүрген және жаңадан пайда болған терминдерді ана тілімізде баламалау кезінде түркі халықтары бөлек-бөлек бағыт ұстанбай, ұлттық терминологиялық жүйелерін ортақтастыру жайын қолға алғандары жөн.

Екіншіден, ғылымның жаңа салаларын бірлесе өрістетіп, әлемге тың ғылыми бағыттар ұсынуды ойластырмай, іргелі елдердің қатарына кіре алмайтындығымызды ұғынғанымыз абзал.

Міне, осы екі бағыттағы жұмыстарды ынтымақтаса, үйлестіре отыра жүргізсек, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге жол ашылар еді. Және бұл жұмыстарды болашақ «Тұтас Түркістан» идеясының іске асуына қаланар іргетас, маңызды қадам ретінде қарауға да мүмкіндік бар. Ақыл, күш біріктіруден ұтпасақ, ұтылмайтынымыз айдан анық. Әлбетте, мұны іске асырудың түрлі қиындықтары бар екендігі сөзсіз. Қаржылық, интеллектуалдық ресурстарды топтастыруды айтпағанның өзінде, саяси шешім қабылдау, ұлттық өзімшілдікке бой алдыру секілді тосқауылдардың да кесе-көлденең тұрмайтынына кепілдік бере алмаймыз. Сондай-ақ бұндай бірлестікке мүдделі емес тараптар жағынан туындайтын түрлі қысымдардың да бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда түркі халықтарының қай-қайсысы болсын, дүние дидарында дамыған мемлекет ретінде өмір сүруі үшін осынау арманды іске асырмай болмайды. Бұл мәселеге біз қайта-қайта айналып соға беретін боламыз.

Егер түркі халықтары ортақ бірлестікке қол жеткізіп, үлкен одаққа айналмаса, түптің түбінде шағын елдер ретінде ірі мемлекеттерге жем болуы ғажап емес. Сондықтан да біз биік мақсаттарға ұмтыла отырып, шағын болса да үздіксіз қадамдар жасай бергеніміз абзал. Бұл қадам мәдени өріс,

тілдік тұтастық саласындағы рухани қарым-қатынастардан бастау алғаны тиімді.

Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі – белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында, әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол.

Бұл ретте негізгі сөз ортақ тіл туралы емес, ортақ терминология қалыптастыру жайында болып отырғанын қаперден шығармаған жөн. Ортақ терминологиялық жүйе құру арқылы аз санды түркі халықтарының жойылып кетуіне тосқауыл қоюға әрі түркі халықтарының одақтаса отырып, нығаюына қол жеткізуге болады деп білеміз.

Бұл мәселе экономикалық жағынан да тиімді. Өйткені алдымыздан 200 миллионнан артық тұтынушысы бар кеңістік ашылар еді. Бүкіләлемдік ғылыми ақпаратты ұлттық тіл арқылы игергенімізбен, мұны тұтынуға келгенде өз нарығымыздың тарлық етуі мүмкін екендігін де ойлауымыз керек. Яғни әрбір түркі халқының ұлттық тілінде ғылыми терминологияға балама тапқанымызбен, оны пайдалану жағы кемшін болады. Сондықтан ортақ түркі терминологиясын қалыптастырғанымыз жөн. Бұл үлкен синергетикалық әсер береді.

Бұл орайда түркі халықтарының осы кезге дейін жасаған, қалыптастырған термин-атаулары мен ұлттық балаларын өзгерте алмаймыз және оның қажеті де жоқ. Өйткені бұлай жасау арқылы біз ыңғайсыздық пен келіспеушілікті тудырамыз, оның үстіне шалағайлыққа, түсініксіздікке ұрынамыз. Сондықтан барын сол қалпында қалдырып, бұдан кейінгі істерімізді үйлестіре алсақ та тақиямызға тар келмейді.

Әрине, терминологияны ортақтастыру жекелеген ғалымдар шеше салатын іс емес. Бұл мәселемен түбегейлі айна-

лысатын түркі мемлекеттерінің терминолог мамандарынан құрылған арнайы ғылыми орталық керек. Әсіресе, осыған дейін әр елде әр алуан күй кешіп, өз халінше еңбек етіп жатқан әрқилы қоғам, ұйым, одақтардың іс-тәжірибелерін осы іске жұмылдырсақ, айтарлықтай нәтиже берер еді. Мүмкін бұл орталықты Түрксой жанынан ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасау керек шығар. Бірақ қалай болғанда да сең қозғалды, сана оянды. Осы бағыттағы әрекеттеріміз жинақталып, бір арнаға түсетініне сеніміміз кәміл.

Зиялы қауым үнемі осындай мәселелерді алқаға салып, кеңесіп отыруды дәстүрге айналдырса мақұл болар еді.

Жалпы термин пайда болу үшін сол терминге негіз боларлық оқиға қажет. Оқиға, құбылыс болмаса, оны атаудың да қажеттігі болмас еді. Сондықтан біз үнемі қабылдағыш, алғыш бола бермей, өзіміз де жасағыш, ат бергіш санатына өтуіміз керек. Кез келген тіл осындай ғылыми табыстары арқылы көгереді. Қолданыс аясы кеңейеді. Белгілі бір салада басымдық танытып, жетекшілікке ие болмай, тілдік өркендеуге жету қиын.

Мысалы, ХІХ ғасырдың соңында халықаралық саудасаттық артып, жүк тасымалдау саласының дамуына орай іргелі отаршыл державалар – Англия, Франция, Голландия, Германия және Италия секілді елдер суырылып алға шықты. Осыған орай шаруашылық-құқықтық, нарықтық қатынастарды, теңізде кемемен жүру қауіпсіздігін реттеу үшін халықаралық одақтар мен әртүрлі қауымдастықтар, институттар пайда болды. Теңіз көлігінде қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу үшін ортақ тіл ретінде ағылшын тілі, ал теміржолда француз тілі таңдап алынды. Ағылшын тіліне артықшылық берілуінің мәні теңіздегі құқықтық қарым-қатынастарды реттеу ағылшын құқығына негізделген еді. Ал француз тілінде халықаралық теміржолмен жүк және жолаушылар тасымалдау конвенциялары жасалды. Осы арқылы әлемде көлік тасымалы саласындағы терминологиялық жүйеде ағылшын және француз тілдері үстемдікке ие болды.

Соңғы кезде компьютердің пайда болуына орай қаншама құбылыстар ашылды. Саланың әрбір жаңа құбылыстарын

атау үшін көптеген термин қажеттігі туды. Соны терминологтер жиылып алып, қалай атаймыз деп отырған жоқ. Компьютерші мамандар процесс барысында пайда болған әрбір жаңа құбылысқа өздері атау беруде. Компьютер Америкада ойлап табылғандықтан, ақпараттық технология атауларының бәрі ағылшын тілінде болатыны заңды.

Сол секілді түркі халықтары немесе қазақ халқы белгілі бір саланы дамытып алып кетсе, сол сала терминдері түгелдей қазақша жасалып, әлемге солай таралар еді. Жоғарыда айтылған екінші мақсаттан туындайтын міндеттер осыған тікелей байланысты. Біз халықаралық өредегі осындай басқосулар аталған мақсаттар үдесінен шығуға сеп болса игі деп тілейміз.

«СӨЗ ТҮЗЕЛДІ, ТЫҢДАУШЫ, СЕН ДЕ ТҮЗЕЛ»

Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауын тыңдағанда ұлы Абайдың осы сөзі ойға оралады. «Қуатты ойдан бас құрап» буырқанған лек-лек сөз орамдары мен толқын-толқын толғақты пікірлер сан түрлі ойларға жетелейді. Тыңдаушысын ұйытып, қиялдарына қанат байлайды. Ел халқын ауқымды ойлар аясына біріктіріп, ортақ істерге жұмылдырады. Тағы да ойшыл бабамыз Абайға жүгінсек, «егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір өзіңнен-өзің есеп ал» демей ме. Елбасының жыл сайынғы Жолдауларын еліміздің жылына бір рет өз-өзіне есеп беруі, алды-артын пайымдап, алға басар қадамдарын анықтауы деп қабылдауға болатын секілді.

Елбасының биылғы Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталған. Көптеген елдерді дағдарыс дендеген қазіргі кезеңде әлеуметтік-экономикалық мәселелерге басты назар аудару орынды-ақ. Қатерлі жерде қаперсіз отыру жарамайды. Уақыт ұсынар сындарға ерте бастан қам қылып, қажетті

құралдарымызды сайлап алу өрелі елге тән есті іс. Бұл шаралар таяудағы он жылдық даму өрісіміздегі басымдықтар қатарына жатқызылған. Жолдауда экономикалық мәселелермен қатар руханият жайы да тиісінше көрініс тапқан. Бүгінгі заман алдымызға тартып отырған мәселелерді шешу үшін ұлт көшбасшысы нақты он түрлі міндетті қойып, іске асыруды ұсынды. Енді ретімен осы міндеттерді тарата баяндалық.

Алдымен көтерілген мәселенің бастысы – ел халқын *жұмыспен қамту* жайы. Қай елді алсақ та, күрмеуі қиын мәселелердің қатарына жұмыссыздық жатады. Әлеуметтік ширығыстардың шиеленісуі, қанқұйлы қылмыстардың көбеюі, қоғам тұрақтылығының шытынауы, халық толқуларының етек алуы секілді жағымсыз жайттардың бәрінің де астарында жұмыссыздық және содан туындайтын әлеуметтік наразылықтар табы жатыр. Барар жер, басар тауы қалмай, екі қолға бір күрек таба алмай сенделген адамның ақыр соңында «тұяқ серпуге» баратынына таңғалуға болмайды. Сондықтан да Елбасының жұмыссыздықты азайтып, халықты еңбекпен қамтамасыз етуді Үкімет алдына нақты міндет етіп тапсыруы өте маңызды қадам деп білеміз.

Екінші міндет етіп қойып отырған *қолжетімді баспана* мәселесі де өте өзекті. Жолдауда Елбасы бұл мәселені қазақша айтты. Өйткені баспана әлі күнге қазақтың жан ауруы болып келе жатыр. Қалалық жерде баспана зарын тартпаған қазақтың баласы кемде-кем. Әлбетте, үйі жоқтың күйі жоқ. Басында баспанасы, алдында тұрақты жұмысы болмағандықтан, қазақтың талай баласы бас құрап, отбасы бола алмай жүр. Осы күні халықтың санын қалай көбейтеміз деген сыңайда өтіп жатқан жиындарда қисап жоқ. Құрғақ уағыздан гөрі осы секілді нақты ұсыныстар мәселені шешуге көбірек ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл орайда жаппай тегін үйдің аулы алыс. Аталған бағдарлама аясында салынатын тұрғын үйлер жалға берілмек, қалтасы көтергендер артынан сатып алады. Осы міндетті іске асыру үшін Елбасы Үкіметке жаңа «Қолжетімді

баспана-2020» бағдарламасын даярлап, бекітуді тапсырды. Бағдарламаға қосар бірер ұсыныс бар. Жеңілдікпен жалға берілетін үйлерді үлестіруде және жалдау ақысын белгілеуде отбасы мүшелерінің саны қаперге алынса, бала санының көптігіне байланысты жалдау ақысы мейлінше азайтылса, ал балаларының саны бесеуден асатындарға тұрғын үй тегін берілсе жөн болар еді. Бұл шара жан санының өсуіне және әлеуметтік теңдікті орнатуға жол ашар еді. Үш адамнан тұратын отбасы мен алты адамнан тұратын отбасы екеуіне бірдей жалдау ақы белгілеу әділдікке жатпайды. Жаңа бағдарламада осы жағы ескерілсе екен дейміз.

Жолдауда көтерілген үшінші мәселе – *өңірлерді дамыту* жайы. Өңірлер дегеніміз негізінен қазақтар қоныс тепкен қазақтың байтақ даласы, кенді, сөлді елді мекендер. Өңірлерге шындап көңіл бөлінсе, қажетті инфрақұрылымдар салынса, жаңа өндіріс орындары ашылса, елдің шырайы кіріп-ақ қалар еді. Жұмыстың жүйелі жүруі үшін осы салаға арнап та бағдарлама жасау тапсырылды. Осы кезге дейін де ауылды дамытуға, ауызсумен қамтамасыз етуге арнап қаншама бағдарламалар қабылданған болатын. Жаңа бағдарлама да солардың кебін құшпаса екен дейміз. Жолдауда бұл мәселенің де қазақша айтылуына қарап, мұның да тікелей қазақтарға қатысты екендігін аңғарамыз.

Төртінші міндет халыққа көрсетілетін *мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру*. Әсіресе, Елбасының электронды үкімет жобасын дамытуды тапсыруы ерекше құптарлық іс. Халықты қаптаған қағазбастылықтан, түрлі әкімшілік кедергілерден арылтып, уақытын үнемдеуде бұл жобаның берері көп. Осы орайда халықты тек компьютерлік сауатын арттыруда белсенді болуға шақырып қоймай, компьютерге, байланыс пен интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ететіндей шараларды қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді деймін.

Қазіргі заман – ақпараттық технологиялар заманы. Ал ақпараттық технологиямыз қай тілде? Электрондық үкімет арқылы халыққа қызмет қай тілде көрсетіледі? Мұны пайдалануға жоғарыда аталған өңірлерде мекендеп жатқан

қазақтардың мүмкіндігі келе ме? Электрондық үкімет аясындағы көрсетілетін қызметтер, ақпараттық ресурстар, бағдарламалық өнімдер қазақ тілінде жасалған ба және қазақ тілін техникалық тұрғыдан қолдай ма? Міне, тиісті орындар осы сұрақтар төңірегінде жақсылап ойланып, жаңа технологияларда қазақ тілінің заңға сәйкес басым қолдануына қол жеткізуі тиіс. Жолдауда бұл мәселе орыс тілінде айтылған. Осыған қарап, біздің іс басындағы жауапты қызметкерлеріміз бұрынғы әдетімен ақпараттық технология саласына қазақ тілін жақындатпауын ары қарай жалғастыра бермес деп ойлаймыз.

Осы кезге дейін бірде-бір компьютерлік бағдарлама қазақ тілінде дайындалмапты. Банк саласында, бухгалтерлік істе, зейнетақы қорларында, салықтық есепте, байланыс жүйелерінде, т.б. салаларда қолданылатын бағдарламалық өнімдердің барлығы да орыс тілінде. Халықтың күнделікті өмірінде тұтынатын осы қызмет түрлерінде қазақ тілі қолданылмаса, оның несі мемлекеттік тіл. Бұл ел Конституциясын, мемлекеттік тілдің қолданысын реттейтін заңдар талаптарын өрескел бұзу емес пе?! Сондықтан бұдан былай елімізге шеттен кіретін компьютерлік бағдарламалардың міндетті түрде қазақ тіліндегі нұсқасының болу талабы қойылуы керек. Екіншіден, ел ішінде қолданылып жүрген компьютерлік бағдарламалар мемлекеттік тілде әзірленуі тиіс. Егер біз қазақ тілін ақпараттық технология саласында пайдаланбайтын және оны міндеттемейтін болсақ, онда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп дабырайтудың да мәні жоқ қой деп ойлаймыз. Бұл орайда Елбасы ауық-ауық көтеріп жүрген латын әліпбиіне көшу мәселесін де қайта күн тәртібіне шығаруды ойластырғанымыз жөн секілді.

Жолдауда бұдан кейін көтерілген мемлекеттік басқарушылардың біліктілігін арттыру, сот және құқық қорғау жүйелерін модернизациялау, адам капиталының сапалық өсуіне қол жеткізу, бұл үшін білім мен денсаулық сақтау жүйелерін модернизациялау, зейнетақы жүйесін жетілдіру, индустриалды-инновациялық жобаларды табысты іске асыру мәселелерінің де мәні зор. Бұлар орыс тілінде баян-

далған. Елбасы Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында трансұлттық қылмыстарға қарсы тұру үшін Интерпол секілді Евразпол – Евразия полициясын құру идеясын ұсынады. Әрине, оның тиімділігі, құрудың шарттары, жұмыс істеу тәртібі туралы тиісті мамандар сараптай жатар. Қазақ елінің бір азаматы ретінде ұлт үстінен қарайтын ұйымдар құра беруге тым әуестенбей, аталған мәселені Кедендік одаққа мүше елдердің құқық қорғау органдары арасындағы келісімдерге сай өзара қарым-қатынас жасау арқылы де реттеуге болады ғой деп ойлаймын. Оның сыртында еліміз Интерполға мүше. Бір басымызға оның да көмегі жетіп артылса керек.

Елбасы білім сапасын көтеру, педагогтердің біліктілігін арттыру жайын қадап тапсыра отырып, өскелең ұрпақтың тәрбие мәселесін де шет қалдырмауды ұсынды. Осында жасөспірімдер бойына сіңірілуге тиісті құндылықтар ретінде патриоттық тәрбие, әдеп пен өнеге нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, бойды да, ойды да дамыту, заңға мойынсұнушылық аталады. Әрине, отаншыл ұрпақ – отандық тілден басталады. Отандық тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілін білмей, Қазақ елінің патриоты болу қиын. Өйткені ұлы Ғабит Мүсірепов айтқандай, «ана тілін білмеген адам ұлтына қызмет етпейді». Сондықтан да Елбасы бұл жолы да мемлекеттік тіл жайына арнайы тоқталып өтті.

Елбасы: «Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 процентке дейін жететін болады.

Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр. Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметтегілер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет», – деген еді. Өткен жылғы Жолдауда да осы мәселеге арнайы тоқталып, 2020 жылы мектеп бітірушілер толығымен мемлекеттік тілді меңгеріп шығатын болады деген болатын. Бұл не деген сөз? Бұл еліміздегі бүкіл балабақшалар мен мектептер тәрбиеленушілер мен оқушыларға бұдан былай тек қана мемлекеттік тілде тәрбие беріп, оқытуы тиіс деген сөз.

Нұрсұлтан Әбішұлының Білім министрлігінің алдына қойып отырған міндетін осылай түсіну керек.

Бұл орайда басқа ұйымдар да, қоғам да қарап қалмауы қажет. Қолданыстағы заңдарға сәйкес баласының қай тілде білім алуын ата-анасы анықтайды. Орыс тілінде білім беретін мектептердің басым бөлігін қазақтың қаракөз балалары толықтырып отырғаны жасырын емес. Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығын артқа тастап отырған кезде әлі күнге бұрынғы санадан арылмауды ақтауға болмайды. Сондықтан Қоғамның ендігі күш салатын тұсы балабақшалар мен бастауыш білімді толықтай қазақшаға көшіру жайы болуы керек.

Қазіргі таңда елімізде қазақтардың және қазақ тілді қауымның үлесі артқанымен, олардың мәдени-ақпараттық сұраныстары қазақ тіліндегі өнімдермен толық қамтамасыз етіліп отырған жоқ. Осыған байланысты аталған сұранысты зерттеу және соны тиісінше қамтамасыз ету жағын ойластырған да абзал. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті ұйымдар жұмысының негізгі өзегін осы құрауы тиіс.

Байқасақ, біз осы кезге дейін қорғану позициясын ұстанып келдік. Қорғану – үрейлену мен жасқанудан туындайды. Қазір шешуші сәт келді. Заман – ұрымтал әрі батыл қимылдауды талап етеді. Осыған орай енді біз бұдан былайғы кезеңде мемлекеттік тілдің үш өрісі туралы сөз қозғап, қам жасауымыз керек секілді. Біріншісі – мемлекеттік жүйедегі өрісі, екіншісі – қоғам мен ел ішіндегі өрісі және үшіншісі – халықаралық өрісі. Бұлар бірінен-бірі туындап жатады. Алдыңғы екі өрістің тұғыры мықты болса, ол сөзсіз үшінші өріске жол ашады. Тиісті мемлекеттік мекемелермен қатар Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы да қазақ тілінің қолданылу өрісін кеңейтудің түрлі жолдарын қарастырып қоймай, соны іске асыруға барынша атсалысуды өзінің негізгі мақсаты санайды. Қоғам тіл мәселесімен қатар рух мәселесін қолға алып, ұлттық идеялар мен ұлттық бастамалардың ошағы болуға ұмтылуда. Егер рух болмаса, ол – өлі қоғам. Жансыз, тұғырсыз қоғам. Сондықтан

ұлттың рухани өзегін бекітетін нәрселерге ұйытқы болуды көздесек, көп жоғымызды түгендеуге қол жетері даусыз.

Елбасының биылғы Жолдауынан түйген ойларымыздың бірпарасы осындай. Ендеше біз де данышпан бабамыздың аузымен «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дейміз.

ШЕТЕЛДЕ ТҰРАТЫН ОТАНДАСТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІНДЕ» СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы.

3.10.2013 жыл

Құрметті қандастар!

Қадірлі бауырлар!

Ең алдымен баршаңызды бүгінгі өнер мерекесімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Дүниеде уақыттың әмірі жүрмейтін күдірет табылатын болса, ол күдіреттің бірегейі – өнер. Адамның өмірі шектеулі болғанымен, өнер – шексіз. Ғасырлардан ғасырға адам ауыспайды. Алайда олардың қолынан шыққан ғажайып өнер туындылары, сезімінен туған әндері мен күйлері, тылсым сырға толы сәулет және кескін өнерінің жауһарлары, сазды әуеніне сүйемел болар музыкалық аспаптары қалады. Ұрпақ пен ұрпақты саз жалғастырады, өнер байланыстырады.

Ал тумысынан ақынжанды қазақ үшін өнердің орны бөлек. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген ақын сөзінде шындық бар. Бүгін Сіздер мен біздердің бәріміздің басымызды қара шаңырақ – Қазақ елінде қосып отырған да киелі қазақ өнері. Қасиетті тілімізден бастау, рухымыздан қуат алған ұлттық музыкалық мұрамыз, ұлттық нақыштар мен ою-өрнектерден өзек тартатын кескін өнері қазақтығымызды сақтауымыздың да бірден-бір кепілі. Сондықтан өнеріміз өрісті, ойымыз келісті болсын дей отырып, елден қиыр жайлап, шет қонған қандастарымыз жайлы бірқатар ойларымызды бүгін орайы келіп тұрғанда ортаға салғанды жөн көріп отырмын.

Әлемдегі тілдердің ахуалын зерттеушілердің деректеріне қарағанда, бүгінгі күні алты жарым мыңнан астам тіл бар көрінеді. Демек алты жарым мыңдай ұлт та бар деген сөз. Ал осы алты жарым мың ұлттың екі жүздейіне ғана мемлекет болу бақыты бұйырған. Екі жүз төрт тілдің ғана мемлекеттік мәртебесі бар. Осы екі жүз мемлекеттің қатарында Қазақ елінің болуы, әлемнің дамыған елу елінің ішіне кіріп, алдыңғы отыздыққа енуді мақсат етуі – біздің бағымыз. Енді осы бастағы бағымызды солқылдатпай ұстап тұру, бағасын біліп, бақытын асыру баршамыздың парызымыз, керек болса, тікелей міндетіміз.

Ұлттығымызды да, мемлекеттігімізді де баянды етудің төте жолы – туған тілімізді сақтап қана қоймай, оны заман қажетіне сай үздіксіз дамытып, жетілдіріп отыруда. Өйткені тіл бірлігі болмай – ел бірлігіне қол жеткізу қиын.

Әрине, осы уақытқа дейін тіліміздің өрісін ашу бағытында қыруар шаруалар атқарылып келеді. Токсаныншы жылдармен салыстырғанда тіліміздің жағдайы көш ілгері екендігі сөзсіз. Еліміздің орта мектептерінде қазақ тілінде білім алушылардың саны жетпіс пайыздан асуы үлкен үміт күттіріп қана қоймайды, сонымен бірге таразы басының қазақ тіліне қарай ауғанын, болашақта бар салада үстемдікке ие болатынын айдан анық көрсетеді. Дегенмен әлі күнге осы салада шешімін таппаған мәселелер жетерлік. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы оларды үздіксіз көтеріп келеді, көтере береді де.

Енді ерекше назар аударуды қалайтын мәселенің бірі – шетелдегі қазақтардың тағдыры. Қазіргі кезде қазақтың үштен бірі, яғни 5 миллион қазақ шетелдерде мекендеп жатыр. Бұл – бір орташа мемлекеттің халқына парапар халық. Сондықтан бізді сырттағы қандастарымыздың тағдыры ерекше алаң-датуы тиіс. Аландауға негіз де жетерлік. Бұрын қазақтардың басым көпшілігі қоныстанған Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей елдерінде қазақ мектептері жұмыс істейтін. Соның арқасында қара орман жұрт қазақтықтарынан ажырамай, тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтап келген еді. Қазіргі кезде Ресейде бір миллионнан астам қазақ тұрға-

нына карамастан, қазақ тіліндегі мектеп тұрмақ, қазақ тілі дейтін пән де оқытылмайды. Соның салдарынан Ресей қазақтарының ересектері болмаса, кейінгі жастары қазақ тілінен ада қалуға бет алды. Ал Қытай, Өзбекстан, Моңғолияда да қазақ мектептері барған сайын қусырылып келеді. Бірте-бірте олардың да Ресей қазақтарының кебін құшатыны сөзсіз. Ақиқатқа тура қарасақ, шеттегі қазақтардың барлығының Қазақстанға толық көшіп келе қоюы неғайбыл. Мысалы, Ресей қазақтарына келем десе ешқандай кедергі жоқ. Түркия, Еуропа қазақтарының да жылы орындарын суытқысы келмейтіні түсінікті. Сондықтан көші-қон ісін қайта жандандырумен бірге, шеттегі қазақтардың сол тұрғылықты жерінің өзінде қазақ тілі мен қазақтығынан ажырап қалмайтындай жағдайын ойластыру өте маңызды.

Шетелдегі қандастарымызбен қарым-қатынас жасауды Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына ғана тапсырып, қалғанымыз қарап отыруға болмайды. Қауымдастық – қоғамдық ұйым. Оның көп мәселені шешуге келгенде қауқары жете бермейді. Соңғы кездері ресми мекеме – Көші-қон комитетінің де жұмысы түсініксіз болып кетті. Басы жақсы басталған «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасының да аяғы сұйылды. Мұның соңы көштің біржола тоқтауына әкелді.

Сырттағы бес миллион қазақтың арқа сүйері де, үміт етері де ата жұрттары Қазақстан екені сөзсіз. Олардың тағдыры Қазақстанды бей-жай қалдырмауға тиіс. Бүгінгі өтіп жатқан шара да, шетелдегі қазақ оқушылары арасында өткізіліп келе жатқан дәстүрлі Қазақ тілі олимпиадасы да, үлкен-кіші құрылтайлар да осы бағыттағы игі істер екендігінде сөз жоқ. Бірақ бұлар аздық етеді. Бұл орайда кешенді шаралар қажет, жүйелі істер атқарған абзал.

Біз көбінесе Ресейдің ісін қайталауға құмармыз ғой. Осы орайда Ресейдің шетелдегі диаспораларына қатысты әрекеттерін үлгі етсек болады. Онда шетелдердегі орыс диаспораларымен қарым-қатынасты жүйелі жолға қою үшін министрлік деңгейіндегі арнайы «Россотрудничество» дейтін ресми федералдық агенттік жұмыс істейді. Одан

бөлек ондаған институттар, қорлар қызмет атқарады. «Русский мир» қоры арқылы шетелдерде орыс тілі мен мәдениетін насихаттауға бюджеттен миллиардтаған қаржы жұмсалуда. Сондықтан біздің елімізге де шетелдердегі бес миллион халықтың мәселесімен айналысатын арнайы ресми мекеме ашу әбден қажет. Мұны қазір орайы келіп тұрғанда құрып алмасақ, бірнеше жылдан кейін Еуразиялық одақ әбден күшіне мінген кезде мұндай мекеме туралы ойлаудың өзі мұң болуы мүмкін.

Баланың қазақ тіліндегі мектептен білім алмай қазақ тілінің уызына жаруы мүмкін емес. Бұл еліміздің ішінде де, тысында да үлкен мәселе болып отыр. Қытай, Өзбекстан, Моңғолия елдеріндегі қандастарымыздың ішінен өнерпаздардың көптеп шығуының өзі де оларда қазақ мектептерінің сақталуында, қазақ мектептерінен білім алуында екенін бәріміз білеміз. Ал миллионнан аса халық тұратын Ресейде бір де бір ақын не жазушының шықпауын тікелей осы қазақ мектептерінің жоқтығымен түсіндіруге болады. Яғни тілінен айырылған халық рухани бедеулікке ұшырайды екен.

Сондықтан Қазақстан Үкіметі өз елімізде орыс тіліне жасалып жатқан жағдайларды, орыс тілінде білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының мұртын бұзбай сақтап отырғандарын алға тарта отырып, дипломатиялық тетіктерді іске қосу арқылы Ресей билігінен қазақтар тығыз қоныстанған аймақтардан қазақ мектептерін ашу, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу мәселесін көтеру қажет. Сол секілді Қытайда, Өзбекстанда да жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды қолға алған жөн. Бұған қол жеткізе алмаған жағдайда, «Қазақ-түрік лицейлерінің» үлгісін пайдалануға болады.

Қазақтар мекендеп жатқан шетелдерде Гете институты секілді «Абай үйлерін» ашудың да маңызы зор болар еді. «Қазақ тілі» қоғамы Қазақстанның шетелдегі елшіліктеріне осы «Абай үйін» ұйымдастыру мәселесін қойып келеді. Алайда әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Сондықтан бұл мәселелерді кешенді түрде шешу үшін шетелдегі қазақтармен жұмыс жүргізудің жаңа тәсілін реттейтін арнайы

мемлекеттік бағдарлама қабылдаудың кезі келген секілді. Сонда осында айтылған мәселелердің бәрі қамтылып, жауапты мекемелері белгіленіп, тиісті қаражатпен қамтамасыз етіліп, жүйелі жұмыстарға қол жетер еді. Осы ұсыныстарды тиісті мекеме басшылары ескерер деп үміттенемін.

Сөз соңында бүгінгі өнер мерекесі тағы да құтты болсын, өнерпаздарымыздың өрісі кеңейе, тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін, талаптарына нұр жаусын деймін!

«ҰЛЫ ДҮНИЕЛЕР ҰЛТ ТІЛІНДЕ ҒАНА ЖАСАЛАДЫ»

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының
президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлымен сұхбат**

«Ана тілі» газеті Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының баспасөз органы ретінде дүниеге келіп, қалыптасқаны белгілі. Заман ыңғайына қарай тоқсаныншы жылдардың орта шенінде басылым өрістері бір болғанымен, Қоғамнан біршама қол үзіп қалған еді. «Ана тілі» газеті сол үрдісті қайта жалғауды жөн көріп отыр. Осы мақсатта газет бұдан былай өзінің бір бетін тұрақты түрде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының тыныс-тіршілігіне арнамақ. Осыған орай біз белгілі қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбайұлын әңгімеге тартқан едік.

– Өмірзақ Айтбайұлы, Сіз бүкіл саналы зұмырыңызды ана тіліміздің тағдырымен байланыстырып келесіз. Осы жолда зерттеулер жүргіздіңіз, ана тілінің мәртебесі үшін күресудесіз. Жалпы Сіз тіл майданына қалай келдіңіз және қазақ тілінің болашағы туралы қандай ой түйдіңіз?

– Оның рас, қарап отырсам мен тіл майданына өткен ғасырдың алпысыншы жылдары келіп қосылған екенмін. Ол кез кеңес өкіметінің әбден күшіне мініп нығайған, қазақ

тілінің тынысы күннен-күнге тарылып бара жатқан тұс еді ғой. Қазақ балабақшалары мен қазақ мектептері жаппай жабылып, Алматы қаласында жалғыз ғана қазақ мектебі жұмыс істеді. Сол кезеңде Алматы шаһарында оқып, үйленіп, қызметіне енді іліге бастаған жас мамандар алдынан шешуін тілеп тұрған күрделі мәселелердің бірі де осы еді. Бір де бір қазақша балабақшасы жоқ, мектебінің де сыйқы шамалы орталық қалада дүниеге енді келе бастаған сәбилерімізді қай жерде, қай тілде тәрбиелеу керек деген проблема алдымыздан көлденең шықты. Бұл мәселені алдымен Т. Әлімқұлов, Ш. Смақанұлы, Р. Бердібайұлы, Т. Кәкішев, Ж. Молдағалиев, С. Шәймерденов сынды ағаларымыз қозғады. Олар газет, журналдар арқылы өз ой-пікірлерін ашық айтып, ой тастады.

Жоғарыда айтқан мәселе менің де алдымнан шықты. Балаларымның тілі шыға бастаған. Үйде қазақша сөйлеуге тырысамыз, ал сыртқа шықса болды, орысша сайрай жөнеледі. Қарындасымның екі қызының да тілі орысша шыққан. Қазақша тәрбиелейтін балабақша іздей бастадық. Атымен жоқ. Інімді қазақ мектебіне берейін деген ниетімнен де түк шықпады. Сол кездегі №12 жалғыз қазақ орта мектебін бұрынғы орнынан (Комсомол мен К. Маркс көшесінің қиылысындағы) Көктөбе жаққа көшіріп, екі қабатты шағын 7 жылдық мектеп үйіне тығып тастапты. Қаланың жан-жағынан қатынайтын қазақтар мектеп жасындағы балаларын амалсыз тұрған жеріндегі орыс мектебіне беруге мәжбүрленген. Сол кезде ұлттық санасы ояна бастаған менің жоғарыда аты аталған замандастарым ұл-қызын жетелеп осы 12-ші мектепте бастары түйісе бастады. Сондай-ақ, бақша жасындағы балаларын орыс балабақшаларына амалсыз бере бастаған ата-ана өкілдерін бұл мәселе қатты ойландырды. Бұл сол кездегі қазақ зиялыларының алдында тұрған өмірлік мәселе болатын. Мемлекеттік тұрғыда шешілуге тиісті шаруа екенін біле тұра, әрқайсымыз өзімізше әрекет етіп, ұрпағымызды ана тілінен мақұрым қалдырмаудың әдіс-тәсілдерін өзімізше ойластыра бастадық.

Осы орайдағы әрекеттерімізді мен «Тіл майданының естен кетпес соқпақтары...» атты мақаламда тарата баяндағанмын. Сондықтан оған көп тоқталмай, қысқаша айтып өтейін.

Өзара ақылдасу, кеңесу барысында қазақ мектебінің ауыр халы жөнінде, қазақ балабақшаларын ашу туралы СОКП Орталық Комитетіне көпшілік атынан өтініш жолдадық. Өтініште қазақ мектебімен бірге үлкен әлеуметтік, мәдени маңызы зор мәселе ретінде қазақша балабақшалар ашу да сұралды. Ата-аналар комитетінің атынан топ құрып, аудандық оқу бөлімінен министрлікке дейінгі, аудандық партия комитеті мен Орталық комитеті аралығындағы мәселе шешеді-ау деген мекемелердің бәрінің есігін аштық. Алайда құр уәдеден басқа нәтижеге жете алмаған соң негізгі тілектер, жазылған өтініштерді алып Саламат Шалабаев Мәскеуге аттанды. Ол 1963 жылдың қараша айының 6-сында СОКП Орталық Комитетінде болып, мән-жайды түсіндірген. Сөйтіп ол Мәскеуден Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретарына телефон соғып, осы мәселені қарауды тапсырыпты. Осындай сергелдендердің арқасында біздің қойған талаптарымыздың бәрі шешімін тапты. №12 қазақ орта мектебі қалпына келтірілді. Алматы қаласындағы алты ауданда да балабақшалар ашылды. Әсіресе, осы мәселе бойынша біз алдынан өткен бастықтардың ішінде мәселені жанашырлықпен түсініп, іш тартып, жылы қабақ танытқан қалалық атқару комитетінің төрағасы Е. Дүйсенов болатын. Алайда қазақ тілінің мүшкіл халі бәрібір түзеле қойған жоқ. Бүкіл Қазақстан аумағында 700-800-ге таяу қазақ мектебі айдың күннің аманында өзінің өмір сүруін тоқтатты. Бұл кезіндегі партия саясатының «жемісі» еді.

Сонда таңғалғаным бар бәле өзімізде екен. Еліміздегі қазақ балабақшалары мен мектептерін Ресейден келіп ешкім жапқан жоқ. Олар «шаш ал десе, бас алатын» өзіміздің атқамінер пысықайларымыз екен. Сол дерттен әлі күнге дейін толық арыла алмай келеміз. Мұны айтып отырғаным, сол кездегі өмірлік жағдайлар мені табиғи түрде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына алып келген екен.

Ал қазақ тілінің болашағына келсек, тіліміздің болашағы – зор. Бұл жай лепірме сөз емес. Ғылыми тиянағы бар сөз. Қазақ тілінің мықтылығы, ол – әрі көне, әрі жас тіл. Тілімізде түркі тілдерінің оғыз, қыпшақ, қарлұқ тармақтарының барлығының элементтері сақталған. Бойына отырықшылық және көшпелі мәдениеттің белгілерін бірдей сіңірген. Табиғи қуаты мол, құнарлы, нәрлі, таза тіл. Біз сол қуатқа жалғана алмай жатырмыз. Сол қуатқа жалғансақ, Қазақ елі дамудың шырқау шыңына шығады.

– Сонда тілдің дамуға тікелей әсері бар ма?

– Әрине, тікелей байланысы бар. Шындығын айтсақ, ана тілін білмейтіндер, меңгермегендер елдің дамуына тежегіш болып отыр. Мұны олардың өздері сезбеуі мүмкін. Бірақ ақиқат осы. Бұған қарсы уәж айтушылар табылуы мүмкін. Құрғақ тілмен қай жерге дейін барасыздар. Мемлекеттік тілді білмесе де маман қажет деп. Әрине, маман да қажет. Оны сырттан шақырып алуға да болады. Қазір кейбір қат мамандарды қыруар қаржы төлеп шетелдерден жалдап алып жүрген жоқпыз ба. Тіпті Елбасының кеңесшілігіне де Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блэр жалдап алынды. Бірақ дана қазақтың «өзіңнен тумаң ұл болмас, етектен кесіп жең болмас» деген тәмсілін ұмытпағанымыз жөн.

Гете айтқан екен: «Ұлы дүниелер тек ұлт тілінде ғана жасалады» деп. Бұл рас. Біз өзге ұлттың тілінде сөйлеу арқылы, іс жүргізу арқылы қарнымызды тойдырармыз. Белгілі бір деңгейде экономикалық жетістіктерге де жетерміз. Бірақ тәуелсіздігі баянды, жоғары дамыған, басқалар санасатын ұлы ел бола алмаймыз. Өйткені ұлылықты, дамуды азықтандыратын рух болмайды. Рухтың негізі тілде жатыр. Туған тіл бізді тамырымызбен байланыстырады, сөзімізге, ісімізге, ойымызға жан береді. Ал жансыз, рухсыз ұшпаққа шыға қоюымыз неғайбыл.

Бір ғана мысал келтірейін. Қазір ағылшын тілін жақсы меңгерсе дамып кетеміз деген сөздер айтылуда. Мысалға жан саны жағынан қарайлас Қытай мен Үндістанды алайық.

Қытай халқының 5 пайызы ағылшын тілін меңгерген. Ал Үндістанның 95 пайызы ағылшын тілін біледі. Ал енді екеуінің экономикалық даму деңгейіне қараңыз. Аспан мен жердей емес пе. Тарих өз тілін ысырып қойып, өзге тіл арқылы ұшпаққа шыққан елді көрген жоқ, білмейді де. Ал Жапон елі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ана тілі мен ата дәстүріне мықтап ден қойды. Бүкіл тіршілік жүйесін ұлттық ұстынға негіздеді. Сол арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің сапына көтеріліп отыр. Біз осындай тәжірибелерден сабақ алуымыз керек.

Тіпті елде жемқорлықтың етек алуының бір себебі де тілге келіп тіреледі. Өйткені тіл білмейтіндер мен ана тілін менсінбейтіндер Қазақстанды уақытша мекен санайды, оның болашағына сенбейді, өздерінің, ұрпағының болашағын Қазақстанмен байланыстырмайды. Қазіргі мүмкіндікті пайдаланып, тек қалтасын толтыруды ғана ойлайды. Қазақстанның дамуы, жеке тәуелсіз ел болуы, мемлекеттік мүддесін қорғау секілді нәрселермен бастарын ауыртпайды. Тек бір күндігімен, жеке мүддесін алға шығарумен өмір сүреді. Бұлай болмаса, қаражатын шетелдік банктерге салып, жаппай шетелдерден үй алып қояр ма еді. Мұның барлығы да осы мәңгірттік дертіне шалдыққандардың кесірінен болып отыр.

Енді мәселені ашық әрі төтесінен қоюымыз керек. Мемлекеттік қызметке, ұлттық компаниялардың басшылығына, банктердің басшылығына қазақ тілін білетіндерді ғана қоюды талап ету қажет. Жеке банктердің басшыларын тағайындауға Ұлттық банк рұқсат береді. Сондықтан Ұлттық банк осыны талап етуі керек. Ол үшін Ұлттық банктің өзінің басшысынан мемлекеттік тілді білуі талап етілуі керек. Қазақ тілін білмеген адам қазақтың мүддесіне қызмет етпейді.

– *Өзіңіз басқарып отырған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы осы бағытта қандай жұмыстар атқаруда?*

– «Қазақ тілі» қоғамы – қоғамдық ұйым. Қоғамның жұмысын мемлекет өмірінен бөліп қарауға болмайды. Қоғамның қызметі де – қоғамымыздың айнасы секілді. Елде

орын алған көкейкесті мәселелерден Қоғамның сырт қалған кезі жоқ.

Қоғам өзіне алған жарғылық міндеттерінен ешқашан тайған емес. Бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмысын жалғастырып келеді. Қиын-қыстау кезеңдерге қарамастан, жергілікті жерлердегі филиалдарымызды сақтап қалдық. Онда уақыт сүзгісінен өткен нағыз тіл қайраткері болып қалыптасқан азаматтар қызмет атқаруда.

Қазіргі кезде Қоғам заман ағымына орай жобалық жұмыстарға басымдық беріп отыр. Қазақ тілінің өрісі мен кеңістігін ұлғайтуды көздейтін «Қазақ кітабы», «Қазақ мектебі», «Өлкетану» секілді жобаларды қолға алып, жүргізіп келеміз. Бұларды жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып атқарудамыз. Жобалар өз нәтижелерін беруде.

Әсіресе, еліміздің солтүстік облыстарына басымдық бермекпіз. Осы мақсатта Қоғам қызметкерлері биылғы жазда Ақмола облысының аудандарын аралап, өңірдегі мемлекеттік тілдің ахуалымен тікелей танысып шықты. Облыс әкімі Қ. Қожамжаровпен бірнеше рет кездесіп, ынтымақтастық туралы меморандум жасау туралы келісімге қол жеткіздік. Жаңа әкім Қ. Қожамжаровтың руханиятқа деген көзқарасы өте жақсы екен. Қызметке келгеніне аз уақыт болғанына қарамастан, ұлтқа қажетті біршама істерге мұрындық болып отырғанына көз жеткіздік.

– Байқасаңыз қазіргі кезде қазақ халқы артына көп қарайтын секілді. Елдің зиялы деп жүрген адамдарының өзі өткен шақ туралы айтуға көп көңіл бөледі. Жазушыларымыз да тарихи тақырыптарға көбірек қалам тартқанды қолайлы көреді. Болатын ел, дамуда құлаш ұрған жұрт болашақ туралы, даму туралы жиі әңгіме қылатын еді. Жасыратыны жоқ, мұндай сөз тек Елбасының ғана аузынан шығады. Ал қазақтың зиялы қауымы қазіргі кез бен болашақ туралы айтуға келгенде сараң. Бұл құбылысты қалай түсіндірер едіңіз?

– Бұл өтпелі кезеңде орын алатын құбылыс секілді. Дүбірлі өзгерістер орын алып, қалыптасқан өмір салты мен

ұғым-түсініктер басқаша мәнге ие болған кезде қарапайым халық қана емес, зиялы қауымның өзінің абдырайтын сәттері болады. Бұл тек қазақ зиялысының басындағы ғана жағдай емес. Сондықтан бұдан мәселе жасап қажеті жоқ. Өткенге үңілу арқылы адам өзін табуға, тануға ұмтылады. Тарих тереңіне бойлау арқылы халық тамырына байланады. Қабілет қарымын шамалайды. Сол арқылы болашағына болжам жасап, алға қадам басады.

Біз біршама уақыт төл тарихымыздан алшақтап қалдық. Сондықтан тарихымызды білуге жаппай ұмтылуымыз заңдылық. Қазір құндылықтарды електен өткізу үстіндегі елміз. Тарихымызды танып, жоғалтқанымызды біршама тапқан секілдіміз. Болашаққа қарап бой түзеу енді басталатын сыңайлы.

Рас, алда бағдар болмаса, ұмтылатын мақсат болмаса, ой шашырайды, күш ысырап болады. Осыны ескеріп, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы 2030 даму стратегиясын ұсынды. Бұдан бөлек соңғы кездері шығармашылық топ арасында қазақ елінің болашақ даму бағдары қандай болуы керек деген сыңайдағы әңгімелер жиі-жиі айтыла бастады. Жанұзақ Әкімнің «Түркі өркениеті негізіндегі Қазақ идеясы» деген кітабы, Берік Әбдіғалиұлының «Қазақ миссиясы» деген еңбегі осы бағыттағы ізденістер деп ойлаймын.

– Сөз жоқ, еліміздің тәуелсіз даму тарихында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өзіндік орны бар. Қоғам заман алдына тартқан міндеттерді қал-қадарыныша атқарды. «Қазақ тілі» қоғамының ендігі беталысы қалай?

– Әрбір істе де заман талабын ескеріп отырудың жөні бөлек. Бұдан «Қазақ тілі» қоғамы да сырт қалмайды. Оның үстіне қазір қоғам жаңарды, адамдардың санасы өзгерді, құндылықтар түледі. Соған сай біздің де өз жұмысымызды өмір сұранысына орай ұйымдастыруға мән беріп отырамыз.

Естеріңізде болса, былтыр Көкшетау қаласында Қоғамның 5 Құрылтайын өткіздік. Құрылтай барысында жалпы тілдік мәселелерден тартып, Қоғамның ішкі жайларына

да тоқталдық. Құрылтайға қатысушыларының ұсыныс-пікірлері ескеріле отырып, арнайы шешім қабылданды. Қазіргі кезде сол шешімді орындау үстіндеміз.

Әлбетте, біздің Жарғыда көзделген негізгі мақсатымыз, басты ұстанымдарымыз өзгермейді. Дегенмен, уақыт ұсынған жаңа өзгерістер мен тың талаптарға орай өз қызметімізді ұйымдастыру тәсілдерімізге тиісті өзгерістер енгіздік.

Құдайға шүкір, қазіргі кезде мемлекеттік тіл мәселесімен айналысатын ұйымдардың қарасы көбейді. Арнайы ресми мекемелер бар. Тіл оқыту орталықтары жұмыс жүргізуде. Қоғамдық ұйымдардың да саны бірталай. Осыған орай біз бұдан былай тіл мәдениетіне көбірек басымдық беріп отырмыз. Еліміздің тіл саясаты негізінен мемлекеттік тілді меңгертуге бағытталса, енді оның сапасына ерекше көңіл бөлетін уақыт жетті. Осыны ескеріп біз қазақ тілінің өзінің алуан түрлі мәселелерін сөз ететін «Тіл тағылымы» халық университетін қайта жаңғырттық. Осы тектес бірнеше жобаларды қоса атқарып отырмыз.

– Сіздер халықаралық ұйым болғандықтан, шетелдердегі қазақтармен байланысып отыратын шығарсыздар?

– Әрине. Шетелдерде 5 миллион қазақ мекендеп жатыр. Бұл бар қазақтың жартысына жуық сан. Сондықтан мұны назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы мақсатта біз белгілі деңгейде шеттегі қазақтармен байланысып отырамыз. Өкілдіктерімізді аштық. Қазіргі кезде Мәскеу өңірлік «Қазақ тілі» қоғамы өнімді еңбектенуде. Өздерінің газеттері, сайттары бар. Сол секілді Түркия, Германия, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Иран елдерінде өкілдеріміз бар.

Қазіргідей қарқынмен сырттағы бес миллион қандастарымызды елге көшіріп алу мүмкін болмай тұр. Сондықтан оларды сол тұрған жерлерінде қазақтығынан айырмай сақтаудың бір шарасы ретінде «Абай үйлерін» ашуды мәселе етіп көтеріп жүрміз. Тиісті мекемелер қолдаса, бұл ұсынысымыз іске асатын шығар деген ойымыз бар.

– Қоғамның жергілікті жерлердегі жұмыстары туралы айтып өтсеңіз?

– Қазіргі кезде Қоғамның барлық облыстарында филиалдары бар. Олар шамасына қарай өздеріне тиісті жұмыстарын атқаруда. Бірінде қарқынды жүрсе, енді біреулерінде самарқаулық бары жасырын емес. Қызылорда, Ақтөбе, Павлодар облыстарындағы, Жезқазған қаласындағы филиалдарымыздың жұмыстары жүйелі жүруде.

Өздеріңізге мәлім, еліміздің жер көлемі, этнодемографиялық жағдайы, тілдік ахуалы біркелкі емес. Осыған орай әр өңірдегі ұйымдарымыздың жұмыстары да өздерінің жергілікті жағдайы ескеріле отырып жүргізілуі тиіс. Өйткені еліміздің оңтүстігі мен батысындағы тілдік ахуалды солтүстіктегі жағдаймен салыстыра алмаймыз. Дегенмен, ортақ мәселелер жеткілікті.

Қоғамның Орталық аппараты тоқсаныншы жылдары ортақ жоспар жасап, бүкіл филиалдарға тарататын еді. Мұнда жергілікті жағдайлар толықтай ескерілмейтіндіктен, кейінірек бұдан бас тарттық. Әр филиалдың өз аймағының ерекшеліктеріне қарай өз жоспарын жасап, іске асыруына мүмкіндік бердік.

«Ана тілі» газеті Қоғамның қызметіне арнап тұрақты бет ашуын қолдаймыз. Өңірлердегі филиалдарымыз мұны қуаттайды деп сенемін. Қоғамның жергілікті ұйымдарының басшылары материалдарын тұрақты түрде Қоғамның **qazaq-tili@mail.ru** деген мекеніне жолдағандары жөн.

– Жастар тарапынан қолдау таппаған кез келген істің болашағы жоқ. Елдің келешегі – білімді жастары. Қазақстанның жастары жан-жақта білім алып, бірнеше тілдерді меңгеріп, Отанымызға оралып жатыр. Елбасы ұсынып отырған үш тілді жетік білу саясаты туралы қандай пікіріңіз бар?

– Үш тілді меңгеру деген Елбасы саясатын түсінемін, қолдаймын, қуаттаймын. Бірақ осы Елбасы тастаған ұран тектес ұғымды жұрт сан-саққа жүгіртіп, әр жаққа тартып жүрген адамдар бар. Егер мүмкіндігіміз жетсе, одан да көп тілді меңгергенге не жетсін. Тарихтан білеміз, 30-40 тіл

меңгерген полиглот адамдар бар. Бірақ біздің міндет – ең алдымен, өз ана тіліңді білу. Ана тілін білмеген адамның қанша білімді болса да, қанша көп тілді меңгерсе де өз ұлтына беріліп қызмет етуі мүмкін емес. Бағалы маманды сырттан шақырып алуға болады, ал ұлтқа шынайы қызмет ететін, ұлтының жан-дүниесін терең білетін азаматты қайдан аларсың. Сондықтан біз ана тіліне барынша көңіл бөлуіміз керек.

Бұл орайда қазақ азаматтары алдымен бірінші кезектегі міндеттерін белгілеп алуы керек. Мемлекеттік тілді, ана тіліңді қаншалықты игердің, ел алдындағы парызыңды қаншалықты түсіндің дегенді анықтап алу керек. Үш тұғырлы тіл дегенді басқаша түсініп жүрген адамдар бар. Елбасының көтеріп отырғаны – ел басқарған адамдар бір тілмен шектелмей, әлемдік тілдерді меңгерсін, солармен иықтассын деген алысты көздеген мақсат. Ағылшын тілін меңгеру қазақ баласына да керек дүние. Екі тілді қоса меңгерсе, қоғамның табысы да мол болады деп ойлаймын. Бірақ қалған тілдер ана тілі деген тұғырға табан тіреуі керек.

Сондықтан Елбасы саясатын қолдаймын. Одан қашқақтаудың қажеті жоқ. Мүмкіндігінше атсалысу керек.

– Ұлттық мәдениет пен ана тілі – егіз ұғым. Бүгінгі бүлдіршін ертеңгі елі мен жерінің қамын ойлайтын азамат атануы үшін бастауыш сыныпта барлық бүлдіршіндерді ұлтына қарамастан мемлекеттік тілде оқыту мәселесіне қалай қарайсыз?

– Бұл менің көптен көтеріп жүрген мәселем. Меніңше, 50-60 жастағыларға мемлекеттік тілді оқытуымыз әурешілік. Қазақтың үлкен-кішісінің қазақ тілін игермегені – қасірет, кемшіліктің ең үлкені сол. Мұны о баста қазақ тілінің барлық мәселесін көтерген А. Байтұрсынұлы айтқан. Баланы бастауыш сыныпта өз ана тілінде оқыту А. Байтұрсынұлының принципі. Мен соны қуаттаймын. Ол кісі, ең алдымен, барлық қазақ баласы бастауышты қазақша оқысын деген. Ол кезде Ахмет Байтұрсынұлының Совет Одағының кезінде

қызмет жасағанын ұмытпауымыз керек. Ұлы ағартушы өз ойын толық ашып айта алмаған. Менің бұған қосарым қазір біз тәуелсіз ел болғандықтан, біздегі барлық азамат ұлтына, жынысына, тіліне қарамастан мемлекеттік тілде білім алуы керек. Өйткені олардың барлығы да Қазақстан азаматтары. Осы жердің суын ішіп, абырой-атағына ортақ болып жүр. Сондықтан балабақша, орта мектептердің бастауыш сыныптарының барлығы мемлекеттік тілде білім беруі керек. Менің ұстанымым осы.

«ЕЛ ҮКІМЕТІ АЛДЫМЕН ТІЛ ЗАҢЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАСЫН»

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті,
академик Өмірзақ Айтбайұлымен сұхбат**

– Өмірзақ Айтбайұлы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел халқына Жолдауында Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынғаны белгілі. Стратегияда саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар мемлекеттік тілге де көп көңіл бөлінген. Елбасы елдегі жазу реформасы туралы саяси шешім қабылдап, 2025 жылы латын әліпбиіне көшу туралы міндет қойды. Тілші-ғалым ретінде осы бағыттағы жұмыстар қалай жүру керек деп ойлайсыз.

– Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы бұл шешімін ел дамуын жаңа өреге бастайтын маңызды қадам деп білемін. Әліпби ауыстыру жайлы осы кезге дейін де бірнеше дүркін әңгіме болған еді. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мұны өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында көтеріп, латынға көшуді ұсынып қана қоймай, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ескерген жаңа әліпбидің нұсқасын да қоса жасаған болатын. Бұған қаламгерлер мен әртүрлі сала мамандары үн қатып, латын жазуының көптеген нұсқалары жасалды, оның қажеттігі мен зәрулігі негіз-

делді. Бұл талқылауларға Елбасы нүкте қойып, латынға көшетінімізді айқындап берді. Ендігі мәселе латынға көшудің дайындық жұмыстарын жүйелі, тыңғылықты жүргізудің тиімді тетіктерін қолға алуда.

Осы кезге дейін реформа жасалмаған сала қалған жоқ. Бұл реформалар белгілі бір салаларды ғана қамтыса, жазу реформасы еліміздің бүкіл азаматтарын қамтитын болады. Сондықтан бұл мәселе асқан жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Әліпби ауыстыру деген тек таңбаларды ғана өзгертуден тұрмайды. Бұл жерде жалпы жазу жүйемізге, емле-ережемізге түбегейлі өзгерістер енгізу қажет. Ашығын айтқанда, қазіргі қолданыстағы әліпбиіміз бен емле-ережелеріміз орыс тілінің заңдылықтарын негізге алған көшірінді дүние. Тіпті қазақтың төл дыбыстарының өзін анықтауда жаңсақтықтарға жол берілген. Сөйтіп тіл білімінде қателіктердің өзі қалтқысыз қағидаларға айналып кетті. Мұның барлығын белгілі тілші ғалым, фонетика саласының білгірі, профессор Әлімхан Жүнісбек ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, дәлелдеп берген. Жаңа әліпби қабылдайтын болған соң осындай келеңсіздіктерден қоса арылуымыз қажет. Бұл үшін білікті тілші ғалымдардан, информатика, психология, т.б. салалардың мамандарынан іріктелген арнайы жұмыс тобы құрылғаны жөн. Аталған топ латын жазуына негізделген жаңа әліпбиімізді, латын әліпбиі негізіндегі емле-ережені көп ұзатпай дайындап беруі тиіс. Үкімет қаулысымен бекітілген әліпбиді жаңа оқу жылынан бастап мектеп оқушыларына жеке пән ретінде оқыта беру керек. Газет-журналдар мен интернет сайттардың жартысын жаңа латын әліпбиімен шығарып, жұртшылықтың көзін үйрете берген абзал. Сонымен бірге кириллицадан латынға ауыстырып беретін компьютер бағдарламаларын да дайындай беру қажет. Сонда биыл мектепке іліккен бала 2025 жылы мектеп бітіргенде латын жазуына көшуге толық дайын болып шығады.

– Жаңа сіз басы артық әріптерден арылу туралы да айтып қалдыңыз. Егер орыс тілінен келген ол әріптерді

қоспасақ, тілімізге басқа тілдерден енген сөздерді қалай жазамыз? Халықаралық терминдерді қалай таңбалаймыз?

– Сіздің айтып отырғаныңыз көзіміз үйреніп, етіміз өліп кеткен жаңсақтықтардан бастау алып отырған алаңдаушылық. Мәселенің ашығына келетін болсақ, халықаралық термин дегеннің өзі қатып қалған дүние емес. Жазу реформасының өзі де қазақ тілінің төл заңдылықтарына сай емле-ережелерін түзіп, өзінің табиғатына сай дамуын қамтамасыз ету үшін қолға алынып отырған жоқ па? Біз шет тілдерден енген термин сөздерді тікелей сол шет тілінен емес, орыс тілінің негізінде алып отырмыз. Ал орыстар ол терминдерді орыс тілінің дыбысталу ерекшеліктеріне сай икемдеп пайдалануда. Біз сол қалыптан ауытқымай, тіліміздің төл заңдылығын белден басып отырмыз. Енді бұл ескі сүрлеуден шығуға тура келеді. Демек бұл терминжасам қағидаттарын да қайта қарау қажет деген сөз. Бұл мәселеге Елбасының өзі де арнайы тоқталды. «Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек.

Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек...

Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн», – деген пікірі терминологиялық жүйемен бірге Мемлекеттік терминологиялық комиссияның

да жұмысын заман талабына сай басқаша ұйымдастыруға жетелейді.

– Жазу реформасын іске асыруда ел Үкіметінің алар орны ерекше. Ортақ іске пайдасы тиюі үшін Үкіметке нақты қандай ұсыныс айтасыз?

– Жаңа Премьер-министр Серік Ахметов Үкімет басына келген кезде Үкіметтің мәжілістері қазақ тілінде жүретін болады деп ресми мәлімдеме жасағанда ерекше қуанған едік. Еліміздің зиялы қауымы, әртүрлі ұйымдарының басшылары Премьер-министрдің бұл бастамасына тілектестігін білдіріп, қолдау хаттарын жолдаған еді. Алайда Үкімет мәжілістері әлі де орыс тілінде өтіп жатқанын көріп біліп отырмыз. Айтылған сөз, берілген серт қайда қалды? Ата заңымыз бен тіл туралы заңымыздың талаптары қайда қалды? Сондықтан біз Үкіметтен артық нәрсе талап етпейміз. Ең алдымен, мемлекеттік тілге қатысты заңдарды сақтаса, орындаса дейміз. Мына қалпымен шетелдің мемлекеттік тілінде жұмыс жүргізетін Үкіметіміз жазу реформасының өзін сөзбұйдаға салып, ұзын-сонарға айналдырып жібере ме деген қауіміз жоқ емес. Дегенмен ел Үкіметі әлі де саналылық танытар, Елбасы межелеген ХХІ ғасырды Қазақстанның «алтын ғасырына» айналдыру жолында аянбай қызмет етер деп үміт етеміз.

Сұхбаттасқан Н. Асқаров

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың халық болып қалыптасуынан әлдеқайда бұрын дана бабамыз әл-Фараби кейінгі ұрпақтары – мына біздерді ойлап, «Аспанды жерге, ғылымды елге (халыққа) жақындатсам деп едім» деп армандаған екен. Осы арман бағамдап қарасақ, адамзаттың үмітін қоздатып, адам

баласын алға сүйреп келе жатқандай. Қазақ, қазақ болғалы да, тарих тәлкегі мен талқысына түсе жүріп, арман жібін үзбей мына күнге жеткен екен. Сонда оның аракідік ғылымға да қол созған кезі көп болған. Соның нәтижесінде әлем мәдениетіне ол да өз үлесін қосқан. Орхон-Енесей ескерткіштері, Күлтегін, Білге Қаған, Мұхамед Хайдар Дулати, Махмұт Қашқари, Қадырғали Жалаири, Ахмет Яссауи, Бабыр, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев т.т. Ал жаңа заман заңғарлары – А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхаметұлы, Ә. Бөкейханұлы, Т. Рысқұлұлы, С. Қожанұлы, С. Садуақасұлы, Н. Төркешұлы, М. Жұмабайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Қуанұлы, М. Омарханұлы, Қ. Имантайұлы т.т. толып жатқан зиялылардың қай-қайсысы да осы бір арман-үміт атты тұлпардың жалынан мықтап ұстаған. Бұлардың көбі ғылым тереңіне үңіле отырып, қайтсек тілімізді соның айбынды құралына, кемел қызметшісіне айналдырамыз деп сарсылған да түрі бар. Мұны біз бұлардың қалдырған мұрасына көз тіккен сайын байқаймыз.

Алақұйын заманалар алмаса келе тілімізді сансаққа салып, талай «тар жол, тайғақ кешуден» өткізіпті. Сөйтіп әлем тілдерінің қай-қайсысымен де теңдесе алар мәреге жеткізіпті.

Бірақ, өкінішке орай, осы ұлы мұраны кейінгі ұрпағы аялап тұтына алмай, қажеттілігін сезіне алмай өгейсіне түскен. Өрелі әрекеттер, өресіз ықыласқа килігеді де, қазіргі қазақ тілінің орта жолда оқтығы шығып, дөңгелегі сынып қисайып қалған көне арбадай шикылдап тұрған жайы бар. Қисайғанды түзетейік, сынғанды салдырайық дегендей нақты әрекетке барар ағайынның саны жылдан-жылға азаймаса көбейер түрі жоқ. Тіл сүйерлер емес, тілден безерлер қатарын дамылсыз молайтып отырғанымызды көрсек те, көрмегендей болу екен ең қиыны.

Міне, осындай күйде күн кешкен тіліміздің, әйтеуір әупірімдеп, мемлекеттік мәртебеге жеткеніне шүкіршілік етесің. Етесің де, мәртебеленіп отырған тіліміздің сол деңгейдегі шарттары түгел ме деген сауалға жауап іздеп

сарсыласың. Мемлекеттік тілдің жалын күдірейтіп көрсетер бір тармағы – *ғылым тілі* дейтін болсақ, мұның да әң-гімеге арқау болар ауыр жүгі жетерлік! Шешім күтер мәселесі де толып жатыр. Әрбір тілдің айшықтанар әлденеше ондаған қызметінің ішінде ең күрделі де қиын түрі осы ғылым тіліне келіп тіреледі. Ал екінші Ұстаз айтқан ғылымның халыққа жақындауы, ең алдымен, осы тілге тікелей байланысты екенін ұғар ұрпақ сынайы әлгіндей.

Баз біреулер ғылым атаулыны қазақтардың пешенесінен тыс тылсым дүние есебінде танығысы келеді. Ондайлардың түсінуінше, ғылым тек орыс немесе Еуропа тілдерінде дамыған, сондықтан сол тілдерде жасалып, қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерді, жеке сөздер мен атауларды солардан мұртын бұзбай қабылдаған тіл ғана ғылымға қызмет ете алады деп ұғатын тәрізді. Мұның мүлде қате пиғыл екенін біздің ғылым тарихы әлденеше дәлелдеген. Арғы жағына бармай-ақ, бергі 70 жылдың шамасында көрініс берген тіл қолданыс тәжірибеміздің өзі бұл жөнінде көптеген оң мысалдар ұстады. Бір қиыны зерттеушілердің дені өз ана тілінде оқып, тәрбиеленгендіктен осы жалған түсінік жетегінде кетті. Тіпті кешегі кеңестік тәрбие пешенесіне мөр боп таңбаланған қайсыбір зиялыларымыздың арасында да әлгіндей қасаң пиғылдан арыла алмай жүргендері бар. Ана тілінде де ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге болатыны ондайларды ойландыра қоймайды. Әсіресе, қоғамдық ғылымдар – биология, математика, медицина ғылымдары саласында еңбек еткен бірен-сарандар болмаса, қазақ ғалымдары ізденістерін көбінесе орыс тілінде өрбітті, өрбітіп келеді. Міне, осының салдарынан өзге түгiлi, оқымыстыларымыздың өзі зерттеу жұмыстарын қазақша жүргізуді қиынсынатын «дәрежеге» жетті. Осыдан келеді де қазақта ғылым тілі бар ма, жоқ па деген мәселе туындайды.

Баз біреулердің тілге деген «патриоттық сезімі» ерекше ойнап, «бұл қалай, қазақ жазуын сонау Орхон-Енисейден бастауға талаптанып жүргенде ғылым тілі неге жоқ болсын бізде» деп өрепкейді, екіншілер, «бұл жерде түсінісіп алатын

жайлар әлі көп» деп дәлел ұсынғысы келеді. Біз осының себеп-салдарын ғылыми түрде дәлелдеп шығу жағындамыз.

Шынында, ғылым тілінің қазіргі жағдайы қалай осы? Және мұны дамытатын, қалыптастыратын не? Міне, осы сауалдардың жауабын іздеу арқылы біз біраз мәселенің басын ашуға мүмкіндік алсақ керек.

Сонымен, қазақ тілі ғылым тіліне айналды деп тұжырымдау үшін, біз ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша талапқа сай қанағаттанарлық жауап табуымыз керек. Дағды бойынша қоғамтану, жаратылыстану, техникатану деп санамалап қарап, үйірлеп топтап, саралайтын болсақ, осылардың ортасынан ойып алып қоғамтану саласы бойынша ғана ғылым тілі нышанын әңгіме ете алатын жағдайда екенбіз. Оның өзінде де ауыз толтырып айтарлықтай мысалды тек тіл мен әдебиет саласынан ғана таба аласыз. Ал заңтану, пәлсапа, педагогика, психология, театр, кинотану, өнертану, бейнетану т.т. тіпті тарих, этнография, археология салаларының өзінде зерттеулеріміз толық қазақ тілінде жүргізіліп жатыр, ғылым тілінің нышанын білдіретін мынадай еңбектер мол деп ауыз толтырып айта қою әзірге қиын. Тұнып тұрған тундра. Рас, ондаған терминологиялық сөздіктер, оқулықтар, оқу құралдары бұл жөнінде әрекетсіз емес екенімізді танытады.

Алайда бұл ғылым тілін қалыптастырды дейтіндей пікір жүгін көтере алмайды.

Сонда қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы үшін не қажет?

Неңдей шарттар мен талаптар қажет?

Бұл біріне-бірі тығыз байланысты, бірінен-бірі туындап жататын бірнеше мәселеге байланысты. Олар мыналар:

I. Ғылым атаулының барлық салалары, тармақтары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Бұл жөніндегі біздің жағдайымыз қалай? Шындығына келсек, ғылымның қайсыбір салалары (тіл білімі мен әдебиеттану, кейінірек биология, математика) бойынша жүргізілген кейбір зерттеу жұмыстары болмаса, басқа ауыз толтырып айтар еңбектер көп емес. Тек

50-60-жылдардан бері қарай ғана тіліміз ғылымның көптеген салаларына қызмет ете бастайды. Алайда мұның ешқайсысының өзіне тән терминологиялық жүйесі жасалып, қалыптасты деп айта алмаймыз.

II. Білімінің барлық жүйелері бойынша мектеп, орта және жоғары оқу орындарына арналған төл (аударма емес) оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қалыптасуы тиіс. Мұнда да, біз, жоғарыдағыдай алақұла жайтты байқаймыз. Бірінде тәп-тәуір, екіншісінің тілі не қазақша, не орысша екені белгісіз, үшіншілерінде мұндай да еңбектер түзілмеген. Қазақша деген оқулықтар мен оқу құралдарының өзді-өзіне ғана тән ерекшеліктерін танып білу тіпті қиын.

III. Ғылым тілі ретінде қалыптасатын тіл – ғылым мен білімнің барлық салаларының ең әуелі құрылымдық қаңқасы боларлық терминологиялық жүйесі жасалуға тиіс. Ол үшін лексикографиялық жұмыстар, яғни терминологиялық сөздіктер көптеп түзілуі керек. Ал бұл жөнінде не айта аламыз? Әрине, сөздік түзу жөнінен құралақан емеспіз. Сонау 20 жылдан бері қарай түзіліп келе жатқан екі тілді терминологиялық сөздіктер тіліміздің ғылымға қызмет ету қабілетін едәуір арттыра түскені мәлім. Бірақ мұнда да күні бүгінге дейін даулы мәселелер көбейе түспесе, азайған жоқ.

IV. Тілдің ғылымдана түсуіне қажетті ең басты шарттың бірі – ғылыми ізденістер мен сөйленістердің бәрінің қазақ тілінде жүргізілуі дер болсақ, бұл турасындағы табысымыз да шамалы. Сол баяғы тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы салалары бойынша ғана сұранысқа жауап бере алатын үлгілер бар.

V. Бірен-саран болса да жарық көрген ғылыми еңбектерді саралай байқасақ, мынау мына ғылымның, анау ана ғылымның өзіне ғана тән қалам сілтесін баяндау тәсілін, стильдік өрнегін танытады дейтіндей бұлтартпас айғақты мысалды табу өте қиын. Яғни ғылыми стильдің ара-жігі әлі айқындала қойған жоқ.

VI. Сондай-ақ ғылым тілін, ғылыми мәтін (текст) стилін тарам-тарамымен талдап беретін арнайы ғылыми барлау еңбектері тағы жоқ. Бірде бір ғылым туралы, бірде бір

ғылымның өзіндік зерттеу мақамы, қалам сілтесі жайында жазылған зерттеу жұмысын қолға шам ұстап табу қиын.

VII. Әдеби тіліміздің ғылыми қолданыс құралы ретінде барынша жандана түсетін ортасы – Ғылым ордасы. Иншалла, Ұлттық Ғылым академиямыздың құрамында отыздан астам ғылыми-зерттеу институт бар еді. Оның әрқайсысында кем дегенде бірнеше жүзден ғылыми қызметкерлер (сырттан ізденушілер мен аспиранттарды қоспағанда) жұмыс істейтін бұлардың қазіргі халы екіұдай. Жаңадан шаңырақ көтеріп, өз алдына отау тігіп жатқан салалық Академиялар мен ғылыми мекемелер қаншама! Осының бәрінде қазақ тілі ғылымның қажетіне жаратылып жатыр ма? Бұларда Ана тілге деген мұқтаждық, қажеттілік мүлде сезілмейді. Айтулы ғалымдарымыздың өзі халқымыздың абыройын асқақтатар жаңалықтар мен ой-пікірлерін қазақ тілінде емес, көбінесе орыс тілінде жазғанды артық санайды. Өйткені олардың көзін ашқалы бергі көргені қазақ жазуы емес, орыс жазуы. Сондықтан оларды кінәлаудың де қиыны жоқ. Тиіп-қашып қазақша жазылған бірді-екілі ғылыми еңбектер ғылым тілі дейтін күрделі де қызық саланың жүгін көтере алмайды.

Сондай-ақ қазақ мәдениетінің тарихында азғана мерзім ішінде, атап айтқанда небәрі он-он бес жылдың айналасында үш жазу алмасты. Жазудың тұрақсыздығы, сауатымызға нұқсан келтіргені мәлім. Ол ғылыми тілдің де дамуына кері әсерін тигізді.

Міне, осы айтылған мәселелердің өзі-ақ біздің қазақ қауымында өзінің толық мәніндегі ғылым тілі қалыптасты деп айтуға ертерек екенін дәлелдесе керек.

Баз біреулердің қазақ энциклопедиясы, он томдық түсіндірме сөздігі, бес томдық Қазақ Республикасының тарихын, әр алуан монографиялық еңбектерді, түрлі ғылыми басылымдарды т.т. тіліне тиек етіп, бізде ғылым тілі әлдеқашан жасалды, оның басы-қасында А. Байтұрсынұлы сынды асқан тұлғалар тұрды деп өрекупі әбден ықтимал. Бар нәрсені бағаламай, табысымызды тәркілеуден біз де аулақпыз. Бұлар сөз жоқ, ғылым тілінің жүйелене, қалыптана түсуіне негіз болар орны, жөні бөлек бағалы дүниелер.

Бұл жерде арнайы тоқталуды қажет ететін бір мәселе бар. Ол Ахмет Байтұрсынұлы және оның айналасы жөнінде. Қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихында бұлардың есімдері алтын әріппен жазылары хақ. Неге десеніз, қазақ ғылымының еңсе көтеруіне, саралануына негіз болатын терминдік сөздер жүйесінің жасалу, қалыптасу тарихын сөз еткенде, әсіресе, Аханды айналып өту тіпті мүмкін емес. Ана тілінде тұңғыш сауатын ашып, қазақ тілі дейтін пәнді оқыған қазақ зиялыларының бір де бірі тайға таңба басқандай анық та дәл, ұғынықты сипатталатын терминдік жүйені тірек еткен заңдылықтарды ұмыта алмайды. Себебі мұнда әр алуан мағынаны аркалап тұрған даралық сипаттау атау сөздерінің бәрі Аханның асқан білгірлігінің нәтижесінде пайда болған. Қаншама сүзгілесен де қайталап соқпайтындай етіп мүсінделген бұл терминдер жүйесі шынында да әлі күнге мызғымай, сауатымыздың жетіле беруіне қалтықсыз қызмет етіп келеді. Сонымен бірге елдің еңсе көтеруі жаппай сауат ашуға тікелей байланысты деп сенген Ә. Ермаков, М. Дулатұлы, Е. Омарұлы, Қ. Жәлелұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Қожанов сынды бекзаттардың қай-қайсысы А. Байтұрсынұлы үлгісін жетекшілікке алып, әралуан оқулықтар жазып, ғылыми танымдық мәні бар мақалалар жариялап отырған. Бұдан бергі жерде де оқу-ағарту ісіне мән берілуіне орай ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне тікелей себі тиген әрекеттер болды. Оның бәрі жұртшылыққа мәлім. Дегенмен, бұл жерде саралап түсініп алатын тұстар баршылық.

Ғылыми тілдің негізгі тірегі – терминдік жүйенің жасалу барысы ешқандай талас-тартыссыз тып-тыныш жатпағаны мәлім. Мұны да есепке алып отыру керек. Алғашқыда, яғни 20-30-жылдарда қазақ тілінде термин жасау процесі А. Байтұрсынұлы үлгісінше жүріп жатты. Ол қандай үлгі еді? Ол – атау сөздерді, яғни терминдерді жасап, тұрақтандыруда негізінен қазақ тілінің өз байлығын барынша іске қосу болатын. Ол кезде түзілген сөздіктерге үнілсек, біз осыны аңғарамыз. Өз байлығымыз өз қажетімізді өтеп жатты. Бұл жерде тілдің қауызын ашып, тілін түре арши

білген айрықша білгірлік нышаны байқалады. Жоғарыда аталған зиялы қауым түгелімен ана тіліне осылайша адал қызмет еткен. Тіліміздің бар қадір-қасиетін зергерлерше зерделеп, небір ғажайып терминдерді қатарға қосып кеткен. Бірақ осыған қарамастан, А. Байтұрсынұлының өзін де қазақтың ғылым тілін түбегейлі жасап кетті деп айта алмаймыз. Ол ғылым тілін қалыптастыруға негіз болатын үлгіні ғана жасап үлгерді. Оның өзі жоғарыда аталған екі ғана сала бойынша. Міне, осы үлгіні негізге ала отырып, қазақ қауымы, ғылыми әлеумет ғылым дейтін ауқымы мейлінше кең зәулім орданың сала-саласы бойынша іліп әкетіп, терминологиялық жүйені жасап жатса және барлық ғылыми ізденістер мен зерттеулер жаппай қазақша жүргізіліп, стильдің өзіне ғана тән табиғаты қалыптасатындай мүмкіндік жасалып жатса ғана ғылым тілі жөнінде келелі әңгіме болар еді. Ал патриоттық сезім нәтижесінде андасанда жарық көріп, ел қолына бірде жетіп, бірде жетпей шөліркетіп тұрған бірен-саран монографиялық зерттеулер, оқулықтар мен оқу құралдар, мақала-баяндамалар ғылым тілі дейтін ірі де іргелі проблеманың жүгін көтере алмайды. Біз бұл пікірімізді біреудің шамына тиіп, мәселенің шын сыйқын көрмей-білмей айтып отырған жоқпыз. Біраз жылдан бері осы мәселені жан-жақты қарастырып, не бар, не жоқ, не қажет деген жайларды тексере келгендегі тұжырымымыз, бұл. Әрине, біз бұл пікірді талқылауға салуға болмайтын ақтық ақиқат ретінде ұсынудан аулақпыз. Зерттеп, шындық шегіне жетейік дейтіндерге жол ашық. Бет жыртысуға емес, пікірталасына бармыз! Жұртқа өзімдікі жөн дегенді жеткізу үшін біреудің пікірін тәлкек студің жөні жоқ. Ғылыми ізденістер нәтижесінде деректерді алға сала отырып, дәлелденіп жатса, ғылымның да, ғалымның да мерейі үстем!

Сонда ғылым тілі дегеніміз не өзі, ол әдеби тіліміздің қай даму сатысында көрінетін сала? Бұл, біздіңше, және көптеген тілдер тарихынан байқалатындай, әдеби тілдің дамыған, кемелдене бастаған тұсына тән құбылыс! Еуропа тілдеріне ертерек, орыс тілінде XIX ғасырдың II жартысы т.б.

жағдайлар бізді осындай ойға жетектейді. Ал қазақ тілінің даму тарихына үңілсек, алуан жағдайларды байқаймыз. Ол үшін әдеби тіл категориясының өзін анықтап алуға тура келеді. Бұл жөнінде қазақтың небір кемел сөз зергерлері мен ғалымдары кейінгі өрелі ойларға өзек болар толғақты тұжырымдарын айтып кеткен. Олардың бәрінен үзіп-жұлқып үзінді алып, әңгімені ұзата берудің мәні болмас. Сонда көбінің тоқтайтыны қазақтың жазба әдеби тілі Абайдан бері қарай өріс алды деген пікір. Ал екі сөзінің бірі ғылым туралы ұлы Абайды ғылым тілін жасады деп айтуға тағы да ешкімнің аузы бара қойған жоқ. Бұл кісіден бергі жердегі әдеби тіліміздің шоқтығын биіктеткен тұлға, әрине Ахмет Байтұрсынұлы. Оның өзі және төңірегі ғылым тілінің тұғырын тұрғыза бастаған тұсында мақсатты мәреге жете алмай, опат болып жатты.

Әдеби тіліміздің шарықтай түсуі Ахмет дәуірімен тоқтап қалған жоқ. М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Ерубаев сынды халқымыздың ары мен абыройына айналған сөз зергерлері әдеби тілді бұрын жетпеген биікке көтерді. Сөйтіп көркем әдебиет тілі өзінің шарықтау шегіне жетті. Кезінде ғылыми ой-сананы қалыптастыра түсер мақала, кітапшалар жазғанмен, бұлар да ғылым тілін жасай алған жоқ және бұл мәселе олардың тікелей міндетіне де жатпайтын. Дегенмен 20-30-жылдары басталған әр алуан әрекеттер – оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер және сан түрлі шаруашылық пен ғылым салалары бойынша түсініктеме түрінде жазылған әр қилы сападағы қазақ тіліндегі еңбектер ғылым тілі ордасына бет түзеген алғашқы нышандар болатын.

70-80-жылдардың ауқымында қазақ тілінің терминдік жүйесі неше алуан жасалу, қалыптасу кезеңдерін бастан кешкені мәлім. Қазақ тілінің қақпасын айқара ашып тастағанымыз соншама, жат сөздер мен атаулар легі күні бүгінге дейін толастамай келеді екен. Сонда есептеп қарасақ, өз сөз байлығымыздан гөрі интертерминдердің қа-

расы көбейіңкіреп кеткенін байқаймыз. Бұл, әрине, бір жағынан сөздік қорымыздың байытқанынан тіл тынысын тарылта түскен, ұлт тілінің даму өрісін тежейтін құбылыс еді.

Ал 80-жылдардың екінші жартысынан бергі жерде рухани тынысты кеңейте түскен жаңа көктем лебі, ғылыми ізденістерге де жаңа бір серпін әкелгендей болды. Біз өз тіліміздің байлығына тереңірек, әрі жиірек үңілуге мүмкіндік алдық. Сөйтіп, қазақ тілінің қоржынында қимылсыз жатқан атаулар қолданыс қатарына андыздап шыға бастады. Сөйтіп, біз, ғылым тіліне қызмет етерлік, оның өрісін кеңейтерлік терминологиялық жүйе санын молайта түстік.

Бірақ, сарқылмас байлығымыз бен ашылған мүмкіндіктер көзін еркін пайдаланып отырған қазақ қайсы? Әрине, әлгіндей мүмкіндік көзін ашуға септігі тиген үлкен фактордың бірі, ол – тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы. Исақағаздары әуелгі кезде талап бойынша екі тілде жүргізіле бастаған болатын. Қазір тек бір ғана орыс тілінде жазылады. Тіпті бұрыннан хат-хабарды қазақша жазып келген Тіл білімі институты мен Әдебиет және өнер институты да жоғарығы жолданатын хат-хабарды орысша түсіруге мәжбүр. Өйткені талап осыған ойысып барады.

Ал жиналыс, конференция, сессия дегендеріңіз қазақ тілін қажетсінуден қалды. Кеше ғана академия бөлімшелерінің есеп беру – сайлау жиналысы өтті. Одан кейін ҒМ-ҒА жалпы жиналысы болды. Бұрынғы басқосуларда қайсы бір ғалымдарымыз өздерінің ой-пікірлерін қазақ тілінде де жеткізіп жататын. Ал мына жиындарда қазақ тілінің үні мүлде шықпай қалды. Осыған кінәлі кім деп ойлайсыздар? В.С. Школьник пе? Бәлкім ол жиналысты тек орыс тілінде жүргізу жөнінде нұсқау берген шығар. Жоқ, құдайға шүкір, ондай жарлықтың болмағаны белгілі. Қайта, ол «Сіздер қазақша сөйлей беріңіздер, түсіну-түсінбеу менің шаруам!» деген сыңай танытады.

Ал біз болсақ, ел қамын, тіл қамын ойлайтын жастан әлдеқашан асып кеткенімізге қарамастан, бір адамға жетерлік атақ-дәрежеміздің барлығына қарамастан, сол баяғы

жалтақтықтан арыла алмай, «ойбай, анау түсінбей қалады» деп жалбақайланып жатамыз. Әйтпесе, көбіне қазақша-орысшаны араластырып өткізіп келе жатқан жиындар әлі жалғаса түсуде.

Неліктен бұлай? Бізге қазақша сөйлемдер, қазақша жазбандар деген біреу бар ма, осы. Осындай пиғылды Елбасынан естіп пе едіңіздер? Қайта, ол кісі кезі келгенде қазақша да, орысша да қатарынан сөйлеп, жаңа бағыт, жақсы үлгі көрсетіп жүрген жоқ па?! Осыны неге ары қарай ұластырып алып кетпейміз? Неге күргейлене, күдіктене береміз? Бұл біздің өз шаруамыз емес пе? Егер тіл маған, саған, оған керек болмаса, кімге қажет? Ал керек екенін біле тұра өз тілімізді өзіміз неге аяқасты етеміз, неге қорлаймыз? Қажеттілікті өзіміз жасамасақ, бізге кім жасап бермек?

Осы тұста біздің көбіміздің бойымызды жайлаған масылдық мінез-қылық (кұлық емес, қылық деп әдейі алдым) жайлы айта кетпесе болмайды. Біз «дайын асқа, міне, ауыз» деген тәрбие түлектеріміз. Осындай масылдық тілге деген көзқарастан да байқалатыны бар.

Қадірлес, сыйлас қайсыбір ағайын маған кездескен сайын «Тілің не боп жатыр, құртатын болдыңдар ғой түге бүлдіріп, шұбарлап» деп кінә таға сөйлеп жатады. Олардың ойынша кейінгі кезде қазақ сөздері интертерминдерді ығыстырып бара жатқан көрінеді. Мұндай жандарға не деп жауап берерсің. Олар, әрине, қазақ дейтін халыққа өзінің де тікелей қатысы бар екенін білмей отырған жоқ, біледі. Тілдің де өз мұрасы екенін, мұра болғанда, ұрпағына сап таза күйінде аялап жеткізер ұлы қазына екенін де сезеді. Алайда ол кешегі кеңестік кезеңде буын-буынды алып қойған жат тілдік теріс тәрбиеден шыға алмайды. Тіпті біреудің қолымен от көсеуге әбден дағдыланып қалыптасқан ол, бұл шаруаны да басқа біреу істеп берсе екен дейді. Ана тілдің негізі – отбасынан, ата-ананың өз қасынан басталып жасалатынын елемей, өз нәсілін біреу тәрбиелесе, тілді де біреу үйретсе, әйтеуір бұл қиын шаруа менен аулақ болса деген пиғыл құрсауынан шыға алмай жүргені. Бүкіл ел, ұлт болып кіріспесе, жуық арада арыла алмайтын қырсықты дерттің бірі осы.

Қиындықтың түйіні мен себебін іздеп, ұлт пен ұрпақ парызын өтеудің орнына, әлгіндей дертке шалдыққан жандар, осы дәрменсіздік шырмауынан шығар сылтау іздей бастайды. Ал, сөз жоқ, іздеген табады.

Жұрт қалауы, Үкімет қолдауы арқылы қаптап ашылған қазақ балабақшалары мен қазақ мектептерінде тәрбие жұмыстары мен білім беру сапасы мүлде төмен екен деген желеумен көп ата-ана кейінгі кезде өз балаларын табиғи ұя мен ортадан алып қашып жатыр.

Сол ата-аналар бұлай торығудың орнына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұрпақ тәрбиесіне өмірін бағыштаған осынау ғажайып жандар (мұғалімдерді айтып отырмын) неге мұқтаж: оқулықтар, оқу құралдары, осы заман талабына сай техникалық құрал-жабдық, мектеп құрылысы т.т. толып жатқан қажеттіліктер жайын біріге отырып ойластырса ғой. Сондай-ақ олардың жай-күйі, еңбекақысы, демалыс жағдайы жөнінде де дабыл қағып отырса. Оқу мен тәрбие жұмыстарының құлдырау себептерін айқындап, жұмыла әрекет жасалмаған жерде істің бәрі бекер. Жапондарда «бала тәрбиесін ойламаған ата-ана қылмыскер» деген мақал бар екен. Шынында да солай емес пе?

Тіліміздің төменшіктеп жүргені мына өз басымыздың немкеттілігі мен немқұрайдылығымызға да байланысты ма деймін. Мұны Елбасымыз да қадап, қазып айтқан жоқ па, кеше. Ойланайық, ағайын!

Әрине, осының бәрін айта келгенде, біз тілдің өрістей алмай отыруына тікелей себепші тағы бір үлкен факторды ескермей отырған жоқпыз. Ол Үкімет үйі мен Президент кеңсесіндегі тілдік ахуал жайы. Бұған сан салада Заң жобаларын қабылдап, талқылап, бекітіп жатқан парламентті де қоса айтар едік. Қазақ сонау патша заманынан бері қарай бастық сыйлап, басшыға қарап тірлік еткен халық қой. Бір бастықтың мойны қисық болса, жапа-тармағай солай ыңғайланамыз. Қай саланы алсаңыз да осы мінез байқалмай тұрмайды.

«Тіл туралы» Заң шықты... Елбасыдан бастап мән беріліп еді. Ел жапа-тармағай тіл-тіл деп сайрай жөнелді. Өздері ден қойды, балалары мен немерелерін қазақша тәрбиелеп

оқыта бастады. Балабақша, мектеп жағдайын айтып, дабыл қақты. Мекемелерде іс-қағаздары екі тілде жүргізілді. Бұдан да басқа сан түрлі оң тірліктер өріс алды. Қазақтың еңсесі көтеріліп, өз алдына ел болғанын сезініп, еркін тыныстай бастаған шақ еді, бұл.

Қалай базар нарқы қолданып, солай басшылардың назары экономикаға ойысып еді, ел де тілден гөрі нанның қамын көбірек ойлайтын болды. Сөйтіп тіл уақытша көңіл алдарқату сияқты іс болып қалды. Жаным арымның садағасы дейтін ұлы халық ұрпағы, мал-жанына қоса арын да саудаға сала бастады.

Ел қараған үш басты мекемеде отырған қызметкерлер де, олардың қолынан шығып, жер-жерге жіберіліп жатқан хат-хабарлар да қазақ тілін қажетсінбейтін жағдайға көшті. Ал Қазақстан тәуелсіз ел ретінде әлемнің бар түкпірімен дипломатиялық, экономикалық, ғылыми, мәдени байланысты күшейтіп, достық қарым-қатынасты дамытып отыр. Бұл жағынан мәртебелене түскендейміз. Бірақ солардың бәрінде де қазақ тілінің үні шықпайтынына қайранмын. Кеше ғана өзімізбен қатар тәуелсіздік жалауын көтерген іргелес мемлекеттер экономикасымен бірге тілінің де мәртебесін көтеріп отырғанын көргенде қарап отырып қорынасың, намысың қозады.

Қазақ тілін бір кісідей білетін Елбасымыздың шет мемлекеттер басшыларымен ресми кездесулерде кейде орысша шешен сөйлеп кеткенін көргенде, бір жағынан, масаттанасың, бір жағынан, осы біздің қазақ тілін қатарға қосамыз деп әуре-сарсаңға түсіп жүргенімізге жол болсын деп торығасың! Көк байрағымыз төбемізде деп желпінгенмен, осындайда біз, әлі де орыс елі мен орыс тілінің боданынан шыға алмай отырғанымыз жоқ па деп күйзелесің. Осыны байқап, көріп, біліп отырған министрлер мен әкімдер, басқа да мекеме басшылары қазақ тілін қанша жерден мемлекеттік етсеңіз де, оны есіктен сығалатар түрі жоқ. Қай жерге бас сұқсаңыз да, қайран «аға халықтың» тілі, орыс тілі жалын күдірейтіп алдыңыздан шыға келеді де, есіктен

имене аттаған қазақ тілінің мысын басып тастайды. Әйтеуір, қазақ тілінің өрісін тарылта беру үшін әлгі мекемелерге тек орысша сөйлейтіндерді әдейі таңдап жинаған сияқты. Министрлер Кабинетінің басқарып отырған саласынан басқа есіктері қазақ тіліне оңайлықпен ашыла қоймайды. Оның мұң-мұқтажы құлақтарына жетпейді.

БІЛІМ ТЕРМИНДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Қазіргі заманғы қазақ терминологиясын түзу ісі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басынан бастау алады. Әсіресе, ХІХ ғасырдың 90-жылдарынан А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Жұбанұлы, Е. Омаров, Т. Шонанов, Ә. Ермеков, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, К. Кемеңгерұлы, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев сынды оқымысты зиялыларымыз білім терминдерінің үлгісін өз еңбектерінде көрсетіп, кейінгіге жол салып кетті. Осы ағартушылар еңбектерінің арқасында бұрын қолданылмаған, қазақ ортасына бейтаныс пән сөздері, ғылым-білім атаулары қазақ тілінде жасалып, аударылып қолданыла бастады. Жаңа сөздер жасалды, көптеген қатардағы сөздеріміз ғылым ұғымдарына сәйкестелініп, терминдік сипат алды.

Қазақ тілінде терминді арнайы түзу ісін А. Байтұрсынұлы бастады. Мысалы, ғалымның бір өзі қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 500-ден аса ғылыми түсініктерін түгелдей қазақ сөзімен атап берді. Сонда-ақ, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Жұбанұлы, Е. Омаров, Т. Шонанов, Ә. Ермеков т. б. да ағартушыларымыз өз еңбектерінде кейбір пән сөздерін қазақшалап, қазақ сөздерін термин ретінде, оларға сипат бере қолдануға тырысты.

Қазақ терминдерінің мәселесі, ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда өткен ғылыми қызметкерлердің І съезінде алфавит, орфография мен терминология мәселелері кеңінен сөз болған еді. А. Байтұрсынұлына дейінгі қазақ тілінің құрылысы туралы орыс түркі-

танушыларының еңбектерінде қазақ тілі ғылыми негізде алғаш зерттелгенмен, олар орыс тілінде жазылып, түркі тілін зерттеушілерге арналған болатын. Оларды мектепте қалың көпшілікке арналған оқулық деуге болмайды, оларда қазақша тіл терминдері жоқ еді. Сол себепті А. Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында ана тілінде ұлттық тіл білімінің негізін қалаған қазақтың тұңғыш ғалымы ретінде танылады.

А. Байтұрсынұлы жасаған ғылыми атаулардың (терминология) принциптеріне сүйеніп, сол кездегі қазақтың оқыған зиялы азаматтары ғылымды ана тілінде дамытудың негізін қалады. Сонымен бірге қазақ оқығандары ғылымның әр саласынан ана тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастады. Елдос Омарұлы «Пішіндеме», Мағжан Жұмабаев «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытов «Психология», Жұмахан Күдерин «Өсімдіктану» оқулығын, ал «Арифметика», «Есептану» оқулығы атауларына Міржақып Дулатұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Кәрім Жәленовтер көп еңбек сіңірді. Осы ғалымдар ұсынған принциптер Бүкілодақтың I құрылтайында (Баку, 26 ақпан – 6 наурыз, 1926 ж.) жасалған ғылыми баяндамада ғылыми тұрғыдан қолдау тапқан еді.

Сөйтіп бүкіл ұлттың мәдениетінің қанат жаюына ықпал жасаған шаралардың 20-30-жылдарда тіптен белең алғанын айту лазым. Неге десеңіз, сауат ашудың жарқын бір беттері осы кезеңге орайлас келеді. Оны біз сол кездегі зиялы қауымның оқулықтарынан, сөздіктерінен, еңбектерінен көреміз. Олар ғылымның әр саласында заман талабына сай өз мамандары жоқ кезде әрі ақын, әрі жазушы, әрі аудармашы, әрі сыншы болуға тура келді.

Сонымен бірге қазақ оқығандары ғылымның әр саласынан да ана тілінен оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастады. Оған дәлел М. Дулатов (1885-1935) – ақын, жазушы, драмашы, көсемсөзші, педагог, қоғам қайраткері. Орыс-қазақ училищесін, педагогикалық курстарды бітіріп, ауыл мұғалімі болып істеп жүріп, өздігімен білім алумен айналысқан. Соның нәтижесінде әдебиет, мәдениет, тарих және этнография, тіл білімі, математика жөніндегі жүздеген

мақалалар мен еңбектердің авторы. Солардың ішінде М. Дулатұлының «Есеп кұралы» атты 2 бөлімнен тұратын оқулығы 1914 жылы басылып шықты. 1914 жыл мен 1928 жылдар аралығында оқулық өңделіп, толықтырылып басылып отырды. М. Дулатұлының осы оқулығында: *көбейту, мысалдар, есептер, алу, бөлу, қосу, өлшеу, сызғыш, есептану, тік бұрыш, шаршы, тұзу сызық, жаттығы, игеру, қосынды, қосылғыш, ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, саты, шақырым, қарыс, сүйем, көбейткіш, көбейтінді, есе артық, есе кем, азайтынды, қалдық сан, бөлгіш, бөлінді, пұт, қадақ, баспа табақ, таңба, көбейту кестесі, сағат*, т.б. жүзге жуық математиканың жаңа терминдерін енгізген. Арада қанша жыл өтсе де, бұл атаулар бүгінгі мектеп оқулықтарында қолданылып жүр. Яғни ХХІ ғасырдың ұрпағына да өзінің зор ықпалын тигізіп отыр, тигізе береді де.

Сондай еңбектердің бірі С. Қожанұлының «Есеп тану» атты кітабы 1924 жылы Ташкентте басылып шыққан. Бұл кітаптағы әр атау да өз баламасын тауып, өмірге жолдама алған. Мысалы: *аралас бөлшек, түбір, атаулы сан, жалаң сан, дәреже, алым, бөлім, жақша, арту, белгі, бөлінгіштік, артынды, дүркін, дүркінді бөлшек, көбейтінді, құралғыштық, құрама сандар, бастапқы сандар, туынды сандар, дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек*, т.б. бұл атаулар да кейбір аздаған өзгеріспен осы күнге дейін тұрақты пайдаланылып келеді. Ал мүлдем қолданылмай тастағандарын бүгінгі күнге қолдану мүмкіндігін ойластыруымыз керек. Осындай математика саласына тағы бір өз үлесін қосқан Е. Омарұлының «Пішіндеме» оқулығы 1928 жылы Қызылордада жарық көрді. Осы оқулықта тұңғыш рет геометрия пәні атаулары қазақша өз баламасын тапты. Кітапта: *одағай* (иррационал), *түйін* (теорема), *құрылымдас* (пропорционал), *өрістік* (сектор), *өре* (диаметр), *тетік* (аргумент), *пішін* (фигура), *қатар сызық* (параллель), *кесе* (перпендикуляр) т.б. төл терминдерімізді жасап, қазақ тілінің ғылымды игеруге бейімділігін, икемділігін өзінің құнды еңбектерімен дәлелдеп берді.

Кезінде Алаш зиялыларының осы жазып, аударып, баламаларын тапқан терминдері араға 70-80 жылды салса да, бүгінгі күндегі тілші ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр.

Қазақ терминологиясының тарихында елеулі орны бар Халел Досмұхамедұлы (1889-1939) сан салалы ғылыми мұра қалдырды. Ол табиғаттану, анатомия, зоология, фольклортану, этнография, ғылыми терминология жасау жөніндегі оқулықтар мен еңбектердің авторы. Х. Досмұхамедұлы кірме сөздерді, әсіресе орыс тілі арқылы енген сөздерге төл тілімізден балама табуы, кірме сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап қолдануын дұрыс құбылыс деп есептеген. Х. Досмұхамедұлы жарық көрген «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі» атты оқулықтарын жазуы кезінде қолданған термин сөздері қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына толық мүмкіндігі барына кепілдік береді.

Ол ғылым дамуы үшін терминология мәселесін белгілі бір жүйеге түсіруге де назар аударды. Х. Досмұхамедұлы сонау 1920-30 жылдардың өзінде термин сөздің қабылдану, олардың бекітілу жолдарын анықтап берген болатын. Оған дәлел Х. Досмұхамедұлы 1925 жылы Орынбор қаласында өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде терминология ісін ұйымдастыру жөнінде: «Бүкіл қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол Білім кеңесі жанында әр пәннің мамандарынан сайланған комиссия болуы керек. Пән сөздері әуелі пән комиссиясының сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс. Ол пән сөздері сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекітіліп шығуы тиіс», – деп ұйымдастыру жағынан бірден-бір үлгі көрсеткен.

1924 жылы Ташкентте Х. Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітапшасы басылып шықты. Ғалым бұл еңбегінде қазақ тіліне өзге терминдерді орынсыз алмау, алған күнде де сақтықпен, тілдің өз заңына сәйкестендіріп қабылдауды ұсынады. Басқа тілден ен-

ген сөздерге қосымшаны да үндестік заңына бағындырып қолдану керектігін айтады. Ғалым тілдің ежелден келе жатқан заңдылығын жойып алмау қамын ойлаған.

Терминологияның, жаңа атаулардың дәл осы кезеңде кең көлемде дамуы қоғамдағы өзгеріс, дамуымен байланысты, яғни оның қоғамдық қажеттіліктен туғандығы сөзсіз. Ең алғаш терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында Орынборда өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған.

1926 жылы Баку қаласында болған түркологтардың Бүкілодақтық I съезі тікелей осы мәселелерді қарастырды. Мұнда арнайы жасалған бес баяндаманың бесеуінде де қазақ алфавиті, орфографиясы мен терминологиясы сөз болды. Осындай съездер мен газет бетіне шыққан мақалаларымыз және ағартушылықпен айналысқан ардақты азаматтарымыздың еңбегінің нәтижесінде 1933 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) құрылған еді. Оның тұңғыш төрағасы Қ. Жұбанов, мүшелері Б.К. Асфендияров, Г.К. Бірімжанов т.б. болған. Алғашқы ұйымдасқан күннен бастап бұл комиссия қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жасау, қалыптастыру жұмыстарымен айналысты.

Сол мақсатпен 1935 жылы мәдени құрылыс қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық I съезі ашылар қарсаңында Мемлекеттік терминологиялық комиссиясы «Бюллетенінің» төрт саны жарық көрді. «Бюллетеннің» бұл сандарында алдағы зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар сілтейтін материалдар жарияланды. «Бюллетеннің» 1935 жылы небәрі төрт-ақ саны шығып үлгерсе де, терминология мәселесін үлкен әлеуметтік дәрежеге көтеріп тастады. Сонда «Бюллетеннің» төрт санында 17 ғылыми мақала жарияланған. Термин мәселесінің өзіне 7-8 мақала арналған, ал қалғаны орфография мен алфавитті әңгіме етеді.

Қазақ ғалымдарының ішінен термин сөздің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасаған Құдайберген Жұбанұлы болатын. Бұдан жарты ғасыр бұрын профессор Қ. Жұбановтың терминдерге қойған талаптары, берген анықтамалары

кейінгі кездегі көрнекті тіл мамандарының айтқан пікірлерінен алшақ емес.

Тұңғыш профессор Қ. Жұбановтың да қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орны бөлек. Ол терминжасамның ғылыми принциптерін алғаш түзген жан. Осының негізінде бұдан былай қарай термин жасау ісі белгілі бір ғылыми жүйеге, тіл заңдылығына сәйкес қабылданған принциптер негізінде жүргізілетін болды. Яғни термин жасаудың ортақ принципі түзіліп, оның басқа маңызды мәселелері шешім тапты.

Төл пән сөздерді қалыптастыруда, Ахаң жолын жалғастырған Қ.Жұбанов атау сөздердің, ғылыми ұғымдардың дәлдік пен нақтылық талаптарын өте мұқият ескеріп отырған.

Алла қазаққа рухани әлемімізді асқақтатар асыл азаматтар беруден тарынбаған. Сондай дарынды азаматтарымыздың бірі – ақын Мағжан Жұмабаев. Ол тіл байлығымыздың үлкен бір саласы – терминологияға да өз үлесін қосты. М. Жұмабаев – «Педагогика» атты оқулықтың авторы. «Педагогика» (баланы тәрбие қылу құралы) атты әрі оқулық, әрі методикалық сипаты бар кітабы 1922 жылы Орынборда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан. Ағартушының өз сөзіне жүгінсек, «Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржімә деуге болмайды. Алдына бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін тыңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанын қабыстыруға тырыстым. (Көп пайдаланғаны – Рубинштейн, Сиворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері). Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиімді деп таппадым». М. Жұмабаев еңбегінде педагогикаға жәрдемші сөздер екіге бөліп қарастырылған.

Мағжан Жұмабаевтың *дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі, жан көріністері, сезім*

мүшелері, бақылау, елес, ұлт тәрбиесі, әсерлену, жылулық, қан жүру, еріксіз қиял, ерікті қиял, ұғым, ойлау, қайрат, әдет, құмарлық, мінез, көру, суреттеу, қиял, т.б. терминдері осы күні қолданылуда.

Ал осындай дарынды тұлғалардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов сол кезде психология саласынан еңбек жазған еді. Талай терминдерімізді қазақша сөйлете алатынымызды сөзжасамның хас шеберлері әлдеқашан-ақ дәлелдеген. Психология саласында, әсіресе, Жүсіпбек Аймауытовтың тәжірибесін жинақтап, кеңінен қолдану لازым. Тілінің әсем әуеніндей төгілетінін айтпағанның өзінде бір ғана «Психология мен өнер таңдау» деген еңбегінде 150-ге жуық термин қолданылып, соның он шақтысының ғана латынша атауларын жақша ішінде келтіргені еріксіз таңдай қақтырады. Мысалы: *құмартпалы* (страстный), *аяныш жанды* (сентиментальный), *күйгелек* (нервный), *бірыңғай* (монотонный), *қадалмалы* (датошный).

Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ психология терминдері түсіндіруінде сөз шеберінің қалдырған мұрасын кеңінен қолданудамыз, тіптен осылай іркіліссіз аударуды үйренуіміз керек. *Жан тамыршысы* (психология), *ыстық қанды* (сангвиник), *салқын қанды* (флегматик), *қызбалы* (холерик), *кейін тартпа* (реакционный), *ескі пікірлі* (консервативный), *үмітшіл* (оптимист), *көпшілдік* (альтуризм), *мұратшылдық* (идеализм) т.б.

Өзіміз қозғап отырған кезеңде жарық көрген еңбектерінің бірі – «Өсімдіктану». Тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдерин бұл оқулықты 1927 жылы Москвадан басып шығарды. Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» еңбегінде 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған өсімдік атаулары кездеседі. Оқулықтың алғы сөзінде жазған биолог-ғалым Қабділрашит Қайым кітаптың ғалымдар мен мұғалімдердің іс жүзінде кең пайдаланып, жетекші құрал етуіне таптырмайтын қомақты еңбек екенін айта келіп, биология ғылымының докторы Ғ.З. Бияшев пен А. Алманиязовтың пікірлерін келтіреді. Онда «биолог-ғалым Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» кітабы қазірдің өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Ол әлі де болса

қазақ арасында өсімдік өмірі жөнінде ғылыми білімді таратудың өте құнды құралы болып табылады» делінген.

Бір ғажабы, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтарда қаймағы бұзылмаған ана тіліміздің байлығы – термин жасауда ұтымды пайдаланылған.

Кезінде ұлт тілінде термин жасаған ұлт зиялыларының тілді жақсы білумен қатар, осы тілдің заңдылықтары мен сөзжасам тәсілдерінен хабары мол болғанын байқауға болады. Оған А. Байтұрсынұлының, Е. Омарұлының, Н. Төрөқұлұлының, М. Жұмабайұлының, Ж. Аймауытұлының, Халел Досмұхамедұлының, Ж. Күдериннің, С. Қожанұлының, Т. Шонанұлының, т.б. өткен ғасыр басындағы қазақтың тілінің қалыптасуына атсалысқан Алаш азаматтарының жасаған терминдері мен жазған еңбектері дәлел бола алады.

Қазіргі кездегі терминологиялық лексиканың жасалуы мен қолданылуы, қалыптасуы мен дамуы, сонау 1920-30 жылдары А.Байтұрсынұлы бастаған қазақша терминжасам үлгілерінің, принциптерінің, қағидаларының жалғасы деп айтуға болады.

1920-1930 жылдары шет сөздерге ана тілінен балама табуға ұмтылу әрекеті басым болғанын сол кезеңдерді салыстыру, зерттеу арқылы көз жеткізіп отырмыз. Бұл кезеңде дәуір зиялыларының ұлт тіліне баса назар аударуы қазақ тілінің мәртебесін жоғарылатты. Мұндай сөз тасқыны қазақ тілінің тарихында бірнеше дүркін болған болса, бұл күнде халқымыз тіл, термин мәселелерінен қиналмайтын еді. Олай дейтініміз ұлт тіліне деген жаңаша көзқарастың сипат алуына, тілдің төл қоры арқылы жаңа атау, терминдер жасау, қайта құрау процесінде олардың қазақыланған атауларын жасауда, тілдің төл мүмкіншіліктерін іздестіруде 1920 жылдарда тілімізде пайда болған терминдеріміздің өзіндік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы ерекше. Бұл кезеңді термин дамуының өз алдына бір дәуірі, үлкен тарихи кезеңі деп қарау орынды. Өйткені ол бүгінгі таңдағы білім терминдерін жүйелеуде негізгі нысана болмақ.

Пән тілі ең әуелі қазақ халқының сөзінен ізделінсін» деген ұстанымға сүйенген кезеңнің тәжірибесі бүгінгі

терминологияны ана тілінде дамыту үрдісіндегі негізгі тірек болуы тиіс. Соңғы тұста жарық көріп, кейін қалыс қалған атаулар өте көп. Ал оларды қайта жаңғырту, сол дәуір зиялыларының термин жасау шығармашылығындағы әдіс-тәсілдерін зерттеу бүгінгі тіл мамандарының міндеті. Олай болса, «Ескі сөз – жаңа сөздің түп қазығы» дегендей, 1920-30 жылдарда білім саласындағы терминдерге назар аударып, әдеби тілдің кәдесіне жарайтын баламаларды актив сөз қатарына қосу керек.

Қорыта айтқанда, жат сөздердің орнына жұртшылық жылы қабылдайтын, болашағы зор жаңа қазақша балама қалыптастыру, оның заңдылықтарын ашу, оған үн қосу – бір адамның емес, бәріміздің міндетіміз. Ол үшін қазақ тілінің сөз байлығы, көне замандардан келе жатқан байырғы сөздік қорын жан-жақты пайдалануымыз қажет.

Өткеннен сабақ алмаған өнер де, білім де алға басып өркендемек емес. Олай болса, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Қ. Жұбанов, т.б. тәрізді біртуар асыл азаматтардың педагогикалық еңбектерін қайта қарап, бүгінде қайта енгізу бүгінгі ұстаздар міндеті. Ал 1920-30 жылдардағы термин жасау тәжірибесін зерттеу – қазіргі терминологияның сан-салалы сауалдарына үлесін қосар бірден-бір дұрыс нысана.

Сөз соңында Ә. Кекілбаевтың мына бір сөзіне назар аударғанды жөн көрдік: «Арғы-бергідегі арманда кеткен баба буынның, бүгін ортамызда жүрген аға буынның халқымыздың осы күнге дейін аман жетіп, өніп, өрбуіне, өсіп-өркендеуіне қосқан қай үлесін де әділ бағалап, олар салған игі дәстүрлерді жемісті жалғастырып, жеткен жетістіктерді одан әрі дамытып, жете алмай кеткен жеңістеріне батыл құлаш сермеп, шеккен тауқыметтерінен тиісті қорытынды шығарып, алға жылжуымызға септігі тиер шарапатты тағылым ала білсек қана, аузымызға алалық, ісімізге шалалық кірмесі даусыз».

Бұл мақаланың да көздеп отырған негізгі мақсаты осы.

ТІЛ МАЙДАНЫНЫҢ ЕСТЕН КЕТПЕС СОҚПАҚТАРЫ...

Мені тіл майданына өмірдің өзі жетелеп әкелді...

Өткен ғасыр 50-жылдардың соңы, 60-жылдардың басында Алматы шаһарында оқып, үйленіп, қызметіне енді іліге бастаған жас мамандар алдынан шешуін тілеп тұрған күрделі мәселелер туындай бастаған еді. Ол – бірде бір қазақша балабақшасы жоқ, мектебінің де сыйқы шамалы орталық қалада дүниеге енді келе бастаған сәбилерін қай жерде, қай тілде тәрбиелеу керек деген проблема болатын. Бұл мәселені алдымен Т. Әлімқұлов, Ш. Смақанұлы, Р. Бердібайұлы, Т. Кәкішев, Ж. Молдағалиев, С. Шәймерденов сынды ағаларымыз қозғады. Олар газет, журналдар арқылы өз ой-пікірлерін ашық айтып, ой тастады. Ш. Смақанұлы тіпті жаңадан мектеп ашуға дейінгі нәтижеге қол жеткізді.

Ал Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, С. Жүнісов, Қ. Ысқақ, И. Жақанов, А. Сүлейменов, З. Серікқалиев, К. Сыздық, Ә. Кекілбаев тәрізді замандастарымызды да толғандыра бастаған ұрпақ тәрбиесі күрделене берді. Тағдырларымыз ұқсас еді. Менің де көңілімді алаңдатқан осы мәселелер.

«Социалистік Қазақстан» газетінде 3,5 жылдай қызмет етіп, аз да болса тәжірибе жинақтап, Академияға Тіл білімі институтына ауысқан кезім. Әйелім банк қызметкері, мен кіші ғылыми қызметкермін. Бірінен кейін бірі Біржан, Ерлан атты екі ұл дүниеге келді. Газетте істеп жүргенде алған бір бөлмені екіге жарып екі бөлме еткенбіз. Елден шешем мен 1 сыныпты бітірген інімді көшіріп, қолыма алдым. Кентау қаласында тұратын қарындасымның да жағдайы қиындай бастаған соң, екі қызымен оны да көшіріп алдық. Үй тар болғанмен, көңілдің кеңдігіне сүйеніп, тату-тәтті өмір кеше бастадық.

Алайда күрмеуі күрделі проблемалар біртіндеп алдан шыға бастады. Балаларымның тілі шыға бастаған. Үйде қазақша сөйлеуге тырысамыз, ал сыртқа шықса болды, орысша сайрай жөнеледі. Қарындасымның екі қызының

да тілі орысша шыққан. Қазақша тәрбиелейтін балабақша іздей бастадық. Атымен жоқ. Інімді қазақ мектебіне берейін деген ниетімнен де ештеңе шықпады. Сол кездегі №12 жалғыз қазақ орта мектебін бұрынғы орнынан (Комсомол мен К. Маркс көшесінің қиылысындағы) Көктөбе жаққа көшіріп, екі қабатты шағын 7 жылдық мектеп үйіне тығып тастапты. Қаланың жан-жағынан қатынайтын қазақтар мектеп жасындағы балаларын амалсыз тұрған жеріндегі орыс мектебіне беруге мәжбүрленген. Сол кездегі менің замандастарым ұл-қызын жетелеп осы 12-мектепке баратын. Сондай-ақ бақша жасындағы балаларын орыс балабақшаларына амалсыз бере бастаған ата-ана өкілдерін де бұл мәселе қатты ойландырды. Бұл сол кездегі қазақ зиялыларының алдында тұрған өмірлік мәселе болатын. Мемлекеттік тұрғыда шешілуге тиісті шаруа екенін біле тұра, әрқайсымыз өзімізше әрекет етіп, ұрпағымызды ана тілінен мақұрым қалдырмаудың әдіс-тәсілдерін өзімізше ойластыра бастадық.

Сол кездегі өз әрекеттерімнің де кейбір тұстарын еске ала кеткенді жөн көрдім. Тұяқ серіппе сияқты тірлік болғанмен, мұнымыздың да өзіндік мәні болған сияқты. Ең алдымен үйде орысша сөйлеуге тыйым салдым. Маған бір нәрсе айтқысы келсе, балалар өзді-өзді кеңесіп, ананы не дейді, мынаны қалай айтамыз дегенді біліп алып барып, менімен сөйлесетін болды. Мұның да нәтижесі шамалы екенін байқай бастадым. Өйткені сыртқа шықса болды, әсіресе балабақшадан келе орысша сайрай бастайды. Енді не істеу керек? Балалардың туған күнін қазақша өткізудің жолдарын ойластыра бастадық. Әрқайсысына арналған түсініктеріне жеңіл өлеңдер жаза бастадым. Мұны жаттап алып бірін-бірі осындай өлеңмен құттықтауды дәстүрге айналдырды. Содан әрқайсысына жеке-жеке өлең жолдары туындады. Бұл да аз сияқты көрінді. Өлең мәтіндерін әуенмен айту қажеттігі байқалды. Әр өлеңнің өз әуенін ойлап табу керек болды. Сөйтіп үлкен ұлым Біржанның туған күнінде олар «Туған күнің құтты болсын» деген өлеңмен құттықтауды, ал Ерланның туған күніне арнап «Ерлан туған

күнінде, ән айтатын біздер бар» деген өлеңді әнімен айтатын болды. Ал дүниеге Ләзиза атты қызым келгенде «Аққоян» деген ән туды. Осы өлеңдермен олар бірін-бірі құттықтап, қазақша тілін жаттықтырды. Есейгенше айтып жүрді. Бұл әуендер кейін олардың өз перзенттеріне, менің немерелеріме ұласты.

Міне, осылайша әр алуан әрекеттерге барып әуреленіп жүргенде інімнің оқитын мектебін іздеуге тура келді. Алматыдағы айтулы жалғыз орта мектептің сол кездегі жағдайын көрген соң көңіл күйі тіпті күйзеліске түсті. Себебі осы жалғыз мектептің өзіне келетін оқушылардың саны жылдан-жылға кеміп барады екен. Өмірге келген қазақ бүлдіршіндерінің бәрінің алғаш ауызданатыны ана тілі емес, орыс тілі болған соң, қазақ мектебі қазақ баласын қайдан тауып, кімді оқытпақ?!

Бала тәрбиесін қай тілде жүргіземіз деп аңтарылып жүрген мен сияқтылардың сол кездегі жағдайы осындай күйде болатын...

Өткен осы тарихты саралай келе, қазіргі күйімізді зерделей бастадық. Өзінің даму тарихында қуғын-сүргіннің алуан түріне душар болған ұлт тілі мен ұлт мәдениеті ашаршылық, репрессия, тың көтеру, тоқырау жылдарынан бұрын да, тіпті 80-жылдары коммунизмнің материалдық-техникалық базасы толық құрылып бітеді деген Хрущев заманында да осы сорақы тілімізден айырылып қала жаздадық емес пе? Ал коммунизмге бір ғана тілмен, бір-ақ мәдениетпен деген даурықпа «теория» жеке адамдардың болжамы ғана емес, партия съезінде «талқыланып» бекітілген ресми бағыт, қалыпты теориялық тұжырым болғаны мәлім. Жоғарыдағы әңгіме болған күйге біз дәл осылайша жоспарлы, жүйелі түрде түскенімізді біртіндеп біле бастадық. Ұлт мектептерінің топ-тобымен жабылып, тіл қолданыс аясының осылайша тұмшалануы, келешегінің қиылуы да – осы құйтырқы саясаттың нәтижесі болатын. Ұлт тілінің шашбауын көтерушілерге ұлтшыл деген «қара таңба» тағылуы да – осы саясаттың нәтижесі. Осындай үнемі жасалып отырған қисындарға қарамастан, ұлт тілін,

ұлт мәдениетін қорғап, оны дамытуға бар күш-жігерін аямай жұмсаған азаматтар бұрын да аз болмаған. Бүгінгі күні толық ақталып, аттары ардақтай аталатын 30-50-жылдары репрессия құрбанына айналған қазақ зиялылары – осының айғағы.

Сол 1960 жылдардың бас кезінде қазақ мектептерінің жаппай жабылып, дұрысында жаппай жаптырылып жатқан кезінде, қазақ мектептерінің келешегіне балта шаптырмай, қазақ тілінде балабақша ашу үшін жасалған талай әрекеттердің куәсі болдық. Сондай әрекеттердің қалың ортасында біз де болған едік. Қазақ мектебі мен балабақшалардың дүниеге келуіне атсалысқанымызды жұртшылық біле бермейді. Мұны мақтану үшін емес, тіл мен мәдениет үшін жасалған іс-әрекеттердің басы қасында болған әріптестердің есімін жұртшылық біле жүрген дұрыс қой деген ниетпен жазып отырмын. Әрқайсымыз бала тәрбиесімен өз бетімізбен айналыса жүріп, бірлескен әрекетке көшіп едік.

Ол былай басталып еді...

1962 жылдың қыркүйек-қазан айларының бірінде бірге қызметтес (Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкеріміз) Нұрқанов Сейтбек (бізден гөрі ересек жігіт) жуырда №12 мектепте ата-аналар жиналысы болатынын, онда қаладағы қазақ мектебінің келешегі, тағдыры талқыланатынын айтып, сол жиналысқа қатысқанымызды қалады. Дәл осындай тілек көрші институттарға да хабарланыпты. Қазақ мектебі мен балабақшаларының тағдырын ойлап, құлағымыз елеңдеп жүрген кезіміз. Бардық. Мектептің шағындау акт залы лық толды. Тіпті жұрт сыймай, тік тұрды.

Жиналыстың төріне бірден Алматы өнеркәсіп обкомының хатшысы бастаған жауапты қызметкерлер жайғасты да, жиналыс басталып кетті. Бұл кезде Алматыда (басқа облыстардағыдай екі обком болатын) қала іші өнеркәсіп обкомының, дала шын мәніндегі облыс ауылшаруашылық обкомына бағынатын. Бұл Хрущев енгізген өткінші көп саясатының бірі еді.

Жиналысты басқарған обком хатшысы Қ. Ахметов №12 мектептің ата-аналары атынан өгініш-арыз түскенін, онда қазақ мектебінің келешегіне мән берілмей отырғаны, қаладағы жалғыз қазақ мектебінің күйі төмендеп, тіпті оның қала шетіне қарай ығыстырылып бара жатқаны көрсетілгенін айтты да, осының бәрі әлдебіреулердің қоғам дамуына кедергі келтіргісі келгендігі деп тоқтады. Ол кісінің сөзінің негізгі түйіні – қазіргі кезде қазақ мектебін ешкім де құдалап отырған жоқ, оның оқушы саны өте аз, қазақтардың өздері балаларын қазақша оқытқысы келмей, жаппай орыс мектептеріне беріп отыр. Оларға балаларыңды қайтсең де қазақ мектебіне бер деп зорлық қыла алмайды... Оны түсінуге болады. Ол кездегі жүргізіліп отырған саясаттың түрі осындай. Обком хатшысы сол саясатты іске асыру керек. Ол кісі осы бағытта сөзді біраз түйдектетіп алды да, бірлі-жарым партия саясатына қарсы келер жан болса, басып тастайтындай екпін танытты. Сценарий түрі осылайша құрылып келген болу керек. Айтылған үстем сөзге қарсы аталы сөз шықпай жатыр...

Бір кезде мінбеге шоқша сақалы бар шағын денелі қаңбақ шал көтерілді. Ол аздап өз тарихын еске алды. Соғысқа қатысыпты. Онда әртүрлі ұлт өкілдерінің бірге болғанын, олардың ешқайсысы да өз ана тілін ұмытпағанын, керемет білетінін, анасындай қастерлеп, қадір тұтатынын айтты. Сөз аяғында: «Мен орысша нашар сөйлесем де, ұғыныса алам, ал орысша жаза алмаймын» – деді. – Әй, Ахметов, сендер мені баламнан, немерелерімнен айырдыңдар...». Жұрт жым боп тына қалды. Әлгі қарт жалт етіп Ахметовке, президиумға қайта қарады да, екі көзінен от шашып: Менің немерем әскерде. Сағынып жүрмін. Хатты орысша жазады. Мен оны оқи алмаймын. Мен қазақша хат жазам, ол түсіне алмайды. Алыста, шетте жүрген бала ата сезімін, әке мейірімін сезіне алмаса, қалай ол ертең мейірімді болмақ, қалай отаншыл болмақ? Өз ана тілін білмей, ол өз ұрпағын қалай, қай тілде тәрбиелемек? Осыны түсінетін кім бар? Біздің ұрпақтың келешегі кімнің қолында? Інім, сен обком хатшысысың. Сонда сендер елден

ақылдарың, білімің, іскерлігің асқандықтан ғана хатшы болып отырған жоқсындар. Ең алдымен, қазақ болғандықтан хатшылық қызметтесіндер. Тым болмаса осыны ақтау керек емес пе?»

Өңгіме осылай шиыршық ата бастады. Тағы біраз адам сөйледі. Ата-аналардың әзіргі тілегі – №12 мектепті орталыққа көшіру. Өйткені оған балаларын әкелетін қазақтар қаланың әр тұсынан қатынайды. Ал балаларын орысша оқытқысы келетін ата-аналардың өз еркі? Сондықтан бұл жерде ешқандай әсіре ұлтшылдықтың қисыны жоқ.

Бұл басқосу ешқандай мәселені шешіп бере алмады. Сөзден ұтылып, көпшіліктің қаһарынан ыққан жиналыс басшылары ешқандай шешім қабылдай алмай, көрерміз деген сылтау жетегінде кете барды. Жиналыстың олжасы – мәселені дұрыс ойлап, бірлік танытылса, оны кез келген жоғарғы орын алдына қаймықпай табандалықпен қоюға болатындығы; жұрттың және азаматтардың қоғамдасу қажеттігі еді.

Өзара ақылдасу, кеңесу барысында қазақ мектебінің ауыр халы жөнінде, қазақ балабақшаларын ашу туралы СОКП Орталық Комитетіне көпшілік атынан өтініш жолдау қажеттігі шешілді. Ол кезде тек идеология саласында ғана емес, қоғамдық өмірдің бар саласында мәселе партия комитеттерінде шешілетін. Бұл – бір. Екіншіден, ата-аналар балаларын қазақ мектебіне неге ықыласпен бермейді деген сұрақтың шешімі әлгі жиналыс барысында ұйымдасқан топты қатты ойландырды. Басты себебі қалада қазақша балабақшаның жоқтығы болып шықты. Мұның үстіне ол кезде бөбекті балабақшаға орналастыру – үй, пәтер алу мәселесінен кейінгі екінші кезекте тұрған өте күрделі проблема болатын. Сан жылдар бойы тілі де, діні де орысша дамып өсіп келген жеткіншектердің ана тілін білмеуі, оның үстіне оған ата-анасының мән бермеуі, аты қазақ дегенмен заты оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адам болып шығуын қалыптастырды. Қайсыбір ата-ананың бұған іштей наразылығы болса да, «іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» деген сарынмен кедергісіз жүріп жатты. Ал ол

бала бір ауыз сөз қазақша білмейтін болса, қазақ мектебінің табалдырығын қалай аттамақ? Сөйтіп ендігі жерде қалада қазақша балабақша ашудың қажеттігі негізгі мәселеге айналды.

Орталық Комитетке жазылған өтініште қазақ мектебімен бірге үлкен әлеуметтік, мәдени маңызы зор мәселе ретінде қазақша балабақшаның ашылуы сұралды. Осы мәселелерді жүйелеп, оған көпшіліктің назарын аударып, жігіттерді ұйымдастырып жүргендер: Саламат Шалабаев – геология ғылымының кандидаты, сол кезде Геология министрлігінің, кейін Министрлер Кеңесінің қызметкері, Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкерлері Сейітбек Нұрханов, Сейілбек Исаев, Өмірзақ Айтбаев және Сержанов – қазақ радиосының қызметкері т.б. №12 мектепте Саламат пен Сейітбектің балалары, менің інім оқитын. Аталған топ мектеп жанынан құрылған ата-аналар комитетінің жұмысына қызу араласып кетті. Олар аудандық оқу бөлімінен министрлікке дейінгі, аудандық партия комитеті мен Орталық комитет аралығындағы мәселе шешеді-ау деген мекемелердің бәрінің есігін ашты. Алайда құр уәдеден басқа нәтижеге жете алмады. Ұрпағының қамын жеген бұл топ, сонда да балабақша мен мектеп үшін күресін тоқтатпады. Билік басындағыларға тыным бермеді.

Бір жолы көрсетілген негізгі тілектер, жазылған өтініштерді алып Саламат Шалабаев Мәскеуге аттанды, Министрлер Советінің тапсырмасымен іссапарға шыққан болатын. Ол 1963 жылдың қараша айының 6-сында СОКП Орталық Комитетінде болып, мән-жайды түсіндірген. Бір қызығы, Алматыдағы әртүрлі бастыққа жұмалап, тіпті кейде айлап жолыға алмай жүргенімізді де өтініште көрсеткенбіз. Әсіресе, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бізді қабылдап, тілегімізді түсінсе екен деп те өтінген едік. СОКП Орталық Комитетінің қабылдауында болған (Қазақстан мен Түрікменстан оқу орындары бойынша жауапты қызметкері әңгімелескен) Саламат Шалабаевтың айтуынша, әлгі өкіл Алматыдағы мұндай жағдайға таң-тамаша қалыпты (Ал шындығында мұндай жағдай тек Алматыда ғана емес, бүкіл

Қазақстанға тән еді). Ол кісінің айтуынша, Украинадан көптеген хат түсетін көрінеді. Онда көбінесе әңгіме болатыны орыс мектептерінің жағдайы. Онда орыс мектептері жеткіліксіз екен. Орталықтан барған болу керек, көптеген инженер-техник қызметкерлер орыс мектептерін ашуды талап етеді екен. Ал бүкіл Алматыда жалғыз-ақ қазақ мектебінің болуы, тіпті соның өзінің жағдайы мүшкіл екені таңғалдырған. Бүкіл астанадан бірде-бір қазақ балабақшасының болмауы өкінішті жай екен депті.

Дереу Алматыға телефон соғып, ешкімді таба алмапты. Қарашаның 6-сы мерекенің кезі ғой, Алматы уақыты Мәскеуден үш сағат бұрын. Айтқаны: «Мереке өтісімен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары сіздерді қабылдар, мен міндетті түрде телефон соғамын, бұл мәселені дұрыс шешуге болады». Айтқандай, шамамен қарашаның 18-і күні болу керек, бізді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н. Жанділдин қабылдады. (Біздің адресіміз, аты-жөніміз, жұмыс телефонымыз өтініште көрсетілген болатын.) Н. Жанділдин жолдас бұл мәселені жалғыз біз емес, бізден бұрын да талайлар көтеріп келгенін, бірақ бұдан мардымды ештеңе шықпайтынын айтты. Өйткені жұрттың көбі балаларын қазақ мектебіне бермейді. Себебі, біріншіден, қазақ мектебін бітірген балалардың білімі төмен. Екіншіден, жоғары оқу орнына түсе алмайды. Тіпті түсіп кете қойған күннің өзінде, әрмен қарай оқуда көп қиналады. Ал техникалық саладағы оқу орыс тілінде оқытылады... Міне, байқасақ бәрі орнында, бәрі түсінікті. Жалғыз-ақ бұған біздің ғана түсінгіміз келмейді екен. Түсінгіміз келмейтіні, біріншіден, қазақ мектептеріне неге ешқандай қамқорлық жасалмай отыр. Екіншіден, жағдай жасалса, қазақ мектебіне баласын бергісі келетін ата-аналар аз емес. Үшіншіден, қазақ балабақшаларын көптеп ашу керек. Қаладағы қазақ жастары қазақ тілін ұмытып барады, дұрысында білмей қалып жатыр. Сондықтан қала жағдайында орыс тілін үйрену проблема емес, баланың көшеде, балабақшада, мектепте барлық жерде орысша үйренуге толық мүмкіндігі бар.

Ал мәселенің ең қиыны – ана тілін оқып, үйренуде болып тұр. Біздің дәлелдеріміз хатшының көкейіне қонса да, оған мойын бұрғысы келмеді. Партияның сол кездегі саясатын қатып ұстанатын ағайынның қарасы көбейген кезі ғой бұл. Мәселенің қаншалықты қиын екенін ескерте берді. Тіпті болмаған соң: «Қане, табындаршы оқушыларды, орталықтан жаңа мектеп салып берейік», – деді. Біз: «Жақсы, бізге радио мен теледидардан сөйлеп, газет-журналдар арқылы жұртшылыққа түсіндіріп айтуға мүмкіндік беріңіз», – дедік. «Ол болмайды, елді дүрліктіріп аламыз», – деді. Тағы да тұйыққа тірелдік. Хатшы жолдас халық қамын, тек біз ғана емес, өзінің де күндіз-түні ойлайтынын түсіндірумен болды. Мәселе шешілмейтін болған соң, бос сөзге құлақ аспайтын сынай таныттық. Ақырында облыстық партия комитеті бар, басқа да органдар бар, әйтеуір ақылдасып отырып бір шешімге келетінін, мәселені аяқсыз қалдырмайтынын айтты. Хабарласып тұруға телефонын берді. Біз ауыр оймен қоштасып шығып кеттік.

Енді не істеу керек? Халыққа керек мәселемен, оның ішінде өз ұрпағыңның тағдырына байланысты шаруаға кіріскен екенсің алған беттен қайтуға бола ма?! Обкомның (Алматы облыстық өнеркәсіп комитетінің) бірінші хатшысы Дыхновқа да кіріп сөйлеспекші болдық. Мәселені бір шешетін жер осы болуы кәдік дегенді естігенбіз. Сол үміттің жетегімен осы кеңсені жағаладық. Ол кезде обком Коммунистік проспект (қазіргі Абылай хан көшесі) бойындағы қалалық атқару комитетінің үйінде болатын. Кіретін есігі сол Коммунистік проспект жағынан. Дыхновқа кіру оңай болмады. С. Шалабаевтан басқамыздың бәрі де (С. Нұрханов та, С. Исаев та, мен де) коммунист екенбіз. Ол кезде Орта-лық Комитетке де, Обкомға да партбилетпен кіргізе беретін. Коммунист болсаң болды. Бірнеше күн таңертеңнен келіп, кіре алмай, Дыхнов қабылдамай бос қайтып жүрдік. Бірақ Дыхновтың қай кезде келіп, қай кезде кететінін байқап қалдық. Ол таңертеңгі 8 сағат 45 минутта келеді екен. Сөйтіп бір күні осы топ сегіз жарым болмай обкомның хатшысының есігінің алдында тосып тұрдық. Есік көзіндегі милиционер бізге бұл жерде топ-

тасып тұруға болмайтынын ескертті. Біздің бөтен ниетіміз жоқ екенін айттық. Дыхнов сағат 8.45-те көлігінен түсіп, кабинетіне көтеріле берді. Ауыздағы милиционер созылып, қаққан қазықтай оң қолын шекесіне апарып, қатты да қалды. Біз жалма-жан Дыхновты қоршап алдық. «Бұл не?» – деді тұра қап Дыхнов шошынған пішінмен. «Жолдас хатшы, сізге ата-аналар қауымы дейді», – деді милиционер еш қозғалмастан. «Жолдас Дыхнов, біз қаладағы қазақ ата-аналар қауымының өкілдері едік, қабылдауыңызды сұраймыз», – дедік. «Ол не қылған ата-аналар қауымы? Менің қазір еш уақытым жоқ», – деді әңгімені шолақ қайырып Дыхнов. Біз әбден бекінген кейіппен: «Жоқ, Сіз бізді қабылдауға тиіссіз. Біз жеке бастың қамын күйттеп емес, қаладағы қазақ ата-аналар қауымының тапсырмасымен келіп тұрмыз. Егер оны менсінбесеңіз, онда тура айтыңыз. Біз осы араны қарауылдап жүргенімізге бірнеше күн болды. Бұдан ары тосуға да, төзуге де шамамыз жоқ», – деп біз де ашына, тіпті қайтпай, өктем сөйледік. Ол азғана ойланды да сағатына қарап: «Он минуттан артық уақытым жоқ, естеріңізде болсын!» – деді де, милиционерге бір бұрылып: «Жіберілсін!» – деді. Өзі тез-тез адымдап жалпақ баспалдақпен жоғары көтеріле берді. Іле-шала біз де кірдік. Өз столының жанына қатар тұрып қалып ек. Өзі де орнына отырып жатып, бізге де «отырыңыздар» деп ишара етті.

«Ал, тындап тұрмын, халық қамын жеуші жолдастар!» – деді сәл кекесіндеу үнмен. Біздің сөзімізді ұстанушы арамыздағы Сейітбек Нұрханов: «Жолдас Дыхнов, біз сізге қаладағы қазақ балаларының, олар оқитын жалғыз қазақ орта мектебінің жағдайын айтып, көмек сұрап келдік» – деп, әрмен қарай мән жайды түсіндіре беріп еді, оның сөзін бөліп: «Өзіңіз не айтып отырсыз? Қазақ балаларының жағдайы басқалардан кем деп кім айтты. Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақ балаларына толық жағдай жасалған. Біз оны қазір жалғастырып отырмыз», – деді Дыхнов енді не айта қояр екенсіз дегендей рахаттана күлімсіреп. Сейітбек қайтар емес.

– Нет, товарищ Дыхнов, для казахских детей вы не создали даже те условия, которые созданы для христиан-баптистов.

– Что-о-о? – деп Дыхнов орнынан қызара бөрте атып тұрды.

– Молильный дом христиан-баптистов находится в центре города, речь идет не об административном, а географическом центре на углу улиц Комсомольской и М.Ауэзова. А единственная Казахская школа находится за чертой города. Как же могут быть другие условия?», – дегенде Дыхнов белі бүкірейіп, демін ала алмай тұрып қалды. Азмұз ойланды да: «Жақсы, қазақ балалары үшін қолдан келген бар жақсылықты аямаймыз, барлығын да жасаймыз», – деп әрқайсымыздың қолымызды алды. Осыдан үш күн өткен соң христиан-баптистер ғибадат үйі орнынан ғайып бопты. Дыхнов жасаған қамқорлықтың ең үлкені осы болды.

Обкомға бұдан кейін де нәтиже күтіп талай келдік. Қаланың атқару комитетінің төрағасы Есен Дүйсеновтің және обком орынбасары К. Ахметовтың алдында да талай болдық. Ақыры біз көтеріп жүрген мәселе обком бюросында қаралатын болды дегенді Жандилдиннің көмекшісі хабарлады.

Сөйтіп, 1963 жылы қаңтардың 2-сі күні обкомның бюросы болды. Біз обкомның алдында тас баспалдақта бюро шешімін күтіп отырдық. Әлден уақытта біздің мәселе бюрода қаралып, №12 мектепті орталыққа көшіретіні, қалада бірнеше қазақ балабақша және әр аудандағы жекелеген балабақша қасынан қазақша бірнеше топ ашу жайында қаулы қабылданғанын бізге жеткізді. Бір-бірімізді құттықтап, сүйінші сұрасып, үйді-үйімізге тарадық.

Қуанышта шек жоқ. Бірақ қаулының қабылдануы бар да, оның іске асуы жағдайы тағы бар ғой. Мұның екеуі екі түрлі нәрсе. Бұл екі арада біраз уақыт өтсе де, әзір ешнәрсе істеле қойған жоқ. Қабылданған қаулыны кім іске асырады?

Баяғы жігіттер тағы да бас қосып ақылдастық. Біз барған бастықтардың ішінде мәселені жанашырлықпен тү-

сініп, іш тартып, жылы қабақ танытқан қалалық атқару комитетінің төрағасы Е. Дүйсенов болатын. Енді әңгімені осы кісіден қайта бастауға тура келді. Ол кісі бізді кезексіз қабылдады. Барған жердің бәрінде де ата-аналар қауымының өкіліміз деп, кезексіз қабылдауды талап етіп отырдық. Жұртты қабылдамайтын күндері барамыз.

Е. Дүйсенов бізді тағы да ықыласпен қабылдады. «Жарайсындар, жігіттер! Бұл – үлкен жеңіс! Бірақ бірдеңеге ұрынып қалып жүрмеңдер. Бұл өзі қисыны қиын іс қой», – деп бізді әрі сақтандырып, әрі көңілдендіріп тастады. Ол кісі бюро мүшесі ретінде сол бюро жұмысына қатысқан екен. «Бізді неге қатыстырмады?» – деген сауалымызға: ол туралы әртүрлі пікір болды. Оның түбіне жетеміз деп қайтесіндер. Ең бастысы тамаша қаулы қабылданды. Ендігі жерде аптықпай қаулыны жақсылап іске асыру керек... №12 мектеп пе? Ешкім оған өз орнын бере қоймайды. Жаңа мектеп салу үшін ол алдын ала жоспарға енгізілуі керек, қаржы керек. Лайықты жер табу да оңай емес. Тиімді бір вариант табу қиын... Сендер әйтеуір бастадыңдар ғой. Енді жалықпай, осы лайықты-ау деген жерде салынып жатқан мектеп бар ма екен? Соны қараңдаршы, – деді де, телефонды көтеріп, – Шаһмардан, менің алдымда бір топ жігіттер отыр. Екеуміздің де қолымыздан келмейтін іс атқарды. Естіген шығарсың, осылардың талап етуімен обком арнаулы қаулы қабылдады. Енді маған үлкен бір өтінішпен келіп отыр. Сенің ғой бір балабақшаң жуырда берілгелі тұр. Соны қазақ балабақшасы етіп, оқу бөліміне берсең қайтеді. Аты өзгергенмен, заты өзгермейді ғой. Бір жігіттік жаса. Жақсы, келістік!» – деп күлімсірей бізге қарады. Шаһмарданның ол кезде Геология министрі, кейін Министрлер Советі төрағасының орынбасары, одан соң Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болған академик Ш. Есенов екенін кейін білдік. Әңгіме салынып, бітіп келе жатқан Ленин проспектісіндегі (Киров пен Комсомол көшелерінің аралығындағы) кейін 204 деп белгіленген балабақша жайында екен. Шынында бұл балабақша ведомстволық сипаттан қалалық оқу бөлімінің иелігіне көшті.

Бұдан кейін де талай қиындық бастан өтті. Қаланың иесі (мәрі) Е. Дүйсенов сөзінен кейін біз қаланы шарқ ұрып, әр жерде салынып жатқан құрылыстарды аралаумен болдық. Абай даңғылының үстінде Байзақов пен Чапаев көшелерінің аралығында бір мектеп салынып бітіп тұр екен. №12 мектепке лайық болса осы болар деп сендік. Осы ойымызды сол сәтінде Е. Дүйсеновке жеткіздік. Бірақ оған ол кісінің де күші жетпеді. Оны қазақ мектебі ету қолынан келмеді. Біздің бұл әрекетімізді сезіп қалған кейбір бастықтар бұл мектепті қазақ мектебі етпес үшін жедел түрде оған №103 орыс мектебі деп ат қойып, айдар тағып, директорларын тағайындап, шала-шарпы контингентін белгілеп үлгеріпті. Бір қызығы, алғашқы директоры болып Приезжев деген азамат тағайындалыпты. Сөйтіп, №12 мектепті алғашқыда жарылқай алмадық, бірақ орнынан қозғадық. Кейін бұл мектеп Фурманов – Комсомол көшелерінің қиылысқан жеріне көшіп келді. Одан кейін қазіргі үйін мекендеді. Осылайша арпалысып жүргенде уәде етілген балабақшалардың да жайы мәз бола қоймады. Аудандық оқу бөлімдерінің басшылары қазақ тілінде тәрбие жүргізуге жаны аши қоймайтын, тіпті кейбіреуі оған қарсы жұмыс істейтін арнайы іріктелген мамандар сияқты еді. Соның салдарынан қаулыда көрсетілген қазақ тіліндегі топтың бәрі бірдей ашыла қоймайтын ыңғайы бар екен. Оның үстіне қазақ балабақшалары мен топтарына балаларды жаңадан қабылдамай, бұрын орыс балабақшаларындағы қазақ балаларын жинап алып, қабылдамақ болып жатты. Осының кесірінен алдыңғы жасалған әрекеттердің барлығы зая кете бастағандай болды.

Тағы да табалдырық тоздырар жүрістер басталды. Обкомға бардық. Бұл кезде идеология жөніндегі хатшы Хакімжанов екен, әңгімені қайта бастап, бюро шешімін еске алдық. Хатшы жыл басында болған бюро материалын алғызып қарап еді, біздің мәселе жөнінде ешбір ақпар болмай шықты. Бөлім бастығы Яренская дегенді шақыртып еді, ол кісі ондай қаулы алынғанын, бірақ протоколға енбей, ауызша түрде болғанын айтты. Солай етіп бірінші хатшы нұсқау берген екен. Бұл не деген саясат? Құлық па, сұмдық

па? Арбау ма, алдау ма? Бір кісінің емес, бір халықтың тағдыры безбенге түскенде жасалған мынадай сайқалдықты қалай түсінуге болады? Бұл алдамшы әрекетті бюро мүшесі боп отырған қазақтар да көріп отырды ғой. Селт етпегені ме? Әлде олар да ауызша қаулыны үлкен жетістік деп ойлады ма екен? Іс жүзіне асырылатын қаулының протоколға енбей қалуының ауызша қабылдануы тарихта ізі қалмасын деген ойдан ба? Оған баға беру қиын. Әйтеуір әзір қаулының күші жойыла қоймаған, естен шықпаған. Соған да шүкіршілік!

Обкомныңалдынақайталапқойғанмәселеміз, әсіресебалабақша жөніндегі ойымыз мынау болды: ашылып жатқан және ашылмақшы қазақ балабақшалары мен топтарына балаларды басқа балабақшалардан емес (қажет болса, олар кейін бір-бірінен ауыстырып та алады), аудандық оқу бөлімдерінде кезекте тұрған балаларды, сондай-ақ кезекте әлі тұрмаса да, қазақша тәрбие алғысы келетін балаларды алу керек: ол үшін қазақ балабақшаларына қабылдауда ата-аналар өкілдері міндетті түрде қатысып отырсын. Бұл тілек толық қабылданды да Сейілбек Исаев Фрунзе ауданына өкіл болып кетті. Қазіргі «Отырар» қонақ үйінің орнында кішкене ғана екі қабатты үй болатын, соның бірінші қабатында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Фишер дегеннің кабинетінде күнде кешкі сағат 6-дан 8-ге дейін С. Исаев пен Зейнолла Бейсембаев («Қазақстан мұғалімі» газетінің бас редакторы, депутаттық жұмыс ретінде) екеуі ата-аналармен әңгіме өткізіп, №204 балабақшаға бір ай уақыт бойы бала қабылдағаны есімде. Бұл балабақшаның алғашқы меңгерушісі К. Темірболатова деген кісі болды-ау деймін. Осы балабақшада Сейілбектің екі баласы, Аққалы Қалыбаеваның қызы, Сақтаған Бәйіштің немересі, Өмірбек Жолдасбековтың баласы, т.б. тәрбиеленді.

Дегенмен біз дйттеген мақсатымызға жеттік. №12 қазақ орта мектебі қалпына келтірілді. Алматы қаласындағы алты ауданда да балабақшалар ашылды. Қанша балабақша болсын, қанша мектеп болсын онда барып оқитын, тәрбиеленетін қазақ балалары мен сәбилердің саны жеткілікті екеніне әкімдердің көзі жетті. Алайда қазақ тілінің мүшкіл

халі бәрібір түзеле қойған жоқ. Бүкіл Қазақстан аумағында 700-800-ге таяу қазақ мектебі айдың күннің аманында өзінің өмір сүруін тоқтатты. Бұл кезіндегі партия саясатының «жемісі» еді.

Өткен тарихты қаузай отырып, бүгінгі болмыс-бітімімізге шүкіршілік айтуға тура келеді. Тәуелсіз ел болғанымызға жиырма жылдан асып барады. Бұл 20 жылда екі ғасырға татитын іс тындырылды. Сондағы басты жеңістеріміздің бір де болса бірегейі қазақ тілінің мемлекет тіл ретінде қызмет аясының кеңеюі деуге болады. Бұл Елбасы жүргізіп келе жатқан сараман саясаттың нәтижесі.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп келе жатқан кемел саясатын қуаттай әрі тәнті бола отырып, ширек ғасырға таяу уақыт деңгейінде мемлекеттік тіліміздің өгіз аяңмен межелі жерге көтеріле алмай келе жатуының себебін іздеп аңыратын жағдайымыз да бар. Мемлекеттік тілге байланысты Елбасы тарапынан жасалып жатқан қамқорлыққа риза бола отырып, орындаушы мекемелердің салғырттығына қайранбыз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің өз дәрежесінде жұмыс істеу үшін екі-ақ нәрсе керек-ау деген ойдамын. Осы ойды да ақылға сала кеткенді жөн көрдім.

Біріншіден, барлық орта мектептерде (қазақ, орыс деп бөлмей) қазақ тілі емтихан тапсырылатын негізгі пәндердің қатарында, аттестатқа енгізілуі керек. Сонда ғана жас ұрпақ мемлекеттік тілді толық игеріп, Қазақстан азаматтарының қатарына қосылатын болады. Мұндай талапты 50-ден асқан, 70-ке тақаған азаматтардан талап етудің қажеті шамалы. Болашақ ұрпақтың тіл ұстарту тұсауын кесудің бір жолы осы.

Екіншіден, мемлекеттік мекемелерге – Президент Кеңесінен бастап, барлық әкімдіктер мен министрліктерге қызметке тұрғысы келетін азаматтардан мемлекеттік тілді білу міндетті түрде талап етілуі қажет.

Ендігі жерде осы екі мәселені қадағалап іске асыратын болсақ, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі талапқа сай қызмет ететін болады деп есептеймін.

ОТЫРАРДЫҢ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛАНЫ

Замандастары не дейді:

Шығыс халықтарында «Ғалым (ақын) болу оңай, адам болу қиын» деген нақыл сөз бар. Шынында да, шынайы адамдық қасиет жүре бітетін емес, туа бітетін табиғаттың тамаша сыйы ғой. Міне, осы қасиеттер Өмірзақта туа біткен. Ол ғалымдықтың да, адамдықтың да шылбырын тең ұстаған азамат.

*Академик
Әбдуәли ҚАЙДАРОВ.*

Өмірзақтың жан-дүниесіне үнілсек, оған табиғат, дәлі-рек айтсақ, ата-анасы бойына өнер мен иман дарытыпты.

*Академик
Рәбиға СЫЗДЫҚОВА.*

Иә, замандастары осылай баға берген тұлға – Өмірзақ Айтбайұлы оңтүстіктің перзенті. Атақ пен марапаттан кенде емес. Ғылым үшін барын да, нәрін де беріп келеді. Бір ғана ана тілімізді зерттеп-зерделеуге 55 жылдай өмірін сарп етіпті. Қазақ тіліне деген адалдығын тек жанкешті ісімен дәлелдеумен келеді.

«Топырақ пен тұлға» айдарында оңтүстіктің мақтанышы, Отырардың озық ойлы тумасы Өмірзақ аға Айтбайұлынан еркін тынысты әңгіме жасауды сұранған едік. Мақсатымыз – еліне, жеріне оның азаматтық тұлғасын, ғұламалық өнерін кеңірек жеткізу, дәріптеу болатын. Бір ғана сұхбат төңірегінде ғалымның жолын тұтастай қамту мүмкін емес, әрине. Дегенмен көптің көңіліндегі келелі сауалдарға парасатты ағамыздың кемел жауап қайтарғанын қаз-қалпында беруді жөн көрдік.

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

– *«Уызында жарыған ұл» деген сөздің астарын қалай түсіндірер едіңіз, аға?*

– Бұл сөз киелі ұғым. Уызында жару – ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің деген ұғыммен тікелей байланысты. Қандай адам болсын отбасында көргенін, ұққанын өмірде іске жаратпай тұрмайды. Уызында жарыған қазақтың ұлдары көп. Уызымда жарығам, болмаса өзімді талантты жандардың қатарындамын деуім ыңғайсыз. Әйтсе де әліге дейін отбасымда көрген тәрбиемен келеді екем. Әсіресе әке тәрбиесін көбірек бойға сіңірген адаммын, ана тәрбиесін жеткілікті көре алғам жоқ. Әкем Айтмұхамбет Белгібайұлы төңірегіне танымал молла, белгілі жыршы, ақын, «Халық ақыны» атағын алған, Бұхара медресесінде оқып, ислам дінінің оқу орнын бітірген со кездегі бірден-бір білікті, білімді адам еді. Оқуын аяқтап келген бойда Ташкент қаласы маңында мұғалім бола жүріп, атақты Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Шәді төрелердің сөзін тыңдап, дәмдес болады. Олардың жырларын жатқа айтып, жалпақ жұртқа жаршылардың бірінен саналады. Ол кісінің төңірегінде әңгімені төгіп-төгіп айта білетін, ойлы пікірлерін ойып жеткізетін шежіре жандар болатын. Кеңес үкіметінің саясаты мен көзқарасы басқашалау болғандықтан, мұндай кісілерді қожа-молдалар деуші еді ғой. Құран сөзін айтып, қисса-дастандарды толғап отыратын небір көсем, ғұлама қарттар ортасында өстім. Осындай жиындарға әкем мені қасынан тастамай ертіп жүретін. Бәлкім, осының әсері болды ма, домбыра тартып, ән салуға жастайымнан құмарттым. Кітап оқуды тіптен жақсы көрдім.

Міне, қызым, мен осындай өнегелі, қазақтың көп дәстүрін қағида етіп ұстанған шаңырақта туып-өстім. Балаға уызды тек өскен шаңырағы беретінін өз басымнан білем.

– *Өмірзақ аға, өзіңізді оңтүстіктің осындай ұлы деп мақтаныш ететін сол ел-жеріңіз, әсіресе кіндік қаныңыз тамған Отырар топырағы туралы бүгінгі ақсақалдық көзқарасыңызбен сыр шертсеңіз деймін.*

– Өмір керуені Алла бұйыртқан неше алуан жолдармен тоқтаусыз жүріп жатыр ғой. Алпыстың шырқау шыңына шалдықпай шығып, жетпістің мұнарлы да бейтаныс биігіне өрмелеп, сексеннің де ауылына таяп қалдық. Өткен жол, кешкен тарих әралуан, қилы-қилы. «Содан сәл де болса қазіргі және келер ұрпаққа үлгі болар қандай оқиғалар болды? Не күй кештім? Не үйрендім, неден жирендім?» деген сауалдар мазалап, өз өмір жолыма үңіліп жүрген жайым бар еді. Міне, өз туған жерімнің төл басылымы «Оңтүстік Қазақстан» да осы ойымнан дөп түсіпті-ау!..

Туған топырағым – өмірімнің басты құндылығы. Кез келген адам сияқты мен де туған мекенімді мейілінше мақтан етем. Кіндік қаным тамған өлкем өз заманында руханият астанасы болған Отырар. Отырардың қай жерін бассаң да, қай төбесін түртсең де тарихы сарнап қоя беретіні сөзсіз. Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың да осы қалада орналасуы тегін емес. Елдің сауатты, білім қуған азаматтары тарихтың үнін сақтаған осы кітапхананы пайдаланған. Тағы бір ерекшелігі, Отырар өзінің қаһарман қорғаушыларымен өшпес даңқа бөленген, батырлықтың, отансүйгіштіктің теңдесі жоқ үлгісіне айналған қала.

Отырардың бір шеті қарт Қаратау, мына шетінде ежелгі сақтардың, одан кейінгі қаншама түркі тайпаларының құтты мекені болған сұлу Сырдария анау. Киелі Түркістан мен әйгілі Қазығұрт та жанасып жатыр. Қазыналы осынау жердің бәрін туып-өскен өлкем деп есептеймін.

Сырдың суы шежірелі қарт сияқты. Сырдарияның жағалауына барғанда өзімше үлкен ойға қалып, үнсіздік бойымды жайлайды. Ойлана, толғана білетін жан Сырдың суынан-ақ көп нәрсе ұғады білем. Аруағыңнан айналайын, Арыстан-бабтың, Отырардың маңайында қаншама даналардың сүйегі жатыр. Оның бәрін де кейін біліп жатырмыз. Киелі өңіріміздегі тау-тау төбелердің пайда болу аңызын да, гүлденген шаһарымызда оқымыстылардың өмір сүргендігін де үлкендер мен ұстаздарымыздан естідік. Бертін келе жоғары оқу орынына келіп, айтулы тұлғалардан дәріс ала бастаған кезде жан-жақты білуге құштарлығымыздың оянғаны да рас.

Шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлінің кейінгі кездерде зерттеп, әлемге қилы ой-пікірлерін дарытқан отырарлық әл-Фарабилердің саны отызға тарта екендігін білдік. Бұл ғұламалардың бәрі Отырарда ауызданып, содан шығысқа қарай жылжып, әлемдік деңгейдегі білім мен ғылымды дамытуға үлес қосқан ұлы бабаларымыз емес пе. Мұның басында Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз тұрғаны анық. Фараби сияқты аңызға айналмағанымызбен, бәріміз сол киелі топырақтың түлегіміз, ұрпағымыз ғой дей отырып, Отырар топырағына, ең бастысы, қазақ атына ұят келтіруге құқым жоқ деген ұғымның санамда әбден орныққаны соншалық, сол ұғыммен әлі келем.

– Бар саналы ғұмырын сонау 1962 жылдан бері тек ана тіліне сарп етіп келе жатқан бірден-бір ғалым өзіңіз екенсіз. Тізбелеп көрсетсек, тіл мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, әдебиет, мәдениет, мемлекеттік тіл, аударма, қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелерінде атқарған еңбектеріңіз қырауар. Осыншалықты бір ғана саланың түп-тамырын тереңдеп зерттеуге, ежіктеп, сүзгіден барынша өткізуге, жаныңызды салуға, яғни тілге деген құрметіңіз бен қызығушылығыңызды қалай жеткізер едіңіз?..

– Өз өмірімде кие тұтып, қасиет санап келе жатқан үш мұрам бар. Ол – қасиетіңнен айналайын Ана тілім, содан соң Ән мен күй және Қоңыр домбыра. Ғылым мен өмірде мені алға жетелеп, өрге өрмелетіп келе жатқан осы үшеуі.

Сөз өнеріне, тіл өнеріне деген іңкәрлік мені 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне алып келді. 1954-1959 жылдар – бақытты жылдарым. Өйткені ғұлама, парасатты ұстаздардан тәрбие-тағылым алдым. Оның басында Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәулен Балақаев, Исмет Кеңесбаев, Темірғали Нұртазин, Ибрагим Маманов, Зейнолла Қабдоллов есімді кесек-кесек ірі, әрі маман, әрі адам, әрі ғалым болып келетін тұлғалардың алдын көрдім. Мұхтар Әуезовтің өткен дәріс-

тері көз алдымда. Таяуда үйдегі қолжазбаларымның арасынан «Абайтануынан» жасаған конспектім шыға келіп, жеті қазынаның бірін тауып алғандай қуандым. Әуезовтің әр оқыған дәрісі ғажайып оқиға болып өтетін. Алғашқы кезде жеке топтарға бөлінген дәрісхана кішкентай залда өтіп жүретін. Кейін бұл залға сыймай кеттік. Себебі, басқа да бөлімнің және өзге жоғары оқу орындарының түлектері өз еріктерімен қатысатын. Содан амал жоқ, дәрісті үлкен актзалында өтуге тура келетін. Студент-шәкірт есебінде біраз нәрсені ұққанымызбен, кейін-кейін барып Мұханның түпсіз терең дария екенін білдік қой. «Абайтанудан» дәріс оқып жүргенде, Абайдың әрбір сөзін, әрбір өлеңін талдай отырып, мән-мағынасын санамызға барынша құятын. Абай арқылы кеңестік дәуірдегі өзі тектес творчестволық адамдардың шығармаларына, Толстойдың дүниелеріне дейін барып, одан бүкіл Еуропаға, одан әлемдік деңгейдегі әдебиет үлгілерін шарлап, содан бүкіл Шығыс әдебиетінің жауһарларын байланыстырып сөйлей жөнелгенде біздер аузымызды ашып, көзімізді жұмып тыңдап отыратынбыз.

Ал енді тіл мәселесіне келсек, кей адамдардың ойынша тіл қызықсыздау мәселе секілді. Шындығында, тілдің мәселесі мейлінше қызық. Тіл мәселесін қызықтырып оқитынды Ісмет Кеңесбаевтан көрдім. Бұл кісі Ленинградта оқыған, білері көп, орысша-қазақша өте сауатты, білгенін екі тілде бірдей шешен сөйлейтін ғалым еді. Адамды орта қалыптастырады деген сөздің жаны бар. Менің де ойыма ой, біліміме білім қосқан осы ортам, ұстаздарым еді.

Ұстазым Мәулен Балақаевтың мінезі қандай мәйін болса, өзінің жүріс-тұрысы, сөзі де тұнып тұрған зиялының өзі болатын. Оның дәрісті әзіл-қалжың араластыра отырып оқитыны тілге деген ынтызарлығымызды одан әрі аша түсті. Сол сияқты морфология саласынан дәріс оқыған ұстазым Ибрагим Маманов та сабағын өзі сүйсініп, өзі түсініп, өзі сүйініп оқитын, болмысының өзі заттықты көрсетіп тұратын кесек тұлға болатын. Жалпы, әдебиетке қызығуыма Мұхтар Әуезов пен Бейсенбай Кенжебаевтар ықпал етсе, тілге Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ибрагим Мамановтар арқылы қызықтым.

Университеттегі дипломдық жұмысымның тақырыбы «Қазақтың мақал-мәтелдері» еді. Сол дипломдық жұмысым бүкіл тіршілігіме азық болып келеді.

Содан университетті бітірер тұста қайда жұмыс істеуім керектігін әкеммен ойластым. Қарт әкем, інілерім шиеттей бала-шаға бар дегендей, алда үйлену мәселесі де тұрды. Әкем өте салиқалы, парасатты адам болатын. Менің сөзімнің ауанын аңғарған ол: «Шырағым, сенің оқуыңның жүйесіне, алған біліміңе қарай сол жақта қалуыңа мүмкіншілік болмады ма?» деді. Сол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінде Абай Бейсенбаев, Әлім Тұяқбаев, Бекділда Абдуллин деген ағаларым менің тілге, әдебиетке, жазуға деген қарым-қабілетімді байқады-ау дейім «сен бізге кел» дегені бар. «Диплом жазып жүрмін» дегенімде ағалар «дипломды осы жерде-ақ жазасың, кел» деп, мен «ойланайын» деп кеткенмін. Осына әкеме айттым. «Ендеше балам, өрісінді тарылтпа, шақырған жерге бар», – деді әкем шорт кесіп. Әкемнің жөн сілтеуімен Алматыға келіп, диплом жазып жүріп «Социалистік Қазақстанға» әдеби қызметкер болып орналастым. Қалыптасқан өзіндік дәстүрі, үлкен журналистік мектебі бар аға газетте үш жарым жылдай еңбек етіп, газет жанрларын меңгеруде біраз тәжірибе жинадым. Дегенмен ғылым әлемі еріксіз өзіне тарта берді. Бүкіл ақыл-ойдың кемелі осы Ғылым академиясында сияқты боп көрінетін. Шындығында солай болып шықты...

Бір күні Тіл білімі институтына бір кісілердің айтуымен бардым. Институттың директоры Ісмет Кеңесбаев, орынбасары Әбдуәлі Қайдаров еді. Сол кісілердің алдына кіріп, тіл мәселесімен шұғылданғым келетін ойымды жайып салдым. Ғұламалар ғой, мақсатымды бірден ұқты да, «документтерінді алып кел» деді. Құжаттарымды өткіздім. Көп ұзамай, 1962 жылы Ғылым академиясының Тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып ауыстым. Бұл институтта тағы да өзіме дәріс оқыған ұстаздарымның тәрбиесі жалғаса түсті.

Жалпы тіл жұмысын қолға алғаннан кейін де маған әсер еткен екі адам болды. Бірі – Сейділ Омарұлы Талжанов.

Бұл кісі Сәкен Сейфуллиннің хатшысы болған. Соның салқыны тиіп, 17 жылға Сібір айдалып, елге қайта оралған. Екіншісі – өте аяулы азамат Әбен Сатыбалдиев. Кезінде «Қазақ әдебиетінің» редакторы болған. Осы екі азамат өзара ақылдасып, маған аударма тақырыптарын жүктеді. «Мақал-мәтелдерді жақсы біледі екенсің. Сондықтан Максим Горький шығармаларын қазақ тіліне аудару тәжірибесіне білікті талдау жасап, сондағы мақал-мәтелдердің қазақша берілу тәсілдеріне үңіл, соны тақырып етіп ал» деді ағаларым. Бұл ұсынысты М. Балақаев та қолдады. Сөйтіп, ұшы-қиыры жоқ күрделі тақырыппен шұғылданып кеттім. Таза тіл туралы немесе таза әдебиет туралы болса жүйелілеу болар еді. Жұмысым екі еселеніп кетті. Шығарманы бір адам жазады, оны екінші адам аударды. Ол бірнеше аударма болып та кетеді. Ал үшінші адам соны жіліктеп, ғылыми тұрғыда түсіндіріп беруі керек. Жұмыстың еселеніп кеткені деп осыны айтып отырмын. Қиындыққа шыдадым. Сонымен, Мәулен Балақаевтың жетекшілігімен, өзге ағалардың ақыл-кеңесімен «М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды қорғап шықтым. Көп ұзамай ол «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты көлемді монографияға ұласты. Артынша «Тіл және аударма», «Мақал-мәтелдерді аударудың кейбір мәселелері» атты еңбектерім дүниеге келді.

Қорғау жұмысымда терминологиялық мәселе туралы да айтып өткенмін. Терминология мәселесі қолға алынып жатқан кез. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру ол дәуірде елеулі мәселе болатын. Ендеше, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруыма барғым келетін болса, қазақтың терминологиялық лексикасын зерттеуім керек. Сондықтан докторлық диссертациямды «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» атты тақырыпта қорғадым. Бұл жұмысым терминологиядан бірінші докторлық диссертация болды. Осы шақта Ахмет Байтұрсынұлының жаңадан ақталып жатқан кезі.

Байтұрсынұлының бүкіл еңбегін докторлық диссертация деңгейінде талдап, таразылап өттім.

– Сөзіңізді бөлейін, тілдің ғылымға қызмет ету керектігі Әуезовтің сөзімен айтсақ, «төрт-ақ кластық білімі бар» Ахмет Байтұрсыновтан бастау алған екен. Дегенмен сол кезеңдегі тіл мен жаһандану қоғамындағы тілімізде айырмашылықтар бар ма? Сөздік қорымыздың қазынасын байыттық па, болмаса байырғы сөздерімізді жоғалтып алып жатқан жоқпыз ба?

– Кеңестік дәуірде тіліміздің тынысын тарылтқанымызбен, тіл қазынасын жоғалтқан жоқпыз. Мәселен, сонау 70-ші жылдардың өзінде-ақ Тіл білімі институты 10 томдық түсіндірме сөздікпен айналысты. Мұнда қазақ тілінің сөздік қорындағы бар сөздер жинақталып, мол қазынамыз қалыптастырылды. Бүкіл түркі әлемі бойынша қазақ елінде ғана тұңғыш рет осындай сөздік шықты. Басқа бірде-бір түркі тектес мемлекетте мұндай дүние қолға алынбаған кезі. Кейін 10 томдықты толықтырып, 15 томдық етіп қайта шығарылды. 15 томдықта 150 мыңдай сөзіміз жинақталды. Алғашқы 10 томдықты жасаған кезімізде есептеулер жағынан қатерлі бір нәрсені байқаған едік. Ол сөздіктегі 60-70 пайыз сөздеріміздің (интерминдер дейтіннің) өзге тілдерден енгендігі. Олар түрлі тәсілмен айтылып, бейімделіп, тікелей, тура енген. Егер тілдік қорымызды әскери құрама десек, сол қазақ әскерінің ішіне қаптаған шетел әскерлері еніп кеткендігі емес пе? Бұлар интернационалдық терминдер деп аталады. Бұл терминдер қазақ тілінің тынысын тарылтып, өкпесін сығымдай бастаған-тын. Қазақ тілі бұндай халге қалай жетті? Оның себебі айқын. Ахмет Байтұрсынұлылар дүниеден өткеннен кейін, оның термин жасау ұстанымы шегеріліп, Мәскеудің ұстанымына икемделдік. Жалғыз қазақ тілі емес, өзге тілдер де біртіндеп шегеріліп, уақыт өте келе барлығы ортақ бір тілге айналады делінген ұстаным еді ол.

Интернационалдық терминдер неге көбейіп кеткен? Бұ не, Құдайдың, не Пайғамбардың сөзі ме?.. Осының сырын

ашқым келді. Зерттеп қарасам, өзгелердің тілімен берілген сөздердің мәнін қазақ тілінің де дәл солай беруге қуаты жетеді екен. Жалпы, термин мәселесін ана тілімізде жүйелеген тұңғыш қазақ – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахаң еңбегінде араб, орыс тілдерінен кірген сөздерді қазақ тілінің өзінің заңдылығына сәйкестендіріп енгізген болатын. «Қараңғы қазақ көгіне күн болып» кіріскен адам да Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың сауатын ашу үшін алдымен не қажет екендігін дөп баса білді. Алайда біздер Мәскеудің пәрменіне ілесіп, өзіміздің орфографиялық, орфоэпиялық ережелерімізге өзгеріс енгізіп, орыс тілінен енген сөздер сол қалпында қалсын, солай пайдаланылсын деген ережені ұстандық. Термин сөздерді өз тілімізде де айтуға болатынын біз секілді мамандардың дәлелдеуіне тура келді.

Ал Аханның жазған оқулықтары арқылы қазақ тілінің өз заңдылықтары барлығын, оны үйренуге, әрі ғылым тіліне айналдыруға болатын тіл екендігін түсіндік, ұқтық. Жүйелеп талдау арқылы қазақ тілінің сөздік қорын байытып отырмыз. Байытудың мазмұнын дұрыс түсінгеніміз жөн. Байыту деген не? Іске қолданылмай жатқан сонау көнеден келе жатқан қазақтың сөздік қорында талай дүниелер бар. Сол көнелерді жарыққа шығарсақ, іске қоссақ, байыту деген сол. Әйтпесе, жеке адамдардың өзінше сөз жасауы өте қиын. Ондайда Ислам Жарылғапов тәрізді бар негізге сүйене отырып жасағанымыз жөн. Орыс, Еуропа ғалымдары мойындағандай, қазақ тілі мейілінше бай, мейілінше әуезді, әуенді тіл. Қандай күрделі ойлардың өзін өз тілімізбен-ақ жеткізуге болады. Мәселен, Марксизм-ленинизм классиктерінің бірнеше томдары өз кезінде қазақ тілінде жасалды. Сол аударма еңбектерінде күрделі ойларды жеткізуде қазақ тілінің қаншама сөздері қолданылды. Ендеше, қазақ тілінің мүмкіндігі мол, барынша зор дер едім. Әңгіме сол мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана, дұрыс қолдана білуде. Тілдің неше алуан мәселелері жетерлік, мұны бір адамның қаузап бітуі қиын.

– Қазір ғой, тәуелсіз мемлекетпіз, тіліміз де мемлекеттік тіл құрметін иемденген. Ал кеңестік дәуірдегі өзіңіз зерт-

теуге кіріскен шақтағы ана тіліміздің хал-ахуалы қандай еді? Аяқтан шалушылар болды ма?

– Кеңестік дәуірді біржақты ғана әңгімелеуге болмайды. Оның білік-білімімізді көтерген, соған өріс ашқан пайдасы да мол болғаны анық. Екінші жағынан, өрісімізді тарылтқан тұстары да жетерлік, әсіресе тілге байланысты. Тілді жетпіс жыл бойы ғылыми зерттеумен айналысып келгендер болмаса, мемлекеттік мекемелердің барлық саласында істірлігіміз орыс тілі арқылы жүзеге асып отырды. Орыс тілін білу арқылы әжептеуір дәрежеге, қызметке ие болған азаматтарымыз көп болды. Яғни пайдасы тиді. Бірақ ұлттық дүниелерімізден алшақтай бастадық. Тіл мамандары, біздерге де әрине кедергілер болмады емес, болды. Әсіресе 60-шы жылдардың ортасында, өз басымнан өткен мына жайт есімде қалды. Елден анаммен бірге екінші сыныпта оқитын інімді көшіріп әкелгем, інімді қазақ мектебіне орналастыру керек. Сол жылдарда республикамызды 800-ге тарта қазақ мектептері жабылып қалған-тұғын. Басқаны былай қойғанда, бүкіл Алматыда қазақ балаларына арналған жалғыз-ақ №12 қазақ орта мектебіне барсақ, ол бұрынғы орнында жоқ, басқа бір тұсқа көшіріліп тасталған екен. Оның өзі шалғайда, қаланың шет жағында еді. Көктөбенің маңайындағы жетіжылдық мектеп үйіне апарып тыққан. Қазақ балаларының саны аз болғандықтан осындай шешім шығарған. Жалғыз мектептің сиқы мынау болса, онда қазақ тілінде тәрбиелеудің құны нешік деген ой түсті. Сөйтсем, ол жерде өзім сияқты қазақ интеллигенциясының біраз азаматтарының балалары бар болып шықты. Сейітбек Нұрханов, Сейілбек Исаев, Саламат Шалабаев және айтулы қаламгерлер Тұмағаң, Қадыр да бар. Бәріміз мектепте бас түйістіріп «бұ қалай болғаны?» деп ақылдасып, тиісті мекемелерге хат жолдадық.

Содан мектепте үлкен жиналыс өтетін болды. Жиналысқа келген обком хатшысы сахнаға шығып, бірден насихат айта бастады. Өзінің екі баласының да орыс тілінде білім алып жатқандығын, ғылым мен білімнің бәрі орыс тілінде

деген сияқты сыдыртпа жауаптарын мысалға келтіре бастады. Бір уақта сексенге таяп қалған қария қолын көтеріп: «Маған сөйлеуге мүмкіндік беріңдер» деп сөзге шықты. Осы қарттың сөзі біздерге шабыт берді. «Шырағым, өзің өте сауатты, мәдениетті адам екенсің. Шамасы, басшылардың бірі болуың керек. Мынау айтқан сөзіңнің астарын түсінеміз. Бірақ мен немерелерімді өз ана тілінде тәрбиелегім келеді. Менің талабым неге орындалмайды? Осыны орындайтын өзің сияқты атқа мінген азаматтар емес пе? Менің екі немерем бар, бірі Шығыста Германияда әскери міндетін өтеп жүр. Со балам хат жазады, хатын мен аудармашы арқылы әрең дегенде оқып, түсінем. Мұндай мәжбүрлік жағдайға бізді кім жеткізді?» деп қария ойын ашына айтып, қатты сөйледі. Әлгі хатшы «мұны күн тәртібінде қараймыз, ақылдасармыз» деп жылы жауып қоя салды. Сол жерде ата-аналар комитеті құрылып, комитет мүшелігіне біздер де кірдік.

Ана тіліндегі балабақша да қат болатын. Мектеп пен балабақша мәселесін көтеріп, аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттері мен атқару комитеттеріне, оқу бөлімдеріне барумен болдық. Бірақ олар ештеңе шешпеді, шешкісі де келмеді, өйткені бұл жоғарыдан жүргізіліп отырған үлкен саясатқа қарсы келу деген сөз деп түсіндіргенсіді. Амал таусылған соң біздер, комиссия мүшелері, енді Орталық Комитетке хат жаздық. Одан да ештеңе шықпады. Баласы әкесіне, әкесі атасына қарайдының кері келді. Енді біздер өз арамыздан және бүкіл ата-аналар атынан ата-аналар комитетінің мүшесі Саламат Шалабевты Мәскеуге, КОКП Орталық комитетіне жібергендей болдық. Ол кездегі КОКП Орталық комитетінің идеология мәселелері жөніндегі хатшысы Ильичев болатын. С. Шалабаев, соның көмекшісінің қабылдауында болып, мән-жайды ауызша түсіндіріп айтады. Ол Ғылым және білім бөлімінің Қазақстан мен Орта Азия республикалары бойынша инспекторына мәселені шешу қажеттігі жөнінде тапсырма береді. Анау Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі идеология мәселелері жөніндегі хатшысы Нұрымбек Жанділинге телефон соғып, мәселені ушықтырмай шешу қа-

жеттігін ескертеді. Хатшы бұрыннан да өзіне сұранып жүрген комиссия мүшелерін амалсыз қабылдады. Ұзаққа созылған әңгімеден кейін ол бұл кездесуіміз аяқсыз қалмас, мүмкіндігінше шара қолданармыз, обкомға тапсырма береміз деп шығарып салды.

Арада біраз уақыт өткенде мәселе Алматы обкомының бюросында қаралды. Бірақ комиссия мүшелері шақырылмады. Әйтеуір, сең қозғалғандай болды. Көп жүріс, көп әуре-сарсаңнан кейін, №12 мектеп байырғы орнына қайта әкелініп, орталыққа жақындап, Фурманов-Комсомол көшелерінің қиылысына көшірілді. Содан кейін қазіргі тұрған жеріне Бөгенбай мен Төлеби көшелерінің қиылысына барып орнықты. Осылайша әр ауданда да бірді-екілі балалар бақшасы пайда болды. Айтқандай, біздің алдымызда да бұл мәселе турасында Рахманқұл Бердібаев, Сырбай Мәуленов, Тәкен Әлімқұлов, Тұрсынбек Кәкішев тәрізді ағаларымыз да газетке жазып, жұртқа ой тастаған болатын. Ал қаланың батыс жағындағы шағын аудандарда қазақ балабақшасының ашылуына ақын Шона Смаханұлы басқарған топ та елеулі еңбек етті.

– Сіздің қайраткерлік қабілетіңіздің айқын көрінген тұсы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамындағы жұмыстармен тікелей байланысты. Мұны айтып отырғанымыз, 88-89-шы жылдары қаулай бастаған тіл күресінің басы-қасында өзіңіз болдыңыз. Бүгінде өзіңіз басқарып отырған осы Қоғамның қандай елеулі істерге мұрындық болғанын кеңірек тарата айтар ма едіңіз...

– Бігер істің басына, жақсы келер қасына демекші, 88-ші жылдары мемлекет басына елді еңсеріп басқарып алып кететін екі тұлға келді. Оның бірі – бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, екіншісі – қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков. Бұл Колбиннің дәуірі еді. Колбин қазақтарды алдағысы келді. Бір жылдың ішінде қазақша сөйлеп, қазақ тілінде баяндама жасаймын деп сандалды. Өзінше қазақша, орысша қаулы-қарарлар шығарып, қазаққа

жағынғысы келді, бірақ онысынан ештеңе шықпады. Дәл осы тұста қазақтардың ұлттық рухы көтеріле бастаған. Сол кездерде тіл мамандарын ерекше қолдап, қуаттаған осы екі тұлға екендігін айта кеткен дұрыс. Әсіресе Өзбекәлі Жәнібеков. Өзекең ол кезде идеология хатшысы, барлық мәселе соның алдында шешіледі. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру ісі қолға алынды. 1989 жылы «Тілдер туралы» Заң қабылданды.

Енді ана тіліміздің барын бағалайтын, жоғын жоқтайтын қоғам құру мәселесін алға тартып академик Әбдуәли Қайдаров екеуіміз Өзекеңе бардық. Мақсатымызды айттық. «Идеяларыңыз жақсы, қолдаймыз. Ол үшін не істеу керек?» – деді Жәнібеков. «Ол үшін ел-елден, жер-жерден делегаттар шақыруымыз керек. Баяндама жасалынады. Қоғамның атауын беріп, жарғысын, бағдарламасын қабылдауымыз керек», – дедік. «Кірісіңіздер». Кірісіп кеттік.

1989 жылы 22 қазанда М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық театрының залына ел сыймай кетті. Қазақ интеллигенциясы түгелге жуық қатысты. Ақсақалымыз Әбділда Тәжібаевтан бастап, ЦК-ның секретары Жәнібеков, Жолдасбеков, Кекілбаевтар келді. Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров баяндама жасап, бүкіл жағдайды жайып салды. Ал Жарғы мен бағдарлама жөніндегі баяндаманы Сарыбаев екеуіміздің атымыздан мен жасадым. Артынан шешендер ағылып сөйлей бастады. Бәрінің айтатыны – тіл мәселесі. Соңынан қоғамның атауын не деп қоямыз дестік. Елді үркітіп алмайық, неше түрлі ұлттың өкілдері бар. Қазақ тілі деп айқайлатқаннан гөрі, «Ана тілі» деген атауға бәтуаласып келгенбіз. Қорытынды сөзді айту Әбділда Тәжібаевқа жүктелген. Қарымды қаламгеріміз өзге ұлттың қазақ тіліне деген қызығушылығын оята отырып көсіліп сөйлеп кеп «қоғамды «Ана тілі» деп атайық» деді. Жұрт тым-тырыс бола қалды. Бір кезде ұлты кәріс келіншегі тұрып: «Менің түсінбей отырғаным, күні бойы айтып жатқанымыз қазақ тілінің мәселесі. Біз одан неге айбынамыз? Неге қазақ тілі деп қоймаймыз?» дегені. Артынша орыс ұлтының өкілі Туманов та осы пікірді қолдады. Залда отырғандар жер

тепкілеп «Қазақ тілі!» деп ұрандатып кетті. «Қазақ тілі» қоғамы осылай құрылып еді. Қоғамның тұңғыш президенті болып академик Ә. Қайдаров, вице-президенті етіп мені сайлады.

Қоғамның өз баспасөзі болу керектігін де ойластырған-быз. Өзекең басылым ашуға да қолдау танытты. Басылымды «Ана тілі» деп атадық. Бұл газеттің шығу тарихы да қоғамның құрылуымен тікелей байланысты. Ол жөнінде бұрын талай айтқанмын.

Енді облыстық ұйымдар құруға кірістік. Уақыт өте іргелі қоғамдық ұйымға айналдық. Біз көтерген мәселелерге мемлекет те құлақ аса бастады. Бір күні Өзекең шақырып: «Мемлекеттік бағдарламаны қарайсындар», – деді. Үш адам болып, бір апта бойына сол бағдарламаны дайындадық. Осы бағдарламада 2000 жылға дейін барлық облыста ісқағаздардың мемлекеттік тілге көшіріп біту керектігі анық көрсетілді. Әр облыстың мүмкіндіктеріне орай жылдары көрсетіліп берілді. Біреуі 95-ші, бірі 98-ші жылы дегендей. Түзілген мемлекеттік бағдарлама барлық облыстық атқару комитетінің мәжілістерінде қаралып, өз облыстық бағдарламаларына енгізіліп жатты. Осылайша Тіл қоғамы тілге қатысты толып жатқан ұйымдық, насихаттық шараларға белсене кірісіп кетті. Облыс орталықтарына, қалалар мен аудандарға барып, қоғамның мақсат-мұраттары мен міндеттерін түсіндіру, ана тіліміздің мүддесін қорғау, бұл іске жергілікті басшылардың да назарын аудару, барлық жүрген жерде сөз сөйлеп, баяндамалар жасауға да қыруар уақыты кетті.

Мемлекеттік мекемелерден, әсіресе Президент кеңсесінен бастап, Парламентте, Сенатта мемлекеттік тілде неге сөйлемейсіздер дегенді үнемі қадағалап, айтып отыруда да қоғамның еңбегі зор.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамның жағдайы өте ауыр болды. Ол еш қаражатсыз, үй-күйсіз жұмыс атқарды. Мемлекеттің де, оның жергілікті органдарының да қолдауы жеткіліксіз болды. Неше түрлі кері-тартпалардың керенау әрекеттері қоғам басшылары мен оның бел-

сенділерінің жүйкесін жұқартты. Соған қарамастан қоғам өз мақсатынан таймады. Бар мәселеге халық назарын, мемлекет назарын аударып, қалың көпшіліктің риясыз қолдауына қол жеткізді. Тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін алуының да шешімін тапты. Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы қыруар іс атқара келе Халықаралық қоғамға айналды.

1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылуына, ұлттық мәдениет орталықтарын құруда да біздің қоғамның еңбегі ұшан-теңіз. Ұлттық мәдениет орталықтарын құру арқылы, сол ұлттың мәселесін сол ұйымдар қарау керектігін айтқанымыз сол, Елбасымыздың зеректігі ғой, бұл бастаманы кеңейтілген түрде алып кетіп, Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды.

– Президент сайлауы болған кезеңдерде өзіңіз Лингвистикалық комиссияның құрамында мүше болдыңыз. Яғни президенттікке үміткерлердің ана тіліндегі жазу, оқу сияқты сауаттылықтарын анықтадыңыздар. Соңғы президенттік сайлауда үміткер көп болды. Өзге емтихан сынақтарынан президенттік сайлаудың сынағының салмақтылығын, әсіресе Елбасымыздың тілге деген көзқарасын барынша ашығырақ айтсаңыз...

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының араласқан бір жұмысы – Елбасы болам, ел басқарам деген адамдардан мемлекеттік тілде емтихан алу. Бұл айтуға ғана оңай іс. Мұны Президенттің кемел шешімдерінің бірі деп есептеймін. Ақиқатында, қазақ елін басқарамын деген жан елінің, ана тілінің алдында бас иіп, ана тілінің құндылығын қаншалықты меңгергендігін тексеріп алу керек. Президенттік сайлауларда комиссия мүшелерінің бірі боп қатысып отырдым. 1999 жылы бірінші рет өткізілген президенттік сайлауда Лингвистикалық комиссияның төрағасы болып академик Әбдуәли Қайдаров, мен, со кездегі институтымыздың директоры Көбей Хұсайынов, проф. Фаузия Оразбаева, Еуразия университетінің профессоры Мырзатай Серғалиев-

тар бекітілдік. Лингвистикалық комиссия Орталық сайлау комиссиясының қасынан құрылды. Орталық сайлау үйінің үлкен залын емтихан тапсырушылар мен комиссия мүшелеріне босатып берді. Бұл сайлауға кандидаттыққа үміткерлікке 8 адам келді. Нұрсұлтан Назарбаев, Серікболсын Әбділдин, Әкежан Қажыгелдин, Ғани Қасымов, Амантай қажы және т.б.

Үміткерлердің бірінші кезекте ана тілінде жазу сауатын тексеру үшін шығарма, я өмірбаянын жазу керек. Екінші сынағымыз оқу сауатын анықтау. Бірі жаза біледі, бірақ оқи алмайды, ал екіншісі оқи алады, бірақ жаза алмайды, сауатсыз. Тіпті кез келген қазақ азаматына қойылатын алғы шарттарды орындауға кейбіреулерінің деңгейлері жетпеді.

Бір кезде Елбасының кезегі келді. «Нұреке, көптен қолымызға түспей жүрген едіңіз, біраз терлетіп алғымыз кеп отыр» деп қалжындадық. Ол кісі «Өзім де осылай ойлап едім» деп әзілдеп кіріп келді. «Ал, енді орныңызға отырыңыз. Өзіңіз қалаған тақырыбыңызда шығарма жазыңыз. Бәлкім, өмірбаяныңызды, еркін тақырып қой» дедік. Мектеп шәкірттеріндей отырып жазды. Жазу сауаттылығынан бір ғана қате кетіпті. «Нұреке, жазуыңыздан бір қате кетіпті, мұны қате деп есептемесе де болады. Дегенмен есіңізге салайын, «**менім** туған жерім» дегенде «менін» деп жазылады» дедік. Екінші ауызекі сөйлеу кезінде тілге байланысты бір үзінді оқыттық. Қамшы салдырмады. «Үшінші сауалымыз, ел басқарып келесіз, ендігі жерде ел басқарудағы бағыт-бағдарыңыз қандай болмақ? Ана тілінде осыны шебер тілмен баяндап беріңіз». «Жарайды» деп өзінің атқарып отырған бүкіл саясаттағы тірлігін, алдағы жоспарларын шешен де көсем тілмен жеткізді. Сол арада Елбасыға: «Нұреке, әсіресе шетелге барғанда ана тіліміз өзіңізбен неге бірге жүрмейді? Басқа елдердің басшылары өз тілінде сөйлеп жатады, аудармашы аударып жатады» деп көкейімде жүрген сауалымды қойдым. Елбасы: «Мен қазақша сөйлемейін демеймін. Бірақ менің көмекшілерім жетілмей жатыр. Мәселен, менің айтқан, көтерген күрделі ойымды толықтай не ана тілінде, не ағылшын тілінде, не неміс тілінде, не араб

тілінде толық жеткізетін мамандар жетіспеуде. Керісінше, олардың сөздерін қазақша аударып жеткізетін мамандар да жеткіліксіз» деп еді сол кезде. Арада біраз жылдар өтті. Көмекшілері де жетілген. Қазіргі таңда Елбасы шетелдерге шыққанда ретіне қарай ана тілінде сөйлеп жүр.

Сол сайлаудағы үміткерлердің арасында Әкежан Қажыгелдиннің кіріп келуі көз алдымда қалып қойыпты. Қасында жиырма-отыз нөкері бар. «Ау, айналайындар, емтиханды сіздердің бәріңізден алайын деп отырғанымыз жоқ қой» десек, «Жоқ, сіздер бәрін бұрмалап жібересіздер», – дейді. Орталық сайлау комиссиясының басшысы Зағипа Балиева кеп: «Төменде залымыз бар, сонда адамдарыңыз отырсын. Мына отырған бес профессор ешкімді де алалайын деп отырған жоқ. Жаңа ғана Елбасымызға да неше түрлі сауалдарын берді», – деп еді, теріс пиғылдарының орынсыз екендігін ұққандай болды, емтиханның шарттарымен таныстырдық: «Президент бола ма, басқа бола ма, кім болса ол болсын, қойылған үш талапқа қалай жауап бересіз, солай бағаңызды аласыз», – дедік.

Ал Ғани Қасымов емтиханға генералдық формасымен келіпті. Әбден терлеген, дірілдеп кеткен: «Ағалар, мен сырттан келдім. Бір жылдың ішінде қайтсем де қазақ тілін үйренем», – дейді. «Айналайын, екі ауыз сөздің басын құрастыра алмайсың» деп артынан кемшіліктерін түсіндірдік. Түйсігі бар жігіт, түсінді өзінің қателігін. Сонымен, жетісегіз адамның ішінен оқ бойы озып Н. Назарбаев өтті.

Екінші президенттік сайлауда комиссияның құрамында Әбекең (Қайдар) болған жоқ, мен төраға, Рымғали Нұрғалиев, Мырзатай Серғалиев, Фаузия Оразбаева және Дихан Қамзабекұлы мүшелері болып отырды. Бұл жолғы үміткерлер саны – 18. Олармен жұмыс істеу күрделірек болды. Үміткерлер неше қилы адамдар, олардың өздерімен жұмыс істеуге, көп нәрсені жіліктеп, шағып түсіндіруге тура келді. Бір үміткер түсінсе, біреулері түсінгісі келмеді, қайтеміз, адам пенде ғой олар да.

Елбасымыздың құдай берген қасиеті айқын көрініп тұр емес пе. Оқу сауатында да, жазу сауатында да, сөйлеу сауа-

тында да алдына жан салған жоқ. Төраға құқы берілгендіктен емтиханды қорытындылау сөзін сөйлей келе Елбасыға былай дедім: «Сіз бүгін Ана тіліңіздің алдына тағы да бас иіп келіп, көрегендік жасадыңыз. Сізді сынаққа салып отырған мына бес профессор емес, аяулы Ана тіліңіз. Ел сынынан сан рет өткен жансыз. Тілге жүйріктігіңізге қарамастан, ел мен тілден биік емеспін деп, төңірегіңіздегі жандарға тағы да ой тастадыңыз. Сынақтың үш түрінен де мүдірмей өттіңіз. Сіздің сеніміңізге ие болып, билік басына көтерілген тілге шорқақ іні, бауыр, серіктеріңіз осылайша танытса ғой, сауатын. Оқу сауатыңызға да айтарымыз жоқ. Таңдаған мәтінді заңды талапқа сай, әдемі қоңыр дауыспен, ырғақ мақаммен келістіре оқыдыңыз. Ал сөйлеу шешендігіңіз бізді одан сайын еліктіріп әкетті. Көсем ойларыңыз бен жоба-жоспарларыңызды баяндауда қазақ сөзінің телегейінде еркін жүзіп, көсіле жөнелетініңізге тәнтіміз. Сөз бұйдасын ұстаған дүлдүл бабаларыңызды былай қоя тұрып, Сізді тыңдаудың өзінен-ақ қазақ сөзінің ғажайып қуатын, әсем де астарлы тұсын, қанша сөйлесең де таусылмас қазынасын таныдық. Қысқасы, ел басқарғысы келетін әрбір қазақ, ең әуелі ана тілінің кәусарынан осылайша қанып ішіп, ындыны кепкен тыңдаушының сусынын осылайша қандырсын да. Алла жар болып, кемелдік пен көсемдікке қарай жол тартқан кемеңіздің айдыны ашық болсын!»

– Өз бойыңыздағы қазақи болмыс пен қазақи тәрбиені перзенттеріңізге бере алдыңыз ба?

– Балаларыма қазақи тәрбиені бере алдым. Құдайдың берген екі ұлы, бір қызы бар. Екі ұлым да орыс мектебін аяқтағанымен, қазақ тіліне қанық болды. Қызым А. Жұбанов атындағы өнер мектебінің қазақ класын бітірді. Екі ұлым енді жетіліп, біліммен сусындап, көрінер кездерінде екеуі де келмес сапарға кете барды... Үлкен ұлымнан қыз немерем, кіші ұлымнан бір ұл, бір қыз немерем қалды, оған да шүкір. Қызымнан үш жиен немерем бар. Өзі Банк

істері академиясының президенті. Анасының жұмысын жалғастыруда. Немерелерімнің барлығы да қазақша сөйлейді. Кенесары аты немеремнің кейбір тауып айтатын қазақы сөздеріне тіксініп қалып отырамыз, аман болсын әйтеуір. Өзімнен тараған ұрпағыма осылайша қазақы тәрбиені беруге барынша тырысқан жанмын.

– Аға, асылы, мансап деген бір құбылмалы, ойнақы, кейде асау ат секілді алып-нәрсе зой, иесін біресе қырға шапшытып, біресе ойға түсіріп кететін. Сіздің де атақ-марапатыңыз жетерлік. Сексеннің сеңгіріне аяқ басқанда мансаптың мәнін қалай ұғындыңыз?

– Дұрыс айтасың, қарағым, мансап деген құбылмалы дүние. Бір басымда соншама мансап бола қоймағанмен, өзіме лайықты атым, затым бар. Бір кездегі Шәуілдірдің сары баласы Ұлттық Ғылым академиясының құдайға шүкір академигі болды. О баста мұны армандаған да жоқ едім. Филология ғылымдарының докторы, профессоры, институттың белді қызметкері атандым. Ал қазір Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына жетекшілік жасап келем. Бір қарағанда біреулер ойлайтын болу керек «осының басында мансаптың талайы бар, талтаңдап жүргенін қарашы» деп. Жо-жоқ, бұл қызметтер өздігінен келе салған жоқ. Қазақ үшін жанкештілікпен еңбек еткендіктен берілген елдің маған аманаты. Осыларды өз халімше жетектеп келе жатқаным шүкіршілік етем, қанағат деймін. Қанағат болмаса, ұят кетеді, ұят кетсе иман кетеді. Абай «ұят иман бар жерде ғана тұрады» деген. Имансыздардан қорқам. Елдің алдындағы жауапкершілікті қай жұмысымда болсын, үнемі ұятты бірінші кезекке қоям. Ғылымға адал болдым. Мына атқарып отырған тірлігіме де адалмын. Сөздің басын Отырар, оңтүстіктен бастадық қой. Мен бір ғана Отырар емес, бүкіл Оңтүстік дейтін киелі өлкенің перзентімін. Оңтүстіктен даналар шықты, әлі де шыға бермек. Бір Нәзір Төрешұлының өзі неге тұрады? Сұлтанбек Қожановтың өзі ше? Тұрар Рысқұловты айтайық, кеше ғана республиканы

басқарған Нұртас Оңдасыновты айтайық. Оңдасыновты өзім көрдім, өте аяулы, зерек жан екен. Үлкен қызметтен түскен адамдардың басым көпшілігі не істерін білмей, тәлтіректеп қалады ғой. Ал Нұртас Оңдасынов қызметтен түскеннен кейін де өз кәсібін тапқан адам. Ол ғылыммен айналысты. Араб, парсы тілдерімен шұғылданады екен. Болашақ ұрпағы үшін сөздіктер жасады. Ал Қазақстанға сіңірген еңбегі өз алдына. Кеше ғана ортамыздан кеткен Өзбекәлі Жәнібековты алайық. Өзекеңнің ұлты үшін жасаған қырауар тірліктерін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өзбекәліні жас кезінен білетінмін, кеңестік дәуірде партияға қызмет етті. Партияға адал болды, партияға адал болу халқына адал болу деген сөз. Осы принципті ол қатты ұстанды. Тіпті отбасынан қызметін, халқына деген адалдығын жоғары қойды. Дүниеден өткенде осының бәрі анық көрініп тұрды. Өзін соңғы сапарға шығарып саларда еш дүние жинауға мүмкіншілігі жоқтығын көзіміз көрді. Үйінде артық ақша да жоқ болып шықты. Мансабын пайдаланып, балаларын қызметке тұрғызу деген ойында да болмаған. Өзекең осылайша өте адал, таза өмір сүрген жан.

Сондай-ақ ұстаздарымды, қатар жүрген достарымды ұмыта алмаймын. Кеше ғана қатар жүрген Тұманбай мен Қадырлар бір-бірімізді қатты қадірлеуші едік. Мыңбай Ілес, Асқар Сүлейменов, Керімбек Сыздықовтар қандай еді! Бәрі де қазаққа болсын деп, қазақтың әніне, тіліне, өнеріне құмар, сол туралы тебірене тереңінен сөз қозғайтын біртуар азаматтар еді ғой!.. Ал Илия Жаканов, Сейіт Қасқабасов, Мақамбетсалы Мырзалиев, Өтен Егізов, Төлен Мақұлбеков сынды достарым бүгінгі ұрпақ үлгі тұтар тұлғалар қатарында.

– *«Оңтүстік Қазақстан» газеті оқырмандарына айтарыңыз?*

– «Оңтүстік Қазақстан» газеті әрқашанда еңбек адамдарын сөйлетіп, айтатын ойы бар адамдарды елмен қауыштырып, тағылымды дүниелерді көбірек жариялап тұрса

деймін. Өзім «Оңтүстік Қазақстанды» ылғи да қарап отырамын. Жақсы-жақсы дүниелер жазылып жатады. «Оңтүстіктерге» жол болсын айтамын!

Қысқа-нұсқа:

– ***Тіл өнері сізге не берді?***

– Тіл өнері мені ғалым қатарына қосты.

– ***Қанағат деген сіздіңше қандай ұғым?***

– Қанағат деген сезім бойымнан ешуақытта кеткен емес. Әрбір күнімді, әрбір сәтімді қарсы алған сайын өзім шүкіршілік айтып отырам. «Е, Алла, таңымды осылай атырып, күнімді осылай батырғанға шүкір» деймін. Қазір көбімізге жетпейтін қасиет осы.

– ***Ортамда өз бағамды алдым дер ме едіңіз?***

– Ортамда өзіме тиесілі бағамды алған сияқтымын. Кім біледі? Жүрген жерімде беделсіз емес сияқтымын.

– ***Пенде емес адам ретінде мазалайтын маңызды ой?***

– Маңызды ойларымның біразын жоғарыда айттым ғой. Дегенмен, қазақтың бойындағы әлі де арыла алмай жүрген небір керексіз мінез-құлықтар бар. Содан арылсақ. Қазақ ең алдымен өзін-өзі танып, өзіне адал қызмет ете білсе... Өзін-өзі тану үшін білім, білік керек. Күндеуден, өсек-аяннан арылып, бас біріктіріп жүруді мұрат тұтса деймін. Тәуелсіз еліміздің көркеюіне өз үлесімізді қоса білсек деймін.

– ***Өз өміріңізге ризасыз ба?***

– Ризамын. Көрген қиындықтарым да, азабым да, қуанышым да, қайғысымен тұтас алғанда бәріне ризамын. Өмірдің әр сәті қызық. Ойлы да, мәнді өткізуге Алла тағала мүмкіндік берсе екен деймін.

*Пікірлескен Қызжібек БӘКІР.
Алматы қаласы*

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Қазақ тілі және «Қазақ тілі» қоғамы	4
«Ана тілі» өмірге осылай келді	11
Қайран тіл сенің күнің не болмақ?	15
Қазақ тілі мен тәуелсіздік – егіз ұғым	26
Қазіргі қазақ қауымы және мемлекеттік тіл	36
Мәселені төтесінен қоятын кез жетті	45
Мемлекеттік тіл мерейі – ұлт мерейі	46
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы:	
мемлекеттік тіл үшін күрес, бағыт-бағдар	55
Мемлекеттік тұрғыдан мән берілуі тиіс	62
Өркениет аясындағы мемлекеттік тіл және жаһандану ..	69
«Тіл үшін күрес – тәуелсіздік үшін күрес» (<i>сұхбат</i>)	83
Тілдегі тынымсыз тірліктер (<i>сұхбат</i>)	97
Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі (<i>сұхбат</i>)	102
Тілді неге тәлкекке сала береміз?	108
«Қазақ тілі» қоғамының жұмысы	
бүкіл қазақстандық қазақ тілінде сөйлегенге дейін	
жалғаса береді» (<i>сұхбат</i>)	111
Тиімсіз күрестен саналы таңдау артық	121

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Мемлекеттік тіл және Елбасы	130
Сайлау – ел еркіндігінің кепілі (<i>сұхбат</i>)	140
Тәуелсіздік тұғырының беріктігі – бірлікте	142
Нақты кадам, игілікті іс	149
Ғылым ордасындағы кездесу	155
Ұйысу ұлағаты	158
Мемлекет құрушы ұлтқа тән елдік келбет	165

ТӘРБИЕ БАСЫ – ТІЛ

Аналар туралы Ана тілі сөйлейді	172
Ана тіл – ұлттық тәрбиенің алтын діңгегі	177
Ізгілік өзін-өзі танудан бастау алады	191
Қазақ баласын қазақ тілімен тәрбиелейік	197

Қазақ тілінің қайрағы – ұлттық намыс	205
Қазақ әйелдеріне мадақ	209
Береке бастауы – әз-Наурыз	211

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМА

Конституция мен Тіл Заңына қайта үңілсек... ..	218
Тілді дамытудағы қоғамдық ұйымдардың рөлі	228
Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасы туралы	238
Тілін кие тұтқан елдің Заңы мықты	241
«Жаңарған қоғамдағы – жасампаз тіл бағыт-бағдары»	246
«Алаш» идеясы және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы	261
Тұғырында тұрсын тіліміз (<i>Тіл бағдарламасын талқылау</i>)	266

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҒЫЛЫМИ КЕЛБЕТІ

Қазақ терминологиясы және оның мемлекеттік тілге қатысы	276
Мемлекеттік тіл және ғылым тілі	292
Түркі дүниесінің тұтастығын тіл бекітеді (<i>ортақ жазу және ортақ ғылыми атаулар хақында</i>) ..	302
Терминдену – тіл дамуының бір көзі	305
Түркі терминологиясын ортақтастыру – ортақ міндет	312
«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»	317
Шетелде тұратын отандастардың қатысуымен «Халықаралық өнер фестивалінде» сөйлеген сөзі	323
«Ұлы дүниелер ұлт тілінде ғана жасалады» (<i>сұхбат</i>) ...	327
«Ел Үкіметі алдымен тіл заңының талаптарын орындасын» (<i>сұхбат</i>)	337
Ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың келесі мәселелері	340
Білім терминдерін қалыптастырудың шежіресі	353
Тіл майданының естен кетпес соқпақтары... ..	362
Отырардың озық ойлы ұланы (<i>сұхбат</i>)	377

Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ

ТІЛТІРЕС

*(Мемлекеттік тілді қалыптастыру
хақындағы ойлар, сұхбаттар,
тұжырымдар, мақалалар)*

Редакторы Ғарифолла Қабдолқайырұлы
Корректоры Шәрипа Жамықаева
Беттеуші Нұрбүбі Садықова
Дизайнері Нағым Нұрмағамбетов

Басуға 17.07.2014 қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік қағаз.

Баспа табағы 25,0. Шартты баспа табағы 21,0.

Таралымы 4000 дана.

ЖШС «Абзал-Ай»

050009, Алматы қаласы

Абай даңғылы, 143, 425-кеңсе.

тел/факс: 8(727) 394 38 32, 385 74 67

E-mail: Bekbosin-serik60@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Dalaprint» баспаханасында басылды.

050056, Алматы қаласы, Ереван көшесі, 2

ISBN 978-601-7172-32-9



9 786017 172329